

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТ**

**ҚУАНДЫҚ ПАЗЫЛҰЛЫ ЖҮСІПТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА
ЖӘНЕ МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНА АРНАЛҒАН
«МӘШҰРТАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ
ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАМУЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«НАУЧНЫЕ ОСНОВЫ МАШХУРОВЕДЕНИЯ И
РАЗВИТИЕ СОВРЕМЕННЫХ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК»,
ПОСВЯЩЁННОЙ МАШХУР ЖУСИПУ КОПЕЕВУ
И 80-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ
КУАНДЫКА ПАЗЫЛОВИЧА ЖУСИПА**

**ПАВЛОДАР
2021**

ӘОЖ 001
КБЖ 72
К1

Редакция алқасының бас редакторы:

Садықов Е. Т., э.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор

Жауапты редактор:

Ержанов Н. Т., б.ғ.д., профессор, «Торайғыров университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасының ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық
жөніндегі орынбасары

Редакция алқасының мүшелері:

Бегимтаев А. И., Жүсіпов Н. Қ., Елікбаев С. Т., Жусупова Л. Қ.,
Капасова Б. Қ.

Жауапты хатшылар:

Жуманбаева Р. О., Машрапова З. С., Копаева А. Қ., Ерланова А. Е.,
Толокольникова Н. И.

К1 Қуандық Пазылұлы Жүсіптің 80 жылдығына және Мәшһүр Жүсіп
Көпейұлына арналған «Мәшһүртанудың ғылыми негіздері және
қазіргі гуманитарлық ғылымдар дамуы»: Халықаралық ғылыми-
тәжірибелік конференциясының материалдары. – Павлодар :
Торайғыров университеті, 2021. – 668 б.

ISBN 978601-345-241-8

«Мәшһүртанудың ғылыми негіздері және қазіргі гуманитарлық
ғылымдар дамуы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
(19 қараша 2021 жыл) жинағында Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар
бағыты бойынша ұсынылған мақалалар

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-345-241-8

© Торайғыров университеті, 2021

Пленарлық отырыс
Пленарное заседание

ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ЖАЗУШЫ

ЕЛІКБАЙ С.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Кереку өңірі кілең талантқа толы. Баяннан басталар бағалы
есімдер Исамен иіріліп Омбының шетіне толқиндай соғылары
анық. Бұхардан басталар бұғы мінез, бөрі жүрек аталар аты
Бөгенбай тұсында найзалы кез, қалқанды шақ, ой төбесі, ақыл
асқары Қанышқа дейін шоқыта жетеді. Әдебиетке, өнерге өлшеусіз
үлес, қазыналы көмбені қазақ қанжығасына салған Мәшһүр-Жүсіп,
Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек секілді сом алтын, сіргелі сөз, іргелі ақыл
иелері еске түседі. Баянауылда туып, қазақ әдебиеті кеңістігінде
қанатын жайған, кең сермеу, мол толғаудың үлгісі, ғылымның ғажап
еңбеккері, қаламнан саусағы қажалған, дәрістен даусы қарлыққан
даналардың досы, шәкірттің қамқоршысы, жақсылықтың жан аяспас
жауынгері, адалдықтың ақиқат қарауылшысы- Қуандық Пазылұлы
Жүсіп. Асыра айту емес, әсіре өсемдік емес шындық әуезі – осы.
Егер қасаң тіл, құрықты фактіге құлақ салсақ былай шығады.

Жүсіп Қуандық Пазылұлы – 02.11.1941 жылы Павлодар
облысы, Баянауыл ауданы, қазіргі Мәшһүр-Жүсіп ауылында (бұрын
«Жаңа жол» колхозы атанған) туған. 1959 жылы Баян қазақ орта
мектебін бітірген. 1959 – 1964 жылдары Алматыдағы Абайатындағы
Қазақтың педагогикалық институтының тарих – филология
факультетінде оқып, қазақ тілі, әдебиеті және тарихының мұғалімі
мамандығын алады. 01.11.1964 – 31.12.1967 жылдары Қазақ ССР
Ғылым. академиясындағы М. О. Әуезов атындағы «Әдебиет және
өнер институты» аспирантурасында оқыды.

01.01.1968 жылдан бастап Қазақ ССР Жоғары және арнаулы
орта білім министрлігі жолдамасымен Семейдің Н. К. Крупская
атындағы педагогикалық институтындағы қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының аға оқытушысы болып қызметке орналасты.
11.06.1969 жылы Қазақ ССР ҒА М. Әуезов атындағы «Әдебиет және
өнер институты» ғылыми аспирантурасында оқыды.

01.01.1968 жылдан бастап Қазақ ССР жоғары және арнаулы
орта білім министрлігі жолдамасымен Семейдің Н. К. Крупская
атындағы педагогикалық институтындағы қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының аға оқытушысы болып қызметке орналасты.

11.06.1969 жылы Қазақ ССР ҒА М. Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер институты» ғылыми кеңесінде «Қазақ прозасындағы тартыс және жаңа адам» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 1973 жылдан сол кафедраның доценті және кафедра меңгерушісі болып істеді (1978 жылға дейін). 08.04.1994 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясындағы М. О. Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер институтының» филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д. 53.34.01 мамандырылған кеңесінде «Қазіргі қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 22.11.1996 жылы Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті жанындағы жоғарғы аттестациялық комиссиясы шешімімен Қ. Жүсіпке әдебиеттану профессоры деген ғылыми атақ берілді.

01.09.1995 – 31.07.1997 жылдар аралығында Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтында филологиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі және Екібастұз жоғарғы педагогикалық колледжінде қазақ филологиясы кафедрасы меңгерушісі болып қызмет атқарды.

01.08.1997 жылдан бастап С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіндегі қазақ филологиясы кафедрасының және Павлодар университетіндегі мемлекеттік тіл кафедрасының меңгерушісі болып істейді.

1991 жылы Қазақстан жоғары білім министрлігі «Қазақстанның ағарту үздігі» («Отличник просвещения Казахстана») белгісімен марапаттады. 1979 жылдан – СССР Жазушылар Одағының, 1992 жылдан – Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Жазушы ретінде бірнеше көркем шығармалар жариялады: «Бір әйелдің өмірі» – 1975 ж., «Армандастар» – 1979 ж., «Қыздар, жігіттер» – 1981 ж., «Однокурсники» – 1989 ж. «Ұл мен қыз» пьесасы Абай атындағы Семей музыкалық драма театрында 1980-1986 жылдар аралығында қойылды. Жаз айындағы гастроль кезінде аталған пьеса Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар, Қарағанды облысының селоларының бәрінде дерлік қойылып, қойылым саны 300-ден асты.

1991 жылдан күні бүгінге дейін республикалық «Абай» журналының алқа мүшесі, ал 1975–1984 жылдар аралығында Қазақ ССР Ағарту министрлігінің қазақ тілі мен әдебиетіне арналған жинақтарының алқа мүшесі болды. Кейін зерттеле бастаған М. Ж. Көпеевтің алғашқы екі томдық тандамалысының

(Ғылым, 1990, 1992 ж.) алқа мүшесі болумен бірге жалпы Мәшһүртану ілімін ұйымдастыру жұмысын жүргізіп келді.

1999 жылы 21–22 мамырында Павлодарда «Мәшһүр-Жүсіп оқулары» атты республикалық ғылыми конференцияның ұйымдастырушысы болды. Бұған дейін 2 докторлық, 3 кандидаттық диссертацияға оппонент, 2 кандидаттық диссертацияға ғылыми жетекші болды. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің 3 аспирантына жетекшілік етті.

Қ. П. Жүсіп республикада қорғалып жатқан кандидаттық, докторлық диссертациялардың көбіне пікір жазып, республикадағы қазақ филологиясы ғылымы дамуына ат салысып келді. Газет мақалалары – 75, журнал-кітаптардағы ғылыми мақалаларының саны – 65. Сонымен бірге ол – 1 монографиялық және 2 ғылым зерттеу кітабының авторы.

Бары осы. Бармақтан сорғандай шығар әр сөздің астында бақ қуаныш, сор күйініштер бар екенін даракты дарын, қазақты көз ғана таниды. Тану қану емес.

Жазушы

«Біз дәрігер емеспіз – Біз қоғамның ауруымыз» (Александр Герцен) Қ. П. Жүсіптің 1981 жылы жазып көрген «Қыздар, жігіттер» повесі (романға татыр туынды неге бұлай аталғаны Қуандық аға Жүсіптің аптығы аз, байыбы көп мінезінен хабар береді) көтерген жүгі, айтар ойымен қазақ әдебиетінің алтын төрінен орын алар шығарма. «Қыздар, жігіттер» деп аталар туынды автор қойған атаумен де қоңыр үйге тіккен қызыл жалаудай қызықтыра тартады. Моэмнің кітаптың атын қою шығарманың жартысын жазып шығу дегені еске оралады. Әлі ешкім жауабын таппаған Стендальдің «Қызыл мен қарасы», Мопассанның «Томпақшасы» секілді ойландыра отырып, бір қарағанда жеңіл тартар тақырып тереңіне тарта түседі. Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілікті» оқыған замандасы «бұнда соғыс та, бейбітшілік те жоқ, бұнда өмір ғана бар» – деген екен. Аталған повесть тек қыздар мен жігіттерден тұрмайтынын алғашқы парақтан парықтайсыз. Повестің өн бойын көтеріп тұрған басты, негізгі кейіпкер Кәкімтай образы бірден жарқ етіп, жоталанып көрінеді.

Кәкімтай көркі жазушының айтуымен, жазушымен суреттелмейді, оның айнаға қараған шағында-ақ танылады.

«Кәкімтай қабырғадағы кітап бетіндей ғана айнаға қараған күйі ұзақ таранды. Өз көркін жаңа көргендей қадалып біраз тұрды. Шәріптің жүйкесіне тиетін де Кәкімтайдың осы әдеті ғой. Бір жаққа

дереу бару керек болса, «қазір, қазірмен» жарты сағат бөгелтпесе көңілі көншімейтін Кәкімтайға Шәріп қайтіп тызылдамасын? Қанша өрекіп тырсылдап кеп төне бергенінде қасқая, лекіте күліп бар ашуынды жоқ қылатынын қайтерсің?

Кәкімтайдың өнінде қалыпқа көнбей ерекше ереуілдеп, жоталанып тұрғаны тек мұрны еді. Әйтпесе қушық, сұйық қасы, маңдайдан шегініңкіреп барып бір жағына жымдаса құлаған қара шашы, – бәрі басқалардан озсам, ерекшеленсем демейтін жұпыны мінез-құлқына сай. Ойлы көзіне қарасаң, көпті көрген жігіт ағасы секілді. Бірақ сақалсыз иегі, уылжыған өңі оны бала жігітке көбірек ұқсататын. Әр сөзін тамсанып айтқандай уәзінді үні, маңғаз жүрісі Кәкімтайды байыпты жігітке жақындатса, күлгенде, сақылдап ала жөнелетіні, ойға алғанын орындағанша желпілдеп, елеңдеп тұратыны оны тіпті ересек бала тәрізді етіп көрсететін».

Егер Шәріппен арадағы диалогта Кәкімтай салқын ақыл, сарбадал ой егесіндей көрінсе Гүлинамен бір қыдырып қайтқан соң қызу қуаныш, ыстық ынтықтық жетегінде басқа сипатпен танылады.

«Қиындық па, сүрініс пе, – осы сезіміме бөленіп, албырап тұрғанымда, лермін бе бірін мен! Менің сүйіктім, мөлдіреген қара көзді аяулым, саған қай сөзімді дөптесем екен?! Сені қайтсем, жайнаңдата берер екем?»

Міне, ақ түн жамылып, берер антым: «Мен үшін сенің әр қимылың, күлкің қазына! Тек насаттанып сыңғырлай берші, менің шырайлым! Мен сілкінсем, қандай тауды құлатар екем, қара да тұр! Қара да тұр!»

Сүйгенінен көңілі қалып, баз кешіп отырған Рүстемге айтар Кәкімтай сөзі, адам ұлылығын, пенде патшалығын паш етеді.

«Бар мәселе бір күнде шешілмейді, Рүстем. Мен саған бір кепті баяндайын. Менің бір ағайым мотоциклден құлап өлді. Сол күні оның әйелін, қалт-құлт еткен шешесін көрсең, олар бұл қазаны көтере алмас дер едің. Бірақ адамның ұлылығы сонда: ең жақын адамын жоқтап, азалай да біледі, тірі кісі ретінде тіршілігін жасап, сол адамның ұрпағын өсіру үшін өз бойынан тың қайрат таба да алады. Қазір сол әйел үлкен ұлын үйлендірді, немере көріп отыр. Ең ауыр қайғыдан да адам серпіледі екен. Уақыт бәріне емші.» Кәкімтай тек адал дос, сенімді серік ғана емес, шын дәрежесіндегі дәрмені биік, дәрежесі дара мұғалім. Бұл оның мектепте тәжірибеге келген кезіндегі іс-әрекетінен танылады. Тектек мінезімен танылар Сағынға ренжіген жан екінші бір балаларды көргенде, елжірей еріп шын ұстаз, нәзік жанды мұғалім кейпінде көрінеді.

«Кәкімтай екінші есікті ашты. Үш қыз бала қатарласып кесте тігіп отыр.

– Мұғалім, қараңызшы, ұнай ма кестем?

– Мұғалім, менікін көріңіз.

– Кәкімтай Серікболович, ертегі айтыңызшы. «Мұндай балалардан кету мүмкін бе?» Кәкімтай қанша аялдағанын аңғарған жоқ. Сондайлық бір пәк сеніммен қарап жаудыраған мөлдір көздер, балғын жүздер, сыңғыр үндер. Сондай бір ойнақы, жылы, сергек үндер!»

Кәкімтай өмірде де махабатта да адал. Гүлина Кемелбекке кетіп, қайта келгенде де, Бақытбекке барып көңілі суып келгенде де Кәкімтай бір қалыпта, бір мінезде сүйген жүректің сатылмас, айнымас сипатымен қалады. Кәкімтайдың бар қызығы, ой түбінен тапқан асылы мызғымас, өзгерместігі. Кітаптың өн бойындағы Кәкімтай образы алтын жұлге, сынбас сызық болып өріліп солмас серттің символындай айшықталған.

Бүгінгі барымызды басқа бейнеге айырбастап, алтын басты образдарымызды Батыстың алыс шабысты, табысты жанға жат, тәнге туыс емес кейіпкерлері айырбастап жатқанда тамыр басында тұрар Кәкімтай секілді жандар қажет-ақ. Махабатты адал, шарапта шаруасы жоқ, отбасы ұйтқысы болар, қызметтің қажымас торысы Кәкімтай сипаттас адамдар тәуелсіз Қазақстанның керегі, мұқтажы, негізгі ұстыны. Өйткені қазақ ұлты-мемлекет жасаушы миллатқа айналды. Ал бұл өз кезегінде мерейлі міндетке, асқар асуға шақыруда.

Автор повесі ішінде қанық бояумен көрінер – Гүлина.

Гүлинаны баяндап, суреттеп отырып, жазушы өзгелердің тұр-тұрпатын салыстыра көрсетеді. Төменгі жолдарда секендер, зыпылдар Қарлығаштан, дауыс көтерер, қақақтар Дариғаштан бөлек Гүлина суреті шебер салынған.

«Гүлина жүргенде де, Қарлығаш тәрізді екпіндеп секендемей, Дариғаша қақақтап аршындамай, жер ойылмасын дегендей, туфлиінің биік өкшесі мен қиық табатын жерге тиер-тимес еппен тигізіп қана адымдайтын. Сөйлегенде, ол Дариғаға ұқсап дауыс көтермей, Қарлығаш секілді зыпылдамай, сызылып, әр сөзіне мән бере тамылжытады. Ол күлгенде де, аузын дабырайтып ашпайтын. Қанша тасынса да, ернін сәнмен керіп, басқа үнге ауыспай, тек сыңғырлап күлуді қалайтын. Тіпті жазу кезінде де қалам сынып кетердегендей, оны қатты, еппен, жайымен ұстауды әдет еткен. Гүлина кітап, дәптер беттерін де жыртылып кетпесін дегендей еппен аударатын».

Сонша сұлу, әдемі Гүлианың ішкі әлемінен оның өз монологы сыр тартады. Гүлианың мінезінен белгі берер үзінді өзі сөйлесін.

«Қарлығаш қандай адам болар екен? Әй, қайдам? Тым ұшқалақ, орға түспесе жарар еді, биыл өзіне желік бітіпті. Өзін жас ару санайды ғой деймін. Қайдағы сұлу?! Сәнденген несін алған десейші! Мен бір модный көйлек тіктірsem, ол да соны кигісі кеп есі шығады. Сонымен теңелем дей ме екен? Аңада маған айтады: «Сызылып тұрып ойлайтының арамдық», – дейді. Арам боп не істеппін? Жігітінің алдында оны бір мұқатқым келді, кісімеігені жаныма батып кетсе, қайтейін? Соны арамдық дейді. Саған ол аз әлі. «Сен іші тарсың», дейтінін айтсайшы! «Біреуге болмасын дейсің, ішің тарылып тұрады», – дейді. Ішім тарылып не істеппін Өзі кесір болсын, тұқыртқым кеп тұрады, рас. Кесір болмаса онда не ақым бар?»

Кәкімтаймен алғаш өбіскен тұста Гүлина көңіл көкжиегінен басқа сұлба, суық соқпақ бар екені сезілді.

«Тек жатақханаға жақындап қалғанда, Гүлина өз көңіл түкпірінде бірденеге алаңдағандық сезімі де бер екенін байқап, таңырқап қалды. «Мен мұны жақсы көремін ғой, енді не керек, бәсе не керек? Кемелбек – аспирант, оның болашағы зор. Болса, қайтейін, ол саған тап Кәкімтайдай елжіремейді. Бір душарласты да, көрінбей кетті. Келгенде де, Кәкімтай тәрізді. Сенің әр үніне зар боп, үзіліп тұрған жоқ. Қарашы, Кәкімтай саған қалай үздіге көніп тұр, ә? Сонда да сен жатырсың. Бәтуасыз қызсың ғой сен. Кәкімтайым менің, мен тек сені сүйем, сүйем, естисің бе? Білмеймін, бірденеге алағызу бар менде. Түу, сол Кемелбек те, не біржола жоғалам демей, не біржола жанасам демей, дел-сал ғып қойғаны несі? Сен солай шіреніп жүргенде, мен не істеуім керек? Сонда да, әрине, аялдауға болар еді. Ал сен алып-ұштың. Е, мейлі. Неге мейлі дейсің, өз тағдырыңа неге енжар қарайсың? Мен Кәкімтайға тәнтімін ғой, онда артық не керек? Дегенмен, аптықпай іркіле тұрсаң, Кемелбекке де ауланар ма едің, қайтер едің? Рас, тосып, артын аңдамадың ба? Кәкімтай ешқайда қашпайтын еді ғой. Ай, Гүлина, Гүлина, салмақташы, тая басқан жоқсың ба?» Шындығында Кәкімтай мұраты мен Гүлина арманы тілектес, бағыттас! Жолдас емес.

«- Жолама дедім ғой! Сенің мені сүйетінін жалған. Сүйсең, менен кем-кетік іздеп, қазымырлана берер ме ең? Кемшілік тапқышын мұның! Сен болмағанда, мен ендігі Кемелбектің аяулысы боп жүрер ем ғой. Сен үшін ол киноға шақырғанда шықпағанымды білмеуші ме ең? Сол кадрімді білмедің ғой сен. Мәрзия алтын

қыз ғой, сол езулеп еді: «Өзінді әлпештей білетін Кемелбектен айрылма. Сол Кәкімтайды қайтесін», – деп. Мен ақымақ. Мені асып өлтіретін кісі жоқ. Кемелбек – жігіттің төресі, болашағы қандай? Мені көргенде, әлі күнге дейін қызараңдайды. Ал Кәкімтайдың қақылдайтыны: «Сен керенауланба, күндіз-түні ізден, оқы». Не оқу, не оқымау керегін мен өзім білемін, вот, қарағым!».

Кәкімтайдың бар арманы – ауыл мұғалімі болу. «Біздің ауылда сүт ішкін келсе, өз сиырынды өзің сауасың», – деп жымындайды Кәкімтай. «Сол жетпеп еді? Сол арам қатқырлардың бауырына кіріп шоқиып отырмақшы ма Гүлина?! Тапқан екенсің қылжақты. Гүлина өлмес жерін білмейді деген. Сорлы басым!.. – Гүлина өзін жер бетіндегі ең көп алданған, қайғы шеккен адам сезінді. – Сен ғой өзінді пысық көресің, ә? Қайдағы пысық? Ептейлі болсаң сөйтер ме едің?».

Кемелбектің алдауына ұшыраған Гүлина ғылым кандидаты Бақытбектің шырмауына ұрынады. Ауқатты тұрар Бақытбек үйіне келгенде Гүлина мінезінің сыры ашылады. «Үйде анасының әкесін ығыртып, кінәраттайтыны есіне түсті. «Бұл ма, бұл бастық боп тура жиырма жыл істейді. Жиырма жылда кірістірген жиырма сом қосымша табыс бар ма екен? Жиырма жыл тек жалақыға қарап отырмыз. Жалақымен дүние жинауға бола ма?» Бұл – анасының сөзі, әкесі жоқта қамығып айтатын шері. Ертең сол сөзді Гүлина да езіп отыра ма, кім білсін? Кәкімтаймен қол ұстасса, сол уайымға қамалмағанда, қайда барады?»

Демек Гүлина үйден көрген тәрбиенің өзге үлгісі, ақша деп өткен көңілсіз өмірдің бүгінге жеткен белгісіндей. Бұл осы уақыттың емделуден кеткен дерті. Гүлина нарық пен парықтың арасы айырбасталып кеткен шақтың мол тұрпаты.

Келешекте көрінер жан десек анық айтамыз. Автор болашақта белең алар бейнені данышпандық суреткер сезімталдығымен таныған.

Кітап соңы Гүлианың Кәкімтай қасында өкіне, өксі жылауымен бітеді. Гүлина Кәкімтай қасынан табылады. Болашағы белгісіз. Алды анық емес. Жазарман Гүлина тағдарын оқырманға ұстатып кеткендей шешім шығарар оқушы секілді көрінеді. Повесть социалистік реализм қалпынан шығып басқаша сипат алған. Гүлина Толстойдың Каренинасы секілді айтушы айдағанына жүрмесі, өзінше жөн-жоба тапқан тек жазушы ғана емес, әдебиет теориясының хас шебері Қ. П. Жүсіп жаңа өрнек, қызық қыр шығарған. Бұл да қаламгердің қазақ әдебиетіне қосқан қадірлі

казынасы, орасан олжасы. Тек бір адам жетістігі емес, қазақ әдебиеті шыққан шынар шыңы десек қателеспейміз.

Сабақ оқығысы келіп қанша ұмтылса да, мойыны жар бермес Сейіл, шындық деп шырылдар Шәріп, сезім шырмауынан шыға алмас Рүстем кең мінезді Әйкен, күлегеш қыз Райгүл секілді бір топ жастар бөлек алынса, өмірдің өз бейнесіндей болып жастарға берілген белгідей, болашақ ескертпесіндей, үлкен өмірдің өзіндей болып аспирант Кемелбек, ғылым кандидаты Бақытбек, маскүнем Сапарбек суреттері сәтті шыққан. Жүрмес жол, бармас бағытты көрсетіп тұрғандай бейнелер сом өріліп, қапысыз қаланған. Шыншыл Шәріп мінезі мына үзіндіден көрінеді.

«Шәріп дүңк етті:

– Сіз неге олай дейсіз? Сәрсенбаев қыңыр емес, қайта ақылдыңың өзі.

Қара көк көйлегінен де, текшелене қиылған шашынан да, тесіле сынай қараған көзінен де өзіне құлай сенгендік байқалатын, институтты былтыр ғана бітірген пән мұғалімі Гүлжамал Арыновна бұл сөзді естігенде, аңырып, таңырқап та қалды. Алдымен: «Расында, маған қарсы шыққаның ба?» – дегендей Шәріпке бажайлай қарап, артынша: «Сен не білесің?» – нышанымен жымың етіп, ізінше: «Қандай аңқаулық? Бірақ білмегенге жөн сілтемесек, білгеніміз кәне?» – деген ақылды сыңайға ауысып тақылдап:

– Мен мұнда екінші жыл істеймін. Ал, сенің іске кіріскеніңе он күн де өткен жоқ. Сөйте тұрып маған шек келтіргің келеді, ә? – деді.

– Мен өз көзім жеткен жайтты мәлімдеп тұрмын! – деді Шәріп бөлме ортасында қақиған қалпы әр сөзін шегелеп айтып.

– Ал тындадық, – деді, Гүлжамал Арыновна дауыс мөнерімен: «Дәлелдің түкке тұрғысыз екенін алдын ала сезем», – деген аңғар танытып.

Сәрсенбаев бір сабақта ұшып-қонып тәртіп бұза берсе, екенші бірінде мұғалімді ауыз аша тындайды. Бұдан шығатын қорытынды не? Түйін сол: біздің біраз мұғалімдердің өздерінде ізденіс жетпей жатыр».

Жазушының суреткерлік қарымы да еркін көрінер тұстар мол. Мысалы: «Самсаған терезелер де әр түрлі. Біреулері мені көр дегендей, ерекше нұрланып, жарқырап, шаттана өзеурегендей болады. Енді біреулері сабыр сактауды жөн көргендей, ерекшеленбей паң көзбен қарайды. Біразы күнгірт сәулемен тұмшаланып, өз ісім өзімде, маған тыныштық керек дегендей, манаурай түседі. Көп

терезелер жарық көздерін мүлде өшіріп, орны қарайып көрініп, тек ұйқы, тыныштық, оңаша ой тілегендікті танытып тұрғандай».

Немесе мына сөйлем. «Әйтсе де, сол суық сөз Әйкен көңілінде қар бүркіп, мұз белдеуленіп бекініп қалды».

Немесе кейіпкер Райкүл: «Содан кейін түрлі мұңайып, желініп жүрдім» дейді. Ренжідім, өкіндім демейді. Желіндім деген терең сөзді дәл терген.

Демек жазушы Қ. П. Жүсіп шығармашылығы әлі зерттеуді, тексеруді, саралауды қажетсінер біз бойламаған тұсымыз. Кемшілігімізді толтыру келешек ісі.

Ғалым

Өмір дегеніміз «Мен», Ғылым дегеніміз «Біз» Клод Бенар

Қ. П. Жүсіп – қазақ әдебиетіне 60 жылдар араласқан еңселі де ірі әрі қабырғалы ғалымдарымыздың бірі. М.Әуезовтің еңгімелерінен зерттеуден басталған соқпақ жол бүгінгі күндері соңынан сансыз шәкірт ерткен даңғыл жол, жібек жолындай қанат талар ұзақ та, тұяқ тозар мол да. С. Қасқабасов, М. Мағауин, С. Әшімбаев, Т.Жұртбаев секілді ғалымдармен бірге бастау алған іргелі ғалым ойлары бүгінгі әдебиет ғылымында жеке мектеп, таныс тарауға айналды.

Ғалымның терең қаралып, қордалы ойымен ерекшелер еңбегінің бірі «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік.» Бұл жетпіс жылғы саясат Сергелдеңінен кейінгі қазақ әдебиетінің маңғазды мұрасы поэзиясы жөнінде жазылған ұлт мүддесін ту еткен нау еңбек. Зерттеуде аты енді ғана жарық көрген Мағжан, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп туындылары алғаш рет талданса, Сәкен, Ілияс, Бейімбет шығармалары тәуелсіз әдебиет тұрғысында, егемен ел зерттеушісі биігінде талданады.

XX ғасыр басында орыс, араб, еуропа әдебиетінде басымдық алған романтизм ағымының озық, бәйге алар орамы Мағжанда, Сәкенде болғаны айтылады. Аз қазақта алтыға бөлген саясаттан ада, бұрын заты емес аты бөлек аталар Мағжан, Сәкен туындылары еншілес қарастырады. Зерттеуші Алаштың екі ұлт ақынын тетелес талдайды.

«Романтизмнің басты ерекшелігі: күнделіктегіден мүлде бөлек, адамның айрықша, оқшау сезімдерін жырлаумен байланысты екендігі мәлім деп айтылғанда ақын басындағы оқшау хал ғылым тілімен түсіндіріледі. Бұл шарттарға сай жазылған – М. Жұмабаевтың «Сырым» өлеңі:

Күлсем егер, есім шығып күлемін,

Жылағанда, қап-қара қан төгемін.
Қасым болса, қанын ішкім келеді,
Досым болса, жолында оның өлемін.
Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін, жан-денесін бергенше.
Жан денесін бірдей алам, улаймын
Қысып сүйсем, құшағымда өлгенше.

Күлу мен жылаудың жеке өзі-ақ қарама-қарсы ұғымдар екені аян. Ал, мұнда әйтеуір бір күлу емес, есі шыға күлу, әншейін жылау емес, қап-қара қан төгерлік жылауға қарсы алынған. Ақын мұнымен де тоқталмайды, бастапқы ойын ширата түсіп, қарсы болса, қанын ішкісі келетін, досы болса, жолында өлуге даяр екенін мәлімдейді. Ал үзінді соңындағы әйел сүюі де шексіз құштарлыққа құрылған.»

Мағжан поэзиясы қазақ әдебиетінің көп жоғын толтырып тұрғанын зерттеуші анық таныған. «Демек С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов тәрізді әріптестері өмірдің күнгей жағын көбірек қызықтаса, назарсыз, жоқтаусыз қалып бара жатқан көлеңке тұсқа М. Жұмабаев көбірек үңілсе, мұның бәрі ақындардың біріндегі жоқты екіншілері толықтыруға ұмтылуы деп түсінген жөн».

Қ. П. Жүсіп өз зерттеуінде әр қаламгердің стилі жазу тілінде ғана емес, ойларында ғана емес, кейіпкер таңдауында да көрінерін қапысыз айтады. «Мысалы, С. Мұқановтың жағымды кейіпкерлері көбінесе («Мөлдір махаббат» романынан басқа туындыларының бәрінде дерлік) кедей табынан шыққан, коммунист партиясы ісіне берілген адам ретінде алынса, М. Әуезовтің ұнамды қаһарманы қашан да қай таптан шыққанына қарамастан (Мәселен, Абай, Әбіш т.б.), халқына қызмет еткен өнер адамы ретінде көрінеді. Рас, «Абай жолындағы» Әйгерім ақын емес, бірақ оның есінен ол әнші, өленді, өнер атаулына жоғары бағалауымен ерекшеленеді. Бұл жазушының өнер сүюді бірінші кезекке қойғанын дәлелдесе керек. Б. Майлиннің ұнамды қаһармандары көбіне қақ-соқпен ісі жоқ, момын, еңбекші, адал да аңқаулау адам және әдеттегі қарапайым пенде болса (Бөкен, Азамат т.б.), С. Сейфуллинде ол өз қатарынан көп озық, алға шыққан белсенді күрескер ретінде оқшауланады («Қызыл сұңқардағы «Еркебұлан, «Тар жол тайғақ кешудегі» жазушының өз бейнесі, т.б.). Б. Майлинде жуастық, немесе ақжарқындық – ұнамдылық белгісі ретінде көзге түссе, Т. Ахтанов аңқылдақ, ашық болып көрінушінің жексұрындығына («Боран» романындағы Қасболат), қатқыл, ожар тәріздінің нағыз абзал адам екендігіне («Қаһарлы күндердегі» Ержан, Мұрат, «Борандағы» Қоспан т.б.) баса көңіл бөледі. Сондай-

ақ лирика жанрында да Б. Майлиннің сүйікті қаһарманы көбінесе қатардағы еңбек адамы (мәселен, Мырқымбай т.б.) болып келсе, С. Сейфуллинде алға шыққан, ту ұстаған үздік күрескер батыр кен дәріптеледі.

Қазақ әдебиетіндегі ірі суреткерлердің кейіпкерлері жөніндегі тұшымды пікірді Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп ғана айтты. Жазушы мен кейіпкер егіз екені де осында ескертілді. Флобер «Бовари ханым-«мен» десе, М. Әуезов «Абай мен» деп айта алады. М. Мағауин «Аласапыранның» соңғы беттерінде «менің Ораз – Мұхамбетім осылай өлді» дейді. Кешегі кеңес кезінде қаламгерге жұмысшы, қойшы, малшы бейнесін сомдатып әдебиеттің бағында түсіріп жіберген жоқпыз ба? Алпамысты, Қобыландыны айтар қазақ әдебиеті тым төмен, тар аяда қалған жоқ па? Эстет А. Сүлейменов, қазақи Қ. Жұмаділов, ұлт мұраты М. Мағауиндер өзіне керек, қажет, өздеріне жақын кейіпкерлерді тудыра алды ма? Зерттеуші еңбегі осындай сұрағы көп, жауабы жоқ жат жоталарға аяқ бастырады, санаға құрық лактырады.

Қ. П. Жүсіп еңбегі салыстырмалы әдебиеттанудың озған өрнегі. Салыстырмалы әдебиеттануға бұған дейін советтік ғылым әдейі жол бермей, жөнсіз бүркеп келген сала болатын. Бұл Абай мен Мәшһүр-Жүсіп жолдарын салыстырғанда байқалады. «Абай тәрізді Мәшһүр-Жүсіптің де сөз зергері екенін айқындай түсу үшін, екі ақынның «нәпсі» хақындағы сақтандыруларына салыстыра үңілейік:

1. Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдық көрсеқызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме! (Абай, 60 б.)
2. Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ. (Мәшһүр-Жүсіп, 93 б.)

Абайда нәпсі алдамшылдығын ашу үшін, белгілі бір қызу, ыстықтық сипатын ашарлық белгі «лапылдақ» көріктеуіш (эпитет) шебер пайдаланылған. Ал, Мәшһүр-Жүсіп дерексіз ұғым нәпсіні жан иесіне айналдырып, оны жаяу қылуды шарт етеді. Жаяу жүру мен атқа мінудің қайсысы баяу, қайсысы тез қозғалу белгісі екені мал баққан қазаққа етене таныс көрініс десек, Мәшһүр-Жүсіптің тағы да ұлттық өрнекті көдеге жарату шеберлігін көреміз. Ал, атқа мінген күннің өзінде оны жортқызып, желгізбеу мәселесі қойылуы да ақынның белгілі бір әрекетті дамытып бере біруін

дәлелдейді. «Көңіл» сөзінің дерексіз екенін ескертсек те, оны жан иесіне айналдырып, көз соңынан жүргізбеуді айту да шарттылық пен жандандыру арқылы жүзеге асады. Себебі көз де, көңіл де бір адамға тән болғандықтан, сөзбе-сөз түсіндіріп, алдымен көз, соңынан көңіл жүреді дей алмаймыз ғой. Мұның бәрі екі ақынның да әр сөзге, сөз тіркесіне ерекше мән бергенін, шағын детальға шалқар шындық сыйғызу шеберлігін дәлелдесе керек».

Зерттеу аталмыш монографиядағы 331–332 беттерде «темір» сөзінен М. Дулатов, М. Жұмабаев, сегізі Сері, Н. Наушабаев, С. Торайғыров, Үмбетей ақын, А. Байтұрсынов, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ж. Жабаев, С. Сейфуллин жырларында қандай мағына қандай өрнекте қолданарын соншалық жіті, құтқармас көз, шын шеберлікпен зерттейді.

Әр ақында темір сөзінің қандай, шырай, сәуле алатынына жете үніледі. Ғалым еңбегі қазақ сөзінің шын жоқшысы, іздеушісі, екенін сендіре тандай қақтырады. Әлем әдебиеттануындағы Дж. Фрезер секілді ерен еңбектің ерекше еңбекшісі Қ. П. Жүсіп зерттеулері біздің бағасыз байлығымыз.

Ұстаз.

Оқу данышпандармен жүздесу

Оқыту – ақымақтармен кездесу (Ф. Бэкон)

Менің Мүбәрак мұғалімім, ұлағат ұстазым, періште пейіл жетекшім Қуандық аға Пазылұлы Жүсіп туралы айту мен үшін оңай да, қиын да. Оңайлығы бәрі көз алдымызда, кеше ғана өткен. Қиындығы бәрін толғай айтуға қалам қарымы, тіл қуаты жете ме...

1989 жылы Семей қаласы Пединститут. Жаз. Үміт арқалап жеткен қанша бала білім теңізіне желкен салып арғы жағалауға студент болып жетпекке бақ сынасауда. Семейдің сұлу табиғаты, Ертіске иек сүйей орналасқан пединституттың бас ғимараты, жүректерін жұдырыққа түйген шәкірттер, тәңірінен тілек сұраған ата-ана бәрі бірігіп Бұхардың базарындай бас айналдырады.

Маған осы оқу Ордасында жоғары баға қойған ақжолтайым, сәтті күндерге бастар нұрлы сәулем, текті атаның тұқымы, Баянның сикырлы бағы, жақсылық жағы Мәшһүр-Жүсіп атаның аман жеткен аманат ұрпағы Қуандық Пазылұлы Мәшһүр-Жүсіп екен. Әр мұғалім ерекше. Алаштың ардақтыларымен араласқан, білері өлшеусіз, көргені көл, Мұханның қасында, қанаттас жүрген Қайым Мұхаметханұлы, қиялап сөйлеп, сана сансыратар Қиянат Шаяхметұлы, қатал мінез, терең білім иесі Жақсыбай Тұрсынұлы, жүрісі паң, сөзі нақыш Арап Еспенбетұлы, студентті сырласындай көрер Гүлжанат Малдыбайқызы,

төре мінез, өзге сөздің иесі Төкен Қонысбайқызы, жиырмасыншы жылдардан адасып жеткендей бекзат мінез, сыпайы сынық Жұмағали Шәкенұлы, сөзден сел жаударыар Төкен Ибрагимов әр қайсысы жеке шың, мұзарт, Қаратау мен Алатаулар, ауыл баласының басын айналдырар, Бағдат базарынан бәсін таба алмас асылдар еді. Әсіресе Қуандық Пазылұлының сабағы сарғайып жеткен сары арманның тандайына тамызар шәрбат еді.

Бірінші сабақта-ақ үйіріп өкеткен әдебиет әлемі тау толқынға, толассыз теңізге айналып әр жерден келген, оқуға түстім деп ортаны ойып жүрген студенттер білмесін көргенде мүлдем ұсақ тартып, аласырып кетеді-ақ.

Әдебиет текке, түрге бөлінерін талдай өріп, әр жанның өзгеше болуын баяндап асықпай түсіндіруге кіріседі.

Ұстаздың қолында топ журналы болады. Сенің бар тарихың, күнәң мен кінәң, жаза басқан жалғыз ісің бәрі сонда жазулы. Егер екі минут кешіксең, жазылып тұрады, он бес минут кешіксең ол да жазылады. «Минус бір» деген адам шошыттар бағаларды да осы Қ. Пазылұлынан алатын болдық. Өзге мұғалімдердей Қуандық Пазылұлы басқа тақырыппен, бос сөзбен алдап шығу мүмкін емес. Сталин туралы, совет өкіметі туралы сол кездегі көп талқыланып жатқан мәселеге ұстаз түсіп кетпейді. Бағыт біреу, жол біреу, мақсат айқын. Ол «Оқу, оқу және оқу». Осы сөздің Құран-Кәрімнен алынғанын Қ. Пазылұлынан естіп таң қалдық.

Біз шаршаған кезде сөз аспанында ұстазбен бірге шарлаймыз. «Кіріпш», «Ткаты», «Орал», «Саратов» «Стакан» секілді сөздердің асыл түбі түркілік, қазақтық екенін естіп іш тартамыз. «Қылпып жауған қар», «жылбысқы қар» секілді қар түрінің мың сан түрін ұстаздан ұғынамыз. Қазақ халқы өзі туа бітті жазушы, қазақтың өзі қаламгер дейді ұстаз сөз сикырды шәкірттерімен бірге тамашалап. Бір қарағанда шайқы мінез, Қожанасыр қылығы бар секілді көрінгенмен шындығында бір көргенін, жалғыз естігенін ұмытпайды. Кей әңгімесі ішек қатырады, дәмдеп айтады. Сендіре айтады. Күлмеу мүмкін емес. «Мына бір студент өте өтірікші екен дейді. С. атты студент қыз.

– Неге деймін.

Әдебиеттануға кіріспеге емтихан тапсырар кезде, бағасы нашар, бабы жоқ еді. Шешем қайтыс болды деп жылап еңіреп жетті. Көзі бұлау. Апырай деп үшпен жібердім. «Әдебиет сынында» ағам өлді деп жетті... Келесі курсқа кетті. Бесінші курста әкем өлді деп тұр. Дәл емтихан алдында бір әже келді. Осылай, осылай жаңағы айтқан «студент қыздың шешесімін» дейді. Мәссаған менің білуімше ол

отбасынан ешкім қалмауы керек. Аруакпен тілдескендей ақырын сөз ұшығын ұзартамын.

– Ағаның қалы қалай, күйлі қуатты?

– А, әкесі ме? Аман-есен ауылда жүріп жатыр, жайы жақсы, шүкір, немерелердің қасында, ұжыммен бірге жазға даярланып жатыр.

– Ағалары

– Ағалары ауылда, басы аман, бауыры бүтін.

Шешесін өзім көріп тұрмын. Не деймін. Міне солай баға үшін бар туғанын қырып тастаған жандарды да көрдік. Ертең бұлар мектепке барады. Ұяты жоқ, ары аз мұғалім шәкіртке не бермек? Оқушы бұдан не алмақ. Неткен өкінішті, қорқынышты.

Түңілген ұстаз түрінен жүрек бірге ауырады. Бірақ бұл қайта кұрудан соң, қоғам ақша иісіне батып бара жатқан шақ болатын. Толқын ауысып, заман өзгеріп тұрған кезде ұлт ұстаздары да боранды бұрқасынды кезге келіп ат басын тіреп тұрған...

Қ. Пазылұлы туған ел, өскен жерге Керекуге бет алғанда бір ғана мүддемен беттеген еді. Қадірлі де қымбатты қазақ тілінің туын көтеру, мемлекеттік тілдің мерейін асыру басты мақсат болатын. Шырайлы шәкірт, оқуға құштар оқушы өсіру-осы еді білім бағбанының арманы.

Зерттелмеген балалар әдебиеті ғылымына шәкірттеріне түрен салғызды. Әлі бойланбаған осы ғылым саласын толтыру ұстаз тілегі, қалауымен жүзеге асқан. Ұстаз шәкірт тандағанда қайда туғанына, елдес, жерлес, ауылдас, тумалас, рулас дегенге мән берген емес. Соңынан ерген әр шәкірт адамға емес, Алашқа не береді деген сұрауға жауаппен болғандығында. «Тәрбиесі дұрыс емес ата-ана отбасын бұзса, бір мұғалім бір ауылды мүгедек етеді.» Бар қағида осы. «Абайды білмес, «Абай жолын» білмес шәкірт қауіпті мұғалім, ертең елге дерт. Ендеше ондайға оқу ордасында орын жоқ.» Қатаң қағида халық игілігі үшін. «Надан шәкірт мені ұстазым демесін».

Тіпті бір жолы ұстаздың сабаққа оқта-текте келер өз туғанын оқудан шығарып жібергеніне куә болдық. Білім – талас, оқу-жарыс, онда туыстық, парашылдық жоқ. Қоғам дерті ұстаз бойында жоқ.

Міне, менің ұстазым – Қ. Пазылұлы Мәшһүр-Жүсіп. Ұстаз үддесінен шығар игі істер жасай қоймағаным анық. Бірақ осындай ұстазды бұйыртқан Тәңірге тәубе. Әдебиет әлемінде менің ұстазымның ізі ғана емес, жолы бар екені ақиқат.

Көп жасаңыз білімі бел асырмас, ақылы асқақ ұстаз. Сізге мың құрмет.

МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

САДЫҚОВ Е. Т.

э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, корреспондент-мүшесі, Торайғыров университеті, Басқарма Төрағасы-ректоры, Павлодар қ.

ҚҰДАБАЕВ А. Ж.

филос.ғ.к., Е. Бекмаханов атындағы өлкенің тарихы мен этнографиясы ғылыми-практикалық орталығының директоры, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп өз заманындағы және одан бұрын өмір сүрген тарихи тұлғалар туралы сыр шертеді. Әсіресе дін қайракерлері, олардан көрген өнегелері, алған тәрбиесі және олардың кісілік, адамгершілік қасиеттерінің қайнар бұлағының көздері жәйлі мол мағлұмат береді. Ақын соымен қатар халқымыздың өнер саласында жүрген дара саңлақтары туралы әрі олардың артында қалған мол мәдени мұрасының өскелең ұрпақтарды отансүйгіштік сезімге тәрбиелеудегі маңызының ерекшелігін жан-жақты ашып береді. Ғалымның артында жазып қалдырған мұралары өте бай, мазмұны терең болып келеді. Ол көбінесе ел тұрмысын жырлайтын, кедей кепшіктің мұңын жоқтаған нағыз халықтың ақыны болды. 1887 жылы Мәшһүр Жүсіп Сырдария, Ташкент өлкесіне барып, бұл жолында көбінесе әртүрлі тарихи кітаптармен танысып, қазақ тарихының орта ғасырлардағы дәуірлері Баһадүрдың «Шежіресі» өзіне үлкен әсер бергенін айтады. Ол жердегі ақын-жыраулармен кездесіп, халық әдебиетінің қымбатты, тарихи мағыналы түрлерін жазып алып отырады. Атақты ақын Қонырат Майлықожамен кездесіп, тарих жайында пікір алысканы туралы ерекше баяндайды. Осы мақалада М. Жүсіптің артында қалдырған әдеби мұралары өзінің ғылыми жағынан өте терең, әрі жан-жақты саланы қамтитыны айтылады. Тарихи тұлғалардың ішінең ерекше бөліп ұстазы Қамаралдин Хазірет туралы жазады. Ақын онын шыққан тегі, биязы мінезі, сирек кездесетін ақылдылығы туралы мол мәлімет береді. Ақынның қай өлеңін алсақ та, оның барлығында да бұқаралық сарын көрініп тұрады. Көбінесе өлеңдерінде сақилық пен сарандықты, адалдық пен арамзалықты, жақсылық пен жамандықты, елгезектік пен еріншектікті салыстыра сипаттап терең жыр жолдарын жазды. Адамгершіліктің белгісі ретінде-жомарттық пен кеңпейілділікті ерекше құрметтеп адам баласының осындай асыл қасиеттерін аят, хадис сөздерінде ардақтап отырады. Осы мақалада Мәшһүр Жүсіп

бабамыздың атақты дін өкілі Исабек ишанның қайталанбас адами қасиеттерін өнеге тұтып, имандылыққа, кісілікке шақыратындығы туралы айтылады.

Кіріспе

Қай елдің елдігін, халықтың халықтығын танытатын белгілерінің бірі – маңдайына біткен талантты перзенттерін қадірлей, қастерлей білуі. Олар қалдырған жәдігерлерді жас ұрпақтың санасына сіңдіру, оны ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің гуманистік үдерістерімен үнемі толықтырып, жаңартып отыруымыз қажет-ақ. Осы орайда сіздерге ұсынылып отырған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының артында қалған шығармалары қазақ халқының баға жетпес, мол рухани қазынасы болып табылады.

Барды бағалай білу – ата-бабалардан қалған рухани мұраларды қалдырмай жинап, асылындай ардақтап, көзінің қарашығындай сақтап, ақыл-таразысына тартқанда ғана, өткеннің дұрысы – өнеге, бұрысы – бүгінге сабақ болмақ. Осы ұстанымды сақтай отыра біз мүмкіндігінше ақынның білім алған кезін, дәстүрлі дүниетанымын, әлеуметтік және адами құндылықтарын, әулиелік қасиетін, шығыстық және батыстық, әрі мұсылмандық ұғымдармен салыстыра отырып қарастырдық.

Өздеріңізге белгілі Мәшһүр он бес жасынан ақындық (шайыр) атағын алып, қазақ өлкелерінің әр жерінен өлеңмен жазып жіберген мақтаулар алады. Өзінің бір хатында: «Жас күнімізде жыршы болып ел аузына шыққан соң, Көкшетаудағы Ақан серіні көру өзімнің де тілегім, ойым еді. Ақан сері жігіт көркі, сөздің бұлбұлы еді. Ол сапарымда Атбасар, Ұлытау, Сарысу бойын мекендейтін Бағаналы, Балталы арасында болып, Есіл бойын жайлайтын қыпшақтарды араладым», – дейді.

Мәшһүр жігіт болған күннен «Жаһанкез», «Саяқ» аталып, ел аралап, жер-суды тануды өзіне мақсат көрген. «Үш жүздің баласында бармаған жерім жоқ», – дейді. Міне мұндағы ғалымның мақсаты, жер аралап жүріп қазақ халқының дәстүрін, салтын, мәдени мұраларын жан-жақты тереңнен зерттеп, зерделеп мол мағлұмат жинау еді.

1887 жылы Мәшһүр Жүсіп Сырдария, Ташкент өлкесіне барып, бұл жолында көбінесе әртүрлі тарихи кітаптармен танысып, қазақ тарихының орта ғасырлардағы дәуірлері Баһадүрдың «Шежіресі» өзіне үлкен әсер бергенін айтады. Ол жердегі ақын-жыраулармен кездесіп, халық әдебиетінің қымбатты, тарихи мағыналы түрлерін

жазып алып отырады. Атақты ақын Қоңырат Майлықожамен кездесіп, тарих жайында пікір алысқаны жайлы ерекше баяндайды.

Ғалымның жазып қалдырған әдебиет мұралары өте бай, әрі мазмұны терең келеді. Ол көбінесе ел тұрмысын жырлайтын, кедей кепшіктің мұңын жоқтаған нағыз халықтың ақыны болады. Ақынның қай өлеңін алсақ та, оның барлығында да бұқаралық сарын көрініп тұрады:

Өркімнің өз тамағы табылған соң,
Төресі қисық жаққа бұра шықты.
Көңлі бірін-бірі жеуде болып,
Халыққа осындай бір жорға шықты,

– деп, бұқара кедейлерінің қызғышы болып дабыл қағады.

Мәшһүр Жүсіп ақындықтан басқа ғалым адам. Күншығыс, араб, фарсы халқының тарихын, фәлсафасын жақсы білген. Химия, физика, геология, астрономия ғылымдарынан хабардар болған. Ғалымның бұл сияқты терең ғылымдармен танысуына, көбінесе атақты Әбу Әли Сина, Әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы Бұқара ғалымдарының шығармалары және араб, фарсы, түрік кітаптары әсер етті. Ғалым өз заманындағы тарихи тұлғалармен өте тығыз қарым-қатынаста болып, солар туралы артында көп мұра қалдырды.

Әдіснама

Мақаланың әдіснамалық негізі Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы сақилық пен сараңдықты, адалдық пен арамзалықты, жақсылық пен жамандықты, елгезектік пен еріншектікті салыстыра сипаттап ұлттық дәстүріміздегі адами қасиеттердің мағынасын кең түрде насихаттау. Мақалада негізінен адам бойындағы келенсіз мінездерді жан-жақты салыстырмалы түрде сынай отырып, келешек ұрпақты осындай қылықтардан аулақ болуға шақырады.

Негізгі бөлім

Мәшүр бабамыздың өзі ерекше сыйлаған тұлғалардың бірі Мырзақұл Ишан. Сол кісіге арнап ақын «Абақтыдағы Ишанға» деген – тұлғалық жыр жазған. Бұл өлең 1896 ж. жазылған. Мында Мырзақұл Мірқұлалдин ишанның абақтыда нақақтан жатқанына жаны ауырып арнау өлең шығарған. Патшалық Россияның отарлау саясатының нәтижесінде, әсіресе, ХХ ғасырдың басында дін иелері қудаланған кезді қатты сынайды. Жырда ақын –

«Ассалаумағалейкум, дұғағөйім,
өтініп хат жазайын мұнан кейін,
Бармадық көңіл сұрай ұяттымыз,

Қағазбен дұғаңыздан мен тілеймін»,
– деп сәлемдесуден бастап, ары қарай Ишан молданың өскен жері мен оқыған білімді екені жайында жырлайды [1, 13].

«Ақсүйек ата пірдің баласы едің,
Халфенің дін үйреткен тазасы едің,
Ғалымдық майданында қатар шыққан,
Төртінші, бесіншіге талас едің»,

– деп ишанның білімі мен ғалымдық дарындылығын марапаттайды. Мырзақұл ишанның адам бойындағы тазалықты, игілікті істерді дәріптейді. Жалпы адам бойындағы келеңсіз қылықтарды сынап, келер ұрпақтың тазалығын армандайды. Ақын өзінің «Ағашсыз жапырақ» өлеңінде сақилық пен сараңдықты, адалдық пен арамзалықты, жақсылық пен жамандықты, елгезектік пен еріншектікті салыстыра сипаттаған терең мазмұнды ғибратты жырында осыны айтады.

«Жігітер, сараңдықты қылма кәсіп,
Болмайды сараң жанға жұмақ нәсіп,
Болма да тақуа, өзі сопы,
Тозақтан құтылмайды сараң қашып». Я болмаса:
«Қылындар сақилықты жастап машық,
Жомартқа сегіз ұрмақ есігі ашық.
Сахи адам – бір Алланың сүйер құлы.
Болса да бөгеті жоқ қандай пасық!»

Қас жақсының белгісі – кеңпейілділік, жомарттық. Ақыл адам баласының осындай асыл қасиеттерін, аят, хадис сөздерін ардақтайды. Үлгі, өнеге тұтуға, «істер істің тәртібін білуге», өнерменен еңбек қылуға «жалғанның келер-кетер ісін ойлауға» үндейді. Ақын бабамыз өзі тәлім-тәрбие алған ұстаздарына деген ықыласы өте ерекше болды. Сондай ұстаздарының бірі -атақты Қамаралдин Хазірет – кіші жүз, Бөкей елінен шығып, Бұқара қаласындағы Көкалдаш медресесінде оқыған, қазақ арасындағы Ислам дінінің асқан бірлігі. Мәшһүр Жүсіптің ұстазы. Ақының «Қамарилдин хазірет» деп аталатын өлеңінде алдымен сол адамның көз жұмғанын ескертіп отыра, оған деген күйінішін келтіреді. Оның өмір жолын, халқы үшін сіңірген еңбегін нақты деректермен береді. Баянауыл дуанының сол кездегі аға сұлтаны Мұса Шорманов балалар терең білімді игерсін деген ойменен өте білімді Қамаралдин Хазіретті жеке қаражатына алдырады. Қай жерде жана оқу бар деп елегізіп жүретін Көпей ақсақал осы хабарды естісіменәк бала Жүсіпті

хазіреттің алдына ертіп алып келеді. Бұл жөнінде өзінің жақсы көңіл-күйін Мәшһүр Жүсіп мына өлең жолдарымен баяндайды:

«Келтірді құдай айдап біздің елге,
Кенелді дария теңіз, шалқар көлге.
Әкелген себеп болып Мұса мырза,
Қанша дұға қылсақ аз сондай ерге!»

Қамаралдин хазіреттің біліміне, жақсы мінез-құлқына тәнті болған ақын уақыт өткен соң былай деп баға береді:

«Ғұлама мұнан артық болсын қандай,
Көз көрмес, естімеске бұ заманда-ай!
Қырмызы қызыл жібек мінезденген,
Аузынан шыққан сөзі шекер балдай».

Мәшһүр Жүсіптің берген бағасы бойынша Қамаралдин хазірет тек білімді адам ғана емес, сонымен қатар сол замандағы молдалар арасында сирек кездесетін биязы, жұмсақ, әдемі мінезімен ерекше көрінетін ұстаз деп сипатталған. Бұған дейін бірнеше ұстаздардың қолынан дәріс алған оның хазіретке деген ынта-ықыласы өзгеше болды. Қ.х. сол кезде бүкіл Орт. Азия мен Қазақстанға белгілі Бұхара қ-нда орналасқан Көкілташ медресесінің түлегі еді. Мәшһүр Жүсіптің де сол Көкілташ медресесіне оқуға баруына ұстазы Қ.х. тікелей әсер еткен. Яғни Қамаралдин хазірет Мәшһүр Жүсіпке тек қана алғашқы ілімді үйретумен шектелмей, әрі қарай оның ағартушы-педагог ретінде қалыптасуына ықпал еткендігін айқын көруге болады, кейін бала оқытқан Мәшһүр Жүсіп, [3, 315] хазіреттің бойынан көріп үйренген шәкіртке деген ерекше ықыласы мен сый-құрметін, олармен орната білген гуманистік қарым-қатынасын, өзінің тәжірибесінде қолдана білді. Ағартушы хазіреттің бойындағы осындай адамгершілік және тұлғалық қасиеттерін бойына үйіріп ұстаздық тәжірибесін игеріп қолданғанын төмендегі өлең жолдарымен айшықтап көрсетеді.

«Ғылымға адам еді іші толған,
Аузына нұр төгіліп, дуа қонған.
Жаңбырдай аб нисан дүрлер тамып,
Шарапат баршамызға сонан болған.
Ғылымнан он екі пән өзі білді.
Кісі еді, сөзге ұста шешен еді.
Айтқанын доптай қағып түсірмейтін.
Алдына дәл өзіндей бала келді [1, 24].

Исабек Ишан – дін өкілі. Қожалар Сарыарқа өңіріне алғаш рет XVIII ғ. бірінші жартысынан бастап келе бастаған. Исабек Ишан XIX ғ.

басында, шамамен 1810 ж. Баянаула таулы сілеміне жататын Қызыл тау өңіріндегі «Сүйіндік еліне келген қожалардың көшбасшысы, Әулиесі», – деп жазған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. М. Ж. Көпейұлы жоқтауды не ұстаздарына, не адал қол ұшын берген адамдарға арнаған. Исабек Ишан дүниеден озған кезінде ақын артынан былай деп жоқтаған:

«Бір халфе Төртуылдан жұрт бастады,
Қалған ісін хылап деп жұрт тастады.
Қанша ишан, қанша мүрид шықса-дағы,
Бәрі де Ишекемнен бір аспады!»

– десе өлеңнің басында Исабектің ишандығы жайлы:

«Өзі ишан жұрт бастаған, заты қожа,
Сейітзада нәсілі сондай таза,
Өзгеше қасиеті еске түсіп,
Қайғымен қапаланып болдым наза» [4, 348].

Исабек Ишанның ата тегін еске түсіріп, оның адами қасиеттерін кісілігін былай сипаттайды:

«Атасы Мұрат қожа әулие өткен,
Бұтақтай бірден-бірге келіп жеткен.
Арғы тегін сұрасаң – Назар ишан,
Тазарып шыққан гауһар асыл тектен»,

– деп таныстырады. Сондай-ақ:

«Өнер алды – қызыл тіл» – шешенім-ай!
Жылжыған жорғадайын көшелім-ай!
«Абылай аспас Сары бел» – Сүйіндіке
Пір болып үлгі шашқан көсемім-ай!»

– деп жоқтайды [1, 296].

Ақмолла Мұхамедиярұлы – башқұрт-қазақ ақыны, ағартушы, өлеңдерін татар тілінде жазған.

М. Жүсіптің қай өлеңін алып қарамайық, бәрі жақсылық пен имандылықтың көзі. Мәшһүр Жүсіпте Ақмолла ұстанған идеяны қолдаған. Мына «Жалған», «Тіршілік қамы», «Ақыл туралы», «Бақ құсы», «Мұсылманның сипаты» т.б. өлең-жырларынан осы сарынды көреміз. Ақмолла бірнеше діни шығармаларының авторы, діншілдіктің ақ-қарасын таныған, бала оқытып, жаңа қоғамның бет алуына әрекет жасаған адамның еңбектері Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында ерекше орын алған [1, 39].

Ақан сері Қорамсаұлы туралы Мәшһүр Жүсіп:
«Ақан сері – адамзаттың сұңқары,

қызыл тілдің ділмары,
жігіттің құлпы жібегі,
сөздің ағытылған тиегі, [3, 41]

– деп бағалаған. Ақан сері 40 ұрзадаға өлең шығарып айтақанын, Құлагерді сипаттап, жүрек толқытар жоқтаулар жазғанын айтып отырады екен. Серінің «Ақтоқты, кеткенің бе шынымен», «Торыны таңға байлап жүрген қандай?», «Қарағым, асыл тасым сағаттағы», «Асыл зат, қоңыр қазым көлге тартқан», «Ғизатлу, хат жазамын қара сия» сынды өлеңдерін ақын жатқа білген [1, 34].

Өздеріңізге әдеби мұралардан белгілі қазақ халқының рухани өмірінде үлкен рөл атқарған тұлғалардың бірі Ол – Ақтайлақ-би. Оның ата-бабалары азуы алты қарыс, қара сөзді орып айтқан, дүлдүлдер болғаны белгілі. Ақтайлақ би XVII ғ. аяғында Ташкентте бек болған «Нар дауысты Нарыбайдың» шөбересі, даусы аққудай саңқылдаған «Қу дауысты Құттыбайдың» немересі. Бұған:

«Қу дауысты Құттыбай,
Қазақ туын көтерді.
Даналықпен айырды.

Келер менен кетерді», – деген XVIII–XIX ғ. қазақ ақынының сөзі айғақ. Ақтайлақ би биден Сарыбай ақын туған. Халық ақыны Төлеу Көбдіковтың шешесі Қуандық Ақтайлақ бидің немересі екен. Ел аузында «Сыбаннан шыққан 17 ақын» деген аңыз бар [1, 40–41]. Мәшһүр Жүсіп Ақтайлақ бидің тапқырлық шешендігіне ерекше таң қалып өзі жиылған ортада үнемі ерекше ыждаһаттылықпен айтып отырған. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларының біраз бөлігі арнау болып келеді. Арнауды негізінен ақын өзі тәнті болған ерекше қасиеті бар адами қасиеттері мол тұлғаларға арнаған.

Ол өз ойын әсерлі жеткізу үшін арнау үлгісін шебер пайдаланған. Әсіресе, «Жақын сұлтанға» арнау өлеңінде, лирикалық қаһарманның, яғни Мәшһүр Жүсіп атынан сөйлеушінің екінші лирикалық бейнеге, яғни Жақын сұлтанға қаншалық баға бергенін бейнелеу үшін алдымен лирикалық бейненің, Жақыптың, арғы аталарын еңбектерін тізіп таныстыру, соның заңды жалғасы ретінде Жақып еңбегін бөліп көрсету жүзеге асқан. Ақын шығарма соңында Жақып Ізбасар Қоқышты мадақтауды алға шығарған: «Баһадүр, затың бөлек дастаным-ай, Мехнатың түбі-рахат, көңілім жай. Арасын екі елдің көпір қылған. Естіген жұрт таң қалған арыстаным-ай! Осылай даңқың барған Орта жүзге, Тамаша кім іс қылды сізден өзге?! Ғұмырыңа бір тілеулес дұғағөйің Риза бол, Қоқыш жиен, енді бізге!». Мәшһүр Жүсіп бұл туындыларында, негізінен алғанда, белгілі бір адамды мадақтауды

мақсат еткен де, сол ойын әсерлі өрнектеу үшін, арнау үлгісін пайдаланып, оны бағыт берерлік тірек ретінде қолданған [1, 68–69].

Ақынның қазақ батырларының ішінде ерекше сүйіспеншілікпен жазған шығармасы «Балта керей Тұрсынбай» туралы. Батыр – ел тарихында жонғар, қытай, қырғыз әскерімен соғысқан батыр, қол бастаған қолбасшы, елші, мәмлегер. Ол туралы Мәшһүр Жүсіп, Шоқан жазбалары мен мұрағат құжаттарында қаһарманның өзінен тікелей ұрпақ қалмағандығы (Мәшһүр Жүсіп дерегі), батырлық істеріне қарай халық арасында «Балта керей Тұрсынбай» атанып кеткені мәлім. С. Мұқанов шежіресінде берілген Тұрсынбай Қарасарыұлының (1713–1819) өмір сүрген жылдары мен ата-тегі әлі де анықтай түсуді қажет екендігін айтады. Керей-Арыстанбек-Наурызбай-Ашамайлы-Үйшібай-Бахрам-Төбей-Тұрсынбай-Бекарыс-Наурызбек-Халид-Хажигали-Бекімқожа-Әлимұхаммед-Фархад-Танаш би-Қарсары-Тұрсынбай. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазбаларында Тұрсынбайдың әлеуметтік жағдайы, қалмақтарға барған елшілік қызметі, Абылаймен бірге Арғын румен келіссөз жүргізгені, батырлығының сыналуы баяндалады. 1749–1750 жж. Нұралы ханмен құдалық байланыс орнату мақсатымен келген Қарабас сұлтан елшілігі туралы мәлімет сақталынған. Аңызда бұл оқиға өзгеріске ұшыраған. Мұнда қалмақ ханымы Қарабас ханым батырлығын байқап, Тұрсынбайды Қалдан Шерінге алып барады. 1757 ж. Талқы қамалындағы қытай әскеріне қарсы соғыста Тұрсынбай Абылай жасағының алдыңғы шабылдаушысы, кезеуілшісі тобының қолбасшыларының бірі болғаны туралы мәлімет Мәшһүр Жүсіп шығармаларында берілген. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының енді бір жазбаларында батырдың Алатауды бетке алып бара жатқан Абылай ханның жорығына қатысқаны, көрдегі аруақтан қорықпай бейіт ағашын әкелгені туралы аңыз-әңгіме сақталған. Қазақ елі тарихында сыртқы жауларымен күрескен Тұрсынбай қоғамның ішкі өмірінде де белсенді роль атқарады [1, 614–615].

Қорытынды

Жалпы қорыта келгенде, айтайын дегеніміз Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы адамдардың бойындағы асыл қасиетті аса қадірлеп, ардақтап өткен жан. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халықтың рухани мұрасы ауыз әдебиетіне ыждаһаттылықпен қарап оны жинап сақтаудағы еңбегі ерекше зор. Ол халық қазынасын жинауда ұзақ уақыт шұғылданған. Оның бұл саладағы еңбегі айтарлықтай қомақты. 18 ғасырдың оқиғаларын көрсететін тарихи-поэтикалық шығармалары бүгін сөз болып отырған тарихи тұлғаларға арналған

арнау жырлары өте ерекше. Кезінде ауыз әдебиетін жинауға В. Радлов, Г. Потанин, Ы. Алтынсарин көп еңбек еткен еді. Осы орыс оқымыстыларының қатарында Мәшһүр Жүсіптің аты тегін аталмайды. Ол жинауды ел алдындағы, ұрпақ алдындағы азаматтық борышымыз деп білген. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорға деген құмарлығы жас кезінен бастап-ақ оянғаны белгілі. Ол осы мақалада айтылған өзінің ұстазы Қамариддин Хазіреттен оқып жүрген бала шәкірт кезінде қолына түскен кейбір эпикалық жырлары «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алпамыс», «Ер Тарғынды» жатқа білген. Тек мұнымен ғана шектелмей жаратылысынан зейінді Мәшһүр Жүсіп қазақ ұлтының тарихына байланысты көптеген әдеби мұраны жинаумен айналыса бастайды. Ауыз әдебиетінің қаншалықты маңызды екенін ұғына отырып, оны халық игілігіне жаратудың бағыт-бағдарын айқын біліп отырған. Қазақ елінің бай мәдениеті туралы жазбаларды сондай-ақ, ауыз әдебиетінің көптеген түрлері: тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ пен ертегілер, эпикалық жырлар мен шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер мен айтыстар тарихи тұлғалар туралы жырларды ерекше ұмтылыспен жазған. Сондықтан Мәшһүр Жүсіп Көпеевтың әдеби мәдени мұраны жинаудағы еңбегі сол кез үшін де қазір кез үшін де игілікті іс деп бағалау керек.

Әсіресе «Аллатағаланың ақ жолына түскен абзал жандарды ғылым жолында жаңалық ашу үшін жан аямай тер төгіп, еңбек еткендерді, қазақтың қасиетті өнерін пір тұтқан өнерпаздардың ерекше қасиеттеріне сүйсіне біліп, осылардың бәрін халқының игілігіне жаратуды алдына мақсат етіп қойған қазақ елінің келешегі үшін таусылмас бұлақтың қайнар көзі іспетті – ТҰЛҒА.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы». Энциклопедия. – Павлодар : ЭКО, 2010. – 704 б.
- 2 «Ертістің Павлодар өңірі». – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 776 б.
- 3 «Сұлтанмахмұт». – Павлодар : ЭКО, 2018. – 536 б.
- 4 «Исабек Ишан». – Павлодар «Сытин» баспаханасы, 2011. – 384 б.
- 5 «Ақкөл–Жайылма». – Павлодар, «ЭКО» баспасы, 2012. – 324 б.

ҰСТАЗ ҰЛАФАТЫ

ЕРДЕМБЕКОВ Б. А.

ф.ғ.д., профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің
Басқарма Төрағасы-ректоры, Семей қ.

Құрметті конференцияға қатысушы зиялы қауым, керегесін кең жайған Кереку жеріндегі бүгінгі дүбірлі той ұлтына қалтқысыз қызмет еткен ҒАЛЫМ – ҰСТАЗ Қуандық Пазылұлы Мәшһүр Жүсіптің 80 жылдық мерейтойы құрметіне арналып отыр.

Мәшһүр Жүсіптей текті атаның тұяғы Қуандық Пазылұлы Семей қаласындағы тарихы өткен ғасырдың 30 жылдары басталған педагогикалық институтта 30 жылға жуық қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын дайындап қызмет етті. Біз де ұстаздың ұлағатты сөздерін тыңдап, теория мен әдебиет тарихы, әдебиет сыны мен оқыту әдістемесіне арналған терең пайымды ғылыми дәрістерін тыңдап өстік. Сол үшін де өзімізді бақытты санаймыз. Ұстазымыздың өз өміріне ұран етіп алған адалдық танымы алдынан өрбіген барлық шәкірттерінің бойында қалды десем артық айтпағаным.

Қазіргі Шығыс өңіріндегі Қуандық Пазылұлы дәрісін тыңдаған ұстаздарда көркем мәтінді теориялық талдаудың «Жүсіпов әдісі» деген ұғым қалыптасқан. Бұл ардақты ұстазымыздың ғибратты ғұмырында өзінің әдеби мектебін қалыптастырып кеткені деп айтуға болады. Ұстаз үшін одан өткен бақыт болмас!

**Қымбатты конференция қатысушылары,
Торайғыров университетінің ұжымы!**

Қуандық Пазылұлы Жүсіптің құрметіне өткізіліп отырған халықаралық конференция құтты болсын!

Ғалым, жазушы, ұстаз ағаның ғылыми мұрасын зерттеп, зерделеу және насихаттау жұмыстарының әдемі үлгісі ретінде ашылып отырған ғылыми кабинет болашақ ұрпақ игілігіне қызмет етсін!

Ұстаздың ұрпағы, шәкірттері жалғастыра ғибатқа толы ғұмырының жаңа кезеңі басталды.

Ізгілік пен парасатқа, жоғары деңгейлі АР БІЛІМІ мен рухани интеллектіге құрылған адамгершілік ұстанымдар жолында жас ұрапқа беріп отырған білімдеріңіз өз жемісін берсін!

Барлықтарыңыздың отбасында береке, бірлік, амандық болсын!
Еліміз жаңа белестерді бағындыра берсін!

**СӨЗ ҰСТАСЫ НЕМЕСЕ АҚ КІРЕУКЕ СӨЗ ТЕРГЕН
ҚУАНДЫҚ ПАЗЫЛҰЛЫ МӘШҮР-ЖҮСІП**

САҒЫНДЫҚҰЛЫ Б.

ф.ғ.д., профессор

«Сенгір» сөзін сексенге сергек қылған қазақтың қанына біткен бір белгі сол, асылын ардақтап, мерейтойын меже етеді. Көзі тірі болса көне көз қария қылып, қасына құшағын жая алатын көзі қарақтыларды қосады екен. Тағдырдың сынды да сындарлы сызығының сексеннің сенгіріне жеткізбей жататыны тағы бар. Ондайда көз көргендер мен тәлім тергендердің басы косылып, халыққа қажет мәжіліс өткізеді. Безбені бөлек, бітімі биік бүгінгі жиын соның айқын көрінісі. Тамыры терең жиынның тағылымы мол болатыны да айдан анық.

Ұстаз ұлықталып жатса, бөгелудің бекем белбеуі де шешіледі, ағайын. Ұстаз бен ұстаздықты, ұстаздықтың ұлықтығын паш еткен бейне Қуандық Пазылұлы деудің ақиқатқа қарсылығы жоқ. «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға. Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің кетпес далаға». Осы шумақтағы кез келген сөз, яғни жалықпау да, үйрету де, ақырын жүру де, еңбек те Қуандық Пазылұлымен бірге еді. Мындаған картотекалық қиындылардың түрлі сиямен көмкерілген сөйлемдік мысалдары мөлтек-мөлтек маңдай тердің жауырын тұсына қарай ауып, шып-шып кермек суға айналуы оның жалықпағандығына дәлел. Қазіргі көп гигабайттық компьютерлік жад ұстаздың бойында-тын. Қай шығармадан терілген, қай кейіпкердің характерін ашады деген жорамалдар ұстаз танымында үнемі жаңғырылып, кітап сөресіне етене енген қораптардың ішінен оңай табыла кететінін айтсайшы!

Екінші – үйрету. Қазіргі уақыт әдістеме деп тілдейді. Қуандық Пазылұлының әдістемесі бөлек те, ерен еді. Тегі, көп жылдық ізденістік оттың табы ма дерсің?! Кейін ғой оның кітап болып басылатыны. Ал осы оқыту мен әдебиет теориясына қатысты қаныңа қатып, етіне сіңіп кететін әдістемелік үдеріс бұрынғысын қайдам, бүгін «жоқ» деген категорияның көмекейінен өтіп кеткен. Арғыда Ахмет айтқан «тірнек өнердің» қатарына шығармашылық, ұстаздық ізденуді, біздіңше үйретуді, жатқызған жөн. Үйрету, әдістемені айтып отырмын, қазақтың батысында Қажым Жұмалиев, Зейнолла Қабдолов болып байқалса, шығысында Зәки Ахметов пен Қуандық Жүсіповке сіңді. Жасырып-жабары жоқ, артық айтқандық та емес,

бірақ әдебиет теориясының терегін тіккен З. Ахметов те, жайма шуағы мен жасыл желеңін желбіреткен біздің ұстазымыз екендігі тағы аян.

Абай артқан үшінші тәмсіл – «ақырын жүріп анық бас». Ғылымға керек ең асыл іс осы. Сонау 1980 жылдардан бергі уақытта қазақ мұғалімінің талғамына таным үстейтін «Қазақстан мектебі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» сынды оқу-әдістемелік журнал беттері Қуандық Пазылұлының мақалаларымен жарияланып отырды. Мұның үстіне кез келген қазақ баласына бағыт болған Семейлік «Семей таңын», керекулік «Сарыарқа самалын», бүкілқазақтық «Жұлдыз» журналын қосыңыз. Автор бір мақаласының өзін көз майын тауысып, айлап жазатынын ескерсеңіз, «Әдебиетті оқыту мәселелері» атты кітапты әбден пісіп-жетілген еңбек деп танытыныңыз даусыз. Анау 1981 жылы шыққан «Қыздар, жігіттер» (1989 жылы Бақытжан Момышулының аударуымен «Однокурсники») де, бертіңгі «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» те (1999) «ақырын жүріп анық басқаннан» туған туындылар. Атауға түскен барлық еңбекті бір-бірлеп антиплагиат дейтін аппаратқа салсаңыз, Пазылұлы Қуандықтың қоламтасы қолыңды қыздырады. Адамның мың жасауы деген осы болса керек.

Төртінші – «еңбегің кетпес далаға». Бар арман-мақсұты осы болды ма екен, әйтеуір ата мұрасын тарқатуда немере аянып қалған жоқ. Кез келген кітапхана төрінен Мәшһүр-Жүсіптің жиырма томдығы менмұндалағанда, Қуандық Пазылұлының еңбегінің далаға кетпегеніне көзіңіз жете түседі. Мыңдаған шәкірттің қолынан түспес құралына айналған әдеби-теориялық және озық оқу-әдістемелік еңбектер толассыз шығармашылықтың шыңы екендігі де даусыз.

Біздің тақырып – ақ кіреуке сөз терген Қуандық Пазылұлы Мәшһүр Жүсіп. Қазақта сөздің інжу-маржанын терген ақын жазушылар аз ба, тегі. Бірақ солардың пайдаланылымындағы сөзтұлғалар ұстаздың ұлықты ұғындырар қайыс қамшысымен өңделгенінде, «Сәуленің уылжыған беті Үсеннің күректей алақанының» астында қалады. Қайыс қамшы қайта көтерілгенде, «қыран бүркіт» алуан түрлі дауысқа салып шүйлігеді келіп. Қар ұшқындап, болмаса жапалақтап жауады дерсін.

Ұстаз танытуында боранда қала көрме, жанбырдың өзі жауратып, немесе терлетіп әлегінді шығаратынын ұмытпа! Күлкі мен жылаудың, ашулану мен қуанудың, мұңаю мен баз кешуге апарар, бір сөзбен айтқанда, адам характерінің қайбір көрінісін

сипаттап беретін небір сөз қолданыстар сапқа түзіле қалатынын қаласаң да, қаламасаң да мойындайсың!

Бұлардың барлығы бір шығарманың емес, тек поэзия немесе прозадан емес, тек табиғат тақырыбы ғана телмірмеген. Мұнда бәрі бар. Мәтіндегі әр сөздің сан кырлы сипаты сан салалы сандарға байланғанында, білетіндігіне бәс тігетін шамаға жеткенінді аңғарасың? Құдірет пе? Құдірет!

Артық сөз бе, қайдам? Бірақ Қуандық Мәшһүр Жүсіп талдаған шығарма иелеріне қайта тірілу бұйырса, асыл сөздің жәуһарын түсінген және оны өзінен кейінгі ұрпағына аманат еткен менің ұстазыма «Алла разы болсынын» айтар еді! Қорыта келгенде, Абай аңғартқан «Асыл адам айнымастың» иесі – Қуандық Мәшһүр Жүсіп.

1 секция. Мәшһүр Жүсіп және фольклортану, әдебиеттану ғылымдарының мәселелері

1 секция. Машхур Жусип и проблемы фольклористики, литературоведения

МӘШҲҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ЖОҚТАУ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АБДИЮСУПОВА А. Х.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Потанин атындағы ЖОББМ,
Павлодар облысы, Черное а.

Қазақ халқының рухани бастау көзі оның бай фольклоры екені белгілі. Қазақ фольклорын жинау, зерттеу кең көлемде қолға алынған. Бұл туралы зерттеу еңбектері біршама. Қазақ фольклорын ең көп жинаған – Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Бүгінгі таңда Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының аса бай мұрасы том-том болып баспадан шығуда. Мәшһүр-Жүсіп жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі – тұрмыс-салт жырлары. Салт өлеңдерінің ішінде Мәшһүр-Жүсіптің жазып алуымен жеткен өлеңдердің бірі – жоқтаулар.

Мәшһүр-Жүсіп адамның көңіл-күйіне, мұң-қайғысына байланысты лирикалық өлең-жырларды жинағанда олардың қандай жағдайда туып, кімдердің айтқандарына да көңіл бөліп отырған. «Жоқтау сөз» деп жазылып алынған топтамада төмендегідей тақырыптар аталады «Батырбектің Балғын деген қызы өлгенде жоқтағаны», «Бапының қарындасының күйеуі өлгенде жоқтағаны», «Мұқыш марқұмды жоқтау», «Тәти өлгенде Молданың жоқтағаны». Мәшһүр-Жүсіп жинаған жоқтаулардың көлемдері әр түрлі. Бірі қысқа, шағын болса, бірі ұзақ, көлемді болып келеді. Жоқтаулардың мазмұндары да бір деңгейде емес.

Жоқтаудың ауыз әдебиеті үлгісі екендігін дәлелдейтін жайлардың бірі – оның көріктеу тәсілдері. «Бауырсақ майға піскен, нандай еді», «Сарғайды санаменен ақша бетім!» дегендер ауыз әдебиетіне тән сөз қолданыстар деп айтуымызға болады. Әсіресе, ақша бет деген эпитет батырлар жырында жиі қолданылады. Одан әрі қарай егіздеу кетеді.

Ақ ешкі келіп жатыр лағына (ұлағына),
Сүт берген ақ үрпінен шырағына.
Қосылып, кел екеуміз, зарланайық.,
Алланың түсер ме екен құлағына?!

Тапқаны ақ ешкінің – егіз лақ,
Біреуі лағының- салпаң құлақ.
Ақ ешкі, көкке қарап, көденді же,
Табарсың есен болсаң тағы да лақ.
Ақ ешкі, сен де мұңды, мен де мұңды,
Жаратты бір жаратқан бесеу (би сау) сұмды! [1, 28].

Жоқтау жырының тілі мейлінше бай болып келеді. Онда «ақылға дихан кемеңгер», «мұхит дария суындай», «ақылы терең мол еді», «жапырағы алтын шынарым», т.б. шешендік өрнектер көп қолданылады. Жоқтаулар табиғатына тән ақынның жоқтауларында да теңеулер басым болып келеді. Мысалы:

Түскендей асыл еді-ау аспан көктен, Керуендей бұ дүниеге аз күн қонып, «өнер алды-қызыл тіл» – шешенім-ай! Жылжыған жорғадайын көшелім-ай!, Шоранның Баязит бастасындай, Һайбатының Рустем дастанындай... Гүл райхан Бағирамның бостанындай. Бұтақтай бірден бірге келіп жеткен, тазарып шыққан гауһар асыл тастай, тасқа таңба басқандай айтқан сөзі, Жұлдыздай Өмірзия тауып батқан, қақ маңдай, жүз саржандай, жіңішкерді болып қылдай, бозінген, бозайғырдай, жұрт күлгендей қойғызып былықтарын, қаңбақтай домалантып қыр мен сырды, жұлдызай жоғалады, бал шекердей тілі майда, бұлақтай хазірет аққан қайнап, патшадай түспей кеткен сол тағынан, паркы бар жер мен көктің арасындай, теңіздей ақылға кен еді, ай батқандай қылды да, ішім бір оттай күйеді, қасиеті қардай бораған, хұмайын дәулет құсындай, көктей өтіп жайлаған, жетіп келдің тіріндей, жан біткен қозыдай шулап маңыраған, өлі емес әлі тірідей, таппассың мұндай алтын, қағазға аттай шапқан саусағым-ай, маржандай аузымдағы отыз тісім, көңілім дариядай болғанда, қолым-қайық, дария-мұхиттай, т.б., теңеулер молынан кездеседі. Сонымен қатар:

Тар жерде жанға сая керектім-ай,
Ақылың мол, күш-қуат білектім-ай!
Басына қандай қысы, іс келсе де,
Саспайтын, асықпайтын жүректім-ай!
Немесе:

Шоранның Баязит бастасындай,
Һайбатының Рустем дастанындай.
Мысалы су хайбатының бек ләззатлі,

Гүл райхан Бағирамның бостанындай [2, 381], – деген шумақты теңеулердің жиі кездесетіндігінде.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жоқтауларының тағы бір ерекшелігі мұндағы орыс, араб сөздерінің жиі кездесуі. Бұның себебі біріншіден, ақынның өзі діни адам, діни сауатты болғандығы, екіншіден, жоқтаукейіпкерлерінің дені ислам дініне қатысы бар, ислам дінін уағыздаушылар; ал орысша сөздердер кездесуінің себебі: саясатқа қатысы бар тұлғалардың өмірі тікелей орыс халқымен қарым-қатынаста болуы, ХІХ ғасырда тірлік еткен қазақ қамының күйбең тірлігі, орыс халқымен тығыз байланыста болуы, сол кезде жаңа сөздер болып табылатын орыс тілінің сөздері еніп отыр. Орыс тілінен енген сөздер көбінде Мұса Шорманұлы мен Мұқыш Жұпарұлына арналған жоқтауларда жиі ұшырасады.

Мысалы:

«Жеткіз» – деп открыто бұйрықпен...

«Жалко», – деп, аяп иілген...

Гинварныйдың первый басында...

Медаль мен орден шен алып...

Немесе:

Барған соң Петербурға қайтпай тіпті,

Юридический факультет, соған түсті.

Мешін жылы, октябрь, қыс басында... [3, 430].

Бұл ХХ ғасырдың басында неологизм болып саналатын сөздер: гимназия, уездь, университет, юридический факультет, председатель, меньшевик, большевик, үкімет, сот, телеграмма, т.б. сөздері аталған жоқтауларда бір неше рет ұшырасады.

Ақынның жоқтауларында ел-су жер атаулары да мол көрініс тапқан.

Мысалы жоқтауда:

...Бұйырып Баянтаудай топырағы... [3, 387].

...Жайылма, Ақкөл мене иесіз қалған... [3, 388].

...Тағдыры бітті Омбыда... [3, 391].

...Бұхара Шәріп барсам – деп... [31, 401].

Қыс қыстауың – Ақкелін... [3, 401].

Бұқара, Ташкент, Самарқанд,

Үрім менен Ресейде – Асылы бар ма алмаған?! [3, 404].

Керекуді есітіп... [3, 406].

...Өз-өзімен боламын Еділ-Жайық... [3, 414].

Көктерек – Аягөздің бауырында,

Қазанның қаба соққан дауылында [3, 431].

Мұқышты Павлодарда берді оқуға... [3, 433].

...Семейге ертіп өзі алып барып... [3, 433].

Петербургға баруға жүріп кетті... [3, 433].

...Тағы да университет Қазан барды... [3, 434].

Осы қала, жер-су атауларына қарап, Қазақ елінің білім қуып ел-жер аралағанын байқап қана қоймай, сонымен қатар, қазақ қауымының Шығыс елі, Ресеймен тығыз қарым-қатынаста болғанын аңғартады. Бұқара, Ташкент, Петербург сынды қалалардан білім іздеп, саясаттың сырынан шет қалмаған, жоғарыдағы жоқтау қаһармандарының білім құмар, дін құмар ағартушылықпен айналысқанын дәлелдейді.

Мәшһүр-Жүсіптің өз қолынан туған жоқтау өлеңдері мен ел аузынан жазып алған жоқтау өлеңдерінің өзгешіліктері мен ерекшеліктері бар. Ел аузынан жазып алынған жоқтауларында әдеби тілдің тазалығы, теңеулердің басымдылығы айқын көрініс тапқан. Алақынның өзі жазып қалдырған жоқтау өлеңдеріндегі ерекшелік: орысша сөздер жиі кездеседі, сандық көрсеткіштер бар, тарихылығы басым, көлемді болып келеді.

Мәшһүр-Жүсіп стилі дегенде, оның неғұрлым көп қолданатын сөз өрнектерін бөліп көрсету, атап айтқанда, «Бісмілла, сөз бастайын, шариғаттан аспайын» деген тұрақты тіркестері жалпы шығармасында жиі кездеседі, осы сарын жоқтауларында да көрініс тапқан. Ислам дінін жетік меңгергендігі, жоқтау қаһармандарының басым бөлігі дін адамдары екенін танытатын жоқтау мазмұны бірден білдіреді.

Ақынның тағы бір ерекшелігі жоқтауларында сандық көрсеткіштердің болуы. Сандық көрсеткіштердің арқасында жоқтаудағы тұлғаның тарихылығын көрсетеді. Қала атауларының жиі ұшырасуы, бір тұлғаның жоқтау арқылы бір тарихи көріністі ашуға болады. Тәрбиелік мәнге ие, білімге жетелейтін, ертеңгі ұрпақ үлгі алатындай маңызы зор.

ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басы қазақ халқының рухани-мәдени, тарихи өмірінде өшпес із қалдырған ерекше бір кезеңін Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің жоғарыда талданған жоқтауларының арқасында бір талай мәлімет көздерін көріп, білдік. Өз заманының талғам-талабына орай әр қилы, әр түрлі пікір, ой, дерек қалдырған. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жоқтауларын зерттей келе, оның екі ғасыр аралығындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс-тіршілігінің біраз қыр-сырын аңғардық. Бір жоқтауының арқасында тарихи мағлұматтарды, этнографиялық, шежірелік деректердің біразына көз жүгірттік. Жоқтауларының бәрі өмір шындығын бір ғана лирикалық қаһарман

сезімі тұрғысынан бейнелеп, лириканың жанрлық мүмкіндігін, өмірді бейнелеу көкжиегін кеңейтумен, дамытуымен де құнды болып саналады. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің жоқтаулары бүгінгі таңда тұлға тану мәселесінде ерекше орын алады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өмірлік, тарихи мәліметтерді тиімді пайдалана білген. Сондықтан да жоқтаудағы әр бейне, әр кейіпкер бір заманның қаһармандары екені, бір-бірімен сабақтас екен көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көпеев М.Ж. Шығармалары. 5 том. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 436 б.
- 2 Энциклопедия «Ислам». – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 1995. – 272 б.
- 3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Шайтанның саудасы» Таңдамалы шығармалары. 1 том. – Павлодар, 2005. – 540 б.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНЫҢ МӘСЕЛелЕРІ

АБИЛЬМАНОВА С. С.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

1917 жылы ақпан айында Аврорадан атылған зеңбіректің үні дүниенің ойпан-тойпанын шығарып, әлемге жаңа дәуірдің басталғанын паш етті. Дүние қақ жарылып, ақ пен қызылдарға бөлінді. Ресейде жұмысшы табы қызыл тудың астына жиналып, өкімет билігін қолға алды. Ленин бастаған большевиктер партиясы Ресейдегі барлық халықтарға бостандық, теңдік беремін деп жариялады. Ғасырлар бойы Ресейдің отары болып келе жатқан қазақ халқы да бодандықтан енді құтылды, бостандыққа, теңдікке енді жеттік деп шын қуанды. Ақындар жаңа заманды шаттана жырлады. Ғасыр басындағы ұлт-азаттық күрестің көрнекті қайраткерлерінің бірі Міржақып Дулатовтың жаңа заманды халықтың қуанышты кең күні, күн мен түн тең күні, құт-береке күні деп жырлағаны да рас.

Ел қамын жеп, ұлт-азаттық күрес жолында жүрген қазақ зиялылары қолайлы жағдайды пайдаланып, ұлттық мемлекет құру жайын ойластыра бастады. Ол үшін саяси партия құру керектігін жақсы сезінген Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов,

Х. Досмұхамедов сынды ұлтжанды азаматтар Алаш ұйымын құрды. Ақындар күллі қазақты Алаш туы астына жиылуға шақырды. Сұлтанмахмұттың:

«Алаш» туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді алашты ешкімнің
Қорлығына бермейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз.
Жасайды Алаш, өлмейміз,
Жасасын «Алаш», жасасын!

– деп жырлайтыны да осы кез.

Бірақ көп ұзамай бүкіл елде дағдарыс басталып, аяғы Азамат соғысына ұласты. Ресейде басталған қызылдар мен ақтардың арасындағы соғыс кейіннен ұлт аймақтарына ауысты. Жеңіліп, шетелге қалай өтіп кетуге әрекет жасаған ақтар, оларды қуған қызылдар қазақ даласының ойранын шығарды. Бірде ақтар жағы, енді бірде қызылдар жағы жеңіп, қазақ елінің берекесін кетірді. Бірде олай, бірде бұлай күйғыта соққан замана желінің аңдысын аңдып, қалам иелері де аңтарылып қалды. Сұлтанмахмұт, Мағжан, Сәкен сияқты бірлі-жарым ақындар болмаса, көпшілігі нені, қалай жасарын білмей дағдарысқа ұшырады. Осы Азамат соғысы жылдарында әдебиетпен бірге оның сынында да айтарлықтай оқиға болмады дерлік. 1918-жылы шығып тұрған «Абай» журналының өзі саяси-әлеуметтік қысымға шыдай алмай, жылға жетер-жетпесте жабылып тынды.

Азамат соғысы саябырсыған соң барып әдеби ойлар қайтадан жандана бастады. Саяси билік большевиктердің қолына өтіп, алашшылдар жеңіліп, олардың алды саяси қуғын көріп, соңынан (1919) кешірім жасалынып, қоғамдық белсенділігі шектелгенімен де әдеби ой-пікірлердің негізгі қозғаушы күші бұрынғы алаш әдебиетінің өкілдері болды.

Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде өкімет басында жүрген Нәзір Төрекұлов, Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасов сияқты қайраткерлер әдеби сынғараласып тұрды. Сондай-ақ түрлі қызметтерде жүрген Қошқе Кемеңгеров, Ыдырыс Мұстамбаев, Шәймерден Тоқжігітов секілді азаматтар әдеби өмірде белсенділік танытты. Әдеби сынның ауыр жүгін Ғаббас Тоғжанов, Әбдірахман Бәйділдін, Елжас Бекенов, Хамза Жүсіпбеков, Ерғали Алдоңғаров, Аманғали Сегізбаев, Әбдірахман Айсарин, Құлмырза

Өтепов, Әлібек Қоңыратбаев, т.б. көтерісті. М. Әуезов, Б. Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, т.б. жазушылар да әдебиет майданының қақ ортасында жүрді.

Ескі өкімет құлап, жаңа билік аяғына нық тұра алмай жатқанда қазақ әдебиетінің жай-күйі жайлы ой толғап, қалам тербеген алғашқы азаматтардың бірі С. Сәдуақасов болды. Оның «Киргизская литература (историко-критический очерк)» атты зерттеу еңбегі «Трудовая Сибирь (1919, № 1) журналында орыс тілінде жарық көрді [1]. Бұл еңбек қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті төмен деп түсінетін орыс оқырманына ұлттық әдебиеттің, әсіресе ауыз әдебиетінің дамыған түрі болғандығын, өзіндік ерекшеліктерін таныстыруды мақсаттқан. Қазақ поэзиясындағы ақындық, жыршылық, импровизаторлық дәстүрді жоғары бағалаған.

Смағұл қазақтың жазба әдебиетін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан, Абай Құнанбаевтан бастап қарастырған. Қазақ әдебиетін дамытудағы «Айқап» пен «Қазақтың» атқарған қызметін жоғары бағалаған. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Абай Құнанбайұлының жолын қуған М. Дулатұлының, М. Жұмабайұлының, С. Дөнентайұлының, Ғ. Қарашұлының, Ш. Құдайбердіұлының, С. Торайғырұлының, А. Мәметұлының, С. Сейфоллаұлының, С. Шорманұлының, Б. Өтетілеуұлының шығармаларына тоқталып, әрқайсысының шығармашылық беттерін айқындап, сипаттамалар берген.

Бұл кезде «Қазақ», «Абай» сияқты басылымдарда оқта-текте бір көрініп қоятын жекелеген кітаптар, қаламгерлер туралы жазылған шағын мақалалардан басқа қазақ әдебиетін тұтасымен тану үшін керекті осындай үлкен жұмысты алғаш рет С. Сәдуақасов тамаша орындап шықты. Бұл турасында Смағұлдың шығармашылығын арнайы зерттеген Дихан Қамзабекұлы: «С. Сәдуақасұлының «Қазақ әдебиеті» еңбегінің қазақ әдебиет тануындағы орнының ерекшелігі оның бұл саладағы орыс тіліндегі алғашқы зерттеулердің бірі болуында ғана емес, қазақ әдебиетін осындай кең ауқымда, жанр-жанрға жіктеп тұңғыш саралауында» деп жазуы өте орынды [2, 122 б.].

Осы кездегі елеулі оқиғалардың бірі А. Байтұрсыновтың қазақ жазушылардың Құрылтайын шақыруы еді. Оған небары үш-ақ кісі келген. Осыған орай Ахмет «Қалам қайраткерлерінің жайынан» атты арнайы мақала жазды [3]. Сол кездегі қазақ қаламгерлеріне қатысты біраз мәселені ашық та қатты айтқан, Ахмет Байтұрсыновтың сөздеріне құлақ салайық:

«1. Қазақ қалам қайраткерлері орыстан қорлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанынында езілген жұрттан туған. 2. Қалам

қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау, тар заман түсіп, қайғы бұлты үстін торлап қаптаған шақта шыққан. Қазақ баласын ұлттың, жұртың, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткері Қазан төңкерісі болғанда бірден интернационал (бейбауырмал) болып өзгере алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп қазақ қалам қайраткерлерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындар қайтып, тартыңқырап қалды. Айтқанды, «жасасын бейбауырмалдық» дейтіндер ауызға қағып сөйлетпейтін болды, омырау қағып күш көрсететін болды.

Жалғыз қалам қайраткерлері емес, қазаққа жаны ашитын басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеу керек. Бауырмал десін, қазақшыл десін, бұған құлақ асып, ауыр алмасқа керек. Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп, теңелуіне керекті ісімізді қолға алайық... Қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы күшін, ісін сарып етуі керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жармаса күнелтуге қазақ жеткен күні қазақты қасындағылар қаңсылатуды қояды, қазақ азаматтарының қазақ үшін айырықша қайғыруы, қан қызуы жоғалады, бауырмалдық сонда өзінен-өзі жоғалады. Бас өзгерді, төбе өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанда жеу-табиғи іс. Қазақты бұрын жегендер әлі де зорлық қылып отыр. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң, жем болатыны сөзсіз. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады» [3].

Заман өзгергенімен қазақтың жағдайы түзелмегенге күйінген ұлтжанды азамат жүрекжарды ойларын жайып салған. Мәдениетсіз, білімсіз теңдікке жету қиын деп білген автор. «Кеңес өкіметі тарапынан қазақтың қазіргі күтетін көмегі-мәдениеті көтерілуіне қолдан келген жәрдемін аямау. Солай болған соң қазақ үкіметі құр декретті көбейте бермей, қазақтың мәдениетін күшейту жағына көбірек көз салып, көбірек күш жұмсау керек. Мәдениет күшейеді – өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді-оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Әдебиетсіз оқу, қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазаққа қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Азаттық, асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі-оқу мен әдебиетте» – деп әдебиеттің орнын жоғары қояды. Өткір де батыл жазылған бұл мақала, әрине, кеңес өкіметінің идеологтарына жақпады. А. Байтұрсыновқа саяси тұрғыдан айып тағылып, партия қатарынан

шығарылуына, халық комиссары қызметінен босатылуына әкеліп соқты.

Жаңа заманда қазақ әдебиетінің жай-күйі қалай болмақ, қай бағытта дамиды деген мәселе күн тәртібінде тұрды. Өйткені большевиктер өткен кездегілердің бәрі де ескі, бүгінгі жаңа заманға жат, социализмнің рухани қазынасын тыңнан жасаймыз деп, әдеби мұра атаулыға қарсы шыға бастаған болатын. Міне, осы кезде М. Әуезовтің «Қоңыр» атты бүркеншік атпен «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты көлемді мақаласы жариялады [4]. Мақаладағы сол кездегі қазақ әдебиетінің жайын бажайлау алға қойылғанымен де автор өткендегі әдебиеттің тарихына барынқыраған. Оның себебі, бұрынғы қазақтарда шын мәніндегі әдебиет болды дегенге күмәнмен қараушыларға тойтарыс беру, бүгінгі әдебиеттің өткеннің заңды даму жалғасы екендігін көрсету болған. Автордың әдеби мұраға көзқарасы айқын: «Бәріміз де өткен күннің өнеріне ішімізден бас игендей боламыз. Сөзінен туатын мағынасын, ішіндегі қайрат рухы сыртындағы кестесі мен келісім өзін еріксіз елеткендей болады. Біз ескі әдебиетімізді сүйеміз» [4].

Мұхтар бүгінгі әдебиетті танып білу үшін оның тамыр-тарихын білу керек деп, оның жауабын оның өткен жолдарынан іздейді. «Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенге жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын, һәм келешегін де түгел түсіну керек» деп біледі автор [4]. Көлемді мақалада көркемдік дамудың заңдылықтарына сүйене отырып, қазақ әдебиетінің тарихына шолу жасалынған. Әдебиеттің тарихын шартты түрде үш дәуірге-ауыз әдебиеті, көшпелі дәуір әдебиеті, жазба әдебиетіне-бөліп қарастырған. Абайдан кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетін «Жаңа басталып келе жатқан сезімділік, сыршылдық, (романтизм) дәуірі» деп сипаттайды. Соңғы кездегі әдебиеттегі жаңалықтар жайлы «күрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение)» күйі осы күнде терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді» – дегенде, Мағжанды мегзеп отырғаны байқалады [4].

С. Сейфуллин «Әдебиет және оның ағымдары» атты мақала жазып, онда әлемдік әдебиет дамуына көз жіберген [5]. Әдебиет тарихындағы классицизм, романтизм, реализм ағымдарына түсініктемелер берген. Романтизм мен классицизмнің түрлі формалары мен ағымдары ретінде модернизм, декаденство, символизм, мистицизм, натурализм, футуризм, имажинизмдерді атаған. Сәкеннің бұл мақаласы қазақ әдебиетін томаға тұйық

емес, әлемдік әдеби даму арнасында қарастыру ниетінде жазылған сияқты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмағұлов А. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің ғылыми тәжірибесі. Канд. дис. автореф. – Астана, 2007. – 25 б.
- 2 Сәдуақасов С. Киргизская литература (историко-критический очерк) // Трудовая Сибирь. 1919, № 1.
- 3 Байтұрсынов А. Қалам қайраткерлерінің жайынан // Еңбекші қазақ. 1922. № 8.
- 4 Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // Шолпан. 1992, № 2, 3; 1923. № 4, 5.
- 5 Сейфуллин С. Әдебиет және оның ағымдары // Қызыл Қазақстан. 1923, № 16.

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ЭЛЛИПСИС ҚҰБЫЛЫСЫ

АГАЛИЕВА Н. Б.

ф. г. к., Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
КИБАТОВА С. Б.

магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Мақалдар мен мәтелдер – фольклордың қазыналы жанрының бірі. Жалғыз ауыз сөзбен дау түйінін шешкен халқымызға сай келетін ұлттық әдебиетіміздің жауһары. Бірнеше жол көлеміндегі бір ауыз сөзге дүниенің кендігі сыйып кететініне таң қалмасқа болмас. Олармен таныса отыра бүтін бір ұлттың әлемін танығандай боласың. Көз алдыға тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, тыныс-тіршілігі елестейді. Ал мақалдар мен мәтелдерді тілдік тұрғыдан қарастыратын болсақ, қазақ тілінің ерекшелігінен де хабар алатынымыз анық.

Мақалдар мен мәтелдер құрылысы жағынан ықшам туынды. Бір-бірінен ерекшеленетінін де білеміз. Бірақ бұл мақалада мәселе мақал мен мәтелдердің айырмашылығы туралы емес, олардың ықшамдылығы жайында сөз болмақ.

Ықшамдылыққа ұмтылыс түрлі салаларда байқалады. Киім киюде, үйді сәндеуде, іс-қағаздарды жүргізуде, тіпті, тілде де. «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» деген осыдан шығады.

Тілдік жүйенің синтаксис саласында ықшамдау заңдылығы кездеседі. Ол туралы А. Байтұрсынов былай дейді: «Бағыныңқы

сөйлемдер екі түрде айтылады: 1) ықшам түрде. Толық түрде айтылған бағыныңқы сөйлемдердің бәрін болмаса да, көбін-ақ ықшам түрге айналдыруға болады. Ықшамдау деп сол толық түрден ықшам түрге айналдыру айтылады...». Төмендегідей мысалдар келтіреді. «Түсі қандай болса, ісі сондай болады». Бұл – толық түрі. Ықшам түрінде айтқанда, «ісі түсіндей болады» дейміз... «Ит жүйрік болса, оны түлкі сүймес». Мұны ықшам түрінде айтқанда, «ит жүйрігін түлкі сүймес» дейміз... » [1, 261 б.]. Қарап отырсақ, мысалдардың өзі мақал мен мәтелдерден беріліп отыр. А. Байтұрсынов «ықшамдау» деп ат қойған құбылысты, кейін С. Аманжолов «сыйыстыру проблемасы» деп қарастырған. Екі ғалымның пікірлері ұқсас, тіпті А. Байтұрсынов қолданған мысалдарды С. Аманжолов та пайдаланған.

Тілдегі ықшамдалу процесін алып қарастырсақ, оның эллипсис құбылысы арқылы да көрінетінін байқаймыз. Б. Сағындықұлы «Қысқа, дәл, анық айтуға тырысушылық, көп сөзділіктен қашу – эллипсисің басты принципі» дей отыра, эллипсис бойынан ықшамдалу заңдылығының нақты көрінісін тани білді.

Қ. Жұмалиев эллипсиске төмендегідей анықтама берген болатын: «Эллипсис (грекше – *ellipseis* – сөз тастап кету) – сөйлем құрастыруда айтылуға тиісті кейбір сөздерді тастап жазуды *эллипсис* дейді, бірақ тастап кеткен сөздің мағынасы оқушыға ап-анық. Эллипсисі жазушылар не сөйлемді қысқартып, оқиғаны тездету үшін, не түрлі себептермен айтуға мүмкіндік болмай, бітпей қалған ойды көрсету үшін немесе адамның не қуаныш, не кейістік, не қайғылы қалпындағы сөзді беру үшін қолданады» [2, 411 б.].

Мақал мен мәтелдерде кездесетін бұл құбылыс, тездетуді білдірмесе де, сөз түйінін жылдам шығаруға деген ұмтылысты аңғартады. Сонымен қатар бітпей қалған ой да мақал-мәтелдерден айқын байқалады. Бұл біз мақалдар мен мәтелдерді мүлдем түсінбейміз деген сөз емес. Мақал мен мәтелдің жасырын бөліктерін айтушы да, тындаушы да жалғастырып кете алады, ұғынады. Әсіресе, халқының төл туындылары болса. Мысалы, «Ит тойған жеріне, Ер туған жеріне» деген мақалға назар аударайық. Мақалдың әсерлілігін күшейту үшін, кейбір сөздер түсірілген. Бірақ сіз бен біз оны түсініп отырмыз. Түсірілген сөздер – «қызмет етеді». Қуаныш, кейістік, қайғы секілді эмоционалдық реңктер де мақал-мәтелдерге жат емес. Алайда олар сөйлеуде көрінеді. «Су тасыса жиегіне, Ер тасыса еліне» деген кейбір сөздері түсірілген мақалды алатын болсақ, оны сіз міндетті түрде көңіліңіз көтеріңкі жағдайда қолданасыз. Не суға қатысты, не ер-азаматқа қатысты. Мысалы, су жиегінен шығып, жайылып,

шабындықтың құнарын арттырып ылғалдандырғанда немесе елі үшін еңбек етіп жүрген азаматтың игі ісін көргенде қолданасыз. Қолдану барысында сіз бейтарап күйде болмайсыз. Дауыс ырғағыңыздан, сөйлеу мәнеріңізден, интонацияңыздан толқып тұрғаныңыз, бойыңыздағы мақтаныш пен ризашылық сезіміңіз көрініп тұрады.

Мақал-мәтелдердегі эллипсис туралы Кенжемұратова Сәлиманьң «Мақал-мәтелдердегі ықшамдалу құбылысы» деген мақаласынан құнды ақпараттар алуға болады. Автор осы бағыттағы зерттеуі бойынша, төмендегідей ой тұжырымын жасайды: «Қазақ мақал-мәтелінде кездесетін ықшамдалу құбылыс екі түрлі тәсілмен жүзеге асады: 1) сөздердің субстантивтену тәсілі; 2) мақал-мәтелдердің құрамында кейбір сөздердің айтылмауы» [3, 73 б.].

Бірінші тәсілге «Сыпайыны арығында бақ», «Өнерлі өрге жүзеді», «Талаптымен таласпа» деген секілді мақалдар мен мәтелдерді жатқызуға болса, екінші тәсілге «Адам – ұйымшыл, мал – үйіршіл», «Өнерді үйрен де, жирен», «Жеті рет піш, бір рет кес», т.б. жатқызуға болады.

Сонымен қатар мақалдар мен мәтелдердегі ықшамдалу құбылысы жайында бірқатар ақпаратты ф.ғ.к., доцент Есматова М. Т. мен п.ғ.к., доцент М. Ф. Фабдуллина құрастырған «Қазақ пунктуациясының теориялық және практикалық мәселелері» оқу-әдістемелік кешенінен алуға болады. Бұл оқулық тіл білімінің пунктуация саласын қарастырса да, «бастауыш пен баяндауыш арасына сызықшаның» қойылу себебіне келген кезде, ықшамдалу процесі сөз болады. Сондағы тұжырымдар мен айтылған ойлар, мақал-мәтелдердегі эллипсис құбылысының түрлі көріністерін береді. Біріншісі – С. Қажымұратованың мақаласында сөз болған субстантивтену. Екіншісі – «баяндауышы септік жалғаулы сөздерден жасалаған сөйлем құрылымдарында қойылатын сызықша» [4, 33 б.]. Мысалы, «Қой семізі - қойшыдан». Ғалымдар «баяндауышы есім сөз бен үшін шылауының тіркесінен жасалған сөйлем құрылымдарында» [4, 34 б.] да қойылған сызықша ықшамдалудың белгісі деп, «Жақсыны – көрмек үшін» мақалын дәлел ретінде келтіреді. «Баяндауышы –ша, -ше жұрнақты өткен шақтағы есімшеден жасалған сөйлем құрылымдарында» [4, 34 б.] да ықшамдалу жүріп, оның көрсеткіші ретінде сызықша қойлатынын айтады. Мысалы, «Ат – кісінескенше, адам – сөйлескенше».

«Алғы сөзі – септік жалғауында, соңғы сөзі атау тұлғада келіп ықшамдалған эллипсисік сөйлем құрылымдарына қойылатын сызықша» [4, 35 б.] мәселесіне де тоқталып, бірнеше түрін көрсетеді.

Мысалы, «Кем-кемнен – кемел», «Көп асқанға – бір апат, кесірліге – кірафат», «Кудан – үйрен, сұмнан – жирен», «Өтірікті – шындай, Ақсақты – тындай» т.б.

«Екі компоненті де септік жалғаулы ықшамдалған сөйлем құрылымдарында қойылатын сызықша» [4, 37 б.] дей келіп, оның екі түрін ажыратады. Біріншісі, «Алдыңғы сөзі табыс септік жалғаулы тура толықтауыш болса, соңғы сөзі шығыс септік жалғаулы баяндауыш болып құрылады» [4, 37 б.]. Мысалы, «Баланы – жастан». Екіншісі, «Бірінші сөзі ілік септік жалғаулы анықтауыш болса, екінші сөзі шығыс септік жалғаулы баяндауыш болады» [4, 37 б.]. Мысалы, «Келіннің – аяғынан, қойшының – таяғынан». Сонымен қатар ғалымдар құрмалас сөйлемдер ішінде ықшамдау көрінісі ретінде қойылатын сызықшаларға да назар аударады. Біз білетіндей мақалдар мен мәтелдер созылыңқылық пен көпсөзділікті ұнатпайды. Сондықтан құрмаласа байланысқан жай сөйлемдерді барынша ықшамдау олардың табиғатына тән. Ықшамдалудың осы түріне төмендегідей мысалдарды келтіруге болады: «Ел айрылса – көбіне, жол айырылса – кеңіне», «Бай күйігі – етекте, бала күйігі – жүреkte», «Бір пайда – пайда, екі пайда қайда», «Сөз – сүйектен, таяқ еттен өтер», «Ашынған – тілді, ашулы зілді келеді».

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдердегі эллипсис құбылысы – кең ауқымды, жан-жақты қарастыруды талап етеді. Сөздердің субстантивтенуі мен кейбір сөздердің түсіріліп айтылуы арқылы жүзеге асқан ықшамдалуды тарқату қажет. Оны біз пунктуацияға байланысты, соның ішінде бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықшаны, талқылаған еңбекті қарастыру арқылы көз жеткіздік. Аңғарғанымыз, ықшамдалуда сөз себепсіз, еш заңдылықтарға сүйенбей түсірілмейді. Белгілі бір заңдылықтар мен ережелерге бағынады. Түсірілген сөздің мағынасы жанындағы сөздерге ауысып, мақал мен мәтелдің мазмұнын жоғалтпауға ғана емес, оның экспрессивті-эмоционалдық реңкін арттыруға да жағдай тудырады екен.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы, 2013. Т. III. – 384 б.

2 Әдебиет теориясы (1960-1970). Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов (Жалпы ред. басқ. У. Қ. Ұалижанов, құраст. М. К. Әзімханов, Е. Әбікенұлы). – Алматы, 2013. – 411 б.

3 Кенжемұратова С. Мақал-мәтелдердің ықшамдалу құбылысы / Кенжемұратова С. // Қазақстан мектебі. – №3 – 2002, 72-73 б.

4 Қазақстан пунктуациясының теориялық және практикалық мәселелері: оқу-әдістемелік кешен. Құрастырушы: ф. ғ. к., доцент М. Т. Есматова, п. ғ. к., доцент М.Ф. Фабуллина. – Петропавл, 2006. – 96 б.

5 Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы, 2007. – 272 б.

6 Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы, 2008. – 208 б.

АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «АҚЫЛ» КОНЦЕПТІСІ

АДАМЖАНОВА А. Х.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Абай мен Шәкәрім шығармашылығы ақиқат әлемі мен оны тану жолдарын насихаттайды. Ақиқат әлемін тану үшін ақылға ерекше көңіл бөлу керек. Нәпсінің шырмауынан құтқаратұғын, тән азығы мен жан азығын саралап, көңілді берік ұстауға сеп болатұғын қандай күш дегенде, ақылға тоқталамыз. «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр». Шәкәрім шығармашылығында ақылды аса дәріптеген. Ақынның «ақылы» қарапайым оқырман «ақылынан» әлдеқайда кең ұғым. Шәкәрім ақыл турасындағы ой-толғаныстарында тереңге бойлап, ақылдың бар қыр-сырына қанды деуге болады. Ойшылдың ақыл туралы тұжырымдары өзіндік ерекше сипатқа ие. Ақын шығармаларында ақылға ден қойып, оның көп қасиетін саралап, ақыл жайында бірнеше ұғымдар қалыптастырды. Олар: таза ақыл, арлы ақыл, ақыл көзі, сау ақыл т.б. [1, 27]. Шәкәрім ақылды белгілі бір өлшем ретінде қарастырып, ақыл таразысы ұғымын қолданады. Адам бойын қандай да бір асылыққа салып алмау үшін, ақыл таразысына жүгінсе болады. Ойшылдың ақылды «ажалсыз әскер» мен «пайғамбарға» да балайтыны бар.

Ойлаңыз, біздің ғаскер өле ме,

Қағазға бір басылып қалған соң,

Бұл мықты әскер емей немене,

Жайылып талай орын алған соң [2, 141],

– дейді ақын «Ажалсыз әскер» өлеңінде. Осы өлеңде ақынның «ажалсыз әскер» дегені ақыл ұғымына еніп тұрған ғибратты сөз. Осының дәлелі Шәкәрімнің «Иманым» өлеңінде:

Көп ғылымның сөзінің

Ақылға алдым сыйғанын [2, 331], – деген өлең жолдарын алға тартамыз. Ғұлама ойшылдардың рухани ізденісі, ғибратты сөздері ақыл емей немене? Қазазға түскеннің бәрін жанына жақын тартып, жадына тоқи бермей, сұрыптап алудың өзі ақылдың ісі.

Ақылдан адас қалмаймын,

Дәлелсіз сөзді алмайым.

Бос жетекке бармайым,

Көтермеймін қиқаңын [2, 331], – деп ақын ақылдың жөнсіз бен керекті ажырататын қасиетіне арқа сүйеп, бос әуреден бойды жиғызып, терістің жетегінде кетпрудің амалы да ақылда екенін айтады.

Шәкәрім ақылды ақиқатты танудың көзі ретінде қарастырып: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді...», – дейді. Осы бас көзі мен ақыл көзі деген ұғымдардың мағынасын ашпас бұрын ақынның «Үш анық» концептісіне тоқталған жөн. Шәкәрімнің «үш анығы» әдебиет саласында да, философия саласында да көп талқыға түсіп, ғалымдар тарапының назарына мықтап ілінген дүние. «Үш анықтың» тереңіне бойлап, қыр-сырын танып, белгілі бір жүйелік теориясын қалыптастырудың өзі қиынға соқты. «Үш анықтың» алғашқы екеуін нақтылау бірізділігі жоқ. Мысалы, бірінші анықты деп мыналар айтылады: а) затшылдық ғылым жолындағы таным, б) бар дүниені Құдай жаратып, барлық жаратылыс соның қалауымен болды деген сенім. Екінші анық деп а) дін жолындағы теологтардың дүниетанымы мен б) жан бар және ол мәңгі өлмейді деген тұжырым. Осы тұжырымдар өзара үндеспейді, яғни алғашқы екі аныққа келгенде зерттеушілер нақты тұжырым шығара алмай келеді. Ал үшінші анық автордың өзімен нақтыланғандықтан, оның ұждан екеніне ешкім шүбә келтірмейді. «Үш анықтың» алғашқы екеуін зерттеп, оларды нақтылауға тырысқан ғалымдардың бірі – Д. Омаров. Ғалым Шәкәрімнің «Үш анығы» атты зерттеуінде: «Бірінші анық – сезім мүшелері қабылдайтын болмыстың заттық көрінісі. Екінші анық – өлімнен соңғы тіршілік, яғни болмыстың көзге көрінбейтін бөлігі» [3, 10] деген тұжырым ұсынады. Бас көзі дегеніміз – бірінші анықты, яғни болмыстың бәрімізге ортақ заттық көрінісін тануға мүмкіндік беретін адамның сезім мүшелері. Сезім мүшелері танымның бірінші деңгейінде, қоршаған орта мен табиғатты тануға қызмет етеді. Бірақ бұл таным Ақиқаттың биік болмысын тануға шеткіліксіз. Себебі заттық әлемді тану ақиқатты танумен бір емес. Сондықтан

ақиқатты танып білмекте бас көзіне ғана жүгінуге болмайды. Ақиқат материалдан әлде қайда биік әлем, оның биіктігін тануға ақыл көзі көмектеспек.

Бас көзімен қарасаң – нәпсі жалған,

Бір сұлу қыз сықылды жұрт таңданған.

Анық ақыл көзімен қарағанда,

Өзін берер қалыңға ол қызды алған [2, 262], – деп ақын бас көзі адамды нәпсіге айдап салады дейді. Әлемнің заттық бейнесін ғана таным деп қабылдау, дүниеге бас ұрғызып, ақиқаттан кейін тартады. Ал нәпсіге бой алдырған, опық жейтінін «өзін берер қалыңға ол қызды алған» деген өлең жолдарынан-ақ аңдауға болады.

Нәпсі мен адасушылықтан құтқаратын танымның екінші деңгейі – ақыл көзі, яғни ой-сана мен логикаға жүгіну. «Ой сонда неше толғау шимай салмақ, Қайтсе жөні келер деп өлшеуге алмақ» деп ақын логикалық ойлау мен логикалық анализді айтып отыр.

Ақиқат әлеміне бастаушының бірі – ақыл [2, 85]. Абсолют әлемді тануда соқыр сенімге бас ұруға болмайды. Соқыр сенім адамды ақиқатқа апарар жолдың өзінде-ақ адастырып жіберуі мүмкін. Соны ескерген ойшылдар «ақиқатты» тануда ақылдың позициясын ерекшелейді. Абай:

Ақылдың жетпегені арман емес,

Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын,

– деп ақиқат әлемін «құр мүлгіп» тану мүмкін емесін айтып, соқыр сенімді ту еткен діни догмаларды сынға алады [4, 61]. Шәкәрім де соқыр сенімді насихаттап, адам санасын матайтын діни догмаларға сенімсіздігін:

Молдалардың әдісін,

Пайғамбардың хадісін,

Әулиелік жәдісін,

Алмадым ақыл тыйғанын, – деп білдіреді де иман жолында ақылдан таймастық керектігін айтады:

Айтса қандай ғалым зат

Дәлелсіз болса, бәрі ағат [2, 331], – деп Шәкәрім ақылға бой бермейтін наным-сенімге бой алдыру адасушылыққа бастайтынын ескертеді. «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді» деген пайымдау Шәкәрімнің басты ақындық-философиялық ұстанымы. Ақиқатқа бастар дін де ақылсыз еш пайдаға аспай, адамды тек адастырумен болатынын ақын:

Таза ақылмен таппаған дін

Шын дін емес – жындылық. [2, 283], – деп жырлайды.

Ақыл мен ой егіз. «Тапқыш ой ғой ақылдың мағынасы, түбі – жүрек, болады мида басы» деп ақын ақылдың жүрек пен миды байланыстыратынына назар аударады [17, 16]. Одан бөлек, ойдың «тапқыш» болуын көздеп:

Ақылға еркін ой керек,

Матаудан ойды азат қыл [2, 360], – дейді ойшыл. Еркін ой ақылдың қайнар көзі, ол «шатақ дін мен дағдыға шоқындыртпайды».

Шала дінді пәнде таппас,

Дін тазасын ой табар.

Еркін ақыл тіпті адаспас,

Кезсе кірсіз жарқырап,

Шынды таптым, қайғы басты,

Шын сырымды айтайын.

Дін де, пән де қатты адасты,

Дау сабақты барқылар, – деп ақын еркін, матаудан азат ой адаспайтынын айтады да, ақылын тазартып, ойын матаудан босата алмағандардың көптігінен «дін де, пән де қатты адасқанын» аңғартады.

Ақыл иесі жөнінде Шәкәрімнің: «Менің ойымша, осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу ақылы сау адамға қатты міндет. Неге десек адамды түпкілікті бақытқа жеткізбек болсақ біліп жаратушы ие бар, өлген соң да бір түрлі өмір бар деген жолдың шын, өтірігін білуіміз керек», – деген пайымдауы бар. Осындағы ақылы сау адам дегеніміз кім дейтін болсақ, білмек керек: «ақылы сау адам» деп жан дүниесін таза сақтауға ұмтылып, ақылы мен ойын үйлесімді ұстайтын есті, жүрегі ояу адамды айтып отыр.

Ақылы сау адам – «шын ақыл», «таза ақыл», «дерттен сау ақыл» бойынан табылған адам. Шын ақылға келгенде ақын:

Шын ақыл,

Бір мақұл.

Түсірді ой маған.

...Жаралыстың берген еркі сол,

Талап ет сен таза жол [2, 304], – деп ақылы сау адамның түп мақсатын поэзиясында насихаттайды. «Шын ақыл» мен «таза ақылдың» айырмашылығы қандай дегенге келсек, бұл екі ұғымның пәлендей айырмашылығы жоқтығын көреміз. Бірақ сөз саптауын шығармашылығының табиғатына айналдыра білген ақынның мағынасы бір ұғымды екі бөлек сөзбен беруі екіталай. «Таза ақылдың» өзіндік табиғатына тоқталайық:

Ақыл деген – денеге егулі дән

Суарса кіреді оған да жан.

...Бөлектігі – жалғыз-ақ таза ақылда,

Әлің келсе, жол тапта соны емдес, – деген өлең жолдарына сүйеніп, «шын ақыл» мен «таза ақыл» арасындағы айырым, «таза ақыл» пендеге туа біткен қасиет деп түйдік. Абайдың: «Әзелде Құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны» [5, 419], – деген тұжырымымен үндес ой бұл өлеңде де бар. Құдай адамның жанын хайуан жанынан артық жаратқанының бір айғағы – таза ақыл. Әуелден таза болған ақылды адам өзі ластап алады. Сол себепті Шәкәрім: «Әлің келсе, жол тапта соны емдес», – дейді. «Шын ақылдың» талабы – таза жол екенін сөз еттік. Осыдан жолын тауып дертінен арылған «таза ақыл» таза жолды, яғни ақиқат жолын талап қылатын «шын ақыл» деңгейіне жетеді деген байламға келеміз. Адам ақылын дерттен айықтырса, сау ақылға ие болады. Ақылдың саулығы, тазалығы, шындығы адам танымының мүмкіндіктерін асырады:

Ақыл құсы адаспай аспандаса,

Әлемде нәрсе болмас көзден таса.

...Жанның бәрі мендегі жар табар еді.

Терең ой, сау ақылмен шамаласа [2, 373], – деген өлең жолдары арқылы ақын поэзиясы насихаттайтын «сау ақыл», «таза ақыл», «шын ақыл» ұғымдарының үйлесімділігін байқаймыз. Семалары әртүрлі болғанымен, бұл ұғымдар Хақ жолына бастар ақылды білдіретінін пайымдай аламыз. Ақын поэзиясында осы ұғымдарға қарсы ақыл парқында тағы бір ұғым бар.

Арам ақыл үйрендік айла, амалдық,

Қулық пен өтірікті сайлап алдық.

Ынсап, рақым, ұяттан жүген ұстап.

Өзіміз ең түбінде қайда бардық [2, 61], – деп ойшыл ақын «ынсап, рақым, ұятты жүгендеп ұстап», адасып жүргендердің түбі жетер жері бұлыңғыр, қараңғы екенін ескертеді. Бұл өлеңдегі «арам ақыл» ұғымы Хақ жолынан айнытатын, арамдық пен нәпсіге бой алдырғандардың дүние үшін айла қылар ақылы дегенді білдіреді. «Арам ақыл» надандардың айлакер, залым ақылы десек артық болмас. Сонымен, Хақ жолына бет бұрудың басты шарты – надандықтан құтылу. Хакім Абай атпақшы: «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды». Ақиқат әлемін ғылымсыз тану мүмкін емесі хақ. Себебі Ақиқатты тану – ғылымдардың ғылымы. Ғылым үйреніп,

надандықтан арылу да ақылға міндет. Бұл ой Шәкәрім поэзиясында да алдыңғы шепте:

Тән – терезе, ой қожасы,
Ой мен анық байқасаң.
Бар ғылымның түп атасы
Таза ақыл мен ойлану [2, 384].

Ақыл да, ғылым да адам болмысының артықшылығын танытпақ қасиеттер. Ақылсыз ғылым жоқ, ғылымсыз таным жоқ. Танымсыз Ақиқаттың жоқтығы мәлім. Шығармашылығын Ақиқат әлемін тануға бағыттаған ақындардың бірі де ғылымды шығармашылық шеңберінен тыс қалдыра алмайды. Шәкәрім де ғылым, білім насихаттаушысы. Жастайынан ғұлама Абай мектебінен өткен Шәкәрім бойында ғылым-білімге құштарлық, ізденімпаздық, өз ықтиярымен білім өрісін кеңейтуге деген ұмтылыс оны Ақиқат әлеміне жетеледі. «Қоғамның игілігін еселеу, жеке адамды жетілдіру, ар, ақыл, намыс категориялары, халыққа қызмет ету ұғымы ақынның тақырып аясын айқындады. Бұл тұстағы Шәкәрімнің ақындық үнінде ұлы Абайдың халықты алға, жақсылыққа жетелеген ағартушылық бағытының ықпалы айқын сезіледі», – дейді ғалым Б. Әбдіғазизұлы [6, 124].

Сол себепті Шәкәрім жас ұрпақты ғылым-білім ізденерде Абайдан үлгі алуға шақырады:

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Әптүрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең – аласың, бос береді,

Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан [2, 59]. Осы сарындас тағы бір өлеңінде Абайды ғылым-білімді насихаттаушы ретінде дәріптеп, ғылым жолында оны үлгі тұтқанды жөн санайды:

Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!..
Неде болса білімді ізденелік!

Надандықпен бір жола қастасалық [2, 58], – деп жырлайды ақын «Жастарға» өлеңінде. Ақын пайымында Абай таза ақыл мен білім арқылы қол жеткізер адамгершіліктің сарқылмас қазынасы іспеттес. Қоғамды түзеуші, адамды Ақиқат әлеміне бұрушы, Ақиқатты адаспай, асылыққа салынбай, сабырменен танушы ғылымның бастауы Абайда, Абайдың сөзінде жатқандығын ойшыл ақын жастардың санасына дәл жеткізеді. Ғылымның қадірін танытуда Абайдың сіңірген еңбегі шексіз, Шәкәрім де ұлы ұстазының жолын жалғап, ғылымды жоғары бағалайды. Ақынның

поэзиясының танымдық-ағартушылық сарыны ғылымды дәріптеуге бағытталған:

Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,

Ақылсыз болса, ғылым тұл [2, 360], – демек осының айқын көрінісі. Ақиқат әлемі шексіз, оның сырына қану үшін ғылымды өмірлік серік етпеске болмайды. Осыны ескерген ақын:

Ғылымға қанағатсыз болу керек,

Бес түгіл разы болмай алтыға да, – дейді. Яғни, ақын бар шығармашылығының дінгеі – адамды, қоғамды түзеу, Жаратушыны тану мәселелерінің бір шешімі ғылымға қанағатсыз болуда екенін кесіп айтады да, Хақты тану ақыл-білімге жүгінсек болмағын тағы бір өлеңіне тиек етеді:

Қайық қылып денемді,
Ақыл билеп кемемді,
Ой сарқырап жөнелді,

Шетсіз судан өтер, біл! [2, 357], – деген өлеңінде ақын «шетсіз су» деп ақиқат танымды меңзеп тұр деп түсінеміз. Ақиқат болмысты тануда ақыл-ой мен ғылымның орны айқындалды. Сау ақыл дұрыс ойға бастайды, дұрыс ойдан мәнді сұрақ туындайды, сұрақтың жауабын ғылымнан іздейсің. Алайда, Шәкәрім поэзиясында терең ойдың өзге психологиялық қыры да ашылады. Абай: «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» дей келе, «Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген өлеңінде:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,

Ашуың – ашыған у, ойың – кермек [5, 32], – деп ойдың адам руханиятына салмақ салып, ащы танитын кермектігін айқындайды. Осы тенденция Абай-Шәкәрім дәуірінен кейінгі ақындарға да тән. Мысалы, Мағжан: «Сұм өмір абақты ғой саналыға», – дейді. Ал Шәкәрім поэзиясында:

Аурусыз жанға айла жоқ,
Аурулы жанға дәрі бар..
...Аурусыз жандар – мисыздар,
Милыда ойсыз күн болмас,

Ауырмай миы тұра ма? – деп [2, 329] «ауру» сөзінің астарында ой ауырлығы жатқанын білдіреді. Бұл ауру өзге аурудан өзгеше. Себебі бұндай ауруға өзіндік санасы жоғары формаға ие, терең ойлы адамдар ғана шалдығады. Ал терең ойдың жетегіне ере алмай, фәни дүниенің күйбеңінен басқасына ақылы жетпейтіндерді ақын

«мисыздар» дейді. «Аурулы жанға дәрі бар» дегеннен ол ем қалай етсе табылады деген сұрақ туындайды. Ол сұрақтың жауабын ақынның «Шошыма, ойым, шошыма» өлеңінен табамыз.

...Қажыма, ойым, қажыма,

Қарама тозған жасыма,

Адаспасан ақ жолдан,

Қонады бақыт басына [2, 230], – деген өлең жолдарынан терең ой жанын мазалап, «науқасқа» ұшыратқандардың бақыты, яғни емі – Ақиқат жолы екеніне көз жеткіземіз. Анығына келгенде, өзіндік сананы жетілдіріп, «шын ақылдың» деңгейіне көтерілгендердің ойын Ақиқат болмысты тану қамын жейтіні түсінікті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шәкәрім философиясы: Оқу-әдістемелік кешен. «Философия» мамандығы үшін. / Құраст. Рақымжанова Б. – Қарағанды: ҚарМУ, 2010. – 68 б.

2 Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының үш томдық жинағы. Қажыма, ойым, қажыма. Т1: Өлеңдер – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 408 б.

3 Омаров Д. Шәкәрімнің «Үш анығы». – Алматы: Білім, 2008. – 224 б.

4 Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.

5 Абай Құнанбаев шығармашылығының бір томдық жинағы. Өлең – сөздің патшасы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. – 568 б.

6 Есімов Ф. Хакім Абай. – Алматы: Атамұра, 1994. – 200 б.

МӘШҮР ЖҮСІПТІҢ ДІНИ ӨЛЕҢДЕРІ

АЛИМОВА А. К.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Ғұлама ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев ең алдымен ислам дінінің этикалық, моральдік, дидактикалық мәселелерін зор білгірлікпен жырлаған сөз зергері. Ақынның өлеңдеріндегі көзғалатын мәселелері адамгершілік, имандылық, жұмақ пен тозақ және рухани байлыққа негізделген. Өз жұртына рухани байлықтың жемісін, имандылық дәнін сеуіп, оны әрі қарай дамыту әр азаматтың парызы.

Халықты өнер-білімге үндеп, адамдықты, имандылықты ту етіп ұстауға шақырған Мәшһүр Жүсіп өлеңдері де әр қилы қырынан көрінеді.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің басты мәселесі имандылыққа, адамгершілікке, әділеттілікке, адалдық пен ақиқатқа, еңбекқорлыққа үндеген. Мәшһүр Жүсіп өзінің өлеңдерінде шығыс әдебиетінің мол мұрасын пайдалана білді. Ақын ортағасырлық араб, парсы тілін жетік білуі нәтижесінде сол кезде айтылған мәнді ойларды өзінше өрістетіп, қазақ әдебиетінде басқа ешкімге ұқсамайтын өзіндік арна қалыптастырды. Ол әдебиетке деген ислам әсерін кең түсініп, оны өз шығармаларында жан-жақты көрсете білді. Ақын Бұхарда, Қокан, Самарқанд, Ташкентте барған сапарларында сол кездегі мұсылман әлемінің бай қазынасымен терең танысып, содан түйген ойларын қағаз бетіне түсірді.

Аллаһқа, Жаратушыға мойынұсыну Ислам елдері үшін 647 жылы жазылып бітіп, таратылған Құран Кәрімнен бастау алса, одан бұрын келген Інжілге (Библияға) де Құдіретті әспеттеу тірек болғаны белгілі. Пайғамбарымыз с.ғ.с айтқандай Аллаһты танып білу мүмкін емес, өйткені біздің ақылымыз шектеулі. Аллаһ бізді солай жаратқан. Тіпті қазақ ақыны Абай да Аллаһты толық танып білу мүмкін еместігін айтады: «Алла Тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды» [1, 65 б.].

Зерттеуші Ә. Нысанбаев XIII ғасырдағы түркі әдебиетінің жарық жұлдызы Қожа Ахмет Йассауидің дүниетанымы туралы айта келіп: «Йассауидің пікірінше, «Әлем», «Ғарыш» және «Құдай» бір-біріне сәйкес келетін барабар ұғымдар. Бұл ұғымдарды болмыстың бірлігі тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда ол бөлінбеген; бөлшектенбеген Ақиқат. Сонымен «Әлем» мен «Құдай» – Ақиқаттың екі құрамдас бөлігі немесе саласы сияқты, яғни екеуі де бір ғана мәннің шеңберіне топтасқан дүниелер мен танылған» [2, 132 б.], – дейді.

Қожа Ахмет Йассауидің «Диуани хикмет» еңбегінің мәні жөнінде белгілі ғалым Әбсаттар Дербісалиев: «Қожа Ахмет Йассауи хикметтері тақуалық ғұмыр, ғаріп, пақыр, жетімдерге пана болып, қамқорлық жасау, Алла жолын ұстау, өмірді босқа өткізбеу һәм Құран Кәрімнің сүре, аяттарындағы уағыздар мен Мұхаммед пайғамбарымыздың қасиетті хадистеріндегі өсиетнамаларды еске түсіреді», – дейді. Бұл кітапта зерттеуші сонымен бірге бұрынғы мұсылман шығысы білгірлері еңбектеріндегі идеялары Қожа

Ахмет Йассауидің жалғастырушылық қызметіне көңіл бөледі: «Сайып келгенде, аяулы ақын бұрынырақ ғұмыр кешкен мұсылман шығысының ойпаздары мен даналарының кәміл адам тәрбиелеу туралы идеясын алға тартады», – дей келіп зерттеуші ғалым «Диуани Хикметті» мұсылмандық шығыстағы сопылық дәстүрмен байланыстырады: «әрі ол сопылық тағылым, дәстүрмен жалғасып жатыр» [3, 80 б.].

Жалпы мұсылман елдеріндегі әдебиетте ең алдымен Аллаһты дәріптеу, Аллаһтың ақ жолып дәріптеу кең тараған. Соның бір көрінісі түркі әдебиетінің негізін Қожа Ахмет Иассауи бұл ұғымға жиі көңіл бөлгізеді:

1. Ықылас еттім, кешті бәрін Хақ-Тағалам,
Бір Алланың ақ жолына салды, достар [4, 34 б.].
2. Қиямет күнде ақ жолын мегзеуші болармын,
Науқасқа шалдықса, емдеуші болармын [4, 92б.].
3. Жол үстінде құлап жатқан, үсті-басы шаңға батқан,
Зікір салып төсін ұрған, көкірегі толған ғашықтар [4, 108 б.].

Қожа Ахмет Иассауиден басталған діни тақырыпты, Аллаһты мадақтауды жаңа бір белеске көтерген кім десек, ХІХ ғасыр табалдырығын аттасымен Абайды айтар едік. Абай Аллаһтың біреу екенін, тек Аллаһ өзгермейтінін, оның адам ақылына сыймайтын кең ұғым екенін, Аллаһтан 4 кітап келгенін, кейінгі кезде Аллаһ ісін айыра алмайтындар баршылық екенін, – бәрін аз сөзбен әсерлі жеткізе білген:

1. Ләм-Әлиф-Ло-илаһа илалла – деп,
Я-Ярым, қалай болар, жауап сөзін.
2. Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек [5, 30 б.].
3. Ақылға сыймас ол Алла,
Тағрипқа тілім қысқа аһ.
Барлығына шүбәсіз,
Неге мәужит ол куә [5, 44 б.].
4. Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешқашанда жалған болмас.

Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөзі айырылмас [5, 203 б.].

5. Жамандық, жақсылықпен – оған бір бәс,
Дін ісін, құдай ісін айыра алмас [4, 268 б.].

Ал, Мәшһүр Жүсіпте болса, Аллаһты таныту, оның сипаттарын баяндау өзінше өріс алған:

1. Алды, арты, асты, үсті – оң, солы жоқ
Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қол жоқ.
Еш нәрсе ұқсамайды ол нәрсеге,
Кітаптың айтқанынан ойлама көп.

Жоқ деп біл ол Аллада ата-ана,
Және жоқ деп біліңіз қатын-бала.

Барлығы бір Алланың құдіретінде,
Ешкімге мұқтаж емес Хақ тағала.

Білгіші, есіткіші һәм көргіші,
Барды жоқ және жокты бар қылушы [6, 105 б.].

2. Құдірет айтты: – бәріңе мен бердім дем!
Мен бермесем, көнеки, беруші кім?!
Мүлтіксіз ғып жараттым тепе-тегіс,
Бірінді-артық, бірінді қылмастан кем [7, 25 б.].

Мәшһүр Жүсіп бұл жолдары Құран Кәрімде сүрелер өте көп кездеседі: «Расында адамзатты көркем бейнеде жараттық» (Тин, 3) [8, 597 б.]. «...шексіз Аллаһ сендерді Бақылаушы» (Ниса, 1) [8, 77 б.]. Демек Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларына негіз етіп Құран Кәрімнен алғаны көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер (ауд. Егеубаев А.). – Алматы: Жазушы, 1986. – 372 б.
- 2 Нысанбаев Ә. Иассауидің дүниетанымы мен философиясы // Ақиқат журналы, 1994, № 3.
- 3 Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер (ауд. Жәмішұлы Ә.). – Алматы: Өнер, 1995. – Б. 108.
- 4 Құнанбаев А. Шығармалары (1-том). – Алматы: Ғылым, 1977. – 352 б.

5 Шейх Абдуррахман ибн Насир әс-Сағди. Ізгілер жүрегінің куанышы (ауд. Шойбек Ү., Қыдыралыұлы Қ.). – Алматы: Кәусар-Саяхат, 2007. – 342 б.

6 Құран Кәрим. Қазақша мағына және түсінігі (ауд. Халифа А.).

7 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары (2-том). – Павлодар: ЭКО, 2003. – 384 б.

8 Абай. Қалың елім қазағым. – Алматы: Жалын, 1985. – 322 б.

САЛҒАСТЫРМАЛЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТІЛ БІЛІМІ (Э. Д. СҮЛЕЙМЕНОВА ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

АНАПИНА А. Н.

магистрант, МҚТМӘ-201(н) тобы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
КАРИПЖАНОВА А. О.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Лингвистика (тіл білімі) – әлем тілдерінің шығуын, даму заңдарын, құрылымын, құрылысын, әлеуметтік қызметін, тарихи дамуын және оның жалпы ішкі заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы болып табылады. Тіл білімінің қай бағыты болса да қарастыратын нысаны адам, оның тілі, тілдің қоғамдағы қолданысы болып табылады. Адамзаттың сөйлеу тілі тіл білімінің негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Адамдар арасындағы өзара түсінісу құралы саналатын кез келген тіл адам үшін, адамның өмірі үшін, қоғам үшін қызмет етеді. Тіл білімі қолданыстағы тілдерді қарастырады, зерттейді, олардың күнделікті қолданыстағы тілдер бойынша тұжырым жасайды.

Тіл білімінің басқа да ғылымдармен байланысы өте көп. Осы мақалада біз оның салғастырмалы, әлеуметтік тіл білімдерімен байланысын қарастырамыз.

Салғастырмалы лингвистика (контрастивтік лингвистика) – мақсаты екі, кейде бірнеше тілді жалғастыра зерттеп, олардың құрылымдық деңгейіндегі жақындығы мен айырмашылығын айқындау. Контрастивтік лингвистиканың ертеректегі мәліметтері ана тілімен салыстыра отырып, бөтен тілдің ерекшеліктерін байқаумен байланысты болды. Салғастырмалы тіл білімі синхрондық материалдарға сүйенеді, көбінесе грамматика, фонология, лексика жүйесімен тығыз байланысты [1, 99 б.].

Әлеуметтік лингвистика – әлеуметтану, әлеуметтік психология, этнография ғылымдарының түйіскен аралығында туып дамыған тіл

білімі саласы. Оның негізгі объектісі – тілдің функционалды жағын зерттеу. Қарастыратын басты мәселелері: тілдің қоғамдық табиғаты, әлеуметтік қызметі, тіл болмысының қатынастық түрлері (әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, жергілікті диалектілер, койне, пиджиндер), тілдің әлеуметтік сипаттағы түрлері болып келеді [1, 76 б.].

Салғастырмалы тіл білімі жалпы тіл білімінен бөлініп шығады, ол тек туыс тілдерді ғана емес, сондай-ақ, туыс емес тілдерді де салғастырады. Салғастырудың нәтижесінде әртүрлі тілдер құрылымындағы ортақ сәйкестіктерді анықтау мүмкіншілігі артады. Құрылымы ұқсас тілдер бір типке біріксе, құрылымы әрқилы тілдер әртүрлі топтарға бөлшектенеді. Тілдерді географиялық белгілеріне қарай топтастыруды санамағанда тілдер толық зерттелмеген жағдайда олар осылайша да топтастырылған. Оларды ерекше айырым-белгісіне (критерий) қарай жеке топтарға бөлу – ертеден қолданып келе жатқан зерттеудің бір түрі. Мұндай зерттеулердің нәтижесінде біз барлық тілдерге ортақ қандай да бір белгілерді немесе оларда кездеспейтін ерекше белгілерді анықтай аламыз. Осылайша тілдердің ортақ белгілері туралы айта аламыз.

Салғастырмалы тіл білімінің жеке сала ретінде қалыптасуында, оның зерттеу әдістері мен мақсат, міндеттерін айқындауда В. Д. Аракин, (1973), Дж. Буранов, (1983), В. Н. Ярцева, (1960, 1981, 1986), У. К. Юсупов, (1983) т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атауға болады.

Профессор Қ. Рысалды контрастивті салғастырудың ерекшелігін тілдердің генетикалық қатынасына қарамай, олардың айырымдылық-контрасты қасиеттеріне көңіл бөлетіндігінде десе, компаративті салыстыру тілдердің айырымдылық ерекшеліктерінен гөрі ұқсастығын зерделеу басым болып, салыстырмалы тіл біліміне тән нысанды көздейтінін айтады. Ғалым контрастивтіні конфронтативтікке қарсы қойып жіктеп жатудың артық екендігі туралы В. Г. Гак пен Э. Д. Сүлейменова айтқан пікірді қолдайды. Сөйтсе де «тілдердің айырмашылығын анықтаған кезде, олардың ұқсастықтары да назарда болады, ұқсастықтар негізінде айырымдылық қасиеттері айшықтанады; тілдердегі ұқсастық пен контрасты айырмашылық диалектикалық бірлікте болады, бірінсіз-бірі болмайды», – деп түйіндейді Қ. Рысалды.

Әлеуметтік лингвистика тілді дұрыстап сөйлеп, дұрыс қолданушылармен емес, өз сөйлеулерінде қоғамда, тілдік ортада қалыптасқан тілдік норманы бұзатын, қателесетін, бірнеше тілдік стильдерді немесе бірнеше тілдің элементтерін араластыратын

нақтылы адамдарды нысана етеді. Тілді қолданудағы осындай барлық ерекшеліктерді білу, оларды талдап түсіндіру, болу себептерін анықтау тілді дамыту жұмыстары үшін маңызды мәселе болып табылады. Зерттеу нысаны тілдің қоғамдағы қызмет етуі болып табылатынын әлеуметтік лингвистика тілдің ішкі құрылымын жалпы мәлімет ретінде қабылдағанымен оны арнайы қарастырмайды.

Қазақстандағы әлеуметтік лингвистика бұрынғы КСРО-дағы әлеуметтік лингвистикалық бағыттың негізінде қалыптасты. Еліміздің тәуелсіздік алғанынан бергі жылдарда республикадағы тілдік жағдаят, тіл саясаты, оның өзіндік бағыттары арнайы зерттелді. Еліміздің өзіндік тілдік құрылысы және онымен байланысты мәселелер ғылыми шешімін таба бастады. Бұл бағытта Б. Хасанұлы, М. М. Копыленко, А. Е. Карлинский, М. К. Исаев, Э. Д. Сүлейменова, З. К. Ахметжанова, С. Т. Саина, Н. Ж. Шаймерденова т.б. аға буын ғалымдармен қатар, К. М. Байбосынова, А. М. Құмарова, А. Абасилов, Г. С. Суюнова, С. А. Асанбаева, Д. Ж. Қасымова, Г. Д. Алдабергенова, Г. М. Әлімжанова, т.б. жас ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

1996 жылы Э. Д. Сүлейменованың «Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики» атты еңбегі, 1999 жылы А. Е. Карлинскийдің «Международные отношения: теория – практика – поиск» деген зерттеуі, 2001 жылы «Двуязычие и межэтническая коммуникация. Актуальные проблемы межкультурной коммуникации и перевода» атты еңбектері жарық көрді [3, 99 б.].

Э. Д. Сүлейменова мен Н. Ж. Шаймерденованың 2002 жылы шыққан «Словарь социолингвистических терминов» атты сөздігінде әлеуметтік лингвистиканың теориялық мәселелеріне, зерттеу бағыттарына, әдіс-тәсілдеріне т.б. қатысты 400-дей терминге түсінік берілген [4]. Бұл біздіңше, қазақстандық әлеуметтік лингвистика тарихындағы соны және құнды еңбек болып табылады.

Б. Хасанұлының 2006 жылы жарық көрген «Тілдік қатынас негіздері» еңбегі Қазақстандағы қазақ, орыс және ағылшын тілдері серіктестігінен тұратын үштілділік мәселесін, халықаралық қатынастар тілінің пайда болу себептерін, тілдік қатынастың теориялық мәселелерін, адам қарым-қатынасында тілдің қолданылуын, тілдің әлеуметтік мәнін, саралануын, атқаратын қызметін т.б. кең көлемдегі мәселелерді қамтыған оқу құралы ретінде танылды [2, 70 б.].

Қазақстандағы қазақ, орыс және өзге тілдердің қоғамдық қызметі мен оларды дамытудың әр алуан қыр-сырларына арналған бұлардан да басқа көптеген жарық көрген ғылыми мақалалар түрлі қоғамдық пікірлер туғызып, тіл дамыту ісін саналы түрде басқарудың қазақстандық үлгілерін танытты. Солардың қатарына М. М. Копыленконың «Государственный язык и официальный язык (опыт разграничения понятий)», «Общее языкознание, социолингвистика, психолингвистика в Республике Казахстан: тенденции и перспективы развития специальности»; Э. Д. Сүлейменованың «Языковая ситуация в Казахстане: к оценке, эффективности языкового планирование»; Ө. Жолдасбеков пен Н. Қалидың «Тіл заңы – түсінік тірегі»; Б. Хасанұлының «Тіл саясатының тарихы тереңде», Лингвистическое формулировки проекта новой Конституции: Противоречие и пути преодоления»; Е. Шаймерденовтің «Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудің өзекті мәселелері»; Б. Әбдіғалиевтің «Этнолингвистическая ситуация в Казахстане»; А. Абасиловтың «Мемлекеттік тіл – көптілділік жағдайында әлеуметтік қажеттілік»; Г. А. Досмұхамбетованың «Роль языка обучения в развитии двуязычия», «Определение доминирующего языка в студенческой среде» т.б. атауға болады.

Профессор Э. Д. Сүлейменова құрылымы әртүрлі тілдерді лингвистикалық тұрғыдан сипаттағанда мына мәселелердің ескерілуін айтады: а) екі тілге ортақ жалпы (универсалды) терминдер мен ұғымдар және категориялардың болуы шарт; б) әртүрлі тілдік фактілерді бағамдаған кезде ортақ әдістер мен айырым белгілердің (критерийлер) пайдалануы шарт.

Контрастивті лингвистикада қолданылатын терминдер, екі тілде бірдей қолданылуы міндетті. Әйтсе де, әрбір термин тілдегі жалпы белгілерді біріктірумен қатар, әр тілдің өзіне ғана тиесілі ерекшелікті білдіретін белгілерді қоса көрсетеді. Осы шарттар орындалған кезде ғана тілдерді салғастыру мүмкіндігі туады.

Сонымен әлеуметтік лингвистиканың нысанасы қолданыстағы тіл. Тіл қоғамда белгілі бір әлеуметтік құрылымдарға ие бола отырып, қаншалықты қызмет етсе, тілді әлеуметтік контексте зерттейтін әлеуметтік лингвистика ғылымы туралы да соншалықты айтуға болады. Демек, студент-филологтың (әсіресе, қазақ тілді аудиторияда) әлеуметтік лингвистикалық танымы мен дайындығын арттырудың бірденбір жолы оларға осы жас ғылым саласы бойынша, оның өзіндік проблемалары мен зерттеу әдіс-тәсілдері жайында арнайы пән ретінде енгізу. Мұндай арнайы

пәнді оқыту студенттердің әлемдік тіл білімінің қазіргі өзекті де перспективалық бағыттарының бірі – әлеуметтік лингвистика бойынша білімдерін өз ана тілінде алуына мүмкіндік береді. Мұнда олар жас мемлекетіміздің одан әрі нығаюы мен тілдік құрылысының қалыптасуына қызмет етуіне, этносаралық, тілаларлық қатынастардың тең әрі тұрақты дамуына ықпал ететін демократиялық бағыттағы тіл саясатымен, этнолингвистикалық, тілдік жағдаятымен танысады. Әлеуметтік лингвистиканың пәндік және теориялық ұғымдарынан, қазіргі проблемаларынан, сондай-ақ оның өзіндік зерттеу әдістері мен тәсілдерінен хабардар болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Есеналиева Ж.Ж. Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы. Монография. Алматы, 2009, -219б.
- 2 Хасанов Б. Языки народов Казахстана и их взаимодействие. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 216 с.
- 3 Сүлейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастной лингвистики. – Алматы: Рауан, 1992. – 86 с.
- 4 Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж. Словарь социоллингвистических терминов. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 170 с.

МЫСАЛ ЖАНРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП

АШИМОВА А. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

М. Жүсіптің мысал өлеңдерін қарастырмас бұрын оның сол жанрға келу жолдарын кең дәйектеу үшін, алдымен ол жинаған фольклор үлгілерінде мысал өлеңдер орын алуы тегін емес деп санаймыз.

Мәшһүр Жүсіптің халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы да оның мысал жазуына дайындық қызметін атқарды деуге негіз толық. Ол фольклорист ретінде халық арасындағы өлеңдерді жинау арқылы да қазақ әдебиетіндегі мысал жанры дамуына ықпал етті.

Мәшһүр Жүсіптің жинаған фольклорлық мысал өлеңдері екеу. Оларды айта кететін болсақ: «Киік», «Лашын мен қарға» Осындағы «Лашын мен қарға» тікелей мысал өлең де, «Киік» – жартылай мысал

үлгісі. Мысалдың қысқа мазмұнына келетін болсақ, «Лашын мен қарға», бұл мысал өлеңі 1870 жылы Санкт-Петербург қаласында ең алғаш рет белгілі тюрколог, Ресей зерттеушісі В. В. Радловтың «Наречья тюркских племен» атты кітабында басылып шықты. Ал кейіннен Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен 2005 жылы жарық көрген (ақынның) Мәшһүр Жүсіптің көп томдығының бесінші томында басылды [1].

Шығарманың қай кезде жазылғаны туралы соңында мынадай ескерту орын алған: «Бұрынғы заманның ескі өлеңі» [1].

Шығарманың қысқаша мазмұнына келетін болсақ, мұнда қарға лашынның ілген үйрегін өзінің үйіне алып келіп балаларына орынсыз мақтануы сөз болады.

Лашын үйрек ілді көлді көріп,
Отырды табанымен басын бүріп.
Лашын әрі-бері шоқыған соң,
Бір қарға алып жейді аңдып жүріп.
Келмейді ол қарғаның санасына,
Үйректі алып ұшты баласына.
Үйректің басын, етін көріп,
Қарайды балалары анасына [1, 132 б.].

Санасыз қарғаның лашыннан қалған үйректі олжа қылғанын місе тұтпай, онымен қоймай балаларына жақсы айтысып мақтануы кейінгі жолдары сатиралық түрмен берілген:

– Қарайсың неге маған, маған! – дейді,
– Қалай екен, балалар, анаң?! – дейді.
– Үйрек етін же-дағы қарық бол енді,
Не жегізбес бұл анаң саған? – дейді.
– Үйрек етін же-дағы, қарық бол енді
Құс жаралған жоқ шығар шешен теңді?!
Анау байғұс аспаннан іліп еді,
Бір ерні – көк, бір ерні тіреп жерді [1, 132 б.].

Міне, осы жолдардан біз қарғаның нағыз өтірікшіге тән кейпін көреміз. «Не жегізбес бұл анаң саған?» – деп лепіруінен орынсыз даңғойлықтың да, астамшылықтың да белгілерін байқадық. «Бір ерні-көк, бір ерні тіреп жерді» – деген гиперболаның қолданысы қарғаның жағымсыз бейнесін күшейте түседі. Бірақ қарғаның өзінен гөрі оның балалары саналы, әділетті болып шығады. Олар аналарының өтірігіне бірден қарсы шығады:

– Әуеде ұшып жүрген аққу мен қаз,
Шешеке, өтірікшінің өмірі аз.

Жын мен атам жеген, қан шоқымай,

Есен-сау ұшса игі еді биылғы жаз?! [1, 133 б.]

Жын мен қан шоқыған қарғалардың сұрықсыз өмірін бетіне басқан балаларына мақтаншақ қарға қайрылмайды. Үстемелеу түседі:

– Көресің хақтың жүзін: «Алла» – десең,

Ай, балам, нанар едің бірге жүрсен.

Шүрегей жұдырықтай, үйрек түгіл,

Ақ сұңқар әуедегі етін жесең [1, 133 б.].

Үйрек пен шүрегей жұдырықтай деп қымсынбай көктегі ақ сұңқарды ауызға алып тұрған қарғаның өтірікшілік қасиеті одан әрі айқындала түседі. Алланы ауызға ала отырып үсті-үстіне бастырмалатып лепіріп бара жатқан қарғаның қылығы шектен шығып бара жатқанын байқаймыз.

Атам жеген жын менен қан шоқымай,

Бекер, шешем, әкелдің бізге мұны [1, 133 б.].

Аналарының қылығына жандары шырқырап тұрған балаларының сөзін құлағына да ілмеген қарға енді қанағатшыл болып көрінгісі келеді.

– Қанағат қашан қашқан мен байғұстан?!

Салымым бұрыннан-ақ ұшқан құстан [1, 133 б.].

балаларының қарлығаштың тызылдап қарғаның мақтанғанын лашынға жеткізіп қойғанын ескерткенде қарға саспайды.

– Бізді жаққан жалынсыз жанған отқа,

Сол қарлығаш жолықсын қалың отқа!

Келгенмен лашын маған не қылады,

Онда түмсық бар-дағы, менде жоқ па? [1, 133 б.]

Бұл арада қарғаның өзінен басқаны тең көрмей өрекіп ол құс болса, мен де құспын, алысуға да барармын деуі байқалады. Ал балалары ақылсыз анасының пікірімен келіспеуі балапандарының шешелеріне айтқан дауынан біз нағыз әділетті адамдардың ауыздарынан шығатын философиялық тамшысы бар ойларды аңғарамыз:

– Шын сөйлеген әр жерден ет жейді ғой,

Ата-бабам жемеген ас болған соң,

Жесең-дағы тамақтан өтпейді ғой!

Лашын, сұңқар топтап ет жейді ғой,

Өтірікті, шешеке, ептейді ғой!

Қашып енді лашыннан құс алуға

Құйрығына қанатын жетпейді ғой! [1, 8 б.]

Мысал жанрында көңіл аударарлық бір мәселе – мысал дегеннің өзін жанрлық түрі жағынан шарттылығы басым, қалыптасқан, өзгермейтін, ескі сюжетке негізделген анды, аң-құстың, жануар-жәндіктің іс-әрекеті арқылы тұспалдап қана білдіретін, белгілі бір шындықты уағыздап айтуға бейім тұратын шығарма деп қарау жиі кездеседі. Ал шынында, мысал өлеңдеріндегі шарттылық. Тұспалдап айту тәсілін, белгілі, белгілі сюжетін, әр түрлі тұспал бейнелерді қолдану мұның – бәрі тек сыртқы сипат-белгілері. Мысал өлеңдеріндегі артықшылығын алдымен олардың поэзиялық қуат-күшінен, тұспал бейнелер арқылы сан алуан бейнелердің мінез-күлқын, іс-әрекетін аңдатып, көзге елестетіп, сол арқылы қоғамдық өмірдің шындығын, қайшылықтарын терең ашып бере алатын мол мүмкіндігінен іздесек керек. Бұл айтылғандардың бәрі осы мысалдан көрініс табады деп айтуға болады. Мұндай тамақтың тек лашын мен сұңқарға ғана тән екенін «тояттап» сөзі арқылы білдіруі бар. Себебі қарға дәл бір лашын мен сұңқардай тояттап жей алмас еді. Лашын, сұңқар бейнелері арқылы бай-бектердің істеген ісін, оның бақ пен жын шоқып жүрген қарға бейнесі яғни кедей адамдар немесе жай адамдардың қолынан келмейтінін айту да бар. Әліне қарап тыраштан және ұрлықтың түбі қорлық секілді ғибартты ойларға да жетелейді.

Қарлығаш хабар берген соң, лашынның айтқаны:

– Мінгені патшаларның – қаражал сұр,

Дәм татқан бір тоғайдан мың кара құр.

Тұқымын түк қалдырмай, құрытайын,

Жалпылдап жаман қарға қай жақта жүр? [1, 134 б.].

Жоғарыда айтқан ойымызды бұл жолдар нақтылай түседі. Бір ғана «жалпылдап» сөзінен біз қарғаға тән барлық жағымсыз қылықтарды байқаймыз. Демек бұл сөз – деталь. Лашын ашуланып, қаны қайнап қарлығаштың көрсетуімен қарғаны лезде тауып алады. Қарғаға бір-ақ бас салып, бір-ақ басады. Жаны қысылып мұрнының ұшына келген қарға енді екіжүзді адамның кейпіне енеді. Барқырап тез арада алдында айтқан сөздерінен танып кетеді. Лашын істің ақ-қарасын тексеру үшін оны балаларына алып келеді. Балаларынан: «Шешеннің мақтанғаны рас па?», – деп сұрады.

– Шешемнің айтқан сөзін жасырмаймын:

«Бәрінен құс біткеннің зор – мен!» – дейді [1, 135 б.].

Шыншыл, өтірікке жаны қас қарғаның балалары шешелерінің кінәларын мойнына қойып береді. Бұл бізге өсіп келе жатқан саналы ұрпақтың кейпін береді.

– Білмейсің, жаман қарға, әлің! – дейді,

Ел-жұртқа сенің сырың мәлім! – дейді.

- Қарғаны өтірік айтқан өлтірейін,

Балалар, асырайын бөрің! – дейді.

– Бәйгеден шауып келген жүйрік ат-ты,

Жігіттер, өтірік сөз жанға қатты.

Лашын сенің берген балаңнан да,

Бір қалып анаң берген суы тәтті [1, 11 б.].

Шешелерін өлтірейін деп тұрған лашынның онымен қосып қарғаның балаларын асыраймын дегеніне қарсы уәж айтқан балалардың пікірлері қандай дәлелді шыққан. Біреудің баласы біреуге бала болып жарытпайды немесе өзінің бауырынан басып шығарған анасының берген қара суы әлдекімнің берген тәтті балынан жүз есе артық деген ой-пікіріне сүйенген тұжырымдар балаларының шешелерінің қандай болса да одан безіне алмайтынын жеткізуі ұялатып, қарғаның балаларына аяныш біздің санамызға бір терең ой тудырады.

– Шешекем, бірер сөзін жасырайын,

Басынан жақсылықты асырайын!

Шешемді өлтірмесең, Лашын-еке,

Біз саған көрген сайын бас ұрайын.

Бұл жерде бәрімізді қылсаң ғайып,

Таусылып қалады сөз бір-ақ байып.

Өлтірмей бәрімізді қылсаң азат,

Шашамыз ерлігінді жұртқа жайып [1, 136 б.].

Бастарына жан сауғалаған балапандардың тілегін лашын аяқасты етпейді.

– Байладым бір қарғаны балаларға,

Сауысқан құстың қоры – ала қарға.

«Тапқан сөзге - қолқа жоқ» деген-осы.

Балалар, тауып айттың, шара бар ма?! [1, 13 б.].

Кешірімді – әрі балалардың жан айқайына тоқтаған лашынның іс-әрекеті арқылы кең және мейірімді адамдардың бейнесі беріледі. Тапқырлықтарымен шешелерін ажал аузынан алып

қалған балалардың қиын-қыстау кезеңде жол тапқыш қасиеттері сүйсіндіреді.

Кетіпті мекеніне лашын қайтып,

Балалар құтқарыпты зарын айтып.

Бұл ғибар кейінгіге қалсын бізден,

Өткенді кім тауысар бәрін айтып?! [1, 14 б.].

Шығарма осылай деп түйінделеді. Қарға бейнесі арқылы өтірікші, екі жүзді, алаяқ адамдардың бейнесі берілсе, лашын бейнесі арқылы әділетті, шыншыл текті адамдардың бейнесі берілген. Шығарма қоғамдық өмірдегі келеңсіз құбылыстардың атап айтсақ, астамшылық пен даңғойлықтың, мақтаншақтық пен өтірікшінің қоғамға тигізер кері әсерін көрсетіп сол арқылы «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам», – деген ғибратты ойға негізделген.

Жалпы бұл шығармада кейіпкерлерінің түгелі құстардан болғандықтан біз бұны таза мысал үлгісіне жатқызамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Шығармалары (5-том). – Павлодар: ЭКО, 2005. – Б. 129, 132.

ҚАЗАҚ ЖОҚТАУ ЖЫРЛАРЫН ЖАРИЯЛАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕРІ

ЖАППАРОВА Ж. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Кеңестік идеологияның тізгінінен босаған еліміз қолжазбалар мен құнды ескерткітерімізге, ел игілігіне жаңа көзқараспен, жаңа леппен зерттеу жүргізе бастады. Ғалымдар фольклортану ғылымына зер салып, бұл ғылымның даму деңгейіне мн беріп, жаңаша саралауға бет бұрды. Фольклортану ғылымында құнды зерттеулер жарилана бастады. Міне, сондай бағыттағы, яғни қазақ фольклорының жариялану мәселесіне байланысты құнды еңбектердің бірі – Н. Қ. Жүсіповтің «Қазақ фольклорын жариялау мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы атты еңбегі. Профессор Н. Қ. Жүсіпов бұл еңбекте фольклордың жариялану кезеңдерін үшке бөліп қарастырған:

1) Кеңес өкіметі тұсындағы жариялаудың шарттары мен түрлері;

2) бұқаралық және педагогикалық мақсаттағы басылымдар;

3) ғылыми-көпшілік және ғылыми сипаттағы жарияланымдар [26, 176 б.]. Әр сипаттағы басылымдардың өзіндік ерекшеліктерін, жариялану мерзімін, осы бағытта елеулі еңбек еткен фольклорист-ғалымдардың еңбектерін, сол еңбектердің фольклортану ғылымы тарихындағы маңыздылығын, мақсатын ғылыми тұрғыда жинақтап, саралап, фольклортану ғылымының зерттелу деңгейін біршама толықтырып, өз үлесін қосты.

«Басылым көрген жинақтардың біразы тілтану тұрғысынан,; диалектологияға көңіл бөлу; этнографиялық түсініктеме беру мақсатында; әдебиеттануға т.б. арналып жүзеге асырылған. XX ғасырдағы Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметі басшыларының дұрыс саясаты қазақ фольклорын жариялауға өз әсерін тигізбей қоймады» [2, 118 б.], – дейді фольклортанушы ғалым. Қазақ фольклоры XX ғасырдағы Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңес үкіметі кезінде экспедициялар еліміздің әр аймағынан фольклор үлгілерін жинап қана қоймай, жариялап отырды. XX ғасырдың алғақы кезеңдерінде бұқаралық сипатта жарияланып отырылған фольклорлық басылымдар негізінен жалпы халыққа арналды, сол уақытта халық арасында ағартушылық саясатпен үгіт-насихат, тәрбие құралы есебінде жариялау мақсаты көзделген. Ағартушылық көзқараспен қатар педагогикалық сипатта жарияланған фольклор үлгілерінің тәрбие, тәлім, ой дамытуда маңызы зор болды. Фольклор үлгілерінің тіл кестелігі мен танымдық сипаты жоғары болды. Ұлттық танымды жалпы жұртшылыққа паш ету мақсаты да болды. Сондай-ақ, осы кезеңдегі ғылыми басылымдарда да жарияланған материалдар фольклортанушылар үшін де пайдалы болғаны анық.

XIX ғасырда қазақ фольклоры қазақтың төл мәдениетін сақтау және орыс мәдениетімен байланысын нығайту мақсатында жүргізілгені белгілі. Осы бағыттарда қазақ фольклор үлгілерін жинау, баспасөздерде жариялау жұмыстары жүргізілді. Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потанин фольклор туралы құнды пікірлер айтты. И. Березиннің «Түркі хрестоматиясы» мен Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы», А. Васильевтің «Қырғыз халық поэзиясының үлгілері» т.с.с. осы мақсатта жазылған.

«Н. Н. Ильминский, В. В. Радлов, И. Н. Березин, П. М. Мелиоранский, А. В. Васильев, Н. Н. Пантусов, Ә. Диваев т.б. сол уақыттың өзінде-ақ тілмаштардың аудармаларына қанағаттанбай, халық поэзиясы үлгілерін қазақ тілінде жазып алып, қазақ тілінде жария. аған» [26, 15 б.]. «Киргизская хрестоматия» атты Я. Люштін кітабында да қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілері

берілген. «Жинақ көлемі - 251 беттен тұрады. Мұндағы фольклорлық мәтіндер кириллица әрпі негізінде қазақ тілінде берілген. ...жинаққа мәтін көзі ретінде фольклор үлгілері алынған. Ендее сол заманның өзінде де фольклорды түрлі оқулық, хрестоматияларға т.с.с дерек көзі ретінде пайдалану үлгісі болған», – деп ғалы дар фольклор үлгілерінің жариялану мақсатын түйіндейді [26, 18 б.]. Жинақтың 64 – нөмірімен Байтемір болыстың қазағы Бекназар батырдың ұлы Өтеулінің 15 жаста опат болуына байланысты досы Ғабдурахманның жоқтауы берілген. Бұл жинаққа енген жоқтаудың 74 жолдан тұрғандығын, ал 65 деген нөмірмен Мерке болысының биі Тоғамбай Тұрлыбайұлының 39 жолдан тұратын жоқтауы, Ботпай Сыпатай батырдың 25 жолдан тұратын жоқтауы, «Айдос батыр» туралы 202 жолдан тұратын өлең мен қара сөз араласқан жоқтаудың және 216 жолдан тұратын Әйтеке болыстың қызыныжоқтаудың енгізілгендігін Н. Қ. Жүсіповтің зерттеуі арқылы танысамыз [26, 20 б.]. Осы оқулықта қисса дастандар берілгенін онда жоқтау жырларының кездесетіндігін көреміз.

Ежелгі саяхатшылардың Қазақ жоқтау жырларының жариялануына үлес қосқан ғалымдардың бірі Ә. Диваев. Мысалы, «Әйтеке бидің жоқтауы» атты кітабы – соның айғағы. Басылымнан шыққан кітап жайлы, оның арнайы паспорты болуы туралы Н. Жүсіпов былай дейді: «...мәтіннің мұндай паспорттық деректері болуы кітаптың ғылыми сипат талабына сай басылғанын, әрі этнографиялық мақсатта жарияланғанын танытады» [26, 42 б.].

Жалпы жоқтау жырларының жиналуы жариялануы мәселелерін қарастырғанда, эпостық жырлардың жиналуы мен жариялануы туралы деректерге соқпай кете алмаймыз. Себебі қазақ жоқтау өлеңдері эпостық жырларда мольнан кездеседі. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Сарыбайдың өлімін естірту бар. Аяғы көңіл айту мен жұбатуға ұласады. Ғұрып фольклоры батырлар жырының барлығында кездеді десе артық болмас. Жоқтау басында батырларды азалаудан туса керек. Бұған «Қараулік кемпірдің Мамайды жоқтауы дейтін өлең айғақ. Онда батырдың елге істеген қызметі, өмір-баяны, мұң-шер рухында баяндалған. Өзінің көркем тілі, ойдың образдылығы қағынан жоқтау эпостан қалыспайды. Өйткені көңіл айту, жоқтау ірі ақындар, жыршылар қолынан өткен. Жоқтауларда жыры, ақындар тарапынан болған объективті бағалар беріледі. «Жоқтау мұң-шерге толы өлең болғандықтан, ол эпостан кем саналмаған. Тілі эпостан да көркем, әсерлі. Жоқтау

синкретикалық форма, импровизацияның ғажап табысы...», – дейді Ә. Қоңыратбаев [27, 44 б.].

Ғалым Х. Сүйіншәлиев: «Қазақ поэзиясының әуелгі нұсқалары негізінен жоқтау, өсиет сөз, дидактикалық ғибрат, ерлік эпостық аңыз үлгісінде көрінді. Сол тұстарда көпілік арасында мол тараған халық ертегі аңыздарының дені қаһармандық эпостардың сюжетіне ұйтқы болды. Қазақтың жырларын жасады», – деп тануы шындыққа жанасымды [28, 203 б.].

Қаза ғұрпының көнелік сипаты жайлы сөз еткенде ең алдымен тасқа басылған алғашқы үлгілер, көне түркі жазба ескерткіштеріне айырықша тоқталған жөн. Бұл жазулар жалпы түркі тектес халықтардың мол мұрасы, бастау бұлағы екені мәлім. Мәселен, Күлтеген жазуларында форма жағынан да, мазмұн жағынан да қазақтың жоқтау жырларымен үндес тұстары кездесіп отырады.

Мысалы:

Інім Күлтегін қаза болды,
Өзім қайғырдым.
Көрер көзім көрместей,
Білгір ақылым білместей болды.
Өзім қайғырдым.
Тағдырды тәңірі жасар,
Адам баласы бәрі өлгелі туған.
Қайғырғаным сонша,
Көзге ыстық жас келер,
Көңілге ауыр шер келер,
Тағы да ойландым,
Қатты қайғырдым [29, 44 б.]

Берілген үзіндіден қазақтың дәстүрлі жоқтауларымен астарлас тұстарын байқауға болады. Мәселен қазаға іші егіле отырып өмірдің өтпелі екендігін пайымдаған. Сондықтан осындай жоқтау жырларының мәтініне зер сала отырып өлікті жөнелту ғұрпымен қатар өте ертеде пайда болып, көне түркі заманынан әбден қалыптасқан деуге әбден болады.

Сондай-ақ түркі тілінің энциклопедиялық сөздігінен жоқтау сарынына жақын келетін шығармаларды көптеп кездестіруге болады.

Алып Ер тоңа өлді ме?
Жаман дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар!

Ереді асын татырған,
Зұлым жауды қашырған.
Мойнын тұтып қайырған
Өлім басты аударып...
Заман өтер, кісі тоймас,
Адам ұлы мәңгі қалмас
Заман әбден тозды,
Осал жауыз қозғалды [29, 44–45 б.].
Мұндай көне жоқтау сарындары қазақ жоқтауларының мазмұнымен етене жақын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклорын жариялау мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы. – Павлодар: Кереку, 2011. – 176 б.
- 2 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. – Павлодар, 2007. – 380 б.
- 3 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
- 4 Сүйіншәлиев Х. VII–XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989. – 279 б.
- 5 Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 б.

МӘШҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРАНУ, ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ МӘСЕЛелЕРІ

ЖҰМАДІЛОВ Ю. Қ.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, зерттеуші,
№ 6 лицей-мектебі, Екібастұз қ.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің есімі қазақ халқына үлкен ақын әрі жинаушы ретінде кеңінен белгілі болған. М. О. Әуезов: «Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармау керек» деген. Ақынның мол шығармашылық мұрасының ішіндегі «Гүлшат-Шеризат» дастанын айта кеткен жөн.

М. Көпеевтің «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарып қылсын» деп өз шәкірттеріне берген тәрбиесінің маңызы зор. Сюжеті шығыстан алынған «Гүлшат пен Шеризат» дастанында жақсылық пен жамандық, адалдық пен

арамдық, жарық пен қара түнек қоса қабат көрінеді. Ақыры адалдық жеңеді. Дастанның бас кейіпкері Шеризат не бір қорлықты көрсе де, бәріне төзеді. Оның бойында адамға деген сенім бар еді, сол сенім оған барлық қиындықты жеңгізеді. Сөзін – шын, ісін – әділ, көкірегің мөлдір болса, дұшпаның қанша қысастық қылғанменен, жеңе алмайды деген ой айтады автор. Дастанның мазмұны толығымен адам баласының парасаттылығына, жасампаздығына негізделген. Жауың қанша қатыгез болса да, оның да басын иіп қателігін мойындайтын кезі келетінін дәлелдейді. Шығарманың шынайылығы мен шындығы да осы жерінде. Сондай-ақ дастан мазмұнынан М.Көпеевтің дүниетанымын, өмірге көзқарасын, қайраткерлік ұстанымын көреміз. Адамның тіршіліктегі күресінде талай сыннан өтетіні белгілі. Бірақ сол жолда кейбір күрескерлердің жұлдызы оңынан туып, қайсыбірінің көңілі алдамшы дүниеге ауып тура жолдан тайып кетіп жатады. Оның себебіне, сырына үңіліп жете алмаспыз. Ал, өмірден өз тәжірибесін жинаған, көрген білгенін, көкірегіне түйгенін қағаз бетіне түсіріп кеткен ұлы тұлғаларымыздың асыл мұрасынан негізгі түйінді анықтау – болашағымызға деген сенімімізді ұлғайтуы әбден мүмкін. Оған дәлел – Гүлшаттың Шеризатқа айтқан кеңесі... Яғни, Шеризат қанша қиындық көрсе де, тылсым дүние оның өмір сүруіне мүмкіндік берді. «Ат айналып қазығын табар» дегендей, Шеризат бәрібір түптің-түбінде әкесінің орнына келді. Таққа отырды. Бұрынғы ата-бабасының ел басқарушылық жолына түсті. Көркем туындының негізгі идеясы да осы: ата-баба дәстүрі, ұрпақ жалғастығы, әділдік пен шындықтың қашан да төрден орын алатыны. «Тектен нәр алған тозбайды» демекші ұлттың ел болып қалыптасуы - тегінен. Еліміздің қазақ ұлты болып қалыптасуында ежелгі ата-бабаларымыздың арманы жатыр. Адамның өмір сүруіне қажетті қабілеттер дүниеге келгеннен кейін бірте-бірте қалыптасатыны белгілі. Сәби көзін ашып, ес біле бастағаннан көргенін, естігенін қайталап үйрене береді. Сол көргені мен үйренгені арқылы келе-келе өз таңдауын жасайды. Сонда бүгінгі күндері «патриотизм» ұғымын неге сүйеніп айтып жүрміз. Сірә, жерімізді, елімізді өзіміз игеріп, өзге елдерден қалмайық деген ниетімізден туындаған болар. Ал, жұртты алға жетелейтін, мемлекет болып қалыптасуына ықпал етіп тұтастығын сақтайтын кім? Әрине, жеке тұлға. Кешегі Шеризаттар сияқты елдің бетке ұстар азаматтары. Бірақ ондай қайраткер тұлғалар қайдан келеді? Оларды өз заманында тіршілік жасаған адамдар бізге құпия тылсым кеңістіктің ағымымен іріктеп алып шығады. Табиғаттың

мызғымас заңы барлығын өзі реттейді. Адам оған күрескер ретінде қызмет жасайды деуге болады. Біз ғылыми жұмысымызды жаттанды емес, М. Көпеевтің шығармасын оқи, зерттей отырып табиғи заңдылықпен қатар қарастырғымыз келеді. Ол: бүгінгі таңда қоғамымызда болып жатқан өзгерістер, ақын шығармасындағы оқиғаның сол өзгерістерге сәйкес тұстары. Қорытынды, қанша уақыт өтсе де табиғи заңдылықтың бұзылмайтындығын ескергіміз келеді. Ұрпақ жалғастығы – табиғи заңдылық та, қоғамды алға алып жүруші топтардың, көшбасшының іріктелуі – еріктен тыс құбылыс. Шеризаттың туған еліне қайтып оралып, өз жұртының қалауымен таққа отырғаны сияқты, еліміздің де көшбасшысын халық таңдаған. Бұрыннан өзі сияқты адамдар тұрып келген «Отан» деп аталатын мекенінде көшбасшы да іріктеліп келіп, тұтас елге өз даму жоспарын баяндайды. Тек қайсыбір іші тар жанның Шеризатты адастырғанындай, өзіміз тұрып жатқан Ұлы дала елі көшбасшысының қателеспей таңдалуына алламыз өзі нәсіп етсін. Әлем Көшбасшылары өз алдына, ХХІ ғасырда Ұлы дала елін болашаққа жетелейтін Гүлшат пен Шеризаттың ақылындай ақылы бар қайраткер басқарсын. Н. Ә. Назарбаев – ХХІ ғасырда өз халқын тұрақтылық жолымен алып келе жатқан Көшбасшы.

1 Көшбасшылық қайшылықтар

«Гүлшат – Шеризат» дастанындағы Көшбасшылардың ұстанымдарына тоқталайық. Көшбасшылар: Көркін патша, Парахзат уәзір, Барыс нөкер, Шеризат батыр. Дастанда Көркін патша туралы төмендегідей жырланады:

Ертеде бір патша өткен аты Көркін,
Өзіне берген құдай дүние мүлкін.
Билеген жеті жұртты асып күші,
Тұрақтап кімге тұрар дүние, шіркін.

Көркін патшаның мол қазынасы бар, жеті жұрттай үлкен елді билегендіктен Көшбасшы. Өзіне бағынған елге билік айтып отырған патша. Патшаның арманы не?

Қайғысы патшаның болды қатты,
Үйінде 40 күн тұрмай жылап жатты.
«Құдайдан маған перзент тілендер» – деп,
Жидырған пақыр, мүскін жамағатты.

Патшаның бала сүюді армандағанын көреміз. Ел-жұрт болып патшасы үшін жаратқаннан тілеу тілейді. Ел тілеуі қабыл болып, патшаның әйелі бала көтереді. Бірақ Көркін патшаның қуанышы ұзаққа бармады. Нөкерлерімен аңға шығып, арыстанға тап болады:

Қиындық мұндай патша көрмегенді,
Қылышты қысылған соң сермеген-ді.
Арыстан өліп қалды қылыш өтіп,
Ажалсыз патша мұндық өлмеген-ді.

Жиылып елі-жұрты бәрі келді,
Патшаны жараланған көзі көрді.
«Өсиет бір сөзім бар жарандарға»

– деп патша жылап тұрып жауап берді.

Арыстаннан жараланған патша халі нашарлап, Парохзат уәзіріне соңғы өсиетін айтып қалмақшы болды:

«Артымда буаз қалды ханым», – дейді,
«Көп еді-ау жиған-терген малым», – дейді.
«Ұл туса хан көтерсең орным,
Аруағым риза болар менің», – дейді.

Халайық, ризамын бәріңізге,
Тағдыр іс келді осылай енді бізге.
Қыз туса, күтіп-сыйлап теңіне қос,
Айтатын сөзім осы бәріңізге.

Патшаның соңғы тілегі: әйелі ұл туса, мұрагері етіп хан көтеру.

Қыз туса, күтіп-сыйлап теңіне қосу.

Көркін патшаның Көшбасшылығы: өзіне қараған ел-жұртын басқарғаны, әйелі бала көтергенде қуанғанынан нөкерлерімен аңға шығуы. Арыстанмен шайқаста жараланып, хал үстінде жатқанда, уәзіріне тапсырған соңғы сөзі.

Ал, Көркін патша дүниеден өтіп, орнына таққа отырған бұрынғы уәзір, ендігі Парохзат патшаның Көшбасшылығы қандай? Ол Барыс нөкерін шақыртып алып, былай дейді:

Өлтір жылдам ханымды, бала таппай,
Ұл туса кетер деме бізді қақпай.
Неміз кетіп барады, Барыс жаным,
Екеуміз өмір сүрсек алтын тақта-ай.

Барыс нөкеріне дүние салған Көркін патшаның әйелін бала тумай тұрып өлтір деп бұйырады. Парохзат патшаның Көшбасшылығы өзінің жеке басының құлқынына жұмсалды.

Парохзат патшаның залым бұйрығын не орындарын не орындамасын білмеген Барыс нөкердің Көшбасшылығы тығырыққа тіреледі. Дұшпандары патша ханымын өлтіріп тынғанымен, қызылшақа нәрестенің тірі қалғанын Барыс өз көзімен көреді.

Қызыл қанға боялып ханым жатыр,
Өрмелейді емшекке бала пақыр.
Бұған рақым етпес пе мұсылмандар,
Болса да көңілі қатты, дінсіз кәпір.
Шеризат батырдың Көшбасшылығы Анасының кегін алуға бағытталады:

Шеризат қырды әскердің енді бәрін,
Жүз жігіттің басына төкті зәрін.
Қойға кірген аш бөрі сықылданып,
Жоқ қылышты сол жерде баршаларын.

Өрттей қауға кірген жандырады,
Қалың қарды басына жаудырады.
– Патшаға хабарымды айта бар деп,
Жүз кісіден екі адам қалдырады.
Шеризат батыр ер жеткенде Барыс қариядан өзінің анасының өліміне Парохзат патшаның қатысы барын біледі:

Шеризат орнынан ұшып тұрды,
Тәңірі осылай жеткізер талапты ерді.
Қайғының арты шаттық болады екен,
Екеуі амандасып отырды енді.

Амандасып Барыс ер айырылады,
Хабар алып патшаға қайырылады.
Барыс келіп білдірді жігіт жайын,
Парохзат естіген соң қайғырады.

Парохзат патша өзінің Шеризат батырдың алдындағы кінәсін кешуін өтініп, басын жерге қояды:

Парохзат келмек болды Шеризат ерге,
Өлтіртті неге анасын буаз күнде.
– Бір қате болды бізден кешіңіз деп,
Хан басын құлдық деумен қойды жерге.

Парохзат патшаның Шеризат ғашық болған қызы Гүлшаттың өтініші:

Әңгіме – осы қисса сізге жетер,
Бұл дүние бір керуен бізден де өтер.
Кескенің пышақпенен өз бармағын,
Басқаның байқап көрсен несі кетер.

Артық бақ құдай берген салтанатың,
Жайылды заманыңда Шеризат атың.
Өзіңді-өзің жойып өлтірген соң,
Басқаға қайдан тиер шарапатың

– деп Гүлшат сұлу Шеризат патшаға басу айтады.

Шеризат патшаға Гүлшат сүйіктісінің өткен өмір туралы айтылған киссадан келтірген мысалы әсер етпей қоймайды:

Мынау сөз жүйесіне түсті дейді,
Байқап тұрсаң кімде-кім есті дейді.
Көңіліне қыз Гүлшаттың сөзі ұнап,
Күнәсін Парахзаттың кешті дейді.

Шеризат патшаның өзінің анасын кешегі Парахзат патшаның қастандықпен өлтіргеніне қарамастан кешіруі, келешекте адам баласына ғибрат боларлық Көшбасшылық іс-әрекет:

Ғибрат бозбалаға айтқан сөзім,
Жұмылса тіл тоқтайды екі көзім.
Қатесін білмегеннің кешіргеннің,
Ұқсын деп сіздерге айтқан нақыл сөзім.

Шеризат патшаның Көшбасшылық шешімі – автордың ұстанымы.

МӘШҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫҢДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҮЛГІЛЕР

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанлары қамтылған. Егер жанр бойынша жіктеп жүйеге келтірсек: ертегілерден 15 шақты мәтін үлгі; батырлық жырлардан 5–6; ғашықтық жырдан – 2–3; кисса-дастандардан – 11–12; тұрмыс-салт жырларынан – 30–40 шақтысы; аңыз-әңгімелердің – 200–300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100–150 шақты көлемі; жұмбақтың кара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің – екі жарым мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының – 27 үлгісі; отыз-қырық шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары т.б. орын алған. Сондай-ақ қолжазбалар ішінде шежірелер, діни өлеңдер мен нақылдар, әлі баспа бетін көрмеген күлдіргі сөздер топтамасы т.б. нұсқалары бар. Мұндай үлгілерді жинағанда ара-

жігін бөліп-жармай, жаңа-ескі деп қарамай, шамасы келгенше фольклордың әр жанрын қамтып, барлығын жан-жақты жинауға тырысу тек Мәшһүр Жүсіп ерекшелігі емес, сол тұстағы көптеген ғалым-фольклоршылардың шарты [1].

Мәшһүр Жүсіп өзі жинаған үлгілерінің көлемін белгілеп отырған. Мәселен, «Ғылым білімі» кітабы 129 сахифадан тұрады дей отырып, оның ішінде 12 аят, 18 хадис, 43 мақал, 114 ауыз өлең бар десе, ал «Әмір» әңгімесі 26 сахифадан, 104 ауыз өлеңнен тұрады дейді. Мұндағы сахифа – араб сөзі, «бет», «парақ», «газет» деген мағыналар береді.

Бізге келетіні «бет» деген мағынасы. Келесілері: «Бір жұмбақ шешуімен» 5 сахифадан; «Намаз мағынасы» – 23; «Бір соқыр, бір саңырау, бір тұттай жалаңаш» – 7 /бұл жерде өз туындысы туралы ескертпесі де бар: «бұл басылып шықты жұртқа жайылып», – деген –Н.Ж./; «Алаша-хан» – 9; «Асан қайғы» –17; «Жиренше шешен» – 25; «Ер Едіге» – 10; «Еңсегей бойлы Ер Есім» – 10; «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер» – 5; «Әмір Темір» – 9; «Ғытман ғазы заһары» – 6; «Ноғай-қазақ заманы» – 8; «Абылай» – 38; «Бұхар Шәріп» – 28. «Абылай», «Кенесары-Наурызбай» әңгімелері – 50; «Бұхар, Қокан...» – 21; «Қазақ билері» – 90 сахифадан тұрады дей отырып, барлығы 461 сахифаны, яғни бетті құрайтынын Мәшһүр Жүсіп өзі жазып көрсеткен. Мәшһүр Жүсіп тағы бір жазбасында: «Торайғыр би» сөзі 18 сахифадан; «Белтірік би» – 12; қайым өлең «Күдері мен Ұлбике» – 12; қайым өлең «Сақау мен Тоғжан» – 12 сахифадан тұрады дей отырып, «үшбу нұсқаларды жазып 1913 жылы 30 августа молла Нұрғали Бикбаевқа жібердім», – деген ескертуі де сақталған [1].

Бұлардан басқа қолжазбаларда мынадай мәліметтер берілген: «Хазірет Юсуф пайғамбар», «Шайқы Бұрқы әулие мекіре балықтан туған», «Сарыарқа тарихы», «Шоң, Торайғыр билер», «Абылай аспаған сары бел», «Қокан хандары тарихы», «Кіші жүз ұрандары мен рулары», «Шанышқылы Бердіқожа батыр тарихы», «Едіге мен Төле би», «Көлеби батыр», «Олжабай батыр тарихы», «Абылай хан», «Махамбет деген батыр шығыпты деп барып тапқан 92 батыр» турасында, қазақ шежірелері /Орта жүз тарихы, Мейрам сопы тарихы, Қуандық, Қаракесек, Найман, Қыпшақ тарихтары/, «Барпық әңгімелері», күлдіргі сөздер, «Қаракесек пен төрелер ұраны» туралы, Мөңке би, Досбол би, Қожакент пен Өзкент т.б. қалалары турасында, «Ошақты Қоңырбай қалпе» әңгімесі, «Хазірет Нұхқа 370 жасында пайғамбарлық берілді», діни нанымдар т.б.,

Сарман, Қиғара, Қосдәулет т.б. билер хақында, жыл басы туралы, Орманшы ақсары Шотана батыр т.б. деректер орын алған.

Қолжазбадағы кейіпкер материалдардың жазылған жылдары да көрсетілген. Мәселен, «Төбет ішіндегі Жанкелді» деген әңгіме 1908 жылы жазылды десе, «Бір ханның жалғыз баласы өлгенде» деп басталатын шығарма 1921 жылы хатқа түсірілді деген белгілер бар.

Жалпы ауыз әдебиеті мен фольклорлық нұсқаларды жинаушылардың көпшілігі ұстанған дәстүрдің бірі – экспедициялық әдіс екені белгілі. Бұл экспедиция сапарларында В. Радлов, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев т.б. сынды ғалымдар көптеген ауыз әдебиетін жинайтын тілшілер мен өз елінің мәдениеті мен фольклорына жанашыр көзқараспен қарайтын энтузиаст адамдардың да көмегіне сүйеніп отырғаны мәлім. Және де фольклорист-ғалымдар қолданған мұндай тәсіл фольклорлық үлгілердің жанр жағынан жан-жақты жиналуына негіз болды [2].

Жинаушылықтың осы формасын: «экспедициялық», – әдісті Мәшһүр Жүсіп те көп қолданған. Бірақ жинаушылық барысында Мәшһүр Жүсіп жоғарыдағы фольклорист-ғалымдар тәрізді тілшілер т.б. көмегіне сүйенбеген. Мәшһүр Жүсіптің қазақ тілін жете меңгергендігі, бір жағынан, оның жинаушылық қызметінің тілдік қиындықтарға ұрынбауын негіздесе, оның жинау жұмыстарының тез қарқынды жүруіне де, фольклорлық үлгілерінің мол болуына да ықпал етті.

В. Радлов, Г. Н. Потанин т.б. тәрізді фольклорист-ғалымдар фольклорлық үлгіні жинағанда жанрдың көнелігіне баса назар аударып, көмекшілеріне көбінесе сол жағын көп тапсырғаны байқалады. Онысы дұрыс та, әдетте бір ел өкілі екінші бір халықтың тарихын, әдет-ғұрпын т.б. білгісі келсе, ең алдымен оның фольклорын, яғни әсіресе көне жанр түрі – аңыздарына зейін салатыны мәлім. Сол арқылы бүкіл халықтың түсінігін, арман-ойын, салт-ғұрпын, мәдениетін т.б. түсінеді. Мәшһүр Жүсіп болса, халыққа сол кезеңде «не керек» дегендерді ара-жігін ашпай жинай берген. Яғни елінің тарихын, әдет-ғұрпын, халықтың мінез ерекшеліктерін, тұрмыс-салтын т.б. жақтары- бәрі қажет боларын сезініп, неғұрлым ауқымды жұмыстар атқарған. Сонымен жинаушылықтың негізгі мақсаты халыққа «не пайдалы» деген тұрғыдан жүргізілгендіктен де басқа дамыған елдер қатарында өмір сүру үшін қазаққа не қажет, өскелең ұрпақты қалай тәрбиелеген жөн, ол үшін қандай үлгі-өнеге боларлық іс-әрекет қолдану керек. Сондай-ақ тарихтың қай кезеңдері: үлгілі билер мен айбарлы хандар

заманы ма, әлде аты аңызға айналған Асан қайғы мен Жиренше шешен тәрізді бабалар дәуірі ме – қайсысында кейінгілер тағылым аларлық қаншалық мән жатқандығы, – бәрі Мәшһүр Жүсіпті қызықтырған. Осының бәрі Мәшһүр Жүсіп жинаушылығының негізін құрайды. Міне, бұдан біз Мәшһүр Жүсіптің фольклористік концепциясы оның демократиялық, ағартушылық көзқарастарынан туындағанын көреміз [3].

Ауыз әдебиеті мен фольклорлық үлгілерді жинау барысында Мәшһүр Жүсіп белгілі бір жинау принциптеріне сүйенген. Ол ақынның ағартушы-демократиялық көзқарастарынан туындаған. Ең алдымен айтатын нәрсе: Мәшһүр Жүсіп фольклорды өзгертуге, түзетуге жатпайтын асыл мұра деп білген, мәтінді сол қалпында хатқа түсіру шартын ұстанған. Сол себепті, Мәшһүр Жүсіп кімнен не алса да көрсетіп отырған.

Мәселен, «Әз Тәйтеке би» әңгімесінде бірнеше мәтелдер шоғыры беріледі де, оның иесі, яғни жеткізушісі есебінде төрт Шөмекейге қараның ханы болғанын тілге тиек еткен.

Мұндай мысалдар ақын қолжазбасында көптеп кездеседі. Екінші – фольклорды – тұрмыстың қажеті, елге білім, тәрбие беретін құрал деп білген. Сондықтан, әр мәтіннің шығу тарихына, айтылу жағдайын, қалай тарағанын анықтап отырған. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп жинаған «Малшы Алтай» әңгімесі. Мұнда Қуандықтың баласы Алтай деген жігіттің Піспекбайдың жылқысын ерінбей, жалықпай тер төгіп, адал еңбегі арқасында жұттан шашау шығармай аман алып шығуы баяндалады. Жылқышының таза көңіліне, адалдығына т.б. қасиеттеріне тәнті болған бай оған өз қызы Байбикені қосады. Кейін осы қызы Байбикеден туып, тараған ел «Жоғарғы Алтай» аталатындығы сөз болады.

Сондай-ақ Байбике өлген соң, бай Алтайға екінші қызы Аққоянды да беріп, одан «Төменгі Алтай» деген ел тарайтындығы баяндалады. Міне, көріп отырғанымыздай, адал еңбегі арқасында малшының да мұратына жеткендігін баяндай отырып, Мәшһүр Жүсіп өз заманындағы жастарға – осы іс-әрекетті үлгі ретінде ұсынады.

Жоғарыдағы деректерге қарағанда Мәшһүр Жүсіптің фольклорлық үлгілерді тек үлгі-өнеге т.б. үшін ғана жинамаған тәрізді. Автор сол нұсқалар арқылы өзіндік ой-топшылауларын да бірге беруге тырысқан. Яғни фольклорды – халықтың сана-сезімінің өзіндік көріну формасы деп бағалағандығын көруге болады. Ал, бұл

Мәшһүр Жүсіптің жинаушылық пен зерттеушілігінің бір арнада тоғысқандығын дәлелдейді.

Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіп фольклорды – ауызша тарих, тарихтың көзі деп тануы. Бұған, мәселен, Абылай ханға қатысты 16 әңгімелер цикілін келтіруге болады. Мұнда ханның жас кезінен қайтыс болғанға дейінгі кезеңдері келтіріледі. Жалпы бұл әңгімелерде қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын қалмаққа қарсы елдің бостандыққа, тәуелсіздікке күрес жолы сипатталған. Яғни қиын қыстау кезде ел басына хан боп көтеріліп, өзінің сенімді билері мен батырларына сүйенген хан Абылайдың жаужүректілігі, даналығы, ақылдығы, тапқырлығы, ең бастысы – елдің бірауыздылығы, бірлігі, татулығы, ынтымақтығы т.б. арқасында халықтың өз арманына, мұратына жеткендігі айтылады.

Мәшһүр Жүсіптің жазбасында тарихи-шежірелік, этнографиялық сипат басым екендігін байқаймыз: адамның тегін анықтау, руын, ортасын айқындау, яғни кейіпкердің туу, өсіп-өну, атақ-даңққа ие болу жолдарын нақты көрсету бар. Бұған ақынның тарихи фольклор мен көркем қиял фольклордың айырмашылығын білгені, ескергені байқалады. Яғни белгілі бір тарихи оқиғаның уақыт өткен сайын, әрі өзінің бастапқы шынайы қалпын сақтай отырып, әрі ел нанымына сәйкес көптеген өзгерістерді қабылдап бірте-бірте фольклор нұсқасына жақындай түсетіндігін Мәшһүр Жүсіп жақсы түсінсе керек. Сол себепті тарих пен фольклор арасын ажыратып отыруға тырысқан. Мәселен, тарихи тұлға Едігеге қатысты шоғыр әңгімелерді топтастыра жинай отырып, ол турасында мынадай өзінің көзқарасын да берген: «Біздің қазақта атақты, даңқты үш батыр болған. Бірі – ер Едіге, бірі – кара Қыпшақ Қобыланды, бірі – Тамадан шыққан Шора батыр. Осы үшеуі өз бетімен көшіп-қонып жүрген жандар.

Ұры қартайса, сопы болады,

Қар қартайса, бибі болады.

Бүркіт қартайса, тышқаншы болады,

Шал қартайса, жасын-дағы,

Көрген-білгенін былшылдап,

Ертекішіл болады-дағы,

– демекші, ер Едігеден естігенімді сөйлейін... Мұны ертегі қылып сөйлеушілер әр түрлі сөйлейді. Ақымақтың тізгіні – құлағы, ғақылдының тізгіні-көңілі, ақымақ не нәрсені естісе, естігеніне қанағат қылады, қатықтай қатып, сүттей ұйып тұра қалады. Ғақылды не нәрсені естісе, естуіне қанағат қылмайды, ғақылына салып,

көңілінің дауалауына тоқтайды. Бұрынғылардан қалған үлгілі сөз бар, батыр деген бір барақ ит, екі қатының бірі табады, би деген ақсағарат ілуде бір-ақ қатын табады деген. Осы Едігені Тоқтамыс ханның төресін бұзып, төре беретұғын би қылып қойды. Бетіне жан пар келмейтін ер де, батыр да қылып қояды. «Екі қылыш бір қынға сыймайды, екі тілеу бір көңілге сыймайды».

Мен өзім Едігені ер деп, батыр деп әбден білемін, билік айтты дегенге нанбаймын. Кім болсын, ол болсын, Тоқтамыс ханның «өзінен тумай ұл болмас, сатып алмай құл болмас», – деп көзін жойылтуға қастық ойлағанын біліп, сезіп қалып Едігенің қашқаны рас», – делінген.

Міне, бұдан біз ел арасында кең таралған Едігеге қатысты сюжеттерді Мәшһүр Жүсіп жинай жүрсе де, олардың қайсысы шындыққа жақын келетініне, ал қайсы бір нұсқалары халық арманына сай «идеализацияланғанына» да назар аудартады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ фольклористикасының тарихы. – А., Ғылым. – 1988.

2 Қазақ фольклористикасы. – А., Ғылым. – 1972.

3 Радлов В. В. Жинаған қазақ фольклорының үлгілері. – Алматы, Ғылым. – 1994.

МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СИНОНИМДЕР ҚОЛДАНЫСЫ

КАЖИБАЕВА Д. К.

филология магистрі, оқытушы, Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, Павлодар қ.

Абайдың сөз өрнегіне талдау жасаған Р. Сыздықова: «Тұлғалары бөлек, мағыналары жуық сөздер болып табылатын синонимдер – поэзия тілінің ең бір қажетті құралы. Синонимдік қатардағы сөздердің біреуін таңдап алу ақынның айтпақ ойын (идеясын) дәл беру, ұсынбақ образды әсерлі етіп шығару сияқты шарттарды жүзеге асырады. Синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңкі бар, ұқсас мағыналы сөздер бөлек, олардың қолданысы көркем әдебиетте, әсіресе өлең тілінде ерекше орын алады. Өйткені поэзияда әрбір сөздің мағыналық та, стильдік те жүгі ауыр келеді» [7, 80], – деген баға береді.

Синонимдерді таңдауда нағыз шеберлік танытқан акынның бірі де бірегейі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Акын шығармаларынан синонимдерді қолданудың түрлі тәсілін байқауға болады. Солардың бірі – синонимдердің қайталанулары. Ондай жағдайда синоним сөздер өзара қосарланып не бірыңғай қатынаста айтылады. Синонимдерді қайталау – автор тілін әрлендірудің тұрақты тәсілі. Сөздердің мағынасы мен экспрессиясын күшейтіп, көркем дәлдік жасау тәсілі болады. Мәселен, акын белгілі бір ұғымды әр қырынан толық сипаттап беру үшін екі немесе үш-төрт синоним сөзді қатар қолданған.

1. Сайрауға дәрменім жоқ, тұрмын қажып,
Ұзын түн ұйқы көрмей жүдеп, азып.
Әшһәрәт апат деп айтқан хәдис,
Мен жүрмін құтыла алмай, тілден жазып [4, 24].
2. Өмір бойы ұшырамай бізге молдық,
Табысымыз көп болса ат пен тондық.
Әкемді өлтірген жаудай болды,
Кедейлік, кемтаршылық, қысқа қолдық [4, 140].
3. Дос, жолдас қылам десең қауым, көпті,
Бойыңа үйір қылма өкпе, кекті.
Жамандыққа жақсылық мінез қылып,
Бола бер бәріне де ыңғайлы, епті [4, 92]
4. Шарасыз, амалсыздан жүріп едік,
Қай түрлі айдауына көніп едік.
Басқаны мал мен жанның ақша болып
Қысымдық талай жаннан көріп едік [4, 34].
5. Армансыз болар едім деп шуласып,
Бір ұрттам мөлдір, тұнық судан ішкен [4, 16]
6. Жаратып он сегіз мың ғалам мүлкін,
Ешбірінің кем қылмай ажар, көркін [4, 35]
7. – Ай, күн, жұлдыз, ағаш, шөп-шашбауыңмен.
Ажарланып, көркейткіп кір! – деп түрге [4, 35].
8. Әбужаһил лағындай масқара боп,
Өтірік жалған сөйлеп, желдей есіп [4, 56].
9. Кекіліктің жұмыртқасы суретінде
Еді олар көрмектікке реңкі, түрі [4, 97].
10. Жас ұлан мен жынысы әйел-кедей тобы
Асып тұрсын еркіндік, бостандықты [4, 118].
11. Ерік, ықтияр өзінде жоқтығынан
Не жаудыр көз құса боп, қыршын кетті [4, 118]

12. Көл құрып, аққан дария су тартылған.
Ұртты ауыртқан құр бос сөз көп айтылған [4, 119].
13. Ер едім талай бұзған қамалыңды,
Құрытқан қулық, айла, амалыңды [4, 124].

Жоғарыда келтірілген өлең жолдарынан М.Ж.Көпеевтің синонимдерді өлеңнің бір жолында қатар келтіріп, градация арқылы оның экспрессиясын арттыру тәсілін ұтымды да жиі пайдаланғаны көрінеді. Мысалы: «ұзын түн ұйқы көрмей жүдеп, азып» дегенде лирикалық қаһарман басындағы ауыртпалықтың салмағы өсіп, жан-дүниесіндегі күйзеліс, қиналыстың ұлғая түскені айқын көзге ұрады. «Әкемді өлтірген жаудай болды, кедейлік, кемтаршылық, қысқа қолдық» дегенде үш синоним сөз бірін-бірі үстемелеп, айтылмақ идеяны күшейтіп тұр. Үшінші үзіндіде акын дос, жолдас, қауым, көп, ыңғайлы, епті деген төрт синонимді қолданған. Осы арқылы өлеңнің тәлімдік мәніне көңіл қойғызып, өзі айтқан ақыл-насихатқа бой ұсынуды бекіте түседі. Келесі өлең жолында «шарасыз, амалсыздан» синонимдері қатар келу барысында патша отаршылдарына бодан болған қазақ халқының дәрменсіз кейпін аша түсуге қызмет етіп тұр. «Мөлдір, тұнық» синонимдері әуе айналып, жерге түскендей ыстықта ұзақ жол жүріп қалжыраған жұрттың шөлден көрген азабымен қоса, патша тілін алып бір-бір ұрттап, соған тойған жандардың қанағатшылдығына баса көңіл бөлігеді. Алланың адамға деген мейірімін, рақметін дәлелдей түсу үшін акын «ажарланып, көркейіп», «ажар, көрік» сөздерін қатар қолданып, айтылар ойды әсерлей түскен. Акын Әбужаһил лағынның ұнамсыз қылығын масқара етіп сынаумен бірге, адам баласының мұндай қылықтан сақтану қажеттігін ескерту мақсатында «өтірік жалған» синонимдерін тіркестіріп қолданады. Көксеген арман-мұратына қол жеткізген халықтың зор қуанышын бейнелеуде «еркіндік, бостандық» сөздерін жарыстыра жұмсайды. Аңсаған арманына жете алмай құрбан болған жастардың мұң-зарын «ерік, ықтияр» синонимдерін қатар қолдану арқылы жеткізуге ұмтылады. Келесі бір үзіндіде сөз тындап, сөз ұғарлық еркін ойлы азаматтардың аздығымен бірге, асыл сөздің қадірсіз болғандығын «құр бос сөз» тіркесі арқылы ашуға күш салады. Соңғы мысалда «қулық, айла, амалдан» бойын аулақ салып, зеректік танытса да, оның пайдасын көрмей қамыққан лирикалық қаһарманның көңілі сезіледі.

Енді бірде синонимдер алдыңғы сөйлемде немесе қатар тұрған текте бір рет пайдаланған сөзді қайталамас үшін қолданылады.

1. Барамын бұл жалғаннан мен уайым жеп.
Гүл үшін, тікен болды, жатқан жерім,
Барады бір ашылмай ішкі кірім.
Зарығып бұ қайғыдан қаңлар жұтып.
Тарқалмай бұл жалғаннан кеткен шерім [4, 26].
2. Қазағым, «өнер» – ұрлық – зорлық,
Қыласың бір-біріңе неге озбырлық.
Болғаннан алты ауызды ынтымақсың,
Басыңа келген жоқ па талай қорлық [4, 60].
3. Тауып ал, тұман түспей тұстасыңды,
Жолдас бол, сынап алып қостасыңды.
Баласы дін-мұсылман ұрандасып,
Қосыл кісі санына, қос басыңды [4, 60].
4. Көрінген көзге жылы бет емес пе,
Құдайға суық жүзді шет емес пе [4, 24].

«Синонимдерді таңдайтын тұстар әр түрлі: ұйқас жасауда да ақын синонимдердің көмегіне жүгінеді, бір сөзді шағын микро-тексте, яғни бір сөйлемнің ішінде немесе қатар келген өлең жолдарында қайталамау сияқты қарапайым шеберлік үшін де синонимдер қатары пайдаланылады» [1, 80], – дейді тілші-ғалым Р. Сыздықова. Жоғарыда келтірілген мысалдардан ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев те бұл тәсілді айналып өтпегенін көруге болады. Аллаға құлшылық етіп, ғашық болған жанның зар-мұңын танытуда бірде «уайым», бірде «шер» сөздерін қолданған. «Зорлық, озбырлық» синонимдерін пайдалану арқылы келеңсіз қылықтардың ел ішіне кең тарап, халыққа зиянын тигізгенін ашып көрсетеді. «Тұстас, қостас» синонимдерін қолдана отырып, ақын бірлікке, ынтымақшыл болуға шақырады. «Бет, жүз» сөздері өзара синонимдес болуымен бірге, жылы және суық сөздерімен тіркесіп келіп, қарама-қарсылық мән тудырып айтылар ойдың салмағын асыруға септігін тигізген.

Сондай-ақ ақын шығармаларынан тілдегі синонимдерді жекелеп те, кезектестіріп те, жұптап та, топтап та қолданғанымыз сияқты, бұларды қосарлап та пайдаланғанын байқаймыз.

1. Жиылса сәлемдеспей қырын қарап,
Ас ішпей сарылумен атша жарап.
Ұзақ күн біткен сөз жоқ керіс-тартыс,
Кетеді «күнде ертеңмен» кешке тарап [4, 36].
2. Хакімде Хүкіметші ғаділдік жоқ,
Параны көп жейтұғын сол өнерде.

- Сабатып ат-айғырды қан сорпа ғып,
Чиновник қырып-жойып жүрген елде [4, 40].
3. Хажы мен хожа-молда көбейген соң,
Күшейді өштік-қастық ел арасы.
«Құдай» деп бір жанының қамын ойлап,
Тұратын жан көрмедім қысы-жазы [4, 42].
4. Жолына кеттін түсіп ғылым-білім,
Болад деп қандай күйде жұртым-елім,
Дәрмен жоқ күресуге іш қайнайды,
Айта алмай переводтап қызыл тілім [4, 53].
5. Жастықта біз білмедік нәпсі тыя,
Кез келіп бір биік шың қызыл қия.
Сол қыздың ажар-көркін түгендеуге,
Шақ келмес қалам, қағаз, қара сия [4, 67].
6. Бұл күнде ерік-ықтияр бізден кеткен,
Қатын көп байды уқалап мыж-тыж еткен [4, 72].

Ақын синонимдік қатарларды қосарлап қолдану арқылы белгілі бір құбылыстың өсу, ұлғаю, тарау мөлшерін байқатып, өлеңнің стильдік жүгін молайта түскен. Халықтың алауыздығын, ынтымақсыздығын өзара синоним болып табылатын «керіс, тартыс» сөздерін қосарлап қолдану арқылы дәлелдей түседі. Чиновниктердің елді талан-таражға салған басбұзарлық әрекеттерін әшкерелеу үшін «қырып, жойып» сөздерін де қосарлап жұмсайды. Хажы, қожа-молдалардың ұнамсыз мінез-құлқын танытуда ел арасында күшейген зобалаңды қосарланған өштік-қастық сөздері арқылы бейнелейді. «Елім-жұртым» синонимдерінің қосарланып келуі лирикалық қаһарманның халқына деген сүйіспеншілігін, жанашырлығын баса көрсетуге негіз болып тұр. Келесі бір үзіндідегі «ажар-көрік» синонимдері қыздың сұлулығын, әсемдігін бейнелеуге қызмет еткен. Көркем проза тілін зерттеген Б. Шалабаев: «Синонимия – ұлттық тілдің айқындылығын дәлдігін, икемділігін, бейнелегіштік күшін көрсететін тілдік құбылыс. Тілдегі синонимдерді пайдаланып, керегіне жаратпайтын жазушы жоқ. Ал белгілі бір жазушының тіліндегі синонимдерге талдау жасау оның сөздерді талғап пайдалану принциптері мен өзіндік стиліне тән сөз қолдану ерекшеліктерінен біраз мағлұматтар береді.

Синонимдер көркем шығарма тілінде орынсыз қайталаулар мен мезі шұбалаңқылықтардан аулақ болу үшін ғана емес, ол, біріншіден және ең бастысы стильдік қызмет атқарады, мағыналық жүк көтереді. Шығарма тіліндегі экспрессивтік пен баяндау дәлдігі

синонимдер арқылы жүзеге асады. Өмірлік көріністерді толыққанды етіп суреттеу кейіпкерлерінің ой-сезімдерін жеріне жеткізе дәл беру синонимдердің нәзік мағыналық айырмашылықтарын тап басып, сөз теңізінен керектісін ғана таңдап ала білетін жазушының қолынан келеді» [9, 82], – деп ой түйіпті.

Синонимдерді жеке сөз бен жеке сөз, қос сөз бен қос сөз, фраза мен фраза күйінде ғана емес, араластырып та жұмсай беруге болады. Бұл тәсілді ақын шығармасынан көптеп кездестіруге болады.

1. Кімде-кім қорыққанға алдауменен,
Түлкіше қылып хайла бұлаңдаған.
Болыснай оязбенен жемтікес боп,
Ұрыға тыю-тоқтау қыла алмаған [21, 25].
2. Үшеуі шығып кетті елден безіп,
Қашумен жау жетгілеп тау-тас кезіп.
Қарны ашып, қалжырайтын мезгіл болды.
Түңіліп, тірліктен күдер үзіп [21, 23].
3. Өшпейді өсіп зорайған өтірік, ұрлық,
Қалған жоқ әлімжеттік, әлі озбырлық [21, 32].
4. Қаңғытып, өмір бойы тентіреткен,
Бас қосып, зеректік пен ғылым-білім [21, 15].

Ақын ел ішінде көбейген алдау, арбау, ұрлық, қорлықты тыя алмаған билеушілердің шын бет-бейнесін аша түсу үшін синонимдік қатарларды рет-ретімен және топтап та қолданады. «Түңіліп, күдер үзіп» синонимдерін бірінен соң бірін қолдану барысында соқыр, саңырау, жалаңаш жау қуды деп өз-өздерінен дүрлігіп, ес-түссіз қаша жөнеліп, елден шығып кетіп, оның соңы жарық дүниеден безерліктей халге әкелгенін сынайды. Елді алдап, бұзықтыққа жол берген ел билеушілердің құралы «әлімжеттік, озбырлық» екендігіне қынжылыс білдіреді. Лирикалық қаһарман өмір бойы ғылым-білім іздеп, оқу соңында елден жырақта жүргенін «қаңғыртып, тентіреткен» синонимдері арқылы дәлелдей түседі. Мәшһүр Жүсіп Көпеев өлеңнің айтар ойына оқырман назарын аудару мақсатында синонимдерді қайталау тәсілін, ақыл-насихат сөздердің мәнін ашып жеткізуде бір рет қолданған синонимнің орнына екінші бір түрін жұмсауды қолданады. Ел арасындағы келеңсіздікті, ел билеушілердің жағымсыз келбетін бейнелеуде синонимдерді қосарлап пайдаланса, өлеңде айтылған белгілі бір ойды дәлелдей түсу үшін араластырып та жұмсайды.

Ақын тіліндегі синонимдер тіл байлығын танытумен бірге, белгілі бір мақсатта тиімді жұмсалыуымен де көркем де мағыналы.

Құбылыстың бір қырын толықтырып сипаттауда синонимдерді қайталап қолданады: Өкемді өлтірген жаудай болды, // Кедейлік, кемтаршылық, қысқа қолдық.

Өлеңде айтылмақ ойды күшейтіп, әсерлей түсуде: Сабатып ат-айғырды қан сорпа ғып, // Чиновник қырып-жойып жүрген елде.

Ойды бекітіп, түйіндеп көрсетуде: Тауып ал, тұман түспей тұстасыңды, // Жолдас бол, сынап алып қостасыңды.

Бір құбылыстың бірер қырын жан-жақты ашып бейнелеуде: Қарны ашып, қалжырайтын мезгіл болды, // Түңіліп, тірліктен күдер үзіп.

М. Ж. Көпеев синонимдерді қайталап қолдануда, бірінің орнына бірін алмастырып пайдалануда, жекелеп, топтап, араластырып жұмсауда болсын елді ынтымаққа, бірлікке шақыру, ел билеушілердің өктемдік, зорлығының халыққа тигізген зардабын сынау, жамандықтан жиреніп, жақсылықты үйренуге баулитын үгіт-насихат сөздерді жеткізу тәрізді әлеуметтік маңызды мәселелерді көтереді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Болғанбаев Ә. Синонимдер сөздігі. – А. : «Мектеп». 1985. – 308 б.
- 2 Болғанбайұлы Ә., Ғалиұлы Қ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – А. : «Санат», 1997. – 256 б.
- 3 Көпеев М. Ж. Таңдамалы. – А. : «Ғылым», 1990. – 273 б.
- 4 Көпеев М. Ж. Шығармалар. 1-2 т. «Алаш». – 2003. – 504 б.; «Алаш», 3–4 т. – 2004.
- 5 Оразбаева Ф. Синонимика имени прилагательного в современном казахском языке. Автореф. дисс. на соиск. уч. степ. канд. фил. наук. – А., 1979. – 23 б.
- 6 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – А. : «Санат», 1998. – 208 б.
- 7 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – А. : «Санат», 1997. – 224 б.
- 8 Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – А. : «Білім», 1994. – 128 б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП – ФОЛЬКЛОРАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

КАЛЕНОВА А. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Талдықорған қ.

«Алмас пышақ қын түбінде жатпайды» дегендей, қазақтың көрнекті ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қайта «тіріліп», шынайы мәртебесі көтеріліп, тарихта өз орнын ала бастады.

Ескіше хат таныған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жастайынан ақындығымен көзге түсіп, еліне танылған екен. Білімі мен талантының, ақындығы мен дарынының арқасында ел алдына шыққан дана адам халықтың ауыз әдебиетінің өркендеп дамуына өлшеусіз үлесін қосты.

Мұхтар Әуезов: «Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармауымыз керек. Сондықтан қазақ жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт» [1, 154], – деп жазған екен.

Қай халықта болмасын ежелден сақтап, құрмет тұтатын бас мәдени мұрасының бірі – фольклор. Осы ғылыми салаға үлкен үлес қосқандар Ш. Уәлиханов, В. Радлов пен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ерен еңбектері жоғары бағаланады.

Мәшһүр Жүсіптің халқымыздың фольклорын жинаушылық және жариялаушылық еңбектері – фольклор ғылымының бастауы болып табылады. Оның жинақтаған еңбектерінің, яғни, фольклор үлгілерінің басым көпшілігі – аңыздар мен әңгімелер. Әсіресе, жер-су аттары аңыз болып жетті. Мәшһүр Жүсіп еңбегінің маңыздылығы – ол көп жылдық тәжірибеге сүйеніп, халық аузындағы дүниелерді, халықтық үлгілерді хатқа түсіріп, жазып алу әдісін қалыптастырғандығында.

Қазақтың фольклорлық шығармасын жинауда фольклорану ғылымының жасаған жұмысы ұшан-теңіз. Халық поэзиясының түрлі саласында: тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары, сондай-ақ, ауыз әдебиетінің алуан жанрлары – өлең-жыр, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерінен де мол материалдар жинақталды.

Жалпы фольклорды жинаудың үш тәсілі бар. Бірі – тікелей жинау, екіншісі – тұрғылықты жинау, үшіншісі – экспедициялық тәсіл. Мәшһүр Жүсіп ауыз әдебиетін жинастыруда осы үш әдісті де пайдаланғанын ғалымдардың жазбаларынан білеміз. Ғұлама бала кезінде-ақ, өзі естіген «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш- Баян сұлу», «Төрт жігіттің өлеңі» сияқты жыр-аңыздарды ел ішінде жатқа айтып, көпшіліктің ризашылығына бөленеді. Ол ауызша айтумен қатар, жыр-дастандарды қағазға түсіреді. Ал, өзі өлеңді он бес жасында жаза бастайды. Осындай дарынының арқасында 20–25 жасында Мәшһүр Жүсіп Сарыарқа халқын аралап, серілік құрады. Ол ел аралай жүріп, Абылай тұқымы, Кенесері ханның баласы Сыздықпен, Ақан серімен кездеседі. Ел ішін аралап жүріп, ел аузындағы тәмсілдерді көкейіне құйып, көкірек сүзгісінен өткізіп, еліне рухани азық етіп, қайта ұсынды. Мұндай еңбектерінің басым бөлігі жоғарыда айтқанымыздай, аңыз бен әңгімелер болып келеді. Мысалы, «Асан қайғы», «Ширенше шешен», «Нұқ пайғамбар мен бір кемпір», «Қамбар батыр», «Ер Сайын», «Қозы Көрпе Баян сұлу» «Бозторғай» сияқты туындылар соның айғағы.

Мәшһүр Жүсіптің шығармаға адалдығына тоқталсақ, ол біріншіден, материалдарды кімдерден қандай жағдайда алғанын үнемі көрсетіп отырады. Екіншіден халықтың ұғымын, тіл ерекшелігін сақтап, қағазға түсірген. Үшіншіден, белгілі бір аңыздың тарихилығын, шындығын дәлелдірек деректер қоса келтіріледі. Ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов былай дейді: «XVIII ғасырда өмір сүрген ақындардың ішінен жыры көп сақталған Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіптің еңбегіне қарасаң көңілің тояды. Оқысаң көзің қуанады. Әсем көшірілген. Махаббатқа толы. Көне жазбаны төкпей, шашпай бізге жеткізгені нағыз ұлылық дер едім», – дейді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – ақын, жыршы, ғұлама ғана емес ауыз әдебиетінің жазбаша негізін қалаған ұлы ойшылы.

Ақын қолжазбаларында көптеген ақын жыраулардың өлең мен қиссалары, дастандары т.б. бар: Бұқар жырау, Мәделі қожа, Сақау ақын, Ақан сері, Шернияз т.б. өлеңдері, Қоңырат Сапақ датқа ақын, Үйсін Үмсін қыз, Заман қожа, Тоғжан, Қалдыбай қожа, Шөже ақын, Арғын-Қамбар Жанақ, Найман Сабырбай, Найман Түбек, Найман-Опан қыз, Орынбай, Шортанбай қожа, Күлік-Жамшыбай, Қаракесек Балта, Көтеш, Ақмолла, т.б. ақындар туындыларын қағазға түсірген.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларында фольклордың барлық жанрлары қамтылған. Егер жанр бойынша жіктеп жүйеге келтірсек, ертегілерден 15 шақты мәтін үлгі; батырлық жырлардан – 5–6; ғашықтық жырдан – 2–3; кисса-дастандардан – 11–12; тұрмыс-салт жырларынан – 30–40 шақтысы; аңыз-өңгімелердің – 200–300 үлгісі; жаңылтпаштың – 100–150 шақты көлемі; жұмбақтың қара сөз бен өлең түріндегісі – 50 шақтысы; мақал-мәтелдердің 2,5 мың жолдық мөлшері; ақындар айтысының 27 үлгісі; 30–40 шақты ақын-жыраулардың өлеңдері, дастандары орын алған екен.

Мәшһүр Жүсіптің фольклортанушы ретіндегі баға жетпес құнды еңбектерін жаңа ғасырдағы жас ұрпақтың жадында жаңғырту, дәріптеу, дамыту жұмыстарының жаңғыра бастағаны қазақ үшін, қазақтың болашағы үшін ең керекті маңызды мәселе екені даусыз.

Мәшһүр-Жүсіптің қазақ мәдениеті, этнографиясы, танымы, тарихындағы, әдебиетіндегі еңбегі – ауыз әдебиеті үлгілерін жинап кейінге жеткізуі. Ақын халық әдебиетінен әлеумет мәселесіне арналған неше алуан шағын, көлемді шығармалар, ұзақ оқиғалы хикаялар, айтыстар, шежірелер, тарихи материалдар фольклор үлгілерін қалдырған. Сонымен бірге ақынның араб, парсы, шағатай тіліндегі көшірмелерін қосқанда қазақ мәдениеті, тарихы, өнері, танымы, әдет-ғұрып, салт дәстүр т.б. құндылықтарын жинаған бағалы мұра екендігі анықталады. Ендеше Мәшһүр-Жүсіп – фольклор негізін салушы. Ел аузындағы сөздердің маңызына, қажетіне алғаш мән берген адам. Халық тұлғаларына алғаш баға беріп, жұртқа насихаттаған таратушы. Мұғалім қарамен жазылған әр сөйлемді тарата айтып, дәлелдеп өтсе, Мәшһүр-Жүсіптің еңбегінің ашыла түседі.

Ақын өлеңдерінде адамгершілікті, имандылықты айтып, адамдықты, жырға қосады. Адалдықтың тіліне сенім береді. Бірақ, оның әдіс, жолдары әр түрлі. Адалдықтың туы мәңгілік желбірейтінін бір шығарма кейіпкерлер ісі арқылы, бірі мақсатына жетіп, бақытты ғұмыр кешкен өмір арқылы, бірі ел сүйіспеншілігіне, халық құрметіне бөленген сый-сияпат арқылы суреттейді. Ал, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдерінде Құдай қалаған жол, ислам діні нұсқаған бір ғана соқпақ-имандылық, дүниенің жалғандығы, адам үшін бар байлық жан-дүниесін таза ұстау екендігін баса айтады.

Қайырдан аз да болса көрген пайда, – деп басталатын «Жарты нан» өлеңінде айдаһардың қолына түскен адамды отыз күн ұстаған

оразасы мен бес уақыт оқыған намазы емес, қайыр ғып біреуге берген жарты наны құтқарады. Намазды, оразаны мал жиған молда да, қару ұстап, жазықсыз жандардың қиянат баскескер де оқиды. Олар қатыгез, имансыз, тура жолдан тайғандар. Ал, қайырымдылық, басқаны сыйлау, көмек көрсету әркімнің қолынан келе бермейді. Сол қайырымдылықты бүтін етіп жасау жөн Ұлы ғұламаның фольклор үлгілерін жинаушы екендігі айтыла келіп, Жиренше шешен туралы «Жақсыдан жаман тумайтыны» деген аңыз өңгімесі бар.

Жиылса бір араға тамам түтін,

Түтіннің не болатын көрдің бетін.

Қайыр, ықсан, сауапты-жарты қылмай,

Қыла гөр күні бұрын соны бүтін [3], –

Жомарттық, қайырымдылық, басқаға деген мейірім адамның иманын нұрлы етеді, өзгелерге сыйлы қылады. Сондықтан «қолы бүтін адам» «бүтін қайыр беруі» қажет.

Осы дүниелердің сыры мен мәнін ашып түсіндіре білген Мәшһүр Жүсіп дін, дін жолы адамның ізгілігі мен мейірімі, өзгеге жасаған қайырымымен өлшенетінін түсіндіреді.

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлғалардың бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұрпаққа қалдырған көркем мұрасы ұшан теңіз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген кезеңде жазылған шығармалары XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезі. Қазақтың ең бір шұрайлы да шалғынды жерлері орыс переселендерінің иелігіне көшкен шақ болатын. Сондықтан да болар, ақынның 1907 жылы жарық көрген кітабы «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталады. Ақын шығармалары жанры жағынан да мол салалы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары: ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, көлемді дастандарға, тіпті XX ғ. екінші жартысы, XX ғ. бас кезі үшін сирек кездесер естелік, өзі жайындағы өмірбаяндық шығармаларға дейінгі аралықты қамтиды. Бұның ортасында ақынның өлеңдерінің өзін жанрлық жағынан бірнеше топтарға бөлуге болады. Мәшһүр жастайынан сөз білер жандармен қатар жүріп, солардың мәнді сөзін жинай жүреді, баға бере жүреді. Ақын-діни сауатты, дін тарихын, ислам заң, қағидаларын терең білген адам. Оған дәлел діни дастандары мен басқа да шығармалары. Осы тұста Мәшһүр-Жүсіптің қазақ даласына мұсылман, адамзат, әлем мұраларын жайған тұлға болумен де орны өзгеше. Құранды қазақ ұғымына, ұлт танымына лайықтап, жұрт жайына қарай түсіндірген білгір молда да.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Әдебиет тарихы – Алматы: Ана тілі, 1994. – 215 б.
 2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Т. 3. Шығармалары – Павлодар: ЭКО, 2006. – 389 б.

«САПАРҒАЛИ МЕН НҰРЖАН» АЙТЫСЫ ТІЛІНДЕГІ ИНВЕРСИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

АҒАЛИЕВА Н. Б.

ф.ғ.к., доцент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

КАНЗЕЛХАН А.

магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Айтыс – ауыз әдебиетіміздің асқар шыңы. Бұл өнерде тіліміздің аршылмаған қатпарлы бай қазынасы жік-жігімен оралымға түсіп отырады. Сондықтан айтыс өнері тілдік қорымыздың барынша молайып, түрлі түске боялып, түрленіп түлеуіне негіз болатыны сөзсіз. Айтыс – ауыз әдебиетіндегі ерекше жанр. Оның бірнеше түрі бар:

- 1 Бәдік айтыс
- 2 Жар-жар
- 3 Жануар мен адамның айтысы
- 4 Өлі мен тірінің айтысы
- 5 Жұмбақ айтыс
- 6 Салт айтысы: 1) қыз бен жігіт айтысы; 2) ақындар айтысы
- 7 Осы күнгі айтыстар.

Айтыс түрлерінің ішіндегі бірегейі, өзіндік сөз саптауымен айшықтала түсетін – жұмбақ айтыс үлгісі болмақ. Жұмбақ айтыс айтыс атаулының ішіндегі ең күрделісі десек артық айтқанымыз болмас еді. Себебі бұл айтыс ақынның тек суырып салмалығын ғана емес, жан-жақты білімділігін, тапқырлығын, шапшаң ой қорытуын талап етеді. Сондықтан да болар бұл айтыста өнер көрсеткен ақындарымыз саусақпен санарлық қана. Бұл да болса аталмыш айтыс түрінің күрделілігін көрсетеді.

Жұмбақ айтыс адамның сана-сезімінің, таным-түсінігінің даму, өсу, табиғаттың әр түрлі құбылыстарын танып-білу кезінде, яғни, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен әдет-салтына орай туындаған. Бұл айтыс төңірегінде «Сапарғали мен Нұржан», «Әсет пен Ырысжан», «Қожахмет пен Әубәкір» сынды айтыскерлердің өнерін паш етуге болады.

Бұл мақаламызда «Сапарғали мен Нұржан» айтысының тіліне үңіле отырып, ондағы инверсия құбылысының қолданысын зерделейтін боламыз. Әуелі, «инверсия» ұғымына тоқталып өтсек. Ғалым Р. Сыздықова пікірі бойынша: «Инверсия – сөйлем ішіндегі бір-біріне қатысты сөздердің, сөйлем мүшелердің, күрделі сөз оралымдарының әдеттегі орын тәртібінен бұзылып берілуі. Бұл бұзылу тіл нормасынан жөнсіз ауытқу емес». Яғни, инверсия – сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып өзгеше тіркестер құратын фигураның бір түрі. Бұл поэзияда да, прозада да көрініс тауып жатады. Р. Сыздықова өлең құрылысындағы инверсияның рөлі мен қызметі зор екендігіне тоқтала келіп, оның тек ырғаққа байланысты жасалмайтындығын айтады. Өлең жолдарындағы сөздердің (сөйлем мүшелерінің) орындарын өзара алмастыру немесе бір сөйлем болып келетін бірнеше жолдардың орнын ауыстыру арқылы айтылмақ ойдың білгілі бір бөлігіне екпін түсіру, сөзді мәнерлеу, модальдық реңк беру сияқты бірнеше мақсаттың жүзеге асырылатындығын нақтылай түсе, өлең синтаксисінің проза синтаксисінен басты ерекшелігінің бірі инверсияда жатыр деп түйіндейді [1, 108].

Қазақ тілінде сөйлем мүшелерінің өзіндік қалыптасқан орын тәртібі бар екендігі анық. Яғни, баяндауыш бастауыштан кейін орналасса, тұрлаусыз мүшелер өздеріне қатысты мүшелерден бұрын келеді және құрмалас сөйлемдердегі басыңқы сыңар бағыныңқы сыңардан кейін келеді. Алайда, бұл тұрақты түзіліс, өлең синтаксисінде инверсияға ұшырап, орын ауыстырады. Ғалым тілімен айтқанда бұл «бұзылыс» әдетте өлеңнің бойына біткен табиғи қасиетінің бірі болады да, «күлак кеспейді» [1, 109].

«Сапарғали мен Нұржан» айтысына үңіле отырып инверсия құбылысының мольнан қолданысқа түсендігін аңғарамыз. Бұл айтыс тілінің өзгешелініп, жаңа сипатқа енуіне, көркемдік көрігінің қызуына түрткі болары анық. Ойымызды дәлелді жеткізу мақсатында мына үзіндіге назар аударсақ:

Құрметті, көп-көп сәлем, мырза Нұржан,
 Жаралған бір жігітсің рухың нұрдан.
 Көп күн боп көрмегелі келіп едім,
 Сіздерді таба алмадым мекеніңнен.
 Жөнінен сағынғандық жаздым дахи,
 Жиһанда жігіт болмас сіздей сахи.
 Екі-үш күн қонақ болып Мензелікте,
 Көрмекке нәсіп етті сізді, дахи [2, 246].

Міне бұл тұста Сапарғали ақынның Нұржан ақынға арнап бастаған өлең жолдарынан инверсиялық құбылыстың қолданысына куә боламыз. Нақтылай түссек, «мырза Нұржан», «Көп күн боп көрмегелі», «Сіздерді таба алмадым мекеніңнан», «Жөнінен сағынғандық жаздым дахи», «қонақ болып Меңзелікте», «Жаралған бір жігітсің рухың нұрдан» сынды ауыстыруларды атауға болады. Мұндағы сөздер әдеттегі грамматикалық тәртібі бойынша былайша түзілуі тиіс еді: мырза Нұржан – *Нұржан мырза, көп күн боп көрмегелі - көрмегелі көп күн боп*, сіздерді таба алмадым мекеніңнен – *Сіздерді мекеніңнен таба алмадым*, жөнінен сағынғандық жаздым дахи – *сағынғандық жөнінен дахи жаздым*, Жаралған бір жігітсің рухың нұрдан – *рухың нұрдан жаралған*, қонақ болып Меңзелікте – *Меңзелікте қонақ боп*. Алайда поэзия жанрының ерекшелігіне әрі ақынның сөз саптау стиліне орай сөздер белгілі грамматикалық тәртіптен ауытқып, өлеңнің ырғағына, ұйқасына лайықталып көрініс тапқан.

Бұл айтысты оқи отырып, инверсияның қолданылу жолдарын былайша топтастырмақпыз:

I. Ырғақ пен ұйқасқа сай түзілген инверсия.

1 Баяндауыштың сөйлемнің басында және ортасында орналасуы.

Мәселен: алғашқы шумақтағы «*Жаралған бір жігітсің рухың нұрдан*» өлеңнің алғашқы тармағына сай ұйқасты сақтау мақсатында «а» – «а» баяндауыш тармақтың басында келген. «*Сіздерді таба алмадым мекеніңнан*» ал бұл тұста баяндауыш сөйлемнің ортасында көрініс тапқан. Және мұнда да өлеңнің ұйқасына сай шартты мақсатта қолданылғандығын аңғарамыз. Яғни, «а-а-ә-а» ұйқас түріне сай құрылған. «*Жөнінен сағынғандық жаздым дахи*», «*Көрмекке нәсіп етті сізді, дахи*» өлең жолдарында баяндауыштың тармақ ортасында тұрғандығын байқаймыз, алайда бұл ауыстыру алғашқы шумақтағыдан өзгеше мақсатта орын алған. Нақтылай түссек, негізгі идеяны алдындағы тармақта немесе тармақ басында беру сынды стильдік мақсатта қолданған болып саналады. Кезекті келесі үзіндіге берсек:

Нұржан:

Мен көрдім бір теңізде темір қайық,
Әр пенде пайдаланар көріп лайық.
Үстіне түндігі жоқ үйді тігіп,
Кетеді ризықтанып барша халық [2,50].

Немесе:

Сапарғали:

Бір құс бар қанат жайса дөп-дөңгелек,
Адамнан еш уақыт жүрмес бөлек.
Ұшырса, қондырса да еркі адамда,
Шықпайды маңайынан көлеңкелеп [2, 54].
Нұржан ақынның сөзіндегі «*Мен көрдім бір теңізде темір қайық*», «*Әр пенде пайдаланар көріп лайық*», «*Кетеді ризықтанып барша халық*» баяндауыштар сөйлемнің басында және ортасында келген. Бұл шумақтың алғашқы тармағындағы ауыстыру «темір қайық» тіркесіне ой екпінін түсіру мақсатында қолданылған. Ал қалған тармақтардағы баяндауыштың орын ауыстырылуы алғашқы тармаққа сай ұйқас шартына бағындырыла қолданысқа түскен. Ал Сапарғали ақынның жұмбағына келер болсақ, мұнда да баяндауыш тармақ басында және ортасында көрініс тапқан. «*Адамнан еш уақыт жүрмес бөлек*», «*Шықпайды маңайынан көлеңкелеп*» бұл жолдарда да ырғақ, ұйқасқа жүгіндіре баяндауыштар тұрақты орнынан ауыстырылған.

Сапарғали:

Бір жансыз жолбарыс бар, екі тілі,
Байлаған екі шынжыр бекем мұны.
Жүрісі бір шарбақта әм тұрысы,
Дауыстап уақытымен шығады үні.
Алты пар шаян, отыз пар шегірткесі,
Шырылдар дамыл таппай күні-түні.

Немесе:

Аты бар, серке жансыз, он екі қозы,
Жүрмейді рұқсатсыз ешбір өзі.
Осыған екі қасқыр көп таласып,
Ақылмен қамар бір күн келсе кезі [2, 255]. Бұл жолдарда: «*Байлаған екі шынжыр бекем мұны*», «*Шырылдар дамыл таппай күні-түні*», «*Жүрмейді рұқсатсыз ешбір өзі*» бастауыш тармақтың басында келсе, ал «*Дауыстап уақытымен шығады үні*», «*Ақылмен қамар бір күн келсе кезі*» бұл тұста баяндауыштың сөйлем ортасынан орын тепкенін аңғарамыз. Мұндай ауыстырулар ақынның сөз саптау стиліне сай көрініс тапқан.

Мен көрдім сырқауланып, көп ғаламат,
Жатқаным төсек тартып отыз күн нак.
Аға-іні, жос-жарлардың дұғасында
Көп шүкір, бас көтердім сау-сәламат.

Пенденің бәрі алынбас ілтифатқа,
 Жетеді қолмен істеп кім мұратқа?
 Әр жерден риздығымызды құстай теріп,
 Дахида келіп жеттім сіздің жаққа [2, 247]. Сапарғали ақынның бұл жолдарынан «*Мен көрдім сырқауланып, көп галамат*», «*Жатқаным төсек тартып отыз күн нақ*», «*Көп шүкір, бас көтердім сау-саламат*», «*Пенденің бәрі алынбас ілтифатқа*», «*Жетеді қолмен істеп кім мұратқа?*», «*Дахида келіп әсеттім сіздің жаққа*» баяндауыштың орын ауыстырғандығын байқаймыз. Алғашқы шумақтағы ауыстыру лирикалық қаһарманның айтпақ ойына тындаушы назарын толық аударту, бұдан әрі айтылатын мәселеге көңіл бөлгізу мақсатында ой екпінін қолданғандықтан ауыстыру орын алған. Ал келесі шумақта ақын ұйқас шартына сай баяндауыштың орнын ауыстырып қолданып отыр.

2 Бастауыштың сөйлем соңында орналасуы.

Шыныға басқа алмастан темір өтпес,

Ұсталар балға, төспен істеп жетпес.

Сынса егер іші қуыс бөтелкелер,

Бірігіп, еш уақытта қайта бітпес [2, 57].

Сапарғали ақынның жұмбағына берген Нұржан ақынның жауабына назар аударсақ, үшінші тармақта «*Сынса егер іші қуыс бөтелкелер*» бастауыш сөйлемнің соңында көрініс тапқан. Бұл ауыстыру арқылы автор «бөтелкелер» деген сөзге ерекше көңіл аударту мақсатында тармақ соңында қолданған. Және бұл сөзге екпін түсіре отырып, соңғы тармақтағы ойға жетелеген.

Ол тауда жаратылған екі дарак,

Әуелде Хақ-Тағала пәрменімен,

Өсіпті он бұтақты екі терек [2, 63].

Сапарғали ақынның жұмбағына назар салсақ, «*Ол тауда жаратылған екі дарак*», «*Өсіпті он бұтақты екі терек*» бастауыштың тұрақты орнын ауыстырғандығына куә боламыз. Алғашқы тармақтағы «*дарак*» сөзі «биік, мәуелі терек, ағаш» деген мәнде тұр. Бұл жерде бастауыштың орын ауыстыру арқылы автор айтпақ ойын нақтылай түсу мақсатында логикалық екпінді пайдаланған. Ал келесі тармақтағы «*Өсіпті он бұтақты екі терек*» дегендегі бастауыш өлеңнің ырғағына сай құрылған.

Теңізде үш есігім салған үш жол,

Дегенде бір сәтті күн жаратылды ол. Сапарғали жұмбағындағы «ол» бастауышы тармақ соңына келген. Әрі бастауыш есімдіктен болған. Және сәтті күні тек оның жаратылғандығын нақтылап

тұрғандығын ескере келе, бұл тұста ой екпінінің түсірілгендігін аңғарамыз.

3 Пысықтауыш, толықтауыш мүшелерге қатысты сөздердің (көбінесе баяндауыш) орын алмасып келуі.

Құрметті, көп-көп сәлем, мырза Нұржан,

Жаралған бір жігітсің рухың нұрдан.

Көп күн боп көрмегелі келіп едім,

Сіздерді таба алмадым мекеніңнан.

Жөнінен сағынғандық жаздым дахи,

Жиһанда жігіт болмас сіздей сахи.

Үш күн қонақ болып Меңзелікте,

Көрмекке нәсіп етті сізді, дахи. Бұл шумақтарда «*Жаралған бір жігітсің рухың нұрдан*» тармағында жанама толықтауыш пен оған қатысты сөз, дәлірек айтқанда, баяндауыш орын ауыстырған. Яғни, тұрақты орны *неден жаралған? Нұрдан жаралған*» болуы тиіс. Сонымен қатар бұл үзіндіде мекен пысықтауыш та кездеседі. «*Сіздерді таба алмадым мекеніңнан*», «*Үш күн қонақ болып Меңзелікте*» бұл тармақтардағы пысықтауыш пен баяндауыш мүшенің орны алмасып келіп инверсияланып тұр.

Нұржан:

Адамдар мұны алып жүр қолы жеткен,

Өзінің хабары бар шеберліктен.

Шарықты, төрт аяқты, жалғыз тісті,

Ойлаймыз машина деп киім тіккен [2, 257].

Сапарғали:

Мен көрдім патша елінің елі-жұртын,

Қаралар бірдей қылып бауыр, сыртын.

Шілде ауып, жаз ортасы болған кезде,

Қоймайды төбе шашын, сақал-мұртын [2, 258]. Алғашқы Нұржан ақын сөзінде «*Өзінің хабары бар шеберліктен*» тармағында «*Неден хабары бар?*» деген сауал қойылу арқылы «шеберліктен хабары бар» деп жанама толықтауышты анықтаймыз. Бұл жерде де толықтауыш пен баяндауыштың орны алмасқан болып табылады. Ал Сапарғали ақынның жауабына зер сала келе тура толықтауыштардың инверсиялануына куә боламыз. Яғни, «*Мен көрдім патша елінің елі-жұртын*» мұнда *нені көрдім?* деген сұрақ қойсақ, «*Қоймайды төбе шашын, сақал-мұртын*» тармағына *нені қоймайды?* деген сауал қою арқылы тұрлаулы (баяндауыш) және тұрлаусыз (толықтауыш) мүшенің орын алмастырып тұрғандығын

анықтаймыз. Бұл инверсиялану өлең ұйқасына жауап беру мақсатында (Нұржан-нұрдан; жеткен-шеберліктен; елі-жұртын – сыртын – сақал-мұртын) үйлестіріліп қолданған.

II. Белгілі бір мақсатта әдеби қолданылған инверсия

1 Анықтаушы сөз бен анықталушы сөздің орын алмасып келуі.

Инверсияның келесі қолданыс табатын түрі алғашқысына қарағанда өзгеше болып табылады. Бұл – анықтаушы пен анықалғыш сөздің өзара орын алмасып келуі. Бұл инверсия түрі тұрғысында ғалым Р. Сыздықова түркі тілдерінде анықтаушының орны тұрақты болып келетіндігін ескере отырып, кейде белгілі бір сөздің анықтаушылық қызметі тек қана позиция арқылы жүзеге асатынын мәлімдейді. Сондықтан да әдеттегі (прозадағы) нормада анықтаушы тек қана анықтайтын сөзінен бұрын орналасып, екі арнаға өзі тектес өзге анықтаушылар болмаса, басқа мүшелерді енгізбейтіндігін сөз ете келе, анықтаушының осы қасиетіне поэзия синтаксисінің де қорғана қарайтындығын, сондықтан да өлеңде анықтаушының инверсиялануы әлдеқайда кем ұшырайтындығын жеткізеді [1, 11]. Аталмыш инверсиялану тәсілін талданып отырған айтыс түрінен де қарастырып көрелік.

Жөнінен сағынғандық жаздым дахи,
Жиһанда жігіт болмас сіздей сахи.
– үш күн қонақ болып Мензелікте,
Көрмекке нәсіп етті сізді, дахи [2, 246].

Бұл шумақтардағы «*Жиһанда жігіт болмас сіздей сахи*» тармағынан инверсиялық құбылысты аңғарамыз. Мұнда анықтаушы сөз бен анықталушы сөз белгілі грамматикалық тәртіптен тыс орын ауыстырған. Яғни анықтаушы сөз (сахи), анықталушы сөзден соң (жігіт) орналасқан. «*Жиһанда жігіт болмас сіздей сахи – сахи жігіт*» деп қолданылады. Алайда, өлеңнің ырғағы мен ұйқасына сай орын ауыстырылған.

Сапарғали:

Бір нәрсе өзі жансыз, аяғы жоқ.
Су менен шөптен басқа тамағы жоқ.
Ішін ашып қарасаң бір мезгілде,

Тұрады жеген жемі жабағы боп [2, 256]. Үзіндінің алғашқы тармағында «Бір нәрсе өзі жансыз, аяғы жоқ» аталмыш алмастыру орын алған. Сұрақ қою арқылы анықтайтын болсақ, *қандай нәрсе?* деу арқылы «*жансыз, аяғы жоқ нәрсе*» деген жауап аламыз.

Осыдан анықтаушы сөз «жансыз, аяғы жоқ» болса, анықталушы сөз «нәрсе» болмақ.

...Бір үй бар әйнегі жоқ һәм есігі,

Ішінде Құдай берген бар несібі.

Болады бірде жанды, бірде жансыз,

Білмесе Хақ-Тағала, жоқ кәсібі [2, 249]. Бұл үзіндіде «...*Бір үй бар әйнегі жоқ һәм есігі*» жолындағы анықтаушы сөз «әйнегі жоқ һәм есігі» болса, анықталушы сөз «үй» болып тұр. Қандай үй? деп сұрақ қояр болсақ, әйнегі жоқ һәм есігі, яғни «*әйнегі мен есігі жоқ үй*» деген жауап аламыз. Осыдан анықтаушы сөз бен анықталушы сөздің орын алмасуына куә болмақпыз.

Басына бір қалпақты киіп алып,

Ән салар топ ішінде алуан-алуан.

Ағызған судан майын ұрттасаңыз,

Ләззаты артығырақ шекер, балдан [2, 251]. Ал мына шумақтағы «Ән салар топ ішінде алуан-алуан» тармағына тоқталсақ, бұл жерде де анықтаушы сөз (алуан-алуан) анықталушы сөздің (ән) соңында келген. *Қандай ән салар?* деп сұрақ қойсақ, «*алуан-алуан ән салар*» сынды жауап түзіледі.

Сапарғали:

Бар екен бір айдаһар, жалғыз тілі,

Ұқсамас еш сипатқа оның түрі.

Өзі жансыз айдаһар жандыны алған,

Бойы нәзік, аулаған жәндігі ірі.

Шарықты, төрт аяқты, жалғыз тісті,

Жиһанда көре алмадым мұнан күшті.

Икемді әрбір іске шебер қолдай,

Шығарған мұны-дағы адам іскер [2, 256]. Сапарғали ақынның бұл жұмбағынан «Бойы нәзік, аулаған жәндігі ірі» және «Шығарған мұны-дағы адам іскер» деген тармақтары назарға ілігеді. Алғашқысында «жәнтігі» сөзі анықталушы сөз болса, «ірі» анықтаушы сөз болып тұр. Қандай жәндік? Ірі жәндік болмақ. Ал «адам іскер» тіркесіде де дәл осылай анықтаушы сөз «іскер», анықталушы сөз «адам». Осыдан екі шумақта да инверсиялық алмасудың орын алғандығын байқаймыз.

Адамдар мұны алып жүр қолы жеткен,

Өзінің хабары бар шеберліктен.

Шарықты, төрт аяқты, жалғыз тісті,

Ойлаймыз машина деп киім тіккен [2, 257]. Сапарғали ақынның жұмбағына берген Нұржан жауабына үңілетін болсақ, «Адамдар мұны алып жүр қолы жеткен» тармағындағы алмастыруды аңғарамыз. Қандай адамдар? десек *қолы жеткен адамдар* деген жауап туындайды. Яғни, мұнда қолы жеткен – анықтаушы сөз де, адамдар – анықталушы сөз. Демек, талданған шумақтардағы алмасулардың көрініс табудағы мақсаты ой екпінін түсіру болып табылады.

Тәңірінің бар бір құсы,
Қанаты алты, түгі жоқ,
Жерде де жоқ мекені,
Көкте десем, міні жоқ,
Мекенінен шықса өледі,

Оған қылар емі жоқ [2, 261]. Сапарғали ақынның мына бір жұмбағында «Тәңірінің бар бір құсы,

Қанаты алты, түгі жоқ» алғашқы тармақта анықталушы сөз «құсы» берілсе, екінші жолда анықтаушы сөздер «Қанаты алты, түгі жоқ» орналасқан. Бұл орын ауыстыру тармақтағы басты ойды алғашқы бөлімде беру мақсатында, соған көңіл аударту үшін қолданылған. Сондықтан да автор анықталушы сөзді (құсы) алғашқы тармақтың соңында беріп отыр.

2 Көмекші етістіктен келген тіркестердің арасына өзге сөз салып, немесе орындарын алмастырып инверсиялануы.

Бұл инверсиялану тәсілі поэзияда өте сирек көрініс табады. Аталмыш айтыс түрінде де бірен-саран қолданысқа түскендігін аңғарамыз. Мәселен:

Бір нәрсе өзі жансыз, аяғы жоқ.
Су менен шөптен басқа тамағы жоқ.
Ішін ашып қарасаң бір мезгілде,

Тұрады жеген жемі жасағы боп [2, 256], – деген Сапарғали жұмбағының соңғы тармағын «*Жеген жемі жасағы боп тұрады*» деп қарастыратын болсақ, «*боп тұрады*» күрделі етістік тіркесі түзіледі. Ал өлең ұйқасындағы шарттылыққа жауап беру мақсатында автор бұл тіркестің негізгі тұлғасын тармақ басына жіберу арқылы көмекші тұлғасын тармақ соңына қолданған. Сөйтіп араларына сөз салған. Яғни, «*жоқ – жоқ – боп*» деп ұйқасты сақтаған болу керек.

Мұныңыз – ау, тоқыған айламенен,
Осыны балықшылар пайда білген.
Тигізбей жерге етегін, көкке басын,

Қояды суға салып найзаменен [2, 253]. Мына бір үзіндіде «*Қояды суға салып найзаменен*» тармағында «*салып қояды*» күрделі етістікті тіркес түр. Алайда сыңарларының орны ауысып арасына сөз енгізіліп қолданылған. Бұл инверсиялану ритмика-интонациялық талаппен жасалған болса керек.

Ғажап, қайран бір нәрсе,
Елге барып, Нұржан-дос,

Осыны келдім мен көріп [2, 263]. Сапарғалидың бұл жұмбағынан «көріп келдім» сынды күрделі тіркесті аңғарамыз. Алайда бұл үзіндіде негізгі етістік (көріп) пен көмекші етістік (келдім) орын алмастырып инверсия жасап тұрғандығын байқаймыз.

Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, «Сапарғали мен Нұржан» айтысын оқи отырып, орын ауыстырудың түрліше сипатта көрініс тапқандығына куә боламыз. Нақтылай түссек, тармақ ішінде тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің (толықтауыш пен пысықтауыш) өзіне қатысты сөзбен тіл білімінде бекітілген тұрақты орындарын ауыстырып келуі біршама жиі ұшырасады. Ал бұл инверсия түрі өлеңнің ырғағы мен ұйқасына қойылған талапқа сай туындап отыратындығы белгілі. Сондықтан болар шығарма тілінде бұл түрдің ең көп кездесетіндігіне көз жеткіздік. Бұдан бөлек инверсияланудың сирек кездесетін түрлері де қолданысқа түсіп, айтыс тілінің шұрайлылығын арттырған. Поэзияда сөздердің заңды орнын ауыстырып қолданысқа енуі, айтпақ ойына немесе мағынасына еш нұқсан келтірмейді, керсінше өлеңнің ырғағы мен ұйқасын жымдастырып, қиыннан қиыстырып біртұтастық сипат беретін құбылыс деген тұжырым жасаймыз. Мұны аталмыш айтыс түрін зерделей, талдай отырып көз жеткізген болатынбыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыздықова Р.Ф. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. – Алматы; Ғылым, 1970

2 Наушабайұлы Н. Ұйықтама, оян, Алашым! / өлеңдер, толғаулар, ғазалдар, назымдар, термелер, нақылдар, айтыстар, әндер, мысалдар және жыр-шежіре. - Астана: Фолиант, 2014 ж.

3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I.К.Кеңесбаев. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1959ж.

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ ПЕН МҰБАРАК ЖАМАНБАЛИЕВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ БАЛА БЕЙНЕСІ

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

КАНИЕВА Д. А.

оқытушы, Торайғыров университетінің жоғары колледжі, Павлодар қ.

Қазақ балалар әдебиетінің классиктері Мұзафар Әлімбаев пен Мұбарак Жаманбалинов Павлодар облысының тумалары. Екі жерлес ақын да балалар поэзиясын дамытуға зор үлес қосқан. Түп тамыры халықтық педагогикадан басталған бала тәрбиесі тақырыбы М. Әлімбаев пен М. Жаманбалинов туындыларында жаңа қырынан ашылады.

М. Әлімбаев жинақтарының оқырмандарын тез тауып, сүйіктісіне айналуында, сөз жоқ, дарын мен ізденімпаздықтың нәтижесі, балалар психологиясымен жете таныс болуы жатыр. Өзінің шығармашылық жолында М. Әлімбаев әрқашан «өрнектеп ойлап, өлеңмен толғайды». Әрине, балалар ақыны болуы үшін бүлдіршіннің жан-дүниесін білуі қажет. Біліп, ұғып қана қоймай, ол білгенін өлеңмен өрнектей білу керектігі осы сәтте туындайды. Ақын өз ізденімпаздылығы мен еңбекқорлығын осы арада да танытады. М. Әлімбаевтың кішкентай оқырмандары оның кейіпкерлерінен өздерін таниды, себебі ақын кейіпкері әр қырынан көрінеді. Кейде өзінің кішкене кейіпкерлерінің балалық қылықтарына сүйсінеді, зілсіз мысқылмен қағытып қояды, әзілдеп қояды, енді бірде пәк бала көңілін жағымсыз мінездерден сақтандырады, адамдық қасиеттерге шақырады. Алайда ақын бүлдіршіндерді жақсы қасиеттерге үндесе де, жағымсыз қылықтан сақтандырса да, ол мақсаттарын кұрғақ уағыз негізінде емес, жанды бейнелер арқылы танытады, оқырмандарына ой салады, қорытынды жасатады.

Көптеген өлеңдері тың тақырыптарды қамтиды, мазмұны бай, танымдық мәні зор. Мәселен, стюардесса туралы өлеңді қазақ тілінде бірінші жазған – Мұзафар Әлімбаев екен. «Арфа», «Медуза», «Баобаб ағашы», «Пони», «Ақсақалдың ақ батасынан», «Диалог өлеңдері», «Шынықсаң шымыр боласың», «Жаттығу – жанның тынысы», «Жаңбыршы», «Адас атаулар», «Қарама-қарсы қызық сөз», т.б. сияқты тақырыптарды қазақ балалар әдебиетіне әкелген Мұзафар ақын [1, с. 15].

Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен

қабілетінің дамуына ерекше назар аударатынын аңғаруға болады. Педагогтар ақын-жазушылар шығармаларының тәрбиелік мәні басым болумен қатар, білімділік мазмұнға құрылуын тілейді. Оқушылардың сөздік қорын байытатын талғам, ойлы, парасатты көркем сөздер болуын талап етеді. Өлеңдерді тез жаттап айтуына икемді боп тұруын жақтайды.

М. Әлімбаевтың еңбек тақырыбына арналған шағын өлеңді мысалға келтіре кетсек:

«Кіп-кішкентай күректің,
Күнде саған керекпін,
Күре қарын ауланың,
Қопсыт түбін теректің..
Еңбек сүйгіш күректің,
Елгезекке керекпін».

«Күректің жыры» өлеңі. Автор күрекке жан бітіре суреттей отырып, оны үнемі тынымсыз еңбек үстінде көрсетеді. Күрекке баланы қол қусырып отырмай, ауланың қарын күреп, теректің түбін қопсытуға шақырады. Өзінің еңбексүйгіш, елгезек балалармен ғана дос екендігін айтады. Аталмыш өлеңі арқылы ақын бүлдіршіндерді шама-шарқынша еңбектенуге үндейді. Күректің кіп-кішкентай болуы оның бүлдіршіндерге арналғанын меңзейді [2, с. 18].

Мұзафар ақын сөзге үнемшіл. Сөзге үнемшілдік өлең техникасын жете меңгерген шеберлікке тән.

«Ерігу не? Білмеймін.
Зерігу не? Білмеймін.
Неге десең, ешқашан
Ерінуді білмеймін».
Сөз үнемдеуден туған
«Жұмыс» атты өлеңнің бір үлгісі осындай.
Үнемшілдіктің біркөрінісі –
«Ай мен Ая» өлеңі.
«Айдың беті аппақ,
Аяның беті сатпақ.
Неге олай? Ол былай
Бұл ай
Аунамайды жерге,
Шомылады көлге».

Бейнелі, суретті өлең. Автор Айдың қадір-қасиетін айту арқылы Аяның салақтығын танытқан [3, с. 16].

Ақынның «Көктем кімге көңілді, кімге көңілсіз?», – деген өлеңінде де бала кейіпкер көктемгі табиғат көркіне тебірене тұрып та:

«Жолдастарым не білді?

Сол көктемнің өзі де

Болмайды екен көңілді

«Екілік» алған кезінде»,

– деп түйіпті ойын. Осы шумақта ұтымды екі сәт бар. Біріншіден, көктемгі табиғат пен бала көңілі астастырылған, салыстырылған. Екіншіден, көңілсіз көріністі басқа емес, бала кейіпкердің өзім ойындап тұр. Өлең түйініне айналған моральды ақын кейіпкер атынан беріп, орайын тапқан [4, 11 б.].

М. Әлімбаев үшін еңбек сүйгіштік пен жалқаулық – егіз тақырыптар. Автор еңбекті дәріптеу арқылы жалқаулықты әшкерелейді. Еріншектікті әшкерелеу арқылы еңбексүйгіштікті мадақтайды.

«Егерде...» өлеңі төрт шумақтан тұрады. Жалқау бала атқарылуға тиіс шаруаларды істемес үшін күлкі туғызатын сылтауларайтады. «Аяғым су болмаса, бақшаның қарын күредім, үстіме шаң қонбаса, бақшаны баптар едім, қарымталмаса, су әкелер едім, ағаш қатты болмаса, отын жарар едім, Жанат жыламаса, жұбатар едім, арифметика болмаса, сабақты жақсы оқыр едім» деген сылтау иесін автор сын тезіне салады:

«Айтайық біз Кәрімге

Бұл мінезін қоймаса:

Тыңдырар еңбәрінде,

Жалқаулығың болмаса».

Жалқаулықтың неге апарарын түсіндіретін өлең – «Жалқаудың жауабы».

«Ана есікті жаба салшы,

Ілгегін де сала салшы.

Жалқау әрең ыңыранды:

– Жел сокпайма,

Сол жаппайма?!

Үйдің ішін суы қалды...»

Жалқаудың әрекетсіздігінен үйдің іші суып кетті. Есік жабуға ерінбегенде бұндай жағдай болмаған болар еді.

Бала өмірін, тірлігін, мінез-құлық, әрекетін табиғат құбылыстарымен байланыстыру ақын өлеңдерінің басты қасиеті. «Балақай мен қалақай» өлеңі аңғал бала мінезі мен әрекетіне құрылған. Өлеңде сюжет бар.

«Саяхаттап көрдік қыр,

Қырға бардық, тердік гүл

Айқайлады балақай:

– Алақай-ау, алақай!

Жапырақты үземін,

Гербарий ғып тіземін.

Олбұтаны бас салды,

Міне, шатақ басталды.

Қарып қалды қалақай,

Жылап қалды балақай...»

Бұл – табиғат аясындағы бала тірлігі, бала бейнесі.

Балалар фольклоры үлгілерінде тамаша жыр туғызған ақынның өтірік өлеңге бет бұруы әбден заңды. «Суайттың өтірік өлеңдерінен» атпен ұсынған шумақтарда ақын алуан түрлі өлең өлшемдерін қолданады. 7, 8, 11 және аралас буынды өлең өлшемдері кездеседі. Авторлық өтірік өлеңдерден халық өтірік өлеңдері кейіпкерлерімен де жүздесеміз, заманына сай жаңа сөз қолданыстарын да кездестіреміз [5, 12 б.].

«Поезға арттым жалғыз қауырсынды,

Тарта алмай тепловозын ауырсынды.

Тышқанға қоса тіркеп беріп едім,

Жүйткіді әлгі поезд дауыл сынды».

М. Әлімбаевта омоним сөздерге, логогриф, шарада, метаграммаға құрылған өлең түрлері бар. Өлең басында омоним, логогриф, шарада, метаграмма дегендерге қара сөз бен қысқашатүсінік беріледі. Осындай ішкі жанр үлгілерінің мол болуы ақын ізденісі аясының кендігін байқатады [6, 14 б.].

Біздің екінші жерлес ақынымыз Мүбәрак Жаманбалиновтың қазақ балалар әдебиетіне қатысты құнды өлеңдері, тақпақтары ертегілері, поэмалары, жұмбақтары, жаңылтпаштары, санамақтары, шарадалары, мақал мазмұндылығымен, бейнелілігімен, ойлылығымен, ойнақылығымен, ықшамдылығымен ерекшеленеді.

М. Жаманбалинов жөніндегі мақаласында А. Бақыраденова: «Назар аударарлық сипат – ақын өлеңдерінің қай-қайсысында да қазақтың қара домалақ баласы өз ортасында белгілі бір атпен жүреді. Ол Шимайшыл, бульдозерші Пірімбет, ел мақтайтын шебер Ақтай, сабақтан сасқан Салақбай, одыраңдаған Ожар, қамқор бала Қасым. Өлеңдегі осындай кейіпкерлербалаларға қандай болып өсулері туралы ой тастайды. Ақынның үлгілі мінезді балаларға тартымды есім беріп, ал өзі сын айтатын кейіпкерін сөз-семсерімен

түйреп өтуі оқырмандары ойлантпай қоймайды», – деп кейіпкерлер әлеміне баға береді. Ақын өлеңдерінің бірінде тәртіпті, тіл алғыш, еңбексүйгіш балалар бейнесі көрінсе, енді бірінде тілазар, тентек, алаңғасар мінезді балалар бейнесі сомдалған. Демек, автор өлеңдерінде балалар бейнесі түрлі қырынан көрінеді. Мұның өзі ақынның бала жанын барлаған психолог ақын екендігінің дәлелі. Тентек балалар бейнесі ашылған өлеңдері үлкен бір шоғыр құрайды. «Мархабай» атты өлеңінде:

«Қос қалтасы толғанда,
Сәл жүгірсе терлейді.
Бес қалтасы толғанда,
Мойны июге келмейді.
– Ау, Мархабай, ал қалай?
– Қалта бай! Құлап қалып ақыры,
Ойбайлады бақырып.
Кіріп кетіп біз өткір,
Жамбасына, дыз етті».

Өлең қарапайым. Бейнелі сөздердің қолданысы жоқтың қасы. Бірақ тартымды. Неліктен? Себебі, ақын тентек баланың әрекетін қаз-қалпында, боямасыз беруінде.

Алаңғасар, шыдамсыз бала бейнесі. Автор осындай балалардың мінез-құлқын дөп басқан. Бір ғана «ойбайлады бақырып» эмоцияға толы сөзініңөзі бала бейнесін аша түскен. Автордың балалар лирикасының тақырып ауқымы кең.

«Семірді» өлеңінде де тентек бала бейнесі ашылған. Өлең небәрі алты-ақ тармақ, сол алты қармаққа ақын еліктегіш баланың психологиясын сыйдыра білген:

«Едіреңбек:
– Мен қазір семірем, -деп,
Орта шелек су ішті.
Кетіріп сол тынышты,
«Семіріп» алған күйінде,
Бір күн жатты үйінде...»
«Қыңыр» өлеңінде әдепсіз бала бейнесі шоғырланған. Өлең эмоциялы. Автор есепшіл бала әрекетін дәл келтірген.
«– Әй, ұят-ай, ұят-ай!
Әдепсіз боп кеттің-ау.
Ұстазыңмен, міз бақпай,
Амандаспай өттің-ау!
Қыңыр сонда бұртиды:

– Қорықпаймын мен, – дейді, –
Мұғалім ол былтырғы,
Биыл сабақ бермейді» [6, 15 б.].

Бір ғана әрекет бар: ол баланың ұстазымен амандаспай кетуі, себебі келесі жылы биылғы мұғалімнің сабақ бермеуі. Бір сәттік әрекет. Бірақ ақын айтар ой күрделі. Баланың мұндай әдепсіз әрекетіне ақын бей-жай қала алмайды. Ақын ақырын шымшып ғана әдепсіз баланың мінез-құлқын оқырманына жеткізе білген. М. Жаманбалиновтың балалардың түрлі психологиясын ашатын, бейнелейтін өлеңдері көп. Әсіресе, сатиралық, юморлық бейнелер сомдалған өлеңдері басым. Олар: «Сығыз», «Бармақтай бас алдады-ау», «Мақтаншақ», «Таң қалды», «Жылауық», «Қап!», «Қаратөбеде», «Өзі кінәлі», «Есербек», «Екі сумка», «Күнделіктің өкпесі», «Қоңырау кетті үзіліп» өлеңдері. Аталмыш өлеңдерінің бәрінде уытты, сатиралық ой, жылы, юморлық күлкі бар. Мұның бәрі түрлі-түрлі мінезді баланың психологиясын жете меңгерген ақынның шеберлігінің дәлелі.

Қорыта айтқанда, қазақ балалар әдебиетінің классиктері Мұзафар Әлімбаев пен Мұбарак Жаманбалиновтың өлеңдеріндегі бала бейнесі жан-жақты ашылған. Кішкентай оқырмандар жағымды кейіпкерлерден үлгі-өнеге алуға талпынса, мақтаншақ, жалқау, еріншек, салақ кейіпкерлерге ұқсамауға тырысады. Осылайша, екі ақын балалардың жаманнан жиіркеніп, жақсыдан үйреніп өнегелі болып өсуіне өз өлеңдері арқылы ықпал етеді. Демек, жерлес ақындардың балаларға арналған өлеңдері оларды игі қасиеттерге тәрбиелеудегі құнды құрал болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ерғөбеков Қ. «Мейірім шуағы» әдеби-сын кітабы. 1985.
- 2 Ерғөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. А., 2003.
- 3 Қапасова Б. «Қазіргі қазақ балалар лирикасы» ф.ғ.к.дисс. авторефераты.-Ас.: 2000.
- 4 Қажыбаева Д. «Қазақ балалар әдебиеті» оқулық 2011.
- 5 Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. Алматы: Жалын, 1977.
- 6 Қазіргі қазақ балалар поэзиясының антологиясы. Алматы: Балауса, 1992.
- 7 Әлімбаев М. Балдәурен, шіркін, балалық. А., 1973.

СОПЫЛЫҚ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП

КИБАТОВА С. Б.

магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Сопылық – Жаратушыны тану тағлымы арқылы пенденің өзінің ішкі әлемімен күресі нәтижесінде Аллаға тура апаратын жолды бағыттайтын діни ағымның бірі. Бұл ағым VII–VIII ғасырларда пайда болып, дами бастады. Ал VIII ғасырдың орта тұсы мен IX ғасырдың басы сопылық ағымның қалыптасқан уақыты десек, оның көркейген шағы – XIII және XIV ғасырлар.

Сопылық ағым қоғамда кең өріс ала отырып, әдебиетке де белсенді түрде ене бастады. Өйткені сопылық дүниетанымды қалың көпшілікке жеткізудің бірден-бір құралы сөз өнері еді. Сопылық әдебиет VIII ғасырларда мұсылман елдерінде қалыптасып, Құран мен хадистердің мазмұнын жеткізді. Шын жүректен Жаратушы сөзін жеткізуге ұмтылған сопылар өз туындыларында нәпсіні тыю, харам дүниелерге жоламау, бұл өмірдің рахатынан бас тарту секілді таным-түсініктерді насихаттады. Сопылық әдебиеттің қалыптасуына Увайс әл-Қарани, Ебу Хашим суфи, Рабият-ул Адауийя, Халлаж Мансұр секілді алғашқы сопылар әсер етті. Ал сопылық әдебиеттің шариғатпен үндесуіне, сонымен қатар әдеби ағым ретінде орнығуына Имам Ғазали көп еңбек сіңірген.

Қазақ даласына сопылық әдебиет Иран арқылы келді. Хорасан мен Түркістан жерінде бұны танытатын Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасын айтуға болады. Қарахан мемлекеті кезінде Қожа Ахмет Яссауи шығармашылығы арқылы сопылық әдебиет өрістей түсті. Яссауидің «Диуани хикмет» еңбегі түркі тайпалары арасында ислам дінінің кеңінен таралуына әсер етпей қоймады. Кейін сопылық әдебиеттің белді өкілдеріне Саиф Сараи, Хорезми, Құтб, Жүніс Әміре, Жалаладдин Руми, Әлішер Науаи, Сопы Аллаяр, т.б. айналды.

Қазақ әдебиетінде сопылық сарын Сыпыра жырау мен Асан қайғыдан басталады десек қателеспейміз. Бұл өз кезегінде зар заман ақындарына және Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ғұмар Қараштың поэзиясына өз әсерін тигізді.

Жоғарыда айтылған төл әдебиетіміздің өкілдері ішінде, сопылық әдебиет туралы айтқанда, ерекше назар аударуды сұрайтын – Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы. Араб және парсы

тілдерін жетік білген, Бұхара, Ташкент, Түркістанға сапар шегіп өз білімін толықтырған ғұлама сопылық әдебиетке жататын айтулы жыр үлгілерін қалдырды.

А. О. Токсамбаева өзінің «Религиозно-символическое начало в произведениях Шакарима Кудайбердиева и Машһур Жусупа Копеева» атты мақаласында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында қолданылатын «шарап», «гүл», «бұлбұл», «көбелек», «түн» секілді сөздер әлемді романтикалық қабылдаудың көрінісі емес, ақынның сопылық символикаға берілгендігінің дәлелі деп көрсетеді [1]. Омар Хаямның рубаиларында, Низамидің «Мұхаммед пайғамбарды мадақтау» жырларында осы тектес ұғымдар көптеп кездеседі. Мәшһүр Жүсіптің «Бір үйге», «Күндіз бен түннің айырмасы», «Нанайын ба?», «Ғибратнама» секілді өлеңдерінде де біз «гүл», «бұлбұл» деген сөздерді байқаймыз. «Ғибратнама» өлеңінде төмендегідей жолдар бар:

«...Гүл іздеп Гүлстанда жүрген бұлбұл
Бір күні қаршығаға кез келіпті...» [2, 110 б.]

Негізі, «гүлге ынтызар бұлбұлдай сайрау» – сопылық әдебиетте жиі қолданылатын ұғымдардың бірі. Өлеңде мақсатынан айнымай гүлді іздеген бұлбұл секілді, өмірде де адам баласы өз арман-тілегінен бас тартпау керек деген ой айтылады. Қиыншылықтарды еңсере отырып, алған бағытынан таймағаны жөн. Хақтың жолы да осындай. Қаршыға секілді күнделікті тірлікке мәз болмай, Жаратушыны тануға ұмтылған дұрыс.

Мәшһүр Жүсіптің көптеген өлеңдері түспалмен келеді де, тереңде жатқан мағыналы ойлардан хабар береді. «Жалпы, сопылық таным-түсінік аллегориялық образдар тіліне жуықтау болып келеді. Біріншіден, оларға өз ой-тұжырымын жасыру қажет. Сондай-ақ сопылар өз ілімінің барша жұртқа түсінікті болуына ұмтылады. Бұл сәтте – образ бейнелеуде астарлы сөз бен символды қолдану қажеттігі туады» [3, 30 б.]. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерін де осы тұрғыда қарастырсақ, оның ислами таным-түсінікті түспал өлеңдер арқылы, қалың көпшілікке жеткізуді көздегенін аңғарамыз. Алайда кейбір мысалдарын ұғыну үшін, біршама діни білімнің керектігін мойындау қажет.

Солай болса да, «Қанағат туралы жұмбақ өлең», «Нәпсі аждаһа», «Сәйгелді, сона, бөгелек», «Жарты нан», «Бозторғай», «Шайтанның саудасы» секілді мысал-өлеңдерінен көп ғибрат алуға болады. Және бұл өлеңдерден сопылық сарын айқын байқалады. Мысалы, «Жарты нан» өлеңінде адамды басына түскен

киыншылықтан отыз күн оразасы да, бес уақыт намазы да құтқара алмайды. Тек «жарты нан» ретіндегі баяғыда жасаған жақсылығы ғана құтқарады. Бұл түсінік сопылық таныммен үндеседі «Өйткені сопылардың түсінігінде, «қайырымдылық» рухани тазарудың бір белгісі іспетті» [3, 76 б.].

«Қанағат туралы жұмбақ өлең» туындысында Мәшһүр Жүсіп дарияның жанына келген, шөлден әбден қысылған әскер туралы баяндайды. Хан жарлығы:

– Бара сала қоймаңдар суға басты!

Сол судан ішкендерің бізге ере алмай,

Қаларсың жер бауырлап, құшып тасты, [4, 16–17 б.],

– деген бұйрықтан тұрады. Алайда, судан «жалаңаш қолмен» «орта» алуға болады. Мөлдіреген дарияны алыстан көрген сарбаздардың басым көпшілігі суға бас қояды. Кейбірі суға батып жатса, кейбірі жағада өлімші күй кешеді. Ханның бұйрығын толық орындаған сарбаздар аман қалады. Бұл өлеңнің мағынасын Мәшһүр Жүсіп төмендегідей түсіндіреді:

Ұлығы патшалардың – патша Құдай,

Дүниені бір дария ғып қойған солай!

Бү жалғанның жүзіне келіп, кеткен –

Өтпекші бұл дариядан шулай-шулай!

– Дарияға аса сүнгіп кетпе! – дейді,

– Тоям, – деп, – үміт мұнан етпе! – дейді.

– Қорек жалғар қарынға байлаулықтан,

Бір табан асып әрі өтпе! – дейді.

«Тоям», – десен, боласың жаманатты,

Тойған тоқтық бұзады адамзатты.

Дүниеге құмарланба, хырыс болма,

– Бол, – деп айтты, – азына қанағатты [4, 19 б.].

Сопылық танымда қанағат ету, тәубе келтіру, шүкіршілік ету басты тіркестердің бірі. Бұл дүниенің қызығынан бас тартып, Хақты тануға ұмтылу – мақсат. Сондықтан болар «Қанағат туралы жұмбақ өлеңде» Мәшһүр Жүсіп адамзат баласын қанша ұмтылсаң да тоймайтын, дүниенің қызылды-жасылды қызығына құнығып кетуден сақтандырады.

«Жеміс бағы» дастанының авторы Сағди Ширази аталмыш дастанында «қанағат» ұғымына жеке бап арнаған: «Азға қанағат тұту хақынды». Сонда біз төмендегідей жолдарды кездестіреміз:

Азға мәз – аһ ұрмастай нағыз бай жан.

Бақытты ол дүниеқоңыз жауыз байдан.

Білген ер тағдырымен егеспейді,

Астында диірмен тастың шөп өспейді.

Құнығып қалғи берме, елтіп есің,

Әйтпесе өзіңді-өзің өлтіресің, [5, 110 б.],

– деген жолдар Мәшһүр Жүсіптің «Қанағат туралы жұмбақ өлеңі» туындысымен тамаша үндеседі. Екі ақын қанағатсыздықтың адам баласының түбіне жететінін әсерлі сөзбен әдемі жеткізеді.

Сопылық ағымның көрнекті өкілі Имам Ғазали нәпсісін тазарту әрбір мүминге парыз екендігін айтқан. Тіпті ол адамның бойында жаман мінез болмаса да, әр адам жүрек дертін біліп, оны қалай тазалап, тәрбиелеу жолдарын менгеруі қажет дейді. Мәшһүр Жүсіп Көпеев те осы мәселеге назар аударады. Оның «Нәпсі аждаһа» деген өлеңінде төмендегідей жолдар бар:

Біз – түлкі, ажал – бүркіт қоймайтұғын,

Нәпсіміз – бір аждаһа тоймайтұғын.

Күнәмыз – мықтап киген ол – бір киім ,

Нәрсеге одан басқа болмайтұғын!

Тіліміз – өткір қылыш қойған қайрап,

Жұтады отыз тісің, нәпсің шайнап.

Тамырың алпыс екі – жіп секілді

Бекітіп дүниені қойған байлап! [6, 32 б.]

Өлең мазмұнына қарап отырсаң, нәпсі адам тәнінен ажырамас дүние. Сондықтан да ол – «аждаһа». Нәпсіге қарсы тұру, оны жеңу екінің бірінің қолынан келмейді. Өзіңді жетілдіру, «мінсіз» адам болуға ұмтылу – нәпсіге қарсы қолданар қаруың. Ислам дінінің сопылық бағыты да соны насихаттайды. Қазақ даласында сопылықтың атасы атанған Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінде де нәпсіні жеңу – адам баласының үлкен жетістіктерінің, жеңістерінің бірі. Сол арқылы әрбір жан Алла жолын тануды бастайды. «Нәпсіні көңіл найзасымен шаныштым, міне», «Өзірмін деп нәпсі басын жаныштым, міне» [4, 155] деген жолдар арқылы Иассауи бабамыздың «нәпсіні» «аждаһаға» ұқсататынын байқауға болады. Екі ақын да материалдық дүниені тәрк етіп, рухани кемелдену жолына шақырады.

Жоғарыда мысал келтірген өлеңдерден сопылардың Алланы тану жолындағы аялдамаларының сипаттарын көруге болады. Олар туралы ф.ғ.д., профессор С. Сүтжанов пен ф.ғ.к., доцент Б. Құралқанова құрастырған «Сопылық ғибратнама. Хрестоматия-

компендиум» деген оқулығында сөз етілген. Аталмыш оқулықта «тәубеге келу», «рухани тазалық», «аскеттілік», «кедейлік», «сабыр», «Аллаға сенім», «ризашылық», «шүкіршілік» секілді аялдамалар жайында жалпылама ақпарат беріледі [5, 4–5 б.].

Өлендерінде осы ұғымдар жайында терең толғаныстар орын алған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы таза сопылық бағыттың өкілі болмаса да, туындыларынан сопылық сарындарды аңғаруға болады. Өйткені Құран сөзін көшпелі дархан қазаққа сопылық ағымның негізгі түсініктері болған «қайырымдылық», «қанағат», «нәпсіні жеңу» секілді ұғым-түсініктермен, өлең сөзбен жеткізу ұтымды еді. Және сопылық әдебиет өкілдерінің негізгі әдісі болған аллегорияны да ойшыл ақын өзінің мысал-өлендерінде сәтті қолдана білді. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын сопылық әдебиеттің төл әдебиетіміздегі көрнекті өкілі ретінде тануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Токсамбаева А. О. Религиозно-символическое начало в произведениях Шакарима Кудайбердиева и Машхура Жусупа Копеева. // «Современные научные достижения» конференциясы. 2014 ж. [Электронды ресурс]. – URL: http://www.rusnauka.com/4_SND_2014/Philologia/7_157603.doc.htm [қарау мерзімі 01.11.2021].
- 2 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Алматы, 2010. – 360 б.
- 3 Сүтжанов С. Сопылық таным тағылымы: Оқу құралы. – Павлодар, ПМПИ, 2014. – 120 б.
- 4 Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. 1-том. – Алматы, 2003. – 504 б.
- 5 Сопылық ғибратнама. Хрестоматия-компендиум. Құраст., алғы сөзі мен өмірбаяндық анықтамаларды жазғандар және түсініктемелерді түзгендер С.Сүтжанов, Б.Құралқанова. – Павлодар, ПМПИ, 2016. – 212 б.
- 6 Көпеев М-Ж. Өлендері, аңыз-дастандары. – Павлодар, 2003. – 220 б.

МӘШҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК СӨЗ ӨНЕРІ

ҚОЖАХМЕТОВА К. Е.

педагогикалық ғылымдарының магистрі, Торайғыров университеті,
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
НЕРГИЗ БИРАЙ
профессор, Памуккале университеті, Түркия
ҚОЖАХМЕТОВА Б. Р.
гуманитарлық ғылымдарының магистрі, Торайғыров университеті,
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

Көшпелі қазақ қоғамындағы маңызды да, мәнді тұлға – би-шешендер - халық арасынан шыққан көреген, көсем, білгірлері мен біліктілері. Олардың мәртебесін ел аузында сақталған ұйқастар, мақалдар арқылы аңғаруға болады. Мәселен, Елге бай құт емес, би – құт. Туғанына бұрғаны – биді құдай ұрғаны. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірер би. Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар. Ар-намыс пен сөз бостандығын бақ-дәулетпен өлшенбейтін рухани қасиет деп білетін, ел ішіндегі елеулі тұлғалар – би-шешендер «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген қағиданы мақтап ұстанған. Еркін ойлап, шешендік тілге жүйрік, айтыс-тартыста парасат-пайым танытып, ұтымды, ұтқыр сөз таба алатын адам ғана би болған. Халықтың алдында еркін, асқан мәнермен сөйлейтін, ұрпақ санасына өшпес өнеге қалдыра білген би-шешендер жөнінде, ғалым ғалым Серік Негімұлы: «Ұлтының ұлы мұраттары мен ұлылығы, ірілігі мен бірлігі, саналылығы мен пәктігі, есендігі мен еркіндігі, намысы мен ынтымағы үшін, тәуелсіздігін қорғау, тұтастығын сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту жолында күш-қуатын, білім-білігін сарқа пайдаланған, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген сол бір заманның жарқырап туған жарық жұлдыздары, мемлекет мәмлегері Үйсін Төле бидің, Қаздауысты Қазыбек бидің, айыр тілді Алшын Әйтеке бидің таспадай өрілген, кестедей төгілген тұрлаулы, тұжырымды билік кесімдері, үлбіреген нәзік сезіммен, жан толқытарлық ғажайып құлшыныспен, терең тебіреніспен айтылған айшықты да асыл ойлары аспандай көнермейді, көктемдей қартаймайды» – дейді [1, 465].

Осы би-шешендер сөздерін ел аузынан жинап, тіл қадірі мен сөз қадірін жете түсінген, оларды жеке мұрасына сақтап бізге жеткізгендердің бірі – ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф,

тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы – Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ұлттық шешендік өнерге қосқан үлесі де көп қырлы да күрделі.

Халық мәдениетінің алтын қоры болып табылатын фольклорды жинау – бұл ел шығармашылығының қаншалықты талантты, жан-жақты екендігін дәлелдеуге жол ашады. «Менің мұрамы шығаруға Нұх пайғамбардың өмірі, Аюптың сабыры керек», – деп ақынның өзі айтқандай, ақын шығармаларын зерттеудің жаңа бір белесі – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларының 20 томдығы жариялануда.

Ақынның қағазға түсірілген жазбаларында қазақ ауыз әдебиеті үлгілерімен қоса би-шешендер сөздері де көптеп кездесетіндігін «Мәшһүр Жүсіптің тарихилық, деректілік, шежірелік сыр-сипаты, мән-мағынасы мейлінше өлшеусіз, атап айтқанда, ұлт тарихы мен руханиятына қатысты қолжазба мұраларының 8–9 томдарында жарық көрген...

Жалпақ елі сүйсініп айтқандай, Мәшһүр Жүсіп заманынан озып туған дара тұлға. Ол өз дәуірінің ғұламаларының, би-шешендерінің, жүйрік әңгімешілерінің, аузымен құс тістеген жыршы-ақындарының аузынан небір керемет даналық мәйектерді, деректерді, шежірелерді мөлдіретіп хатқа түсірген тарланбоз.

Шешендік өнер – тіл, әдебиет, философияның түйіскен жері. Шешендік сөз қашанда көркемдікпен небір ұғымдар мен түсініктерді дәл сипаттаумен ерекшеленеді. Шешендік сөздерде көркемдеуіш элементтер көп кездеседі, әсіресе фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер қолданысы ойды бейнелі және түйіндеп жеткізудің құралы ретінде пайдаланылады. Ғалым Ж. Дәдебаевтың пікірінше: «Шешен өз сөзін қатардағы қалың жұрттың сөйлеу деңгейінде айтатын болса, онда оның сөзі көпшілікке түсінікті айқын болғанмен, ешкімді тұшындыра алмайды. Мұндай сөздің шешендік сөз үлгілеріне еш қатысы жоқ. Белгілі ұғымды күнделікті қолданылып жүрген сөздің өзі білдіретіндей, тіпті одан да анық танытатын, бірақ танымға тосын, жаңа, сондай-ақ бейнелі, суретті, әсерлі түрде танытатын сөз ғана шешен өнерінің өрісін кеңейтіп, қадірін арттыра алады» [2, 66].

Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы шешендік сөздердің көркемдік ерекшеліктерін қарастыру барысында би-шешендер жалпы халықтық тілдің бай қазынасынан сусындап, тілінің шұрайлылығымен, сөздік қорының молдығын аңғарамыз.. Сондай-ақ, олар тілдің түрлі құбылыстарын жете түсініп, әр сөздің

мәні мен мағынасындағы көптеген өзгертулер мен өңдеулерді, аусулар мен алмасуларды, құбылулар мен құлпыруларды дәл аңғарған. Би-шешендер сөзі дәлдікке, ықшамдылыққа, сұлулыққа негізделгендіктен халық жадында ғасырлар бойы сақталып келеді. Енді, Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы шешендік сөздер тілінің түрленуін, шешуші сырларын талдаулар арқылы қарастыруды жөн көрдік. Би-шешендер сөздеріндегі ұлттық дүниетаным көрінісін метафоралар арқылы бейнелеудің орны маңызды. Метафора көркем сөз тудырудың кілті болса, екінші жағынан, белгісіз заттар мен құбылыстардың атауының орнына жүреді. Метафорадан табылатын өрнекті суреттер, танымдық әсер, түсіндірмелі болжау сияқты белгілер тіл мен ойдың әсерінен бастау алады.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы би-шешендер сөздеріндегі танымдық мәні терең метафоралардың халықтық қуаты басым, көп сырлы, сан салалы. Оның тіл кестесін суретті жеткізетін сөз өрнектерінің қалың тобы образды фразеологизмдер болса, олардың көбі метафоралы тіркестер екенін көреміз.

Метафоралық тіркестер нысанды тура атамай, дерексіз ұғым мен деректі ұғым байланысып келіп, бейнелі түрде ауыспалы мағынада атайды. Метафоралық тіркестің көркемдік поэтикалық қызметі екі нысанның жекелеген ұқсастықтары мен белгілерін теңдестіріп, ойды бейнелі түрде жеткізуді көздейді. Ақын ойындағы ұғым-түсініктерді метафоралық қолданыстар арқылы бейнелі, әсерлі қылып жеткізеді.

Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы құбылту түрлері би-шешендер сөздерінің мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейтіп тұрған метафораларға тоқталамыз. Мысалы, Мәшһүр-Жүсіп мұрасын ұзақ жылдар бойы ерінбей жинаушының бірі – Төлепбергеновтің әулеттік мұрағаттағы жазбасы бойынша (6-папка, 172–176 б.) енгізілген, ақын жазбаларының 6 томындағы тапқырлық пен шешендікке негізделген «Ақтайлақ сыны» [3, 143], әңгімесінде Ақтайлақ би Қарқаралыға келгенде Алшынбай бидің үйіне тоқтап, үй иесі Ақтайлақ биді елінің қымызға тар, қонақжайлы еместігін бетіне басып сынағаны жөнінде сөз болады. Осы шешендік сөздегі метафоралар қоладнысы қазақ халқы жылқы жануарын «жанына» балап, ерекше көретінін, сондай-ақ қымызды «қанына» балап, оны есепсіз кім-көрінгенге таратып бере бермейтіндігін шебер көрсетеді. Ақтайлақ би елінде қымызға тарлық жасап, қонақты дұрыс күтпейтіндігі жөнінде Алшынбайдың өз көзі жетіп емес, біреуден естігенін сөз етіп отырғанын біледі.

Салыстыру мен құбылту, қиыннан қиыстырып жанастыру арқылы пайда болатын сөз өрнегінде көркемдік сипат алу үлгісін Ақтайлақ бидің: «Көз – шынның расы, құлақ – өтіріктің ұясы», – деген сөздерінен көреміз. Ақтайлақ бидің бұл жердегі айтайын деген ойы шындыққа көзі жетпей, өсек-аянды сөз ету – ақылы толып піспеген есер, алаңғасардың ісі екендігі. Сөзден тосылып, қатты ұялған Алшынбай қонағына төсекті төрге салғызбай, әйелінің төсегіне жатқызбақ болады. Ақтайлақ биді кемсіте, Алшынбайдың әйелі: «Ердің семізі – есек, әйелдің семізі – төсек» дейді, сонда Ақтайлақ би: «Ердің семізі – елдің құты, әйелдің семізі – үйдің жұты» деп, тағы да сөзбен жеңеді. Мұндағы метафоралық тіркестер бейнелеп суреттеу шеберлік үлгісі және Ақтайлақ бидің айтайын деген ойның әсерін күшейтіп тұр. Қазақта құрметті қонаққа төсек төрге, арнайы салынады. Төрге төсек салынбағандықтан, Ақтайлақ би: «Етегім – төсек, жеңім – жастық» деп төрге жатады. Шешендер табан астында бейнелі сөзбен ұтқыр жауап бере алады. Ақтайлақтың үш рет жауап берген сөздерінен метафоралық қолданыстарды көреміз. «Етегім – төсек, жеңім – жастық» дегені өз киімім өзіме төсек бола алады деген ойдың образды түрде айтылғаны. Ол өзін төмендететін жағдайдан осындай тапқыр сөздерімен шыға алған.

Тіліміздегі таныс заттарды ұқсатудан туған метафоралар кейінгі абстрактылы ойлаудан пайда болған ауыстыруларға негіз болады. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы

О, Шоң биім, Шоң биім,
Тұғырға қонған сұңқарсын,
Суытып мінген тұлпарсын!
Судан шыққан сүйіріксің,
Таптан озған жүйіріксің,
Бибатпадай бақтысың,
Сүлеймендей тақтысың!
Дін-мұсылман қазаққа
Жұрттан озған даңқың бар.
Бәйтеректей бүрлі өткен,
Пайғамбардай нұрлы өткен [3, 183].

«Шөженің Шоң биге айтқаны» деген шешендік сөзінде осындай ауыстыруларды сұңқарсын, тұлпарсын, сүйіріксің деген бейнелі қолданыстар арқылы көруге болады. Яғни осы аталған асыл жануарлардың сұңқардың қырағылығы мен айбарлығы, тұлпардың жылдамдығы мен күштілігі, сүйіріктің ептілігі сияқты жақсы қасиеттерін Шоң бидің бойынан табады. Шешендік сөздерді

шешен, көркем етіп тұрған осындай бейнелі қолданыстар. Немесе, «Шорманның жас кезі» деген шешендік сөзде «– Сүйіспеген қонақтың кім екенін білмейді, езу тартып күлмейді. «Су анасы – бұлақ болар, сөз анасы – құлақ болар. Адамның жаны денесіне қонақ болар, жанның жалғыз досы дүниеде тамақ болар» – деген екен-ау! – дейді». Шешендік сөз қашанда көркемділігімен көпшілікті қызықтырады. Ал оның көркемдігін, тілдегі түрлі көріктеу құралдары мен айшықтау тәсілдерін шеберлікпен пайдаланғанын аңғара білу бүгінгі әдебиеттану және тіл білімі ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Ұлттық шешендік өнер, шешендік сөздер теориясының дамуы әдебиетші ғалым Балтабай Адамбаев еңбектерімен айқындалады. Ғалым «билер сөзі» терминін «шешендік сөздер» терминімен алмастырып, тақырып аясын айқындап, жанрдың ішкі үлгілерін мазмұнына қарай үшке бөледі: шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау. Белгілі бір адамға арнайы айтылған сәлем, сын, әзіл және бата (тілек) сөздерді шешендік арнау десек, шешендік толғау: шешендік нақыл, шешендік мақал, шешендік мысал, шешендік жұмбақ және шешендік жауап болып беске бөлініп, халықтың табиғат құбылыстары мен әлеуметтік өзгерістеріне өзіндік көзқарастарын көрсетеді. Ал шешендік дау – қазақ қауымының материалдық және рухани даулы мәселелерін, қылмысты істерді шешетін ежелгі әдет заңы, ережесі. Антикалық ойшылдар шешендік дау мәселесіне өте зор мән беріп, шындыққа жетудің кілті деп білген. Ежелден келе жатқан «Шындықты дау туғызады» деген афоризмнің бізге жетуі де осының дәлелі. Көне грек ғалымдары дауды бірнеше түрге бөліп, соның ішінде диалектикалық пікірталас пен сопылық дауды жиі қолданған. Қазақ қауымында дау мәселелерін қарайтын «Жеті жарғы» сияқты ежелгі әдет заңы болған. Әр ауылда, руда ағайынның мүддесін сөз арқылы қорғайтын, қауымның әдет-ғұрпына жетік, ойға жүйрік, сөзге шебер адамдар болған. Оларды халық «би» деп атаған. Дау-жанжал туа қалғанда бірі талапкер, екіншісі айыпкер, үшіншісі төрелік айтатын болған. Осындай мәмлемен шешілетін дау-дамайлар шешендік өнердің дамуына ықпал еткен. Сондай-ақ, тапқыр, шешен адамға көрсетілетін сый-құрмет, төрелік жасағаны үшін берілетін «би ақысы» бұл өнердің дамуына әсері болған.

Дау дегеніміз қазіргі кездегі ғылыми анықтамалар бойынша екі жақтық пікірдің қақтығысуы, оның барысында әркім өз жағының дәлелдерін келтіріп, екінші жақты сынайды. Дауласу бір жағдай

немесе объекті бойынша қарамақайшы пікірлердің орын алуымен сипатталады. Даудың бірнеше белгілері бар, олар:

– бір жақ екінші жаққа қарама қайшы пікір айтуы (пікірлер қақтығысуы);

– екі жақ та өз позициясын жақтайтын мәліметтер келтіреді;

– әр жақ бір бірінің позициясын сынайды.

«Дау» деген ұғымға ресейлік ғалым Е. Н. Зарецкая «Риторика» атты еңбегінде «бір жақтың дәлелдемелері екінші жақтың пікірін жоққа шығаруы», – деген анықтама береді [4, 135]. Және дауда пайдаланылған дәлелдемелер орынды, орынсыз болатындығы жөнінде айтады. Сондай-ақ, біріншілерінде, яғни орындыларда айла элементтері қолданылады, бірақ тікелей алдау, сатқындық немесе күшпен көндіру деген болмайды. Екіншілерде ешқандай шектеулер жоқ, алдын ала әдейі дәлелдемелердің түсініксіз болуынан бастап, әдейілеп шатастыруға дейін, сондай-ақ жаза қолдану немесе күш көрсетумен қорқытуға дейін баратындығы жөнінде сөз болады.

Жоғарыда аталған дау белгілерін және дәлелдемелердің орынды, орынсыз болуын ерекше сана, қасиеттің иесі болған әрі сол қасиетін ел мүддесі үшін жұмсаған Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұрасында да кездестіреміз. Оны «Қазақ фольклоры үлгілері» деп аталатын 6 томындағы «Қазыбектің: «Тәңірі алдында барғанда» сөзінің әсері» деген шешендік өрнегінен байқауға болады. Үш жүздің орталығы Ұлытау деген жерде үш жүздің басын қосқан бір үлкен ас болыпты. Ұлы жүздің: Сикым, Жанас деген екі тап жігіттері, Арғынның бір жігітінің мініп жүрген ертоқымна өте қызығады. Төле биге ақылдасады. Сонда Төле би былай деп ақыл береді:

– 15–20 жігітпен бар да: «Мынау менің былтырғы жоғалған тұлпарымның үстінде кеткен ерім!», – деп, менің алдыма сүйретіп алып кел. Мен бір-ақ ауызбен бұйырып берейін! – депті [3, 119, 120]. Осы жерде дау белгілерін Ұлы жүз жігіттерінің ертоқымды өзінікі екенін білдіру үшін келтірген дәлелдемелерінен, ал Арғын жігіті өзін ақтау үшін олардың дәлелдемесіне жауап қайтаруы арқылы көрсек, дәлелдемелердің орынсыз болуының үлгісі, Ұлы жүздің Сикым, Жаныс деген жігіттерінің алдын ала бимен келісуі, сондай-ақ ертоқым өзінікі болмаса да, «Мынау менің былтырғы жоғалған тұлпарымның үстінде кеткен ерім!», – деп, 15–20 жігітпен барып, Арғынның жігітіне күш көрсетіп, Төле бидің алдына сүйретіп алып келуі. Осы шешендік өрнекті талдау барысында жанрлық жағынан шешендік дауға жататындығы анықталса, құқықтанушылардың

«шешендік өнері» пәнінде осы үлгіде кездесетін орынды, орынсыз дәлелдемелер де толық талдануы қажет, яғни оның әдеби-теориялық болмысымен қатар құқықтық-мазмұны да ашылуы тиіс деп ойлаймыз. Бұл жерде біз «шешендік өнер» пәнінің аясы өте кең екенін аңғарамыз, ғылыми тұрғыдан тілшілер, әдебиетшілер мен бірге құқықтанушылардың да зертеу объектісі екенін анықтап, пән аралық байланысын көреміз. Дау дегеніміз күрес, яғни дауласу табысты болу үшін дәстүрлі әдістер қолданылады. Дауласу барысында бастама жасау және қорғанудан гөрі шабуыл жасау тиімдірек. Қарсыластың шабуылына жауап бергеннен гөрі, қарсы дәлелдемелер келтіріп, оны қорғануға мәжбүрлеген дұрыс. Оның айтар дәлелдерін алдын ала болжап, оған жауапты да өзі келтіріп оны жоққа шығару әдістері жоғарыдағы шешендік өрнекте қолданылғанын көреміз.

«Риторика для юристов» деген оқу құралында ресейлік ғалым Л. А. Введенская, – «дауласқан жақтардың мақсаты бірыңғай болмайды, бірақ оны мақсатына қарай

– шындыққа жету үшін;

– сендіру үшін;

– жеңу үшін;

– дауласу үшін, деп төрт түрге бөлуге болады» – дейді [6, 86].

Жоғарыда талданған шешендік өрнектегі Ұлы жүз жігіттері жағының мақсаты жеңу болды. – Ерімді танып алдым, енді тұлпарымды алып бер! – деген Ұлы жүз жігіттерінің арызына, – Көзі бар ерінді өзін ал, көзі жоқ тұлпарың салауат! – деген, Төле бидің төрелігінде орынды, орынсыз дәлелдемелерді пайдалана отырып жеңіске жетуін көреміз. Ал Арғын жігіті болған істі Қазыбек биге айтқаннан соң, Төле би отырған үйге келіп шындыққа жету мақсатында айтылған Қазыбектің сөздері:

Қапталың – қайың, қасың шұбар,

Қалмен бет қосқан бір ерсін!

Үйсінге ие Төле би,

Бұл ерге қайтып тиерсің?!

Сикым, Жаныс екі топ,

Бір ерге қайтып мінерсің?!

Бұл мінезбен Үйсінді

Бір төбеге үйерсің!

Бұл мінезден қайтпасан,

Тәңірі алдына барғанда,

Қалменіңмен күйерсің! [3, 112].

Осыны тындаған Төле би алдында әділетсіз төрелік жасағанын және шындықты мойындап: «Мына ақымақтар ақымақ болып жүргенге: «Қайтер екен?», – деп, мен бір сөзді ойнап айта салып едім, ерді иесіне беріндер!», – деп, ерді қайтартқызады. Бұл жерде жеңу мақсатындағы дау барысында түрлі айла тәсілдер арқылы, әділеттілікті айналып, жеңіске жетуге болатындығын көруге болады. Мұнда екі жақтың дәлелдемелері жеткілікті болуы тиіс және дауда жеңіске жету жетпеуі дауға қатысушы адамдардың санына да байланысты болады. Арғын жігітіне өзін ақтауға сөз де берілмей, төрелік айтылуы, оның қарсыластарының дәлелдемелері күшті болып, алдын ала бимен келісу жағдайлары дауда орынды, орынсыз дәлелдемелердің іске асатындығын көрсетеді. Осы жерде ақыл-парасатымен тауып айтқан Қазыбек бидің сөзі болмаса, ертоқым сол Ұлы жүз жігіттерінде қалып, Арғын жігіті жазықсыз ұры атанып, ертоқымынан айырылар еді. Қазақтың билерінде осындай бұра тартушылық сирек немесе мүлде болмайтын жағдай деп айтуға да болады. Өйткені қазақ билері «қара қылды қақ жарған» деген атаққа ие болған.

Аузы дуалы ділмар ақынның жазып қалдырған нақыл сөздері мен мәнді өсиеттері болашақ ұрпаққа инабаттылық, имандылық пен ізеттілік, обал мен қайырымдылық, үлкенге құрмет, кішіге салауат сияқты абзал қасиеттерді дарыту мақсатында жазылған дүниелер. Сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазбаларында кездесетін шешендік сөздер үлгілері әдебиеттану ғылымының зерттеу нысаны болумен қатар саяси, зани, педагогика мен психология тұрғысынан да мәні бар туындылар болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том (ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). – Алматы: Ғылым, 2000. – 568 б.
- 2 Дәдебаев Ж. Таңдамалы шығармалар. Алматы, Өнер, 2008, 350 б.
- 3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6 том. Павлодар, 2008 ж. 366 бет.
- 4 Зарецкая Е.Н. Риторика. Москва : Дело, 2001 г, 480 с.
- 5 Бартольд В.В. Соч. Т. У. М., 1968. 226 с.
- 6 Молдабеков Ж. Шешендік: Оқу құралы. – Алматы: «Қарасай», 2009. – 432 б.
- 7 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. 208 б.

ШЕШЕНДІК СӨЗ МӘСЕЛЕЛЕРІ: МӘШҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫ БОЙЫНША

КУНДЫЗБАЕВА Е. С.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ ұлтының сан ғасырлық рухани мәдениетінің жоғалмай, құрымай бүгінгі күнге жетуіне де ат салысқан – осы билер сөзі. Көркем шығарма деген атауға кірген талай дүниелер уақыт оза келе ұмыт қалса да, тілді түсініп қастерлеген, талай жанның көңіліне кіріп, санасында сәлеленген билер сөзі ұмытылмаған, ұмытылмақ түгіл өз қалпын да бұзбаған. Жай ғана тұрмыстық аядағы қарым-қатынас құралы қызметін атқарған сөз қолданыстарынан гөрі, қоғамдық қызметатқарған билер сөзі ғана танымның, ой-сананың жемісі ретінде өркен жайды, күн озған сайын өткірлене түсті, ажарлана түсті.

Қазақ халық ауыз әдебиетінде Мәшһүр Жүсіп жинаған билер сөздерін арнайы зерттеп, оның ерекшелігін айқындау зерттеудің ғылыми жаңалығы болып табылады. Зерттеу еңбегін жазу барысында Ш. Уәлихановтың, В. В. Радловтың, Г. Потаниннің, А. Байтұрсыновтың, М. Әуезовтың, Б. Адамбаевтың, С. Негимовтың, Г. Қосымованың, Н. Жүсіповтің, М. Ахетовтың, А. Леубаеваның т.с.с. ғылыми еңбектері мен мақалалары пайдаланылды.

Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздер, яғни билер сөзі ақындық айтыс секілді қазақ халық ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін, көркемдік қасиеттерін көрсететін жанр. Билер сөзінің, яғни шешендік өнердің негіздерін зерттеу белгілі бір дәрежеде оның қалыптасу тарихына жетелейді. Билер сөзі деген ұғым - тарихи категория. Ол халықтың қоғамдық, әлеуметтік өміріне, саяси экономикалық жағдайына байланысты дамып кемелденіп, марқайып отырған. Осыған орай оның дамуы кейде қарқынды, кейде бәсең, қоғамдық қызметтерінің шеңбері кейде кеңейіп, кейде тарылып отыруы мүмкін.

Әдетте билер сөзі, яғни шешендік өнер айтыс-тартыста дамиды. Сондықтан ердің құны, елдің тағдыры талқыланатын сарайлар мен сот залдары шешендік өнердің ежелгі мектебі болған. Дүние жүзіне әйгілі шешендердің көбі қоғам қайраткерлері мен заң қызметінен шығатындығы кездейсоқ емес. Мәселен, атамзаманғы Афина шешені Демосфен мен Рим шешені Цицерон әуелі адвокат, кейін парламент мүшелері, басшылары болған.

Ал XIX–XX ғасырлардағы орыс шешендері А. И. Урусов пен Ф. Н. Плевако заң қызметкерлер шыққан [1]. Ұлтының ұлы мұраттары мен ұлылығы, ірілігі мен бірлігі, саналылығы мен пәктігі, ерендігі мен еркіндігі, намысы мен ынтымағы үшін, тәуелсіздігін қорғау, тұтастығын сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту жолында күш-қуатын, білім-білігін сарқа пайдаланған, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген сол бір заманның жарқырап туған жарық жұлдыздары, мемлекет мәмлелері Үйсін Төле бидің, Қаздауысты Қазыбек бидің, айыр тілді Алшын Әйтеке бидің таспадай өріліп, кестедей төгілген тұрлаулы тұжырымды билік кесімдері, үлбіреген нәзік мақал-мәтелдері жан толқытарлық ғажайып құлшыныспен, терең тебіреніспен айтылған айшықты да асыл ойлары т.б. – бәрі билер сөзін, яғни шешендік өнердің тарихын құрайды.

Жалпы фольклор үлгілері ел арасынан әлемдік фольклортануда қалыптасқан үш түрлі тәсіл арқылы жиналғаны мәлім: біріншісі – тікелей жинау, екіншісі – тұрғылықты түрде жинау, үшіншісі – экспедиция көмегімен жинау. Бұл үш тәсіл де Мәшһүр Жүсіп жинаушылығының бір қырын ғана танытады. Мәшһүр Жүсіптің фольклор мен ауыз әдебиеті нұсқаларын жинау үшін ел аралағаны, Қазақстан жерінің көп бөлігін салт атпен жүріп өткені, білім алу мақсатында Орта Азия қалаларына үш мәрте сапар шеккені мәлім. Әсіресе, ел тарихы, билер сөзі туралы мағлұматтарды жинастыруда 23 жасында, 1881 жылы Ақмола дуанына шеккен сапарының мәні ерекше. Мұнда ол Қараөткел өңірінің атақты шежірешісі, орысша сауатты, Сүйіндік Жанайдар батырдың баласы Мейрам үйінде бір жыл бойы қыстап шығады. Ақмола дуанында дақындығымен, шешендігімен көзге түскен ол сол заманның атақты адамдарымен: Әліке Байдалы, Аққошқар Сайдалы, шежіреші Қаракесек Бердалы қожа, Қанжығалы Саққұлақ және Қоңырқұлжа сұлтанның ұрпақтарымен жолығып, билер сөзін, шежіре нұсқаларын алып, XVIII–XIX ғасырда Абылай мен Кенесары замандары турасында билер сөзі мен түрлері жайлы аңыз-әңгімелерді жинастырды. Кейіннен Көкшетау жерінде Абылай хан әулетінің адамдарымен кездесіп, XVIII ғасыр тарихына қатысты фольклор үлгілерін жазып алды. Демек, бұл кезде Мәшһүр Жүсіп фольклорды негізінен тікелей жинау тәсілі арқылы қағазға түсірген.

Мәшһүр Жүсіп 29 жасында, 1887 жылы Бұқара қаласына шеккен бірінші сапары оның тарихи танымының өсуіне, дүниетанымының қалыптасуына игі әсерін тигізді. Барған жолында Түркістан, Ташкент қалаларын аралап, Бұқар шаһарында білімін

толықтырады. Түркістанда Қожа Ахмет Йассауи кесенесін көріп, оның тарихын баяндайды. Ташкентте Сыздық Кенесарыұлының әкесі К. Қасымұлының істеген ерлік істерін естиді. Қасым Абылайұлы әулетінің шежіресінің тарихын жазып алады. Қайтар жолында Шу мен Сырдария өңірлерін, Ұлытау мен Кішітауды, Есіл мен Нұраны аралап шығып, Көшекұлы Күдері қожа секілді атақты ақындармен кездеседі. Тіпті Ақмола, Дайыр, Молдағали ақындармен айтысып, сөз сайысына да түседі. Ұлытауда Алаша хан кесенесін тамашалай отырып, бала кезіндегі Баянауылдағы домбырашы тартымпаз Ақай, Қиялша шалдардан естіген «Ақсақ құлан» күйінің тарихын, «Алаша хан» аңызын Жеті Кеңгірді жайлаған бір найманнан алынған әңгімесіне ұштастырып қарастырады. Басып өткен жерлеріндегі Қыпшақ, Қоңырат, Алтай, Найман рулары билерінің тарихи сөздерін жинастырды. 1889–1891 жылдары Кіші жүз жерінде Жәңгір төремен, Қаржауұлы Науша батырдың шөбересі Қадырмен жолығады. Бөкей ордасы мен Кіші жүзге танымал адамдар туралы (Жәңгір, Исатай, Шернияз, Тама Сарыбас мерген т.б.) мағлұматтарды қағаз бетіне түсіреді. Кіші жүз ру тайпаларының ұрандарын, таңбаларын, шежіресін, билер сөзін сипаттайды. Міне, мұнда Мәшһүр Жүсіп фольклорды жинауда тікелей жинаумен қатар экспедициялық тәсілді де қолданғанын көреміз.

1895 жылы 37 жасында Мәшһүр Жүсіп Бұқар, Самарқан қалаларына екінші рет сапар шегіп, білімін толықтырады. 1907 жылы Қазанда Хұсайыновтар баспаханасына Мәшһүр Жүсіптің 3 кітабы: «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» басылып шығады. Бұл кітаптарында Мәшһүр Жүсіп алғаш рет баспа бетінде патшалы Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатын ашық сынайды. Сол саясат салдарынан қоғам ішінде пайда болған партиялық ел тартысын, жуан елдің әлсіз елге жасаған қысымын әшкерелейді. Сөзінің дәлелі ретінде қалмақпен соғысып, қан кешіп жүріп ата - бабалары азат еткен қазақтың Сарыарқа тәрізді жерлерін патша үкіметіне сүйенген орыс мұжықтарының қоныстанып жатқандарын сөз етеді.

1907 жылы Мәшһүр Жүсіп Түркістан, Ташкент қалаларын үшінші рет аралайды, ел сөзін жинастырады. 1912 жылы патша әкімшілігінің цензурасы назарына Мәшһүр Жүсіптің 1907 жылы бастырылған кітаптары алынып, 3 кітаптың екеуінің мазмұны Ресейдегі патша билігіне қарсы мақсатта жазылған деп танылып, баспахананың өзі де «түтқындалынып», 12000 сом айып салынып,

14 кісі айыпқа тартылады. Сол кезде Мәшһүр Жүсіп атын атаудың өзі қауіпті болғандықтан «Айқап» басылымы иелері одан «Мұхаммед Юсуф» деген жалған атпен мақалаларын жіберіп тұруын сұрайды.

1917 жылы Қазан төңкерісі кезінде патша өкіметінің құлауына қуанғанымен Мәшһүр Жүсіп Кеңес өкіметіне сенімсіздікпен қарайды. Ақындықпен қош айтысып, өмір бойы жинаған қолжазбаларын реттеумен, қорытумен шұғылданады. 1920 жылы Ә. Диваев экспедициясы келіп, Мәшһүр Жүсіп мұрасының бір бөлігін көшіріп алады. 1921 жылы ортаншы баласы Әменнің Ташкентте мұғалім болып істеп жүрген кезінде қастандықпен кісі қолынан қаза табуы Мәшһүр Жүсіпке ауыр тиеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1931 жылы 27 қарашада жұмаға қарай таңғы жақын көзін жұмып, денесі қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Ескелді деген жерде өзі алдын-ала жасатқан зиратына қойылады [2, 178–180 б.].

Мәшһүр Жүсіп жазбасында билер сөзіне қатысты 100-ден аса мәтіндер топтастырылған [3]. Жалпы жиналған фольклор үлгілерінің көпшілігі негізінен хандар, билер, батырлар т.б. тарихына қатысты болып келеді. Мәселен, билер сөзіне қатысты «Абылай хан сауалы», Қазбек би (10 үлгі), Байдалы шешен (3 үлгі), Едіге би (7 үлгі), Мөнке би, Бөлтірік би, Тайкелтір би, Жәуке би, Тәйтеке би (2 үлгі), Ақтайлақ би, Досбол (5 үлгі), Өтегілеу, Үкібай, Қарамеде, Торайғыр би (6 үлгі), Кешкенбай, Қосубай, Шоң би (7 үлгі), Боздақ би, Шорман би (4 үлгі), Итемген т.с.с. тәрізді үлгілері бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 160 б.; Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.
- 2 Пазылов Ә. Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр Жүсіп Көпеев. – Екібастұз, 2007. – 240 б.
- 3 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары (6-том). – Павлодар: ЭКО, 2005. – 396 б.

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОР ҮЛГІЛЕРІН ЖИНАҚТАУШЫ – МӘШҺҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ

ҚАПЗОЛЛА Ж. Б.

студент, 1 курс, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ЖУМАБЕКОВА Б. Б.

магистр, аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазақ тарихында мәңгілік өшпейтін із қалдырған, қазақ халқында «Әулие» атанған – Ұлы ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туылғанына биыл мінекей 163 жыл толыпты. 73 жыл ғұмыр сүрсе де, артына өшпейтін рухани мұра қалдырған - Мәшһүр ата туралы бүгін сөз қозғамақшымыз.

Павлодар облысы, Баянауыл ауданының тумасы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1858–1931 жылдары өмір сүрді. Мәшһүр Жүсіп – тарихшы, этнограф, ойшыл, ақын және ғұмырының соңғы күніне дейін қазақ мәдениеті мен әдебиетіне, қазақ тарихына зор үлесін қосты, нақтылай айтсақ, сегіз қырлы бір сырлы біртуар тұлға. Әсіресе, солардың ішінде Мәшһүр ағамыз халық ауыз әдебиетіне терең зер салып, фольклорлық үлгілерді жинап, бастырумен айналысқан.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған фольклор үлгілерінің көпшілігі қазіргі күні аңыз бен әңгімелер болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шешендік сөздер, көптеген тарихи оқиғалар, аңыз әңгімелерді қағаз бетіне түсіріп қана қойған жоқ, басқа да фольклордың жанрлық түрлерін, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын т.б жинағаны белгілі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ел аузынан тұрмыс-салт жырларының 30–40 шақты фольклорлық үлгілерін қағаз бетіне түсірген.

Осы фольклорлық үлгілердің бірқатарына зер салып, шолып өтсек.

Фольклор үлгілерінің көп бөлігі – аңыз-әңгімелер болғандықтан, бірінші осы жинақтан бастағанды жөн көрдік.

Халық аузында көп таралған, құпияға толы фольклорлық үлгі бұл – Асан қайғының жер туралы айтқандары.

Әрі ақын, әрі жырау, әрі би, философ Асан қайғы 14 ғасырдың аяғы мен 15 ғасырдың басында өмір сүрді. Қазақ хандығындағы әйгілі Әз-Жәнібектің арқа сүйер ақылшысы болған.

Бұл аңыз-әңгіме 2 нұсқадан тұрады. Бірінші нұсқада, мына бір екі шумақты өлеңге зер салдық:

Құйрығы жоқ,жалы жоқ,

Құлан қайтіп күн көреді?!

Аяғы жоқ, қолы жоқ,

Жылан қайтіп күн көреді?!

Жалаң аяқ байпаңдап,

Қаздар қайтіп күн көреді?!

Шыбын шықса, жаз болып,

Таздар қайтіп күн көреді?! – деп халық ұйытқысы Асан қайғы айтып кеткен. Әлемде қанша миллиардтаған адам болса, соншама тағдыр талқысына түскен адам бар. Кеудеміздегі кішкентай жүрек соғуын тоқтатпаса, күн көруге, тіршілік етуге әрекет жасаймыз. Бірақ, тағдырдың тауқыметіне түскен адам, қалай өмір сүреді? Бұл сұраққа былай үн қатқымыз келеді.

Қазіргі күнде, әрі кетсе бірқатар адамдар мүгедектікке жегілсе де, өмірден түңілмей арман-мақсаттарына он екі мүшесі сау адамдармен қатар ұмтылуда. Солардан үлгі-насихат алып, әр атқан таңымызға шүкіршілік етуіміз абзал. Ақын өзінің сөздерімен өмірдің осы бір тарауын дөп бейнелегендей көрінеді.

Екінші нұсқада, Мәшһүр атаның туған өлкесіне аяқ басқан Асан қайғы Баянауыл тауларын көргенде: «Бір күн түнеп кетемін деген адам бір жұма тоқтап қалады екен, тұзы жібермейді екен!», – деп айтқан. Баянауыл өлкесінің қасиетті мекен болатынын осы Асан қайғының болжамының арқасында көзіміз жетті. Сонау өткен заманда желмаясына мініп, шұрайлы жер іздеген Асан қайғыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы осылай бейнелеген болса керек.

Фольклордың негізгі жанрларының бірі – ертегі. Халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырған бұл жанр адамдарға тәрбиені де, мейірімділікті де көрсете алды. Бұл жанрда да Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбегі зор.

Қазақ батырлық ертегілердің ежелгі бейнесін суреттеген, жасымыз да көрімізде осы эпос жырын білетін, Мәшһүр атаның ең танымал Ер Төстік ертегесін сөз еткіміз келіп отыр.

Ер Төстік ерте дәуірден келе жатқан ертегілердің бірі. Қазіргі күнде тіпті бұл ертегінің анимациялық кино ретінде экран бетіне шығарған. Қиял-ғажайыпқа толы Ер Төстік ертегісінің мақсаты-жас ұрпаққа батыл, әрі батыр болуды, мейірімділікке, жақсылыққа тәрбиелеуді мақсат етеді.

Ертегіде Мұтышак байдың 8 баласын жоғалтып алуы, Төстік атты баланың дүниеге келуі, 9 баласына 9 әйел іздеген бай, кенже бала Ер Төстіктің жасаған ерліктері көрсетілген, тіпті, ертегіде көркемдік ұғымдар- тенеу, эпитеттер де кеңінен қолданылған.

Мәшһүр атаның осы фольклорлық үлгіні жинауы бізді ата-анамызды қадірлеуге, арман-мақсаттарымызды көздеуге шақырған сияқты.

Атам заманнан бері, қуаныш болсын, не дау болсын сөзді астарлап жеткізуді пір тұтқан. Әсіресе, сөзді астарлап жеткізу ақын-жыраулар, шешен, ділмар адамдардың қолынан ғана келе білген. Бұл астарлы сөздер – мақал-мәтелдер деп аталады. Мақал-мәтелдердің мақсаты – ұрпаққа өнеге беру, тілдік қорымызды кеңейту болып табылады.

Мәселен, «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» деген мақалдың шығу тарихын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы астарлап, төркіндеп жеткізген.

Бұл мақал он үш жасар Хазірет Сүлеймен ғалайссаламның хикаясынан пайда болса керек. Нақтырақ айтсам, кедей қатын өз тапқан нанын табиғаттың тылсым күшінің кесірінен айырылып, бала-шағама қай бетіммен барамын деп жүрегі қан жылайды. Бала Хазірет Сүлеймен бұны көріп: «Дереу барып тақта отырған патшаға арыз қыл. Маған әлім жеттік қылып, бір қап ұнымды жел тартып алды, желден көлденең алып бер», – деп ескерту жаса деді. Сөз төркінін түсінбеген бейшара қатын, патшаға үш рет барыпты. Хазірет Дәуіт ғалайссалам бұны бірден түсініп қойып, сыртқа шығып, хазірет Сүлеймен ғалайссаламнан не себепті қатынды үш рет жібергенін сұрайды. Сонда хазірет Сүлеймен ғалайссалам былай үн қатқан екен: «Менің қол астымдағы бір жесір қатынның бір пұт ұнын қабыменен жел алып кетіпті. Өзің жасап па едің? Өз бетімен қылған ісі ме?», – деп сұра құдайыңнан», – дейді. Хазірет Дәуіт ғалайссалам дереу ғибадатханаға барып, мінажат етеді. Сол кезде, бір періште пайда болып, қатынның ұны басқа біреуге жақсылық ретінде жіберілгенін айтады. Сол сәттен кейін, хазірет Дәуіт ғалайссалам жесір қатынның мұнын түсініп, пейілдігін көрсеткен. Осы оқиғадан осы мақал туса керек. Мақал олжа, кіріс, пайда ұғымдарын негізге алған. Бұл оқиға өте бір тәрбиелік мән көрсетті, әрине, бұл Мәшһүр атаның арқасында деп білеміз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев атамыздың сөз өнерінен бөлек, тұрмыс-салт жырларының да үлгілерін жинақтады.

Тұрмыс-салт жырлары – қазақ халқының әдет-ғұрпына байланысты өлеңдер топтамасы. Солардың бірі, қазіргі заманға дейін, қадір-қасиетін жоғалтпаған, қуанышты хабарды жеткізетін жыр – Жар-жар. Жар-жар жыры дегеніміз – бұл ұзатылған қыздың жаңа бір үйге, яғни, күйеуінің шаңырағына қадам басқан кезде,

орындалатын жыр. Күні бүгінге дейін Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің осы бір фольклорлық үлгісі жалғасын тауып келе жатыр.

Тұрмыс-салт жырларынан басқа, батаны да фольклорлық үлгіге жатқызған. Бата біздің ұлттық дәстүріміздің бір түріне жатады. Той батасы, шілдеханаға арналған бата, дастархан батасы, алысқа сапарға аттанғанда айтылатын бата, айта берсек өте көп.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығарып, қорытындылайтын болсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ауыз әдебиетіне қосқан үлесі өте мол. Осы айтқанымыздан бөлек, басқа да батырлар жырын, өлең-дастандар, жоқтау өлеңдері, өтірік өлең, халық өлеңдері, жаңылтпаштар, мысал-аңыз үлгілерін де жинақтаған.

Осындай өмірі шығармашылыққа толы Мәшһүр атаның көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналғаны белгілі. Барлығымыз Мәшһүр атаның шығармашылығын аса қатты бағалаймыз.

Насихатқа толы өлеңдері біздің жанымызды тебірентіп қана қоймай, рух сыйлайды. Бүгінгі күніміздің жарқын болуына көптеген ақын-жазушыларымыз өз ықпалын тигізсе де, Мәшһүр атамиздың еңбектерінің орны бөлек. Ел қамын елден бұрын ойлаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осынау еңбектеріне бір тағзым. Болашақта, мамандығым тіл маманы ретінде жұмыс жасаған жағдайда, туған жерімнің қасиетті әрі дара тұлғасының шығармашылығын неге дәріптемеске.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары (Қазақ фольклоры үлгілері). 5 том. Павлодар: «ЭКО»ҒӨФ, -2005 ж.-410 бет.

2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары (Қазақ фольклоры үлгілері). 6 том. Павлодар: «ЭКО»ҒӨФ, -2005 ж.-396 бет.

3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары (Қазақ фольклоры үлгілері). 17 том. Павлодар: «ЭКО»ҒӨФ, -2013ж.- 366 б.

ДУЛАТ ИСАБЕКОВТИҢ «БІЗ СОҒЫСТЫ КӨРГЕН ЖОҚПЫЗ» ПОВЕСІН ОҚЫРМАН КӨЗҚАРАСЫМЕН ТАЛДАУ

ҚИНАЛБЕК А. А.

магистрант, МҚТМӘ – 21(н) тобы, Торайғыров университеті,
аудармашы, Павлодар ауданы ҚМҚК БЖСМ, Павлодар қ.

Дулат Исабековтің ұлттық әдебиетіміздегі тарихи-психологиялық, әлеуметтік-психологиялық, лирикалық шығармашылығын зерттеудің қажеттігі, оның әңгіме, повестерінің көркемдік жетістігі мен өзектілік сипатында және бүгінгі өмір құбылыстарын шынайы бейнелей алғандығында жатыр [1].

Оның қай шығармасын алып қарасақ та, заманның ащы шындығы мен өмір құбылысы. Сол заманның өзекті мәселесін оқырманның ойына қарапайым тілмен жеткізіп, шығармаларының оңай оқылуында.

Жазушының кейіпкер болмысы мен характерін ұлттық мінезге сай етіп, психологиялық нәзіктіктен ашудағы дара қолтаңбасы қарастырылады. Шығармадағы кейіпкер оқырманның күнделікті өмірінде кездесетін немесе белгілі себептермен өмірінің қандай да бір кезеңінде соқтығысып қалатын жандардың мінезі, психологиясы, түр сипаты тіпті, сырт келбеті ұқсас кейіпкердің шығармада кездесуі оқырманның қызығушылығын артырады. Оқырман шығарманы оқи отырып, ондағы болып жатқан құбылыстар мен жағдайларды, мәселелерді түсініп қана қоймай шынайы өмірде болып жатқан құбылыстармен салыстыра алады. Жазушы шығармаларындағы басты идеяны ашып, түпкі ойды жеткізетін ол әрине болып жатқан құбылыстар мен оқиға ғана емес, сол жерді басынан кешіріп отырған кейіпкер. Кейіпкерді, оның болмысы мен мінезін, көқарасын, ішкі ойы мен сыртқы қалпын бейнелей отырып жазушы шығармадағы негізгі идеяны ашады. Содай-ақ, қоғамдағы адамның рөлі, орны, адам өмірінің мән-маңызы, жалпы өмір мен өлім туралы т.б. мәселелер сөз болады. Адамдар арасындағы адалдық, тазалық, ізгілік сияқты биік адамгершілік мұраттарда сырт қалмаған. Шығармаларының басым бөлігі шынайылық пен ақиқаттылықты сипаттайды. Заманның шындығы не болмаса әділдігі мен әділетсіздігі, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас сынды детальдар қай заманда болатын құбылыс. Тек әр заманда әр түрлі жағдайларға байланысты қабылдау оқырман мен жазушы арасындағы айырмашылық тәрізді.

«Соғыс тақырыбына жазылған, яғни алыс ауылда сол кездің қиыншылығына куә болған баланың, Д. Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі», – деп Қирабаев өз еңбегінде бұл шығарманы ерекше атап өтті [2, 180].

«Біз соғысты көрген жоқпыз» повесі соғыстың ауыртпашылығы мен қиыншылығы адамдарды ақсатқан заманда өмір сүрген баланың өз көзқарасымен баяндап, сипаттап, өзінің басынан кешіріп жатқан оқиғаларын балалық пәк оймен жеткізіп, айналадағы адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы, өмірге деген көзқарасы, өмір сүру салтын сипаттап жазған. Жазушының «мен» деп бала кейіпкердің атынан, оның көзқарасымен жазылған осы шығармасы, заманның шындығы мен соғыстың шын мәніндегі қағілездігін баяндауы үлкен жетістігі. Ауа райының соғыс уақытында шаршаған, өлім мен өмірдің ортасында жақындарын ойлап, сағыныштан зарыққан, қажыған адамның көңіл күйі сияқты бұлыңғыр, тіпті қыс мезгілінің әдеттегіден ұзақ болатынын баяндауынан-ақ, соғыс заманының әр күні суық, түні ұзақ әрі қараңғы, қытымыр екенін сипаттайды.

«Біз соғысты көрген жоқпыз» сырт пішінінде өмірбаяндық сипатты шығарма. Лирикалық «меннің» баяндауында тарихи шындық желісі тартылған, әрі шынайы өмір суреттері баршылық [3, 218].

Әкесі соғыста, анасы мен апасының қарауында қалған мектеп оқушысының балалық көңілмен, көп жайттарды түпкілікті түсінбесе де өз көзқарасымен сипаттап, жеткізе отырып, соғыс жылдарының тарихи шындығын баяндайды.

Шығарманың басынан-ақ бас кейіпкер оқушы баланың ұйқыдан тұра сала, анасының бір ауыз жылы сөзінен сезінген сезімін сипаттауы, қатыгез заман қажыған, уайымнан шаршаған ананың бейнесін ашып жеткізеді. Жазушы оның өзін өте оңай оқырман тілімен жазып, қарапайым сөздікпен баяндауы бұл жерде оқу барысында шығарма тілінің жеңіл әрі түсінікті екені көрсетіледі. Баланың ояна сала анасының даусының нәзіктігі, бітінде мұң мен заманның қатыгездігі болса да, дауысында балаларына деген махаббаты бары естіледі. Көптен бері анасының осындай дауысын естімеген жеткіншек үшін ұйқысынан ояна сала естуі оқырманның жүрегін түртеді. Бұл жерде тағы тоқтала кететін мәселе, кейіпкер психологиясы. Жоғарыда айта кеткенімдей жазушы заман шындығын кейіпкердің психологиясымен сөйлеу мәнерімен, ойлау амалы арқылы ашады. Яғни қанша жерден жасөспірім бала болса да апасы мен анасына деген қамқорлығы, оларға жанының

ашуы, өзінің көңілінің тоқтығын ғана ойламай апасының бір ғана қараған көзінен оның ойын оқып, ішкі жан дүниесін сезінгені, жазушының кейіпкердің бейнесін ұтымды ашады.

Жазушы жалпы азаматтық мәселелерге ұлттық кейіпкер, ұлттық характер арқылы баруы керек. Азаматтық масштабқа көтерілетін шығарма алдымен ұлттық болуға тиісті. Адам жанының иірімдері, тылсым тұңғиығы, нәзік тебіреністері, томаға тұйық сырлары, бұралаң бұрмалары соншалық, олардың ұшы қиырына жетемін, түсінемін деп барын салатын жазушы еңбегінің қиямет-қиындығы, азабы мен рахаты өз алдына – адамның ішкі сырын ойлап біліп, көркем сөз өрнегіне тірнектеп түсіретін талант иесінің сиқырлы өнері. Психологиялық талдау әдебиеттің ең жанды жері. Психологиялық талдау адамның белгілі бір әрекет үстіндегі сезім күйінің өзін ғана емес, негізінен оның бір күйден сан күйге ауысып дамған диалектикалық процесін зерттейді.

Психикаға талдаудың бірі – кейіпкер жанының қайшылықтарын ашуға арналады. Қарама қарсы ұғымдарға қақтығысы басталып, жақсылық пен зұлымдықтың тартысы дамиды. Бұл қарама-қарсы күштер өзін тудырған қоғамдық жағдайларға байланысты белгілі бір ара-қатынаста болады. Олардың қайсысының жеңіп шығуы идеялық көркемдік мақсаттың, характер мен сюжет логикасының мәселесі. Оның эстетикалық мақсат-мүддесін көрсететін авторлық ұстанған бағыты болмақ [4, 221].

Әдебиет кейіпкерінің өз ұғым түсінігіндегі өзгеріс нышандарына көңіл қою шақтары, нақты іс-қимылдарына, айналасына, жекелеген субъектілерге қатысты толғану, күйзелу, тебірену сәттері (интериоризация процесі) психологиялық талдаудың қайнар көзі [5, 27]. Психологиялық образ сезімге, адам есіне қатысты бейнелер [6, 34].

Д. Исабековтың шығармаларының көбі трагедиямен аяқталады. Ал трагедияның маңызды сипаты – басты кейіпкер үлкен қателік жіберіп, зор адасуға ұшырайды. Бұл әлеуметтік жағдайлар мен қоғамдық қарым-қатынастар тудыратын, кейіпкердің өз еркінен тыс, оның идеал-мұраттарын, күйретіп, мақсатына жеткізбей, мерт қылатын зауал іспетті, тағдыр, жазмыш бұйрығы тақылеттес ерекше ситуациялардан шығады.

Көркем прозадағы реалистік шындыққа негізделген психологиялық талдау тәсілі адам характерін жан-жақты ашып, оның жан дүниесінің қорғаныс қабаттарын толық қамтуды талап

етеді, осы орайда Д. Исабеков өз кейіпкерлерінің жеке тұрмыстағы әдет-дағдыларын нақты бейнелейді [7, 40].

Д. Исабековтың шығармаларын трагедиялық сипатқа ие, яғни қандай да бір шығармасын алып қарасақ, ондағы басты мақсат, негізгі идея, шығарманың соңы белгілі бір проблема жайында баяндайды. Өзінің шығармаларын трагедиялық жанрға арнаған қаламгердің атаулы шығармасы да өмірдің сынына ұшыраған отбасы, бейкүнә бала тағдыры, оның бала бола тұра көрген қиыншылықтары мен азабы, отбасының бастан кешірген қасыреті, шығарманың басынан аяғына дейін оқырманның жүрегін елжіретіп, санасына ой салады.

Дулат Исабеков прозасының өзіне ғана тән сипаты, тілінің қарапайымдылығы, идеялық тұрғыдан, барлық тақырыпты тек адамгершілікті насихаттауға көтеретіндігінде. Адамдар арасындағы тартыста, кейіпкердің жан дүниелеріндегі қайшылықтарда, сезім толқулары, пікірлері де т.б. автор позициясын айқындауға жұмылдырылған. Адам бойында кездесетін әр түрлі сезімдер мен ішкі жан дүниесіндегі рухани тартыс, шиеленістер жазушы прозасындағы адамгершілік ізденістердің көркем табиғатына тән. Әрі Д. Исабеков шығармашылығында адам феноменінің түрлі аспектілері жан-жақты қарастырылғанын көруге болады. Д. Исабеков өз шығармаларына лиризм, психологизмді арқау ету арқылы бүгінгі күннің, қала берді бүкіл адамзаттық көкейкесті проблемаларды көтере білді. Қазақ әдебиетінің даму деңгейіне белгілі дәрежеде өз үлесін қосты. Оның шығармашылық мұрасы ұлттық рухани мұрамыздың құнды бөліктерінің бірі болып саналатыны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://stud.kz/>
- 2 Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – А. : Білім, 1998. – 180 б.
- 3 Кәрібаев Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Астана, Елорда, 2001.-218 б.
- 4 Елеуенов Ш. Замандас парасаты. А., Жазушы, 1977.-221 б.
- 5 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. А., Санат, 1996.-27 б.
- 6 Нұрғали Р. Телағыс. А., Жазушы, 1986.-34 б.
- 7 Қазақ тілі мен әдібиеті. 2000. №3, 40 б.

ҚАЗАҚ ЖОҚТАУ ЖЫРЛАРЫН ЖИНАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

НУРМАГАМБЕТОВА Л. Б.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Фольклор үлгілерінің жиналу, жариялану және зерттелу жағдайын жете зерттеп, танып білмей тұрып фольклортану ғылымын терең меңгеруге қол жеткізу мүмкіндігі болмайды, сондықтан фольклордың жоғарыда аталған үдерістерін жүйелі тұтастықта алып зерделеу қажет. Біз осы тарауда қазақ фольклортану ғылымындағы, оның ішінде ғұрып фольклорындағы жоқтаулардың жиналу жағдайын қарастырамыз. Жоқтау жырларының жиналу жағдайын сөз еткенде фольклорист ғалымдардың жоқтау жырларын жинау мақсатындағы еңбектерін, олардың жоқтауды жинау мен жүйелеуге қосқан үлестерін салмақтап қарау маңызды.

Ресейде 1818 жылдан жалпы түркі халықтарының әдеби мұрасын яғни қолжазбаларын жиналу, зерттелу, басылу жұмыстары атқарылу бастады. Қазақ фольклорын зерттеу, жинау тарихы осы кезеңдерде басталады. Біздің көне қолжазбаларымыз, яғни түркі тіліндегі құнды қолжазбалар Азия халықтары институтының қорында бір жарым ғасыр бойы жинастырылған. Біздің әдеби зерттеу мұраларымызда құндылығы жоғары саналатын «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» атты М. Ғабдуллиннің редакторлығымен шыққан ғылыми зерттеуде қазақ фольклоры хақында біршама деректер берілген [1]. Фольклор нұсқаларын халық аузынан жинаған үлгілеріне, соның ішінде жоқтаулар жайлы деректер келтіріп, толық анықтама беріліп, әр нұсқаның кімнен жазып алынғандығын және қай жерде сақталып, жинау барысында қандай тәсілдер қолданылғаны жөнінде мәліметтер берілген. Бұл еңбек қазақ фольклорының жиналуына қосылған құнды зерттеу болып табылады. Біз бұл тарауда қазақ жоқтауларының жиналуына соның ішінде, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жоқтау жанрын жинау тәсілі мен ерекшеліктерін қарастырамыз.

«Фольклортану ғылымының үш негізгі тұғыры бар. Олар – мәтіндерді жинау, жариялау және зерттеу. Бұл үшеуін бір-бірінен ажыратып, жеке-жеке талдау – фольклор туралы ғылымның ішкі процесін ашу деген сөз», – деп фольклортанушы профессор Н. Қ. Жүсіпов айтқандай фольклордың жиналу мәселесі – әдебиеттану ғылымының өзекті нысандарының бірі. Н. Қ. Жүсіпов ғылыми зерттеулерінде фольклор үлгілерін жеке жеке тарауларда

карастырып, олардың өзіндік ерекшеліктерін айқындайды [2, 10 б.]. Ғалым фольклордың, соның ішінде қазақ фольклорын жинаудың негізгі үш тәсілі болғандығын баяндап, әрқайсысына жеке-жеке сипаттама береді:

«Бірінші тәсіл – мәтіндерді ел арасынан жинаушының өзі жазып алу машығы. Екінші тәсіл – жер-жердегі арнайы тілшілер арқылы жинау. Яғни ғалым өзінің жер-жердегі сенімді хат жазысып тұратын адамдарының көмегіне сүйене отырып, сол жердің фольклорын жинастырады. Мұның ерекшелігі – тұрғылықты болуы.

Үшінші тәсіл арнайы экспедиция ұйымдастыру, экспедиция мүшелерінің дайындығы, міндеті айқындалуы», – деп үш тәсілдің негізгі белгілерін нақтылап береді. [2, 11 б.]. Біз зерттеу жұмысымызда ғалымның көрсеткен тәсілдері негізінде жоқтау жырларының жиналуы, жариялануы, зерттелуін қарастырамыз. Басқа да фольклорлық шығармалар сияқты жоқтау жырлары да ауызекі тарайтын болғандықтан, оның жазба әдебиетімен салыстырғанда ғасырдан-ғасырға жетуі күрделі. Халық мұрасының кейінгі ұрпаққа толыққанды жетуі – жинаушы ғалымдардың жазып алып, яғни қағаз бетіне түсіріп, жарыққа шығарудағы айырықша еңбектерінің нәтижесі. Бұл фольклортанушы ғалымдардың фольклорды жинаудағы ересен зор еңбегінің маңыздылығының қаншалықты ауқымды жұмыс екенін бағалауға жол береді. Ғұрып фольклор үлгілерінде де қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті мен тарихы жайлы мағлұмат беретін бай қазына болғандықтан, сол халық әдебиетінің даму дәрежесін бағамдайтын белгілердің бірі деуге болады.

Фольклордың басқа жанрлары сияқты жоқтау жырларын жинау ХІХ ғасырдан бастау алады: Ш. Уәлиханов, В. Радлов, И. Ильминский, Г. Потанин, А. Васильев, Ә. Диваев, Н. Пантусов, М. Ж. Көпейұлы, Ы. Алтынсарин сынды зерттеушілер фольклор үлгілерін, соның ішінде зерттеу нысаны болып отырған жоқтау жырларын да жинауда орасан еңбек еткені белгілі. Алайда ғұрып фольклорды жинау кеңестік дәуірде кеңінен қола алынғаны мәлім. Соның нәтижесінде бұл дәстүр ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы жинастырылған фольклорлық үлгілер өзіндік мәнерлілігімен, көркемдігімен ерекшеленді.

«Ғалым Г. Н. Потанин фольклор үлгілері мен этнографиялық материалдарды қатар жинаудың шарттарын белгіленген алғашқы жоба-проектілерінің бірі болып табылатын «Қырғыздар (қазақтар – Н. Ж.) мен Сібір татарларының бұлдыр нанымдарын, көне

ертегілері, діни ғұрыптарын зерттеу мәселесін» жарыққа шығарды. Мұнда ол Сібір татарлары мен қазақтардың әдет-ғұрып, салт-санасы, ырымдары, діни сенімдері туралы мәлімет берумен ғана шектелмей, бағдарлама іспетті бұл еңбекте жинау жұмыстарының үш бағытын айқындады. Олар:

1) Әлем жаратылысы жайындағы нанымдар; 2) ертегілер (яғни батырлық және ертегі эпос); 3) діни әдет-ғұрыптар.

Сол кездегі басқа да жинаушылар тәрізді Г. Н. Потанин де өз жобасында этнографиялық деректерді фольклорлық шығармалармен тығыз байланыстыра қарастырған. Нәтижесінде бағдарламада отқа табыну, аспан денелеріне табыну, бақсы ойнату, молшылық салты, шөп тастау, малға тұмар тағу сияқты әдет-ғұрыптарды жиі кездестіреміз» [2, 22 б.]. Ғалым зерттеуіне назар салсақ, Г. Н. Потаниннің діни әдет-ғұрыптар деп жинаған фольклор үлгілерінде жоқтау жырларының енгені анық. «Г. Н. Потаниннің «Қазақтар арасындағы әр түрлі ойлап шығарылған өлең, кисса, ертегілерінің, әдет заңдарының керекті болған турасында» мақаласының шығуы ел арасынан фольклор мен ауыз әдебиетін жинаушыларға үлгі-жоба болды, Мұнда: «... Жіберген хабарларды қазақ тілінше жазып жіберсе жақсы болар еді. Тағы да, тиісті хабарларды жазғанда бұл хабарды айтқан адамның аузынан шыққан сөздерін бұлжытпастан, қысқартпастан һәм ауыстырмастан жазып жіберерге керек, бұрынғы ескіріп кеткен кісілердің аттарын һәм сөздерін айтылған күйінде бұлжытпастан жазарға керек, егер де бұлар ескірген себептен өрескел болып көрінсе де, орысша тілменен жазылған хабар болса да қазақтың сөзіне қарай дұрыс болсын», – деген ой айтылады [2, 23 б.]. Ғалым Н. Қ. Жүсіповтің еңбегіндегі келтірілген дерекке зейін қойсақ, Г. Н. Потаниннің қазақ фольклор үлгілерін жинауда деректердің қатесіз болуын қадағалағанын көреміз. Фольклор үлгілерін айтушы жыршылардың аты-жөнімен, қазақ тіліндегі мәтіннің қатесіз болуына ден қояды, Бұл фольклор үлгілерінің сауатты жиналуына, толық сақталуына ықпал еткені анық. Сонымен қатар, Г. Н. Потаниннің бұл хатының жарық көруі – ғұрыптық фольклорды сол кезеңдегі халықтың мұраларды тікелей тәсіл арқылы жинауға, фольклорды жүйелі түрде жинап, зерттеуге мүмкіндік туғызды. Әрі бұл хат мақсатты түрде фольклор жинауға жүргізілген іс-әрекеттің бағдарламасы іспетті болып, сұрақ-жауап түрінде жарияланған алғашқы бағыт ретінде маңызға ие болды. Г. Н. Потаниннің ғұрып фольклорын жинау жұмыстарындағы ерекшеліктерін қарастыру барысында, ғалымның мәтін жинаумен

ғана шектелмей, түрлі жанрлар төңірегіндегі өз тұжырымдары мен ғылыми көзқарастарын коса ұсынып отырғандығын көреміз. Потаниннің фольклор үлгілерін жинаудағы көзге түсер даралығы үлгілердің әр түрлі нұсқаларын алып бір-бірімен салыстыруы, сондау барысында бір елді мекенмен шектелмей, қазақ елінің әр аймақтарда жинастыру жұмыстарын ұйымдастыруы. Мысалы, Г. Н. Потаниннің жинау барысында И. В. Урасов (Көкшетау аймағындағы фольклорды жинаған) пен А. М. Головачев (Ақмола облысында фольклор жинаған) т.б. фольклор үлгілерін жинаушылардың және жергілікті жердің қариялары мен оқыған немесе өнерлі адамдарының көмегіне сүйенгендігін фольклортанушы ғалым Н. С. Смирнованың зерттеуінен танысамыз. Г. Н. Потаниннің фольклор үлгілерін жинаудағы негізгі мақсаты – халықтың тұрмысы мен мәдениетін тарихи – этнографиялық таным тұрғысынан алып зерттеу болғандығы айқын...

Н. Қ. Жүсіпов Г. Н. Потаниннің фольклор үлгілерін жинаудағы еңбегі жайлы «Г. Н. Потаниннің фольклорды жинауға ынтасы Омбы кадет корпусында оқып жүрген (1845–1852 ж.) кезде туған. Оның үстіне Шоқан Уәлихановпен дос болып, бірге жүріп, бірге өсуі Г. Н. Потаниннің жинаушылығына әсер етті» [2, 60 б.], – деп пікір айтады.

Г. Н. Потанин экспедициялық әдісті қолдана отырып фольклорды жинаған. Г. Н. Потаниннің фольклор үлгілерін жинауда жоғарыда айтқанымыздай тұрғылықты әдісті де ұтымды қолдана алған. Осылайша Г. Н. Потанин тұрғылықты мекеннен әр түрлі фольклор үлгілерін үзіліссіз жинау арқылы қазақ фольклортану ғылымында ізін қалдырған. Ғалымдар Потаниннің 1860 жылы алғаш рет фольклор жинаушылық жұмысты бастағандығын айтады. «Астроном К. Струвенің экспедициясында жүрген кезінде ол Тарбағатай өңіріндегі Қожырада көшіп-қонып жүрген қазақ ауылдарынан бірнеше мақал, жұмбақ, өлең және Ытығыл батыр туралы ертең жазып алады [2, 76–77 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Фабдуллин М. Қазақ фольклористикасы. – Алматы, 1972. – 208 б.

2 Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. – Павлодар, 2007. – 380 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ ДІНИ ДАСТАНДАРЫ

ПАЗЫЛОВА Д. Ш.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Шешен сөздің шебер атасы Мәшһүр Жүсіп жырлар ғана жазып қоймай, аңыз дастандар да жазған. Көптеген аңыздар тарихи деректерге негізделген. Сондай-ақ, дастандарда әртүрлі тақырыптар, мәселен, батырлар жыры, салт-дәстүр, адамгершілік, адами қасиеттер әсіресе дін тақырыптары өмір мен өлім, жын-пері, шайтандар жайлы, нәпсі, періште, тозақ пен жұмақ, пайғамбарлар мен сахабалар, иман мен ислам тағы да сол сияқты көптеген тақырыптар қозғалған.

Рухани тәрбиенің қайнар көзіне айналған дін тақырыбы ақын шығармасында кеңінен орын алады. Сөзі орынды, жөн-жосығы келісті, шебер ақын Мәшһүр Жүсіп діни тақырыптардың бірнешеуін бір дастанға сыйғыза біліп, өз шығармасын халықтың, әсіресе өрімдей-өрімдей өркендеп, көктеп келе жатқан жеткіншектердің рухани моральді тәрбиесіне арнаған адам. Әр дастанда оқиғаның орындалу желісіне қарай көлемі ұлғайған сайын, тәрбиелік мағынасы зорая бермек, сонымен қатар деп тақырыбы да ұштаса береді. Мысалы: «Ібіліс шайтан хикаясы» дастанында дін тақырыбы Таблит, Жаблиттен тараған Ібілістің өр көкірегінің кесірінен ұшыраған баяндаған сайын Ібіліс негізінде кім әрі қандай іспен айналысатынын баяндаса, шайтан азғыруынан сақ жүріп, адамға салған қармағының кез-келген мезетте шалыс басқан адамның үшін іліп әкелеті хақ екеніп ескерткені рухани тәрбиеге негізделген. Ал, «Ақыреттің егіні» дастанында «қыстың қамын жазда ойла» демекші, өлімнің халін өмірді көзін көріп, дүниеде өзін билігін жүріп тұрғанында ойлауға шақырса, дін мәселесі қияметте қандай орын теберінді қазір шеш дегенге негіздейді. Сондай-ақ, «Яһуда, патрос әңгімесі» дастанында көбінесе дүние мен өмірдің жайы, ақыреттің қамы қарастырылған. Және дүние құмарлықпен, ашкөздіктен безінген Яһуди мен Патрос бауыры қарама-қарсы образда бейнеленген. Бұл дүниеде Алладан басқаға артқан махаббаттың бәрі жалған, әрі жауапсыз екенін дәлелдеген. «Опасыз әйел» атты дастаны шындығында көрдегі сүйген жарының моласын көздің жасымен күзеткен жігіт Ысқақтың Құдайдан сұрап, тірілтіріп алған әйелі ніпсі құмарлықпен ойнас қуып кеткен опасыз болып шығуы, соңында Ысқақтың көрген азабы мен мазағы баяндалса, Құдайдың

кылған қалауы біз үшін қайырлы да артық екенін дәлелдеуі арқылы шайтан көңілге түспеу керек екенін тәрбие етеді.

«Әдһам диуана мен Ибраһим» дастаны нағыз дүние қайыршылықты, өмір мен өлімді, асып-тасушылық пен қанағатты бір-бірімен сәтті салыстырса, адамды өлген қыздың көрден тұруы арқылы Алланың күдіретін, Әдһамның тілеуін, Ибраһимнің образы арқылы Құдайдың шынайы құлы бола білуді сомдайды.

Осы шамалы бірқатар дастандар рухани қасиеттерді жетелей келе дін мәселесін көтерген аңыздар ақын Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында қаншама. Құранда айтқандай «Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларын жақсы, сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан. Ол тым үстем, аса жарылқаушы» (Мулк, 2) [1, 545 б.]. Алланың адамды құлшылық жасап, Алланы – құдай, өзін құл деп тану үшін жаратқан себебімен адам баласының осы дүниеде дұрыс ғұмыры кешіре білуіне және сол арқылы бақида бақыт тапсын деген мақсатпен құран, пайғамбарлар арқылы хабар яғни хадис жіберген. Мәшһүр Жүсіп дастандарының біршама оқиғасы да Аллаһ жолында ғұмырын сарп кылып, Құдаймен келісім-шарт жасап, жанын жәннатқа сатқан мұсылман жандар жайлы тарихқа да негізделген.

Мәшһүр Жүсіп дастандарындағы өмір мен өлім туралы айтқандары.

Он сегіз мың ғаламды, шартарапты, ғарыш пен әлемді, таулар мен тастар, ағаштар мен өсімдіктер, аңдар мен құстар тіпті адамдарға қараңыз, күллі заттар өздігінен бола салмағаны, сондай бір керемет Қүдіреттің иесі жаратқанын аңғару қиын емес. Әрбір заттың бір-біріне ұқсамауы, немесе екі заттың бір-бірінен аумай қалуы, екі адамның егіз болғанымен бір ерекшелігінің болуы, өліден тірі шығуы немесе тірінің өлуі, ұсақтап зордың пайда болуы немесе зордың аяқ асты ұсақталуы тіпті бардың жоқ болуы немесе жоқтың бар екеніне бірден-бір ұлы дәлелдер. Ендеше, бұл ұлы Жаратушы және барлық заттың әрі күллі ғаламды басқарып, барлап, қажетімен қамтамасыз етіп, артығын қырып, артылғанын қылын отырған құдай – ол Аллаһ.

Қазақтың дарынды да дана ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпеев жырлағандай:

Көрінген көк пен жердің шамасы жоқ,
Ақыл мен ойға сияр бағасы жоқ.
Ойланып ой көзімен қараған құл,
Өзіңнен бірлігіне таласы жоқ.

Таң мен түн, күн мен айым, жұлдыздарың,
Қап-қап ұн, миуа жиде етке соның бәрін
Байнаһом аятының тауылларын
Талдауға халім келмес ешбір менің!
Шың биік, таң-тамаша тау мен тасың,
Етегі жазық, сіз қара көрсек басып,
Солар да қаһарыңнан сонша қорқып,
Ағызған бұлақ қылып көздің жасың!
Соншама шексіз түпсіз дарияларын,
Бар қылдың өміріңмен соның бәрін.
Жамылған әлем жүзін ақ кернедей,
Сағатында нәбәтә тапты жауған қарың.
Дарияда асқар таудай жүрген жайын,
Жетпейді күдіретіңе ешбір пайым.
Соқтыққан толқын судай хасыл қылып,
Забуржат, лағыл гауһар – бәрі дайын! [2, 31 б.].

Сол себептен тек бір Аллаһқа ғана сенеміз, керегімізді сұраймыз, соған ғана құлшылық кып, Аллаһты – Құдай, өзімізді құл деп тануымыз әрбәр кеудесінде ыстық жаны, бойында қасық қаны бар тірі адам үшін парыз. Неге тірі адам үшін парыз? Ал өлілер ше? Себебі Аллаһ тек тірілерге ғана осы өмірде құлшылық кып, қылығының құнын арттырып, нәпсінің тізгінін артқа тарттырып жүруге мүмкіндік берген. Асарын асап, жасарын жасап «аһ» деп Аллаһтың алдына қайтқан адамдар жанының жазасын, жақсының сауабын алуға ғана мүмкіндік туып, оларды сұраған дұғасының еш пайда болмайды. Сондықтан тірі кезде тірлігінді қылып қалуын нағыз өзі.

Тірі адам тіршілігін істемес бұрын «мен кіммін?», «қайдан келдім?», «қайда барам?» деген сұрақтарға жауап іздеген дұрыс. Өлең мен өнерге құмар, қонағын қимай, құдасын құдайдай сыйлай білген қазақ халқы өз арасынан көптеген ақын-жыршылар, жазушылар мен шежірешілер, аңызшылар мен әншілер, тіпті тарихшылар, сол сияқты ғылым мен өнерді меңгерген адам тәрбиемен шығарған ұлы халық. Сол адамдардың арасында діндар, жақсылықтың жолын қуып, жамандықтың жолып жуып жүргендері де аз емес. Құдай деп құлдық ұрып, құранды мұрындық кып жүрген ақылды да, данагөй, сәуегей шешен, жүрегінің сыры, тілінде жыры ағылып жатқандары да қаншама. Солардың бірі Қожа Ахмет Иассауи, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп тағысы тағы бар. Осы ақындардың шерткен шежірелері мен тартқан тарихтары

аңыз-дастандарында тұнып жатыр. Яғни жоғарыда аталған «мен кіммін?», «қайдан келіп?», «қайда кетем?», «өмір мен өлім деген не?» деген сауалдардың жауабын өз аңыз-дастандарында дін мәселесін көтере айтып өткен. Біздің қарастырмағымыз, Мәшһүр Жүсіп дастандарындағы өмір мен өлім мәселесі.

Құдіреті күшті Аллаһ Адамды топырақтан жаратып, оған жан салды. Құранда ол жайында былай баян етеді; «Адамды топырақтан жаратып, оған жар салды!» (Бақара, 30). Адамға жан берген Аллаһ адамға әр нәрсенің атып үйретіп, оларды жәннатқа жіберді. Құранда Аллаһ бұл тарихты өзі былай деп баян етеді. «Аллаһ Адам (Ғ.С) біртұтас атауларды үйретті...» (Бақара, 31). «...Әй, Адам! Сен де жұбайың да тұрығдар, ерікті түрде қалағандарыңша жендер де мына ағашқа жоламандар. Онда жазықтылардан боласындар деген едік. Сонда шайтан скеуін ол жерден тайдырды. Ондағы нығметтерден де шығарды. Оларға: «Бір-біріңе қас қылып түсіңдер, Сендер үшін жер жүзінде тұрақ және бір мезгілге дейін пайдалану бар» дедік» (Бақара, 35–36) [1, 6 б.]. «Ібіліс лашынның азғыруына алданып қалған Адам ата мен Хауа ана күнәсін кешіруді өтініп зар илеп жылағандықтан, Аллаһ оларға сынақ беріп, жер бетіне жібереді. Аллаһ өзі айтқандай жер беті адамға тұрақ пен берілген мерзім, сынақ үшін жаратылған. Бұған дәлел: «Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан. Ол тым үстем, аса жарылқаушы» (Мулк, 2) [1, 545 б.] немесе «Ол сондай Аллаһ, сендерді жердің халифалары етті. Сендерге берген нәрселерде сынау үшін дәрежелерде бір-біріңнен жоғары көтерді. Күдіксіз Алла жедел жаза беруші және шынайы жарылқаушы, ерекше мейірімді» (Әнғам, 165) [1, 150 б.] деген Аллаһтың сөзі Құранда бірнеше сүреде аяттар келтірілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай. Қалың елім қазағым. – Алматы: Жалын, 1985. – 322 б.
- 2 Малик Ибрагим. Параллельный мир.

МӘШҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ МӘСЕЛЕСЕРІ

РАЙХАН НАРҚҰЛАН

магистрант, МФК-21н тобы, педагог, Балалар шығармашылық және бос уақытты қамту орталығы, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Қазақ әдебиетінің дамуына, әсіресе әдебиеттану, фольклортану ғылымдарының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосқан, кешегі кеңестік сұрқия саясатқа толы кер заманда атын атауға тыйым салған арыстарымыздың бірі де бірегейі ол Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығын зерттеу ісі-бүгінгі күні қызу қолға алынып отыр және осы мақсатта біршама жұмыстар атқарылғандығы да анық. М. Ж. Көпеев шығармашылығында сөз болатын мәселелердің барлығы да қазақ әдебиеті тарихы, қазақ тарихы үшін маңызды болып табылады. Мәшһүр шығармашылығының сан қырларын танытуға мақсат етілгендігімен өзекті болмақ.

Қазақ әдебиеті тарихына Бұқар жырау қатарлы ондаған ірілі-кішілі тұлғаларды қайтадан оралтуға септігін тигізген ғұлама зерттеуші, өзі де жанынан жыр жазған, шежіре тербеген, сәуегейлік танытқан қасиетті тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығының сан қырлары барын білеміз.

Осы орайда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қайраткерлік тұлғасын таныту; Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығының жемісі болып табылатын шығармалар жинағы және Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы жөнінде зерттеу жұмыстарын кең көлемде жүргізген Қ. С. Дәуітов, Қ. Мәшһүр Жүсіпов қатарлы ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйенуге тура келеді.

Қазақ әдебиетінің тарихы, фольклортану ғылымдарының зерттеу әдістеріне сүйене отырып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығын фольклортану, әдебиеттану т.б. салалардағы орасан еңбегін таныту мақсатында ізденуіміз, ұлы тұлға шығармашылығына аз да болса бойлап, жұмыс жазуымыз біздің парыз деп білем.

Мәшһүр Жүсіп жаңа мен ескі заман әдебиетінің алтын көпірі іспетті. Мәшһүр шығармашылығына қазақ әдебиетінің алыптары аса зор мән бергенінен хабардармыз. Аса зерделі жанның асыл қасиетін терең сезінген Мұхтар Әуезов: Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармауымыз керек. Сондықтан қазақ жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде

Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт, – деп толғаған екен. Мұхтар Әуезовтей Мәшһүрдің қадір-қасиетін соншама терең түсінген қазақ аз шығар деп ойлаймыз [1].

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы жайлы ой-пікірлер. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын Мұхтар Әуезовтың ерекшелеп атап, зерттеуінде үлкен мән бар. Өйткені, Мұханның өзі Асан қайғы, Жиренше шешеннен бастап, мақал-мәтел, тұрмыс-салт жырлары дейсіз бе, эпос, лиро-эпос – бәріне қалам тартқан ғұлама. М. Көпейұлының ел аузынан жинаған баға жетпес қымбат дүниесін тұтас ақтарып, жете зерттеген, Сәбит Мұқанов әсіресе оның шежіресіне қатты қызыққан. Соның ішіндегі аңыз әңгімесіне тосыннан айтылатын тапқыр сөздер мен өткір қалжыңына ден қойып, көңіл бөліпті. Мұхтар Әуезов былай дейді: ХҮІІІ ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры көп сақталған Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп Мес жинағына қарасаң, көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан, – деген осы екен-ау деп қызығыпты [1, 157]. Қазан төңкерісіне дейін қаншама ұлы адамдарымыздың өлең-жырлары, дастандары, әзіл-сықақ, күлдіргі әңгімелері хатқа түспей, бізге жетпеді. Ал көнеше (арабша) оқыған адамдарға әр түрлі айып тағылып, олардың шығармаларын жұрттан аулақ ұстауға, тіпті оқытпауға тырысты. Кезінде сондай тыйым салынған қайраткерлердің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы екеніне тарих куә.

Қазақтың әйгілі ақыны, әдебиет жинаушысы, шежіреші-ғұламасы, үлкен діни қайраткер, ардақты да ардагер тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазіргі Павлодар облысы Баянауыл өлкесінде туған. Жастайынан ескіше хат таныған. Ол өзінің күнделікті молдадан алған дәрісіне қанағат тұтпай, өлең, жыр, дастан жаттаған. Әкесі Жүсіпті Хамар молдаға әкеліп береді, бұл турасында ақынның өзі:

Жасымда қойылған ат адам Жүсіп,
Жұрт кеткен сүйгенінен Мәшһүр Жүсіп!
Қолыма қағаз, қалам алған шақта,
Кетемін қара сөзге желдей есіп.

Ақынның өзі айтқандай, өз заманының аса білгірі, ел басшысы Мұсаның алдында кідіріп, тоқтамай, бар өнерін көрсетеді, тақпақ оқиды, жыр толғайды, лиро-эпос жырларын айтады. Өзінің бірнеше

сыйлас адамымен отырған Мұса айран-асыр қалыпты. Мәшһүр хазіреттің аузынан шыққан әрбір сөзді қалт жібермей қағып алып, табан астында жатқа толғайды екен. Осы бір білімге деген құштарлығы жайында кейінірек айта келіп:

Бетімді бір жан енді қаққан емес,
Ұстазға ешкім мендей жаққан емес.

Мәшһүр Жүсіптің терең білім мен сол білімді қасиеттей білген, қастерлей білген парасатынан білуге болады. Жасынан мектепте оқиды. Орта дәрежелі білім алады. 29 жасында, 1886 жылы Бұхарға барып оқиды. Араб, фарсы, Орта Азия әдебиетімен танысады. 1896 жылы Ташкент қаласына барып, тағы біраз уақыт оқып қайтады. Еділ жағасындағы қалаларды аралайды: Горький, Қазан қалаларында болады, өлең жазады, ауыз әдебиет нұсқаларын жинайды: хабар, мақала жазады. Ақырында, өз елінде қайтады. Мәшһүр үш кітап жазып, бастырған. Олары: 1) Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз (1907), 2) Хал-аһуал (1907), 3) Сарыарқаның кімдікі екендігі (1907). Алдыңғы екі кітабы – өлең, жырлар, поэмалар жинағы. Барлығы 16 өлең, 5 поэма, кейінгі кітабы – ұзақ екі мақала. Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализм қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды. Сөйтіп, халықты оянуға шақырады: Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,

Айырылмай жақсы менен жаман фарқы.

7–9 жасына дейін Ер Тарғын, Қозы Көрпеш-Баян сұлу жырларын, шығыс қиссаларын жаттап алған зерек бала өнер-білім, әдебиетке құмар болып өседі. Сондықтан ол халық ішінде Мәшһүр деген атқа ие болады. Ел ішінде фольклор жинайды, бала оқытумен айналысады. Мәшһүр Жүсіп балаларды оқыта жүріп, жазу-сызуын бір сәт тоқтатпаған. Өзі сүйіп оқитын шығыстың ұлы ақындары: Науаи, Фирдоуси, Сағди, Хафиз шығармаларына сарыла үніліп, білімін үздіксіз көтеріп отырған. Өз білімін тереңдету мақсатында Мәшһүр Жүсіп Ташкент, Бұхара, Түркістан, Еділ, Араб, парсы, Орта Азия әдебиеттерімен танысады. 1888 жылдан бастап Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері мен ел ішінен жинаған ауыз әдебиетінің үлгілері Омбы қаласының Дала уәлаяты газетінде жарық көріп тұрған.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы сан алуан екендігіне әдебиет зерттеушілері аса мән берген. Мәшһүр есімін бір замандарда кертартпа молда ретінде қарастырып, тыйым салуы кесірінен кеңестік кезеңде лайықты

бағасын ала алмай келгені белгілі. Он төрт жасынан бастап төрт жыл бойы Бұхара қаласындағы Көкілташ медресесінде оқыған Көпеев Орта Азиядағы араб, парсы тіліне жетік білімдарлардың бірі боп шыққан. Осы шығыс поэзиясының биік парасатын діншілдік санасыздықтан айыра таныды да өзінің барлық өмірін халық зердесін жарық ұстауға арнады. Атақты Мәшһүр Жүсіптің поэзиядағы алатын орны бір төбе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерделеуге қосқан үлесі екінші биігі. Оның қазақ этнографиясын, әдет-ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан-теңіз. Мәшһүр Жүсіптің ендігі бір аса елеулі еңбегінің бірі-қазақ шежіресін жинақтауы болып табылады. Мәшһүр шежіресі тек қазақ халқының ірі-ірі руларының тарауларын ата есімдері жөнімен тізбектей бермей, оларды нақты оқиғалармен байланыстыра алуы арқылы шежіренің қызғылықтылығы арта түскендігін атап өткен жөн. Қара мес жинағында бес-алты қолжазба болып берілген.

Сәбит Мұқанов ілгеріде жазған Халық мұрасы атты белгілі кітабында Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинаудағы зор еңбегін биік бағалап былай деді. XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Осы очеркте біз пайдаланған жырлардың бәрі Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы. Мәшһүр Жүсіптің Мес деп аталатын жинағынан алынып отыр. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп: Бұқарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана,- дейді. Негізінде Бұқардың бұл мұраларын алғаш жазып алған қазақ жерінде Мәшһүр Жүсіптен басқа бұрын-соңды ешкім болған емес. Шоқан Уәлиханов өзінің орыс тілінде жарияланған шығармалар жинағында Бұқар жыраудың Абылайға айтқаны деп аталатын бірнеше өлеңін келтіреді. Бұқардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған. Ол тілек қазақ халқының жер бостандығы, ел бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы [3, 23].

Местен алған материалдар шартты түрде алты топқа бөлінген:

1. Тұрмыс-салт жырлары.
2. Аңыздар.
3. Ақын-жыраулар туралы.
4. Айтыстар.
5. Ертегілер.
6. Батырлар жыры.

Бұлай бөлу әдебиет ғылымында әбден қабылданған. Мұхтар Әуезовтің жіктеуіне үйлесіп жатыр. Айтуға оңай, оқуға жеңіл. Осы жинаққа кірген материалдардың қайсысын алсақ та өзімізге таныс, көптен білетін нәрселеріміз сияқты. Ал оқи келе не бір сөз маржандарына кезігеміз.

Ер Көкше туралы жырдың бітімі бөлек, айтылуы да тамаша. Бұл жырдан халықтық эстетиканың бұқаралық тенденциясын терең аңғарамыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімінің ел ішінде аңызға айналуына ақындығы ғана емес, халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры болғандығы да себеп болса керек. Біз бүгінгі әңгімемізде оның осы өнері жайында сөз қозғамақпыз. Ол ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, салт-санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан. Фольклордың осындай көп астарлы, терең мағыналы жағын жан-жақты зерттеген М. Әуезов: Замана толқыны тарих теңізінің жағалауына көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды. Бұл бағзы заманнан қалған архитектуралық ескерткіштер, грек храмдары, мысыр пирамидалары, қытай сарайлары, скульптура, лағыл тастар мен мәрмәрден жасалған кереметтер, өткен дәуір адамдарының жай-күйін аңыз етіп шертетін сурет пен музыка. Бірақ сол асылдардың асылы – адам баласының рухы мен ақыл-ойын барша ұрпаққа паш еткен ескіrmес, өлмес, өшпес өлең-жыр, – деп ғылыми тұрғыдан терең талдау жасайды.

Міне, сол өлең-жырдың, басқа да сөз асылының халық өміріндегі рөлін жете түсінген Мәшһүр оны жасынан құлай сүйген, жаттап өскен, хатқа түсіріп сақтай отырып кейінгі буынға жеткізген. Көпті көріп, көп оқыған білгір ақын бұл асыл мұралардың Үлгілі сөз, Бата, Жар-жар, Беташар, Сыңсу, Жоқтау, Қара өлең, Қайым өлең, Айтыс, Бақсының сөзі, Өтірік өлең, Жақсылардың мысал сөзі, Тақпақ, Мақал-мәтелдер, Шешендік сөз, Лиро-эпос, Батырлар жыры сияқты түрлерін хатқа түсіріпті.

Мәшһүр Жүсіптің көне мұраны жинаудағы орасан еңбегі деп XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау мен Көтеш, Абай, Ұлбике, Күдері қожа, Жанак ақынның т.б. сақталған жыр, толғауларын атар едік

Ал Бұқар жырау жайында Мәшһүр Жүсіп былай дейді: Бұқар – Қаржас, Алтынторы Қалқаман батырдың баласы. Бұқар жырау атанған қария тоқсан үш жасында Абылайханның алдында жыр толғаған. Өз заманындағы жандар бұл кісіні Көмекей әулие деседі екен. Бір сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен. Сол Бұқарекен Абылай ханға айтқан екен. Сенен бұрын жеті ханды жебеледім, Еңсегей бойлы ер Есімге де жолдас болдым. Сен оның бір түстігіне де жарамайсың, – дейді екен. Абылай хан жорыққа аттанбақшы болса, Бұқарекенді алдырып,

Жұлдызың оң ба,— деп айдың, күннің сәтін сұрайды екен. Сәде көріп беріңіз дейді екен. Сары бура келіп, сенің туыңның түбінде тұрып, пәлен жаққа қарай шабынды десе, сол айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, жаншып келеді екен. Жок, Сары бура келгеннен туыңның түбінде шөгіп, мойнын жерге салбыратып жатып алды десе, аттанбайды екен, — деп Мәшһүр Жүсіп Бұқар жырауды әрі жырау, әрі көріпкел әулие етіп суреттейді.

Мәшһүр Жүсіптің жинап, топтастырған Үлгілі сөзі небәрі қырық сегіз жол екен. Жинаушы қанатты сөзді шартты түрде бес түрге бөліпті. Бірінші түрі – он жол, екінші, үшінші түрі – сегіз жол, төртінші түрі – жеті жол, ал соңғы – бесінші түрі он бес жолдан тұрады. Өлеңнің қалған сегіз жолы он бір буынды қара өлең үлгісімен берілген. Осы қанатты сөздер тізбегі әртүрлі көркемдік жолдардың сатыларымен жасалған. Біріншіден, жеті-сегіз буынды жыр түрімен беріледі. Енді бір саласы ғажап сазға, үндестікке құрылған. Өлеңнің екпін, ырғағын, сөз қолданысын, әдемі сазын, ішкі музыкасын, үндестігін бізге барынша айқын жеткізген. Жыр жолдарында жеңіл юмор да бар. Біз Үлгілі сөздің үшінші жасалу түрінен аз да болса, әлеуметтік теңсіздік мәселесін көреміз:

Үлгілі билер қалды да,
Надандар кірді кеңеске.
Кеңескендік не десті
Тырнадай мойнын теңдесті [2, 63].

Бұл еспе қайталау әдісімен жасалған жыр жолдарының мәніне терең үнілсеңіз, ақылы таяздау билердің жайдақ қылықтарына ашына да, аяи да қарар едіңіз.

Мәшһүр жинаған бата сөздердің бір парасы ас қайыруға арналған.:

Асың- асың, асыңа,
Береке берсін басыңа
Бөденеден жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа [2, 58].

Міне, бұл жолдарда үлкен парасаттық, шынайы ақ тілек жатыр. Бір ғажабы, адамның ұғымына соншама жеңіл, қарапайым. Әсіресе, халқымыздың жан дүниесін ашатын тұсы аз емес.

Мәшһүр Жүсіп ауыз әдебиетін жинаумен бірге, сол өзі сүйіп ұнатқан, мұраларының жинаған ақындары мен билері жөнінде де мақала жазып отырған. Олар: Абылайхан жайлы аңыздар, Олжабай батыр, Бөлтірік шешен, Шом би, Шернияз ақын, Бұл қазақ қай уақытта да үш жүзін атанған Жырдың ең негізгі қасиеті,

біріншіден, тарихи жағдайды жан-жақты ашып беруінде болса, екінші бір құнды жағы – адамды тебіренге ойландыруында.

Ойымызды қорыта келгенде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының құнды мұралары тәуелсіздік алған осы отыз жылда біршама деңгейде дәріптеліп, танылды. Бірақ әліде биікке самғап, әлемдік өреге көтеріліп, сол арқылы қазақ деген ұлтта осындай әулие адамдар болғанын ғалам тануы керек деп ойлаймын. Ол үшін бүгінде Мәшһүр Жүсіп ұрпақтарының атқарып жатқан істері ұшан теңіз. Бізде сол сапта еңбек етіп ұлы бабамыздың құнды мұраларын дәріптеу міндетіміз деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аңсабаев Д. «М. Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» «Ізденіс пойск» 2003 ж 184-190б.
- 2 Көпеев М. Ж. «Екі томдық», Алматы. Ғылым 1992 ж 225 б.
- 3 Жұматаева Е. «М. Жүсіп шығармаларындағы дидактикалық пәлсапалық негізі». Қазақ тарихы 5-10 б.

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ДІНИ ІЗДЕНІСТЕРІ

РЫСБЕК А.

магистрант, МҚТМӘ-201(н) тобы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында қазақ қоғамында экономикалық, саяси және рухани жағдайдың алмағайып кезеңі болды. Кеңес үкіметінің отарлау жоспары қазақтың мәдениетін, діни дәстүрін, білім беру жүйесін әлсіретіп құртуға бағытталды. Яғни отарлаудың тілі шоқындыру саясатын қарқынды жүргізе бастады.

Бұл дәуірдегі ақындар, ойшылдар мен зиялылар өз білімдерін медреселерде алып, елге қызмет жасап, орыс мәдениетімен танысып, осы арқылы Батыс еуропалық мәдениеттің озық жетістіктерін игеріп, күш-қайратын жұмсаған қайраткерлер болатын. Отарлау кезінде қазақ ойшылдары мұсылман көшбасшылары тәрізді, Ислам діні мен құндылықтарын отаршылдыққа қарсы бағыттап күресті.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр бас кезінде қазақ діни-философиясының өкілдері Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ғұмар Қараш, Шәді Жәңгіров, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Нұржан Наушабаев,

Тұрмағамбет Ізтілеуов, Ақмолла Мұхамметияров, Әбубәкір Кердері, Мақыш Қалтаев, Нұржан Надшабаев, Мұсабек Байзақұлы, Әріп Тәңірбергенев, Иманжүсіп Құтпанұлы өз шығармаларында және дүниетанымдық ізденістерінде мұсылмандық мәдениет пен әдебиеттің негізгі тақырыптары Алла мен адам арасындағы қарым-қатынасы, жердің жаратылуы, мұсылмандық құрылымы, Ислам ілімі мен ғылымы Ислам философиясы, мұсылмандық әдеп пен ахлақ мәселелерін көтерді. Осы тұста біз ең ірі өкілдеріне кішкене тоқтала кетсек.

Қазақ ойшылы философы, ақыны Абай дүниетанымында Алла сансыз ғаламды жаратушы. Абайдың отыз сегізінші қара сөзінде Алланың сипаттары мен есімдері туралы терең діни философиялық талдау айтылады. «Аллахты бар дедік, бір дедік, ғылым күдіреті сыйпаты бірлән сипаттадық», – деп, Алланың бірлігі мен барлығын негіздейді [1, 417 б.].

Абайдың өлендері мен қара сөздері Ислам ілімі мен оның құндылықтарын ұлттық дүниетаным мен ұлттық ділге сай насихаттаған асыл мұра.

Патша-Құдай, сиындым,

Тура баста өзіңе.

Жау жағадан алғанда,

Жан көрінбес көзіме, –

деп жаратушыға арналған құлшылық екендігін жеткізіп тұр [1, 35 б.]. Абай өлендерін оқып, тыңдап ұлт мінезін, ұлт дінін тереңінен танып білеміз.

Философ ғалым Ғарифолла Есім: «Абай ұғымында Аллаһты сүю адамның жеке басындағы абзал қасиеттерді қастерлеу, адамгершілікті негізгі қағидаға айналдыру, ал ол үшін ең алдымен өзінді-өзің тазалауың қажет», – деп Алланы махаббатпен сүю керектігін көрсетеді [2, 73 б.].

Айта кететін болсақ, Абайдың ізбасары Ислам ілімі мен мәдениетінің білгірі діни философ Шәкәрім Құдайбердіұлының өлендерінде де, имандылықты, көркем мінезділікті, діндарлықты насихаттайды. Оған дәлел «Мұсылмандық шарты» еңбегінде: «Иман деген Аллаһ тағаланың барлығына, бірлігіне, онан басқа Аллаһ жоқтығына, Құран сөзінің бәрінің шындығына анық ықыласпенен нанбақ», – деп Аллаға иман келтіру керектігін білдіреді [3, 105 б.].

Ақын, ойшыл, қайраткерлердің еңбекті жазудағы мақсаты халқына иман негіздерін, шарттарын жеткізуді ойлағанын деп

білемін. Яғни елдің исламды дұрыс түсініп, дұрыс бағыт алуын мұрат тұтқан.

Мәдениетімізде өзіндік орын алатын ойшыл, тарихшы, философ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің шығармашыл ізденістерінде халық ауыз әдебиеті, ел тарихы, мәдениеті, тілі мен діні, саяси-әлеуметтік мәселелерді арқау етті.

Мәшһүр Жүсіп ізденістерінде Алла мен адам, табиғат пен адам әлемі, қоғам мен адам, адамдардың бір-біріне қарым-қатынасы белгіленеді. Алған білімін, жинаған тәжірибесін ұлт игілігіне жұмсап, елінің болашағына қатты алаңдады. Мәшһүр Жүсіп мұрасы – асыл қазынамыз. Шығармалары Ислам философиясы, әдеп, ілім, ғылым, рақымшылық, ғибадат, иман, әділеттілік, ізгілік, кісілік, жомарттық, намыс, тақуалық, сынды көркем мінездер туралы ой-пікірлерге толы. Сонау отаршылдық және шоқындыру саясатына қарсы жазылған саяси-әлеуметтік ойлары баяндалған «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал» кітаптары отаршыл өкімет тарапынан қара тізімге ілініп, ойшыл қуғынға ұшырап, Ташкент қаласына кетуге мәжбүр болады.

Бұл күнде тіл сөйлемес, ақша-шешен,

Жүгірем бай жұмса, не мен, не сен.

Дүниеге дінін сатқан адамдардан,

Алыс жүр, бой суытып аман-есен [4, 224 б.].

Құлдықтан зардап шегіп, еркінен айырылған жағдайында адам баласының бағытына, дініне, психологиясына тигізген әсерін жаны күйзеле жырлайды. Осы орайда ақын шығармасында білім үйреніп, ғылымға деген құштарлықпен ой-сананың кеңейетіндігін айтады.

Не нәрсе парыз болса, ғылым парыз,

Ғылым білсең, өтелер қанша қарыз

– деп дүниенің қыр-сырын біліп тануға, сауатсыздықты жою керектігін айта кетеді [4, 125 б.].

Дінді, әсіресе оның ішінде ислам дінін әспеттеген Мәшһүр Жүсіп: «Мен Құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті. Өзге нәрсеге – «Құлақпен естіген – танық, көзбен көрген – анық». Көзім көрмей нанбаймын», – деп өз пікірін ашық білдіріп, барлық жаратылыстың, табиғаттың сан алуан құбылыстарын және жаратылыс атаулының ішіндегі тіршілік бейнесін жаратқан шексіз құдіретті, тылсым шеберлік иесі – Алла екенін айтады.

Сонымен бірге ойшыл өзінің «Төрт асыл, бес берекенің шешуі» шығармасында Ислам дінінің қағидалары мен парыздарын,

діни, имандылық құндылықтары мен мұраттарын талдауға, Алла тағаланың барлығы мен бірлігін дәлелдеуге, Алланың ұлылығына сенім туғызуға бағытталған діни-философиялық ізденістері айқындалған.

«Адам баласының қара бойында төрт асыл бар: бірі – жаратқан Аллаһ тағаланы бір деп білмек тіліменен. Екіншісі – сол тілінің бір дегенін шын деп ағытқар қылуы дәлелменен. Үшіншісі – он екі мүшесін құдайдың құлшылығында қылу. Төртіншісі – Пайғамбар сенетін орынға келтіру. Кімде-кім құдайды бір деп айтпаса, ығоз бала кәпір болады. ...Төртеуін түгел орынға келтіруші момын мұсылман түгел табылып тұрған адам болады», – деп жазады ойшыл [4, 138 б.].

Мәшһүр Жүсіптің бүкіл жан дүниесімен, болмысымен, жүрегімен Алланы танып, тура жолда, пайғамбарымыздың сүннетіне имандылық, ізгілік, ақиқат жолы деп қарағаны, яғни дін философиясында айқын із қалдырды.

Алла жолында жанымен түсініп, имандылық, рахымдылық, ізгілік мұраттарын толғаған ойшыл былай дейді: «Адам баласының қара басында бес береке бар: бірі – Құдайдан қорқып уақытымен оқыған намаз; бірі – малайғыны сөзден бой баққаны, өзін тыйғаны; бірі – зікуат уа қайыр-хасен; бірі – екі аяғының арасына ие болғаны; бірі – аманатқа қиянат қылмай һәм Құдайға, һәм халыққа қылған уағдасына қылғаны» [4, 138 б.]. Аллаға құлшылық ету, өзіне-өзі ие болу, уәдеге берік болу, нәпсіні тежеу, аманатқа адалдық, ұстамды, сабырлы болу тәрізді Алла сүйген көркем мінездерді атап көрсетеді.

Ендігі ойды Мәшһүр Жүсіптің «Бес парыз» атты өлеңінде Ислам дінінің негізгі тіректері иман келтіру, бас уақыт намаз, ораза, зекет беру, қажылық жасау керектігін баяндайды. Яғни Аллаға шын ниетпен, таза жүрекпен құлшылық жасау, бес парызды түсініп орындау жайлы ой-толғамдарын жеткізеді. Құдайға құлшылық жасау туралы толғай келіп:

Бір құдайдан басқаны ойламандар,
Ой түбіне жетем деп, бойламандар.
Жалғыз қылда тұрғандай сол намазда,
Жан-жағына көз салып, ойнамандар [5].

Осы орайда бұл келтірілген үзінді бойынша айтар ойым, бар ықыласыңмен намаз оқып, ниетінді тазартып, ойында тек Алланы еске алып, дұғада болу. Тозақ отына бұзық ойлы, қара ниетті, пасық мінезді, тілі бұзық, сараң, арам пиғылды, қолынан тек жамандық жасау келетіндер, тағы сол сияқты әрекетті жасайтын адамдарды

баратындығын болжап көрсетеді. Бұл айтылғандардан не түюге болады? Қазіргі таңда исламның бес парызының мұсылмандар үшін міндет екенін, Алланың бұрын етілген парыздарын адал орындау қажеттігі келіп шығады.

Қорыта айтқанда, Абай, Шәкәрім сынды Мәшһүр Жүсіптің де шығармашылығында сопылық таным қазақ болмыс бітімімен көрініс тапқан. Бір сөзбен айтқанда Мәшһүр Жүсіптің философиясы – сопылық философия. Алла мен адам арақатынасын рухани тәжірбиелерге, ішкі тазалыққа негіздейтін сопылық философияда ең басты мұрат – Алла. Екі дүние үшін осы мәнге, ғашықтыққа байланып тұр. Қазақ рухының бағдары болды. Осы ілімнің сәулесінде ой толғаған Абайдың, Шәкәрімнің Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мұралары жан-жақты зерттеуді қажет ететін рухани мұрамыз болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005. –488 бет.
- 2 Абай дүниетанымы мен философиясы. –Алматы: Ғылым, 1995.
- 3 Бейсенов Б.Қ. Қазақ ойшылдары дін туралы: оқу құралы. –Алматы, «Көкжиек» баспасы, 2015. –192 б.
- 4 Көпейұлы М. Ж. Таңдамалы. –Алматы: Ғылым, 1992.
- 5 Көпейұлы М. Ж. Көп томдық шығармалары. –Алматы: Алаш, 2003. -1 –т.

ФОЛЬКЛОРДЫҢ ҰСАҚ ЖАНРЛАРЫ ЖӘНЕ МӘШҮР ЖҮСІП

САГИБАЕВА М. А.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Халық мұраларының үлкен бір мәуелі бұтағы – жұмбақтар. Жұмбақтар телегей – теңіз фольклорлық дүниелер арасында ауқымды орны бар, халық болмысымен ежелден біте қайнасып келе жатқан, ұрпақтан–ұрпаққа жалғасып, қазіргі уақытта да тарих сахнасынан сыпырырып қалмай, жаңа даму кезеңін бастан өткеріп отырған бағалы жауһарлар санатына жатады.

Жұмбақ – халық шығармалары ішіндегі ең көне және барлық жұрттың фольклорына ортақ түр. Жұмбақтың о бастағы түп тамыры арғы, көне дәуір болғанмен, ол бергі замандарда да тіпті бүгінгі біздің дәуірімізде де өз қасиетін жойған жоқ. Қай кезді алсақ та жұмбақ өткір, ұшқыр сөз есебінде халық ортасында бағалы болған.

Қазақ жұмбақтары қазіргі уақытта, бүгінгі таңға дейін өзіндік зерттеу тарихын бастан кешірді.

Қазақ жұмбақтарының жинала бастаған уақыты – XIX ғасырдың аясы. Ы. Алтынсарин өзі хатқа түсірген ауыз әдебиеті үлгілерін таза педагогикалық мақсаттағы қызметіне байланысты пайдаланған. Ағартушы өзі жинаған 64 жұмбақты [1, 72 б.] орыс тіліне аударған. «Ежегодник Туркестанского края» [1, 392-400 б.] журналының 1874 жылғы бір санында 50 шақты жұмбақтар басылған. 1883 жылы Я. Лютш құрастырған «Киргизская хрестоматия» атты жинаққа 146 жұмбақ енген.

Жұмбақтар жөнінде: «Бұл тұрғыдан Әбубөкір Диваевты ерекше атаған жөн. Сол сияқты С. Аманжолов та жұмбақтарды тақырыбына қарай жіктеп, оны ғылыми жүйелеп, 1940 жылы дербес кітап етіп шығарды. Осы жинақ кейін толықтырылып 1959 жылы қайта басылып шықты» [2, 348 б.].

«Е. А. Алекторов, Н. Иванов, М. П. Мелиоранский, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев т.б ел аузынан жұмбақтарды жинау, жариялауға үлес қосты. Ертеректердегі жұмбақтар енген басылымдардың ішіндегі елеулісі А. В. Васильевтің 1900 жылы Орынборда бастырған «Киргизские загадки» атты кітапшасы» [3, 7 б.]

А. В. Васильев жинағында қазақ жұмбақтары белгілі бір жүйемен беріліп, алғаш рет тақырыптарға жіктелген. Осы кітапшада Торғай облысынан жиналған 140 жұмбақ бар.

Қытай қазақтарының көл - көсір мол жұмбақтарын жариялауда Шыңжаң өлкесінің «Шалғын», «Мұра» журналдары белсенділік танытқан.

Қазақ жұмбағын жинауда біршама жұмыс атқарылған, әртүрлі қолжазба қорларында ертелі-кеш хатқа түскен ауқымды жұмбақ жазбалары шашылып, олардың біразы қалың қауымға жол тартып үлгерсе, кейбіреулері уақытын күтіп жатыр.

Мұрағат пен түрлі қорларда сарғайып жатқан мол қазына жұмбақтарымызды толық тіркеп, таразылап, игере алған жоқпыз. Оларды реттеп, картотекаға түсіріп, екшеп, қайта тірілту, өлместей етіп жанарту қоғамдық маңызы бар парыз саналады. Жұмбақтарға байланысты текстологиялық жұмыстардың теориялық та мәні бар

екендігі дау тудырмайды. Текстологиялық тексерулер нәтижесінің жұмбақ топтамаларын құрастыру кезінде өлшеусіз пайдасы тимек. Жазушы Жүсіпбек Аймауытов халқымыздың уақыт, жаратылыс, киім-кешек, мал жайында бір топ жұмбақтарын, «Көк өгіз» атты жұмбақ ертегісін жарияласа [4, 19 б.], көрнекті ағартушы А. Байтұрсынұлы жұмбақты қазақ фольклорының бір жанры ретінде қарастырады [5, 17 б.].

Мұхтар Әуезовтың жұмбақ туралы мақаласы алғаш рет «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 10 - санында жарияланып, кейін 1940 және 1959 жылдарда жарық көрген жұмбақтар жинағы ұлы ғалымның беташар сөзімен ашылған. Оқымысты бұл мақаласында жұмбақтың дүниежүзі халықтарының бәрінде бар байырғы жанр екендігін айта келіп, оның кейінгі заманда жақсы дамып, тәрбиенің қуаты құралына айналғандығына көңіл бөледі.

Жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер т.б. қатысты ғылыми пікірлер айтқан, олардың шығу тегін көрсетіп, біршама талдаулар жасаған көрнекті ағартушы А. Байтұрсынұлын ғылыми пікір айтып дәйектеме талдаулар жасаған академик, жазушы М. Әуезов, жұмбақтарды өзінше жіктеп саралаған профессор М. Ғабдуллин да эстетикалық тұрғыдан қарастырған Ш. Әлібековты [6, 51 б.] т.б. атап көрсетуге болады. Сондай - ақ осы шағын жанрға ерекше назар аударып, ауыз әдебиетіндегі орны туралы да пікір айтқан ғалымдар аз емес.

Академик Зәки Ахметов қазақ өлеңі туралы көлемді монографиясында жұмбақтың ырғақтық құрылымы, ұйқастық жүйесі жайлы байсалды тұжырымдар жасаған [7, 359 б.]

Ақын Мұзафар Әлімбаев пен сыншы Құлбек Ергөбектің «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде жарық көрген (1987, № 26) «Жүйрік ойдың жүлдесі» атты көлемді мақаласы қазіргі жұмбақ пен бұрынғы фольклорлық дәстүрдің сабақтастығына келіп, қазіргі ақындардың жұмбақтарына шолу жасай келе, ауыз әдебиеті тәжірибелерінен өнеге, тәлім алу керек деп қорытындыласа, Ш. Ахметов [8, 174 б.] пен К. Исламжанұлы [9, 24 б.] жұмбақтың балалар өмірінде үлкен орын алатындығына назар аударған.

1940 жылы Сәрсен Аманжоловтың құрастыруымен қазақ жұмбақтары кітап болып басылып шықты [10, 112 б.]. Бұл кітапқа 818 жұмбақ топтастырылып, олар мазмұнына қарай жиырма тақырыпқа жіктелен. Кейін аталмыш басылым толықтырылып, екінші рет баспа бетін көрді [11, 244 б.]. Бұл кітаптағы жұмбақ саны 929. Кітапта халқымыздың бұрыннан келе жатқан дәстүрлі

мұраларымызбен бірге жаңа өмірді сипаттайтын, ғылым мен техниканы бейнелейтін алуан тақырыптағы жұмбақтар қамтылған. Кейін осы автордың құрастыруымен [12, 127 б.] 2005 жылы жұмбақтар жинағы жарық көрді. Кітапта жұмбақтар әртүрлі тақырыптарға жіктеліп, үш тарауға бөлінген. Үшінші тараудың соңында жұмбақ айтыс берілген.

Қ. Саттаровтың құрастыруымен жарық көрген жинаққа бұрыннан мәлім жұмбақтармен бірге Өзбекстан қазақтары арасынан және Қазақстан Оңтүстік өңірінен жиналған мұралар топтастырылған [13, 80 б.].

Жинақтағы 506 жұмбақ 12 тақырыпқа жіктелген. Құрастырушы бұрынғы жинақтардағы дәстүрлі тақырыптық орналасу жүйесін әдейі өзгертіп, диқаншылық пен егін шаруашылығы, бау-бақша, көкөніс, өсімдіктер жайында жұмбақтарды ұсынды. ерсі Бұл жұмбақ жинақтары көпшілік қауымға балалар мен студенттерге арналған. Құрастырушылардың қай-қайсы да ғылыми басылымдарды даярлауды мақсат етпегендіктен тек мәтіндер топтамасы болып шыққан. Мүқият тексерілген, екшеуден өткен мәтіндерді әзірлеудің ғылыми принципін бағдарда ұстаған ауыр да зейнетті істі жүзеге асыру келешектің еншісінде.

Халықтың жұмбақ кітаптарына деген сұранысы өспесе, төмендеген емес. Сондықтан келешекте бұл бағытта орындарлар істер жетіп артылады, бұрын басталған, жүзеге асқан жұмыстарды жалғастыру, дамыту арқылы жұмбақтың рухани, мәдени өмірдегі пәрмені қуаттана түспек, тұрақты әдеби байлыққа айналмақ. Бұрынғы кітаптарды қайталап басуға місе тұтпай, жаңа үлгілермен толықтырылған жарияланымдарды көбейту керек - ақ.

Жаңа басылымдарды әзірлеу кезінде жұмбақтардың көп үлгілік нұсқаларын қамтуды қаперде ұстау абзал. Кейбір жұмбақтарда бір ғана сөз өзі мәндес дублет, синониммен ауыстырылады, демек ол да ескерілетін нұсқа болып қалмақ.

Жұмбақ тәрізді қысқа жанрлардың ғылыми басылымдарын даярлаудың өзіндік қиындықтары бар. Ол алдымен әрбір жұмбақтың нөмірленуі және оның бұрын - сонды қай жерде жарияланғандығы, не қайдан алынғандығы көрсетіліп, сонымен қатар түсініксіз сөз, атауларға түсінік берілуі қажет.

Жұмбақтың композициялық құрылымы, әдетте, екі бөлікті болып келеді. Оның қазақ дәстүрінде «жұмбақтың байлауы» және «жұмбақтың шешуі» дейді. Шешімсіз жұмбақ өзінің жанрлық ерекшелігін айқындап, оқырманды ойландырып, толғандырады.

Жұмбақтың екі бөлігі бір - бірімен тығыз байланысты. Кейде бір жұмбақтың екі не одан да көп шешімі болуы мүмкін.

Жұмбақтың екі жағы бар: бірінші, тыңдаушының көз алдында тұратын суретте, екіншісі, тыңдаушы назарына ұсынылатын бұркеме бір зат, не құбылыс. Осы астарлы бұркемені білу үшін болжалдап ой жүгірту, бас ауырту керек. Халық ішіндегі жұмбақтардың келесі бір үлкен тобына әдейі екі шешімді жұмбақтар жатады. Екі ұшты шешімнің бірі – адам ауызға алып айтуы ұят, ерсі сөз болса, екіншісі – әдебиеттегідей болуы шарт. Біздіңше, жұмбақтың мындай түрі адамды ойландыру, адастыру, ниетін туындаған түйін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚР Білім және ғылым министрлігі. ОҒҚ. – Ә. Диваев қоры.
- 2 Наука и просвещение. – 1922. – №1. – С. 25–27.
- 3 Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы : Ғылым, 1988. – 432 б.
- 4 Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары. – Алматы : Жазушы, 1990. – 304 б.
- 5 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы, 1958.
- 6 Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы : Ғылым, 1981.
- 7 Көпеев М.Ж. Тандамалы шығармалары (2-т.). – Алматы : Ғылым, 1992. – Б. 19–52.
- 8 Ел қазынасы – ескі сөз. В. В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері. – Алматы : Ғылым, 1994. – Б. 40-67, 287-293, 408.
- 9 Кирдан Б. П. Собиратели народной поэзии. – Наука, 1974. – Б. 96.
- 10 Баландин А. И., Якушкин П. И. Из истории русской фольклористики. – М.: Наука, 1996. – Б. 25.
- 11 Степанов В. П. Чулков и «фольклорное» направление в литературе. Русская литература и фольклор. – Л.: Наука, 1970. – 242 б.
- 12 Смирнова Н.С. Казахская народная поэзия. – Алма-Ата: Наука, 1964. – Б. 15.
- 13 ҚР Ғылым академиясының Орталық колжазбалар қоры. 1170-папка, Б. 289–340.

ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БЕСІК ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

ТАШЕКОВА А. Т.

педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

МИНГАЗОВА Л. И.

ф.ғ.д., профессор, Қазан Федералдық университеті,
Қазан қ., Татарстан, Ресей Федерациясы

Фольклорлық шығармалар тарихымызды зерттеудегі құнды деректің бірі. Жалпы, қандай да болсын, фольклорлық шығарманың негізінде өмір шындығы бейнеленеді. Әрине, архаикалық фольклордан тарих іздеу қиын. Дегенмен де көне мифтік аңыз-әңгімелерден халықтың дүниетанымын, кейбір көне әдет-ғұрыптарының іздерін көруге болады. Ал түркі дәуірінен бергі фольклорлық шығармалардан сол замандағы тарихи-этнографиялық болмыстың елесін, жаңғырығын таба аламыз. Ал ноғайлы дәуірінен бергі замандағы фольклорлық шығармалардың ішінен тарихта болған оқиғаларға арналған, тарихи тұлғаларға арналған жырларды фольклоршылар жеке жанрға – тарихи жырлар деп бөліп қарастырады. Тарихы көбінесе ел жадында ауызша сақталып келген көшпелі қазақтар үшін осы тарихи жырлардың деректемелік орны бөлек. Дегенмен де фольклорлық шығармаларға дерек ретінде сүйенгенде, онда әсірелеудің, тарихи тұлғаларға типтік образдық портрет берілетіндігін ескеру қажет.

Бесік жыры – тұрмыс-салт жырларының көне түрінің бірі. Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Халық педагогикасының мәйегіне айналған бесік жырында халықтың төл тарихының, дәстүрлі мәдениетінің, ежелгі наным-сенімінің, дүниетанымының көрінісі бар. Бесік жырын барша халық ұлттық тәрбиенің көусар бұлағы деп таниды. Әлем халықтарының бесік жырлары әр елде әр түрлі аталғанымен, атқаратын міндеті, мазмұн байлығы, поэтикалық құрылымы мен саз-әуені жағынан үндесіп жатады. Бесік жырының басты қызметі – бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру. Бесік жыры баланың сәби кезінде, яғни бір-бес жас аралығында, бала жанына жағымды әуенмен айтылады, әуен-сазсыз бесік жырының мәні де, сәні де келмейді. Қазақ бесік жырының үлгілерін алғаш Ә. Диваев хатқа түсіріп, 1905 ж. жариялаған.

Одан кейін бесік жырларының біраз үлгілері Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығында кездестіреміз. Ал татар, өзбек, қарақалпақ және қырғыз халықтарының бесік жырларының жүйелік жиынтығын жасап, зерттеген ғалым Бекмұрат Уахатов.

Фольклорист ғалым Бекмұрат Уахатов шығыс халқының балаларға арналған жырларды там-тұмдап жинаса да, бесік жырларының асыл үлгілері әлі де толық хатқа түсе қойған жоқ.

Бесік жырларын мазмұны мен поэтикалық жүйесіне қарай дәстүрлі бесік жырлары және суырып салма бесік жырлары деп екі топқа бөлеміз. Дәстүрлі бесік жырлары ел арасында көнеден айтылып, әбден қалыпқа түскен, барлық жерлерде мазмұн желісі мен әуені өзгертілмей орындалатын жырлар екені баршамызға аян. Олар: «Әлди, әлди ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем!» деген ана мейіріміне толы өлең жолдарымен басталып, баланы жұбататын, алдандырып тәтті ұйқыға батыратын шумақтарға ұласады. Сонымен қатар ана:

«...Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің!
Бармақтары майысып,
Ою-өрнек ойысып,
Ұста болар ма екенсің!
Таңдайларын тақылдап,
Шешен болар ма екенсің!
...Құрығынды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Қызмет қылар ма екенсің?!
Қолымыздан іс алып,
Бақытымызға жан балам,

Бізді бағар ма екенсің?!», – деп баласының болашағын, ел мүддесін, өз арман-мұратымен астастыра жырға қосады.

Ал суырып салма бесік жырларында айтушы жанрлық түрді пайдалана отырып, кезеңдік жағдайларды, өзінің ішкі мұң-сырын өлеңге қосады. Мәселен, Бекмұрат Уахатов хатқа түсірген бесік жырының бір үлгісінде: «*Таудан Тоғас түскен жоқ, Секемен тары піскен жоқ. Тоғас түссе етекке, Қой жүреді жетекке. Жылама, бөпем, жылама*» деп жарты құрсақ кедей өмірінің ауыр өмірі суреттеледі. Сырлы сөз бен сазды әуен астасып келетін бесік жыры халық өмірі мен тағдырының бастау бұлағы ғана емес, қазақ

әйелінің жан дүниесін танытатын, кезендік ел тұрмысынан мол мағлұмат беретін шалқары кең жанр екенін танытады.

Қазақтың музыкалық-поэтикалық фольклорындағы тұрмыс-салт әндерінің арасында кең тараған. Жалпы әлем халықтарында бесік жыры екі түрлі ұстанымды атқарады:

1 Сәбиді жұбату және оның болашағына деген ата-аналық тілегін білдіреді;

2 Ананың балаға деген мейірі, махаббаты, ой-арманы, ізгі ниеті, халықтың ақыл өсиеттері айқын келінеді.

Бесік жыры халық ауыз әдебиетінің бір жанры. Шығыс халқының оның ішінде қазақ халқының бесік жырында халықтық сипат, дәстүрлі мүдде, болашаққа деген үміт бар. Өлеңі 7–8, кейде 11 буынды ән түрінде құрылады.

Бесік жыры-фольклордың ежелгі жанрларының бірі, дәстүрлі түрде вокалды орындауда аспаптық сүйемелдеуді қажет етпейді. Бесік жырының жұмыс принципі мидың оң жарты шарының жұмысына әсер ететін және адамның эмоционалды және подсознание компонентіне әсер ететін азайтатын мотивтердің көмегімен ұсыныс механизміне негізделген. Ритмге ерекше назар аударылады, өйткені ұйықтап жатқан баланың тербелісі жүреді.

Әлемнің әр түрлі елдерінің, әр түрлі дәуірлер мен кезеңдердің бесігі ерекше және ерекше. Дегенмен, оларды біріктіретін бірқатар ерекшеліктер бар. Мысалы, бұл музыкалық форма. Бесік жырының балалар ағзасына әсерінің ерекшеліктері оның музыкалық формасы бойынша бесік жыры көбінесе 4/4 мөлшерінде болады. Бұл тыныштық жағдайында адам жүрегінің соғу ырғағына сәйкес келеді. Бесік жырының негізгі мақсаты-баланы әлсірету және сау ұйқы болғандықтан, әуен монотонды және монотонды. Азаю әсерін тудыратын негізгі музыкалық әдіс-бұл остинато, белгілі бір әуезді фигураны бірнеше рет қайталау [1, 24].

Бүкіл әлемнің бесік жыры әндердің эмоционалды бояуын біріктіреді. Әр түрлі халықтар балаларына әдемі және жайлы ән айтады, оларды тыныштандырады және жақсы ұйқыны орнатады. Сонымен қатар, көбінесе сюжет балаға әдейі таратылатын теріс оқиғаларға негізделген, сондықтан бұл арман жоқ, іс жүзінде болмайды. Мұндай бесік жыры бар балалар ересек өмірдің қатал шындығына дайындалды. Бірнеше мысалды қарастырайық:

«Este galapaguito
no tiene mare;
lo parió una gitana,

lo echó a la calle.
No tiene mare, sí;
no tiene mare, no;
no tiene mare,
lo echó a la calle» [2].

«Бай, бай да люли!
Хоть сегодня умри.
Завтра мороз,
Снесут на погост
Мы поплачем, повоем, –
Да могилу зароем» [3].

Жоғарыда аталған испандық бесік жыры қорқынышты сығандар дүниеге келіп, тастап кеткен тасбақа туралы баяндайды, оны қатал әлеммен жалғыз қалдырады. Бұл бесік жырын орындаған бала бала кезінен Отанының қайғысы мен қайғысына қосылды, өйткені сол кездегі испан аналарының жағдайы қайғылы болды, олар үшін балалар тек қуаныш пен сыйлық қана емес, сонымен бірге ауыр ауыртпалық болды.

Орыс бесік жырында қайғылы және тіпті қорқынышты сөздер бар-кішкентай баланың өлімін тілеу. Бірақ мұнда ежелгі сенім рөл атқарады: мұндай оқиғаны дауыстап айту арқылы сіз зұлым рухтар мен жындарды қуып, мүмкін болатын бақытсыздықты жоюға болады. Бесік жыры жаңа туған нәресте үшін талисман рөлін атқарды.

Көптеген лингвистер мен психологтардың пікірінше, кез – келген адамда драмалық мазмұны бар бесік жыры баланы өміріндегі алғашқы психикалық жаракатқа-емшек емізуді тоқтату сәтіне дайындайды. Сонымен қатар, 2 жасқа дейінгі балада «эдипус кешені» әлі дамымаған, бұл бесік жырымен үйлескенде оған өсудің алғашқы кезеңінде тезірек және оңай өмір сүруге көмектеседі.

Әлемнің әр түрлі елдерінің бесік жырын салыстырмалы талдау осы фольклордың қазіргі кейіпкерлері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Орыс әнінде жануар көбінесе күтуші рөлін атқарады:

«Котя, котенька, коток,
Котя – серенький бочок,
Приди, котя, ночевать,
Нашево Димушку качать» [4].

Айта кету керек, мысық көбінесе бұл азаятын жануар болып табылады. Славян мифологиясына сәйкес, мысық күтуші мен оның туыстары ұйқы беру мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі ғылыми зерттеулер сонымен қатар мысықтардың осы «сиқырлы» қасиетін растайды: бұл жануардың 37–44 Гц диапазонында жасаған дыбыстары адамның биоритмі мен сау ұйқысына пайдалы әсер етуі мүмкін.

Қазіргі кезеңдегі орыс бесік жыры әлі күнге дейін бұл жануарларды айналып өтпейді, сонымен қатар оларды ұйықтауға көмектесу үшін балаға келетін басты кейіпкерлер қалдырады:

«Обернись я белой кошкой,
Да залезу в колыбель.
Я к тебе, мой милый крошка,
Буду я твой менестрель» [7].

Басқа халықтардың бесік жырын қарастырайық. Ондағы бесік жырларында жануарлар әлдеқайда аз кездеседі. Мәселен, ағылшын халық бесік жырында жануарлар ешқашан баланы қоздырмайды, дегенмен олар сюжетте де кездеседі, бірақ тыныштандыратын заттар, нәресте ұйқысы кезінде ананың көмекшілері немесе сыйлық уәделері ретінде:

«Hush-a-bye, don't you cry
Go to sleep you little baby
When you wake, you shall have
All the pretty little horses
Blacks and bays, dapple and greys
All the pretty little horses
Blacks and bays, dapple and greys
Coach and six white little horses» [5].
«To my baby's cradle in the night,
Comes a little goat all snowy-white» [6].

Ағылшын және орыс бесік жырын салыстыруды жалғастыра отырып, орыс нұсқаларында кішірейтетін сөздердің болуы әлдеқайда көп екенін атап өткен жөн, бұл тілдің морфологиялық құрылымымен түсіндіріледі.

Әр халықтың бесік жырының өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ барлық әндерді бір нәрсе біріктіреді – ана махаббаты, баласын дұрыс тәрбиелеуге және оны ересек өмірге енген кезде моральдық және физикалық жағынан дайындауға деген ұмтылыс. Қазіргі калалық өмірде төсеу рәсімі айтарлықтай өзгерді, классикалық

бесік жыры сирек естіледі, яғни халықтардың мәдени дәстүрін беру модельдерінің деформациясы орын алады.

Есте сақтау керек, балаға болашақ арманға ән айту арқылы біз әлемнің белгілі бір бейнесін таратамыз. Кез-келген фольклорлық формада берілетін халықтың дәстүрлі мәдениеті ауыздан-ауызға, қолдан-қолға аударуды қажет етеді. Есту үшін, бесік жырын үшінші адам естуді талап етеді, оны есте сақтау және оны одан әрі ойнату үшін түсіруге шақырады, бұл да бүгінгі күні үлкен мәселе. Ескі күндерде бұл қарапайым және табиғи болды: «отбасы үлкен»... үлкен әжесі айтқан кезде жас бала тыңдайды, келіншек тыңдап, есіне алады, содан кейін ол баланы өзі әлдейлей бастайды. Дәл қазір ол патриархалды құрылымның ерекшеліктері мен коллективистік көзқарастар басым болатын адамдар көп тұратын ауылдар мен қалалық отбасыларда болып жатыр [1].

Дәстүрлі фольклорлық бесік жырларының педагогикалық рөлі оларға әртүрлі халықтар арасында берілген сиқырлы күшпен тығыз байланысты. Бұл мәтіндер жанның тереңдігіне, оның бейсаналық қабаттарына енеді, өйткені олар өз тілдерінде сөйлейді, бір кездері әлемде өмір сүруді үйренген адамдардың көптеген ұрпақтарының үлкен рухани тәжірибесін біріктіреді. Сондықтан дәстүрлі мәдениеттің маңызды міндеті ана фольклорын сақтау, сондай-ақ жас аналарды өз халқының мәдени дәстүрімен таныстыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бекмұрат Уахатов «Таланттар, туындылар». Алматы: Жазушы, 1969. – 170 б.

2 Кобылянская А.И., Конькина Е.В., Глазева М.А., Колыбельная и её роль в развитии ребенка. [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://human.snauka.ru/2016/04/14991>

3 Nana de Sevilla. Испанская колыбельная песня. [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://www.poesmas-del-alma.com/nana-de-sevilla.htm>

4 Загадки русских колыбельных. [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://cyrillitsa.ru/past/490-hot-segodnya-umri.html>

5 Старинные русские колыбельные. [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://xn--htbdalkp7av.xn--d1acj3b/to-parents/zagadki-skorogovorki-kolyibelnyie/1748-starinnye-russkie-kolybelnye.html>

6 Мельница., Белая кошка [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://megalyrics.ru/lyric/mielnitsa/bielaiia-koshka.htm>

7 Традиционные колыбельные. Английский с рождения. [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://give-english2kids.blogspot.ru/2011/03/anglijskij-s-rozhdenija-kolybelnye.html>

8 Sweet Dreams Songs. [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://www.parents.com/baby/sleep/issues/best-bedtime-songs/>

9 Кобылянская А.И., Конькина Е.В. Колыбельная песня народов мира: общее и особенное // Психология, социология и педагогика. 2017. № 3 [Электронный ресурс]. URL: <https://psychology.snauka.ru/2017/03/7975> (дата обращения: 04.10.2021).

10 Мингазова Л.И. Tatar Çocuk Edebiyatının Tarihi/ История татарской детской литературы. Монография на турецком. İstanbul, 2020.- s. 236

ТІЛДІК КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ МӘТІННІҢ РӨЛІ

ТЕМІРХАНОВА Б. Қ.


мұғалім, Шегірен ЖОББМ, Павлодар облысы, Щарбакты ауданы

Тілдік коммуникациядағы мәтіннің рөлін зерттемес бұрын, «мәтін» ұғымына тоқталу қажет. Жалпы, ғылыми дереккөздерде тіл білімінің объектісі ретінде «сөз» түсіндіріледі. Мысалға тіл білімін зерттеушісі Ю. В. Ключевтің айтуынша «Кез келген мәдениетте сөздің өзі дискурс емес, ол адамдардың қарым-қатынасын ұйымдастыруға арналған құрылыс материалы» деп түсіндіреді. Алайда, қазіргі таңда белгілі лингвистер, тіл білімінің ғалымдары мәтінді ауызша қарым-қатынастың яғни, тілдік коммуникацияның негізгі бірлігі ретінде алға тартады [1, б. 13].

Сонымен қатар, 1984 жылы Г. В. Колшанский тіл білімінің тенденциясын немесе тілдің ресми құрылымын зерттеу жеткіліксіз, мәтінді әлеуметтік-коммуникациялық функциясы тұрғынан барынша зерттеу қажеттілігін атап өткен болатын. Мәтіндік коммуникацияның міндеті – адамның коммуникативтік қызметін жүзеге асыратын тілдік құралдар жүйесін зерттеу болып табылады. Сонымен қатар, ғалым тілдік коммуникациядағы мәтіннің рөлін зерттеу барысында мәтін категорияларын, сөз бен сөйлем құрылымын зерттеу негізінде нақты байыпты негіздеме беру мүмкін

емес, бірақ та салыстырмалы лексикалық және грамматикалық тұрғыдан пікір қалдыруға болады деп жазған болатын [2, б. 91].

Мысалға белгілі ғалым Р. Гальперин өзінің «Мәтіннің лингвистикалық зерттеудің объектісі ретінде» атты кітабында «Мәтін – бұл ұйымдастырылған, реттелген, арнайы бағдарламаланған және кездейсоқ үрдісте пайда болатын сөздердің шоғырлануы» деген әртүрлі анықтамаларын мысалға келтіреді (Сур.1).



Сурет 1 – Мәтін құрылымы

«Прагматика» тілдік коммуникацияны зерттеуде маңызды рөл атқарады, себебі ол әртүрлі коммуникативті жағдайларда мәлімдеменің немесе ақпараттың қарым-қатынас бөлігіне назар аударады. Тілдік коммуникацияны сипаттаудағы прагматикалық көзқарас тілдік қарым-қатынас құралы ретінде мәтінде лингвистикалық зерттеудің дамуына әсер еткен болатын. Сондықтан, қазіргі таңда мәтін жүйелік тәсілдің қазіргі кезеңінің замануи идеяларына және коммуникативтілік принципі негізінде түсіндіріледі және коммуникативті кеңістікте қарастырылады.

Аталмыш мақаланы зерттеу барысында, кез-келген тілдік коммуникацияны сипаттау немесе қарастыру барысында сөз бен сөйлемнің прагматикасын, сонымен қатар жеке жалпы мәтіннің прагматикасын ажырата білу керек екендігі анықталды. Өйткені, мәтіннің прагматикасы мәтінге кіретін тәлдік бірліктер мен синтаксистік құрылымдардың барлық прагматикалық мағыналарын біріктіру арқылы жасалып, тіл коммуникациясы пайда болады [4].

Жалпы мақаланы зерттеу негізінде тілдік коммуникациядағы мәтіннің рөлі зерттеу барысында эксперименталдық жұмыс жүргізілді. Қазіргі таңда білім алушыларды оқыту барысында күрделілік тудыратын жұмыс түрлерінің бірі – сабақ барысында мәтінмен жұмыс істеуді ұтымды және тиімді ұйымдастыру болып

табылады. Әдеби және шағармашылық мәтіндермен жұмыс істеу – тілдік коммуникацияның негізгі элементтерінің бірі және тілдік коммуникацияны дамытуда маңызды рөл атқарады. Сондықтан білім алушылармен жұмыс жасаған кезде, мәтінге қойылатын талаптарына назар аудару қажет. Себебі, таңдалған мәтіннің тәрбиелік мәні бар, оқушылардың шығармашылық және адамгершілік дүниетамының кеңейтетін мәліметтер нақты, түсінікті және қабылдауға жеңіл болуы тиіс [3, б. 424].

Практикалық жұмыста осы тілдік коммуникациядағы мәтіннің рөлін зерттеу мақсатында 8 сынып оқушыларына арнайы оқыту сабақтары әзірленіп, ұйымдастырылды. Аталмыш эксперименттік жұмыс Щарбақты ауданы білім беру бөлімінің Шегірен жалпы орта білім беру мектебінде жүзеге асырылды. Тілдік коммуникациядағы мәтін рөлінің тиімділігі мен мүмкіндігі үш кезеңде ұйымдастырылған эксперименттік жұмыс барысында тексерілді: айқындаушы, қалыптастырушы және бақылау-бағалау. Экспериментке 8 сыныптың 10 оқушысы қатысты.

Айқындаушы кезеңінде білім алушылардың тілдік коммуникацияларын дамытатын мәтіндерді таңдау, соларға сәйкес жұмыс істеу бағыттарын қарастыру.

Эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңінде А. Құнанбаевтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, М. Әуезовтың және тағы басқа ақын-жазушылардың еңбектерімен жұмыс істеу көзделді. Бұл кезеңде А. Құнанбаевтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, М. Әуезовтың және тағы басқа ақын-жазушылардың еңбектерінің мәтіннің тілдік материалын мен құрылымымен танысу, мәтін ішінен қажетті құнды ақпараттарды бөліп алу, оқыған мәтінді мәнгерлеп мазмұндау, жаттау, бірнеше бөлімді қайталап оқу, мәтіннің мазмұнын түсініп оқу, тиісті сұрақтарға мазмұнды және толық әдеби тілде жауап беру, жанама ойды таптыру, мәтіннің негізгі идеясын түсіндіру және қорытынды жасау жұмыстары іске асырылды (Кесте 1).

Кесте 1 – Қыркүйек айында оқушыларының тапсырмаларды орындау нәтижелерінің кестесі

№	Тапсырмаларды орындау нәтижелері	Орташа ұпай	
		Қыркүйек айы 10 оқушы	Қазан айы 10 оқушы
1	Мәтіннің тілдік материалын мен құрылымымен танысу, мәтін ішінен қажетті құнды ақпараттарды бөліп алу (10 ұпай)	6 ұпай	8 ұпай
2	Оқыған мәтінді мәнгерлеп мазмұндау, жаттау, бірнеше бөлімді қайталап оқу (10 ұпай)	5 ұпай	9 ұпай
3	Мәтіннің мазмұнын түсініп оқу, тиісті сұрақтарға мазмұнды және толық әдеби тілде жауап беру (10 ұпай)	5 ұпай	8 ұпай
4	Жанама ойды таптыру, мәтіннің негізгі идеясын түсіндіру және қорытынды жасау (10 ұпай)	5 ұпай	8 ұпай
Жалпы ұпай саны		21 ұпай	33 ұпай

Эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңі 2021 жылдың қыркүйек айында оқушылардың тапсырмаларды орындау нәтижелері төмен болды. Себебі, бірінше рет сабақ барысында мәтінмен жұмыс істеуді ұтымды және тиімді ұйымдастыру оқушыларға күрделірек болды. Сондай-ақ, оқушыларға оқыған мәтінді мәнгерлеп мазмұндау, жаттау, бірнеше бөлімді қайталап оқу, мәтіннің мазмұнын түсініп оқу, тиісті сұрақтарға мазмұнды және толық әдеби тілде жауап беру қиынға соғып, жалпы ұпай саны 21 болды (1-диаграмма).

Диаграмма 1 – Қыркүйек айында оқушыларының тапсырмаларды орындау нәтижелерінің кестесі



Диаграмма 2 – Қазан айында оқушыларының тапсырмаларды орындау нәтижелерінің кестесі



Сондықтан, келесі қазан айында аталмыш жұмыс қайтадан тиянақты жүзеге асырылып, оқушылардың тапсырмаларды орындау нәтижелері 33 ұпайға дейін көтерілді. Оқушылардың бірінші және екінші айдағы өзіндік жұмысының нәтижелерін, оларды бағалауды талдай отырып, оқушылардың оқудағы табыстары туралы мынадай деректерді бөліп көрсетуге болады (2-диаграмма).

Жалпы, жоғары сынып сабақтарында А. Құнанбаевтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің,

М. Әуезовтың, және тағы басқа ақын-жазушылардың еңбектерімен жұмыс істеу көзделді. Бұл кезеңде А. Құнанбаевтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, М. Әуезовтың және тағы басқа ақын-жазушылардың еңбектерінің мәтіндерін пайдалану барысында оқу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес оқушылардың әдеби және шығармашыл тілдік коммуникацияларын дамыту үшін тұтас курс құруға мүмкіндік туды. Сондай-ақ, оқытудың кез-келген кезеңінде сабақтар оқушының үлгеріміне сәйкес өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

Осылайша, тілдік коммуникациялық мәтіннің рөлін анықтауда құралған сабақтар негізі: білім беру процесі субъектілерінің (оқытушы-оқушы) шығармашылық әлеуетін, оқу уақытын пайдалану тиімділігін (тайм-менеджмент), жалпы оқушылардың тілдік коммуникациясын дамытуға, шығармашылық әлеуетін арттыруға, эмоционалды-психологиялық жай-күйін арттыруға оң әсер етуге мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының бақылау және бағалау кезеңінде арнайы сауалнама ұйымдастырылды. Сауалнама нәтижелерін талдау

көрсеткендей, көптеген жоғары сынып оқушыларының сабаққа деген ынталары мен қызығушылықтары артты. Сонымен қатар, көптеген білім алушылардың тапсырмаларды орындау нәтижелері 5–6-дан 8–9-ға дейін өскенін көруге болады.

Жалпы, эксперименттік кезеңде оқушылардың тілдік коммуникациясын дамытуда мәтіннің артықшылығы ретінде оның оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен белсенділігін, мәнерлеп оқу, соның ішінде өз бетінше жұмыс істеу, шығармашылық, сөйлеу дағдыларын, логикалық ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік беретін функцияларын атауға болады.

Қорытындылай келе, жаһандану заманында қоғамның оқу сауаттылығы түрлі мәтіндерді түсіну мен ұғынумен анықталады. Жалпы, тілдік коммуникациялық үрдісте дұрыс негізделген мәтіннің орны өте ерекше әрі ауқымды. Сондықтан, оқушылардың сауаттылығын әрі тілдік коммуникацияларын дамытуда жүйелі әрі тиянақты жұмыс жасалу қажет [5, б. 26–27].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Клюев Ю.В. Политический дискурс в массовой коммуникации. Анализ публичного политического взаимодействия // – СПб.: Изд-во.С.-Петербург.ун-та. – 2010. – С.13
- 2 Колшанский Г.В. Коммуникативная функция и структура языка. – М.: Наука, С.91
- 3 Комиссаров В. Н. Қазіргі аударма ісі // – М., 2004. – Б. 424.
- 4 Текст как основная единица речевой коммуникации URL: https://studref.com/304043/marketing/politicheskiy_tekst_sredstvo_rechevogo_vozdeystviya (Дата обращения 10.11.2021)
- 5 Балакай А.Г. Сөзді түсіну. // Орыс тілі. – 2002. - №2. – 26-27 б.

МӘШҮР-ЖҮСІП – «АДАЛДЫҚ САБАҒЫНЫҢ» ЖОСПАРЫ

ТРУШЕВА Ш. Ж.

филология докторанты, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ТРУШЕВ А. Қ.

ф.ғ.д., Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Ал өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді жазып алып біздің дәуірге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен

жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историяграфия бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт» – деген Мұхтар Әуезов.

Жүргізушінің сөзі. Экранда Мәшһүр-Жүсіптің өміріне байланысты, шығарамашылығын сипаттайтын видеокөріністер, суреттер, мешіт, кесене-музей экспонаттары т.б. көрсетіледі. Қайырлы күн жас достар! Бүгін біз қазақ халқына аты кеңінен мәлім, біріншіден – ақын, тілші-әдебиетші, дін мен философияны меңгерген, тарихшы, фольклорист, әулие – Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмірбаяны мен шығармашылығы жөнінде мәлімет алатын боламыз. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы XIX ғасырдың екінші жартысын бастап, XX ғасырдың бірінші жартысында не бір қилы, ауыр кезеңде өмір сүріп, соған қарамастан шығармашылықпен айналысқан адам. Қазақ (түркі) халқының ауыз әдебиетін, шежіресін жинап, кейінгі ұрпаққа табыстап кеткен ұлы ғұлама. Бұдан бұрын өткен «Адалдық сағатында» Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының кейбір адалдық, шыншылдық туралы айтқандарына тоқталып видеоролик жасап, жұртқа таныстырғанбыз.

Жүргізушінің сөзі. Экранда Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларына қатысты материалдарға көңіл аударыңыздар. Ақынның туып өскен жері Баянауыл, оқып білім алған Бұқара қаласы, жол-сапармен болған-Ташкент, Түркістан, Қоқан, Самарканд т.б. Орта Азия туралы көрсетіледі.

Атамыз (Мәшһүр-Жүсіп), марқұм Көпейдің (Көпжасар) 42 жасында, анамыз Ұлбала марқұмның 17–18-ге шығар шамасында Қызылтауда, Ашамайтас деген қыстауда 1858 жылы, қой жылы, жұма күні жарық дүниеге келген.

Ізден абыз:

– Бұл шырағым күндердің қожасы жұма күні туды: атамыз Адам Ата жаралған күн. Аты «Адам Жүсіп» болсын! – депті [1, б. 274–284].

Бала Жүсіп бес жасынан хат танып оқи білген, тоғыз жасынан «Қозы көрпеш-Баян сұлу» «Ер Тарғын» жырларын, «Төрт жігіттің өлеңін» т.б. қиссаларды жазып алып, жатқа айтып жүреді. Тоғыз жасында-ақ сырнайдай сылдырап, бұлбұлдай сайрап, мөлдіреп аққан бұлақтай қайнап, естіген тыңдаушылардың құлағының құрышы қанып, ауыздарының сілекейі ағып, тақырқанып, тамсанып, ықыласы мен алғысын, баталарын береді. Жас Жүсіптің даңқы алысқа кетеді. Ел ішінде жыршы, өлеңші бала атанады. «Көпейдің бір баласы-сайрап тұрған бұлбұл. Сөйлеген сөзі, айтқан өлеңі кісінің

мейірін, құлағының құрышын қандырады. Ағып тұрған бұлақ, жанып тұрған шырақ!» – деп, таң-тамаша болады, көрген, естіген жандар бірінен бірі естіп, қазақтың кең даласына таралады. Басқа балалардың әке-шешелері балаларына үлгі-өнеге қылып, айтатын болды. Мұса Шорман Баянауыл дуанына қараған халыққа аға сұлтан дуанбасы атанған күні екен. Баянауыл қаласына келіп, бірнеше күн жатып, Қамар хазіреттің үйіне келіп, хазіретке сәлем беріп, амандасып, қонақ болады. Сермұхаммедұлы Көпей, жас баласы Жүсіпті осы – Қамар хазіреттен білім алсын деп алдына отырғызған болатын. Қамар хазірет Жүсіптің алғашқы ұстаздарының бірі. Оның алдында Нәжімеддин хазіреттен оқыған еді. Сөйтіп, Шорманның Мұсасы қасында бірнеше адамдары бар, әңгіме мәжіліс құрады. Сөзден сөз шығып, біреуден біреу естіп, Мұса дуанбасының құлағына естіліп: «Осында Көпейдің бір кішкене баласы бар. Білмейтін сөзі, айтпайтын өлең, қиссасы жоқ, сайрап тұрған бір бұлбұл!», – деген сөзді естіп, бір Мұса емес, бірнеше адамдар біліп: «Ол баланы шақыртып алғызып, өзін көрейік, сөзін естиік!» – деп, ортақ келісімге келеді. Жүсіптің әкесі Көпейге балаңызды алдырыңыз деп қолқа салады.

Мұса Шорман: – Шырағым бері кел, мына жерге отыр, – деп, өзіне жақын төр алдына отырғызып, – шырағым, Жүсіп бала, сені: «Жақсы өлең, қисса біледі!», – дегенмен шақырып алғыздым. Кәне, қандай өлең, қандай қиссалар білесің? Білгенінді айтшы!-дегенде. Бала Жүсіп те тоқтау, мүдіру жоқ, жанылу жоқ, бар білгенін жатқа айтып шағады. Мұса риза болып: Жүсіптің әкесі Көпейге мына балаңа мұнан былай бас киіміне үкі тақтырып қойыңыз. Көз-тілге шет болмасын! Бұл өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен! – деп ықылас, лебіз-лепес қылған. Қамар хазіреттің әйелі Мариям жалғыз қызы – Хұршидмаһанның басындағы бөркіне қадалған шок үкіден алып, бала Мәшһүр Жүсіптің тақиясына қадаған екен. Содан былай Мәшһүр деген ат Жүсіпке қосақталып Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді. Мәшһүр – деген сөз араб тілінде белгілі, танымал, ерекше, айрықша деген ұғымды береді екен [2, б. 254–257].

Жүргізушінің сөзі. Экранда Абай, Шөкәрім т.б. XIX–XX ғасырдағы қазақ елінің азаттығы үшін қару алып та, қаламмен де күрескен ақын-алашшыл зиялылардың бейнесі көрсетіледі.

Мәшһүр-Жүсіптің үш кітабы «Сарыарқаның кімдікі екендігі?», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағанан көрген тамашамыз» (1907) жылы жазылған қазақ елінің бостандығын, азаттығын: жер, су, тіл,

тарих т.б. туралы жазды. Патшалық жандарменияның тарапынан ақынның кітаптары мазмұны зиянды деп табылып цензураға ілікті.

Бостандық болмақ болып әр ұруға,
Бас қосты бір ауызды боп тұруға.
Бір қазақтан басқа жұрт ынғайланды,
Қосыл кісі санына, қос басынды,

– дейді ақын.

Жүргізушінің сөзі. Экранда жемқорлық, парақорлықтың зияны туралы оған қарама-қарсы ізгілік құндылықтары: татулық, бірлік, адалдық, достық жөнінде көрсетіледі. Мәшһүр-Жүсіптің шығармаларында қазақ еліндегі болып жүрген жемқорлық, парақорлық, ұрлық пен алдау-зорлықты өлтіре сынап, жан-жақты әшкерелейді.

Мәшһүр-Жүсіп қазақ елінің болашағы үшін жанын аямаған, шыншылдық пен әділдік, бірлік, татулық жайында өте көп жазған, сол сияқты алып-сатарлық, алдау, зорлық, парақорлық, жемқорлық, шала оқыған кейбір қожа-молдаларды да т.б. жағымсыз қылықтарын әруақытта сынап отырған. Мәшһүр-Жүсіп «Шайтанның саудасы» мысал өлеңі бүгінгі күні де өзінің құнын жойған жоқ. Ақын айтып, жырлап өткен мәселелер уақыт өткен сайын, құндылығы арта берері сөзсіз.

Мысалы: Малғұн он қашыр мен бес есекке жүгін артып келе жатады. Ғайса кездесіп: – Лағын, айтшы қайда кетіп барасың – дейді. Лағын: – Базарға бармын. Жұрттың тыныштығын, бүтіндігін ойламаймын бүлік саламын – деп, жауап береді. Бір есекке тиеп алғаным-ылғи жалған. Екіншісіне – мікір-хайла. Үшіншісіне – күншілдік. Төртінші есекке тиеп алғаным-зорлық. Бесінші – тәкәпарлық дейді. Ғайса таң қалып: – Бұларды кім алады дейді. Шайтан: – Алыпсатарлар, өтірікшілер, қулар, күншілдер, дүмше молдалар, парақорлар т.б. көп емес пе, көтерме саудамен сатып алады деп жауап береді. Бұларды тоқтатуға заңның әлсіздігі, нақты заңның жоқты. Сондықтан, да алушылар міндетті түрде табылады. Ұлыққа жағыну үшін өздері апарып малдарын береді. Байлар, ұлықтар пұттап май алады, қой, тайынша, тай т.б. алады. Менің бес есекке артқан жүгім осындайларға жағады, – дейді. Ғайса ыза болып: – Ей, Шайтан-лағын, ал, он қашырға артқан пұлынды не істейсің деп, тағы сұрайды. Шайтан: бұл тиеген жүгімнің құны он есе артық, мына тауарларды өтікізіп келген соң айтамын деп, жөніне кете барады. Шайтан базардан саудасы жақсы өтіп, көңілді болып, қайтып келе жатады. Жолда Ғайсаға кездесіп қалып: – Бәрін талап

алды, он қашырға артқаным тамиф (дәме ету, тілемсектік) еді, оны да тіленшілер талап кетті деп, мақтанышпен айтып береді [3].

Бұл мысал өлеңнен байқағанымыз, Мәшһүр-Жүсіп өткір сынаған XIX ғасыр – XX ғасырдың басындағы өзі көзімен көрген, белең алған келеңсіз көріністер: парақорлық, жемқорлық, жағымпаздық, күншілдік, тілемсектік, зорлық-зомбылық сияқты қазақтың маңдайына біткен жаман әдеттердің XXI ғасырда да ара-тұра кездесетіп қалатынын неге жасырамыз. «Ауруын жасырған өледі». Мінекей, Мәшһүр-Жүсіп осындай жаман әдеттермен қолына қаламын алып күресті. Жемқорлықтың, өсек-өтіріктің басы – бес есекке артқан: жалған сөйлеу, біреуді алдап кету, күншілдік, зорлық, тәкәпарлық; он қашырға артқан: тамиф (еміну, тілемсектік) демек, еңбек етпей, біреуге қолын жайып отыру, біреуден емініп, тілемсектікпен күнін көру сияқты жалқаулықты, кежірлікті де өткір сынайды. Осы бес нәрседен құтылсақ, тамифтан да құтыламыз деген идеяны паш етеді. Халықты бірлікке, әділетті, адал болуға үндейді, еңбек етуге, білімді болуға шақырады.

Жүргізушінің сөзі. Қазақ елінің өткендегі өмірі мен бүгінгі жарқын өмірін көрсететін суреттерді экранға шығарады. Егеменді еліміздің, бақытты халықтың тұрмысын көрсетеді. Оның ішінде осы – бақытты елдің қалғымас сақшылары жөнінде де нақты мысалдар келтіреді.

Мәшһүр-Жүсіптің, Абай, Ыбырай, Шәкәрім т.б. өлеңдерінде, шығармаларында тек қана адалдық, ғылым-білім, достық айтылады. Қазақ елін тығырықтан тек қана білім алып шығатынына сенеді. XIX ғасырдағы қазақ еліндегі бай мен кедей, чиновникпен жалшы т.б. арасындағы әлеуметтік теңсіздік, жең ұшынан байланыс жасау, тамыр-таныстық туралы айта келе тағы да білім, адамгершілік мәселесіне айрықша тоқталады.

Мәшһүр-Жүсіп:

Ақылшы шықты бізге үй басынан,
Өзі боп өз үйінде (ойында) жұрттан асқан.
Биге-пара, байларға өсім болды,
Бой тартып, арамдықтан, бар ма қашқан?!

– дейді. Қазақ елін, жұрттың жаман қылықтардан, мысалы: биге пара беруден, арамдықтан, өсім беру сияқты зиян қылықтардан сақтандырады, жаман әдеттен аулақ жүруге шақырады. Қарап отырсақ, ақынның қозғап отырған өткен ғасырлардағы мәселелері бүгінгі күні де тәрбиелік мәні зор екендігі байқалады. Жаманнан жиреніп, жақсылықты үйреніп, ең бастысы адам болуға

назар аударады. Сондықтан да өткен өмір сабағы бүгінгі күні қайталанбайтын етіп, кейінгі ұрпақтарын адал өмір сүруге шақырып, өзінің адамгершілік, имандылық ойын осы өлең жолдары арқылы аңғартады.

Жүргізушінің сөзі. Патшалық ресей кезіндегі қазақ елінің тұрмысын көрсететін, біздің елімізге қатысты тарихи оқиғалар 1917 жылғы төңкеріс, 1931–1932 жылғы ашаршыл, 1937 жылғы зұлмат, қуғын-сүргін жылы, 1986 жылғы оқиға т.б. 1991 жылғы Егмендігімізді паш ететін тарихи видолар мен суреттер, Қазақстан Республикасының Конституциялық заңынан үзінділер келтіреді. Халық сақшыларының, заң қызметкерлерінің тарихын, құрылған күнінен бастап, Отан үшін қызмет еткен (жанын пидә еткен), қазірде қатарда жүрген адал заң қызметкерлердің фота-суреттері көрсетіледі.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында осы – қазақтың өткен өмірі шынай түрде суреттеледі. Мысалы, «Баяндама» – деген өлеңінде:

Хакімде хукіметші ғәділдік жоқ,

Параны көп жейтұғын сол өнер де.

Сабатып ат-айғырын қан сорпа қып,

Чиновник қырып-жойып жүрген елде,

– деп, патшалық кездегі қазақ елінің мұң-мұқтажын, сол уақыттағы хакімде де, үкімет те әділдік жоқ, егер де чиновниктер қарапайым елді қырып-жойғанын қоймаса, паракорлықты жоймаса, ондай елде береке де, бірлік те болмайтынын жаны ашый отырып, ашық түрде жырға қосады.

Үлгісі чиновниктер осы болды,

Қасқырша ауыз салып жұлып жатқан.

Құрметлі ел билеген әкімдер де

Жыландай зәрін төгіп, сорып жатқан,

– деп, Мәшһүр-Жүсіп елдің патшалық билік дәуіріндегі ауыр халін, чиновниктердің, ел билеген әкімдердің зорлық істерін, жемқорлығын, паракорлығын беттеріне басады. Өткір сынайды. Әрине, патшалық жандерменияға бұл – айтылған айыптар ұнамайды. Ақынды сол үшін қуғындаған да еді. Жоғарыда бұл жөнінде айтылды. Ақын жырлап отырған осы – келеңсіз жайттар күн тәртібінен әлі де түсе қоймаған, актуальды тақырып екені байқалады.

Жүргізуші сөзі. Қазақстан Республикасы озық 30 елдің қатарына қосылу үшін барлық салада да алдыда болуымыз керек. Ел ішіндегі өткеннің сарқыншағы «барымта», «сарымтаның»

кіші үлгісі мал ұрлығын (жылқы) түбірімен жою керек. Біреудің ішпей-жемей бағып отырған адал малын тапа-тал түсте ұрлап алу, үлкен күнә болып есептеледі. Ұрлық, біреуді алдау, зорлық-зомбылық т.б. алдын алу мақсатында көптеген шаралар істелуде. Жас ұрпақты адал болуға, біреудің ала жібін атамауға, «алтын көрсе періште жолдан таяды», – деген ақша, пара ұсынса да адал жолдан таймауға үйрету, жас ұрпақты осы адалдық жолға баулу, заңмен жұмыс, қызмет жасап, заңның аясында ғана жұмыс істеу еліміздің алға қойған мұраты болып табылады. Біздің басты мақсатымыз да, алға қойған міндетіміз де осы болмақ. Соның бірі – осы жүргізіліп жатқан, айтылып отырған іс-шара – «Адалдық сағаты» Жобасы екендігін айтуға тиістіміз. Бұл – Жобаның өміршеңдігі мынада. Павлодар өңірінде туып, өмірін жалғастырған ақын-жазушылардың шығармаларындағы адалдық, ұрлық, паракорлық, жемқорлық т.б. ұғымдардың қалай ашылғанын, бүгінгі өмірмен салыстара отырып насихаттау болып табылады. Өткен ғасырларда да осы аталған келеңсіз жайттар болды. Әрине, өткен замандағы ұрлық, паракорлық, жемқорлық т.б. басқа сипатта, басқа мазмұнда болғанымен, сол алу, беру, жеңушынан жалғасу сияқты фактілердің формасы өзгерген жоқ. Мысала: шешендік сөздерде айыптаушы, айыпкер, даушы, даугер арасындағы тартысты билердің әділ шешкені, немесе айыпкер ретінде күн, айып «тоғыз» төлету жөнінде көптеген мәліметтер бар. Болашақта Ұлы Дала соты туралы да «Адалдық сағатын» жобалап отырмыз.

Мәшһүр-Жүсіп XIX ғасырдың екінші жартысында ресей патшалығы билеп тұрғанда өмір сүрген адам. Сондықтан да сол заманның бейнесін суреттеуі де зандылық. XX ғасырдың басында да ақын өмір сүргенімен ол – заманда 1916 Ұлт азаттық көтеріліс, 1917 қазан, ақпан төкерісі, 1931 жылы ашаршылық жайлаған уақыт еді. Ақын заман тынысын байқап, сол уақыттың бейнесін өлеңдеріне көбірек қосып, жырлады.

Ұрыға үш жылқыға бір ат сатып,

Көбейтіп байлар тобын тыраңдаған.

Байлардан аты даяр боп тұрған соң,

Ұрылар ұрлығынан тына алмаған,

– деп, қарапайым халықтың жайлып жүрген малын ұрлап жүрген ұрылардың шынайы бет-пердесін сыпырып, елдің алдында әшкерелейді, масқара қылып суреттеп, өлеңнің мазмұнына арқау етеді. «Би, болыс, бай мен ұры біріккен соң», – деп, ақын қатты күйінеді, олардың істеп отырған істерінің дұрыс еместігіне

ашынады. Заңның жоқтығына, ел ішінде осындай алаяқтарға тиым салатын адамның жоқтығына жаны аурады. Қазақ елінің осындай келеңсіз, жаман қылықтардан, қиыншылықтан шығудың бірден-бір тура жолы оқу-білім деп түсінеді. Бұрынғы кезеңдегі қазақ елінің бірлігіне сызат түсіріп жүрген, ел ішін жайлап бара жатқан, кейбір жаман әдет, ғұрыптардан арылу керектегін, кейінгі ұрпаққа үлкен сабақ болуы үшін жырдың мәнін ашып, атап өтеді.

Қорыта келгенде, Мәшһүр-Жүсіп:
 Әр жұрттар қылған нұсқа баспасына,
 Қылуға ауыз бірлік бас-басына.
 Өзіңменен ыңғайлас жұртпен бірік,
 Пұл берсе, бұрма мойын басқасына,

– деп, қазақ халқын, елін бірлікке, ынтымаққа, татулыққа шақырады. Көршілес, бауырлас жұрттың ғылымын, өнерін, білімін үйреніңдер, бірлікке, достыққа ұмтылыңдар, парақорлық, жемқорлықпен күресіңдер, ел, халық боламын десендер әділдіктің, адалдықтың ақ туын ұдайы жоғары ұстандар деп өсиет айтады. Мәшһүр-Жүсіптің айтқандары, жырына арқау еткен жаман қылықтар ғасыр өтсе де, бүгінгі қоғамда да кездесіп қалатынын жасыруға болмайды. Сондықтан да, Мәшһүр-Жүсіптің келтірген мысалдары бірнеше жылдар өтсе де өзінің өмірлік мәні мен мазмұнын жоймай, өміршең екендігін дәлелдеп келеді. Ақынның бұл-ғибараттары кейінгі ұрпаққа да үлгі-өнеге ретінде айтылып, насихаттала беретіне сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 9 том. Павлодар 2006 ж. «ЭКО» ЖШС -274-284 б.
- 2 Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 17 том. Павлодар 2013 ж. «ЭКО» ЖШС -254-257 б.
- 3 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Таңдамалылары (Екі томдық шығармалар жинағы) Алматы-1990 ж.
- 4 Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 13 том. «ЭКО» ЖШС -212-214 б.
- 5 Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 11 том. «ЭКО» ЖШС -147-148 б.

МӘШҲҮРТАНУ ЖӘНЕ АНТРОПОНИМИКА: МӘШҲҮР ЖҮСІП МУЗЕЙІНДЕГІ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР

ТҮСІПБАЕВА М. Б.

п.ғ.к., аға оқытушы, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы,
 Алматы қ.

2021 жылғы 2 қазан күні Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Ескелді шатқалында орналасқан Мәшһүр Жүсіп мемориалды кешенінде, яғни, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мемориалды музейінде (Қ. Сәтбаев мемориалды музейінің филиалы) «Ақжігіт деп атын қойған Мәшһүр Жүсіп» атты экспозиция ашылды.

Салтанатты шара шымалдығын Баянауыл ауданының Құрметті азаматы, айтыскер ақын Жұмкен Сейітов арнау жырымен ашты. Бұдан кейін Ақжігіт Көпейұлының жиен қарындасы, ішкі істер саласының ардагері Балқия Махметқызы, Ақжігіт Көпейұлының қызы - қолөнер шебері Қалампыр Ақжігітқызы, Торайғыр ауылында әріптесі болған ардагер Серік Мұқашев, қарт ұстаздар Шолпан Әбілғазина мен Зәуреш Ақантайқызы ескімес естеліктер шертті [1].

«Әкем Баянауыл өңірінде өте сыйлы азамат болды. Әлі күнге дейін көзкөргендер анамыздың дастарханын, бал қымызының дәмін аузынан тастамайды. 1969 жылы экранға шыққан «Найзатас баурайында» фильмі баянауылдықтарға ерекше ыстық. Бұл фильм Қуат Әбусейітовтің режиссерлігімен, Шәкен Айманов, Тұрғанбай Мәткәрімовтің сценарийі бойынша бүкіләлемдік «ЭКСПО – 69» көрмесі үшін түсірілген. Айта кетерлігі, Шәкен Айманов, Әмина Өмірзақова, Раиса Мұхамедьярова сынды аңыз-адамдармен бірге бұл фильмде баянауылдық Жібек Шәкірова да ойнаған. Бір деректерде фильм қаһармандарының прототиптері Торайғыр ауылының тұрғындары болғаны айтылады. Фильм түсірілген жылдың жазы әлі есімде. Біздің үйдің атшаптырым ауласына неше түрлі көліктер мен кісілер келіп тоқтап, ақ ордамыздың алды базарға айналды. Бұл Шәкен Айманов бастаған өнер саңлақтары еді. «Найзатас баурайында» түсірілгенде, ауыл жұртымен бірге табиғат аясына біз де бардық. Екі ортада шапқылап жүретінбіз. Өкініштісі, ол кезде кішкентай кезім болғандықтан, үйімізге кеп жүрген Шәкен Айманов пен Кәукен Кенжетаевтан басқа қонақтар есімде қалмапты. Ойлап қарасам, кеңшар директорының немесе басқа басшылардың үйіне бармай, Аймановтай ардақты адамның ұжымын біздің үйге бастап әкеліп, аунап-қунап жатуының өзі көп

жайтты аңғартса керек, – деп естелік шертті шараға қатысушы Қалампыр Ақжігітқызы.

«Төрт қызы бар Көпей ағамыз бір ұл балаға зар болып жүргенде, Мәшһүр Жүсіп әулие: «Тоғыз айдан соң шаңырағыңа ер бала келеді. Атын өзім қоямын», – деп, батасын бергенін үлкендерден естідік. Әулиенің айтқаны айнымай келіп, дүниеге ұл бала келгенде, ата-анасы Көпей мен Фатима дайындық жасап, сабаға қымыз жиып, құрт-ірімшік, сыбағасымен Мәшһүр Жүсіптің ауылына барады. Үй іші, туған-туыс осы оқиғаға орай әкеміз Ақжігітті «Мәшһүр ата берген бала» деп те атап кетіпті. Қарап отырсақ, Мәшһүртануда талай тақырыптар зерттеліп жатқанымен, бабамыздың балаға ат қою оқиғалары онша зерделене қоймапты. Осыны ескеріп, қазіргі уақытта 6-сыныпта оқитын қызымыз Әмина «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ антропонимикасына ықпалы» атты тақырыпқа ден қойып, әулие бабадан бата алған аталар жайлы әңгімелерді оқып-қарастырып жатыр, – деп сыр шертті Ақжігіт Көпейұлының баласы Азамат Көпеев [2].

Іс-шараның шарықтау шегі – Ақжігіт Көпейұлына арналған экспозицияның лентасын қию рәсімі көңіл толқытты. Себебі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шөбересі Әсет Қажымұқанұлы мен Ақжігіт Көпейұлының жиен-немересі Әйгерім Қинаятқызы лентаны қиып, жабуды ашқанда ұрпақ сабақтастығының үзілмей, бабалар өнегесі мәңгілік жасайтынына куә болдық.

Мәшһүр Жүсіп бабамыз атын қойған азаматтардың ішінен ерекше атап айтатын себеп – Ақжігіт Көпейұлының дүниеге келетінін әулие Мәшһүр Жүсіп алдын ала білген және өз аталарының бірінің атын қойып, «Бабам тіріліп келді!» – деп қуанған екен. Олай дейтіні – әулие бабаның өз аталарының бірі Ақжігіт абыз болған [3].

Тарих парақтарын ақтарар болсақ, Ақжігіт Көпейұлының әкесі Көпей Мәшһүр Жүсіппен сыйлас, үзенгілес дос болып, жақын араласқан. Көпей ата Мәшһүр ғұламаның анасы жерленген Шорабай ауылын мекен еткендіктен де ол шаңыраққа әулие баба жиі ат басын тірейтін көрінеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев атын қойған басқа тұлғалар туралы біз белгілі өлкетанушы Алтынбек Құрмановтан естідік.

«Журналист Бақи Әбдіқадыров «Мәшһүр Жүсіп ата біздің айналамызда төрт кісінің атын қойды, соның үлкені – Ақжігіт», – дейтін. Мәшекең Бақи ағамызға ат қойғанда, әкесі: «Бақиы несі? Аузыңызға басқа ат түспеді ме?», – десе керек. Сонда Мәшекең қарқылдап күліп, «Әй, Әбдіқадыр, менен несін сұрайсың, ақылдан

әлі жұтаған жоқпын. Осы заманда мен Мұрат қожаның баласы Исабек ишанды жоқтадым, Шорманның Мұсасын жоқтадым, Боштайдың Құсайынын жоқтадым. Мен жоқтамаған адам бар ма, біз өлгеннен кейін бізді кім жоқтайды?! Сонда бұл бақилықтарды іздейтін бала болады, – депті. Осы оқиғаға қатысты Бақи ағам: «Алдымен Ақжігіттің атын қойды, содан кейін оңбастай қып менің атымды Бақи қылып қойды», – деп қалжындайтын... Мен білетін осы екі адамның екеуі де ел қамқоры болды...» – деп әңгімеледі Алтынбек Жұматұлы [4].

Жалпы, назар аударарлық жайт – Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімдерін қойған тұлғалардың өмір жолдары ерекше өрілген.

Белгілі жазушы Дихан Әбілев: «Қазақ бала туғанда молда алдырып, азан шақыртып ат қойдырады. Қошқарбай молда менің атымды «Әбдірахман» қойған екен. Арада он бес-жиырма күн өткенде біздікіне Мәшһүр Жүсіп келіпті. Менің атымды сұрапты.

– Жоқ, Әбіл, Қошқарбай қойған ат бұл нәрестеге ат болмайды. Бері әкелші өзін, – деп мені өзіне жақындаттырып алып, аузыма түкіртіпті де, – бұның аты – Дихан! – депті. Ол шығымдылық деген сөз. Бұл жылы біздің елде – Баянауылда егін-шөп өте шығымды, мал күйлі болыпты» деп жазады [5; 167].

Дихан Әбілев – Қазақстанның халық жазушысы, ақын, 1907 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Мойылды қыстауында дүниеге келген. 2003 жылы Алматы қаласында көз жұмған. Жазушының С. Торайғыров туралы «Ақын арманы» (1965 ж.), «Арман жолында» (1969 ж.), «Баянауыл баурайында» (1975 ж.) деп аталатын трилогиясы Дихан Әбілевтің проза саласындағы ең ауқымды еңбегі. Жазушы мұнда ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының тұрмысын, Сұлтанмахмұттың өмір жолын көркемдікпен суреттеген. Дихан Әбілев – А. П. Чехов, Н. А. Некрасов, Т. Г. Шевченко, Г. Низами, Н. Хикмет туындыларын қазақ тіліне аударған кәсіби тәржімашы. Оның шығармалары орыс, өзбек, әзірбайжан, армян, татар, тәжік, қырғыз, т.б. тілдерге аударылды. Еңбек Қызыл Ту, I дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Дихан Әбілев – Мәшһүр Жүсіп Көпеев дүниеден озғаннан кейін оның шығармаларының жарық көруіне зор үлес қосқан адам.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімін қойған келесі тұлға – академик Шапық Шөкин. «Өзіне келген кісілердің ешқайсысын да Мәшһүр бөліп-жармаған. Әр үйдің қуанышы ма, әлде қайғысы ма – ешбір оқиға Мәшһүрдің дұға-батасынсыз өтпейтін болған. Мәселен,

біз Риза екеуіміз өз есімдеріміз үшін Көпеевке борыштымыз. Өмірінің осы бір фактісін Риза жамбасы жерге тигенше айтып, мақтан тұтып өтті. Қазақтың ішінде сирек кездесетін өз атымның қалай қойылғанын айтуды мен де ұнатамын. Жерлестері арасында Мәшһүр сөзсіз құтқарушы әулиедей көрінетін» деп жазды академиктің өзі [5; 169].

Шапық Шөкіұлы Шөкин – көрнекті қазақ энергетигі, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, техника ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Ол 1944–50 жылдары Іле өзенінің суы мен энергетика қорын кешенді түрде пайдалану мәселесін шама тұрғысынан зерттеді, осылайша Қапшағай бөгені мен Қапшағай су электр станциясын салу ісіне үлкен үлес қосты. 1949–58 жылдары Орталық қазақстанды сумен қамамасыз ету мәселесімен Ертіс өзенін бұру негізінде шешуге болатынын дәлелдеді. Мұның өзі Ертіс-Қарағанды каналының салынуына себеп болды. Ш. Шөкин – Сібір өзендерін Қазақстан мен Орта Азияға бұру мәселесін ғылыми тұрғыда қарастырған алғашқы ғалымдардың бірі, 170-тен аса ғылыми еңбектің авторы.

Риза Шөкіұлы Шөкин – академик Ш.Шөкиннің ағасы. Оның да атын Мәшһүр Жүсіп Көпеев қойған. Риза Шөкин туралы Шапық Шөкин өзінің «Өмірдің төрт маусымы» кітабында жазған. Риза Шөкин Қаз КСР ұжымшарлар министрінің орынбасары, Ауыл шаруашылығы және ұжымшарлар министрлігінде, ҚазКСР Министрлер Кеңесінде жетекші қызметтерде болды. 1968 жылы құрметті зейнет демалысына шығады. Қызметтегі ерен еңбегі ескеріліп, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Ғұлама Мәшһүр Жүсіп атын қойған тұлғалардың тағы бірі – қазақ киноөнерінің майталманы – Қуат Әбусейітов. Бұл туралы өзі былай жазған:

«Бізге ат қойғанда
Әбусейіт бабамыз ғой жылқы баққан,
Қуат бер, суат бер деп тілек айтқан.
Қысы-жазы мал бағумен азап шегіп,
Қызылтау баурайында таңдары атқан.
Мәшекең кездесіпті атамызға,
Жылқышы батыр текті бабамызға.
«Әбеке, биылғы жыл су тасыпты,
Жол көрсет, адасып қаламыз ба».

Мәтелі Әбекеңнің дайын екен,
Мәшекең талай жерде айтып жүрген.
«Иә, Құдай, Қуат бер, қиын жерден Суат бер» деп,
Өте бер, өне біреу өткел жерден».
Есімде қолыңыздан қант бергенің,
Тіледіңіз бақытты өмір, бақ бергенің.
Рахметолла-Қайролла дегенде әкем,
Өзгертіп Қуат-Суат ат бергенің».
Ол кезде менің жасым бесте екен,
Суатжан нәресте еді бірге келген.
Ататай, қалам алып, тұмар жаздың,
«Бісмiлла» деп әкеміз мойынға ілген» [5; 175].

Қуат Әбусейітов – Қазақстан киноөнеріне еңбегі сіңген қайраткер, кинематография саласының қарлығашы, қоюшы-режиссер, дубляж ісінің маманы. Ол Қазақстан Республикасының киноөнерінің дамуы мен қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға, 20 толықметражды және деректі филмдерді жасаған және дубляждаған.

Суат Әбусейітов – Қазақстанның халық артисі. Ол әншілік өнерде өз орындаушылық мәнерін танытты. 1957 ж. Мәскеуде өткен Дүние жүзі жастары мен студенттері фестивалінің лауреаты. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ат қойған танымал тұлғалардың бірі – ұстаз, ақын Зекебай Солтанбайұлы. Зекебай Солтанбайұлы 1931 жылы 15 наурызда Баянауыл ауданы Басшілік атамекенінде туған. Ыбырай Алтынсарин медалінің иегері, оқу-ағарту саласының үздік қызметкері, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы. Ол кейінгі 5–6 жыл ішінде алты кітап жазды. Соның бесеуі Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы. «Мәшһүр», «Жүсіп», «Көпеев», «Ғұлама» және қолжазбасы «Адам» дастаны – Мәшһүр баба туралы бесінші кітап. Мәшһүр туралы шығармаларына жазған түсінігінде ақын: «Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы қолыма қалам алғандағы мақсат-мүдденің түп негізі осы болса, ұлы ойшыл, философ, ақын, тарихшы, этнограф, ауыз әдебиетінің жинақшы зергері ғұлама жанның еңбегіне оқырман назарын аудару баса көзделеді. Мен әркімге әрқилы көрінетін Мәшһүр образын жасауда өмір шындығына сүйендім, – дейді.

Біз жоғарыда қарастырып өткен Мәшһүр Жүсіп Көпеев аттарын қойған тұлғалардың барлығы дерлік – Баянауыл ауданында туған азаматтар. Бұдан шығатын қорытынды – ат қоюда қазақ халқының алыстан арбаламай, жақыннан дорбалайтыны. Тарқата айтқанда,

қазақ халқы жасы үлкен, көрген-түйгені мол, аузы дуалы адамдарға ат қойғызатын болған. Және ат қою дәстүрі алыстан емес, бір ауыл, бір өңір шеңберінде жүзеге асқан. Тағы бір байқайтынымыз – Мәшһүр Жүсіп Көпеев ат қою дәстүрінде діни наным-сенімге емес, есімнің өзінің мағыналы, мазмұнды болуына сүйенген. Қазіргі уақытта психология ілімінде «позитив» деген ұғым бар. Міне, осы позитивтілікті біз Мәшһүр Жүсіп антропонимдерінен кездестірдік. Мысалы, жазушы Дихан Әбілевке есім бергенде әулие бабамыз «Дихан» атын молшылық, шығымдылықпен байланыстырған, елде жақсылық болсын деп тілек еткен. Бұл үрдіс оның Шапық Шөкин мен Риза Шөкиндерге ат қою салтынан да байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 2020 жылы сәбилерге ең көп қойылған есімдерді білесіз бе: <https://kaz.nur.kz/1851325-2020-zyly-sbilerge-e-kp-kojylgan-esimderdi-bilesiz-be.htm>.
- 2 Жиі қойылатын есімдер: <https://egemen.kz/article/164122-astanalыq-narestelerge-dgii-qoyulaty-n-esimder-anyqtaldy>.
- 3 Қабдыләшім Е. Мәшһүр баба атын қойып, Рабиға ана бесікке салған // Баянтау. 2021 жылғы 7 қазан (№73). – 2 б.
- 4 Ахмадия О. Мәшһүр баба атын қойған // Сарыарқа самалы. 2021 жылғы 7 қазан (№115/15733). – 20 б.
- 5 Жақсыбаев С. Шорманның Мұсасынан бата алған Мәшһүр Жүсіп // Сарыарқа самалы. – 1999. – № 14.
- 6 Ақиқат. Шарапиев А. – Алматы, «Дай Пресс», 2019. – 344 б.

МӘШҮР-ЖҮСІП ҚУАНДЫҚ ПАЗЫЛҰЛЫНЫҢ «КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ҚҮДІРЕТІ» ӘДІСТЕМЕЛІК ОҚУЛЫҒЫНДАҒЫ М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ «БАТЫР БАЯН» ДАСТАНЫН ОҚИТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

ХАЛХЫН СЕЙІЛ

магистрант, МҚТМӘ-21(н) тобы, Торайғыров университеті, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ақжол орта мектебі, Павлодар облысы

Бүгінгі таңда мектептерде әдебиетті оқыту мәселесі өзектілігін жоғалтқан емес. Деседе өскелең ұрпаққа төл әдебиетімізді оқыту үрдісінде Мәшһүр-Жүсіп Қуандық Пазылұлының әмбебап әдістемелерін қолдану мұғалімдер үшін таптырмас құрал! Мектепте

М. Жұмбаевтың «Батыр Баян» дастанын оқыту барысында, мұғалім алдын-ала оқып танысуы тапсырылды. Дәл осы тұста:

1 Түс, рең ажарлылығын бейнелеген сөз бен сөз тіркесін тауып «1»санын белгілеп оны ауызша дәлелдеу (Ескерт: әрі қарай сауал реті қойылуына орай, мәтіндегі сұраққа лайық сөздер мен сөз тіркестерін сол санымен белгілеп шығу керек)

2 Пішін (форма) ерекшелігі

3 Тау биіктігі

4 Дыбыс сипаты

5 Су тазалығы

6 Жұмсақтық майдалық сипаты

7 Қимыл-әрекет деңгейі

8 Көптік ұғым көрінісі

9 Көріктеуіш (эпитет)

10 Теңеу

11 Ауыстыру (метафора)

12 Алмастыру (метонимия)

13 Кейіптеу

14 Дерексіз ұғымды заттандыру

15 Дерексіз ұғымды жандандыру

16 Нышан белгі (символдық белгі)

17 Шарттылық

18 Ұлттық өрнек (Национальный колорит)

19 Ішкі жан толғанысы белгісі

20 Сөйлеу түрі (Көркем сөздің күдіреті 136-бет Қуандық Мәшһүр-Жүсіп)

Осындай сауалдарды тиімді қолдану арқылы мұғалім тек алға жетелеу бір оқушыны келесі оқушы қостап, керек тұсында мұғалім өзі толықтырып отырады. Сөзімізге дәлел ретінде бір ғана мысал келтіретін болсақ:

Торғын ет, шапақтай бет, тісі – меруерт,

Сөздері су сылдырап құйылғандай.

Бір улап көзқарасы, бір айнытқан

Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай,

Лебізі-жібек, лебі – жұмақ желі

Кәусардай татқан адам қалар қанбай

Ықтимал жауап:

Бастапқы «Торғын» сөзіне әрі көріктеуіш (9) әр жұмсақтық, майдалық (6) белгісін қатар қоямыз. «Шапақтай» әрі теңеу (10), әрі рең әдемілігі (1), «меруерт» – ауыстыру (11). Міне осылай жалғасын

тауып, оқушы ынта қызығушылығын бірден арттыра аламыз. Енді осымен бірге Ноянның ғашықтық сезімін білдіретін өлең жолына тоқталсақ:

Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан
Ноянның жүрегінде ұшқын туған.
Сол ұшқын өртке айналып жап-жас Ноян,
Алысып жүрегімен, аласұрған
Ноян да сол сұлуға тәтті балдай,
Мөлдіреп қараушы еді көзі талмай.
Мас болып, дене түгіл, жаны елжіреп,
Жұтқандай сол сәулені демін алмай

Бұл өлең жолында бастапқы оймен шартты белгілермен белгіленіп өлеңді өрбітіп етене түсініп ұғынуына жол ашады. Мұндай ерекше тәсілді қолданған мұғалім оқушының ойын толық жеткізуіне үлкен жол ашады. Бұл тек «Батыр Баян» дастаны ғана емес кез-келген жырда, дастандарда қолдануға әбден ылайық. Өз тәжірибемде Қуандық Мәшһүр-Жүсіп ағамыздың әдебиетте қолдану әдістемесі арқылы мектепте қазақ тілі мен әдебиет пәніне қызығушылығын арттыруға ықпал еткендігін айта кету абзал. ҰБТ-да қазақ әдебиеті пәнінен алған оқушылар жоғары балл жинап филология маманы болып талай шәкірттеріміз ізімізді басты. Басында айтқанымыздай Мәшһүр-Жүсіп Қуандық Пазылұлы ағамыздың әдебиеттен әдістемелік оқулығы барлық мұғалім, оқырман, оқушыларға таусылмас азық.

М. Жұмабаевтың лирикалық қаһармандары көбіне асқан мықты болып келетіндігі туралы айтылады. «Батыр Баян» дастанының соңы трагедиямен, яғни Ноянның өлімімен аяқталса, шынайы өмірде олай емес екенін білеміз. Қалмақ қызына бола елін сатып, жерін сатты, оған ешқандай кешірім жоқ деген ақынның ішкі идеясы екендігін аңғару қиын емес.

Мағжан Жұмабаев романтизмі дегенде ерекше сипатты лирикалық қаһарманды мүсіндеу үшін ол танылатын жағдайды да ақынның өзгеше етіп алатынын алдымен ескеру керек. Демек лирикалық қаһарман әрекет ететін орта да әдетте жиі кездесетінінен мүлде бөлек айрықша болып келеді (Қуандық Мәшһүр-Жүсіп «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» 27-бет). Дәл осы тұста лирик ақынның өзі жасаған әрбір қаһарманы ерекше ерлік жасап, ең соңында елі жері үшін жанын пидә ететін нағыз қаһарман жасай білетіндігін аңғару қиын емес.

Батыр Баян қазақта
Баянның батырлығы
Алашқа аян – деп айтуының өзі Баян батырдың ерлігі ерекше екенін байқауға болады.

Мағжан Жұмабаев – бірнеше көркем поэма жазған құлашы кең эпик ақын. Ол өз заманының толғауы күрделі жайларын халқының өткен тарихын жырлау арқылы көрсетуге ұмтылды. Өйткені артта қалған қазақ елін алға жетелеу сол халықтың өз қолынан ғана келмек. Сондықтан да халыққа күш берер осындай ерлік қайнарын Мағжан тарихтан іздеді. Өз шығармаларында кешегі өткен батыр бабаларымыздың ерлігін жырлады. Абылайды, Кенесарыны жырға қосты. Сол арқылы халқының қайратын ұштап, санасын оятуды ойлады.

«Батыр Баян» поэмасының маңызы ерекше. Поэманың оқиғасы бір кездегі қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік заманнан алынған. Батыр Баян туралы деректер Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде кездеседі. Зерттеушінің «Исторические предания о батырах XVIII века» атты мақаласында батыр жайлы деректер кездеседі. Шоқан Уәлихановтың Баян туралы айтқан деректері Мағжан ақынның «Батыр Баян» поэмасының мазмұндық арқау болғанын айтуға болады. Шоканның келтірген деректері мен оқиғалар дастанда кездеседі.

М. Жұмабаевтың екі тараудан тұратын көлем жағынан ауқымды поэмасында ескілік пен жаңалық арасындағы байланысты белгілі сюжетпен сомдайды. Мағжан поэзиясының шыңы – «Батыр Баян» дастаны. Поэма аса көркем деңгейде ерекше шабытпен жазылған. Жан күйзелісі, сезім, батырлық пен махаббат дастанда жыр болып өріледі. Поэма өзінің сюжеттік жағынан эпостық жырларға өте ұқсас. Мағжан тілінің әуезділігі мен әсемдігі, көркемдігі мен көріктігі ерекше үйлесімділікте сай келіп поэмада айрықша көрінеді.

Сөзімізді қысқаша қорытындыласам ағамыздың алдынан білім алып лекциясын тыңдап, бұл ағамыздың ұрпақтарынан да білім алдық және осындай ғұлама ғалым ағамыздан білім алғанымызды мәңгі ұмытпай мақтанышпен еске алып жүреміз. Жыл сайын өтетін ағамыздың оқулары арқылы мақала жазу барша тіл мамандарына үлкен қуаныш деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қуандық Мәшһүр-Жүсіп «Көркем сөздің күдіреті» Павлодар университеті, 2000 ж.

2 Қуандық Мәшһүр-Жүсіп «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» монография Павлодар университеті баспасы, 1999ж.

3 Балтоғаева Ж. «Мағжан Жұмабаев поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері»: Диссертация. – Алматы: 2003. – 140 б.

4 «Мағжан Жұмабаев өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер». Құрастырған – Ж. Сүлейменов. – Петропавл: 2006. – 428 б.

5 «М. Жұмабаев шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер». – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

6 «М. Жұмабаев Сүй, жан сәулем». Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.

7 «Мағжан әлемі: әдеби зерттеулер». Құрастырған – Ж.Сүлейменов. – Алматы: Асыл кітап баспасы, 2009. – 496 б.

8 Майтанов Б. «Қазақ романы және психологиялық талдау». – Алматы: Қазақ Университеті, 1996. – 333 б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП ФОЛЬКЛОРАНУ, ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ШЕРИЗАТҚЫЗЫ Ж.

МБД-22 тобы, Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бүгінгіге фольклортанушы, қайраткер тұлға ретінде мәшһүр. Мәшһүр Жүсіп атамыз жаңа мен ескі заман әдебиетінің алтын көпірі іспетті. Мәшһүр Көпейұлының шығармашылығына қазақ әдебиетінің алыптары айрықша мән берген деседі. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов Мәшһүр Жүсіптің кемеңгерлігін аса бағалап, оның қазақ жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетіне қосқан үлесін ғылымдық тұрғыдан қарауына толық негіз бар деп түйіндейді. Иә, Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын ұлы Мұхтардың зерттеуінде үлкен мән жатыр. Себебі Мұхтар Әуезовтің өзі Асан қайғы, Жиренше шешеннен бастап, мақал-мәтел, тұрмыс-салт жырлары, эпос-лиро-эпос сынды фольклорлық шығармаларға қалам тартқан ғұлама. Мұхтар Әуезов төл әдебиетіміздің алтын қорына жан-жақты зерттеу жүргізе отырып, Мәшһүр атамыздың ел аузынан жинаған қымбат қазынасы дерлік шежірелерін зерттеген екен. Заңғар жазушы ол туралы былай деп жазады: XVIII ғасырда өмір сүрген ақындардың ішінде Мәшһүр Көпейұлы бұрынғы әдебиет пен қазіргі әдебиетті

ұштастыра білген әдебиеттанушы. Себебі Мұхтар Әуезовтің пайымдауынша, көп жасаған ғұлама Мәшһүр заман ағымына қарай елден көрген -білгенін жинаған. Заңғар жазушы ол туралы былай деп жазады: Мәшһүр зерттеуінде 18 ғасырда өмір сүрген жыраудың өлең-жырлары өте көп, оның жырлары мен көне жазбаларды сары майдай сақтап жеткізуге ерекше еңбек сіңірген. Ол молдадан оқып білім алсаған соң да ары қарай білімін саяхатшылыққа ұластырып, айтулы қалаларды аралап, өлең-жыр жазады, ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинақтайды. Есті де зерек Мәшһүр жастайынан жаттап өскен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын да жаттап, өнер мен білімге, әдебиетке құмар болып есейді. Тіпті түннің бір уағында тұрып алып, май шамның жарығымен өлең жазады екен. Науаи, Фирдауси, Сағди, Хафиз шығармаларын оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі. Мәшһүр Жүсіп осылайша, ақындығымен елге танымал бола бастайды. Ол өзінің өлеңдерінде халықтың мұң-мұқтажын, елдегі көріністі, шынайы жеткізе білді. Өлеңді тез арада жанынан шығарып алып, халықтың салт-дәстүрін, тұрмысын, тіршілігін өрнектеп жеткізген. Әсілінде, қазақтың Мәшһүрдей әйгілі ақыны, әдебиет жинаушысы, шежіре-ғұламасы, діни қайраткері, әулие тұлғасы бар ел бақытты. Қазақ даласы аса талантты ақындарды, композиторлар мен әр түрлі өнер иелерін тудырған. Әсіресе сол мезетте өз жадынан жыр арнап, ән-жыр шығарған қаншама ұлы адамдардың өлең-жырлары, дастандары, әзіл-оспақтары қағазға түспей бүгінгіге жетпеді. Ал көнеше хат таныған адамдарға жазықсыз айып тағылып, олардың шығармаларын оқымауға тиым салды. Сондай тиым салынған қайткерлердің бірі-осы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмір жолына келетін болсақ, қазіргі Павлодар облысы Баянауыл өлкесінде дүниеге келген. Жастай ескіше хат таныған оның өмірі қиындыққа толы болды десе де болады. Өйткені ол досқа да дұшпанға да турасын айтатын әділ болған.

Ол осы турашылдығы мен әділдігінен жақпады, көрінгенге көзтүрткі болып, ұрылып-соғылып, қысым жасалды. Қайсар Жүсіп сонда да жігері күм болмай, қайраттанып, молдадан оқи жүріп, жыр-дастан, өлеңдерді жаттады. Осылайша, зейінді, зерек бала өз бетімен ізденіп, үйрене берген. Оның зерделілігіне, көп оқығандығына сүйсінген жұрт оны Мәшһүр деп атап кеткен екен. Мәшһүр Жүсіп 29 жасында 1886 жылы Бұхарға барып оқиды, Араб, парсы, Орта Азия әдебиетімен танысады. 1896 жылы Ташкент қаласына барып

тағы біраз уақыт оқып қайтады. Мәшһүр көп жылдар ел қыдырып, серілік құрып жүрген кезінде Еділ жағасындағы қалаларды аралап қайтады. Горький, Қазан қалаларында болады, өлең жазып, ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинақтайды. Хабар, мақала жазады. Сөйтіп елге қайтады. Мәшһүр 3 кітап жазып бастырған. Атап айтқанда, бірінші кітабы «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деп аталса, екінші кітабы «Хал аһуал», үшінші кітабы «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталды. Үш кітап та 1907 жылы жарыққа шыққан. Алдыңғы екі кітапта өлең-жырлар, поэмалар. Барлығы 16 өлең, 5 поэма енген. Кейінгі кітапта ұзақ 2 мақала топтастырылған. Терең оқымысты болған Мәшһүр Жүсіп кара сөзден гөрі өлеңмен сөйлегенде аузынан түйдек-түйдек төгіле жөнелетін көмейіне бұлбұл күс ұя салғандай дейді. Он бес жасында молдадан оқыған оның 7–9 жасына дейін «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырларын, шығыс қиссаларын жаттап алып, өнер мен білімге, әдебиетке құмар болып есейді. Тіпті түнде май шамның жарығымен өлең жазады екен. Науай, Фирдауси, Сағди, Хафиз шығармаларын оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі. 1888 жылдан бастап Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері мен ел ішінен жинаған ауыз әдебиетінің үлгілері Омбы қаласындағы «Дала уәлаяты» газетінде жарық көріп тұрды.

Мәшһүр Жүсіп ұлы Абайды ұстаз тұтқан. 1889 жылы ең алғашқы болып Абайдың көзі тірісінде оның шығармаларына талдау жасаған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының есімі ел ішінде аңызға айналуына ақындығы ғана емес, халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры болғандығы да себеп болса керек. Ол ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмыс-тіршілігін, салт санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өз қолымен жазған 50-ге жуық қолжазбасы бар. Мәшһүр Жүсіп атамыздың осы бай мұрасы жас ұрпаққа ғұмыр бойына азық болары анық. Бұған қоса «Қазақтың ру ұрандары» деген еңбегінде әр рудың ұрандары мен мән-мағынасын егжей-тегжейлі жазады.

Ғалым-жазушылар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын әмбебап адам деп атайды. Ол – жыршы, әңгімеші-шешен, этнограф, тарихшы, сөз өнерінің білімпазы, қазақтың маңдайына біткен батыл да реформатор адам болған. Ол-қазақ ауыз әдебиетінің жанашыры, халық мұрасын жинаушы, өлең, дастандары арқылы жас ұрпаққа тәлімді ой, өнегелі сөз қалдырып кеткен қазақ ақындарының бірі.

Жалпы алғанда Мәшһүр өлеңдерінде халықтың жай-күйі, тұрмысы айшықты бейнеленген. Шығармаларының біразы күнделікті оқиғалар мен мәселелерге байланысты жазған. Бұдан біз халықтың қамын ойлаған ақын ретінде танимыз. Мәшһүр Жүсіптің поэмалары – ертегі, аңыз негізінде жазылған сюжетті шығарма.

Он төрт жасынан бастап төрт жыл бойы Бұқара қаласында Көкілташ медресесінде оқыған Мәшһүр орта Азия, араб, парсы тілдерін жетік меңгеріп шығады. Поэзияда алар орны, шоқтығы биік ақын ел тарихын, жер тарихын зерттеуде де өзіндік қолтаңбасы бар. Ол шежірелерді де аса талғампаздықпен, сол рудың немесе сол елдің батыры, ақыны, күйшісі жайлы болса соған байланысты аңыз, өлең, күй бәріне тереңірек тоқталып, зерттеу жасап жазып отырған.

Ауыз әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы мен еселі еңбегі бар М. Көпейұлының шығармашылығынан сусындаған ұрпақ қайран қалары сөзсіз. Поэзияда алар орны, шоқтығы биік ақын ел тарихын, жер тарихын зерттеуде де тер төккен. Шежірелері бүгінгі күні құйма құлақ абыз ақсақалдарымыздың ауызында.

Абай бабамызша айтқанда үлкен ғибратқа толы біз құштар болған Мәшһүр атамыздың шығармашылығы міне, осындай! «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің сөз өнері, қазақ әдебиетіне қосқан ұлттық асыл қазынасы халқымен бірге жасай бермек демекпіз.

2 секция. Мәшһүр Жүсіп және жалпы тіл білімі мәселелері
2 секция. Машхур Жусип и проблемы общего языкознания

МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТОПОНИМИКАЛЫҚ АТАЛЫМДАРДЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

ӘБИШЕВА Г. К.

оқытушы, Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

ЖЫЛКЫАЙДАР К.

PhD, профессор, Ховда университеті, Баян Өлгей қ., Монғолия

Қазақтың терең де бай тарихының бір бөлігі топонимдерде өмір сүретініне күмән жоқ. Өзен-тау, көл, қият-жартақ, бел-белес біздің үлкен елімізде өз тарихы, оның атауының негізі бар. Олардың әрқайсысының астында ерекше тарих сақталған шежірелер жинағы жатыр.

Әр атаудың өзіндік тарихы, жаратылыстың өзіндік құпиясы бар. Белгілі ғалым, этнограф Ш. Уәлиханов топонимикалық атаулардың ғасырлық ерекшеліктерін атай отырып: «Ежелгі түркілік әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғаларға байланысты жер мен су атаулары, адамдардың есімдері және тағы басқалары жадында сақталып, әкесінен балаға беріледі». [1, 128 б.].

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы топонимдерді ескере отырып, мынадай үш лексикалық қабатты көрсетуге болады: 1) жалпы түркі қабаты; 2) кіріс қабаты; 3) негізгі тіл қабаты.

Жалпы түркі қабаты-көне түркі, қазақ, қыпшақ-ноғай, түрікмен тілдері. Жалпы түркі қабатының атаулары әр түрлі тайпалардың, рулардың, терминнің түсініксіз мағынасы бар сөздердің атауларынан құралған.

Кіру тобы иран, араб, моңғол, өзбек, славян тілдерінің атауларынан тұрады. Иран тілінен алынған атаулар ежелгі атауларға жатады. Араб тіліне енген топонимдер негізінен діни ұғымды білдіретін атаулар болып табылады, олардың енуі біздің тілімізге ислам діні қатты әсер етті.

Топонимдерді құруда жергілікті географиялық терминдер ерекше маңызды. Олар жеке және күрделі атаудың бөлігі ретінде пайдаланылады, топонимдерді құрайды. Географиялық тұрғыдан

қазақ халқының шаруашылық қызметі үшін қажетті, кәсібі мал шаруашылығы болған жер бедерінің ұсақ нысандары, су көздері мен жемшөп өсімдіктері, жайылым түрлері және олардың маусымдық ерекшеліктері жөніндегі географиялық ақпарат жинақталып, топономиялық жүйеде неғұрлым толық көрініс тапқан.

Еңбекте кездесетін топонимдердің басым көпшілігі біріккен сөздер. Топонимдер құрылымдық сипаты бойынша күрделі топонимдерге бір компонентті, екі компонентті топонимдер жатады. Сондықтан қарастырылатын топонимдер морфологиялық құрамы бойынша екі үлкен топқа бөлінеді: жалғыз және күрделі топонимдер.

Жеке топонимдер дизайнға байланысты негізгі және туынды болып бөлінгенімен, күрделі топонимдер ішінара біріктірілген және біріктірілген топонимдер ретінде жіктеледі. Дара топонимдеріне мыналар жатады: Ажы, Арал, Аму, Арыс, Арыс, Арыс, балық, Баян, Белен, Бұхна, Фийық, Далба, Деген, Еділ, Есіл, жұпар, Кебеп, Көрек, қабақ, қобыз, Қоқан, Қоси, Құндыз, Лаз, Манақ, Мерке, Мине, Муз, найза, Нарын, Нияз, Нұра, Обь, Омбы, Обь, Омбы, Омбы, рум, Сара, Сасай, Сафа, Сунақ, ірімшік, мысал ретінде Рав, тор, үгінді, три, Хива, шам, шат, шот, Шу, Іле атаулары келтірілген.

Күрделі топонимдер: Ақжар, Ақкелін, Аққабак, Ақмешіт, Ақмола, Ақөткел, Ақшатау, Ақшырақ, Атасу, Атбасар, Алтынсандық, Алтынтау, Балтақара, Барсақелмес, Баянауыл, Бесқара, Бесқұлан, Бестау, Бестерек, Бөріағаш, Бұзаутас, Накаторы, Ерейментау, Есенқара және т.б.

Туынды топонимдер көбінесе туынды синтетикалық жолмен жасалады. Негізінен топонимдерді жасауға: Абралы, Дракарлы, Арқарлы, Аршалы, Бөрлі, Бұғұлы, Домбыралы, Жағылбайлы, Суылы, Тағылы, Тамғалы, Алматы, Бағалы, Балталы, Жәмші, Жиделі, Жосалы, Қазалы, Қарағанды, Қарағайлы, Қарқаралы, құрлы, Бүркітті, Бүркітті, бисер, Жыланды, Қоянды, шойын, Шортанды, Шухынды белсенді қатысады.

М. Ж. Көпеев шығармасында Шідерті, ақындар, «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» өзендерінің атаулары кездеседі. Түркі тілдерінің ономастикасында жұрнақтар арасында төрт аффикс жиі кездеседі // топонимдердің туындылары көбінесе осы жұрнақтардың қатысуымен синтетикалық жолмен жасалатынын жоғарыда айттық. // Архаикалық жұрнақ болып саналады. «Топонимдер моделіне байланысты эпос сөздерін құрастыру» [12, с. 146.].

Мәшһүр Жүсіптің көптеген мақалаларында, өлеңдері мен әңгімелерінде Баянауыл тауы жиі айтылады. Баянауыл-қасиетті орын. Бұл халқымыздың тұрмысы мен мәдениетін бейнелейтін тарихи, әдеби, діни аңыздарға толы өлке. Баян жерінің топырағынан ұлы ғалымдар, танымал адамдар шыққан. Баян есімі ежелден бері бар. Халық арасында атаудың шығу тегі Баян қыздың есімімен байланысты. Бірақ Баянауылдың моңғолша «Баян-Ола» атауын өзгерткені шындыққа жақын. Бұл туралы ғалым Ш. Уәлиханов өз еңбектерінің бірінде айтқан. Жалғыз өзі Ш. Уәлиханов емес, Л. Левшин, П. Рычков, Н. Красовский бұл пікірдің дұрыстығын растайды. Атаудың өзгеруі туралы нақты мәліметтер болмаса да, бұл біздің тіліміздің ішкі заңдылықтарының нәтижесі деп ойлаймыз. Б. Бияров «баян» («бай», «дәулетті») сын есімі моңғол тіліне енгенін және мағынасы жағынан қазақ бай сын есімімен сәйкес келетінін атап өтті.

Ақши, Ақшиман. Белгілі топонимист Қойшыбаевтың сөздігінде бұл атаулар былай түсіндіріледі: «Ақши – елді мекен. Атауы «ақ отты жер» мағынасында. «Ақшиман-ежелгі түркі тіліндегі АҚ және Шиман (шиман>шимай) өрнегі, қашау-ақшимай мағынасындағы атау (тасқа басылған таңбалар)».

Егер біз осы екі ұғымның біріншісін шынымен қабылдайтын болсақ, онда келесі топонимнің пайда болуын анықтауда күмән бар. Бірінші топоним сын есімнің бірігуінен пайда болады делік АҚ және зат есім ши және ұғымды білдіреді отты жер, шили жер. Ал енді келесі топонимнің құрамында Ақши тұлғасы да бар. Неліктен оны бірінші пікірге сүйене отырып талдамасқа? Ежелгі түркі тілінде Жер, жер деген ұғымды білдіретін ман (-бан) термині бар. Егер Ақшиман сөзін Ақшиман сөзінің құрамындағы осы жұрнақ-ман деп қабылдайтын болсақ, онда шили жер деген ұғым пайда болады. Бұл ұғым жалпыланған және Ақшиман деген атпен берілген болуы мүмкін.

Кереку. Бұл атау кейбір басылымдардағыдай «Коряковтан» емес, дәл сол Коряковтан шыққан. Орыс армиясының капитаны Унковский Коряков бекінісінің орналасқан жерін қазақ қыстаушыларының есімімен атағаны туралы деректер бар. «Кереге жар» тіркесі Бухгольц әскери экспедициясының құжаттарында кездеседі. 1720 жылы Коряков әскери форпосты салғанға дейін бұл жерде казактардың «Керегежар» (Түркіш Керегужар) қыстауы орналасқан. Тілі бұрылмайтын орыстар Серегежарды «Коряков Ярға» қалдырды. Бұл номинация құжаттық қолданыста болды,

бірақ кейіннен «Яр» тіркесі жойылып, Коряковскийге айналды. Айтылғанның дәлелі ретінде Павлодар облысында кездесетін «Жар» сөзімен аяқталатын Қызылжар, Ақжар, Күйгенжар, Мекемжарсынды елді мекендерінің атаулары сөз сөйлейді [13].

1969 жылы шыққан «көне түркі тілінің сөздігінде» «Кереку» сөзінің мағынасы «шатыр, «киіз үй» деп белгіленгеніне назар аударады. Мәселен, көне түркі тілінде «кереку» сөзі киіз үй, шатыр, моңғол тілінде «Кереку» сөзі көшпенділердің баспанасын білдіреді. Қазақша «кереге» – киіз үйдің негізі, қабырға. Жазушы А. Жақсыбаев та осы тақырыпта сөз сөйлеп, Кереку атауы бір кездері осы өңірді мекендеген, қимақ мемлекеті ыдырағаннан кейін Ертіс арқылы келген, содан кейін осы процеске көшкен халықтың атауынан шығуы тиіс деп пайымдады.

Ертіс – ежелгі топонимдерге жатады. Махмұд Қашқари сөздігінде – «Эртишмак», «Артыш», Әл Идриси – «Гамаш». В. В. Бартольд: «Ертүш» – «адам, түс», Р. Рамстедт: «қатал, зұлым, су тасқыны», п. п. Семенов: ир – «жер», тышқан (тіс) – «қазу», Э. М. Мурзаев түрік тамырымен «ир» байланыстырады. Б. Бияров талдау жасайды: Ер + іс + іс = Ертіс. Ондағы «ер» түбірінің мағынасы «көлденен», -іт – «өту», «ағу», -іс – «өзен», «су». Содан кейін атаудың мағынасы «көлденен ағып жатқан су». К. Сапаров атауының пайда болуы туралы өте негізделген және қызықты пікір айтады. М. Қашқари сөздігінде «Ертіссу кешпесін, сосын сескендін народ» деген жолдар бар. Егер сол түркілердің сөздігі бойынша «ерт» сөзінің мағынасы «өту» + сіз өтпейсіз. Түркі тілінде -сіз, – нәтижелі жұрнақ болғанын ескерсек, өзеннің «өтпелі емес» атауы қисынды, парасатты болды. Профессор Т. Жанұзақ Ертіс атауы сақ, ғұн лексикасынан құралған және 2000 жылдан кем емес деп есептейді. Мәшһүр-Жүсіп тұсында: «Ертіс Қытай тауларынан Алатауға шығады, Обь өзеніне, Алтай тауларынан шығады, екеуі де мұзды теңізге шығады» деген жолдар кездеседі.

Есіл өзеннің атауы біздің халқымыздың ежелгі топонимдерінің біріне де қатысты. Зерттеушілер, атап айтқанда, А. Әбдірахманов атаудың шығу тегін ежелгі түркі дәуіріне тән деп санайды. Ол бұл атауларды «Құлтегін» ескерткішінде кездесетін «Иашыл угуз» «өзенінің атауына негізделген деп санайды. Кеңес заманының белгілі түркологы Н. К. Дмитриевтің де пікірі осындай: «йашыл» – «йасыл» – «йешил» – «йесил» – «Есіл». Ол Есіл формасының бастапқы «йашыл» типінен өзгеруі біздің тіліміздегі фонетикалық өзгерістермен байланысты екенін түсіндіреді. Әрине, ғалымдарды

талдаудағы шындықтың үлесі бізге бұл пікір мүлдем дұрыс емес сияқты. Сонымен, Г. Қоңқашбаев бұл пікірді көріп, біздің тіліміздегі Есіл есімінің түбірі – ЕО етістігі, ал суффиксі-басқа түрдегі етістік түріндегі иль екенін түсіндіреді, оның семантикалық мағынасы өзен суының бұралып, арқан сияқты ағып кетуімен байланысты.

Қазақстан аумағында өзен атаулары кездеседі, олардың құрамында -ыл, – Іле: Эмиль, Ойыл, Тобыл, Кағыл, Ойыл, Іле. Ғалым Т. Жанұзақ – ил-мундир біртекті байырғы тұлғаға жатады. Зерттеушінің пікірінше, морфемалардың емес, «ылғал», «су»мағыналары бар сөздердің лексикалық мағынасы бар. А. К. Матвеев хабарлауынша, топониме Тобыл -ыл мәні өзенінің, ал ежелгі түркі тілінде – Юлиан. Бірақ А. Әбдірахманов – «ежелгі түркі тілдерінде етістікті сөзге айналдыратын, өзі жасаған есімді бекітетін функция бар»дейді.

Есіл есімінің мәні мен мағынасын зерттеу керек. Себебі ежелгі топоним. Дегенмен, айтылған пікірлерді талдай отырып, дау туғызбау керек-ежелгі түрік Йасы (тегіс, жұмсақ) тамыры. Сонда Есіл есімінің мағынасы» жазық даладағы өзен»деген мағынаны білдіреді.

Тарбағатай атауының төркіні жөнінде Ф. Қоңырақашбаев «Бұл моңғолдардың тарбағанынан (суыр) деген сөзден қойылған. Моңғолияда жиі кездесетін атау», – дейді. «Моңғолша-қазақша сөйлесте» тарваға суыр деген мағында. Алтай тілдерінде суыр әр түрлі аталады. Оның себебі, әр халық суырға ат бергенде қарай, екінші түрі-тұрысынан (балп-балп, Балпан) тілге тапқан. Құран тілінде «тари» - аяқ, аяқтың пікірі. Моңғол тіліндегі тарбаған осы тари сөзінен жасалған керек. Қазақ тіліндегі «тасбақ тарбима» дегендегі «тарби» да аяқ. Ә. Әбдірахманов: «Тарбағатай атауы моңғолша тарбаға(н) сөзі мен тай жұрнағының қосылуынан жасалған», – дейді. Әл зерттеуші А.Махмұтов бұл ой-тұжырымдармен келісті. «Тарбағатай тау дыбысталуы жағдайынан тарбаған сөзіне жабысып тұрғанымен, логикалық жағынан қабыспайды. Автордың -лы, -ды қосымшасын -тай аффиксіне дейін келуі тиіс», – дейді. Бірақ та бұл жөнінде әскери қызметкер Г. И. Рамстедтің пікірі недәуір салмақты. Түрлі тілдердегі lig (қазақша -лі, -ді/ді, -ты/ті) сөзі мен моңғол тіліндегі -tu тунгус тіліндегі -сі жұрнағын қатар қойып, бір-біріне сай келеді деп есептейді. Ол осы сөздің Моңғол топонимдерінде кездесетін орны туралы былай деп жазады: «Моңғол тілінде -сын есімдердің өнімді сөзжасамдық элементі әдемі тек есімдерде, атап айтқанда топонимикада кездеседі. Басқа жағдайларда оны ерте пайда

болған кең таралған жұрнақ -tai (<tu+ai) шақырады... Та (<ta<tu + ai) аяқталуы барлық Моңғол диалектілерінде сын есімдердің аяқталуы ретінде, сондай-ақ іс функциясында қолданылады» [14, 205 б.].

Г. И. Рамстедтің осы шығармасына моңғол тілдері туралы сұрақтарға ескертулер жазған Г. Д. Санжеев осы жұрнақ туралы жоғары пікірге келесі түзетуді жасайды. «Моңғол тілдерінде-ti, -туу, -tai және -tei сын есімдері талап етілмейді, олар тез арада оң мағынаға ие, мысалы, usutu «су бар» және «су», бірақ «суға тиесілі»емес.

Айтылғандардан келесі қорытынды жасауға болады: 1) Моңғол тіліндегі tu, туу жұрнағы және түркі тілдерінде туынды сын есімді құрайтын моңғол тіліндегі Туу жұрнағы түбір болып табылады; 2) моңғол және түркі тілдерінде бұл жұрнақтар көбінесе әртүрлі атауларға қосылып,топонимдерді құрайды; 3) моңғол тіліндегі Тай жұрнағы tu+AI жұрнақтарының бірігуінен пайда болады.

Осылайша, Тарбағатай атауы моңғол тарва / Н / -Тай жұрнағынан шыққан. Моңғол тілінде жұрнақ қосылған кезде сөздің соңында н дыбысы түседі [15, 97 б.]. Қарағанды облысының қазақтары да суырды «Тарбағатай»деп Айтады. Ал Шығыс Қазақстан облысында тұратын М.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының 20 томдық жинағында біз топонимикалық есімдерді кайталаудың жоғары жиілігімен жеке бөліп көрсетуге шешім қабылдадық. Мұндай есімдерге: Мекке, Медина, Ташкент, Баянауыл, Қызылтау, Қарқаралы, Сарыарқа, Бұқара, Атбасар (томдарда қайталануы кемінде 20 рет) жатқызылды.

Топонимдердің пайда болуы мен қолданылуының тарихи аспектісі созылмалы фактормен байланысты, өйткені қазақ топонимінің диахрондық әртүрлілігі әр түрлі дәуірлер мен кезеңдерде көрінеді.

Жоғарыда келтірілген жіктеуден көріп отырғанымыздай, Қазақстанның қазіргі заманғы топонимиясы – көп қабатты, әртүрлі кезеңді және алуан түрлі тілдік құрылым.

Көркем мәтінде қолданылатын топонимдердің негізгі функцияларының бірі-көркем мәтінде, шығармада ұлттық колорит жасау. Қазақ топонимдері, әдетте, айқын, жеңіл семантикаға ие және ұлттық-мәдени ерекшеліктерге ие. Осындай ерекшелігі бар қазақ топонимдерін ұлттық-танылған сөздерге жатқызуға болады, мұндай сөздер көркем мәтінде басқа міндеттермен қатар туындыны ұлттық-тарихи стилизациялау (модельдеу) мақсатында қолданылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар: 2-басылым. – Алматы, 1985. – 410 б.
- 2 Қасым Б.Қ. Сөзжасам: семантика. – Алматы, 2003, – 167 б.
- 3 Оразалинова Э. Н. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Алматы, 2007. – 296 б.
- 4 Ержанова Ұ. Жер-су атауларындағы ұлттық таным // Ономастикалық хабаршы. Алматы, 2004, №7.
- 5 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері// Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2006. – 46 б.
- 6 Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түп төркіні. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2010, – 354 б.
- 7 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 240 б.
- 8 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы, Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2008, – 240 б.
- 9 Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, – 206 б.
- 10 Керімбаев Е. Қазақстан топонимикасы туралы бірер сөз// Ономастикалық Хабаршы. – Алматы, – 89 б.
- 11 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусство древнего Казахстана. – Алматы, 1950, – 450 б.
- 12 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы : Ана тілі, 1998, – 146 б.
- 13 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 20 томдық шығармалар жинағы: 1-10 том. 1 том. – Павлодар : ЭКО – ҒӨФ, 2003. – 436 б., 2 том. – Павлодар : ЭКО – ҒӨФ, 2003. – 384 б., 3 том. – Павлодар : ЭКО – ҒӨФ, 2003. – 382 б., 4 том. – Павлодар : ЭКО – ҒӨФ, 2004. – 535 б., 5 том. – Павлодар : ЭКО – ҒӨФ, 2005. – 410 б., 6 том. – Павлодар : ЭКО – ҒӨФ, 2005. – 396 б., 7 том. – Павлодар : ЭКО – ҒӨФ, 2006. – 394 б., 8 том. – Павлодар : ЭКО – ҒӨФ, 2006. – 452 б., 9 том. – Павлодар : ЭКО – ҒӨФ, 2006. – 366 б., 10 том. – Павлодар : ЭКО – ҒӨФ, 2007. – 445 б.
- 14 Рамстедт Г. И. Введение в алтайское языкознание. – Москва, 1957, – 209 с.

15 Санжеев Г. Д. Грамматика бурят-монгольского языка. – Москва, 1938, – 188 с.

PROBLEMS OF FAMILY AND WOMEN'S EDUCATION IN THE PEDAGOGICAL HERITAGE OF M.ZH. KOPEEV

AGINBAYEVA K. M.

Master of Arts, English teacher, Secondary school № 2, Pavlodar

The most prominent representative of Kazakh literature of the late XIX – early XX century is Mashkhour Zhusup Kopeev. Kopeev's work is multifaceted. He wrote various stories, articles, notes, legends, sayings and proverbs. In his works you can find numerous legends, poems. In them, M. Zh. Kopeev touches on many issues of the social, political and cultural life of his time. Mashkhour Zhusup Kopeev paid great attention to national education. In his opinion, the upbringing of a child begins in the family, surrounded by parents, relatives, neighbours and friends.

As for the creativity of Mashkhour Zhusup, the pedagogical directions can also be traced in his works. A big role in his work is given to family education. The role of the family is one of the important elements in the upbringing of a person and in the formation of a personality. The formation of a personality largely depends on the upbringing in the family. Such personality qualities as humanity, morality, relationship with people and others are laid in the family. This problem is well covered in the works of Mashkhour Zhusup. He took an active part in public life, collected folklore, taught children, published scientific works, published his books. We recognize him as comprehensively developed, who left behind a huge literary and pedagogical legacy in the history of national culture.

The author expresses his attitude to the upbringing of children in the family in these words:

«Балалы үй-базар» деген

Жарасар сондай үйде ішкен-жеген.

Баласы жоқ думан ғып отыратын

Үйдің атын бұл бір «ку мазар» [1, p. 15].

Children for the family are, according to Mashkhour Zhusup, the meaning of life and the decoration of the family:

Жемісі жоқ ағашты көрсең, Терек,

Бір отыннан басқаға сол неге керек?

Теректің сымдай болған бойы құрысын,
Түбінде түк болмайды болсаң зерек [2, p. 17].

Still, being surrounded by family, in his nest, the child takes for himself and later carries through his whole life all the qualities that characterize him as a person. Social factors play a huge role in the growing up of children. According to the thinker, before the birth of a child, the future family determines his fate. The poet approached the name of the child very responsibly, and criticized those who called the children by the names Atbasar, Bokbasar, etc. So that the name does not harm a person, he should not harm his name. Therefore, even in early childhood, according to the author, it is necessary to pay attention to proper upbringing and be an example for your children: «... жас күнінде баланың табиғаты жақсылықпен әдептенсе, өскенде һәм жақсылыққа тез шығушы болады».

The desire for knowledge should be awakened from an early age and implemented.

Балалар, жалқау болмай оқы сабақ,
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.
Айырылса оқу оқып, білгенінен,
Біз оны деп айтамыз: «арамтамақ!»

The merit of M. Zh. Kopeev, in our opinion, is that he helped a person to clarify the time of his existence, to distinguish himself in the crowd of both predecessors and contemporaries. He sincerely believed that only philosophy could reveal to us the secret of being, give us happiness and generally implement the aesthetic justification of human existence [3, p. 27]

In his works, M. Zh. Kopeev pays attention to the beauty in a person, which is manifested in his spiritual demand by other people, his fullness with humanity, the ability to bring the light of happiness and benefit by his deeds not only to himself, but above all to others. He speaks about the ability of the person himself to create beauty. Moreover, he emphasizes the importance of the inner beauty of a person, closely related to such qualities as kindness, responsiveness, caring, selflessness.

Mashkhur Zhusup recognized in a person the ability to think positively. The knowledge of one's desires and passions contributes to the discovery of the true essence of a person, his inner beauty is expanded, since this path is the path of self-knowledge. At the heart of self-disclosure lies the aspiration to self-improvement, to the approximation of a beautiful ideal. According to the statements of M. Kopeev, the search and the pursuit of higher spiritual values allow a person to become a

proper person. Self-knowledge is the only true way to become a highly moral person. The knowledge of one's uniqueness and exclusiveness, the discovery of one's true nature, must first of all pass through the human heart, since the one who has known himself, thus approaches the knowledge of his Lord, since He created man in his own image [4, p. 46].

The poet believed that education is necessary not only for men, but also for women. At the same time, he emphasized the importance of education for women, since women are isolated from the outside world and poorly aware of what is happening in society. «Judging by reason, teaching is more necessary for a woman,» Mashkhur Zhusup reasoned, «since she has a family duty and the younger generation should receive initial education from her hands. In addition, she can also influence her husband, who especially has little to do with the family, wandering around the crafts.»

One of his valuable pedagogical thoughts is a progressive view of women's education. Mashkhur Zhusup Kopeev shows the importance of the role of a woman as a spouse, a man's life partner, to be attentive, requiring knowledge, skills, seriousness, endurance from him. A woman is obliged to respect the guests and meet them in a good mood:

Бай күтпек бәрінде де – артық ғылым,
Хош құлық (күлқат), жұмсақ тілі болса хылым.
Шия мен, әдеп, ынсап бірдей келсе,
Не болар мұнан артық ғақыл, білім?
The poet also criticizes women with a bad character:
Ұялмай отырады тілін безеп,
Әдеппен сөйлемейді тілін тежеп.
Бүйтіп өткен өмірде не қызық бар
Ұрғашы, еркек жұмысын бір өзі істеп?!
Ойлағаны - жақынмен қылмақ араз,
Не екенін білмейсің мақсат ғараз.
Белгілі науқас емес, ем істейтін,
Сүйегімен кететін бұл бір мерез [5, p. 43].

So, how to raise a girl today? The ethno-pedagogical values that determine the orientation of the formation of their consciousness on folk traditions and customs are at the heart of the education of Kazakh girls. There is a popular expression in Kazakhstan: «Educating girls - educating the nation», which emphasizes how important it is.

The ethics of character include such qualities as: benevolence, balance, openness, versatility, responsiveness, patience, respect, restraint, education, accuracy, humanism, mercy, honesty.

It is safe to say that the basis of the education of girls in Kazakh families lies in folk customs and traditions. Education begins with the family. The final moment in the life of each nation is measured by the upbringing of these girls. Among the Kazakh people, the word «girl» is associated and is a symbol of beauty, restraint, elegance and good breeding. Today's girls are tomorrow's mothers and beloved wives. Good upbringing of girls in the family is the foundation for the upbringing of the future generation. Therefore, a lot of attention should be paid to the upbringing of girls in the family.

REFERENCES

- 1 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Өлеңдері, шығармашылығы. 5 кітабынан, р.15
- 2 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Өлеңдері, шығармашылығы. 5 кітабынан, р.17
- 3 Асенова Н.С. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының педагогиялық идеялары:
- 4 Педагогика ғылым. Канд. Автореф. Дис.: 13.00.01 / Н.С. Асенова; Абай атындағы Қазақ Ұлттық ун-ті. – Алматы, 2007. – р.27
- 5 Найма А.А. М.Ж. Көпейұлының діни ағартушылық ұстанымы: дип. жұмыс, Нұр-Мұбарак Египет Ислам Мәдениеті ун-ті. – Алматы, 2017. – р.46
- 6 Найма А.А. М.Ж. Көпейұлының діни ағартушылық ұстанымы: дип. жұмыс, Нұр-Мұбарак Египет Ислам Мәдениеті ун-ті. – Алматы, 2017. – р. 43

О НАСЛЕДИИ МАШХУР ЖУСИПА КОПЕЕВА ЧЕРЕЗ ПЕРЕВОДЫ С КАЗАХСКОГО НА РУССКИЙ ЯЗЫК

АМАНТАЕВА Г. Б.

учитель русского языка и литературы, Школа-гимназия № 26, г. Экибастуз

Интерес к жизни и творчеству Машхур Жусипа Копеева у меня возник, когда в нашу школу приезжал Трушев Айтмухамет Касымбаевич – доктор филологических наук, профессор, академик, директор научно-исследовательского центра «Машхуроведение» Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова. Он интересно и увлекательно рассказывал о наследии Машхур Жусипа Копеева, принимал участие при открытии кабинета,

призывал учеников писать научные проекты по машхуроведению. В советское время мы не были знакомы с именем Копеева, не изучали в школе его труды.

Жусип Копеев был известным мыслителем XIX века, собирателем устного народного творчества казахского народа. Пользуясь большой популярностью в народе, он получил имя «Машхур». Машхуром мальчика назвал не менее знаменитый Муса Шорманов – он предрек его будущее и предсказал, что тот станет знаменитым («машхур»). слово в переводе с арабского языка означает «славный, известный, достойный».

В советское время его имя нельзя было даже упоминать. На труды М. Ж. Копеева был наложен запрет. У царских властей его труды, посвященные социальному неравенству, вызывали острую негативную реакцию. Кроме этого в народе он почитался как святой.

Из рассказов взрослых я узнала историю, как судьба наказала людей, которые выполняли приказ советской власти. В начале 1950-х годов во время очередной кампании против антисоветских символов кто-то из партработников предложил уничтожить могилу Копеева. Власти начали убеждать народ, что деятельность Машхур Жусипа была вредна, и распорядились снести мазар. Его трактором сровняли с землей на глазах детей просветителя и всех родственников. Люди до сих пор рассказывают про навалившиеся после этого на тракториста и двух рабочих, участвовавших в сносе, беды, они сошли с ума, а их потомков преследовали несчастья. Трагически сложилась и судьба партийного работника, издавшего указ. В 1978 году по многочисленным просьбам мазар был восстановлен, а в 2006-м возведен мавзоль, культовое сооружение, ставшее на один уровень с наиболее значимыми духовно-историческими памятниками Казахстана

Еще при жизни Машхур Жусип стал легендарной личностью. Обладая даром провидца, он за несколько лет до своей смерти предсказал, что умрет в 73 года. Он говорил, что в 1932 году в Казахстане наступит страшный голод – великий джуд, и он не 164 Философская этика казахов хочет видеть бедствий своего народа и не хочет жить в это время. Так и случилось – его смерть не была самоубийством, но он ушел из жизни естественным путем в точно определенный им самим срок. При жизни он выбрал в качестве места своего погребения холм в урочище Ескельды Баянаульского района, собрал поминальный ас. Дорога к холму в урочище Ескельды не зарастает. Особой популярностью святой пользуется у бездетных

семейных пар – существует поверье, что посетив могилу святого, они смогут иметь детей

Сейчас имя Машхур Жусипа Копеева широко известно не только в стране, но и за рубежом. Творчество мыслителя в советский период находилось в опале, было репрессировано, запрещено, подвергалось насильственному умолчанию и забвению. Но все ставит на свои места время: сегодня труды М. Ж. Копеева активно изучаются и издаются, в Павлодарском госуниверситете вышло в свет 20-томное собрание сочинений поэта и философа, работает Центр машхуроведения, где ученые всесторонне анализируют творческое наследие своего великого земляка.

Интересуясь материалами о Машхуре, нашла в интернете интересную статью на казахском языке. Называется «Мәшһүр Жүсіптің көріпкелдігі». Ссылка на сайт: <https://massaget.kz/blogs/6329/>. Чтобы поделиться содержанием, попробовала перевести на русский язык. Ниже предлагаю перевод.

Мәшһүр Жүсіп ғұмырының соңғы кезеңі туралы ел аузында түрлі әңгімелер көп. Ақын 1931 жылы өзінің туған ауылында дүниеден қайтады. Көзі көрген адамдардың айтуынша ақынның көріпкелдік, әулиелік қасиеті болған. Ол өлерінен бір жыл өзіне күні бұрын бейіт тұрғызып, өзінің көзі тірісінде жаназасын шығарып өзіне ас бергізеді. «Жетпіс үшке шыққаниша балталасаң да өлмеймін, жетпіс үшке шыққан соң сұрасаң да тұрмаймын, мен өлген соң ас бермек түгілі бақа-шаян теріп кетесіңдер», – деген сөзі тура келеді.

Существует много историй о последнем периоде жизни знаменитого Машхура. Провидец умер в 1931 году в родной деревне. По словам очевидцев, у поэта были ясновидящие и священнические качества. За год до смерти он построил себе могилу, устори́л свои поминки при жизни и дал в честь себя ас. «Я не умру, пока мне не исполнится семьдесят три, я не умру, даже если ты попросишь меня, пока мне не исполнится семьдесят три» – говорил он.

1931 жылы қызыл қырғын ашаршылықтың басталғанын ескеретін болсақ, таңданбасқа шара жоқ. Осы әңгіме ел арасында аңыз боп тарап, ауыл адамдары өлгеннен кейінгі жерде Мәшһүр Жүсіпті әулие тұтып, басына келіп тәуап етіп, түнейтін болған. Оның зиратын қырық жылдан соң қайта ашып көргенде сүйегі сол қалты сақталған-мыс. Бұл жайлы 2000 жылы Қызылжардан шыққан «Мәшһүр Жүсіп өмірі» (аңыз бен ақиқат) атты кітапта мынадай мәліметтер берілген.

Этот объясняет то, что он предвидел голод и джугу 1931 года. Эта история стала национальной легендой, и после его смерти для жителей деревни Машхур Жусип почитался как святой. Когда его могила была вскрыта сорок лет спустя, его кости были сохранены. Информация взята из книги «Жизнь Машхура Жусипа» (легенда и правда), изданной в Кызылжаре в 2000 году.

«1929 жылы Ескелдідегі қыстауын бастап, 1930 жылы аяқтап, бір қыстайды. Осы жылдың жазында зират үйін де салдыруды қолға алады. «Әуелі «Жатар орнын» дайындайды. Үлкен келіні Ақ Зейнептің Дүсжан деген інісіне қаздырып, өзі үнемі басында отырады екен. Бұл кез Дүсжан бірыңғай қиыршық тас жер үйіндісінің астынан тұтасқан бір ақ күлгін түсті тастың белгі бере бастағанын байқайды. Сөйтеді де: – Моллеке, мына жердің тасының түсі өзгере бастады, әрі тұтас жатқанға ұқсайды, енді не істейін, бөлектеп уақтайын ба, – деп жоғары қарайды.

«Он начал зимовать в Эскельди в 1929 году и закончил зимовье в 1930 году. Летом началось строительство кладбища. «Прежде всего, они готовят место, где будет лежать тело». Старшая невестка Ак Зейнеп с младшим братом Душаном всегда сидели у изголовья. В этот момент Душан заметил, что под бело-галечным курганом начал подавать сигнал один бело-фиолетовый камень. И он сказал: «Моллеке, цвет камня здесь начал меняться, и он, кажется, не поврежден. Что мне теперь делать?»

– Жоқ, Дүсжан. Менің де күткенім сол болса керек. сындырмай тұтас ал да жоғарыға шығар, – деп тағы да дұға оқиды. Биіктігі бір жарым, ені бір кезге таяу, қалыңдығы 20-30 сантиметр бұл тасты аты-жөнін жазып, басына белгі етіп қойғызған екен тірісінде.

– Нет, Душан. Это, вероятно, то, что я ожидал. Может быть, оно будет целым и высоким, не ломаясь, – отвечал Машхур и снова молился. На камне высотой полтора метра, шириной около полутора метров, толщиной 20-30 сантиметров еще при жизни написали имя и поставили как памятник у изголовья могилы

Енін, көлденеңін, биіктігін екі жарым кез етіп алдырады да, ол біткен соң көңілі әлдебірденеңеге дауаламағандай балдызына тағы да біраз тереңдету керектігін айтады. Күндегі әдетінше ертеңгілік тағы да басына келіп отырады да, дұға етеді

Он отмеряет ширину, длину и высоту в два с половиной раза, а когда закончили работу, говорит своей невестке, что копать нужно

немного глубже, как будто чувствует, что ему будет неудобно. Когда снова наступает утро, он приходит туда и молится.

Ол тастың қалдығы әлі сақтаулы. Ал Мәшекең зират-үйін екі бөлмелі етіп салдырған да, төргі бөлмесіне өзін ашық қояды өтінеді. Ауызғы бөлмеге ыдыс-аяқ, кітап-құрандарын, ер-сайман, кілем, үккіш т.б. пайдаланған заттарын түгел қойғызады.

Остатки этого камня до сих пор сохранились. Машекен построил двухкомнатное кладбище и попросил оставить его открытым в гостиной. В другой комнате поставили посуду, книги, ковры, инструменты, т.е. все, чем пользовался в повседневной жизни.

Насыбай шақшасына әрдайым дайын насыбайды толтырып кетіп отыруды өсиет етеді. – Қысы бар, жазы бар, әрі-бері өткен жолаушылар келіп түнеп қалса, барлық мүлкімді пайдалансын. Бірақ жуып-тазалап қайыра орын-орындарына қойып кететін болсын. Қорықпасын, мен көрден тұрып ешкімге да бас салмаймын, – деп тапсырады.

Завещает всегда заполнять посуду для насывая. – Пусть хоть зимой, хоть летом, если путникам придется провести здесь ночь, пусть они используют все мое имущество. Но пусть они помогут всё и аккуратно поставит на место. Пусть не боятся, я не встану из могилы и не совершу нападение ни на кого, - завещал он

Бұл жерде Мәшіһүрдің: – Мен өлгеннен кейін де қырық жылға дейін денем бұзылмайды. Тірі адам көзі көреді, серт етем.

Тек жаздың ыстық айлары ақіретімді айырбастап отырыңдар, қыс керегі жоқ. Сонда көздерің жететін болады, – деп, үлкен баласы Шәрәпиденге шырақшылықты өсиет етеді».

Вот слова Машхура:

– Даже после моей смерти мое тело не будет повреждено в течение сорока лет. Живой человек увидит, я знаю. Только в жаркие месяцы лета меняйте белье, зимой этого делать не надо. Тогда вы сможете убедиться в правоте моих слов, – говорил он старшему сыну Шарапидену.

Ақын мұрасы кеңестік идеологияның құрығына ілініп, ұзақ жылдар бойы зерттеп-зерделенуге, жарыққа шығуға шектеу қойылып, әдеби мұрасы шет қалды. Тәуелсіздік таңы атып, ақын мұраларын кеңінен насихаттала түсуге мүмкіндік алды.

Наследие поэта было запутано при советской идеологии, и в течение многих лет оно было ограничено изучением и публикацией, а его литературное наследие оставалось в стороне. Наступила независимость, и наследие поэта было широко

В 1999 году имя Машхур Жусипа было присвоено Жанажольской средней школе Баянаульского района Павлодарской области.

В 2001 году в Кызылжаре была открыта центральная мечеть имени Машхура Жусипа.

При Павлодарском государственном университете имени С. Торайгырова в 2004 году был открыт центр изучения Машхур-Жусипа.

В 2006 году на кладбище поэта Машхура Жусипа был построен огромный мавзолей.

В 2009 году улица Ленина в городе Экибастузе была переименована в честь Машхура Жусипа.

Стало традицией каждый год в учреждениях образования проводить машхуржусоповские чтения. Недалеко от города Экибастуза находится мавзолей Машхур Жусипа Копеева. И нет, наверное, человека, который бы там не побывал

ЛИТЕРАТУРА

- 1 <https://lib-ekb.wixsite.com/mashur-jusup/stepnoj-providec>.
- 2 <https://alashainasy.kz/gazhaip/mashhur-jusp-aulienn-keremetter-57361>.
- 3 https://massaget.kz/blogs/6329/Мәшіһүр_Жүсіптің_көріпкелдігі.
- 4 Гаухар Барлыбаева, Филосовская этика казахов, Алматы 2018.

М. Ж. КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

ЕРФАЛИЕВ Қ. С.

ф.ғ.к., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЕРФАЛИЕВА С. Ж.

PhD, қауымд. профессор, Торайгыров университеті, Павлодар қ.

Қандай да болмасын халықтың асыл да бай мұрасы – сөздік қорын, өзіндік тілдік ерекшелігін оның ауызекі сөйлеу тілінен ғана емес, сонымен қатар әдеби-мәдени өмірінен мағлұмат беретін көркем туындыларынан да көруге болады. Онда сол елдің тарихы, тұрмыс-тіршілігі, материалдық және рухани мәдениеті, айналаға деген көзқарасы суреттеледі. Шығарма тілін талдау арқылы жалпы ұлттың дүниетанымын таразылауға болады. Сондай зерделенуге түсіп отырған тілдік бірліктердің бірі – қаратпа сөздер.

Қаратпа сөздер тілдесудің, сөйлеудің бастамасы, ұйытқысы болып табылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас аталған лексикалық бірлікті пайдаланудан басталады және ол қатысымға түсушінің назарын аудару мақсатында қолданылады. Р. Сыздықова мен М. Серғалиев: «Қаратпа сөз – тыңдаушының немесе оқырманның назарын аудару мақсатында белгілі бір ой қаратыла айтылған сөз немесе сөз тіркесі», – деген анықтама береді [1, 236 б.]. С. Аманжолов: «... қаратпа сөздің өзі екі түрлі: 1) адамның көңілін жалпы тарту үшін айтылатын қаратпа; 2) адамды бір нәрсеге қолма-қол, көзбе-көз тартатын қаратпа (*Әне, міне т.б.*)», – деп, олар бүтін сөйлемнің мағынасын толықтыруда, сөйлемге белгілі бір түр беруде (қалыптастыруда) қатысы барын пайымдайды [2, 84 б.].

Р. Әміров қаратпа сөз – үндеу амалдарының бірі екенін айта келіп, оны төмендегідей семантикалық топтарға жіктейді:

Жалқы есімдер.

Туыстық қатынасты білдіретін сөздер (*бала, келін, құда т.б.*).

Кісілерді жас, жыныс, әлеуметтік ерекшелігіне қарай атайтын (батыр, жігіттер т.б.) сөздер.

Лақап атты білдіретін сөздер (*торежан, тетелес т.б.*).

Қаратпа сөз ретінде тілек, істі білдіретін зат есім, сын есім сөздер, эмоцияны білдіретін басқа да сөздер жұмсалады. *Әй, өркенің өскір, айтар сөзіңді ашып айт. Ит-ау, солай құшақта деппін бе* (Б.М.). *Беу, дарылдақ-ақ, зекпірімді жаңылтпашы* (Б. М.)

Одағай сөздер. *Ау, сен неге жайластың* (Б.М.) [3, 106 б.].

Қаратпа сөздерді әлеуметтік қырдан зерделеген Р. Т. Наралиева: «Тілдік жағдаят пен әлеуметтік ортаның деңгейіне қарай қаратпа сөздердің өзіндік қолданылу ерекшеліктері мен реті, әдеби қалыптасқан өзіндік жүйесі бар. Жас ерекшелігіне байланысты (*бөпе, бала, құрбы-құрдас, ересек, егде адам, қария т.б.*); жыныс ерекшелігіне байланысты (*қыз, ұл, әйел, еркек, жігіт, мырза, бикеи, бәйбіше т.б.*); тұрмыстық жағдайына байланысты (*ерлі-зайыпты, бойдақ, жесір, жетім т.б.*); мекенжайы мен тұрған орнына байланысты (*қала тұрғыны, ауыл тұрғыны т.б.*); кәсібі, жұмысына байланысты (*ұста, мұғалім, журналист, шофер т.б.*); лауазымына, атқаратын қызметінің дәрежесіне байланысты (*бастық, жұмысшы т.б.*); отбасындағы орнына қарай (*ата-ана, әке, шеше, бала, перзент, әже, ата, әкпе, сіңлі, аға, іні, ата-ене, келін, апа, көке т.б.*); ұлттық белгісіне қарай (*қазақ, қырғыз, орыс, неміс т.б.*); жалпы туыстық қатынасқа орай (*нағашы, ағайын, жиен, бөле т.б.*); ресми тілдік

қарым-қатынаста (*ағай, апай, Пәленише Түгеншеұлы, шешей, атай т.б.*), – деп топтастырады [4, 78–80 б.].

Қаратпа сөздердің осы сынды семантикалық түрлері ойшыл, этнограф М. Ж. Көпеев шығармаларында да ұшырасады. Онда аталған тілдік бірліктер сөйлеушіні өзіне назар аудару не қатысымға түскен адамдардың көңіл күйін білдірумен қатар, қазақ халқының мәдениетінен, дәстүрі мен ғұрпынан ақпарат береді. Осыған орай қаламгер туындыларында кездесетін қаратпалар жинақталып, олар лексика-семантикасына қарай мынадай топтарға жіктелді:

1 Жас ерекшелігіне байланысты қаратпалар (*бала, ақсақал, қария т.б.*): – *Қой, балам, осы екі қойдың жүні, сүті сендерді аш қылмайды, жалаңаш қылмайды, осыған қанағат қылыңдар! Бай болған Қарабайдың не болғанын құлақтарың естімеді ме? – деп еді* [5, 11 б.]. *Абыраһа пілдерінің сыйлағандығын көріп, ұшып тұра келіп, тағынан түсіп барып, қолынан ұстап көрісіп, сый-құрметпен тағының үстіне бірге алып шығып отырғызып:*

– *Жол болсын, ақсақал, жүрісіңіз жай, немене? – дейді* [5, 74 б.].

2 Жыныс ерекшелігіне байланысты қаратпалар (*қыз, ұл, бикеи т.б.*): – *Қыз-бикеи, күрең аттың иесі біздің үйде, сені қашан келеді деп, екі көзі жолыңда сарғайды. Сорлы саған не болды?.. Әке-шешен сені қанша жақсы көргенмен, олар саған бай бола ма? Сығыр, шұнамыр жаман, жасық туған күң-ай! – дегенде, қыз хайран-асыр қалды* [5, 54-б.].

3 Лауазымына, атқаратын қызметіне, шешіне, әлеуметтік жағдайына байланысты қаратпалар (*бастық, хан, бай, тақсыр т.б.*): Келді де:

– *Хан ием, неге жылайсыз? – дейді* [5, 35 б.].

– *Уай, тақсыр-ай, Құдай [сізді] де көрсетеді екен-ау! Жақсы келдіңіз! – деп, «жайылып жастық, иіліп төсек» болып, ағайынды екеуі жорғалағанда, Уәли ханның асында жорға бәйгесінің алдында келген Жананның көк ала жорғасы мен ханның сырғанақ боз жорғасы айдалада қалыпты* [5, 12–13 б.].

– *Жоқ, – дейділер, – бай, өзің бармасаң, баратұғынымыз жоқ, – дейді* [5, 51 б.].

4 Отбасында алатын орнына қарай қолданылатын қаратпалар (*ата-ана, әке, шеше, ата, әже, аға, іні т.б.*): Баласы айтты:

– *Жылама, әкем, – дейді,*

– *Оң батаңды бер, – дейді,*

– *Дүлділіңді бер, – дейді,*

– Семсеріңді бер! – дейді [5, 35 б.].

– **Шешеке**, шынмды айтайын, Сарыбай дегеннің баласы едім, солай бір жауға шығып едім. Кәпір басы – Телегей Нұрманбет деген ханымызды өлтіріпті. Тінікей, Күнікей деген екі апамды алып кетіпті... – дейді [5, 53 б.].

Ғабділмүтәліп түйесін айдап барып:

– Ал, **қатын-қалаш, бала-шаға**, ағайын-аймақ, бірің қалмай көшіңдер, шаһардан шығыңдар! Мынау өзі бізге сенемін деп, бізді бар екен, жасан екен деп, үйінен айрылып қалмасын! Өз үйін қорған алып қалса, қалсын, қалмаса, қойсын! – деп, қыбырлаған жасан, тайлы-таяғына шейін қалмай жабырлап шығып жатыр дейді [5, 75 б.].

Өзтемір айтты:

– **Інім**, саған келдім. Сен маған қатты керексің [5, 46 б.].

5 Ұлттық белгісіне қарай қолданылатын қаратпалар (қазақ, ұйғыр т.б.): Көз тұлжырататұғын аң терісін жинаған бір бай шақырды:

– Ай, **қазақ**, бері кел! – деп [5, 62 б.].

6 Туыстық қатынасқа байланысты қаратпалар (нағашы, жамағат, жезде т.б.): Жеңгесі қайнағасына келді:

– Айтайын, – дейді, – **қайнаға**,

Мен бір түс көрдім,

От жағалай іс көрдім [5, 34 б.]

– **Жамағат**, – дейді, .

– Құлақтарыңды бері сал,

Кеңестеріңді әрі сал [5, 34 б.].

Бір жалаңдаған жас келінішек жылмаң етіп, шатырдан шыға сала, маған жүгіріп келіп:

– **Жездеке**, шатырға жүріңіз! – деп, қолымнан жетектеп, шатырға алып кірді [5, 65 б.].

7 Ресми тілдік қатынасқа байланысты қаратпалар (ағай, апай, пәленше т.б.): Топай құлға айтты бала:

– **Ағатайым**, маған бір ат бер. Өліп кетсем, малым-жаным сенде тұрсын. Ақыретте қолыңнан алайын. Тірі болып келсем, малымның жарымы сенікі болсын. Сен аға бол, мен іні болайын. Мынау әке-шешемді сен күт. Маған бір ат бер! [5, 46 б.]

– А, **пәленше**, қорықпа, саспа! Хан түс көріп, сол түсін саған жоры! – деп, қинап, қыстаған соң, жаныңнан қорқып кетіп барасың гой! Ханның түсінде не көргенін айтайын және оның жоруын

үйретейін. Ханның өзіңе бергенінің жарымысын маған қиямысың өзің? – дейді [5, 15 б.].

8 Эмоционалды-экспрессивті мәніне қарай қолданылатын қаратпалар (жаным, шырағым, қарағым, айналайын, бейшара, нақұрыс т.б.): Иесіз кемеге өздерінің қайықпен келіп қиліккенін сөйлеп, айдан жарық, күннен раушан қылып айтып берген соң, патша да мұның шынышылдығына ден қойып, аузынан шыққан сөзіне тойып:

– **Жаным**, бізден қалағаныңды ал, көңілге алғаныңды айт! – дейді [5, 9 б.].

– **Айналайын**, һамза, Лумза, малды үсті-үстіне топырлатып жиды. Санап санына жете алмады... ойлады: «Сол жиылған мал сол бойымен тұрады. Өзімізге өлу жоқ, ол малға ешқайда кету жоқ», – дейді [5, 13].

– Уай, **бейшара**, құмырсқалар, жердің астына қарай тығылыңыздар! Сүлеймен гаскерімен, олардың көздері көкте, сізлерні майда-майда қылып кетеді! – депті [5, 67 б.].

9 Жалқы есімдерден жасалған қаратпалар: Сонда Сүгіргәлі Әбсапа қарқ-қарқ күліп:

– Пәлі, **Шорманым**, әділ екенсің! – деп риза (ырза) болып, арқаға қақты дейді. [5, 223 б.] Жиренше дәнеме дей алмай, ұялып қалды. Түсі жасан-жасан болып, үйіне кіріп келді. Қатыны ұшып тұра келіп, күйеуін шешіндіріп:

– **Шешен**, немене біреудің тілі тиді ме? Біреудің үні тиді ме? Түсіңіз неменеден қашып келді? – дейді [5, 95].

10 Жан-жануарлар, жер-су атаулары да қаратпа қызметінде жұмсалады: Желкілдек айтты:

– **Иттер-ау**, біреуің жандасып, жанамалап барып емшегін ұстасаңдар болмай ма? – дейді [5, 56 б.].

Ауы деген жерге келгенде, артына бір қарап:

– **Баянаула**, сенің қоныс болып тұрғандығың мына Ауының арқасы екен. Мал жазғытұрым бір жұма ашылайды екен, күзге таман бір жұма ауылайды екен, сонысы жылға татиды екен. Олай болмағанда, Баянаула қоныс болуға жарамайтұғын жер екен дейді, – дейді [5, 80 б.].

11 Діни наным-сенімге және т.б. ерекшелікке байланысты қаратпалар (құдай, Алла, қонақ т.б.): Бір уақытта Желкілдек айтты:

– Ә, **құдайкем-ай**, мені осы ордан шығарасың ба, шығармайсың ба, өзіңнен басқа маған болысушы жоқ екеніне көзім әбден жетті.

Енді жаратқан, жан қылған, жоқтан бар қылған құдай, өзіңнен күш-қуат сұраймын, – дейді [5, 52]. Сонда бәйбіше:

– Е, қадірлі **мейманым**, кәміл болсын иманың, адал болсын жиганым! «Ауырды жер көтереді, көңілді дос көтереді», – деген... [5, 31].

Ас жеп болған соң, қаракөк аттың үстіндегі мырза келіп:

– **Қонағым**, әңгіме айт! – дейді [5, 90].

Байқағанымыздай, ғұлама шығармаларындағы қаратпа сөздер көбінесе сыйлау немесе кішірейту, еркелету мақсатында қолданылатын -еке жұрнағы, тәуелдік қатынасты білдіретін -ым, -ім, -м жалғауы, -ау, -ай демеулік шылауларының жалғануы арқылы жасалған. Фольклортанушы еңбектерінде кездесетін аталған тілдік бірліктерді лингвомәдени қырдан талдап қарастыру болашақ зерттеу жұмыстарына жол бастары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.

2 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. (Оқулық). – Алматы: «Санат», 1994. – 320 б.

3 Қазақ тіл білімінің антологиясы. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2010. – 192 б.

4 Наралиева Р.Т. Қаратпа сөздердің тілдік жағдаяттағы әлеуметтік сипаты // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №4. – Алматы, 2009. – Б. 77-80

4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 20 томдық шығармалар жинағы. Т. 6. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 482 б.

БИЗНЕС-КОММУНИКАЦИЯ

КАДЫРОВА Б. М.

профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ӘКІМБАЙ Г. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Жиырма бірінші ғасыр – бизнестің дамыған ғасыры. Бизнестің түрлері де көбейген. Товар бизнесі ғана емес, инфобизнес, делдалдық сауда деген түрлері де бар. Әлемге тараған ковид ауруы да бизнеске ерекше әсер етті. Адамдардың оқшаулануына

байланысты онлайн сауда өрістеді. Бүгінде бизнесмендердің елу пайыздан астамы офлайннан онлайнға көшкен. Онлайн бизнес офлайн бизнеске қарағанда жаңа бастап жатқан адамдарға өте тиімді екендігін көрсетуде. Мәселен, сауда-саттық жасау үшін үлкен ғимараттың да, сауда дүкенінде жұмыс жасайтын бірнеше сатушының, күзетші мен техперсоналдың да қажеті жоқ. Артық шығын шығармай, ғаламторда инстаграм, олх және тағы басқа желілер арқылы бизнесін жүргізуде. Бірақ бұл жерде маңыздысы – тұтынушылармен дұрыс коммуникацияға түсе білу. Ғаламтор арқылы бизнесінді дұрыс жарнамалап, сапасын, артықшылықтарын жеткізе білуде. Міне, осы арада тұтынушылармен коммуникацияны дұрыс орнату, тауарыңды немесе өзінді дұрыс сата білу (егер инфобизнеспен айналысатын болсаңыз) деген мәселе туындайды.

Қазіргі уақытта бизнес саласының серпінді дамуына байланысты сәтті байланыс тиімді қызмет үшін маңызды міндет және негізгі шарт болып табылады.

Іскери қарым-қатынас грамматика мен мәтіннің үйлесімділігі тұрғысынан мәлімдемелерді дұрыс құру ғана емес, бұл іскери қарым-қатынастың жалпы қабылданған нормалары аясында сұхбаттасушыға қажетті әсер ету құралы. Демек, сөйлеуді жүзеге асыру үшін лексика мен грамматиканың өзара әрекетінің ерекшеліктерін білу жеткіліксіз. Сондықтан бизнес-коммуникацияны бизнестегі кәсіби мақсаттарға қол жеткізу тұрғысынан қарастырған жөн. «Іскерлік қарым - қатынас қарапайым қарым-қатынастан ерекшеленеді, өйткені оны жүзеге асыру процесінде шешілуі керек мақсат пен нақты міндеттер қойылады» [1, 49 б.]. Тар мағынада іскери қарым-қатынас – бұл кәсіби бизнес саласында белгілі бір мүдделер мен мақсаттарға жетуді көздейтін қызмет.

«Бизнес-коммуникацияны ғылым ретінде қарастыру заңды болып табылады, оның зерттеу нысаны бизнес саласындағы адамдармен қарым-қатынас аспектілері және іскерлік байланыстардың тиімділігін қамтамасыз ету факторлары болып табылады» [2, 14 б.].

Корпоративтік имиджді қалыптастыру іскерлік қарым-қатынастың маңызды міндеттерінің бірі. Зерттеушілердің пікірінше, имидж – бұл ұйым өзінің нысаналы топтарына ілгерілету үшін жоспарлап отырған мәлімделген ұстаным [3, 78 б.]. Дұрыс корпоративтік имидж компанияның нарықтағы рейтингін арттырады, сондай-ақ ішкі корпоративтік қатынастарды нығайтуға ықпал етеді. Демек, имиджді құру шаралары бизнесте маңызды

рөл атқарады және байланыс арқылы жүзеге асырылады [3, 78 б.]. Корпоративтік имидж компанияға қойылған мақсаттарға барынша тиімді қол жеткізуге көмектеседі: серіктестерді, клиенттерді және қызметкерлерді нақты іс-әрекеттерді қолдануға сендіру; компания, өнім және өзара іс-қимыл шарттары туралы қажетті ақпарат беру; компания мүдделері шеңберінде белгілі бір іс-әрекеттер жасауға ынталандыру.

Компанияның сыртқы ортамен коммуникациясы күрделене түсуіне байланысты ол жанрлық тұрғыдан да түрлене түседі. Олардың қатарына іскерлік кездесулер, түрлі кеңестер мен келіссөздер, консультациялар мен тренингтер, бизнес-тұсаукесерлер, баспасөз конференциялары, жарнама, бейнеконференциялар, телефон арқылы сөйлесу, іскерлік хат алмасу, газет және журнал мақалалары жатады. Корпоративтік қарым-қатынастың жанрлары да әртүрлі: бұл компания ішіндегі іскерлік хат алмасу, әлеуметтік-құқықтық қатынастарды, бизнесті белгілейтін келісімшарттар мен құжаттар, түрлі жоспарлар, телефон қоңыраулары, бейнеконференциялар, әр түрлі іс-шаралардағы меңгерушілер мен қызметкерлердің сөйлеген сөздері, құттықтау хаттары және этикет туралы мәтіндер.

«Іскерлік қарым-қатынастың әр жанрында өзіндік жанрлық конвенциялар болады. Ол дегеніміз коммуниканттар арасында қалыптасқан өзара әрекеттесудің нормалары, ережелері мен формалары. Айта кету керек, бұл стандарттауға қарамастан, олар сұхбаттасушының санасында қарым-қатынаста оған қандай рөл берілгеніне байланысты өзгеруі мүмкін. Мысал ретінде бизнес-кеңес туралы қарастырсақ, мұнда тұтынушы немесе қызметті қолданушыға барынша қажетті ақпаратты толық беруі тиіс әрі ақпарат бере отырып, өзінің бизнес-тренер ретінде профессионал екенін де дәлелдеуі тиіс. Бизнес-тренердің міндеті – клиенттің күткеніне немесе сұранысына сәйкес имидж қалыптастыру. Имидж қалыптастыру этикеттік нормалардың сақталуына, тілдік құралдарды дұрыс қолданып сөйлей білуіне байланысты.

Іскерлік қарым-қатынаста ерекше орын алатын ол – жарнама. Жарнаманың тіліне ерекше назар аударылады. Мәселен, белгілі бір салаға арналған техниканы сатпақшы болдыңыз дейік. Оны жарнамалауда әрине оның қызметін танытатын техникалық терминдерді, аббревиатураларды қолдансаңыз, жарнаманың халыққа түсініктілігі шамалы болады. Сондықтан бірінші кезекте жарнаманы тыңдаушы аудитория ескерілуі керек. Әрине, техникалық терминдердің барлығына түсініктілігі шамалы. Сол

сияқты қысқарған сөздерді де түсінуі екіталай. Сол сияқты жаргон сөздерді де қоғамдағы адамдар топтарының бәрі бірдей қолдана бермесі анық. Сондықтан бұл жанр лексикалық компонентті жеңілдетумен сипатталады: техникалық терминдерді қолданбау, қысқартуларды алып тастау, т.б. Сонымен қатар, жарнамалық хабарламаның мәтіндері сенімді болуы тиіс. «Сіз не және кімге сатқаныңыз маңызды емес, оны қарапайым, бөріне түсінікті тілде сипаттағаныңыз маңызды. Сіздің салаңызда қандай жаргон қолданылса да, оны көпшілік арасында барлығын түсіне білетіндер аз. Олардың бәрі сол салада маман емес екендігін ескеру қажет. Басқаша айтқанда, осы жанр аясында сәтті байланыс жасау үшін бірінші кезекте хабарлама арналған аудиторияға назар аудару қажет. Іскерлік қатынастың дәл осы түрінде күрделі лексикалық бірліктер мен стилистикалық компоненттерді абайлап қолдану. Неғұрлым оңай, қысқа, түсінікті болу жағына назар аудару.

Бүгінгі таңда презентациялар бизнесте ақпарат берудің тиімді құралы болып табылады. Олар өнімді жарнамалау үшін, корпоративтік кездесулер кезінде және келіссөздер кезінде қолданылады. Презентацияның мақсаты – аудиторияны компания қызметі туралы хабардар ету ғана емес, сонымен қатар қызығушылық тудыру. Демек, презентация, бір жағынан, дұрыс композициялық құрылымға ие болуы керек, дәлелдеу белгілері болуы керек және сұхбаттасушыға сөйлеу және визуалды әсер ету функциясын жүзеге асыруы керек, сонымен қатар адресаттың мүдделеріне, оған эмоционалды тұрғыдан да әсер етуі керек.

Презентациядағы заманауи тенденциялардың бірі – тақырыбы. Тақырып қызықтыратындай болуы керек. Аудиторияның назарын аудару мақсатында презентация тақырыбымен байланысты емес кіріспе ретінде қысқаша әңгіме қосу. Көптеген спикерлер осыдан бастауды жөн көреді. Мұндай тактика аудиториямен эмоционалды байланыс орнатуға мүмкіндік береді, бұл аудиториямен тығыз байланысты орнату үшін қажет.

Қазіргі кезде инфобизнес кең дамуда. Инфобизнес – бұл бірнеше жыл бұрын Америкадан белсенді түрде жеткен қазіргі заманның тренді. Көршілес ел Ресейде аталмыш бизнес түрі үлкен сұранысқа ие. Себебі инфобизнеске өзіндік брендіңізді дамытып қана қоймай, кірісіңізді бірнеше есе арттырып, жеке уақытыңызды босатасыз. Эксперттердің айтуы бойынша және қазіргі тәжірибе бойынша онлайн білім алудың болашағы зор. Инфобизнес бұл сіздің эксперттіңіздің интернеттегі табыс көзі. Сіздің қай бағытта

эксперт екеніңіз маңызды емес. Инстаграм бүгінде бизнес көзіне айналған. Инстаграмға шолу жасайтын болсақ, онда инфобизнеспен психолог та, визажист маман да, аспаз да, тігінші де айналысуда. Тізе берсек барлық мамандық түрін кездестіруге болады. Инфобизнес – ғаламторда отырып өзіңіздің білген білімдеріңізді, мәліметтеріңізді басқаларға сату. Нақтырақ айтсақ, өзіңіздің қолыңыздан келетін бір істі басқаға үйрету, Мәселен, сіз жақсы тігіншісіз. Тігіннің кыр-сырын жақсы меңгергенсіз. Енді сол білген мәліметтеріңізді, тәжірибеніңізді жақсылап белгілі форматқа салу және сол біліміңізді бейне сабақ жасап сату, курсқа шақырып үйрету бұл инфобизнес деп аталады. Қазір елімізде инфобизнеспен айналысып жүргендер өте көп. Инфобизнесі жүргізуде коммуникация өте маңызды. Жоғарыда біз аудиторияның назарын аудару мақсатында презентация тақырыбымен байланысты емес кіріспе ретінде қысқаша әңгіме қосу туралы айттық. Соған мысал ретінде инфобизнес маманы Қуаныш Шонбайдың курс сатуын келтірсек:

Мен оны аяп жүрсем, ол мені аямады. Сәлем! Бұл тағы да Қуаныш Шонбай. Бұл хатымда сенімен бала күнімдегі бір оқиғамен бөліскім келіп тұр.

Мектепте оқып жүргенде екі-үш жыл таэквандоға қатыстым. Бірақ облыстық деңгейге дейін жетіп көрмеппін. Сол кезде Рәмина деген қыздан үнемі таяқ жеп қала беретінмін. Оны қыз баласы деп аясам да, ол мені аямайтын. Әлі есімде, тренер қорғаныш жилетін қатты қысып тастағандықтан бір жарыста жеңіліп қалғанмын. Содан кейін «тағы да қысып тастап жеңіліп қалам ғой» деп жарысқа баруды қойдым. Негізі менің бұным дұрыс емес еді. Сол кезде қолымнан келмейді деп қоя салмағанымда, бәлкім, бір нәрсе шығып қалар ма еді.

Айтайын дегенім, жеңімпаз болу жолында қателікке ұрынасың, соққы жейсің. Мұның бәрін заңдылық деп қарап, әрі қарай әрекет етуді тоқтатпау керек.

Мысалы сенің де басыңнан бұған дейін талай сүрініп, талай жолың болмаған кездер болған шығар. Мүмкін, дәл қазір сен де сондай жағдайда тұрсың. Түсінем, мұндай кездерде өзінді жоғалтып алғандай болып, қайда жүреріңді де білмей қаласың.

Егер сен де дәл қазір сондай жағдайда тұрсаң, 10 000-нан астам адамның «қысылған жилетін қайта кеңейтуге» көмектескен Sonbay Business School-ға шақырамын. «Интернет-маркетолог PRO курсына тіркеліп, болашағыңа қажет білім алуға асық. Курстың басталуына 8-ақ күн қалды.

Дәл қазір іріктеуден өтуге өтініш қалдырып, бағыңды сынап көр.

Хабарламасында өзі туралы әңгімені ұтымды пайдаланған. «Мен оны аяп жүрсем, ол мені аямады» деп басталуының өзі елең еткізеді. Бірден қызығушылық танытып, оқи жөнелесің. Егер хабарламасы «Сәлем! Бұл тағы да Қуаныш Шонбай» деп басталса, бірден қызығушылық танытпаған болар едік. Тағы да курсқа шақырып жатқан шығар деп немқұрайдылық танытқан болар ма едік? Әрі қарай басынан өткен оқиғасын айтып, адамның эмоциясына әсер етеді. Иә, неге тағы да сынап көрмеске өзімді. Мүмкін жолым болып кетер деген үмітін оятады. «...сенің де басыңнан бұған дейін талай сүрініп, талай жолың болмаған кездер болған шығар. Мүмкін, дәл қазір сен де сондай жағдайда тұрсың. Түсінем, мұндай кездерде өзінді жоғалтып алғандай болып, қайда жүреріңді де білмей қаласың», «Айтайын дегенім, жеңімпаз болу жолында қателікке ұрынасың, соққы жейсің. Мұның бәрін заңдылық деп қарап, әрі қарай әрекет етуді тоқтатпау керек» деп сезіміне әсер етіп, жанды жеріне тиеді, табандылыққа шақырады.

Содан кейін ғана курсы жайлы ақпарат бере бастайды. Нақты санды көрсету қызығушылықты арттыра түседі. Бұған дейін ол курсты 10 000-нан астам адам оқыпты. Олардың өмірін өзгерткен екен. Неге менің өмірімді өзгертпейді? Мен де оқиын, мен де бизнесмен болармын деген сияқты ойлар кетеді. Курстың басталуына 8-ақ күн қалды – интрига. Іріктеуден өтесің деуі интриганы жалғастыра түседі. Оған барлығын бірдей алмайды екен, тек іріктеуден өткендер ғана қатысады екен. Үлгермей қалмайын деп асығасың. Жоғарыдағы эмоциялардың жетегінде тұрып, бірден жазылуға кірісесің.

Міне, тілдің құдіреті. Бизнесменге коммуникацияның қыр-сырын меңгеру не үшін қажет деген сұрақтың жауабы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сухова Н. В. Семиотика телефонного разговора в деловой коммуникации // Речевая коммуникация в бизнесе / Т. В. Валентей, В. В. Данилина, Ю. А. Корнеева и др.; под общ. ред. Л. В. Минаевой. М. : Изд-во Моск. ун-та, 2011. С. 49–101.

2 Спивак В. А. Современные бизнес-коммуникации. СПб. : Питер, 2002. 448 с.

3 Чумиков А. Н, Бочаров М. П. Связи с общественностью: теория и практика : учебн. пособие. М. : Дело, 2003. 552 с.

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СИНОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

ЖУМАБЕКОВА Р. Т.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазақ тілі лексикасында ерекше орын алып жүрген мәселе-синоним сөздері.

Көркем әдебиет тілі мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қаламгердің сөз қолдану машығын талдау, таразылау – бүгінгі күндегі жалғасын тауып келе жатқан маңызды мәселелер қатарын құрайды.

М. Ж. Көпеев мұраларын насихаттау, оны халыққа тарату – бүгінгі тәуелсіз қазақ елі ұландарына түгел үлкен үлес Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерінде халықтың рухани дамуына өз туындылары арқылы үлес қосқан сөз шеберлерінің тілін тереңдеп зерттеу, стильдік дәстүрлерін саралау, қорыту арқылы стильдік байлықты молайтуға олардың қосқан үлестерін ашып көрсетудің мәні зор. Көркем шығармаға қойылатын басты талап – тіл шеберлігі. Тілімізді байытатын, сөздік қорымызды молайтып тереңдете түсетін мағыналы сөздердің бірі – синоним екені баршамаызға мәлім. Ғалымдарымыз синонимдерді жан-жақты зерттеп, құнды пікірлер айтты.

Ғалым Ә. Болғанбаевтың айтуынша: «Синонимдер дегеніміз – әр түрлі айтылғанымен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән не мағыналық, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз табынан болған сөздер» [1, 23]. Тілімізде синонимдердің мол болуы – сол тілдің байлығының, оралымдылығының, көріктілігінің, мәнерлілігінің бірден-бір көрсеткіші. Синоним сөздердің стильдік мәні де ерекше болады. Олар – ойды қайталамаудың негізі ғана емес, суреткердің көркемдеу құралы. Синонимдер көркем әдебиет тілінде өте көп қолданылып, суреткер ойын терең де мағыналы сөздер арқылы жеткізеді. Біздің мақсатымыз – ақындар тіліндегі синонимдердің саны емес, оның қолданылу мүмкіндігі, мағыналылығы, тіркесімділігі, оралымдылығы, стильдік бояуы, образ ашудағы қызметі қаншалықты, соларды дәл тауып, нақтылап жеткізіп бере алуымызда [2]. Поэзия тілі синонимдерге неғұрлым бай болса және ойды жеткізуде «өз орнында тұрып қызметін мүлтіксіз атқарып тұрса», шығарма шырайы қанығырақ, шынайы, бейнелі болады.

Мәшһүр Жүсіптің «Наурыз тілегі» өлеңінде:

*Біреуім екеу болып, мал қосылды,
Қорама жүз-жүз лақ, қозы толды.
Бізғарлы, қыс-зымыстан, суық кетіп,
Аспаннан күн күлімдеп, шырай енді [3].*

- Жер-жеміс, жас иісі
- Көже ас
- Жаңа жыл, жыл басы
- Жастар, жас балалар
- Көкорайлы, шілде, жаздың алды
- Ақсақал, шал
- Ел, ауыл

Ер, үй қожасы синонимдер сөздерін ұтымды қолданған.

Мәшһүр Жүсіптің «Ит дүние» өлеңінде:

*Бұл дүние жолдас емес адамзатқа,
Кетеді, қайта тастап жанған отқа.
Ниенің жамандығын көзіне айтып,
Ғазал ғып бес-алты алыс жаздым хатқа [4].*

- Қадірсіз, сорлы
- Ит дүние, жалған
- Жаудай, жолдас емес

Адамзат жан Ақынның өлеңдерінде көркемдік құралдың бірі ретінде қолданған синоним сөздері қосарланып келіп, орайын тауып тұр. Ол өлеңнің мазмұнына ғана емес, тіліне шарт қоя білген.

Мәшһүр Жүсіптің «Өнерпаз» өлеңінде:

*Өнерпаз қара жерге салар қайық,
Жаһаннан алар тағылым, қанат жайып.
Әр жердің тамашасын көзбен көріп,
Жастықта сайран етер болып гайып [4].*

- Тамаша, таңғажайып, жақсы
- Сөз үйренсең, өнер білесің
- Ғибрат, үлгі, өнер білу

Жаһан ғалам Мәшһүр Жүсіптің синонимдер тым мол, әрі өлеңге керекті жерінде пайдаланылған.

Мәшһүр Жүсіптің «Адам екі түрлі» өлеңінде:

*Бісіміллә – сөздің басы, Хақтың аты,
Молданың ақ қағазда қалар хаты.
Нақылияр қара сөзден өлең қылып,
Шығарған Мәшһүр-Жүсіп хикаяты [4].*

- Қара сөз, хат

- Хикаят, өлең
- Ағаш, терек
- Аспан, бұлт
- Жақсылық, қайыр, ғибадат, сауап
- Қайырсыз, бәхил, зарарлы
- Сұм дүние, заман, жалған
- Молда, иман
- Пенде, адам
- Ерлік, қайрат
- Құлақ салды, алған тілді
- Қиямен, тозақ
- Шайтан, нәпсі
- Шат, қуану

Мәшһүр Жүсіп синоним сөздерін асқан шеберлікпен қолданған, өлеңнің мазмұны аша түседі.

Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның досы» өлеңінде:

Ойланыңыз, ақыл, білім қайда болмақ?

Дүние қандай орын, жайда болмақ?

Білу пан ұнату-ақыл деген ісі,

Қайтсе зиян, қайтсе пайда болмақ

- Ақыл, білім. Ар, абырой
- Жаман, нәпсі, арам, зиян, айлакер
- Күлкі, мазак

Тілімізде белгілі бір ұғымды әр қырынан толық сипаттап беру үшін екі немесе үш – төрт синоним сөз қатар қолданылады

Мәшһүр Жүсіптің «Ташкент сапары» өлеңінде:

Жігіттер, өлмеймін деп, қаты қылма,

«Іздеген табылмас!» деп ойыны алма.

Жетеді ақыр бір күн іздегенге

Құдайды бір жаратқан естен салма!

- Мейман, қонақ
- Жай, күй
- Жас мырза бала
- Дөңне-дөңге, тау асып, бел асып
- Құдай, Тәңір, Тағалла алла
- Рақым етті, сыйлап күтті
- Мезгілсіз, жаман уақытта
- Назым, еркелік

Керек-жарақ нәрсе. Ақын көркем бейнелі троптың түрлерін қолданып, ойды ажарлау үшін ауыстыру арқылы қарапайым сөзге ажар дарытады.

Мәшһүр Жүсіптің «Мешіт зары» өлеңінде:

Бір мың тоғыз жүз және он үште жыл,

Жылдың атын биылғы сиыр деп біл.

Он төрті апрельдің сөйлеген сөз

Мешіт пен Медреседен бір шыққын тіл [3].

- Мешіт, құда үйі
- Зарланып, қан қақсайды
- Жамағатым, азаматым
- Албасты, шайтан
- Таптау, аяқ асты, қорланып

Иесіз, елсіз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының синонимдерді ұтымды пайдаланып, өзіндік қолданыстар жасайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өз еңбектерінде синонимдерді қолданған кезде қазақ ауылының реалистік келбетін бейнелеуге тырысқан. Қазақ тілі синоним сөздерге қаншалықты бай болса, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларына керекті нәрді, кестені синонимдермен өрнектеген.

Қорыта келгенде, синоним тілдік бірліктер ғылыми жұмыстың негізгі нысанын айқындап отырып, тілдік жүйедегі қызметін, сипатын аша алады деп есептейміз.

Жыл керуені алға жылжыған сайын Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырап, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Мәшһүр-Жүсіп перзенті бар халық шынымен бақытты халық. Мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қалдырған мұраларынан әлі де тың қазыналар табылады деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. «Алматы», 1975 жыл.

2 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1998.- 240

3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кітабынан «Алаш» баспасы, 2003 .

4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Ит дүниетат мұра баспасы, 2003 жыл.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫН КЕҢЕЙТУ ЖОЛДАРЫ

ҚАБЫЛДЕНОВА Ж. Т.
студент, Фил(к)-201 тобы, Павлодар қ.

*Тіл – халықтың ділі, тәуелсіздіктің нышаны,
егемендіктің айқын көрінісі. Осы орайда ұлт ұстазы
Ахмет Байтұрсынұовтың «Тілі жоғалған халықтың өзі де
жоғалады» деген аталы сөзі ойға оралады.
Ана тілімізді сақтап, оның қолданыс аясын кеңейтіп,
«сәнді» тілге айналдыру – бүгінгі қоғамның негізгі міндеті.
Әсіресе, бұл бағыттағы шараларды
жастардың қолға мықтап алғаны абзал.
Тәуелсіздік табысы*

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы талай тауқыметті бастан кешірді. Сондықтан ана тіліміз де аз қыспақ көрген жоқ. Оған тарихи деректер дәлел бола алады. Тіпті, бір кездері қазақ тілінде сөйлеуге, ойын білдіруге, жазуға тыйым салынғаны баршаға мәлім. Сол уақытта ғылыми жұмыстар мен шығармашылық еңбектердің талай жарыққа шықпай қалғаны да көпке аян.

Бұл ретте қазақ тілінің бай екенін айтпай кетпеске болмас. Оған мына бір мәлімет те айғақ бола алады: Шекспирдің сөздік қоры 15 мың сөз болса, Мұхтар Әуезов бір ғана «Абай жолы» романында 17 мың сөз қолданған. Мұның өзі ана тіліміздің сөзге бай екенін көрсетсе керек.

1989 жылы 22 қыркүйекте «Қазақ КСР-ының Тілдер туралы заңы» қабылданып, тарихи қадам жасалды. Қазақ тіліне алғаш рет мемлекеттік тіл мәртебесі берілді [1]. Еліміз 1991 жылдың 16 желтоқсанында тәуелсіздік алып, өзін азат мемлекет ретінде жария салған соң қазақ тілін қолдану аясы кеңейе түсті.

Ел көлемінде мемлекеттік тілде білім беретін балабақшалар мен мектептер салына бастады. Қазақ тілінде хабар тарататын газет-журналдар, радио мен телеарналар ашылды. Мұның барлығы ана тілімізді меңгерген азаматтар қатарын айтарлықтай көбейтті. Салыстырмалы түрде алып қарасақ, 1991 жылға дейін Павлодар облысында шәкірттердің небары 5 пайызы мемлекеттік тілде білім алған екен. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш 60 пайыздан асады [2].

Сол сияқты қазақ тілінде сөйлейтін азаматтардың саны артты. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі 2018 жылы жүргізген зерттеу

нәтижесі бойынша, ел тұрғындарының 83,1 пайызы мемлекеттік тілді білетіні белгілі болды. Азаттық алғанға дейін бұл көрсеткіш 20 пайыздан сәл ғана асып жығылатын еді [3]. Осыдан-ақ тәуелсіздік жылдары ана тіліміздің айбыны артқаны байқалады.

Ал биыл жүргізіліп жатқан Халық санағы мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтар саны көбейгенін көрсетеді деген сенім мол. Сауалнамада осыған қатысты арнайы сұрақтар да қосылған. Яғни, «Мемлекеттік тілді білу деңгейіңіз қандай?» деген сауал аясында бірнеше жауап беру нұсқалары бар. Бұл сауалдарға «еркін сөйлеймін, еркін жазамын, еркін оқимын» деп жауап беретін азаматтар қатары көп болады деген үміттеміз. Себебі соңғы уақытта тұрғындардың қазақ тілін үйренуіне мол мүмкіндік жасалып жатыр. Сондықтан Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында оң нәтиже байқалуы тиіс.

Күрмеулі мәселелер бар

Десе де, мемлекеттік тілді оқыту барысында қордалып қалған мәселелер де жоқ емес. Өкінішке қарай, соңғы кездері қазақ сыныптары мен топтарында оқитын кей балалардың, жастардың орыс тілінде қарым-қатынас жасайтынын көреміз. Тіпті, қазақ отбасында тәрбиеленіп жатқан, мектеп табалдырығын әлі аттамаған бүлдіршіндердің өзге тілде сөйлейтіні де жиі көзге түседі. Мұның барлығы мемлекеттік тілдегі медиа-нарықтың кемшін түсіп жатқанын көрсетеді. Ата-аналар да осыны алға тартады. Әлеуметтік желілердегі пікірлерге зер салсаңыз, «Баламызға қазақ тіліндегі мультфильмдерді көрсеткіміз-ақ келеді, бірақ олардың саны өте аз. Болған күннің өзінде бүлдіршіндерді аса қызықтырмайды. Сондықтан олар шетелдік туындыларды көруге асығады» дегенге саятын ойларды жиі оқитыныңыз анық. Мектеп оқушылары да, әсіресе орта мен жоғары буын шәкірттері өзге ел киностудияларының еңбегін көруді жөн санайды. Қоғамдық орындарға бара қалсаңыз, автобус, трамвайлармен қатынасаңыз, сауда орындарына бас сұқсаңыз да көпшіліктің ресми тілде, яғни орыс тілінде сөйлейтінін аңғару қиын емес. Осыдан біраз уақыт бұрын ұран болып қабылданған «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесін!» акциясының іс жүзінде көлеңкеде қалып жатқанын анық байқауға болады. Олардың барлығын айтпағанда жоғары лауазымды шенеуніктердің дені баяндама, есептерін ресми тілде жасайтынына көз үйреніп кетті. Қазақ тілін «Құрметті жиналған қауым!» мен «Назарларыңызға рақмет!» деген кезде ғана қолданатын атқамінерлер аз емес. Мемлекеттік тілде іс жүргізу ісі

92 пайызға жетті деп бөркімізді аспанға атқанымызбен, мемлекеттік қызметшілердің тілді меңгеру деңгейі бұл көрсеткішке әлі жетпей тұр. Ал түптеп келгенде, қазақ тіліне деген құрмет ел билігінен басталуы тиіс. Қайбір жылдары Павлодар облысының әкімдігі «Аппараттық жиындардың барлығы тек мемлекеттік тілде өтеді» деп барлық бұқаралық ақпарат құралдарына «сүйінші» хабар таратқаны есімізде. Бірақ бұл қуаныш ұзаққа созылмады. Бұрынғы таз қалпына қайта айналып келді. Әкімдіктің фейсбук желісіндегі ресми парақшасында онлайн режимде өтетін жиындарды қарасаңыз, кемінде 70–80 пайызы орыс тілінде өтеді.

Осы іспетті күрмеулі мәселелер мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейтудің орнына тарылып жатқандай болып көрінеді.

Қазақ тілі қашан және қалай трендке айналады?

Жылдар бойы түйіні тарқамай келе жатқан осы түйткілдерді шешудің жалғыз жолы - қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Оны қалай кеңейтеміз? Ол үшін қайтпек керек? Осы сауалдар төңірегінде ой қозғап көрелік.

Меніңше, алдымен әр адам бұл бағыттағы нық қадамды өзінен бастауы тиіс. Телефондағы баптауларды қазақ тіліне ауыстырып, банк арқылы қаражат шешіп алар кезде қазақ тілін таңдап, әлеуметтік желілердегі парақшаларды қазақ тілінде жүргізген жөн. Мемлекеттік тілді қолдану аясы осыдан бастау алады. Кейін дүкенге барғанда сатушымен, қоғамдық көліктерге отырған кезде кондуктормен мемлекеттік тілде сөйлесіңіз. Тіпті, қандай да бір мәліметтер алу үшін, мәселен билеттің бар-жоғы туралы ақпаратты білу мақсатында театр, кинотеатрларға қоңырау шалған кезде қазақ тілінде амандасыңыз. Кей кезде таксиге отырып, жүргізушіге «Сәлеметсіз бе» десеніз жалт бұрылып қарайды. «Осы облыстың баласысың ба?» деп сұрайтын кездер де болады. Мұндай сұрақтардың барлығы неден туындайды? Біздің қоғамда орыс тілінде амандасудың өзі әдет болып кеткен. Кейбір адамдар үшін қазақ тілінде айтылған сөзді есту таңсық дүние іспетті. Жергілікті тұрғындар оңтүстік өңірлерден келген студенттер мен қандас жастар ғана қазақ тілін еркін біледі деп жаңсақ ойлайды. Біз бұл стереотипті бұзуымыз керек. Ол үшін алдымен өзіміз мемлекеттік тілде сөйлеуді көбейткеніміз абзал.

Екіншіден, өзге ұлт өкілдері мен ана тілімізді білмейтін азаматтарға агрессия танытпаған дұрыс. «Сен неге қазақ тілін білмейсің?» деп зекитін болсаң, ол адамның мемлекеттік тілді үйренуге деген құлшынысы құм болуы әбден мүмкін. Мұны кейбір

қоғам белсенділерінің тілдің қолдану аясын кеңейтуге бағытталған шала-жансар акцияларының нәтижесі айғақтай алады. Осыдан біраз уақыт бұрын сондай белсенділердің бірі ірі сауда орындарына барып, сатушы болып қызмет көрсетіп тұрған өзге ұлт өкілдеріне дөрекі сөйлеген видеолары ғаламтор желісінде тарап кетті. Аш қасқырдай бас салсаң, орыс тілінде сөйлейтіндер де «Орыс тілі – ресми тіл. Бұл Конституцияда жазылған», – деп дүрсе қоя беруі ықтимал. Сондықтан мемлекеттік тілді меңгерудің маңыздылығын байыппен, сабырмен түсіндірген әлдеқайда тиімді болады деп ойлаймын.

Сол сияқты қазақ тілінде сөйлеуге талпынып жүрген азаматтарды сөкпеген дұрыс. Олар қате айтқан сөзге күлмей, әлеуметтік желілерде қызу талқыламай, жерден алып, жерге салмай, керісінше мәдениетті түрде «талпынысыңыз жақсы, осы қалыптан таймасаңыз, аз уақытта үйреніп аласыз» десек, жігерлендіретініміз анық. Өкінішке қарай, кей тұрғындар мұны түсіне бермейді. «Бір бала жақсы, бір бала өкінішке орай» деп сұхбат берген депутат Гүлжан Қарағұсоваға қатысты жұрт айтпаған не қалды? Содан соң депутаттың өзі «Мен мемлекеттік тілде сөйлеуге ұялатын болдым. Жұрт тағы да мені қатты сөгіп тастайды деп орыс тілінде ойымды білдіруді күп көремін» деп еді. Міне, аз да болсын талпыныс танытқан азаматтардың ынтасын осылай басып тастаймыз. Содан соң олардан мемлекеттік тілде сөйлеуді қалай талап етеміз?!

Үшіншіден, белгілі бір топ өкілдерін ұйымдасқан түрде оқытудың маңызы зор болмақ. Бірақ бұл ретте мемлекеттік тілді оқытушылардың еселі еңбегі қажет. Мысалы, әкімдік қызметкерлері үшін жүйелі түрде қазақ тілі курстары тегін ұйымдастырылады. Сол сабақтар барысында да қатысушылардың қызығушылығын оятып, қазақ тілді үйрену тетіктерін қызықты форматта өткізген тиімді әрі нәтижелі болуы керек. Қазіргі уақытта «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен облыс кәсіпкерлері үшін мемлекеттік тілді меңгеруге бағытталған арнайы оқу сабақтары жүргізілуде. Соның барысында бизнес өкілдері күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын сөздермен қатар, осы салаға қатысты терминдерді біле алады [4]. Бұл туралы жаңалықтың әлеуметтік желідегі парақшаларда жарияланғаны сол еді, «ол кімге және не үшін керек?» сынды бірнеше пікір жазылды. Осыдан қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге қатысты тағы бір себеп пен соның аясында атқарылуы тиіс шаралар тізбегі шығады. Бұл – төртінші.

Яғни, төртіншіден, қазақ тілді қоғам мемлекеттік тілге деген сұранысты арттыруы керек. Қазақ тілінде қызмет көрсететін орындарға басымдық беруі де артық етпейді. Мәселен, екі телефон жөндеу орны қатар тұрса, қазақ тілінде қызмет көрсететін орынға басымдық беруге болады. Бұл ұлт бойынша алалау емес, өзге ұлт өкілдеріне сұраныстың қалай туындайтынын көрсету. Сол сияқты бүгінгі таңда қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев туралы түсірілген «Мұқағали» фильмі облыстағы кинотеатрлардың бірде-бірінде көрсетілмейді. Ал Алматы, Шымкент, Түркістан сынды қалаларда бұл фильм айналымға шығып, қалың көрерменге жол тартты. Бұл ретте «Павлодар қаласындағы кинотеатрлар неге көрсетпейді?» деген заңды сауал туындайды. Бұл сұрақты үш бірдей кинотеатр өкілдеріне де қойған едік. Олардың айтар басты уәжі – көрермендердің жиналауы екіталай. Яғни, кинотеатрлар басшылығы көзі қарақты қазақ тілді көрерменнің көптігіне күмән келтіреді. Осындайда барлығымыз бірігіп, қазақ поэзиясының биігіне шыққан ақынның өмірі мен ақындық жолын көрсететін киноны тамашалауға асық екенімізді айтсақ, сұраныс барын білдірсек, қай кинотеатр «кет» деп, кеудемізден итереді? Олардың басты мақсаты – табыс табу. Ендеше, қандастар шетелдік кинолардан бұрын осындай мәні бар отандық фильмдерге сатылатын билетті алса, құба-құп болар еді. Сол арқылы қазақ тілінде шығатын фильмдерге сұраныстың барын көрсетер едік.

Бесіншіден, жастар арасында қазақ тілін сөнге айналдырудың бірден-бір жолы – әлеуметтік желілер мен шоу, жоғарыда аталған кино бизнес арқылы әрекет ету. Осыдан бес жыл бұрын «Ninety One» тобы отандық сахнаға шыққан тұста жігіттердің сыртқы кейпіне, бет-әлпетіне қарсылық танытып, тіпті олардың концерттерінің өтуіне кедергі келтірген азаматтар аз болған жоқ. Сол тұста топтың продюсері Ерболат Беделхан «Жастар корейлік стильдегі туындыларды шетелдің тілінде тыңдағанша ана тілімізде тыңдасын. Басты мақсат – сол» деп еді. Араға уақыт салып аңғарғанымыз, шынымен өзге елдің топтарын ысырып қойып, осы Q-рор жанрында ән айтатын қазақ топтарын тыңдайтын жастардың қатары едәуір артты. Тіпті, ТМД елдері көлемінде өз тындармандарын тапты. Қазақ тіліндегі әндерді ұйып тыңдайтын өзге ұлт өкілдерінің қарасы көбейді. Бұл ретте Димаш Құдайбергennің танымалдылығы, таланты мен ұлтына деген сүйіспеншілігін ерекше атап өткен жөн. Қытайда өткен ән байқауынан соң есімі төрткіл дүниеге танылған жерлесіміздің арқасында қазір Еуропа, АҚШ, Азия елдерінің

азаматтары қазақ тілін үйреніп жүр. Яғни, мемлекеттік тілде шығармашылығын паш ететін өнерпаздар – қазақ тілін үйретудегі басты «қару». Тек оны тиімді пайдалана алсақ болғаны.

Сонымен қатар, соңғы бірнеше жыл дересінде жастар аудиториясына арналған, шетелдік стильде түсірілген, бірақ қазақи қалыпты жоғалтпаған сериалдар жарыққа шығуда. Олардың қатарына «Бір тоқсан», «Жолдастар» сынды туындыларды жатқызуға болады. Youtube желісіндегі қаралым саны мен пікірлерге назар аударар болсақ, туындылардың көпшілік көңілінен шыққанын көруге болады. Осы бағыттан жаңылмаған жөн.

Вайн түсіру, блог жүрізу сынды «трендке» айналған жаңашылдықтардың неғұрлым қазақ тілінде жүргізілгені де абзал. Себебі қалай десек те бүгінгі жастар сол вайнер, блогерлерге көп еліктейді, соларға қарап бой түзейді, үлгі алады. Сондықтан әлеуметтік желілерде миллиондаған оқырманы бар блогерлер жауапкершілігін сезініп, мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосса игі.

Сайып келгенде, жоғарыда аталғанның бәрі - қазақ тілін сөнге айналдырудың амалдары. Бұқара мен билік соларды мықтап қолға алса, ана тіліміздің көсегесі көгерері анық.

Қорытынды

Бүкіл әлемде «шетел тілінде сөйлеу – сәнді» деген қағида қалыптасқан. Оған дау жоқ. Бірнеше тіл білген адамның ұтары анық. Сондықтан да болар, ел билігі «Үш тұғырлы тіл саясатын» енгізді. Орыс пен ағылшын тілдерін мектеп табалдырығын енді аттаған балалардан бастап оқиды. Тіпті, балабақшалардың әдістемелік бағдарламасына ағылшын тілі енгізілген. Бірақ бұл ретте қазақ тілі өзге тілдерден биік тұруы тиіс.

Белгілі қоғам қайраткері, кезінде Мәдениет министрлігін басқарған Мұхтар Құл-Мұхаммед қазақ тілін трендке айналдыру туралы мынадай ой айтқан екен.

«Қазақ тілі – болашағы зор тілге, мода тіліне айналуы керек. Әсіресе жастар арасында сәнді болғаны дұрыс. Қоғамда қазақ тілін мұндай дәрежеге көтеруге арналған бастамалар, қозғаушы күштер қалыптасып келеді. Оның әр түрлі жолдары бар. Мәселен, біз радикалды, қоғамға еш қажеті жоқ деп бағалайтын андграунд ағымдардың бірі – хип-хоп – рэп жанры арқылы қазақ тілін дамыта бастадық. Бұл қазақ рэпін қалаймыз да. Себебі ол қазақ балаларының шетелдің тілін емес, ана тілімізді үйренуге үгіттеп жатыр» [5].

Иә, мемлекеттік тілді меңгеруге бағытталған шаралар кезең-кезеңімен іске асуда. Нәтиже де бар. Бірақ ауыз толтырып

айтарлықтай емес. Қазақстандықтардың бәрі бірдей әлі де мемлекеттік тілде сөйлеп кеткен жоқ. Өзге ұлт өкілдері түгілі ана тілімізді білмейтін қара көздер кездеседі. Алайда орыс тілінде сөйлеу – кеңестік кезеңнің модасы. Қазіргі тренд - қазақ тілінде сөйлеу. Осыны кейінгі буынға түсіндіріп, өзіміз сұранысты тудырып, жоғарыда аталған жолдар арқылы мемлекеттік тілді дамытуымыз тиіс. Біз, қазақ тілінде еркін сөйлеп, жазып, оқи алатын жастар, замандастарымыз, қатарластырымызға тілдің маңыздылығы мен мәнін ұғындыра білсек, ұтарымыз болмақ. Қазақтың біртуар баласы, ақын Қадыр Мырза Әли айтқандай:

Ана тілің - арық бұл,
 Ұятың боп тұр бетте.
 Өзге тілдің бәрін біл,
 Өз тілінді құрметте! [6].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9041/>
- 2 <https://qazaqstan.tv/news/78546/>
- 3 <https://www.gov.kz/memleket/entities/mcs?lang=kk>
- 4 <https://saryarka-samaly.kz/>
- 5 <https://anatili.kazgazeta.kz/news/46264>
- 6 <https://bilim-all.kz/olen/3208-Ana-tilin-%E2%80%93-aryn-bul>

ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҚАЗІРГІ ПАРАДИГМАСЫ КОНТЕКСТІНДЕ КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЛИНГВОСТИЛИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

КАЛИЕВА А. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Көркем мәтінді лингвостилистикалық талдаудың заманауи тұжырымдамалық мүмкіндіктері көркем шығарманың бүкіл әлеуетін жан-жақты, егжей-тегжейлі зерттеуді қамтиды.

Осыған байланысты көркем шығарма мәтіннің бейнелі және идеялық ұстанымдарының ерекшеліктерін, мәдени-тарихи және концептуалды өрістердің экстралингвистикалық контекстін ашатын таза әдеби талдау тұрғысынан да, мәтіннің тілдік ұйымдастырылуын терен түсіну, әртүрлі деңгейдегі тілдік бірліктердің байланысы мен қатынасын анықтау тұрғысынан да түсіндіріледі. Оларды жинақтай келе, шығарманың эстетикалық тұжырымын нақты көрсете алады.

Бүгінгі таңда көркем мәтін кеңістігіндегі мәдени коннотация мен концептуалдық жүйе, тезаурустық лексика, т.б. лексикалық байлықты кешенді зерттеуге арналған Б. Тілеуберді, Қ. Рысберген, Б. Нұрдәулетова, Қ. Ғабитханұлы, А. Хабиева, А. Әмірбекова, Г. Сабирова, т.б. еңбектерінің өзектілігі жоғары.

Тіл әлеуетінің ерекше коммуникативті деңгейі – адамның шығармашылық әлемі, көркем мәтін тілі. Себебі бұл әрекет объективті шындықтан алынған әр түрлі ақпаратты өзінің ішкі әлемінде қайта өңдейтін субъективті шындық. Сондықтан ақыл-ой кеңістігі мазмұнға толы. Қаламгердің көркемдік әлемі, архетиптік ойлау жүйесі көркем мәтіннің ұлттық-мәдени ерекшелігін ғана емес, сонымен бірге тілдік тұлғаның сөйлеу мәдениетін де сипаттайды. Сонымен қатар, көркем мәтін авторының көркемдік әлемін бейнелейтін шығарманы, ерекше тіл әлемін түсіну, дұрыс қабылдау оқырманға таныс ассоциациялар, бейнелер, ұғымдар арқылы, яғни аялық білім негізінде жүзеге асырылады. Осылайша құрылған ақын-жазушының көркем тілі өзіне тән ерекшелікті, ішкі тәжірибе мен танымдық қабілеттерін, сөз шеберлігі мен стилін көрсетеді. Сонымен қатар, автордың жеке басы тұрғысынан шындықты белгілі бір тілдік құралдармен, тілде қалыптасқан сөз мәдениетімен бірлікте көрсетуге бағытталған қаламгердің шығармашылық тілін талдау үлкен маңызға ие. Сонда ғана шығарма авторының шынайы көркемдік әлемі мен өзінің көркемдік тілі ашылады.

Көркем мәтінді жан-жақты зерттеу эстетикалық концепцияны толық жүзеге асыру үшін авторлық мәтін аясындағы тілдік бірліктердің өзара қатынасының, байланысының сипатын анықтайды. Осыған байланысты архаизмдер, тарихи сөздер, диалектизмдер, кәсіби сөздер, жаргондар, терминдер, антропонимдер, топонимдер, жеке авторлық инновациялар, автордың айшықтау құралдары, синтаксистік ерекшеліктері лингвистикалық талдаудың нысаны бола алады.

Бейтарап және стилистикалық маңызды элементтер мен құрылымдардың жүзеге асуы мен комбинаторлылығы, тілдік жүйесі, мәтіннің тілдік және семантикалық деңгейлерінің авторлық ұстанымды айқындаудағы байланысы ерекше рөл атқарады. Зерттеу материалының осынша көптігі көркем мәтіннің лингвистикалық және стилистикалық талдауларын қатар қолдануды қажеттейді [1, 16].

Орыс тіл білімінің көркем мәтінді лингвистикалық талдау тәжірибелеріне сүйенетін болсақ, Л. А. Новиковтың пікірінше,

көркем мәтінді талдаудың басты мақсаты «көркем әдебиет туындыларын бағалау және эстетикалық тұрғыдан қабылдау» қабілетін үйрету болып табылады [2, 35].

Мұндай талдау бірыңғай әдіснамалық принципке бағынады және төмендегі ретпен құрылады:

а) көркем мәтінді оқу;

б) осы мәтіннің семантикалық, грамматикалық және фонетикалық ерекшеліктерін көрсету;

в) мәдени-тарихи түсініктеме (қоғамдық және тарихи жағдай және т.б.).

Содан кейін мәтінді талдау:

а) шығарманың идеялық-эстетикалық мазмұны;

ә) мәтіннің жанрлық-композициялық құрылымы;

б) мәтін идеясын ашатын бейнелеу құралдарын талдау арқылы жүзеге асырылады.

Демек, көркем мәтінді талдау «идея – композиция (образдар) – тіл» бағытындағы әрекетке негізделеді.

Осы тұрғыда көркем мәтін тілін зерттеу қағидалары бойынша ғылыми еңбектерде төмендегідей ұстанымдар бар екені анықталды:

1) көркем тілдегі лексикалық, фонетикалық, грамматикалық және стилистикалық бірліктер мен категориялардың жұмсалымдық ерекшеліктерін зерттеуді көздейтін және автордың идиостилинің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін тілдік тәсіл;

2) зерттеу нысанасы болып табылатын мәтін тұтас бірлік ретінде қарастырылатын тәсіл;

3) мәтін авторы (тудырушы аспектісі), оның адресаты (қабылдау аспектісі), сонымен қатар мәтіннің оқырманға әсерін ескерілетін көркем мәтінді түсіндіру позициялардың үштігі негізінде жүзеге асырылатын антропоцентрилік тәсіл;

4) көркем мәтінді автордың айналасындағы ақиқат туралы дүниетанымдық көзқарастарын көрсететін, ерекше көркем тілдік құралдарды қолдана отырып, шығарманың көркемдік-бейнелік жүйесінде жүзеге асырылатын күрделі белгі ретінде түсінуге мүмкіндік беретін танымдық тәсіл. Бұл жағдайда көркем мәтін авторлық жеке әлем бейнесін айғақтайтын қор болып, ал оның семантикалық кеңістігі концептуалды аймақтарының жиынтығы болып табылады [3].

Қазіргі лингвистикалық теорияда мәтін күрделі көп қырлы құбылыс ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар, мәтінді стратификациялық тәсіл контекстінде түсіну ең әмбебап болып

көрінеді, мұнда мәтін тілдің өзара байланысты және өзара байланысты деңгейлерінің жүйесі ретінде қарастырылады. Осы логикаға сүйене отырып, мәтінді идеялық-эстетикалық, жанрлық-композициялық және тілдік деңгейлердің нақты бірлігі деп санауымызға болады.

Қазіргі лингвистикалық теория және тәжірибе лингвистикалық талдау үшін өзекті болып табылатын көркем мәтінді зерттеу аспектілерін бөліп көрсетудің барлық қолданыстағы тәсілдерін жинақтай отырып, төрт негізгі тәсілді ажыратып көрсетеді:

1) функционалдық-стилистикалық;

2) құрылымдық-тілдік (лингвистикалық);

3) мәтіндік (құрылымдық-семантикалық немесе композициялық-семантикалық);

4) коммуникативтік [3].

Жоғарыда көрсетілген мәтін талдау теориясына сәйкес, көркем тілдің механизмі мен табиғаты, сөздің күдіретін білу жеке құралдар негізінде емес, шығарманың мазмұнына, яғни тұтас мәтін жүйесіне енген жазушының жеке мұраттары негізінде анықталады. Нәтижесінде, жазушының «көркем әлемінде» және оның көркемдік санасында қалыптасқан қарым-қатынас, өзін қоршаған шындыққа, уақытқа қатысты түсіну шығармалар тілі арқылы анықталады. Тілдің өзіндік «тілдік әлемін» және жан-жақты талданатын рухани әлеуметтік әлеуетін ашатын мұндай жеке тұжырымдама мен әлемнің көрінісі тілдік тұлға қолданатын сөздің күші арқылы жүзеге асырылады.

Біздің зерттеу нысанамыз – Мәшһүр Жүсіп шығармаларының тілі, соның ішінде поэзиялық тілі – өзіндік қолтаңбасы мол, тілдік құралдарды көркемдік мақсатта қолданудың даралық сипаты ерекше көркем туындылар. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы теңеулерді когнитивтік аспектіде қарастыру, оның этномәдени және тілдік сипатын анықтау ақынның суреткерлік шеберлігін жаңа қырынан танытады.

Сыпырған томағасын қыран құстай,

Самғаушы ем әр қияға кешкі тұрым [4, 115 б.].

Нәпсің бір көкжал бөрідей,

Иманың бағлан қозыдай [4, 255 б.].

Қыран құстай, көкжал бөрідей, бағлан қозыдай ұғымдары қазақ танымына жақын және ақындардың қаламында дәстүрлі қолданатын теңеулер.

Сені ойлап, жібек едім болдым жүндей,

Бұлт басты көңілімді шыққан күндей
Замана құбылып тұр жел құйындай,
Дүние көзге ілінбес бір тиындай
Толқынды айту керек жалындай боп,
Екпіні емен жыққан дауылдай боп [4, 222 б.].

Табиғат сырын терең түсінген ақынның ғана қолынан келетін сурет. Дәл тауып бейнеленген жанды көрініс. Осындағы көңілді шыққан күнге, заманды құйындай желге, толқынды жалынға, дауылға, жауынға тенеуде сырттай ұқсастық жоқ, бірақ ішкі байланыс мықты

Сөз – заттың тура таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, адамның иә белгілі бір ұлттық ұжымның дүниені тануы мен күнделікті тұрмыс пен еңбек тәжірибесі барысындағы архетиптік тілдік санасында, тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі.

Қазақта адамның адам болуы оған берілген тәрбиеге байланысты деген ауыспалы мағынаны білдіретін «Ат шаппайды, бап шабады» деген мәтел бар. Мәшһүр Жүсіп қалың қауым жиналған үлкен жиында алдына жан салмайтын ерекше қасиеті туралы айтқысы келеді. Ол үшін ақын өзін-өзі «баптау керектігін», яғни үнемі білім-ғылым арқылы өзін-өзі дамыту керектігін айтады. Осы тіркестен де малға қатысты жағдаяттың ассоциациялау негізінде адамға қарата қолданылатын ауыспалы мағыналарын аңғарамыз.

Кеудеме Құдай кенес берген шақта,
Қағазға он саусағым атша желген [5, 159 б.].

Ақынның адам мінезіне, сырт келбетіне, іс-әрекетіне, түрлі қасиетіне байланысты қолданылған жан-жануарлар атаулары ұйытқы болған тенеулердің семантикасы образдылық, бағалауыштық, эмоционалды, экспрессивтік мағына үстейді.

Болдым ғой өнерімді тауысқандай!
Мерт болдым, айға шауып арыстандай [6, 51 б.].
Ақыртып арыстандай шерді жығып,
Үстіне ойнақтап жүр түлкі шығып.
Болсаң да әйдік батыр арыстандай,
Шешен бол Жиреншедей қызыл тілге,
Ақырда жатар орның – шап-шағын жай.
Тоздырып, иттей қор қып, быт-шыт етті [6, 67 б.].
Аузын ашып, аяғың баспа!», – дейді,
Қотаншы иттей қораға үргенменен.

Ашуыма көп тиме, балам Найман,
Ашулансам, кетермін иттей талап!
Ит дүние, сен бір сәуірік айғырдайсың [5, 127 б.].
Ашуыма көп тиме, балам Найман,
Ашулансам, кетермін иттей талап! [4, 214 б.].
Жіп тағып мойынына итше сүйреп,
Алдына пайғамбардың алып келген [4, 214 б.].

Қазақтарда ит образы тексіздікпен, жағымсыз қатынаспен байланысты. Оған жоғарыдағы өлең жолдары дәлел бола алады. Ақын «ит» сөзінің қатысуымен жасалған тенеулері арқылы өте жағымсыз бейнелердің қасиеттерін ашып көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп жылан сөзі қатысқан тенеулерді жағымсыз бейне жасауда ұтымды пайдалана біледі. Сұр жылан, жыланша жылтырау тіркестерінің коннотациялық мағынасы «жауыз», «уландыратын», «жамандық», «екіжүзділік» сияқты жағымсыз қасиеттерді танытатын экспрессивті, эмоционалды, образды сөздерге айналған.

Бозарған сұр жыландай, іші зәрлі,
Сүзектен тұрған жандай өңі сынып [6, 16 б.].
Жыланша жылтыратып сыртын ғана,
Табылса бір қапы жер, жаман шаққан [5, 167 б.].
Жыландай иіріліп,
Құйындай үйіріліп,
Аққан судың бойында қалады
Жыландай құр сыртымен жылтырайды,
Уменен кісі өлтірер толған іші [5, 213 б.].

Мәшһүр Жүсіптің қолданысындағы «жылан» сөзінің қатысуымен жасалған аталған образдардың барлығы да жағымсыз мәнді эмоционалды-экспрессивті мағына үстеу үшін алынған және жағымсыз ассоциациялық өрісті кеңейте түседі.

Таудан қашқан түлкідей бұлаң етіп,
Жалған-ай, өте шықтың қасымыздан [5, 161 б.].
Ашуыма көп тиме, кара күнім,
Бүркіт алған түлкідей, басып жермін!
Шыға келді ақ орданың ішінен
Таудан қашқан ақ түлкідей шұбалып.
Сықылды қашқан қоян – күнім зырлап [6, 139 б.].
Күмістен тартқан сымдай – екі қолы,
Қояндай таудан қашқан келіп жоны.
Заман ақыр болғанда,

Ат қояндай болады,
Адам құмандай болады [5, 246 б.].

Өмір туралы осылайша, яғни, қашқан тұлкіге немесе қашқан қоянға теңеп, олардың қасиеттерін ассоциациялай отырып, образды жасалған тіркестерді ешбір ақыннан кездестірмедік. Аталған тіркестерде ұлттық колорит те жатыр. Таудан қашқан тұлкі мен қашқан қоянның шапшаңдығы сияқты жалған өмірдің зулап өтіп жатқанын өте шебер көрсетеді. Бұл да Мәшһүр Жүсіптің өзіндік ерекшелігі.

Теңеулерге арналған «құрлыс материалы» кездейсоқ таңдалынбайды, оның мәдениленген маңызы болады. Олар ішкі формаға салынған ассоциациялар заңының негізінде түсіндіріледі. Осындай ішкі формада жасырылған ұлт санасында терен тұрақталып сақталған табиғаты күрделі ұлттық-мәдени элементтердің бірі теңеулер дегіміз келеді. Ақын қолданған теңеулер ұлттың бар болмысы мен тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымынан хабар беруімен құнды болып келген. Ақын халықтың бай қазынасын өз өлеңдерінде пайдаланып қана қоймай, оны дамытып, авторлық өңдеуден өткізіп те қолданған. Көркем образ жасаудағы ақынның жоғары эстетикалық талғамы, көркем ой орамынан туған бұл теңеулер сонылығымен, терең мазмұнымен ерекшеленеді.

Лингвистикалық ғылымның жетістіктері лингвистикалық-стистикалық талдауды жүзеге асыру үшін мәтіннің басқа да көптеген әмбебап сипаттарын тануға мүмкіндік береді. Антропоцентризм, әлеуметтанушылық, диалогизм, мәнмәтін, «аялық білім», шиеленіс, эстетикалық тұрғыдан анықталған прагматизм, эстетикалық бағдарланған концептілер, бийнелер сияқты акторлар кешенін түсіну көркем мәтінді неғұрлым егжей-тегжейлі түсіндіруге қол жеткізуге және авторлық жұмыстың баға жетпес мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 640 б.
- 2 Новиков Л.А. Семантика русского языка. - Москва : Высшая школа, 1982. - 272 с.
- 3 Бабенко Л.Г. Лингвистический анализ художественного текста. Теория и практика - Москва: Флинта: Наука, 2005. - 496 с.
- 4 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. 2-том. - Павлодар: ЭКО, 2003. - 384 б.

5 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары 4-том.- Павлодар: ЭКО, 2004.- 535 б.

6 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы өлеңдері. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 1 т. – 425 б.

Н. Т. САУРАНБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЛЕКСИКА-ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ (МӘШҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

КАНЗЕЛХАН А.

магистрант, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
САҒЫНДЫҚҰЛЫ Б.

ф.ғ.д., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Кез келген халықтың білім-ғылым саласының ілгері, алға жылжуына ерекше мән беріп, аянбай еңбек сіңіріп, айтарлықтай үлес қосатын тұлғалары болатыны сөзсіз. Қазақ тіл білімінде ойып тұрып орын алатын тұлғалардың бірі - қазақ тіл білімі негізін салушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері Сауранбаев Нығмет Тінәліұлы. Ғалым қазақ тіл біліміндегі көптеген салаларды ғылыми-теориялық тұрғыдан байытып дамыта білген. Ғалымның қазақ тілінің дамуы мен өзекті мәселелеріне арналған теориялық еңбектері өз маңызын жоймастан күні бүгінге дейін өзекті болып келеді. Бұл мақаламызда Н. Т. Сауранбаев еңбектеріндегі лексика-фонетикалық қызметті М. Ж. Көпеев туындыларымен сабақтастыра қарастыратын боламыз.

Ғалымның қарымды қалам тартқан салаларының бірі, тіл білімінің лексика саласы болмақ. Бұл тұрғысында диалектологияға қатысты жасаған зерттеулерінің мәні ерекше. Ол кезеңдегі қазақ диалектологиясының жағдайы, ғалымның өз сөзімен айтқанда «қазақ тіл білімінің ең жас және кенжелеп қалған салаларының бірі» болды [1, 43]. Сондықтан да болар, аталмыш салаға кеңінен қалам тартқанын аңғарамыз. Төңкеріске дейін Қ. Жұбанов пен Қ. Кемеңгерұлы алғашқылардың бірі болып жергілікті тіл ерекшеліктерін сөз етті. Оларды жинастырып зерттеу, әрі бастыру қажеттілігін атап көрсетті. Ал Ж. Аймауытұлы 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған «Тіл туралы» деген мақаласында: «Қазақтың әр елінде, әр гүбірнесінде өздері ғана қолданатын, өзге елдер білмейтін тілдер бар. Мұны ғылым тілінде жергілікті

тіл (провинциализм) деп атайды» деп анықтама береді [2, 5]. Осылайша бастау алған жергілікті тіл ерекшеліктері мәселесі 1926 жылдан бастап-ақ Алаш азаматтары тарапынан қолға алынғанымен, Кеңестік «аласапыран» уақыт оны дамытуға мүмкіндік бермеді. Қазақ ғалымдарының көпшілігі орыс ғалымдарының пікірлеріне сүйеніп қазақ тілінде жергілікті ерекшеліктер жоқ деген байлам жасады. Бұл саланың Н. Сауранбаевтың есімімен тығыз байланысты болатын себебі сол, ғалым өз еңбектерінде қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің қалыптасуы, пайда болуы, олардың жалпы сипаты туралы біршама құнды пікірлер айтқан. Бір байқағанымыз, Н. Сауранбаев диалектология саласына қатысты ізденулерін 1948 жылдан бастап өмірінің соңғы кезеңі, яғни 1958 жылдарға дейін, жадынан шығармаған. Мақалаларында ол келесідей теориялық тұжырымдар жасаған. Яғни, қазақ тілінде қолданылатын жергілікті ерекшеліктер – ескінің көзі, ескіден қалған тарихи мұра, тарихи құбылыстардың жемісі екендігіне ерекше мән береді. Ғалым тілімізде, кейбір түркі тілдеріндегі сияқты жік-жік болып анық бөлініп тұратын диалектілердің жоқ екендігін айта келе, тек ауызекі сөйлеу тіліндегі бірлі-жарым айырмашылықтар фонетикалық, грамматикалық жүйе мен лексикалық қорда байқалатындығын басып көрсетеді. Сонымен қатар ғалым қазақ тіліндегі қандай да бір жергілікті ерекшеліктердің тарихи сипатын ашу үшін оны жеке-дара талдамай, жалпы түркі тілдерінің шеңберінде қарастыру керектігіне тоқталады, себебі сонда ғана оның тарихи тегі мен өзгеру себептері айқындалатындығын көрсеткен.

Тағы бір айта кететін жайт, үш жүздің қазақтары ортақ бір-ақ тілде сөйлегендіктен, үш жүзге байланысты өзгешеліктер тілімізде сақталмаған. Сондықтан ғалым тіліміздегі жергілікті ерекшеліктердің пайда болуын үш жүзбен байланыстырудың мәні жоқ екендігін айтады. Сүйте келе, қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді қазақ жүздері мен ру-тайпалық жіктелімінен емес, белгілі аймақты жайлаған халықтың мәдени және шаруашылық өмірімен, көрші елдермен жасаған қарым-қатынасымен байланыстыра зерттеу қажеттілігін ұсынады.

Н. Сауранбаев «Көне қыпшақ тілінің кейбір сипаттамалары» атты мақаласында тілімізде көп ұшыраса кететін диалектілер жоқтың қасы болғанымен де ауызекі тілімізде азын-аулақ өзгешеліктердің орын алатындығын атап өтеді. Және бұл өзгешеліктерді ғалым тілдің дыбыстық және лексикалық қорында болатындығын айтады. Мұндай айырмашылықтарды «ескіден қалған тарихи мұра» деп бағаласа

керек. Сөз болып отырған айырмашылықтардың кейбіріне үнілсек, фонетика саласында диалектілердің мынадай айырмашылықтарын байқаймыз: – сөздің басында, аффикстерінде және сөздің соңында ч мен ш дыбысы алмасып қолданылады. Мысалы: *шай/чай, шапан/чапан, шоқпар/чоқпар, шалғы/чалғы, шыбын/чыбын, шығын/чығын, бірінші/бірінші*. Ч дыбысын ш дыбысының алмасып келуін ғалым Сырдариядан батыс Алтай, Тарбағатайға дейінгі кең аумақта және Талдықорған аймағының Қаратал мен Ақсу аудандарында, Шығыс Қазақстан облысының Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарында кеңінен қолданыста екендігін атап өтеді. Сонымен бірге ғалым тілімізге ч дыбысының ш дыбысынан кейін енгендігін айта келе, оған өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдерінің әсері болғандығын айтады [1, 47]. Бұл екі негізгі дыбыстық құбылыстардан басқа да фонетикалық сәйкессіздіктер кездеседі:

1) с/ш: *тексер-текиер, тұрмыс-тұрмыш, масқара-маиқара*. Бұл дыбыстық өзгешелікті М. Ж. Көпеевтің төмендегі өлең шумағынан кездестіруге болады:

Суырып қорамсақтан жүз алтмыш оқ,
Бас көтерер бәрінді бір қылсам жок.
Тезектей боп қалмай ма үйіліп айқыш,

Теңдеп жүрген есектер бір-бір қап бок [3, 62]. Үзіндінің алғашқы тармағында «*алтмыш*» сөзі «*алтыс*» сөзіне тең. Мұндағы сөз соңындағы «ш» әрпі «с» дыбысының орынын басып қолданысқа түскендігіне көз жеткіземіз.

2) д/т: *доп-топ, дым-тым «очень», тиірмен-диірмен, тізгін-дізгін*, т.б. Ақынның «Кәф пен Нон» өлеңінде:

Қалам – кәф, ойлап тұрсаң, дәуіт (дәуід) – нон-ды,

Бірінсіз бірі болған қашан онды?! Алғашқы тармақтағы «*дәуіт*» сөзі «*дәуід*» деп берілген. Яғни, сөз соңындағы «т» дыбысы «д» ретінде қолданылған. Ал мына бір өлеңінде:

Қолыңнан келмес іске тіпті деспе (тиіспе),

Құдайдың рахматы мол, үміт кеспе! Мұндағы «*тиіспе*» сөзі «*деспе*» деп дыбыстық өзгерістермен қолданылғандығын көреміз.

3) п/б: *пайда-байда, болат-полат, перне-берне*. Бұл фонетикалық сәйкессіздік ақынның мына өлең жолдарынан көрініс тапқан:

Әр істі қылмаңызлар сіз асығыс,

Алла һәм асығыспен қылмағай іс.

Әр нәрсе асығыспен бана (пана) болса,

Опасы (екісіне) иесіне болмағай еш (неш). Үшінші тармақтағы «пана» сөзінің «бана» деп қолданғандығын байқаймыз. Мұндағы «п» дыбысы «б» дыбысымен алмасып қолданылған.

4) л/д: *маңдай- маңдай, таңдай-таңдай, тыңла-тыңда*. Ғалым бұл дыбыстық ерекшеліктердің «Күлтегін» ескерткішінде көрініс тапқандығын айта келе, мұны көненің көзіне айналған дыбыстық алмасу деп тұжырымдайды. Қарастырып отырған акын шығармаларының басым бөлігінде аталмыш дыбыстық өзгешелік еркін өріс алған. Мәселен: «Маған десен, дәурен сұр жүз мың хандық,

Қолыңа ұстағаның – пұшайманлық,
Бастан кешкен нәрсені есепке алсақ,
Қай жеріңнен табылар мұсылманлық?!» немесе
«Тәңірім бізлі қадірлеп, иақшы күтті,

Қандай жерді бізлерге қоныс етті?!» [3, 31]. Бұл өлең жолдарындағы *пұшаймандық – пұшайманлық, мұсылмандық – мұсылманлық, бізді – бізлі, біздерге – бізлерге* деп «д» әрпінің «л» әрпі алмастырғандығына куә боламыз.

5. Т/л: *атты-атлы, тастар-тастар*, т.б. М. Ж. Көпейұлының «Қанағат туралы жұмбақ» өлеңінде:

Ақымақлықтан сөйлеймін әңгіме айтып,
Кейде танып есімнен, кейде қайтып. Немесе «Кәф пен Нон» өлеңіндегі:

Жас жетіп, дәурен кетіп, елу асқан,
Шайқалып ми су болып, ғақыл қашқан.
Өнердің жаслықтағы бәрі көшіп,

Күн еді ұмытшақтық орнын басқан. Тармақтардағы «*ақымақтықтан*» сөзінің «*ақмақтықтан*», «*жастықтағы*» сөзінің «*жаслықтағы*» болып қолданылғандығын аңғарамыз. Яғни, бұл тұста «л» дыбысы «т» дыбысын алмастырған. Сонымен қатар, «Шайхы Ысқақ» өлеңінде:

Гибрат ал, ей, ағалар, мына сөден,
Жаслықта тәубе қылып, иман ізден,
Шайхы Ысқақ кәллә бәди Рахметулла,
Ғалайһи өткен екен бұрын бізден [3, 112]. Және
«Пайғамбардың соңғы тілегі» туындысында:
Алланың тағдырына мойын сұнып,
Залымына тұрыңыздар сабыр қылып.
Ол көрген мехнатынның қайыры үшін

Мақшарда *шатланарсыз* жәннәт көрәп. Бұл үзінділердегі «*жаслықта*» «*жастықта*» сөзін, «*шатланарсыз*» «*шаттанарсыз*» сөзінің орнына жұмсалған. Яғни бұл сөздерде «л» мен «т» дыбыстық өзгешелікке ұшыраған.

Сонымен қоса, Н. Т. Сауранбаев диалектілердің қолданылу аймағын сұрыптай келе, екі басты диалектілер тобын анықтайды: 1. Ш,д диалектілер тобы. Бұған: солтүстік, батыс өңірлері жатады. 2. Ч,л диалектілер тобы. Бұған: оңтүстік және оңтүстік шығыс өңірлері жатады [3, 47].

Тілімізде лексикалық жолмен жасалған диалектілер өте көптеп кездеседі. Соның бірі бір мағынаны беретін сөздердің әр аймақта түрліше айтылуы. Бұл жөнінде ғалым: сіріңке (от русского слова «серянка»); спешке (от русского слова «спичка»); оттық (от слова от «огонь»); шақпақ (от слова шақ «чиркнуть»); көгірт (заимствовано из узбекского языка, в казахском будет кукирт); шырпы и др. Русскому «деньги» соответствуют: тенге (от русского слова «деньги»); сом (видимо, от русского слова «сумма»); акша (от казахского слова ақ «белый»); пул (видимо, заимствовано из персидского языка через узбекский или уйгурский языки); манет (от русского слова «монета») осылайша ашып көрсетеді [3, 49]. М. Ж. Көпеев шығармаларында да лексикалық жолмен жасалған диалект сөздер кездеседі. Мәселен, «Ышқышбап сапары» өлеңін қарастырып көрелік:

Басында Найзақызыл қауын сойып,
Қызықпен ішпей-жемей жүрдік тойып.
Атты *оңдап* ерттеп алып, қайта мініп,
Жөнелдік енді төмен бетті қойып [3, 134] немесе «Құдайым жексенбі күн жер жаратты» өлеңіне үнілсек:
Аспан биік болғанда, Жер аласа,
Таулар зор, дариялар мол – көз қараса.
Ай мен күн қандай жарық, жұлдыздар көп,
Жаралған бәрі *оңды* боп бір тамаша! Бұл екі өлеңде де «*оңды*» сөзінің қолданылғандығын аңғарамыз. Бұл тұстарда «*оңды*» сөзі «*жақсы*» деген мәнде қолданыс тапқан. Бұл көбінесе Қазақстанның солтүстік өңірінде кеңінен қолданысқа түскен диалект болып табылады. Ал мына бір жолдарда:

Танимын қайдан оны, көргенім жоқ,
Келмеген жақсыларға келбеті көр.
Хұсайынның үйінде жүретұғын,

Ойладым: «Сол баяғы дөкей ғой!» – деп. Үзіндіні оқи отырып, соңғы тармақтағы «дөкей» сөзіне назар аударамыз. Бұл сөз «үлкен» деген мән береді. Яғни, «үлкен» сөзі әр өңірде түрліше айтылады. Мысалы: әйдік, дырау, дөкей, нән, т.б. Сонымен, ақынның бұл өлеңіндегі кездесетін «дөкей» сөзі солтүстік өңірлерге тән диалект сөз болмақ. Ал «Мінілмеген көлік» өлеңінде:

Мен жиренбей жегенмін соны не ғып?!

Бойға сінген тамақ боп, қалай жағып?!

Поселкенің қадірлі хайуанын

Төртеуін жеп, біреуін тұрмын бағып [3, 31] Мұндағы «поселке» сөзіне назар аударсақ, бұл орыс тіліндегі «поселок» сөзінен негіз алған. Алайда қазақ тілінде «ауыл» мағынасында қолданылады. Бұл тармақта орыс тіліндегі «поселок» нұсқасын дыбыстық өзгертулер арқылы «поселке» етіп қолданысына қарай, мұны диалект ретінде қараймыз. Яғни, «ауыл» сөзінің белгілі бір аймақтарда «поселке» ретінде көрініс табуы болмақ.

Келесі кезекте белгілі бір сөздің әр аймақта түрліше айтылуы, яғни түрліше мағынада қолданылуы. Бұл жөнінде ғалым: «Бывает и другой тип лексических различий, когда одно слово в различных районах имеет совершенно разные значения, например, слово царма в Джамбулской области означает «жареная крупа», а в Кызыл Ординской области «блюдо, приготовленное из фаршированной рыбы». Слово «керім» в Талды-Курганской области означает «хороший, приятный», а в Гурьевской области «плохой, неприятный». Слово аула – на севере «хлев», а на западе «курган» [3, 49].

Сонымен қатар кейбір атаулардың басқа аймақтарда лексикалық сәйкестігі болмайды, тек белгілі бір облыста ғана мағынаға ие сөздер кездеседі. Мәселен, қауын өсіру шаруашылығы қарқынды дамыған Оңтүстік Қазақстан облысында бұл шаруашылық түріне байланысты кәсіби сөздер көптеп қолданылады. Мысалы: көксерке, күрбі, әнгелек т.б. Ал балық шаруашылығымен айналысатын аудандарда да өзіндік терминдер кездесіп отырады. Мысалы: қарашорқын, ақан, белкеспе т.б. Ғалым осылайша диалектілердің пайда болу және қолдану жолдарын көрсете келе, әр өңірмен көршілес елдердің тілінен де көптеген сөздер еніп қолданыста екендігіне тоқталады. Осылайша ғалым диалектілердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және фразеологиялық жақтарын кеңінен тарақатқан.

Сонымен, Н. Т. Сауранбаев атап көрсеткен диалектологияның фонетикалық және лексикалық жолмен түзілу ерекшеліктерін М. Ж. Көпеевтың шығармаларынан да кездестіреміз.

Н. Т. Сауранбаев – тіл білімінің әр салаласында қыруар еңбек етіп, сүбелі ғылыми-зерттеу мұраларын қалдырған аса талантты тұлға. Ғалым 1950 жылдан тіліміздің шығу тарихы төңірегінде және диалектология мәселесі хақында ізденіс-зерттеу жұмыстарымен айналысқан еді. Осы бағытқа арнап тыңғылықты мақалаларын да жариялап отырды. Н. Т. Сауранбаев «Қазіргі қазақ тілінің түп-төркінін айқындап, қайнар көзін белгілеу үшін ең алдымен көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің тілін зерттеу керек», - деп тұжырым жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазіргі қазақ тіліндегі диалектілер (Диалекты в современном казахском языке). Вопросы языкознания. 1955, №5.

2 Тіл туралы // Еңбекші қазақ. – 1926. – 9 наурыз.

3 М. Ж. Көпейұлы. Көп томдық шығармалар. – Алматы, «Алаш», 2003

УАҚЫТ ТІЛДІК МОДЕЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕ

КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., қауымд. профессоры,

Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ХАЛХЫН С.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Фразеологизмдер әлемінің тілдік бейнесін көрсете алады. Олар тілдің жарқын, бейнелі-эмоционалды, экспрессивті құралы бола отырып, әлемнің эстетикалық маңызды, көркем бейнесін жасауға ықпал етеді, оның ерекшелігі сезімтал, көрнекі, визуалды бейнелерді қабылдау болып табылады [1, 15 б.].

Ауызша кешен-прототиптің бастапқы мағынасын қайта қарастыру нәтижесінде пайда болған, метафоралық немесе метонимиялық дериват түріндегі фразеологиялық бірліктердің тұтас мағынасы ашылатын фразеологиялық бейне кез келген фразеологиялық бірліктің, соның ішінде уақыттың тілдік моделін көрсететін тұрақты тіркестердің құрылымдық элементі болып табылады.

Уақыттың тілдік моделі ретінде біз уақыт ұғымының айналасында топтастырылған фразеологиялық бірліктердің семантикасындағы уақыт интерпретациясын атаймыз.

Қазақ тілінде уақыт, мерзім өлшемдерін ел *орынға отыра; ел жата; жылқы жусар кезде; мал балалап жатқанда; ел қосқа шыққанда; көктің көлінде; ел жайлауға көшерде; күзем алып жатқанда; қой қырқарда; ел күзекте отырғанда* т.б. тіркестермен білдіреді [2].

Уақыт өлшемін *қас-қағым, қас қаққанша, көзді ашып-жұмғанша, ауызды жыып алғанша, бие сауым, сүтпісірім, шай қайнатым, ет пісірім, ет асым, әу дегенше сәске көтерілген уақыт, талтүс, ақшам, екінті, ел орынға отыра, ел жата, басқы тауық, орта тауық, ақырғы тауық, жұлдыз шыға, Үркер жамбасқа түсе, жарты күн, бір күн, бір сәтке*, т.б. тұрақты тіркестермен айтады [3].

Қазақ халқы уақытқа қатысты өлшем ұғымдарына атау берген. Өткен заманда қазақтар уақытты сағатпен өлшемесе де, оларды дәл болжай білген. Мәселен, *минутты – бие сауым, сүт пісірім, шай қайнатым*, т.б. деп фразеологизмдермен мөлшерлеген.

Бие сауымдай уақыт тұрақты тіркесі «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» биенің екі сауымының арасы, бір сағат шамасындағы мезгіл деп түсіндірілген. Осындай, уақыт мәнін беретін фразеологизмдерді көптеп келтіруге болады:

Сүт пісірім уақыт – ширек сағат шамасы.

Шай қайнатым – бір шай қайнатымдай уақыт, мезгіл.

Ет пісірім, ет асым – халықтық уақыт өлшемі, шамамен бір тамақ пісетін уақыт.

Сиыр сәске түс – халықтың уақыт өлшемі.

Ұлы сәске – күн көтеріліп, түс мезгіліне таянған шақ.

Шабдар сәске – күндізгі сағаттың он-он бір жарым кезі (Қызылорда, Арал).

Қан сәске – ұлы, сәске, күн түске таяу шақ.

Ала жаздай // Ұлан жаздай // Алты ай жаздай – жаз бойы [3].

Аталмыш фразеологизмдердің өзекті мағынасын нақтылау – қазақ тіліндегі уақыт мағынасын бейнелі түрде көрсететін тұрақты тіркестерді семантикалық тұрғыдан зерттеудің бірден-бір міндеттері болып табылады.

Уақыт мәнді фразеологизмдердің семантикасының негізін фразеологиялық бейне көрсетеді. Фразеологиялық бейне – фразеологизмдердің ұлттық ерекшелігін сақтаушы, жеткізуші басты көрсеткіш.

Бұл бейне фразеологизмдердің прототипінің бастапқы мағынасын оның семантикалық трансформациясы нәтижесімен салыстыруға мүмкіндік береді және бейнелілік құбылысының өзі негізделетін әлем бейнесінің пйда болуына жағдай жасайды және бұл бейне тұрақты тіркестердің лексикалық құрамы және грамматикалық құрылымы арқылы байқалады.

Қас пен көздің [қабақтың] арасында – лезде, тез, жылдам. Көзді ашып-жұмғанша. – Ойпырма-ай, қас пен көздің арасында соқыр боп қала жаздадым (З.А.).

Жылы болды [толды] – өлгеніне бір жыл болды. (Өлімнің артын күту салтына орай туған уақыт өлшемі). Шырағым, Сәлімнің жылы болды, мезгілінде өткіз (АТ).

Жұлдыз толғанда // Ел орынға отырған соң – кеш әбден түскен уақыт. Бір кеште, ымырт жабылып, ел орынға отырды- ау деген мезетте, жылтылдаған оттың жарығы көзге ілініп, ауыл активтері оны қолға түсірді (М. Е.) [3].

Бұлардың ішінде *қас-қағым, көзді ашып-жұмғанша* деген сөздер жарты секундтық, тіпті одан да қысқа уақытты меңзейді. Ал *бие сауым уақыт* жарты сағаттық уақыт екенін аңғаруға болады.

Табиғи есептеу жолымен жұлдыз туар уақыт дегеннің қай уақыт екенін, Үркердің қай кезде жамбасқа түсетінін есептеп шығаруға болады. Осы есеп бойынша сүтпісірім уақыттың – 10-15 минут, бие сауым уақыттың жарты сағат, шай қайнатым уақыттың – бір сағат, ет пісірім уақыттың екі сағат уақыт екенін межелеуге болады.

Кеңістіктегі көлденең және тік ұзындық өлшемін білдіруге қолданылған қамшының ертеде уақытқа байланысты ұғымды да білдіргенін **қамшының сабындай келте ғұмыр, қамшы саптай қысқа** тәрізді тілдік имплициттердің бойынан аңғарамыз:

Қысқа гой қамшы саптай қыз көктемі [4, 243 б.].

Уақытқа қатысты тұрақты тіркестер қазақ халқының өмір туралы идеяларын бейнелейтін әлемнің тілдік бейнесінде маңызды орын алады, сонымен қатар адамдардың уақыт туралы жалпы идеялары фразеологизмдерде көрініс табады.

Уақыт фразеосемантикасындағы тұрақты тіркестерді зерделегенде, олардың құрылымының семантикалық аясы бірнеше бөлімнен тұратынын аңғардық. Олар:

- 1) адамның өмір жолындағы кезеңдер;
- 2) тәуліктік-циклдық сәттер;
- 3) жыл мезгіліне байланысты тіркестер;

- 4) адамның өмірінің соңының жақындағаны;
- 5) уақыт құбылысының қарқынына баға беру.

Фразеологиялық бейненің, соның ішінде уақыт мағынасындағы фразеологизмдердің басты қызметі әлемге, қоршаған ортаға деген субъектілік, эмоционалды-бағалауыштық мән үстеуінде.

Уақыттың мағынасын білдіретін фразеологиялық бірліктердің бейнелі негізі, ол, ең алдымен, эстетикалық функцияны орындайды, әлемнің лингвистикалық бейнесін модельдеуге ықпал ететін әсерлі, көрнекі, сезімтал және айқын бейнелер жасайды.

Осылайша, уақыт семантикасындағы қазақ тілінің фразеологиялық бірліктерін зерттеу тәсілі уақыт категориясын түсінудің әртүрлі аспектілерін анықтауға және оның қазақ өміріндегі, менталитетіндегі және ұлттық мәдениетіндегі бейнесін сипаттауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дударева, З.М. Контрастивное исследование концептуальной сферы «ВРЕМЯ» в русской и башкирской языковых картинах мира: монография / З.М. Дударева. - Екатеринбург-Стерлитамак: Уральский гос. пед. университет-Стерлитамак. гос. пед. академия, 2004. – 200 с.

2 Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты (ұзындық, арақашықтық, салмақ-көлем өлшемдері негізінде) // Канд. дисс. - Алматы, 2003.

3 Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алма-Ата, Ғылым, 1977. –711 б.

4 Қоңыров Т. Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1990. - 243 б.

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОР БЕЙНЕСІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК СИПАТЫ

КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., қауымд. профессор,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ШЕРІКБАЙ А.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Көркем мәтіннің коммуникативті стилистикасы бірнеше ғылым тоғысында пайда болды және функционалды стилистиканың жаңа

бағыты болып табылады. Ол тұтас мәтінді (тілдік шығарылым) коммуникация формасы және идиостиль құбылысы ретінде жан-жақты кешенді түрде зерттейді.

Аталмыш жағдайда мәтінді кешенді түрде зерделеу мәтіннің тууы және оның көркемдік тұрғыдан өңделуімен байланысты қарым-қатынастың лингвистикалық және экстарлингвистикалық факторларын зерттеуді уәждейді.

Көркем мәтіннің коммуникативтік стилистикасы орыс тіл білімінде М. Н. Кожина, Н. С. Болотнова, П. Г. Богатырев, А. П. Евгеньева, И. А. Оссовецкий, А. Т. Хроленко, Е. Б. Артеменко, З. К. Тарланова, С. Е. Никитина, О.А. Черепанова ғылыми зерттеулерінде қарастырылды.

Қазақ тіл білімінде коммуникативтік стилистиканың кейбір аспектілері З. Ерназарова, Д. Әлкебаева, М. Қанабекова, Ж. Жақыпов зерттеулерінде ішінара дәйектелді.

Қарым-қатынастың лингвистикалық факторларына тек мәтін аясында тұрған тілдік жүйені ғана емес, сонымен қатар автордың ниетіне байланысты тілдік жүйесін ескере отырып, олардың мәтіндік көрінісінде әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдарды таңдау және ұйымдастыруы жатады [1].

Көркем мәтіннің коммуникативтік стилистикасындағы қарым-қатынастың экстарлингвистикалық факторларының ішінде автор мен адресат тұлғасы; олардың бастапқы және қайталама коммуникативтік қызметін анықтайтын мақсаттары мен міндеттері; тілдік қатынас саласының ерекшелігі; жағдайдың сипаты; жанр және т. б. маңызды болып табылады [2].

Көркем мәтіннің коммуникативтік стилистикасының ғылымдар тоғысындағы орнына тоқталар болсақ, мәтіннің коммуникативтік-қызметтік аспектілері алдыға шығады. Бұл жерде тілдік қызмет теориясына сүйенетін автор мен адресат арасындағы коммуникативтік қатынас, прагматика, психоллингвистикаға назар аударылатын болады. Сонымен қатар, көркем мәтіннің құрылымдық-семантикалық ұйымдастырылуын коммуникативті әсер тұрғысынан зерттеу бірқатар факторларға, соның ішінде автордың стилистикалық узусына және идиостильіне байланысты қарастырылады.

Көркем мәтіннің коммуникативті құрылымы ұғымын дамыту мәтінді жасаушы – көркем шығарманың авторы фигурасына ерекше назар аударуды қажет етеді, ол өзі ойлап тапқан кейіпкерлердің сюжеті мен тағдырын ғана емес, сонымен бірге осы ақпаратты

ұсыну формасын да анықтайды. Сонымен қатар, автор көркем көркем шығарма мәтінде әр түрлі қырынан көрініп отырады. Ол оқырманмен тікелей диалог құруы мүмкін немесе бейтарап бақылаушы рөлін ойнауға тырысады, өзін басқаларға қарағанда кейіпкерлердің бірімен байланыстыра алады және т. б. Осылайша, мұнда басты болып табылатын «автор – кейіпкер – оқырман» үштігін қарастыру қажеттілігі туындайды.

Б. Шалабай «Көркем әдебиет стилистикасы» еңбегінде көркем шығарма авторының маңыздылығын атап өтіп, автордың бейнесінің тіл субъектісі ғана емес, оның тіпті көркем шығармада аты аталмаса да, шығарманың мәнінің шоғырланған көрінісі екендігі, кейіпкерлердің тілдік құрылымын байланыстыратын баяндаушы, әңгімелеуші екендігі, автор арқылы ғана көркем шығармадағы тұтас дүниенің идеялық-стилистикалық нүктесі анықталатыны айтылып өтіледі [3, 118 б.].

Расында да кейіпкерлердің не білетіні, олардың нені көретіні, не туралы ойлайтыны авторға белгілі. Сонымен қатар, автор кейіпкерлерімен әр түрлі қарым-қатынаста бола алады, олармен сөйлесе алады. Бірақ сонымен бірге ол жасаушы ретінде өзі құрған әлемнің шекарасынан аспауы керек. Егер автор бейнесі шығарманың бойына енсе, шығарманың эстетикалық тұрақтылығы бұзылуы мүмкін.

Көркем мәтін аясында автор мен оқырман арасында қарым-қатынас жүреді, ол коммуникацияның ерекше түрі – көркемдік байланысты тудырады. Көркемдік байланыс автордың өзін-өзі көрсетуінен басталады, бірақ мәтінді түсіну процесі арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Көркем мәтінді түсінудің соңғы компоненті – интерпретация.

Қазіргі көзқарас бойынша интерпретация – бұл шығармашылық үдеріс, автор мен оқырманның ерекше ынтымақтастығы, бірлескен шығармашылығы.

Композициялық деңгей көркем мәтіннің ерекшелігін сыртқы безендіру әдісі ретінде мағыналық мазмұнды жасауға қатысады. Әрбір көркем шығармадағы автор бейнесі баяндаудан, баяндаушы және кейіпкерлер бейнелерімен түрлі үйлесімді байланыстардан көрініп отырады. Қандай да болмасын, әр шығармаға автор бейнесі міндетті түрде қатысады.

Көркем шығармада автордың бейнесі баяндаушылық ерекшелікте, сөйлеу түрлерінің өзгеруінде, монолог пен диалогтың сәйкестендірілуі формаларында және басқа композициялық

әдістерде көрінеді. Автордың бейнесі, егер автор шығармада өзін байқатпауға тырысса да, өз пікірін жанама түрде білдірсе де, сезіледі. Осыдан көркем шығарманың негізгі принципі автор бейнесінің ерекшелігі ашылады.

Көркем мәтіндегі автор бейнесін көрсетудің тілдік деңгейі стилистикалық талдау тұрғысынан ең маңыздысы болып табылады. Өйткені автордың сөйлеу құралдарының жеке жүйесі ретіндегі бейнесін зерттеу осы категорияның көп өлшемділігін оның шығарманың сөйлеу тінінде көрінісі тұрғысынан ашуға бағытталады.

Мәтінді ұйымдастыра отырып, автор тілдік құралдарды таңдау және қолдану, мәтіндегі қажетті позицияларға орналастыру арқылы өзін көрсетеді. Осы тұрғыда автордың стильдік ерекшеліктерін көрсететін жеке авторлық тілдік құралдары, ерекше қолданыстары қарастырылады. Аталмыш тілдік бірліктер бір жағынан авторлық идиостильді анықтайтын болса, екінші жағынан автордың шығарма оқиғасына деген көзқарасын білдіреді.

Мәтіндегі тілдік құралдардың өзара әсерінің мәнерлі әлеуеті ретінде көрінетін стилистикалық қызмет берілетін ақпараттың логикалық мазмұнын ғана емес, сонымен қатар экспрессивтілігін, эмоционалдығын бағалаушытық және эстетикалық қырын да байқатады. Автордың бейнесі табиғатына тілдік сипаттама жасалмаса да, өзі қолданған тілдік құралдары мен стилистикалық ерекшеліктері арқылы айқындала түседі.

Автор бейнесі категориясына бүгінгі таңда ерекше назар аударылып отырғанымен, ол стилистикалық жағынан жеткілікті дәрежеде зерттелмегенін мақала жазу барысында анықтап отырмыз. Оның себебін әр көркем шығармадағы автор бейнесінің бірегей, ерекше екендігімен байланыстыруға болады.

Автор бейнесі:

– «Автордың бейнесі – әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасының көріну қалпы. Автордың идеялық нысанасы, көзқарасы, ұғым-түсініктері, наным-сенімдері, көркемдік принциптері, суреткерлік шеберлігі, жазушылық, суреткерлік сипаты – өзгешелігі, ал оның өнер иесі ғана емес, өз тағдыры, өз мінез-құлқы бар жеке адам ретіндегі бейнесін алсақ, ол жекелеген жанрда (мысалы, өмірбаяндық, мемуарлық) болмаса, айқын көрініс таппайды» [4, 21].

– «Автордың рухани әлемін, оның ішінде өзіндік танымын, ішкі болмысын, дүниеге деген көзқарасын, бір сөзбен айтқанда аялық

білімін тану үшін ең алдымен көркем мәтіндегі автор бейнесін тану қажет» [5].

– «Әрбір жазушының стилін жеке зерттеу арқылы лингвистикалық талдаудың дамуына өз үлесін қосып, оның даму бағыттарын анықтауға болады», – дейді профессор Р. Сыздық [5, 92].

Сонымен қатар тақырып, эпиграф, мәтіннің басталуы мен аяқталуы, бүркеншік ат, метатекст; эгоцентрилік сөздер, есімдіктер, үстеулер, субъективті модальділік көрсеткіштері автордың бейнесін білдіру тәсілі ретінде қарастырылады [7, 13–14].

Автор бейнесін білдіру құралы ретінде В. А. Кухаренко сөйлемнің басым түрлерін, олардың мөлшері мен олардың арасындағы байланыстарды, абзацтардың құрылымы мен ұзақтығын қарастырады [8]. Ол «...автордың бейнесін жүзеге асырудың негізгі бағыттары-автордың баяндауының лексикалық құрамы мен синтаксистік сипаты» деп атап өтеді [8, 34].

Е. И. Орлова автордың тілдік деңгейдегі бейнесі синтаксистік құрылымның заңдылықтары, сөйлемдер мен абзацтар арасындағы байланысты, сондай-ақ тілдік құралдарды таңдау принциптерін, лексикалық тақырыптық топтарды және троптардың қолдануды айтып өтеді [9, 10].

Қарастырылған материалдар арқылы көркем шығармадағы тіл арқылы автор бейнесін ашуға болатыны, туындыға негіз болып отырған идеяны тану жазушы тіліндегі тілдік бірліктерді зерттеу қажеттілігі анықталды. Автор оқырманға өзінің болмысын, білімі мен түсінігін, пікірі мен қағидаларын, ішкі күйін түрлі көріктеу әдістері мен экспрессивті-эмоционалды сөздер арқылы ұсынады.

Демек, егер эмоционалды, бейнелі, экспрессивті сөздер мол қатысуы, сөйлемдердің ырғақ, интонациясы мәтінге әсерлілік беру үшін айрықша құрылуы, шығарма тартымды болу үшін синоним сөздер, тұрақты тіркестер барынша көп жұмсалуды, осылардың барлығының грамматикалық амал-тәсілдерді ерекше қиюластырып қолдану арқылы берілуі көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктер болса, автор бейнесі де осы стильдік ерекшеліктер арқылы жан-жақты ашылады.

Осылайша, «автор бейнесі» категориясының коммуникативтілігін көркем мәтінді талдау бірлігі ретінде автордың ниетін және көркем мәтінде әртүрлі бірліктерді қолданудың жүйелілігін ескереді. Автордың семантикалық орталық ретіндегі бейнесінің рөлі көркем мәтінді түсіндіруде осы категорияны қолдану қажеттілігін қамтамасыз етеді. Жалпы грамматикалық

категориялардың және жеке грамматикалық мағыналардың, атап айтқанда коммуникациядағы маңыздылығына сүйене отырып, біз автордың бейнесін ашудағы көркемдік құралдардың стилистикалық әлеуетін зерттеуді өзекті деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кожина М.Н. Стилистика русского языка. Учебное пособие. – М.: Просвещение, 1977. – 223 с.
- 2 Болотнова Н.С. Коммуникативная стилистика текста: словарь-тезаурус. – М.: Флинта: Наука, 2009. – 384 с.
- 3 Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Республикалық оқулық баспа орталығы, 2006. – 304 б.
- 4 Ахметов З. А. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. – Алматы : Санат, 1997. - 288 с.
- 5 Ордабекова Х.А. Аялық білім жүйесінің тілдік коммуникациядағы көрінісі // –Хабаршысы. Филология сериясы. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, 2017. –№ 2. –159 б.
- 6 Сыздықова Р. Сөз күдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. /Рәбиға Сыздықова. / –Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 296 б.
- 7 Виноградов В.В. О языке художественной прозы. Избранные труды / В.В. Виноградов. – М., 1980. – 360 с.
- 8 Кухаренко В.А. Интерпретация текста / В.А. Кухаренко. – Л.: Просвещение, 1979. – 327 с.
- 9 Орлова Е. И. Образ автора в литературном произведении : учеб. пособие. - М., 2008. 44 с.

ҰЛТТЫҚ СТЕРЕОТИПТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

КАРИПЖАНОВА А. О.

ғылыми жетекші, ф.ғ.к., қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

НАЗЫМБЕКОВА С. А.

магистрант, «Филология» кафедрасы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Стереотиптерді зерделеу және зерттеу қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Фразеологизм стереотиппен байланысты болғандықтан, олар стереотипті білдіру құралы да болады, сондай-ақ ол аталмыш фразеологизмде

көрсетілген белгілі бір идеямен немесе бейнемен байланысты болады.

Когнитивті лингвистика мен этнолингвистикада стереотип термині тіл мен мәдениеттің мазмұндық жағын көрсететіні қарастырылған.

Тілдік стереотип – бұл лексикадағы өте маңызды ұғым, ол тіл тәжірибесінде этнонимдер ретінде қолданылады.

Стереотип – бұл тұрақтандырушы фактор, бір мәдениеттің кейбір басым компоненттерін сақтауға және өзгертуге, екінші жағынан өзін «өзгелердің» арасында көрсетуге және сонымен бірге «өзін» тануға мүмкіндік беретін тіл мен сөйлеу құбылысы. Стереотип – бұл қандай да бір әлеуметтік топ, халықтың мінез-кұлқы мен қасиеттеріне, болмысына жалпы берілетін баға [1, 4].

Фразеологиялық бірліктердің өздері стереотиптік тіркестер ретінде айқындалып келген болатын. Мәдени ақпарат ұлттың рухы мен өзіндік ерекшелігін білдіретін фразеологиялық бірліктерді қамтитын тұрақты тілдік тіркестерде бекітілген. Оларда халықтың өмірі, мінез-кұлқы, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бейнеленеді, өйткені тұрақты тіркестер – ұлттың рухы мен өзіндік ерекшелігі айқын көрінетін кез-келген ұлттық тілдің жаны [2, 70].

Г. Смағұлова стереотип фразеологизмдерге төмендегідей мысалдар жасайды:

Құда болу (қыз бен жігіттің әке-шешесінің өзара келісімі);
босаға аттау (келіннің үйге келуі, келін түскенде айтылады);
түн ұйқысын төрт бөлу (ананың баланы күтіп, бағуы);
ақ жаулық (әйел, жұбай);
отау тігу (үйлену, үй болу);
тіл мен жағына сүйену (көп сөйлеу);
бесікке салу, қырқынан шығару (дүниеге келген жас сәбиге қатысты істелетін ырымдар) [2, 70].

Көптеген фразеологизмдердің ішкі формасында мәдени-ұлттық нақышты жеткізетін мағыналар болады. Мәдени ақпаратты тарихи оқиғалар мен материалдық мәдениеттің элементтерін бейнелейтін мәдениет белгілері (мифтер, архетиптер, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер және т.б.) бар фразеологизмнің ішкі формасынан алуға болады. Осылайша, фразеологиялық бірліктердің қалыптасуында, яғни бейнелерді таңдауда олардың мәдени-ұлттық стереотиптер мен стандарттармен байланысы байқалады. Содан кейін бұл ақпарат ассоциативті негіздің мәдениетпен (эталондар, символдар,

стереотиптер) байланысын көрсететін коннотацияларда қайта жандана түседі [3, 84].

Тұрақтылық – фразеологиялық стереотипке де тән қасиет. Мұндай тұрақтылыққа әлемнің маңызды жағдайлары санада жиі қайталанып, таныс тұжырымдамаларға айналатындығына байланысты қол жеткізіледі. Ұлттық санамыздағы стереотиптік жүйе арқылы адам дүниені танып, өз көзқарасын бейнелі фразеологиялық жүйемен суреттей алады. Адамдардың қоршаған әлемді, өмірді, әлемді қабылдауындағы, түсінуіндегі бекітілген әрекеттер мен дағдылар фразеологиялық стереотиптер арқылы беріледі. Оларды өмір сүруге, тәрбиеге, ұлттық салт-дәстүрлерімізге, жалпы адам болмысы, сипатына байланысты фразеологизмдерден байқай аламыз.

Енді адамды сипаттайтын фразеологизмдерге [4] тоқталайық.

1) Адамның бет-әлпетін суреттейтін стереотип фразеологизмдер:

Айдай сұлу, Күндей нұрлы, Ай қабақ, алтын кірпік, Ай десе аузы бар, Ақ дидар, Ақ құба, Бидай оңді, Алма мойын, аршын тос, Алтайы қызыл бөрік, Ақша маңдай, Қара көз, қиғаш қас – өте көрікті, асқан сұлу, келбетті, көрікті, сұлу мүшелі, сылаң әйел туралы тұрақты қолданылатын сөз тіркестері

2) Адамның мінезін суреттейтін

Азуы алты [кере] қарыс – қаһарлы, өте ызғарлы өр адам туралы айтылады; ертеде алпауыттар мен жебір бай, үстем тұқым өкілдері жөнінде айтылған.

Ағаш белсенді – дүмбілез, белгілі әкімдік мансабы жоқ, қолынан еш нәрсе келмейтін, сырттай пысық кісі.

Адамның аласы ішінде – кісінің мінезі, қылығы, пиғылы сыртқа көрініп тұрмайды, ішінде бұғулі жатады. (Көбіне сенбестік, күдікті жағдайда айтылады).

Аң саусақ – ешқашан жанын қинап, қара жұмыс істемейтін, жалқау кісі.

Кер табан – қиянқы, қырсық, тартыншақ.

Ағама жеңгем сай, апама жез-дем сай – мінез-қылығы үйлес. Көбіне кекесін мағынасында айтылады.

Жылқы мінезді – құбылмалы деген мағынада айтылып тұр.

Ақ жарқын – жайдары, ашық мінезді.

Ала құйын – жеңілтек мінезді, ұшып-қонған адам туралы айтылады.

Алдына келгенін тістеп, артына келгенін тенті – тым тентек, мінезі шадыр кісі туралы айтылады.

Атқа жеңіл құдаша – тым ұшкалақ, жеңіл мінезді адам.

Аузы жеңіл – не болса, соны айта салатын жеңіл мінезді кісі.

Әккі жасау – қу, айлакер, сыр мінез дұшпан.

Әнер бақан, сал сойыл, ұр да жық – шаш ал десе, бас алатын, даңғой, оспадар, ожар мінезді адам туралы айтылады.

Бала мінез – бала сияқты әр нәрсеге сенгіш, аңқау, алансыз жан.

Дүние қоңыз – дүниеқор, пасық.

Жарқын жүзді – мінезі ашық-жарқын.

3) адам болмысын сипаттайтын фразеологизмдер

Ата сақал аузына біткен – кемеліне жеткен, егде тартқан, ұлғайған.

Атасы басқа – өзімен бірге тумаған деген ауыспалы мағынада жұмсалады.

Ата-баба зәузаты – аталас, тектес адамдар.

Аталықтай ақсақал, аналықтай бәйбіше – елдің батагөй шалы, аруанасы.

Ақ жсаулық – әйел, жұбай.

Ат байлар – қазақ эвфемизм ретінде ер баланы осылай атаған.

4) Бағалау элементі бар стереотип фразеологизмдер:

Айбар мүйізді – күдіретті, қорғаныш болар, сүйеу болар деген мағынада айтылады.

Көкірегі байлаулы, Көкірегі көзді, Көкірегінің көзі бар – көзі ашық, зерделі, сезімтал адам туралы тұрақты тіркестер.

Ақылы азық, сөзі сусын – ақылымен қаракет қамына бастап, сөзімен қаяу көңілді тұшытқан даналар жайлы айтылады.

Әліпті таяқ деп білмеді – хат танымайтын, сауатсыз адам туралы айтылады.

Алмас тілді, Тілі мірдің оғындай – өткір, әділ тілді, шешен сөзді адам.

Асылдың сынығы, шұғаның қиығы – жақсы адамдардың ұрпағы деген мағынада.

5) Діни, мифологиялық, ертегі, фантастикалық бейнелер арқылы адамды сипаттайтын стереотип фразеологиялық тіркестер:

Шайтан кірген – ниеті бұзылған, арам ойлайтын адам.

Пері соққан – жынұрған есуас, тентек.

Қақ дидарын көрген – діни сенім бойынша Алла тағаланың шапағаты, рақымын көрген адам мағынасында айтылып тұр.

Ақтан келді – діни ұғым бойынша аян көріп, адал тілек айтты, оң батасын берді деген ұғым. Баба түкті шашты Әзіз ақтан келіпті, Қозыке мен Баянның атын қойды.

Аланың [құдайдың] сүйген құлы – Құдайдың жарылқаған пендесі.

Аруақ қолдады [жсар болды] Діни сенім бойынша әулие-әнбие, ата-баба рухы жебеген деген мағынада.

Бибибатпа пірімнің қолы – ескі діни сенім бойынша, Бибатпаны (бұл сөз «Фатима» дегеннен шыққан) – әйелдердің пірі етіп тұтынатын бейнесі.

Аталмыш фразеологизмдердегі мағынаны білдіру тәсілдеріне келетін болсақ, фразеологизмнің концептуалды өзегі – стилистикалық, прагматикалық, модальдық, эмоционалды, субъективті, коммуникативті және т. б. реңктерден алынған мағынаның құрамдас бөлігі денотативті-бейнелі компоненті арқылы жасалатынын аңғаруға болады.

Тарқатып айтсақ, адамның сипаты тұрмыстағы қолданылатын зат атаулары қатысқан тұрақты тіркестермен беріледі:

Көбік ауыз – көп сөйлейтін мылжың, көкіме адам.

Қырлық пышақ – таласып-тартысқан, араздасып, ала ауыз болған ағайын.

Жайылып жастық, иіліп төсек болды – қонақжай адам

Адамның қасиеттері адамды аң-жануар, құс сипатымен жанама салыстыру арқылы бағаланады:

Бөрі бет батыл – қайсарлық, хауіпке қарсы шабатын.

Иттің құлы итақай, Иттің ұлы байқұтан – кім көрінген, кез келген; кім болса сол.

Байлаулы бұзау – біреуге кіріптар, тәуелді, лажсыз адам.

Жылан жүрісті – ізін білдірмейтін, зымиян әрекет иесі.

Тұрақты тіркестердегі мәдени коннотация арқылы біз эмоция, бағалаумен байланысты ерекше мағыналарды көреміз.

Бағалаушылық компонент оң және теріс бағалаудан тұрады. Адамның кез-келген белгісі, оның әр сипаты бағалана бермейді. Қазақ тілінде, оның ішінде қазақ фразеологизмдерінде теріс бағалаулар көп екендігі анықталды.

Маңызды бағалау векторлары анықталды: интеллект (ақыл, сана, ой); сыртқы келбеті (әдемі-көріксіз және т.б.); адамның мінез-құлқы; адам болмысы.

Экспрессивті компонент нормадан ауытқуды, белгілі бір орташа стандартты көрсетеді. Бұл өлшемнен ауытқуды білдіретін лексикалық маркерлер арқылы көрінеді.

Бейнелі компонент шындықтың объектілері мен құбылыстары туралы көрнекілік-сезімдік ұғымдарды қалыптастырады.

Фразеологизмдерге талдау жасағанда адамның сыртқы келбеті мен мінез-құлқын сипаттайтын тұрақты тіркестердің тілімізде мол екенін аңғарды және стереотиптерді де анықтай алатынын білдік. Халықтық менталитетті көрсететін стереотиптермен бейнелі қабылдаудың арақатынасы негізіндегі тұрақты тіркестерді түсіндіре отырып, біз олардың мәдени-ұлттық мағынасы мен сипатын ашамыз, бұл ұлттық-мәдени коннотацияның мазмұны болып табылады. Осылайша, фразеологизмдердегі стереотиптердің көрінісі өте айқын көрінеді, өйткені бейнелерді тұжырымдамалармен, мағыналармен байланыстыра отырып, біз тілдік өрнектің мәдени-ұлттық маңыздылығын анықтай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Иванова Е.А. Стереотип как феномен культуры : автореферат дис. ... кандидата философских наук : 09.00.11 / Рос. ун-т дружбы народов (РУДН). - Москва, 2000. - 19 с.

2 Смағұлова Г.С. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020. – 256 б.

3 Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.

4 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі / І. К. Кеңесбаев.; [жауапты ред.: А. Ысқақов, Қ. Өмірәлиев]; ҚазССР Ғылым акад.; Тіл білімі ин-ты. - Алматы : Ғылым, 1977. - 711 б.

ҚАЛЖЫҢ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ

ҚОПАЕВА Ә. Қ.

докторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ҚАДЫРОВА Б. М.

ф.ғ.к., доцент, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәдениеттің ұлттық құндылық-мағыналық кеңістігінің шегі ұлтты жаңғырту процесінде маңызы жоғары этномәдени жиынтығымен беріледі. «Мәдениетті ғылыми тұрғыда зерттеудің жетекші бастауы – тіл. Кез келген өркениеттің мәдени стереотиптер

жүйесі тілдің көмегімен реттеледі» [1, 560 б.]. Тілдің ұлттық құндылық-семантикалық кеңістігінің шектері ішкі немесе тілдік сананың белгілеріне сыртқы немесе мәдени танымның субстраттарын біріктіру процесінің жиілігі мен сапасының көрсеткішімен белгіленеді.

Әлемнің ұлттық мәдени моделі нышандар, ұлттық дәстүрлер және ұлттық стереотиптер арқылы ұсынылатын бастапқы номинацияның объектілері мен объектілерінің мәнін жүйелеу арқылы өзектендіріледі. Әлемнің ұлттық тілдік моделі сөздердің ішкі формаларынан, яғни бастапқы номинация мәндерінен мағынаны алу нәтижесінде алынған екінші номинация мәндері арқылы вербализацияланады. Екінші номинацияның мәндері екінші лингвосемиоз жүйесінің коды ретінде қызмет ететін тілдік белгілердің немесе тілдің стилистикалық құралдарының түсіндірмелері болып табылады. Әлемнің ұлттық тілдік бейнесін ұлттың тілдік санасын сипаттайтын статикалық лингвосемиотикалық құбылысқа жатқызады. Әлемнің ұлттық қалжыңдық тілдік бейнесін әлемнің статикалық ұлттық тілдік бейнесіне өзгерістер енгізетін және әлемнің жаңа ұлттық тілдік бейнесін жасауға жағдай жасайтын динамикалық лингвосемиотикалық құбылысқа жатқызу қажет сияқты.

Қалжыңның тілдік бейнесі әртүрлі ұлттардың менталитетінің ерекшеліктерінен, халықтардың ойлау ерекшеліктерінен, белгілі бір өмірлік құбылыстарға көзқарастардағы айырмашылықтардан тұрады. Әзілдің тарихи өзгергіштігі негізінен әзілдің ұлттық ерекшеліктерінде көрінеді. Кез келген ұлттың қалжың белгілерін байқау оңай, бірақ оларға нақты сипаттама беру өте қиын. Уақыт өте келе әр ұлт өмірлік және тарихи тәжірибе негізінде құрылған өзінің ерекше қалжың формасына ие болады. Әр халықтың ұлттық құпиясы оның киімі мен асханасында емес, заттарды түсіну тәсілінде [1, 561 б.]. Бұл «заттарды түсіну тәсілі» тапқырлықта, ұлттық реңктегі әзілде айқын көрінеді.

Қалжың дискурсына қатысты зерттеушілер комикалық құбылыстың әр түрлі жақтарын көрсететін көптеген терминдерді ажыратады. Күлкі, тапқырлық, ирония, әзіл, қалжың, сатира және т.б. – карнавал мәдениетінің бір бөлігі, карнавал санасының көрінісі ретінде күлкілі жағдайлар мен күлкілі шығармаларға тікелей байланысты ұғымдар [2, 14 б.]. Комикалық категория – кең ұғым, бұл әлеуметтік маңызы бар ерекше эстетикалық категория. В. Я. Пропп күлкі тудыратын барлық нәрсені комикалық салаға

жатқызады [3, 148 б.]. А. Бергсон бұл категорияны мағыналы ойын ретінде қарастырады; реакцияларымыз бен эмоцияларымызды реттейтін тыйымдар мен нормалар бөгет болмаса, күлкі мен келеке етуге болатын барлық нәрсені жатқызуға болады [4, 327 б.].

Анатомист Франц Джозеф Галл ми қыртысында ақыл-ой қабілеттерінің орналасқан жерін бірінші болып анықтады. Бұл тұжырымдаманы Брок өрісі 1861 жылы миынан сөйлеу орталығын тапқан кезде дәлелдеді. Сонымен қатар, Галль сұр затты белсенді тін (жүйке) және ақ затты дәнекер тін деп таныған алғашқы адам болды. Эмпирикалық зерттеу әдістерінің көмегімен Галль мидың әртүрлі функцияларын ми қыртысының белгілі бір аймақтарымен байланыстырды. Мысалы, ол фронтальды шекенің екі аймағында сөйлеу орнын анықтады, олардың бірі – сөйлеу артикуляциясы, екіншісі – сөздерді жаттау.

Нейролингвистика тарихында Галль идеяларының антагонисті ретінде физиолог Пьер Флуранс пайда болды, ол ми қыртысының

бір бөлігі алынып тасталса да, ми функциялары өзгеріссіз қалады деген идеяны қорғады.

1861 жылы Эрнест Обуртин Парижде сәтсіз өз-өзіне қол жұмсау оқиғасын көрсетті, оның миы фронтальды мандайдың жанында ашылды. Дәрігер фронтальды мандайды шпательмен ұстағанда, науқас сөйлей алмайды; Обуртин үшін бұл жағдай сөйлеу қабілетінің орны осы жерде екендігіне дәлел болды. Пол Брока, хирург және антрополог, біраз уақыттан кейін осындай жағдайды көрсетті.

1861 жылы нейролингвистика ғылымы Поль Брок өзінің теориясын ұсынған кезде науқасы тек «тан» деп аталатын буынды ғана айта алатын болған, Брок науқас адам жазу кезінде мидың зақымдануы мидың сол жақ жарты шарында орналасқан мидың белгілі бір аймағына (бүгінде Брок орталығы деп аталады) әсер еткенін анықтады. Брок екі гипотезаны ұсынды: біріншіден, психологиялық функциялар мидың ядроларында, екіншіден, сөйлеу бұзылыстары мидың сол жақ жарты шарындағы жарақаттардан туындаған, сондықтан сөйлеу аймақтық орталықтандырылған емес, керісінше бүйірлік.

Броктың орнына анатомия маманы Мейнерт келеді, ол коннекционистік теорияға айтарлықтай әсер етті. Мейнерт жануарларда ақ заттың жүйке талшықтарын сынап көрді және екі түрді тапты:

- Ми қыртысы мен омыртқа арасындағы талшықтар.
- Әр жарты шарда немесе екі жарты шарда әртүрлі қиылысу нүктелері арасындағы ілеспе талшықтар.

Осылайша, Мейнерт сана, ақыл және есте сақтау ми қыртысында екенін, бірақ онда белгілі бір орын жоқ екенін растайды. Осылайша, индуктивті ойлау қауымдастықтар мен қабылдау арасындағы нәтиже болып табылады.

Невропатолог Карл Вернике психологиялық функциялар мида деген идеяны дамыта отырып, Броктың зерттеулерін жалғастырды. Верниктің зерттеулері оны мидағы жаңа аймақтың ашылуына әкелді, ол қазіргі уақытта «Вернике аймағы» деп аталады, ол сөйлеуді түсіну мәселелерімен байланысты. Вернике мидағы Вернике аймағынан (сөйлеуді қабылдауға жауапты аймақ) Брок аймағына (сөйлеуді қабылдауға жауапты аймақ) өткен сөйлеуге байланысты «белгілі бір аймақты» анықтады.

Осы аймақтардың кез-келгеніне зақым келтіру афазияға әкелуі мүмкін.

Неміс физигі Людвиг Лихтштейн Вернике теориясын толықтырды, ол мидың екі аймағын сөйлеумен байланыстырады, үшінші аймақ «пайымдаулар орталығы» деп аталады. Лихтштейн үшін ми оны қабылдағаннан кейін сөзді өтуі мүмкін жол қайталау (Брок аймағы арқылы) немесе сөздің мағынасы түсіндіріліп, мағынаға ие болған «пайымдау орталығына» көшу болды.

Осылайша, екі мектеп, локализм және коннективизм пайда болды, олар 1920 жылға дейін когнитивизм мектебі құрылғанға дейін үлкен әсер етті. Арманд Труссо Броктың кейбір тұжырымдамаларын клиникалық тұрғыдан сынға алды және жоққа шығарды, сонымен қатар нейролингвистикадағы афазия тұжырымдамасын белгіледі.

Сондай-ақ, невролингвистикаға психолог Александр Лурия айтарлықтай әсер етті, ол афазияны «динамикалық локализация» моделіне сәйкес зерттеп, оны клиникалық жұмыста қолданды.

Неврологиядағы лингвистика тәсілдері сөйлеу немесе афазиядағы кемшіліктерді зерттеуге құрылымдық теорияны бірінші болып қолданған Джейкобсоннан басталды. Джейкобсон Фердинанд де Сауссердің сөйлеу барысында прагматикалық және сингматикалық қатынастар туралы теориясын қолданды.

Ноам Хомскийдің генеративті мектебі пайда болғаннан кейін, нейролингвистика қайта жанданды және нейролингвистикадағы грамматиканың шығу тегі туралы көптеген қолданбалы зерттеулер осы кезеңге оралды. Эрика Леннебергидің жұмысына назар аударған жөн, ол әлі де күшті әсер етеді. Қысқаша айтқанда, Леннебергтің келесі тұжырымдарын айтуға болады:

– Тіл туа біткен сипаттамамен, әр түрдің ерекше белгілерімен және биологиялық сипаттамасымен (әр түрдің церебральды функциялары) анықталады.

– Адам тілінің кейбір ерекшеліктері әмбебап (барлық тілдер үшін негізгі негіз бар).

– Онтологиялық даму жасөспірімге дейін физикалық жетілу арқылы жүреді (тілдің орналасуы және оның прогрессивті саралануы).

Басқа адамдармен байланыс тек туа біткен механизмді тудыратын триггер ретінде әрекет етеді.

Ғылыми еңбектердің, теориялардың, пікірталастардың және әсердің үлкен көлемі лингвистикада екі үлкен жүйені қалдырды: бір жағынан Гешвинд айтқан «неоклассикалық модель» деп аталады, екінші жағынан, Александр Лурияның еңбектері қатты әсер еткен «динамикалық локализация».

Нейролингвистиканың тілдің басқа аспектілерімен байланысы. Фонетика және нейролингвистика

Фонетикада нейролингвистика қарастыратын мәселелер әртүрлі, ал көзқарастар қабылданған лингвистикалық модельдерге, классикалық (структурализм, генеративизм) немесе қазіргі заманға байланысты өзгереді.

Неврология зерттейтін фонологиялық мәселелердің бірі-парафазия:

«Сөйлеудің немесе сөздердің қажетті дыбыстарын (әріптерін) басқаларына ауыстыруда немесе жеке дыбыстарды (әріптерді) немесе ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөздерді дұрыс пайдаланбауда көрінетін сөйлеу сөзінің бұзылуы.

Парафазияның екі түрі бар:

1) литеральды парафазия – сөздердегі жеке дыбыстарды немесе буындарды қате ауыстыру; оның негізінде сенсорлық немесе моторлы сөйлеу бұзылыстары жатыр;

2) ауызша парафазия – сөздің мнестикалық немесе семантикалық бұзылыстарына байланысты бір сөзді басқа, мағынасы жақын сөздермен алмастыру; ол әртүрлі сөздердің жеке элементтерін бір-біріне біріктіру ретінде де көрінуі мүмкін» [5, 13 б.].

Афазиялы науқастың негізгі бір сипаттамасы – сөйлеудің аграмматизмі (нейропсихологиялық бұзылу). Ол сөйлеудің грамматикалық құрылымын талдау және дұрыс қолдану қабілетінің жоғалуымен сипатталады. Экспрессивті аграмматизмде сөйлеу белсенділігін құрған кезде грамматикалық кателер кездеседі. Импрессивті аграмматизмде ең алдымен қатынастарды білдіретін грамматикалық құрылымдардың мағынасын түсінуде қиындықтар туындайды (сөздер арасындағы байланыстар, предлогтар, шылаулар, сөз тәртібі). Көбінесе басым жарты шардың уақытша және фронтальды маңдай қабығының фокустық органикалық зақымдалуымен байқалады және афазияның әртүрлі формаларының құрылымына енеді [6, 45 б.].

Сондай-ақ, параграмматизм феномені афазия проблемасымен айналысатын ғалымдардың назарын аударады. Параграмматизм-патологиялық жағдай: грамматикалық ережелерді дұрыс қолданбаған кезде ауызша немесе жазбаша сөйлеудің бұзылуы. Бұл сөйлеу орталықтарының жетілуінің бұзылуымен немесе доминантты (көптеген адамдарда-сол жақ) ми жарты шарының уақытша париетальды аймағының фокальды зақымдалуымен байланысты болуы мүмкін» [7, 14 б.].

Бұл құбылыстар лингвистер мен нейролингвистер үшін үлкен қызығушылық тудырады, өйткені олар нейролингвистикадағы морфологиялық және синтаксистік ілімдердің негізі болып табылады.

Қорыта келгенде, нейролингвистика – ескі және жаңа ғылым деп те айтуға болады. Оның үлкен тарихы бар және көрсетілгендей, барлық саладағы ғалымдар нейролингвистиканы зерттеуге қызығушылық танытты, жаңа теориялар жасады, әртүрлі гипотезалармен жұмыс жасады, нейролингвистиканы құруға көмектесті. Бірақ, әлі көп нәрсе жасалмады және істеу керек.

Қазіргі уақытта нейролингвистиканың әртүрлі бағыттарын түсіну үшін біз сөйлегенде, тыңдағанда, сөйлемдерді ойлағанда, басқа тілдерді үйренуді бастағанда және т.б. мидың қалай жұмыс істейтіндігін зерттеу үстінде, бір жағынан коннективизм, екінші жағынан танымдық теория, үшінші жағынан функциялардың динамикалық локализация теориясы, барлығы тілдің қалай пайда болатындығы, дамуы, жұмыс істеуі, айналуы және т. б. туралы сұрақтарды шешуге тырысады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Introduction to Neurolinguistics. Ahlsén, Elisabeth. – Amsterdam / Philadelphia.: Изд-во «John Benjamins Publishing Company», 2006.
- 2 Studies in neurolinguistics. Whitaker H. A, & Whitaker H. – New York NY.: Изд-во «Academic Press», 1976.
- 3 Глоссарий психологических терминов. Под. ред. Н. Губина. <http://vocabulary.ru/dictionary/7/word/> (Посещённый 10.12.2010)
- 4 Лингвистический энциклопедический словарь. Караулов. Е. Н. Винарская, С. Н. Кузнецов. <http://tapemark.narod.ru/les/327с.html> (Посещённый 08.12.2010)
- 5 Медицинский словарь. Под ред. В. Бородулина. <http://www.medactiv.ru/yguide/p/guide-p-0061.shtml> (Посещённый 10.12.2010)
- 6 Словарь лингвистических терминов. Ахманова. О. С. – М.: Изд-во «Советская Энциклопедия», 1969 – С.373.
- 7 Словарь практического психолога. С.Ю. Головин. <http://vocabulary.ru/dictionary/25/word/> (Посещённый 10.12.2010)

ТІЛ ӨЗГЕРІСТЕРІ: ҚОҒАМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

САГИБАЕВА М. А.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Тіл өзгерістері, тілдің дамуы деген ұғыммен пара-пар. «Даму» термині екі мағынада түсіндіріледі: 1) тіл бірліктерінің бір күйден басқа бір күйге ауысуы; 2) қарым-қатынас қажеттілігінің күшеюіне байланысты тілдің бейімделу процесі [5].

Тілдің қоғамдық қызметінің қарым-қатынас жасауда, пікір алмасуда, адамның ойын жеткізуде маңызды екені баршамызға аян. Қоғам, ұжым бар жерде ғана тіл өмір сүреді. Қоғам болмаған жерде тіл де болмайды. Демек, тілдің тууы, қалыптасуы, дамуы, өзгеруі, өркендеп өсуі, тіпті өшуі мен өлуі де тілдің өзінің қызмет етіп отырған қоғамымен, ортасымен байланысты. Тіл – қоғамдық құбылыс. Қоғамда болып жатқан өзгерістер де, келенсіз құбылыстар да адам санасына қалай әсер етсе, тілге де солай әсер етеді [1, 40-б.]. Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, қоғамның дамуымен қатар өзгеріп және дамып отырады. Тірі ағза сияқты тіл де өніп-өсіп, дамып, өзгеріп, өліп-өшіп, құрып отырады. Оның өліп-өшпей, керісінше, дамып отыруы үшін қандай да бір тіл активті түрде қолданысқа ие болуы керек.

Тілін де, экономикасын да қатар дамытып, өркениеттен қалмай өмір сүріп жатқан ұлт – мықты ұлт. Бұл жерде тілінің дамуы экономикаға негізделіп, ұлттық сана-сезімінің өсуімен қатар жүретіні әрдайым есте болғаны жөн. Алдымен, тілді, болмаса, экономиканы дамытып алайық деуге қоғамдық өмірдің даму заңдылықтары сәйкес келе бермейді. Өйткені, адамзат қоғамының рухани және материалдық жағы біртұтас, бірінсіз біріннің шындап дамып кетуі екіталай, бола қалғанның өзінде де арасында сәйкессіздіктер пайда болып, ұзаққа бармайды [1, 50-б.]. Ендеше бұл екеуінің қатар жүруі заңды. Қазақ елі ағымдағы жылы өзінің тәуелсіздігінің 30 жылдығын тойламақшы. Отыз жыл адам жасының «орда бұзар» шағы, демек, тіліміздің де болашағы жарқын екеніне еш күмән келтірмеймін. Тіл экономиканың дамуымен қатар ғана дамиды, өзгереді деп біржақты ғана да айтуға болмайды. Тілде болатын өзгерістер қолданушылардың еркінен тыс, тілдің ішік даму заңы бойынша іске асады. Тілдің ішік даму заңы жалпы тілдік болуы да мүмкін. Бірақ бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты [5].

Тілдің даму заңдары — лингвистикалық әдебиетте жиі кездескенімен, нақты мәні сараланып анықталмаған түсінік. Оның бір себебі — тіл білімінде даму және өзгеру деген ұғымдардың шегі жете анықталмауына байланысты. Қайсы бір тіл бірліктерінің өзгерістері, өзара байланыстары мен қатынастары, тілді жетілдіруге қатысты болмаса да, олардың дамуы ретінде қарастырылады [5]. Тілдің дамуының төмендегідей заңдылықтары бар:

Бірте-бірте эволюциялық жолмен даму;

Тілдік қабаттардың барлығы бірдей дәрежеде, біркелкі дамымайды, жағдайға, өмір талабына сәйкес әр түрлі қарқында, әр түрлі сапада дамиды;

Тіл қатынас құралы қызметін атқарып тұрған жағдайда әрқашан да даму үстінде болады. Сондықтан оның дамуын тарихтан бұрын, тарихтан кейін деп кезеңге немесе әр түрлі сатыға бөлу дұрыс емес;

Тілдің дамуы қоғам дамуымен тығыз байланыста болады, бірақ бұл екеуінің дамуы бір емес, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, қазіргі әдеби тілімізде жарыс сөз, мейраммен құттықтау, жалынды сәлем, биік мұрат, өндірістік басқарма, тірі мүйіс, демалыс күн, ашық жиналыс, жабық жиналыс, пікір алысу, тәжірибе алмасу, су қоймасы, өзара сын, социалистік жарыс, еңбеккүн, деген тәріздес тіркестер жүздеп, мыңдап қолданылады. Бірақ өткен ғасырлар ескерткіштерінен дәл осындай мағынада мұндай тіркестер кездеспейді. Бұл тәріздес тіркестердің бәрі де үстіміздегі ғасырда, әсіресе, Кенес өкіметі орнағаннан кейінгі дәуірде ғана пайда болды. Тілімізге біртіндеп, елеусіз сіңіскені сондай, қазірде бұларды тілдегі жаңалық деу де қиын. Оның тағы бір себебі жоғарыда келтірілген тіркестердің барлығы да тілімізде бұрыннан бар көне материалдан (сөздерден) жасалған. Сөйтіп, тілдің дамуы шындалып жетілуі бірте-бірте болады. Тіл дамуының басқа қоғамдық құбылыстар, әсіресе базис пен қоғамдық қондырмалар дамуынан өзгешелігі де осында.

Тілдің даму қарқыны, шындалып жетілу дәрежесі қоғам дамуының түрлі кезеңдерінде түрліше болады. Қазақ тілінің осы қысқа мерзім ішіндегі, тәуелсіздік алғаннан кейінгі, даму дәрежесі одан бұрынғы бірнеше ғасырлар бойғы дамуынан әлдеқайда қарқынды және өнімді болды дей аламыз.

Тілдің қай-қайсысында да оның құрылымдық элементтерін абстракциялап қолдануы бар. Бұл заң бойынша, тілдегі бір кездегі деректі элемент барған сайын дерексізденеді, бір кездердегі толық мағыналы сөздер келе-келе грамматикалық морфемаларға, шылау сөздерге айналады, сөздер бастапқы нақты мағыналар үстіне

келтірінді, ауыспалы мағыналар үстеп, семантикалық жағынан дамиды, т. б.

Дыбыс тілі дамуына тән тағы бір ортақ заңдылық-дифференция заңы. Көрнекті ғалымдардың болжамдарына қарағанда, дыбыс тілі пайда болуының бастапқы кезеңінде қазіргі түсінігіміздегідей жеке дыбыс, сөз, сөйлем дегендер болмаған, яғни дыбыс тілі атаулының қай-қайсысы да сөйлеудің бастапқы диффузды (элементтері бір-бірінен жекеленбеген, бөлінбеген) түрінен оны жеке элементтерге бөлшектеу, даралау принципі арқылы дамыған. Сөздердің әр түрлі таптарға бөлінуі, сөйлем түрлерінің көбеюі сияқтылар тілдік тұлғаларды бір-бірінен жекелеу, даралау талабынан туғандар. Бұл екі тәсіл-абстракциялаумен дифференцияциялау тәсілдері тілдер дамуында жарыса жүріп отырған процестер.

Тіл дамуында дифференцияциялаумен қатар, оған қарама-қарсы мәндегі интеграциялау (топтау, біріктіру) принципі де болады. Бұл тәсіл бойынша ұсақ тұлғалар өздерінен бір саты жоғарғы тұлғалар құрамына еніп, анағұрлым күрделі тұлғалар жасалады. Морфемалардан сөз, сөздерден сөз тіркестерін, бұлардың тіркесулерінен сөйлем құрау, лексикалық мағыналары әр түрлі сөздерді белгілі бір ғана сөз табы етіп топтау интеграция принципіне негізделеді.

Тілдер дамуында болатын ортақ құбылыстардың тағы бір түрі – аналогиялық принцип. Бұл тәсіл бойынша тілде бұрыннан бар белгілі бір тұлғаға, амал-тәсілге сүйеніп, соған ұқсас жаңа, тың туындылар жасалады. Мысалы: Қазақ әдеби тілінде аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп деген бірді-екілі сөйлемшеде ғана болмаса, =ар ман, =ер мен деген қосымшалар арқылы жасалатын сөздер жоқ еді. Соңғы жылдары аналогия тәсілімен көрермен, оқырман, қадырман деген сөздер; жұмыскер, балалық, сәлемдеме дегендер тәріздес сөздерге аналогия ретінде қаламгер, оқулық, аялдама дегендер тәріздес сөздер қалыптасып орнықты.

Б. А. Серебренниковтің пікірінше, тіл дамуының (процесінің) қатыстық және абсолюттік түрлері бар және олар бірдей емес. Тіл техникасы көбінесе қатыстық прогресті бейнелейді. Мәселен, әр түрлі тілдердегі дауыссыздардың ықпал заңдылығына ұшырап отыруы, толық дауыстылардың ықшамдалып отыруы т. б. осының көрсеткіштері. Бірақ тіл техникасындағы мұндай тенденциялар әр тілде әр түрлі болуына байланысты көптеген проблемалар туындайды. Тіл техникасындағы абсолюттік прогресс қоғамдық

өмірдің күрделенген формаларына тілдің бейімделуімен сипатталады. Қоғамда өндірістік күштің өсуі, ғылым, техника, мәдениет дамуы, адамдардың әлеуметтік өмірінің күрделенуі, жана қатынастардың тууы т.б. – бәрі өмірге қаншама жаңа ұғымдар әкеледі, тілдің қоғамдық қызметінің артуына, стильдік түрлерінің кеңеюіне мүмкіндік береді. Тілдер қатыстық және абсолюттік прогресс бағытында қатар дамиды. Табиғи тіл ешқандай алдын ала болжаусыз, стихиялы түрде дамиды. Түйіндеп айтқанда, тілдің даму заңдарын тілдердің даму жолдарын прогрестік тұрғыда бағыттап отыратын тұрақты және заңды тенденциялар деп анықтауға болды [2, 16 б.]. Мәдениет пен тіл бір-бірімен байланыста болады. Тілдің табиғатын мәдениет–табиғат–адам деп қарастыратын болсақ, мәдениет – тілдің мазмұны, ал тіл – мәдениет жаршысы. Мәдениет туа бітпейді, демек табиғи емес, ал адам – табиғаттың бір бөлшегі. Тіл – адамзаттың, ұлттық мәдениеттің ажырамас бір бөлігі.

Қазіргі уақытта күннен күнге дамып күшейіп, күн сайын өсіп келе жатқан қазақ халқының ұлттық даму үрдістері аса тым қарқынды. Қазақ халқы өзінің ұлттық құндылықтарының тамыры теренге жайылғанын, оны өміршендігін көрсетіп отыр. Дегенмен де бүгінгі қазақ қоғамының алдында әлемдік өркениеттің озық үлгілерін үйреніп, төл мәдениетіміздің өркендеуін даңғыл жолға қою сияқты міндеттер тұр. Сол құндылықтарымыздың бірі – тіл мәселесі.

Сөз тіркесінің зерттелуі туралы айтатын болсақ, ол кейінгі кезде зерттеулердің жемісі деп саналады. Сөз тіркесінің құрылысы – сөз тіркесін зерттеудің басты мәселесі. Нақтырақ айтатын болсақ, сөз тіркесінің күрделенуі туралы зерттеулерді қарастырайық. Қазақ тілінде сөз тіркестері туралы ойлар 1930 жылдардан бастап қана айтыла бастады. Бұл туралы алғашқы болып жазған Қ.Жұбановтың еңбектерінен көруге болады. Ал сөз тіркестері туралы грамматикалық мағлұматтар мектеп оқулықтарында 1939 жылдардан беріле бастады. Осы жерде С. Аманжолов, С. Жиенбаев, Т. Сауранбаев еңбектерінің орны ерекше. Ол еңбектерінде сөз тіркестері деп нақты аталмағанымен, біразға дейін сөздер тізбегі, сөздердің қарым-қатынасы, сөздердің байланыс деп айтылып жүрді. 1940 С. Аманжолов «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» деген еңбегінде сөз тіркесі туралы арнайы тоқталғандығы белгілі [3, 13 б.]. Осы еңбегінде сөз тіркестерінің байланысу түрлерін «Сөйлем мүшелерінің өзара қарым-қатынастары» деп «қиысу, жанасу, қабысу, менгеру-менгерілу және сөйлем мүшелерінің орын

төртбі» түрінде беске бөліп қарастырады, ал кейін 1950 жылы «Сөйлемдегі сөздердің қарым-қатынасы» деп атай отырып «қиысу қарым-қатынасы, менгерілу, қабысу және жанасу» түрінде түзетіп төртке бөліп қайтадан қарастырады. Қазіргі қазақ тілінде де сөз тіркестерінің байланысу түрлері беске бөлініп беріледі. Бірақ бұл екеуінің арасында айырмашылық бар. Қарап отырсақ, ғалымның кейінгі зерттеулері қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері төрт түрімен сай келеді, тек бесінші түрі ретінде матасу берілген. Матасуды енгізген ғалымдар – Е. И. Убрятова, М. Б. Балақаев. Бұл – қазақ тілі біліміндегі айтулы жетістіктердің нәтижесі.

Сөзжасам – қазақ тілінің лингвистикасында жеке сала ретінде кеш дамып келе жатқан сала. 80-90 жылдардан бері зерттеліп келе жатқан «Сөзжасам» саласы морфология саласында, кейбір мәселелер «Лексикология» саласында қарастырылып келді. Бүгінгі күнде «Сөзжасам» қазақ тіл білімінде жеке сала ретінде қарастырылады. Жеке сала болып қалыптасуы 1989 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияға байланысты. Бұл салада еңбек еткен ғалымдар қатарынан Н. Оралбаева «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» (1988), Қ. Қалиевтің «Сөз тудыру – жеке сала», С. Исаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» (1998) т.б. ғалымдардың еңбегінен көруге болады. Жоғарыда айтылған мәліметтерге сүйенетін болсақ, қазақ тілінің қалыптасқан, күрделі сөзжасам жүйесі бар екеніне көз жеткіземіз. Сөзжасам жүйесінің осындай дәрежеге жетуінің негізі әріден бастау алады. Демек, сөзжасам – қысқа мерзім ішінде емес, ұзақ уақыт ішіндегі дамудың нәтижесі. Осы жерде даму, өзгеріс ұғымдарының бір орнында тұрмайтынын, үздіксіз үдіріс екенін түсіндік.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижесі бастапқыда дұрыс көрінгенімен, тәжірибеде, қолданыста әлі де зерттеуді қажет ететінін түсінеміз. Демек, қандай да бір ғылым саласындағы зерттеулер, дәлірек айтсақ, лингвистика саласындағы зерттеулер бір орнында тұрмайтынын, өзгеріп дамып отыратынын көріп отырмыз. Жемісті, жеңісті нәтижеге жету үшін аянбай еңбек етіп, ізденіп, ділелдер келтіру керек. Лингвист ғалымдардың зерттеу еңбектері бізге осыны «тайға таңба басқандай» көрсетіп отыр. Тіл білімінде өзгеріс, даму деген ұғымдардың шегі мен шеті жоқ. Жоғарыда аталып өткен даму заңдылықтаын ескеретін болсақ, тіл өзгерістері, дамуы қоғамның дамуымен тығыз байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014 жыл
- 2 Сарыбаев Ш. Тіл ғұмыр. Ғылыми мақалалар жинағы – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018 жыл
- 3 Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі — Алматы. «Сөздік-Словарь», 2005 жыл
- 4 <https://stud.baribar.kz/13877/tildinh-damu-zanhdylyqtary/>
- 5 <https://kk.wikipedia.org>

БІЛІМ БЕРУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

САҒЫНАЕВА Г. Ә.

магистр, аға оқытушы, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ. АҚТАС А., САРСЕНБАЕВА А. А. студенттер, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазіргі тың өзгерістер, жаңа технологиялар, инновациялық даму үдерісі кезінде мұғалімге қойылатын талап та күн сайын артып келеді, сондықтан да ХХІ ғасыр мұғалімі білімді, көзі ашық және де кез-келген жаңашылдыққа тез бейім бола білу керек.

Болашақ-жастардың қолында, ал жастардың тәрбиесі ұстаздардың қолында. Әйгілі педагог Ушинскийдің «Бала-балқытылған алтын» дегені осы орайға дөп келіп тұр, себебі бала алтын іспеттес, алтынмен дұрыс жұмыс жасай білсең қымбат зергерлік бұйым шығады, ал қызуын қаттықылдырсаң немесе қатты қағып қалсаң қымбат бұйым емес, ешкімге керегі жоқ жай зат болып қалады, демек балаға да дұрыс бағдар берсең, бойына игі қасиеттерді жинасаң көзі ашық, рухы жоғары азамат шығады. Бірақ бұл орайда алтын алтын болып қала береді және оны біз қайта балқытып, кемшіліктерімізді түзеп бұйым шығаруға мүмкіндігіміз бар, ал балаға кішкентай кезінен қандай тәрбие берсең соны әрі алып кетеді, қайтадан дұрыс тәрбие беріп, өміргедеген көз-қарасын өзгерту қолдан келе бермес дүние.

«Білім берудің жаңартылған мазмұны» – күн сайын дамып келе жатқан қоғамда бәсекеге қабілетті, өз ойын анық жеткізе білетін, жаңашылдыққа бейім, күзиретті тұлғаны қалыптастыру. Сондықтан да сабақ барысында қолданылатын технологиялардың басты міндеті балалардың бойына жауапкершілік пен сенімділікті арттыру.

Заман талабынан қалыспай мұғалімдер өз білімін шындай беру керек, сондықтан да мұғалімнің тәжірбиеміздегі ендігі мақсат, алған біліміміздің жетілдіріп, алдымыздағы кедергілерден өте отырып, саралы, зерделі білім беру жолдарын қарастырырып, оларды тиімді пайдалана білу.

Мишра мен Клердің зерттеулеріне жүгінсек технологиялық, пәндік, педагогикалық білім салаларын өзара байланыстыра алған мұғалім жоғары деңгейдегі мұғалім болмақ. Демек, белгілі пәндерді оқыту барысында білім технологияларын орнықты қолдану мен берілген үш аспектіні өзара байланыстырып, белсене қолдануы мұғалімнің өз дамуына да, оқушылардың оқу процесін білікті түсінетініне кепілдік береді.

Келесі кезекте сабақ барысында сан-түрлі оқыту технологияларын және интерактивті әдіс-тәсілдерді қалай орынды қолдану қажет деген сұрақ туындайды, теориялық білімді практикамен байланыстыра білу керемет шеберлікті талап ететін дүние. Осы орайды оқушыға қағазбен қаламды ұстатып тапсырма бере салудан қарағанда, заманауи технологиялар арқылы жұмыс жасау қызығырақ. Мысалы, қазақ тілі сабағында сөзжасам жайлы реферат немесе ойтолғай жазу дегенше, балаларды өзара сұхбаттастырып, ойларын талқыға түсіріп, интерактивті тақтаға видео материалдар көрсету оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, ой өрістерінің дамуына ықпал етеді.

Осы орайда «диалогтік оқытудың» маңызы жайлы сөз қозғағымыз келеді, оқушылар мұғаліммен немесе өзара диалог арқылы ой алмасуы сөзсіз, демек диалогтік оқыту сабақ үстіндітіімді қолданылған жағдайда балалар өз ойларын анық жеткізуге, көпшілік ортада еркін сөйлей білуге, бәсекеге түсе алуы, ой өрісінің дамуына бірден бір ықпал етеді. Сонымен қатар оқушылар түсінуге, басқалардың ойын тындауға, өз сөздерін саралап бақылайды және соны дәлелдей біледі, яғни жауапкершілікке де үйренеді. Алға қойылған тапсырмалар арқылы өзін-өзі реттейді және білімге деген құштарлығы артады.

Шанк пен Циммеран сынды зерттеуші ғалымдар өз еңбектерінде балалардың өзін-өзі бақылау мониторингі үдерісінде дербес болуына асаназар аударған. Авторлар өз бетінше жұмыс атқара алу мен өз дамуына деген ниетін метатанудың негізі деп санаған.

Кез-келген сабақта мақсатқа жету үшін оқушылардың қызығушылығын оятып, белгілі бір әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білу қажет деп білеміз. Сондықтан да балалардың жас

ерекшелігіне сай өзекті әдіс-тәсілдерді орынды қолдана білу арқылы, оқушылардың өз бетінше дамуына әсер етеміз. Осы орайда сабақ барысында 7 модульді қарастырып, жаңаша әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолдануға болады.

Біз әр сабағымызда өткен тақырыпты қайталап, еске түсіріп шығу үшін «Кір жуу машинасы», «ішкі» шенбер, сыртқы шенбер», «сен маған, мен саған», «самолет», «құпия жәшік» сынды әдістерді қолдана отырып оқушылардың қызықты ойын ойнап отырып тек қана өткен сабақты қайталап қана қоймай, жаңа сабақты да меңгере кеткенімізді байқамай қалады.

Қазақ тілі, әдебиет, жаратылыстану, география сабақтарында «ойлар бұлты» атты әдісін қолданып өткен сабақты қайталау немесе жаңа тақырыпты бекітуге ыңғайлы. Оқушы тақырып бойынша бір есте қалған сөзді жазады, және соны басқаларға неліктен сол сөзді есте сақтап қалғаны, несімен ол сөз ерекшеленгені жайлы өз ойын білдіреді. Бұл әдіс оқушыны жауапкершілікке, көпшілікке сөйлеуді үйретеді.

Тағы да бір ереже сұрауға немесе үй тапсырмасын тексеруге таптырмас әдіс ол «стикердегі диалог». Бұл әдіс оқушының есте сақтау қабілетін арттырып, тез ойлауға, шапшаң болуға үйретеді. Бұл әдісте оқушыға қағазға жазылған сұрақ беріледі, бірақ жауабы басқа. Осыған байланысты оқушылар бір-бірін тыңдауға үйренеді себебі, өз сұрағының жауабын есту керек. Бұл әдіс үлкен сыныптарға арналған, себебі кіші сыныптарға қиынға түседі.

Оқушылардың оқуын, жазуын, айтуын, өй-өрісін кеңейту мақсатында «сын тұрғысынан ойлауға үйрету» әдісін тәжірибеде қолдану көп нәтиже берді. Аталған тәркесте «тұрғысынан ойлау» деген тіркесі баланың ойы белгілі бір проблеманы шешуде мида шоғырталып қалу мағынасын білдереді. Яғни «мақұлдау», яки «теріске шығару» деген мағынаны білдірмейді. Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталады. Ол маңызды мәселерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. «Екі түрлі күнделік, РАФТ, 5 минуттық эссе, автор орындығы, Джигсо, Т кестесі» т.б. секілді әдіс-тәсілдері оқушының ойлануына, олардың көшбасшылық, шығармашылық қасиеттерін анықтауға, талдау мен бағалай білуге, шешімдер шығара алуға, нақты дәлелдер келтіруге үйретуге мүмкіндік береді. Оқушының өй-өрісін дамыту барысында сыни тұрғыдан ойлауына ықпал ету үшін, балаға дұрыс сұрақ қоя білу аса маңызды. Демек оқушы кзіне қоюылған сұрақты

немесе өзі қойған сұрақтың қандай дәреде екенін анықтай алса, саларайтын болса, оқушы өзіне-өзі сыни көзқараспен қарай алады.

«Өмір бойы білім алу - әрбір Қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», – деп еліміздің көреген көшбасшысы Н. Ә. Назарбаевтың сөзі бар. Егер оқытып жатқан шәкірттеріміз өзімізді алдымызға түсіп, озып жатқан жағдайда, біздің елен еңбегіміздің ақталғаны деп білеміз.

«Әрбір бала-болашақ данышпан» деген ойлы қағидағамән берсек, яғни табиғи таланттарды ашу, жас талапкерлердің жарқырап көрінуі үшін мұғалімге жүктелер міндет аз емес. Ол міндет оқушылардың шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін, өй-өрісін дамыту үшін аянбай еңбек ету, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту.

Сонымен бірге жекелеген жұмыстар, жұптық, топтық жұмыстар арқылы ойын ашық айта білу, пікір айтуға үйрену, пікір таластыру, ойланып жауап беру, жолдастарының ойын тыңдау, жауаптарын бағалай білу, білім сапасының артуына әсерін тигізеді мұғалімнің ұтары мол, – деп ойлаймыз. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану мұғалімнің шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылып жатады.

Кәзіргі таңда мұғалімдердің күзіреттілігін арттыру барысында біздің жетістігіміз ол баланың ойына өзі үйренуге бегенқұлшынысты ояту, жүрегіне кішкентай шам шағып, ертен ол шамның үлкен алау болуы, жарқын болашаққа жігерлендіріп, шамшырақ болу. Бұрын бұл кішкентай оқушы біздің тыңдаушылмыз болса, қәзір ол өз бетімен ізденуші, зерттеуші, ал біз мұғалім ретінде бағыт-бағдар беруші болып келеміз.

Қорыта келсек: Ж. Аймауытовтың «Баланың ынтасын арттыру үшін оқытатын нәрседе бір жаңашылдық болу керек», – деген сөзінде үлкен мән жатыр. Неге десеңіз, әр оқушы сабаққа келгенде жаңа білім алып шығуымен қатар, өзінің де белгісізбір қырларын танытуы тиіс. Сонда ғана сабақ қойылған мақсатына жетеді.

Жай мұғалім хабарлайды,

Жақсы мұғалім түсіндіреді,

Керемет мұғалім көрсетеді,

Ұлымұғалім шабыттандырады, – деп Уильм Уорд айтқандай, әрбір жаңашыл мұғалім өзінің шығармашылық өрекетінде дәстүрлі стильден алшақтап, үнемі жаңашыл идеялар жетегінде жүрсе, білім сапасының жақсара түсетіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 «Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары» Е.Т.Ақитбаев., 2006 ж.
- 2 Бәкелестікке қабілетті тұлға тәрбиелеу Қ.Жүнісханов. 2008.
- 3 «Оқыту-тәрбиелеу технологиясы» журнал-2010 №3,5, 2011 ж.ж №5,
- 4 Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» жолдауы.
- 5 3 деңгей. Мұғалімге арналған нұсқаулық.

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҮШТІК ҰҒЫМ ТУРАЛЫ

САТЫБАЛДИН А. С.
докторант, Павлодар қ.. Қазақстан Республикасы
ЖЫЛҚАЙДАРҚЫЗЫ Қ.
PhD, профессор, Баян-Өлгей қ., Монғолия

Қазақтың көркем де бай тілінде сандар ұғымы мен сандар жүйесі ерекше орынға ие. Сандар туралы ұғым оны қолданушылардың мәдениеті және санасымен тығыз байланысты. Себебі тілдік қордағы сандар мағынасы мен ұғымы жалпы дүниенің тілдік және көркемдік бейнесін тануда қызмет жасайтын лингвомәдени және когнитивтік тілдік бірлік болып табылады.

Қазақ дүниетанымындағы сан атаулары лексикалық бірліктер ғана емес, сондай-ақ лингвомәдени бірліктер ретінде де қызмет етеді. Сандық бірліктердің мағынасы ұлттық болмыстан ақпарат беруші ұғымы да болып табылады. Осы ретте «үш» саны лингвомәдени аспекті аясында қайдай ұғымдарды ашады деген сұрақ туындайды? Бұл сауалға төмендегідей жауап іздеп көрдік.

Сандар ұғымы мен семантикалық табиғаты туралы түркітанушы ғалымдар В. А. Гордлевский, Н. Поппе, И. Зенга, Ф. Розенберг, Г. Рамстед, В. Бартольдт, В. Радловлар тарихи-салыстырмалы зерттеулер жүргізгені белгілі. Қазақ тіл білімі ғылымында сандар тақырыбын тілші ғалымдар І. Кеңесбаев, Ә. Хасенов, Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев, Ж. Байзақов, Н. Уәлиұлы, А. Елешевалар арнайы зерттеу нысанында қарастырса, кейінгі толқын ғалымдар Қ. Ғабитханұлы, Қ. Дүсіпбаева, Р. Джельдыбаева, А. Ләйла, Қ. Жанатаев, Қ. Күркебаев пен Л. Қабылдинаның зерттеулерінде азды-көпті талданған [1, 78 б.].

Лексикалық мағынасы «екіден кейінгі сан» деп түсіндірілетін «үш» саны халықтық пәлсапада жаратылыстың бастамасы деген ұғымды білдіреді. Әлем халықтарының дүниетанымы, салт-дәстүрі мен наным-жорамалдарында үш киелі сан болып саналады. Ықылым заманның тылсым мифологиялық танымында, сол сияқты әлемнің көптеген халықтары мифологиясында әлем үш деңгейден немесе үш дүниеден тұрады-мыс. Сол себепті «үш» саны қасиетті.

Мифтік аңыз-әпсаналарда әлем, жаратылыс үш өлшемнен, үш деңгейден құралған. Бұл үш өлем: көк (аспан), жер беті және жер асты. Қазақ дүниетанымында әлемнің үш деңгейі Бәйтерек бейнесінде сипатталады. Демек, халық танымындағы әлем құрылымы бәйтерек түрінде көрініс тапқан. Тілдегі әлемнің үштігі «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ» деген мақалда сақталғаны тегін емес. Ұрпағы өсіп-өнген әулетті мәуелі бәйтерекке де жиі теңеп жатады. Яғни, бәйтеректің үш бөлігі: тамыры, діңі мен бұтақ-жапырақтары адам ұрпағының жалғастығын көрсетеді. Бұл теңеу «ата – әке – бала» немесе «өткен ұрпақ – осы ұрпақ – келер ұрпақ» моделін айқындай түседі. Яғни, қасиетті үштік ұғымы – өмір сүрудің символы.

Адам анатомиясы тұрғысынан адамның тұла бойының өзі үш бөліктен тұрады. Жоғарғы бөлігі – бас, ортаңғы бөлігі – мойыннан белге дейін, төменгі бөлігі – белден төмен қарай. Көне түркілік мифтерде адамның жаны, рухы, ақыл-ой санасы жоғарғы қабаттан, тәні ортаңғы қабаттан, адамның мәйіті төменгі қабаттан беріледі.

Әлемнің үш деңгейлік моделі туралы ұғым Күлтегін ескерткішінде де кездеседі: «*Үсте көк тәңірі, асты (төменде) жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған*» [2, 165 б.].

Атақты мифолог Қондыбай Серікболдың пайымдауынша, «үш» сөзі о баста сан атауы мағынасында жұмсалмаған, ол кіндік нүктенің, яғни негіздің атауы ретінде қолданылған. Үш санының номинативтік мағынасы тіл дамуының нәтижесінде пайда болған [3, 5 б.].

Б. Қанарбаева үш санының киелілік сипатын матриархат қауымының қалдығы салдарынан пайда болғанын жазады: «Ата-бабаларымыздың «Күннің құдайы жердің құдайын өзіне әйел етіп алған, адам мен жер бетіндегі тіршілік содан жаратылған, Жер-Ана жер бетіндегі табиғат жаратылыстарының бәрінің анасы». Демек, Күн – әке, Жер – ана да, адам – олардың балалары. Бұл модель де үш санын бейнелейді [4, 12 б.].

Сондай-ақ үш санының киелілік сипаты халқымыздың бұлжымас ескі наным-сенімінде де анық байқалады. Мәселен, халық түсінігінде бір – жалғыздық, екі – жұп, қос, егіз ұғымдарын білдірсе, үш — әлемнің жаратылысы (Көк, жер, жерасты), әлемді жаратушы (от, ауа, су) мағынасында қабылданады.

Қазақ дүниетанымында үш саны – бірлік пен тұтастықтың нышаны ретінде танылады. Мысалы, қазақ танымында отбасы үштік бірліктен құралған: әке, ана және бала. Осы үшеудің толық болуы нағыз отбасы саналған. Жаугершілік заманында қазақ ата мен әулеттің, ұлыс пен рудың күшті болуын әр отбасында баланың көп болуымен түсіндірген. Демек, әрбір шаңырақтың «өсіп-өнуі, көбеюі-көктеуі» артына неғұрлым көп ұрпақ ерту даналық пәлсапасынан пайда болған. Бұл ұғым мына мақалдан көрініс тапқан: «Бір бала – жоқ бала, екі бала – жарты бала, үш бала – бір бала». Яғни, бір отбасындағы үш жас ұрпақты бір бала ретінде қабылдаудың астарында «артында ұрпағың қалсын, елің өсіп-өнсін» деген ұлттық болмысқа тән нақыл жатыр.

Халық даналығы мен мәдениетінің жемісі – мақал-мәтелдер екенін белгілі. Үш саны қолданылатын мақал мен мәтелдер де аз емес. Оларды тарқатып айтар болсақ, «Құдай ошағынның үш бұтына берсін!» деген мақал бар. Сонда отбасының ұйытқысы болған ошақтың үш бұты – күйеу, қыз және ертеңгі көретін балалары. Қазақ үшін ошақ – қастерлі дүние екенін айдан анық. Ал, осыдан «Ошақтың үш бұтындай» деген теңеу астарында ошақ береке-бірліктің де нышаны екенін түсінуге болады. Сондай-ақ көрген және өмірден түйгені көп үлкендердің бір-бірімен ұзақ уақыттан кейін кездесу үстінде «Ошақтың үш бұтындай емеспіз бе?» деуі тегін емес.

Тәңірлік наным-сенім сарқыншағы болып қалған кейбір салт-ғұрыпты орындау барысында белгілі бір іс-әрекетті үш қайтара орындау дәстүрі берік қалыптасты. Аталған әрекетті үш рет орындау киелі, бұлжымас заң ретінде түйсінуден шыққан болу керек. Мәселен, қазақтың үйлену салтында күйеу баланың қайың жұртына алғаш бару рәсімінде отқа май құю рәсімі басталмас бұрын, қайың атасы үйін аттап кірген күйеу бала алдымен үш рет тәжім етіп, содан кейін қолына ұстатқан ожаудан шоққа май құятын болған.

Үш санының құдіреттілік мәні халқымыздың көптеген салт-ғұрыптары мен ырым-жораларында аңғарылады. Мәселен, ел ішінде аты шыққан, талантты не дарынды тұлғалардың «жақсы өнері» жұғысты болсын деген ырыммен жаңа туған нәрестің аузына үш рет түкіртетін ырымдары осыдан тараған.

Дүние есігін ашқан сәбидің құрметіне арналатын салт-дәстүрдің бірі – шілдехананы үш күн, үш түн бойы атап өту бекер емес. Демек, жаңа босанған ана мен жас нәрестені сыртқы кері әсерден қорғау мақсатында үш күн, үш түн күзету сенімінен туындаған ырым болып табылады. Мифтік нанымның іздері сақталған үш күн назарда болатын жас ана мен нәрестені күзету кезеңінде «алас, алас» немесе «алас, алас, ауру-сырқаудан алас, тіл мен көзден алас» деген сияқты тылсым күші қуатты сөздерді үш мәрте қайталап айту ырымы бар. Демек, үш қайтара айтылған магиялық сөз пәленің бетін қайтарады деген сенімнен туындаған.

Өмір есігін жаңа ашқан сәбиге мұсылмандық дәстүр бойынша молда немесе аузы дуалы адамның бірі азан шақырып, құлағына үш рет сыбырлап, ат қояды. Бұл жерле де үш рет қайталау көрініс тапқан. Яғни, үш мәрте қайталау тәңірлік және мұсылмандық діннен келе жатқан заңдылық әрі түркі тілдес халықтар санасына сіңген дағдылы әрекет болып табылады.

Баланы бесікке бөлер алдында, сәбидің құндағын арша түтінімен үш қайтара аластау әрекеті, ырым-жоралғысы бар екенін де айта кеткен абзал. Бұл да үш санының киелі, қасиетті затты не құбылысты қорғайды деген нанымды көрсетеді.

Қазақтың дүниетанымында баланы жеті жасқа дейін періштесі қорғайды деп санайды. Баланың періштесі оның арқасына немесе мойнына мініп алған-ды. Сол себепті кішкене бала үйге кіріп келе жатып, босағада сүрініп кетсе немесе құлап қалса, «олжа келді, олжасын көтере алмай келе жатыр», «күт келді, күт келетін болды» деп баланы көтеріп, төрде үш рет аунатып алатын болған. Сол бала олжасын көтере алмай сүрінді, құлады деп түсінген. Аяғы сүрінген бала кірген үйге күт берік орнасын, береке-бірлік болсын, ырыс пен байлық келсін деген сенімнен баланы үш рет аунату ырымы жасалатын болған.

Қазақы наным-сенім бойынша тіршілік нәрі – судың киесі бар. Түнде құдықтан су алуға барғанда: «Су иесі Сүлеймен, су алуға рұқсат бер», – деп рұқсат сұрап суға үш рет кесек лақтыру керек. Бір емес, үш рет кесек лақтыру көнеден қалған наным-түсініктің сарқыншағы деп түсінген жөн.

Сонымен қатар бала үшін киелі әрі қастерлі ана махаббаттың өтеуі үш санымен тығыз байланысты. Ата-ана алдындағы жауапкершілігін меңзеп қана қоймай, әке-шешені сыйлап, құрметтеуге үндейтін «Ананды Меккеге үш рет арқалап барсаң да, қарызынан құтылмайсың» деген мақалдың мәйекті сөз үш рет

арқалап апару мейірім мен жақсылықтың қайтарымы үш рет әрекет етумен ғана жүзеге асады-мыс деген астар бар.

Қазақтың жиенқұрық жоралғысы бойынша жиен нағашысынан үш ретке дейін көңілі түскен нәрсесін (қыран бүркіт, алғыр тазы, жүйрік ат, берен мылтық т.б.) қалап алуға құқылы болған.

Үш рет қайталаудың философиялық мәні – наным-сенімге бағынған көне тәңірлік түсініктің стереотип. Сол стереотиптің дағдыға айналуынан қалыптасқан деп түйсінеміз. Ал, бүгінгі күнде бұл стереотиптік дағды тілдік қолданыста жаңаша мазмұнға ие болып, жаңаша көрініс тауып келеді. Мәселен, «аптаның үшінші күні сәтті күн», «үш ұйықтасам түсіме кірмейді», «үш қайнаса сорпасы қосылмас», т.б.

Үш рет қайталаудың стереотипті дағдысы келесі дәстүрден де байқалады. Қазақтар ата-бабасының моласына барғанда қабірді үш рет айналады. Сондай-ақ жаназада имам-молдалар марқұм жөнінде «Жақсы адам ба еді?» – деп үш рет сұрайды [5].

Ислам дінінде де «үш» санын құрметтеу бар. Мәселен, қасиетті «Ықылас» сүресін оқығанда үш рет қайталанып отырады. Мұсылмандардың ауыз бекітетін «Ережеп», «Шағбан», «Рамазан» айларын басқа айлардан бөліп алып, «Үш айлар» деп атайды. Аталған үш қасиетті ай да қатар келеді.

Сол сияқты қайтыс болған кісінің үшін беру рәсімі бары белгілі. Марқұмның рухына арнап, үш күннен кейін құран оқытып, ағайын-туысын жинап, мал шалып, арнайы атап өтуі аруақты сыйлау, құрметтеу деген халық дәстүрінде бар.

Үш – қазаққа тән туыстық өлшемді білдіретін ұғым. Мәселен, «ер азаматтың үш жұрты» деген сөз қолданысын жиі айтып жатамыз. Үш жұрты, олар: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты.

Қазақ халқының дүниетанымында үш саны – лингвотанымдық нысан. Қазақтар пәлсапасы бойынша жақсылықтың да жамандықтың да шегі – үшеу. Мысалы, үш артық – еңбексүйгіштік, адалдық, өнерпаздық; үш қуаныш – алғыс алу, өзінді көптің іздеуі, ісіннің өшпеуі; үш асыл – көз, тіл, көңіл; үш ынтық – еркін өмір, құрметке бөлену, пайдалы еңбек ету. Қазақтың аузы дауылы би-шешендер мұрасында да үш санына жиі қолданылған. Шешендер нақыл сөзіндегі үштік ұғым халықтың кемшілігі мен қатесін түзеу мақсатында айтылған. Мәселен, Үш мақтаншақ: Қатынын мақтаған, атын мақтаған, асын мақтаған. Үш жүйрік: Көңіл жүйрік, тіл жүйрік, қол жүйрік. Үш зая: Ақымаққа айтқан сөз зая, Қараңғыға телмірген көз зая, Болмашыға қайрылған өмір зая. Үшке тоқтау қыл: Өмірге

тоқтау қыл, өлімге тоқтау қыл, көңілге тоқтау қыл. Үш жетім: Ер алмаған қыз жетім, қаз қонбаған көл жетім, шалғыны жоқ жер жетім. Үш жұрт: ағайын жұрт, нағашы жұрт, қайынжұрт. Үш байлық: бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық. Үш алыс: жер мен көк, кәрі мен жас, жақсы мен жаман. Үш ортақ: ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ. Үш қат: жоғары қат – аспан, ортаңғы қат – жер үсті, төменгі қат – жер асты [8].

Қазақтың дана да дара ақыны Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде де үш санының лингвомәдени сипаты айқын танылған. Абайдың айтуынша, үш тұл: қайратсыз ашу тұл, тұрлаусыз ғашық тұл, шәкіртсіз ғалым тұл. Үш қуат: ақыл қуат, жүрек қуат, тіл қуат. Үш арсыз: ұйқы, күлкі, тамақ. Үш даусыз: мінез, көрілік, ажал.

Төле бидің даналығынан да үш санының әртүрлі сипат-табиғатын аңғарамыз. Төле би: үш кедейлік: кежірлік, еріншектік, ұйқы. Үш бақытсыздық: жаман ат, жаман қатын, жаман көрші. Үш көз: су анасы – бұлақ, жол анасы – аяқ, сөз анасы – құлақ. Үш тәтті: жан тәтті, мал тәтті, немере тәтті [1].

Қазақ дүниетанымында үш санының семантикалық өрісі өте кең.

Қорыта келгенде, қазақ халқының дүниетанымында үш саны ерекше орын алады. Үш санының атауында киелі мәні бар, ол магиялық мағына мен күшке, эзотерикалық символикаға ие. Сонымен қатар үш саны қазақ тілінде үштік ұғым мағынасына ие. Үштік – тұтастықтың жиынтығы, үш рет қайталау әрекетінің дағдысы, туыстық өлшеуіш қағидасы, ескерту символы, жаратылыстың бастамасы және сәттілік серігі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құрмамбаева Ж.Б. Қазақ тіліндегі сан атауларының лингвомәдениеттанымдық негізі. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дай. дисс. – Алматы, 2020. -77-87б.
- 2 Қасқабасов С. Қазақ мифі және әлемдік мифология // Жұлдыз.- 1998. - N 1- 163-176 б
- 3 Қондыбай С. Үш қиян: үш жүзге дейінгі «үш жүз» ұғымы туралы // Үш қиян.- 2003. - 11 желтоқсан (№ 50).- 5-6 б.
- 4 Қанарбаева Б. Наным-сенім тәлім: [Қазақ халқының наным-сенімдері жайлы] // Қазақ әдебиеті.- 1997.- 15 сәуір(N15). - 12-13 б.
- 5 Қасымова С. Сан компонентті мақал-мәтелдердің ұлттық-мәдени негізі. Канд.дисс.авторефераты. –Астана, 2010. – 23 б

6 Әлімбаев Н. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғылардың этномәдени проекциясы// ҚР ҰҒА-ның хабаршысы. 1994, №4. 36-48

7 Қайдар Ә. Қазақтан ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. - Алматы.: Дайк-Пресс, 2009. Т.1. Адам. - 780б.

8 Жанпейісов Е. Қазақ ескіліктері. - Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. - 352б.

9 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы, «Жібек жолы» баспасы, 2008. - 356б.

МӘШҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ СҰЛТАНМАХМҰТ

ТРУШЕВА Ш. Ж., ТРУШЕВ А. Қ., ТРУШЕВ Ә. А.

филология докторанты, филология ғылымдарының докторы, доцент,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

«Мәшһүр Жүсіп шығармаларының шешендік толғаулар және заманауи үрдіс» – деген тақырыпқа қатысты дерек көздер көп. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы шешендік сөздер әлі зерттелмеген. Қазақ әдебиетінде шешендік сөздер біршама зерттелді. Бұл – зерттеулер міндетті түрде біздің зерттеуге негіз болады. Және тақырыпқа қатысты шешендік толғаулардың бүгінгі заман әдебиетіне оның ішінде жекелей авторлардың шығармаларының көркемдік ерекшелігіне тигізіп отырған ықпалын, әсерін де қарастыруды анағұрлым тиімді болады. Атап айтқанда, Мәшһүр Жүсіптің өзі де тілге шешен болған (дәстүрлі шешен сөздер мен діни уағыз да бар). Шығармаларында басқа елдің өкілдері қатысқан дау-шаралар, сөз алмасулар (мысалы, қалмақ, қырғыз, ноғай, сарт, орыс, естек т.б.) кездеседі. Қазіргі кездегі дәстүрлі шешендік сөздердің жаппай халық арасында айтылмауы жазба әдебиеттің өркен жаюымен байланысты болса керек. Дегенмен, шешендік сөздердің қазіргі заманауи түрлері ауызша (радио, телевидение, конференция т.б.), ал ақын, жазушылардың шығармаларында орын алғаны өз алдына бөлек әңгіме. Сондықтан да шешендік сөздердің түрлері: ескі формасы мен дамыған жаңа формасы да әдеби шығармаларда кездеседі. Әсіресе, Мәшһүр Жүсіп шығармаларында (ауыз әдебиеті үлгілерінде, шежірелерінде, айтыстарында, жұмбақтарында, мақал – мәтелдерінде, қара сөздерінде), тіптен, көсем сөзінде (А.Б.) ұшырасады мұны айтып отырғанымыз ғұламаның шығармаларының қаншалықты ауқымды

екенін көрсетейік дегендік еді. Мәшһүр Жүсіп жазып алған шешендік сөздерде қазақтың жинақ болып шыққан шешендік сөздердегі кейбір толық нұсқалары сақталған. Жалпы, айта кеткен жөн ауызша жеткен дүниелер болған соң ба, көптеген шешендік сөздердегі кісі аттары, жер-су аттары т.б. ауысып келіп отырады. Тағы да айтатын жағдай, Мәшһүр Жүсіп шығармаларында ақын-жыршылардың толғаулары мен шешендік толғаулардың кейбір өлеңмен келетін құрылысында толғау ұқсастықтары кездеседі. Мысалы, «естірту», «көңіл айту» (тұспал түрі) шешендік толғаулар көбіне өлең (жоқтау кара өлең) түрінде де кездеседі. Ерекше айтатын нәрсе, «шешендік мектебі» болған, билікке бейімі бар жас балаларды шешендік өнерге, дауды шешуге баулыған. Шешендік сөздерде балалар, жігіттер, әйелдер бейнесі де мейлінше бейнеленген. Тіпті, мал, егін шаруашылығына, аң – құсқа, тұтынған бұйымға (мысалы, шақшаға, шідерге, сәукелеге, ертоқым, қамшы т.б. қатысты) шешендік мәтіндер баршылық және мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, ділмәр сөз-афоризм (А.Б.) туындаған. Шешендік сөздер тек қана бишешендер сөзінде көрініс таппаған ақын-жырау толғауларында сол сияқты кара сөз үлгісінде де сақталып жеткендігі байқалады. Шешендік кара сөздер, өлең-жырлар ақындық-жыраулық өнер негізінде туындаған сияқты, оған себеп би-шешендер көбіне өз ойларын, дауды шешкендегі кесімдерін таппақтап, кара сөздің өзі өлең сөз сияқты көрініс беретіні байқалады. Жылдар өте шешендік сөздер ертегі-аныздар мен халық поэзиясынан бөліне бастаған, және әдеби тіліміздің қалыптасуына қызмет еткен. Әрине, ақын-жырау поэзия өкілдерінің толғаулары (толғау – А.Б.) туралы әңгіме тіптен бөлек. Шешендік сөздердің үлгісін бұрынғыдағыдай ақын-жыраулардың, би-шешендердің толғауларынан оқып, жаттап, біліп, танып - рухани байлық, асыл қазына көзі ретінде қараймыз. Көптеген мағұлыматтар аламыз, сөйлеу мәдениетін үйренеміз т.б. әрине, қажетті тәрбие алатынымыз рас, бұл үрдіс қазіргі уақытта проза, поэзия, драматургия, киноөнерінде т.б. жанрларында да рухани жалғасын табуға. Демек, заманауи шешендік сөздер үлгісі қалыптасуда. Шешендік сөздің бір түрі «Көсем сөз» (А.Б.) Мәшһүр Жүсіптің жазбаша дүниелерінде де молынан ұшырасады. Сол сияқты өтірік өлең, бас қатырғыш (А.Б.) «жағылтпапш» бала тәрбиесіне (тілін сындыруға) арналған шешендік сөз жаттықтыру түрі де кездесуі бек мүмкін. Б. Адамабаев шешендік сөздерді мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш салаға топтап зерттейді. Шешендік толғау: шешендік

нақыл, шешендік мақал, шешендік мысал, шешендік жұмбақ және шешендік жауап болып беске бөледі. А. Байтұрсынов тағы басқа ғылыми еңбектерді қарастырғанда біздің көзіміз жеткені шешендік сөздерді мазмұнына қарай Адамбаев жіктеуімен ғана шектемей одан әрі дамытыны көрінді. Айталық, Мәшһүр Жүсіп шығармаларында шешендік үлгілердің мынандай: шашендік нақыл (ділмәр – А.Б.), шешендік мақал, шешендік мәтел (салт сөзі – А.Б.), шешендік жұмбақ (қара сөз және өлең түрінде), жаңылтпаш (баланың да, үлкеннің де тілін жаттықтырған), төл шешендік сөз (автордың өзіне тән), шешендік сөздің авторлық өңдеуге түсуі, түспал сөз, жұмбақ сөз, ым-ишаралы дене қимыл сөзі, зат арқылы сөйленетін шешендік сөз (қамшы, найза, нокта т.б.), затқа (бәкі, ертоқым т.б.) қарата айтып, өз ойын басқаға жеткізу сөзі, сот билік сөзі, қара сөздің өзін тақпақтап (тақпақ – А.Б.) айту сөзі, тақпақ сөз, уағыз сөз, саясат сөздері, бата сөз т.б. Жалпы, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы ауыз әдебиеті үлгілерінде, қара сөздер, шежіре, көсем сөздер т.б. мәтіндерінде нақыл сөз, мақал мен мәтелдер, жұмбақтар жиі ұшырасып отырады [1].

С. Торайғыров арғы ата-бабасынан бері билік айтқан. Мәшһүр Жүсіп шығармалар жинағында Едіге оның балалары Шоң, Торайғыр т.б. кесіп айтқан би болғаны және шешендік сөздері жазылған [1].

Сұлтанмахмұт «Айтыс» поэмасында:

Сағынам билерімді кең ақылды,
Арамға жегізбейтін ақ-мақұлды.
Құдай өзін туғызған іштен би ғып,
Білмейтін төре айтқанда жат, жақынды.
Кебеже қарын, кең құрсақ кемеңгерім
Сатулы емес ақылы жұртқа тегін.
Талапкер мен жауапкер өзі іздеген,
Алдына кеп бітуге сондай ерін.
Болыпты екі жағы бірдей ырза,
Аылмен ашқаннан соң күмән жерін.
Қағазсыз, полициясыз қимыл қылған,
Сонда да істің бәрі бітіп тынған.
Ердің құны екі ауыз сөзбен бітіп,
Кім оның жарлығынан мойын бұрған.
Тапқыштық, шешендікпен кім алса атақ,
Халық соны кетіпті би деп атап.
Шарменен, не үлкеннен бұйрық алып,

Би болатын жоқ онда біздің шатақ, – деген. Сол сияқты, бірнеше мақалдардың үлгісін де көрсетеді [2].

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалар жинағында «Ескі сөз», – деген шешендік сөз жарияланған. Бұл – шешендік сөз Мәшһүр Жүсіп шығармалар жинағында «Шорманға бір бәйбішенің сын айтуы», – деген жарияланған. Бірінші – Мәшһүр Жүсіптің шешендік сөз нұсқасын келтіреміз. «Шорманға бір бәйбішенің сын айтуы» Есіл бойында Қарақозған: Қарабай, Шорман, -он шақты кісі өрдегі Қуандыққа жолаушы болып барыпты. Жаздың күні ыстық шілде, әуе жерге түскен ыстық күн екен. Бір ақбоз үйдің сыртына тұра қалып сөйлес қылыпты. Кісі шықпапты. Сонан соң өздері кіріп барса, үйдің ішінде екі кісінің құшағы жеткісіз бір бәйбіше қатын отыр дейді. Екі жылқының терісінен қылған бір саба қымызға лық толып тұр дейді. Онан басқа қыбырлаған жан жоқ. Бәйбіше бұлардың шыңырқап, сусап келгенін көріп, орнынан әрең зорға қозғалып барып, сабаны пісуге мұршасы келе алмай, аяғымен толқып қозғады дейді. – Балалар, біреуің келіп, шараны аузына тоса беріңдер! – деп. Сонда бұлар мырс етіп күліп жеберді дейді. Бәйбіше бір көлді бір көлге қотарғандай, сабаның аузын қисайтып құлатып, шараны лүпілдетіп аузынан асыра құйып: – Ал, балалар, іштеріңе сыйғанша орталарыңа алып, іше бер, – деп, шаршап -уф), – деп, отыра кетті дейді. Бұлар қымызды ішіп, кенеліп, маңдайлары шып-шып терлесіп, мәз-мейрам болып, өздеріне-өзі келген соң, бәйбіше баяулап қоңырлап, ақырын ғана сұрады дейді: -«Жылағанды сұрама, күлгенді сұра», – деп еді. Балалар, мана мен қымыз құйып жатқанда, не себепті күлдіңдер? – дейді. Онда олар айтты: – Сіздің сабаны аяғыңызбен толқығаныңызға күлдік, – дейді. – Оның несіне күлдіңдер? – дейді. – Біздің жақта қарияларымыз ұрсып тастаушы еді: «Ақты аяғыңмен теппе, ырымға жаман болады», – деп. «Бұл жақта ондайды ырым қылмайды екен-ау!», – деп, бұрын өзіміздің жақта көрмеген нәрсеміз болған соң, бізге ресі көрініп, соған күлдік, – дейді. Онда бәйбіше айтты: – Балалар, бұрынғының мақалын естіген жоқ екенсіңдер: «Барында батып іш, жоғыңда сатып іш. Құдай беріп қойған күнінде шалқаңнан жатып іш». Дүние, шіркін, кетер болса, өпкеніңмен келмейді. Бір беттеп келер болса, тепкеніңмен кетпейді. «Кедейлер ырым етер, ырымы қырын кетер», – деген. Ырымшыл болсаңдар, елдерің кедей ел екен ғой! – депті. Бұлар дәнеме айта алмай, ұялып қалыпты [3, 184 б.].

С. Торайғыров «Ескі сөз» Орта жүздегі Өз Тәйтеке бидің үрім-бұтағы, аулының игі жақсыларымен оннан аса кісі өрдегі Қуандыққа

жолаушылып барыпты. Ыстық шілде күнінде шаңқай түсте бір ақ үйдің сыртына тұра қалып, сөйлес қылса, адам шықпаған соң өздері кіріп келіп отырысыпты. Сөйтсе оларға оларға сөйлесу үшін шығарлық жан жоқ екен. Екі кісінің құшағы жеткісіз бір бәйбіше қатын отыр екен. Екі жылқының терісінен қылған бір кара саба қымызға лық толулы тұр екен. Бәйбіше жөн сұраған жоқ. Бұлардың шаңырқап келгенін көріп, орнынан әрең тұрып, зорға қозғалып барып, сабаны пісуге мұршасы келе алмағандықтан аяғымен толқып, «балалар, біреуің келіп шараны аузына тоса беріңдер», – депті. Сонда бұлар мырс-мырс етіп күліп жіберіпті, – дейді. Бәйбіше бір көлді бір көлге қотарғандай сабының аузын қисайтып құлатып шараны шарасынан асыра құйып: «ал, балалар, іштеріңе сыюы білсін, орталарыңа алып іше бер» деп шаршап, «уһ» деп отыра кетті, – дейді. Бұлар қымыз ішіп кенеліп, маңдайлары терлесіп, өздеріне өздері келіп болған соң, бәйбіше баяулап, қоңырлап сөйледі дейді: –«Жылағанды сұрама, күлгенді сұра»,– деп еді, балалар! Мына мен қымыз құйып жатқанда күлдіңдер-ау, сонда неменеге күлдіңдер? –дейді. Онда олар айтады: –Сіздің сабаны аяғыңызбен толқығаныңызға күлдік. – Онда несіне күлдіңдер? – Біздің жақтың қариялары асты аяғымен тепкен ырымға жаман деп ұрсып тастаушы еді. Мына кісі ырым-жырымды білмейді екен-ау деп, өзіміздің жақта көрмеген нәрсеміз болған соң, бізге ерсі көрініп, соған күлдік, – дейді. – Балалар, бұрынғының мақалын естіген жоқ екенсіңдер, «барында батып іш, жоғында сатып іш, тәңір беріп тұрғанда, шалқаннан сұлап жатып іш». «Дүние деген шіркін кетер болса, өпкеніңмен келмейді, бері беттеп келер болса, тепкеніңмен кетпейді». «Кедейлер ырым етер, ырымы қырын кетер» деген екен, ырымшыл болсаңдар елдерің кедей екен ғой, кедей ледің кісісі кекірт келеді деген бекер емес қой» дегенде бұлар дәнеме айта алмай ұялып қалыпты [4, 162–163 б.]; [7, 220–221 б.].

Екі мәтіннің ауызша жеткенін ескере отырып, ауызекі сөздің мынандай таңбаларын көреміз. Бұдан былай Мәшһүр Жүсіп М-Ж – деген, Сұлтанмахмұт Торайғыров С. Т. – деп жазатын боламыз. М-Ж. Есіл бойында, Қарақозған: Қарабай, Шорман,-он шақты кісі өрдегі Қуандыққа жолаушы болып барыпты. Жаздың күні ыстық шілде, әуе жерге түскен ыстық күн екен. Сонан соң өздері кіріп барса, үйдің ішінде екі кісінің құшағы жеткісіз бір бәйбіше қатын отыр дейді. Бәйбіше бұлардың шыңырқап, сусап келгенін көріп, орнынан әрең зорға қозғалып барып, сабаны пісуге мұршасы келе алмай, аяғымен толқып қозғады дейді. Бәйбіше бір көлді бір

көлге қотарғандай, сабаның аузын қисайтып құлатып, шараны лүпілдетіп аузынан асыра құйып: – Ал, балалар, іштеріңе сыйғанша орталарыңа алып, іше бер, – деп, шаршап-уф), – деп, отыра кетті дейді. Мақалдар: «Барында батып іш, жоғында сатып іш. Құдай беріп қойған күнінде шалқаннан жатып іш». Дүние, шіркін, кетер болса, өпкеніңмен келмейді. Бір беттеп келер болса, тепкеніңмен кетпейді. «Кедейлер ырым етер, ырымы қырын кетер», – деген. С. Т. Орта жүздегі Әз Тәйтеке бидің үрім-бұтағы, аулының игі жақсыларымен оннан аса кісі өрдегі Қуандыққа жолаушылып барыпты. Ыстық шілде күнінде шаңқай түсте бір ақ үйдің сыртына тұра қалып, сөйлес қылса, адам шықпаған соң өздері кіріп келіп отырысыпты. Сөйтсе оларға оларға сөйлесу үшін шығарлық жан жоқ екен. Екі кісінің құшағы жеткісіз бір бәйбіше қатын отыр екен. Екі жылқының терісінен қылған бір кара саба қымызға лық толулы тұр екен. Бұлардың шаңырқап келгенін көріп, орнынан әрең тұрып, зорға қозғалып барып, сабаны пісуге мұршасы келе алмағандықтан аяғымен толқып, «балалар, біреуің келіп шараны аузына тоса беріңдер», – депті. Бәйбіше бір көлді бір көлге қотарғандай сабының аузын қисайтып құлатып шараны шарасынан асыра құйып: «ал, балалар, іштеріңе сыюы білсін, орталарыңа алып іше бер» деп шаршап, «уһ» деп отыра кетті, – дейді. Мақалдар: «барында батып іш, жоғында сатып іш, тәңір беріп тұрғанда, шалқаннан сұлап жатып іш». «Дүние деген шіркін кетер болса, өпкеніңмен келмейді, бері беттеп келер болса, тепкеніңмен кетпейді». «Кедейлер ырым етер, ырымы қырын кетер» деген екен, ырымшыл болсаңдар елдерің кедей екен ғой, кедей ледің кісісі кекірт келеді деген бекер емес қой» дегенде бұлар дәнеме айта алмай ұялып қалыпты. Кейстік сұрақтар мен мүмкіндіктер: Қазақ ауыз әдебиетінің ауызша дамыған саласы – шешендік сөздер Шешендік сөздердің жиналуы мен зерттелуі, мақсаттары мен міндеттері (Ы. Алтынсарин., А. Құнанбаев., Мәшһүр Жүсіп, Байтұрсынов., Сейфуллин, Мәмбетова., Ғабдуллин, Қоңыратбаев., Адамбаев., Негімов., Қосымова., Н. Жүсіпов т.б.) Риторика мен шешендік сөздердің айырмасы Шешендік толғау мен ақын-жырау толғаулары Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы би-шешендердің сөздері Мәшһүр Жүсіптің шешендік толғаулары А) Шешендік толғаулар (оның ішінде: сөз өнері, кара сөздері, уағыз сөздері, мақалмәтелдер т.б.) Б) Көсем сөз (эпостолярлы (хаттары мен мақалалары т.б.) Халықаралық шешендік сөздер (Қырғыз шешені мен Бөлтірік т.б.) Шешендік сөздердің көп нұсқалығы және

ауытқулар Шешендік сөздердің қосымша түрлері: ым тілі, қосымша зат арқылы сөйлеу, затқа сөйлеу, жұмбақ сөздер.

Бала тілін дамыту – «шешендік мектебі»: жұмбақ, өтірік өлең, жаңылтпаш т.б. Шешендік сөздердің қазақ әдебиеті мен әдеби тіліне тигізген ықпалы мен әсері Шешендік сөздердің көркемдік ерекшеліктері (троп, фигура т.б.) Шешендік сөздердің заманауи үрдісін екі бөліп қарастырамыз – ауызша хабарлар: парламент, сенаттағы дикурстар (Н. Назарбаев, Сұлтан Сартаев, З. Зиманов, Ә. Кекілбаев, Ш. Мұртаза т.б.), радио, телевизор, конференция, симпозиум, айтыстар т.б. Жазба үлгісі: ұялытелефон, компьютерлік шешендік сөздер, газет, журнал, ақын-жазушылар шығармалары, қағазға түскен айтыстар нұсқасы т.б.)

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ тарихы. Шығармалары 8 том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2006. 452 б. Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ тарихы. Шығармалары 9 том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2006. - 366 б. Мәшһүр-Жүсіп. Қазақ шежіресі. Шығармалары 10 том. – Павлодар : ТОО НПФ «ЭКО» 2007. - 445 б. Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары 11 том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2007. -418 б. Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары 12 том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2008. 363 б. Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары 13 том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2008. -385 б.

2 Сұлтанмахмұт Торайғыров. (Қала ақыны мен дала ақынның айтысканы) // «Ана тілі» газеті, №7. 1987.

3 Мәшһүр-Жүсіп (Қазақ фольклоры үлгісі) Шығармалары 6 том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2005. -184 б.

4 Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы : «Ғылым» 1993. -162-163 б.

5 Мәшһүр-Жүсіп Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері. Шығармалары 7 том. – Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2006. -207-213 б.

6 Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Бірінші кітап. – Алматы : «Жазушы» 1987. –158 б.

7 Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. Екінші кітап. – Алматы : «Жазушы» 1987. –220-221 б.

8 Б. Кенжебаев. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушысы. – Алматы : Қазақ мемлекеттік баспасы, 1958. 307 б.

9 Б. Кенжебаев. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы : «Мектеп» баспасы, 1976. -265 б. 10. А. Еспенбетов. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы : «Ғылым» 1992. 199 б.

МӘШҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ТІЛДІК – ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

ТУРСУНХАН Р. Р.

студент, 3 курс, «Филология» мамандығы, Торайғыров университеті,
Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы теңеулерді танымдық тұрғыдан қарастыру, оның этномәдени және тілдік сипатын анықтау ақынның суреткерлік шеберлігін жаңа қырынан танытады.

– Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы теңеулердің танымдық мәні;

– Ақын шығармаларының этномәдени және тілдік сипаты, ақынның суреткерлік шеберлігі.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы теңеулердің мағыналық-құрылымдық табиғаты:

Ғалымдардың пайымдаулары бойынша, теңеулер синтетикалық және аналитикалық тәсілдермен жасалады. Теңеулер синтетикалық және аналитикалық тәсілдермен жасалады:

-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен шығыс септігінің көмегімен секілді, сияқты, тәрізді, іспетті, бейне, тең, ұқсас сөздерінің көмегімен; параллелизм тәсілінің т.б. көмегімен;

-дай (-дей, -тай, -тей), -дайын (-дейін, -тайын, -тейін) жұрнақтарының көмегімен;

-ша, -ше жұрнақтарының көмегімен;

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы теңеулерге келер болсақ, оларды төмендегіше тарқатуға болады.

1. -дай (-дей, -тай, -тей), -дайын (-дейін, -тайын, -тейін) жұрнақтарының көмегімен жасалған теңеулері:

Жерге қиып тастамай көрген кісі,

Әбдіреде жансыздай жатып қалам .

«Аш атасын танымас»-деген сөз бар,

Аузына не тисе де балдай татыр.

2. -ша, -ше жұрнақтарының көмегімен:

Өркімді арбауына түсірем деп,
Түлкіше құйрықтарын бұландатқан
Кеңеске қалжың, мылжың тым-ақ ұста,
Қарғаларша жер шокып қалып қалмай,
Көп ішінде көзге түс қоңыр қаздай.

3. секілді, сияқты, сықылды, тәрізді, іспетті, бейне, тең, ұқсас сөздерінің көмегімен:

Сықылды қашқан қоян-күнім зырлап
Арқа-басын ошақтай жауыр болған,
Мал сықылды түрің жоқ, сиқың жаман.
Піскен егін сықылды аспан жасыл,
Қыс пен шілде, жаз бен күз, – бар төрт фәсіл.

4. - нан, - нен, -дан, -ден, -тан, -тен шығыс септігінің жалғаулары:
Жаманнан – бөз қалады, жақсыдан -сөз,
Дүниенің келуі оңай, кетуі тез .

Ай-орағы егінді оратұғын,
Әбден білсе, сөз бар ма мұнан асыл?!

5. Параллелизм тәсілінің көмегімен жасалады.

Ал параллелизм арқылы жасалған теңеулерді Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан кездестірмедік.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы теңеулердің синтаксистік құрылымы:

1. Жалаң теңеулер
2. Күрделі теңеулер
Жақсы емес қатты болу тікенектей
Ақыл, сезім жылқыдай кеткен ығып
Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей
Бұл дүние тынымы жоқ ескен желдей...
3. Бірыңғай теңеулер
4. Толымды теңеулер
Табысы селдей ағып, судай тасып,
Түлкідей таудан қашқан, бұғыдай бұлаң еткен...
Әбдіреде жансыздай жатып қалам
Кіршіксіз болып көңілің ақ қағаздай...
5. Толымсыз теңеулер
6. Болымсыз теңеулер
Түлкідей жұмарланған, бүркіт алған
Дарияның толқынындай дүние жүзі
Өкпедей су бетінде қалқымадым,
Қорғасындай текке еріп балқымадым.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы теңеулердің ассоциациялық типтері

Сыпырған томағасын қыран құстай,
Самғаушы ем әр қияға кешкі тұрым
Нәпсің бір көкжал бөрідей,
Иманың бағлан қозыдай.

Қыран құстай, көкжал бөрідей, бағлан қозыдай ұғымдары қазақ танымына жақын және акындардың қаламында дәстүрлі қолданатын теңеулер.

Мәшһүр Жүсіп жылан сөзі қатысқан теңеулерді жағымсыз бейне жасауда ұтымды пайдалана біледі.

Бозарған сұр жыландай, іші зәрлі,
Сүзектен тұрған жандай өңі сынып
Жыланша жылтыратып сыртын ғана,
Табылса бір қапы жер, жаман шаққан.

Мәшһүр Жүсіптің қолданысындағы «жылан» сөзінің қатысуымен жасалған аталған образдардың барлығы да жағымсыз мәнді эмоционалды-экспрессивті мағына үстеу үшін алынған және жағымсыз ассоциациялық өрісті кеңейте түседі.

Мәшһүр Жүсіп Копеевтің шығармаларының көркемдік ерекшеліктері:

Мәселен, ол Гибратнамада ақындық, азаматтық міндет туралы ойын ұсынып, өзінің қоғамдағы орнын белгілемекші болады. Арманын ашық айта алмай, дағдарысқа ұшырап жүргенін ескерте келіп:

Болдым ғой өмірімді тауысқандай,
Мерт болып айға шауып арыстандай
Сұңқардай биік тауды мекен қылмай,
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай, – дейді.

Ақын алға қойған негізгі идеясын ап-рахмет жаңбырына теңейді. Ғаламға ап-рахмет нұрын шашар, үстім су болады деп надан кашар дей келіп:

Бұлттай жауатұғын менің өзім,
Көкірегім қан, жаспенен толған көзім,
Жаңбырдың ап-рахмет тамшысындай,
Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім, – деп, өзін саяси күрестің қаһарманы ретінде көрсетеді.

Ойын мысалдап түсіндірген Мәшһүр Жүсіп бұлбұлды қаршығаға кездестіреді. Ол қаршығаға: Сенің тұрағын бектердің

оң қолында патшалармен ойнасын беделің артық, қадірің мол, мен қызыл гүл іздеп зарлаймын, оның ашылғанын не күндіз, не түнде көре алмай, хасіретім көп дейді. Бұлбұлға жауап берген қаршыға:

Аузыңды ақылың болса, жабар едің,

Үндемей сабыр қылып бағар едің .

Тілі жоқ сықылды мылқау болсаң,

Бір күнде мың мұратты табар едің, – деп өзі ісін мақтан тұтады, бұлбұлдың қылығын келемеж қылады. Бұл сөздерге бұлбұл қатты қынжылады, атақ құмар қан құмар қаршығаны тілінің бізін сұға аяусыз кінәлайды. Бұлбұлды жақтаған ақын ойын:

Құс болсаң, бозбалалар бұлбұлдай бол,

Табылар іздегенге бір қызыл гүл, – деп түйіндейді. Яғни халық үшін еңбек еткен, алға ұмтылған адам мұратқа жетеді дегенді меңзейді. Болашақтан зор үміт күткен ақынның өлеңінде осындай оптимистік сарын бар.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы этномәдени сипаттағы тотемдік теңеулер:

Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан этномәдени сипаттағы тотемдік теңеулерді де кездестіреміз. Тотемдік ұғымдардың да этномәдени тұрғыдан алатын орны ерекше. Ертеде адамдар аң-құсты, жан-жануарларды киелі тұтып, табынатын болған. Олардың айбарлы, қуатты санаған жануарларды тотем етіп алуы – «сұсы мен киесі пәле-жаладан сақтайды, қорғап, қолдап жүреді» деген сенім-нанымнан туындаған.

Аққу тотемі:

Мәшһүр шығармаларында аққуға теңеу төмендегідей жолдарда кездеседі:

Түлеген аққу құстың қанатындай,

Жерінде жүрген-тұрған сөзі қалған

Аққудай саңқылдайды шыққан үні

Аққу құстай аңыратып,

Жарылған мұздай күңіретіп.

Қарға тотемі:

«Мың жабыға бір тұлпар,

Мың үйрекке бір сұңқар,

Мың қарғаға бір кесек»...

Сықылды болдым қарға: ұшып, қонып.

Болдым ғой өнерімді тауысқандай.

(Мәшһүр Жүсіп).

Бүркіт тотемі:

Аш бүркіттей түйіліп,

Лашын құстай шүйіліп,

Жол тартып қайда барасың?!

Шаңқылдаған бүркіттей тау жаңғырып,

Жұрт ұйқысын қашырды кемпір зары.

Теңеу – адамның рухани дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі. Теңеу таным құралы болумен қатар, эстетикалық категориялардың да бірі болып табылады. Олай болуы заңды да. Өйткені адамның көркем ойлауының, соған орай көркемдік танымының аса қуатты құралдарының бірі-көркем әдебиетті теңеулерсіз көз алдына елестету мүмкін емес.

Теңеу ең алдымен адам санасымен, ассоциациялық ойлау нәтижесімен тығыз байланысты. Әр ұлттың тілі мен діліндегі ұлттық ерекшелігі де осы теңеуден көрінеді. Әр ұлттың өз танымына жақын сөздерді қолдануы заңды да. Себебі тіл иесінің ой-өрісі мен концептуалды әлеміне байланысты әр тіл дүние – ғаламның үзкітерін өзінше жеткізіп, бейнелеп суреттейді және ол өз тіліндегі ғалам бейнесіне сай болады. Сол себепті теңеулер халықтың тұрмыс-тіршілігі, оның ойлауы мен танымдық қабілеті жөнінде бай мәлімет береді.

Біз жобамызда Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы тілдік-танымдық сипатын қарастырдық және Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы теңеулердің ассоциациялық типтерін анықтадық. Теңеулердегі этноаңбалардың этнолингвистикалық түсініктерін аштық.

Мәшһүр Жүсіп өз тыңдармандарына әсерлі, түсінікті болу үшін, суреттеп отырған бейнені немесе оқиғаны оқырманның көз алдына елестету үшін өлеңдерінің мазмұнын, өзінің айтпақ ойын әр алуан теңеулер негізінде шебер өрбітеді.

Ақын қолданған теңеулер ұлттың бар болмысы мен тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымынан хабар беруімен құнды болып келген. Ақын халықтың бай қазынасын өз өлеңдерінде пайдаланып қана қоймай, оны дамытып, авторлық өңдеуден өткізіп те қолданған. Көркем образ жасаудағы ақынның жоғары эстетикалық талғамы, көркем ой орамынан туған бұл теңеулер сонылығымен, терең мазмұнымен ерекшеленеді.

МӘШҮР ЖҮСІП ҚОЙҒАН ЕСІМДЕР

ТҮСІПБАЕВА М. Б.

п.ғ.к., аға оқытушы, Құрманғазы атындағы
Қазақ Ұлттық консерваториясы, Алматы қ.

Қазақ халқы балаға ат қоюда ырымға да көп сүйенген, әсіресе, тіл-көзден сақтанған. Баласы тұрақтамаса, сәбиін «Тұрар» деп, ұл баласы болмаса, қыздарына «Ұлболсын», «Ұлдай» деген есімдермен атаған. Сол сияқты, Жаманқұл, Жаманбай сияқты аттарды да қойған. Кісі қайтыс болғаннан кейін дүниеге келген баланы «Орынбасар», «Орынтай», «Орынбек» деп атаған. Яғни, өлген адамның орнын басатын тұлға болсын деп ниет еткен. Мұндай атаулар халқымыздың психологиясын, наным-сенімін де білдіреді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары біздің елімізге шет жерлерден, әсіресе, Моңғолиядан қандастарымыз оралды. Олардың арасында Советхан, Октябрь сияқты кеңес өкіметінің саясатымен байланысты есімдер көп болды.

Үлкен аға-апаларымыздың арасынан Айгүл, Мұрат, Нұрлан сияқты есімдер өте көп. Бұған қарап 70–80-ші жылдарда осы есімдер сән болғанын байқауға болады. Бертін келе бұл есімдер сирек қойылатын болды. Тәуелсіздік жылдары туған сәбилерге қойылған есімдерден елдік рух, дінге деген көзқарастың өзгеруі байқалып тұратын болды.

Есімдердің адам өмірінде ғана емес, ел болашағы үшін де белгілі бір маңызы барын бұл тақырыпта жауапты мекемелердің талдау жүргізуінен де байқауға болады. Оған мысал – ҚР Әділет министрлігінің АХАТ басқармасы жариялаған 2019–2020 жылдары нәрестелерге ең жиі қойылған есімдер тізімі. Екі жыл ішінде ұлдарға Әлихан, Айсұлтан, Нұрислам есімдері өте жиі қойылған. Атап айтқанда, 2019 жылы 4268 Әлихан, 3270 Айсұлтан, 2528 Нұрислам дүниеге келген. Ал 2020 жылы Әлихан есімі 1204 балаға, Айсұлтан 841, Нұрислам есімі 765 балаға қойылды. Қыздарға Райана, Медина, Айзере есімдері ең жиі қойылған. Атап айтқанда, 2019 жылы 5601 қыз балаға Райана, 5320 сәбиге Медина, 4510 сәбиге Айзере есімі берілген [1].

2020 жылы 1289 Медина, 1183 Асылым, 1172 Раяна дүниеге келді. Биылғы жылдың басында «Егемен Қазақстан» газеті сәбилерге жиі қойылатын есімдердің тізбесін жариялады [3, 3 б.]. ҚР Әділет министрлігі таратқан мәліметтерге сүйенсек, 2020 жылы 1200-ден астам ұл балаға ұлт көсемі – Әлиханның есімі беріліпті. Ал

қыздарда ең көп қойылған есімдер қатарында «Медина» тұр. Жиі қойылатын есімдердің қатарында Айсұлтан (841), Нұрислам (765), Асылым (1183), Раяна есімдері бар. 2019 жылы да еліміздегі балаға ат қою көрсеткіштері тура осындай болған [2]. Бұл көрсеткіштерден біз есім таңдауға заманның ағымы, адамдардың тарихи талғамы да ықпал ететінін көреміз.

Жалпы, Тәуелсіздік жылдары Президентіміздің құрметіне қойылған Нұрсұлтан атты есімге ие балалар көбейді. Сонымен қатар, «Нұр» сөзімен басталатын аттар көш бастады. Мұның өзінен халқымыздың тұлғаға еліктеу ниеті аңғарылады.

Әрине, әлі де қазақ қоғамында Анель, Жанель, Даяна деген мәні белгісіз есімдер жойылып кеткен жоқ. Бұл олқылықтан тіліміздің өз тұғырына қона алмай тұрғанын да пайымдаймыз. Дегенмен бұл үрдіс кең етек жайып тұр деуге болмайды. Оған жоғарыда өзіміз атаған Әлихан, Нұрсұлтан сынды есімдердің көбеюі – дәлел [3, 2 б.].

Есімдер эстетикасын қарастыра отырып, біз өз еңбегімізде қазақтың белгілі ғұламасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ат қою дәстүрін нысан етіп алдық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы балаға молда, дін адамдарының «ауыр» есімдер беруін құптамаған, біз оны Дихан Әбілевтің азан шақырып қойылған аты – Әбдірахманға өзгеріс енгізуінен байқадық. Сол сияқты, ақын-ұстаз Зекебай Солтанбаев сәби күнінде науқастанғанда, Мәшһүр әулие оған «Зейнеғабиден» деген тіркес есімді көтере алмай жатыр деп, Зекебай деп жеңіл есім берген. Қуат-Суат Әбусейітовтерге ат берген кезде де, қысқа-нұсқалықты тандап, Рахметолла, Қайролла деген есімдерді өзгертіп жіберген [4, 12 б.].

Мәшһүр Жүсіп антропонимдеріне зер салсақ, онда Пайғамбарлардың есімін, Құраннан есім беруге құштарлық байқалмайды. Мұның мынадай да себебі болуы мүмкін. Кей-кейде адамдардың аттары жағымсыз жағдайда, жайсыз тіркестермен аталуы да ықтимал. Сондайда қасиетті есімдерге қиянат келуі мүмкін. Мәшһүр Жүсіп бабамыз, біріншіден, осы ұстанымды көздеген болуы мүмкін. Екіншіден, екіншісі бірі бұрынғы өткен ғұламалардың есімдерін және екі бірдей тіркестен құралған күрделі есімдерді алып жүре алмайды деп есептеген. Осылайша, балаларға айтуға жеңіл, есте қаларлық әрі оң тілекті аттар қойған [5, 3 б.].

Сонымен қатар, әулие қойған есімдер әрі аманат, әрі бата есебінде болған. Себебі Мәшһүр ата ат қойған азаматтардың барлығы дерлік танымал тұлғалар болып ержеткен және Дихан Әбілев, Зекебай Солтанбаев, тағы басқалар өз шығармашылығына

Мәшһүр Жүсіп өмірін арқау етіп, Мәшһүртану ғылымына қомақты үлес қосты. Яғни, олар өздеріне артылған аманат пен сенімді ақтауға тырысты [6, 344 б.].

Мәшһүр Жүсіп антропонимдерін зерттей отырып назар аударған тағы бір жайт – ұлғайған шағында балаға ат қойғанда, әулие бабамыздың алдағы бақи дүниені, яғни, өзінің қайтқаннан кейінгі өмірін ескеріп, бір балаға Бақи деп ат қоюы. Оған: «Мен жоқтамаған адам бар ма, біз өлгеннен кейін бізді кім жоқтайды?! Сонда бұл бақилықтарды іздейтін бала болады», – деген сөзі дәлел.

Мәшһүр Жүсіп антропонимдерінің тағы бір ерекшелігі – бұрын-соңды мәшһүртануда айтылмай келген «Ақжігіт» есімі. Бұл есімді бергенде, әулие атамыз: «Бабам тіріліп келді!» – дегенін білдік. Яғни, ат қоюда Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз бабасы есімінің ұмытылмай, жаңғыруын қалаған. Тоқталып өтсек, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің үшінші атасының аты Ақжігіт екен. Демек, әулие бабамыз ат қою дәстүрінде дүниеден өткен, есім-сойы ұмытылып бара жатқан ата-баба есімін жаңғырту мүддесін де ұстаған [3, 26.].

Мәшһүр Жүсіптің ат қою дәстүрінің ислам қағидаларына ұқсастығы мен айырмашылығын зерделер болсақ, ислам діні балаға көркем, мағынасы дұрыс есім қоюға шақырады. Мұхаммед Пайғамбардың ат қою жөнінде бірнеше өсиеті мен ескертулері бар. Атап айтқанда: «(Сәбилерге) пайғамбарлардың есімдерін беріндер. Есімдердің Аллаға сүйкімдісі – Абдулла, Абдурахман, ең дұрысы– Харис (егінші, дикан, кәсіп етуші), һәммам (жігерлі, майталман), ал ең жаманы – Харб (соғыс) және Мурра (ашы)» – деген. Тағы бір хадисте: «Сіздер қиямет күні өз есімдеріңізбен және әкелеріңіздің есімдерімен шақырыласыздар. Сондықтан әдемі есім қойыңыздар» – делінген. Есімнің мағынасы дінімізге қайшы болса, адамның баланың намысына тисе немесе мазаққа себеп болса, онда оны ауыстыру қажет. Айша анамыздан жеткен хадисте: «Пайғамбарымыз жағымсыз, жаман есімдері жақсы есімге ауыстыратын еді» – деген. Осы тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ат қою дәстүрінің ислам қағидаларымен тамырлас екенін байқаймыз. Олай дегініміз, Мәшһүр Жүсіп бірнеше рет бұрын қойылған есімдерді батыл өзгерткен. Сонымен қатар, хадисте аталған «Дихан» сияқты есімдерді қолданған [6, 344 б.].

Артына өшпес мұра қалдырған қасиетті Мәшһүр Жүсіп бабамыздың мұраларының бізге, келер ұрпаққа берері мол екеніне ешкімнің де күмәні жоқ. Ендеше, сол мол мұраны көздің

қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпақ үлгі аларлықтай іске жарату – біздің басты парызымыз.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылығы сөз болғанда, әулие бабамыздың ат қою дәстүрі көп ауызға алына бермейді. Қазіргі таңда қоғамда мағынасыз және өзге тілдегі атаулар көбейгендіктен және Мәшһүр Жүсіп антропонимдері деп өзіміз ат қойып, айдар таққан сала бұрын-соңды жете зерттелмеген тын сала болғандықтан да біз осы тақырыпқа ат басын бұрдық. Мәшһүр Жүсіптің өзге қырынан гөрі бүгінгі жұрттың әулиелігіне көп қызығатыны жасырын емес. Мәшһүр әлеміне қызықтыру арқылы жас ұрпақты, біздіңше, Мәшһүрдің тілі – қазақ тіліне және қазақ дәстүрлеріне қызықтыруға болар еді. Біз жүргізген зерттеулер Мәшһүр Жүсіптің қазақ антропонимикасына ықпалы халқымыздың діні мен дәстүрі, өз пәлсапасы мен психологиясы шеңберінен алшақтамайтынын көрсетті. Және бұл мәселеге байыппен қарайтындығы ат қою деген жай ғана жеңіл-желпі дүние емес, тәрбиелік мәні зор құбылыс, өнеге мектебі екенін де байқатады. Бұл мәселеде ең алдымен үлкенге құрмет мектебі тұрғаны анық.

Антропонимика қоғаммен бірге дамып, түлейтін сала екенін ескерсек, Мұса мырзадай қоғам қайраткерінен «Мәшһүр» атын алған аса зерек, тума талант дарыған, он бесінде біртіндеп емес, бір түнде кеудесіне өнер өлең болып құйылып, тылсым қасиет қонған ерекше ақындық дарынның иесі, халық ауыз әдебиетінің інжу-маржанын жинаушы, тарихшы, шежіреші, аудармашы, философ, зерттеуші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының антропонимикадағы өзіндік қолтаңбасы көпке ой салары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 2020 жылы сәбилерге ең көп қойылған есімдерді білесіз бе: <https://kaz.nur.kz/1851325-2020-zyly-sbilerge-e-kp-kojylgan-esimderdi-bilesiz-be.htm>.

2 Жиі қойылатын есімдер: <https://egemen.kz/article/164122-astanalyq-narestelerge-dgii-qoyylatyn-esimder-anyqtaldy>.

3 Қабдылөшім Е. Мәшһүр баба атын қойып, Рабиға ана бесікке салған // Баянтау. 2021 жылғы 7 қазан (№73)

4 Ахмадия О. Мәшһүр баба атын қойған // Сарыарқа самалы. 2021 жылғы 7 қазан (№115/15733)

5 Жақсыбаев С. Шорманның Мұсасынан бата алған Мәшһүр Жүсіп // Сарыарқа самалы. – 1999. – № 14.

6 Ақиқат. Шарапиев А. – Алматы, «Дай Пресс», 2019

3 секция. Мәшһүр Жүсіп және гуманитарлық ғылымдар мәселелері
3 секция. Машхур Жусип и вопросы гуманитарных наук

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ЖИНАҚТАҒАН ТАРИХИ МҰРА

АМИРКЕНОВА С. Т.
 Нығыман Алшынов атындағы Жалаулы ОМ, магистр, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
 ЖҮСІПОВА Л. К.
 т.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Мәшһүр-Жүсіп жинақтаған барлық тарихи материалдарды өзінің «Қазақ түбі» атты жинағына кіргізген. Бірақ қолжазба кітап мазмұнына кіргізбестен бұрын бұл деректер сұрышталған, кезеңдерге бөлініп, тақырыштары қойылып, жинақталған, соңында өзара байланыстырыш берілген. Мұның өзі Мәшһүр-Жүсіптің деректанушы ретінде ғылыми көзқарас негізінде зерттеу жұмысын жүргізгендігін айқындайды.

«Қазақ түбі» нұсқаларының ғылыми маңызын көтерген бір құнды өзгешелігі – әр үлгісінде тарихтың әртүрлі баяндалуы, кейбір нұсқа мәтіндердің мазмұны келесі «Қазақ түбі» варианттарында қайталанбауы. Мәшһүрдің «Қазақ түбі» тақырыбында жазылған шығармаларының мазмұны әртүрлі:

Бірінші үлгісінде Адам Ата Нұх заманынан Уыз ханға дейінгі кезең [1], Мұхаммед пайғамбар және Аныс, Ақкөсе сахабалар дәуірі [2], 92 баулы Қыпшақ, 32 баулы Өзбек, «үш жүз» атанулары («Алаша хан» әңгімесі) туралы шежіре сөздері [3]; Әбілғазы шежіресі негізінде Өз Жәнібектен бастап өз Тәукеге дейінгі қазақ хандары тарихын баяндауы [4]; Ақтабан шұбырынды оқиғасы туралы тарихи аңыз-әңгімелер [5] жинақталған.

«Қазақ түбі» екінші нұсқасында В.В. Радловтың «Қазақ түбі» аңызындағы Шыңғыс хан (Шыңқыз) шығу тегі жөніндегі аңыз-әңгіме нұсқасы [6]; Абылай хан және оның заманы заманындағы ауыз әдебиет үлгілері (аңыздар, жырлар, дастандар) [7]; Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны беріледі.

Үшіншісінде Әбілғазы шежіресіндегі: Адам Ата, Оғыз (Уыз) хан әңгімесі [8]; Шыңғыс хан (Темучин) шығу тегі; Шыңғыс ханнан

Есім ханға дейінгі хандар тізбегі қысқартылған нұсқасы [9]. Абылай хан және Абылайдан кейінгі замандағы ұрпақтары [10] сөз болады.

Төртінші вариантында үш жүз («Алаша хан» әңгімесі) шығу тәркіні туралы әңгіме нұсқасын [11]; Жәнібектен өз Тәукеге дейінгі хандар шежіресін (Мәшһүрдің хандар тізбегінің бір үлгісі) [12] Ақтабан шұбырынды аңызын [13], Еңсегей бойлы ер Есім хан ертегісін [14] әңгімелейді.

Бесінші нұсқасы Адам Ата, Уыз хан шежіресі (Әбілғазы нұсқасы) [15]; В. В. Радловтың Шыңғыс хан шығу туралы әңгімесі [16]; Қ. Халидтың Алтыш Орда тарихы және өз Жәнібек тегі туралы баяндаулары [17]; Мәшһүр-Жүсіптің Жәнібектен өз Тәукеге дейінгі шежіре варианты [18]; Ақтабан шұбырынды туралы тарихи сөздері топтамасы [19] кірген.

Қорыта келе Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз жазбаларында тек тарихшы ғалым ретінде ғана емес, сонымен бірге деректанушы ғалым ретінде зерттеу жұмыстарын жүргізе білген.

Баһадүр, Рүстем халемасы сайып қыран,
 Қаһарман дәл менен ол қатыран.
 Асфандияр уаки патшам Нориман,
 Кеше өткен таксыр Хысырау, Ойран, Тұран.
 Сейке, Баттыл Баһадүр, Әмір Темір,
 Патша өткен ғадатлұр Баһрамгүр,
 Дүниеден солар да өтті өтпеспін деп.
 Алданып қоршылықпен өткен өмір.
 Хан қайда әділ болған Наушеруандай?!
 Дүниеде жомарт қайда Атымтайдай?!
 Шыңғыс, Жошы төреден тегі шыққан,
 Есім, Тәуке, ер қайда Абылайдай?!
 Хан Абылай қазаққа тұлға болған,
 Сол үшін жүзді бір өзі билеп тұрған.
 Кешегі қазақ халқы заманында,
 Төренің Орта жүзге құты қонған.
 Сағымнан пайда болған Шыңғыс ханды,
 Өскен соң балалары дүниені алды.
 Жеті ұлын жеті жаққа патша қылып,
 Тұқымы патшалардың сонан қалды.
 Баласы Шыңғыс ханның Көшім сұлтан,
 Кенжесі хожа Қандүр жұртқа дастан.
 Жиырма төрт атаға тұра келіп,
 Кеше Абылай қазақпенен араласқан.

Арқада ақыл таппай қазақ қалған,
 Хандығы Жәнібек өліп Өзбек алған.
 Өтірік шынын ұқмақ,
 Дәлел бар сол пайғамбардан.
 Болғанда сарт садағам өзбек ағам,
 Халқым бар тоқсан баулы тонды жағам.
 Ұлы жүз үйсін өрде жатыр толып,
 Орта жүз Қоңырат, Қыпшақ, арғы бабам.
 Біреуі төрт арыстың батыр Найман,
 Керей, Уақ, Тарақты келген қайдан?!
 Жеті арыс деп сөйлейді Кермейілмен,
 Кіші жүз Алшын сөз Адайдан.
 Қазақ жоқ санасаң да Қыпшақтан көп,
 Бір Қоңыраттың баласы бәрінен көп.
 Шалқып жатыр Найман қалың шетте,
 Бір арғынның баласы он екі жұп.
 Төрт арыс орта жүздің шын баласы,
 Арқаның толған елге сар даласы.
 Арғынна қара қожа бабам шығып,
 Дәулетке сонда толған айналасы.
 Онан соң Мейрам сопы бабам өткен,
 Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендікпен.
 Бес баласы Мейрамның деп атанған
 Қаракесек анасы басқа тектен.
 Қуандықтың баласы алтау болған,
 Тыналы, Темеш, Тоқа, Алтай, Қозған.
 «Арғын болсаң, Алтай бол!» деген сөз бар,
 Әр пенде өз жөнімен кеңес қылған.
 Сүйіндіктен тарайды бір-бір санап,
 Мәжікпен өткен бабам ер Шуманақ.
 Құлболды сол бабамыз әулие өткен,
 Айдабол, Күлік, Тұлпар онан біткен.
 Құлболды бабамызға дұға қонып,
 Дәулеті өз шағында қалың тұрған.
 Назары Құлболдының қабыл болып,
 Баласы Жанболдының озып туған.
 Өңіне Адам екен дуа тиген,
 Жан екен қайырымды құдай сүйген.
 Меккеге тауап үшін барамын деп,
 Өлген соң сүйегі үйден ұшып кеткен.

Төрелердің асылы ғой арғы тегі,
 Төре хан болған шақта қазақ бегі.
 Дін ислам бір милатта болғаннан соң,
 Жоқ екен бәрінің де бөтендігі.
 Хан болып кіші жүзге Бөкей өткен,
 Хан Абылай Орта жүзді билеп кеткен.
 Хан Жамантай, Ұлы хан, Абілхайыр,
 Өңшең төре шығыпты асыл тектен.
 Есім хан жалғыз барып Ташкен алған,
 Қу садақ Құдайменде жетім қалған.
 Туыпты Қасым ханнан өңшең батыр,
 Наурызбай, Кенесары, Ержан, Саржан.
 Наурызбай батырлығы жұрттан асқан,
 Қияңқы Кенесары елді құртқан.
 Ер Саржан тартқан оғын өткізіпті
 Қатарлап қойған темір жеті пұттан.
 Шобалай Сүйіндікте болып өткен,
 Төлебай мал мен басқа толып өткен.
 Тусам да олардай болмадым деп,
 Екі інісі Есен тентек болып өткен.
 Төреден кеше Саржан, Науан болған,
 Қоңырқұлжа төреге дәулет қонған.
 Уәлі хан Көкшетауға дуан салып,
 Баласы Шыңғыс сұлтан тірі тұрған.
 Тұрсынбай Айдаболда бай болыпты,
 Ақылға Шоң мен Шорман жай болыпты.
 Жай ғана мырзалықпен жұрттан асып,
 Азынабай шылқып жатқан май болыпты.
 Әр жақтан аты шыққан төре Кенбай,
 Байсейіт 5 атада Нұрланым-ай!
 Сейтен болыс, Тайжан қазы болып,
 Он жеті мың жылқы айдаған Азнабай.
 Үйсінде би Төле өткен тілге шешен,
 Уақытында би Едіге болған көсем.
 Билігін Едігенің мен айтатын бидің,
 Болғанын оның Едіге не себептен.
 Көп ақыл би Едіге білген екен,
 Жүгіне бір-екі адам келген екен.
 Екеуінің таласы жалғыз түйе,
 Құнажын тік өркешті інген екен.

Бірі айтады: «Бұл түйе менікі, – деп,
 Бота күнде жоғалып кетіп еді», – деп.
 Бірі айтады: «Баласы өз түйемнің,
 Қайда оған мұндай түйе біткен жоқ», – деп.
 Екі кісі талассаң бір түйеге,
 Сынап сөз айтайын мен екеуіне.
 Қақ бөліп екеуіне берер едім,
 Түспейді олай қылсам сөз жүйеге.
 Ботақанды сен жоғалтсаң, бар ма енесі?
 Ұқсар ма сол түйеге бір денесі?
 Енесі бар! – деп, – тақсыр, – жүгіріп кетті.
 О да айтты: Бар, – деп, – менде өз енесі.
 Сондағы бар алып кел інгенінді,
 Адамзат білесің ғой көргенінді.
 Екеуің де алып кел енелерін,
 Сонан соң мен айтайын білгенімді.
 Екеуі екі інгенді алып келді,
 Түйені екеуіне салып көрді.
 «Малға – мал, жанға – жан ұқсар», – деген мақал,
 Сипаты екеуіне бірдей келді.
 Қақ бөліп екеуіне бөліп берсем,
 Біреуіңнен біреуіңе алып берсем.
 Білмей ерген төреден жаман іс жоқ,
 Маған қиын болды ғой мұны бөлсем.
 Іс қылған шариятсыз жарамайды,
 Екеуі де түйеге қарамайды.
 Ұмытып алда-қашан кеткен түйе,
 «Қанекі бақырталық», – деп қарайды.
 Қыл бұрау тақымына салды дейді,
 Бақырып түйе демін алды дейді.
 Түйесі бота күнде жоғалғанның,
 Дауысын танып енесі келді дейді.
 Келгенін баласына көрді дейді,
 Хайуан танып баласын білді дейді.
 «Бес дауыстың біреуі естімек», – деп,
 Түйені иесіне берді дейді
 Би болып Едігеден туған Шоң-ды,
 О дағы ақылға мол диқан болды.
 Тауына Баянауыл дуан салып,
 Би болып уақытында билеп тұрды.

Орыстың империясы атын білген,
 Мақтаулы император қағаз берген.
 Таласып бір балаға екі жасар,
 Дауласып екі қатын оған келген.
 Бірі айтады: «Баланы тапқан өзім»,
 Бірі жалған қылады оның сөзін.
 «Баланы өзім таптым және асырадым»,
 Ұқсайды екеуіне де көрсен жүзін.
 Балаға екі қатын таласады,
 Бақсылар біле алмайды, бал ашады.
 «Бұл қалай адам жөні қиын болды,
 Төрені қалай берсем жарасады?!»
 Би айтар төре бермек үлгі жол деп,
 Бұл нағып екеуіңнен туған ұл деп?!
 Біріне көнбес бірі қанша айтса да,
 Пайда мен залалына бірдей бол деп.
 «Ендеше жөнін қайтып табам?!», – дейді,
 «Қолдай гөр, я, Құлболды бабам!», – дейді.
 «Қақ бөліп екеуіне мен берейін,
 Баланы ап кел қылышпен шабам», – дейді.
 Біреуі отырып, тіпті, назарланып,
 -Ей, тақсыр, төреңе бөлсең, бөл, – деп.
 Бірі айтады: - «Ей тақсыр, мынаған бер,
 Тұтсақ та бұл бала тек өлмесін», – деп.
 Шоң би сонда ақылмен білді дейді,
 Ақылмен анықталар жері келді.
 Қатынды «бөлсін», – деген текке тастап,
 Дегенге «бала өлмесін» берді дейді.
 Даулар құр көкірек ерніп жыймай,
 Барады кеудесіне ыза сыймай.
 Өз апасы өлмесін деп ойлаған,
 Өлуге алмаса да іші қимай [20].
 Басы Г. Қ. Жүсіпованың баспа бетіне ұсынылған
 М. Ж. Көпейұлының «Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы»
 дастанында жарияланған: «Жұлдыз» журналы, 1996 ж., №2, 128 б.
 М. Ж. Көпейұлы «Қазақ түбі» (1 нұсқа)

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Орталық ғылыми қолжазба қоры (ОҒКҚҚ).-№1178 папка. -
 Б141(304);

- 2 ОҒКҚҚ, №1176 папка- Б.100(94; 51)-107(101);
- 3 Сонда. Б. 108(102;55)-111(105);
- 4 Сонда. Б. 114(108;34)-120(114;61);
- 5 Сонда. Б. 344(430;170)-345(431;171);
- 6 Сонда. Б. 108(102;55)-111(105);
- 7 Көпеев М.Ж. Таңдамалы/Құрастырған: С. Дәуітов-Алматы:

Ғылым, 1992. – 91-96 б.

- 8 ОҒКҚҚ, №1170 «а» папка. – Б.124 (67) – 127(68);
- 9 ОҒКҚҚ, №1173 папка. – Б. 394-406;
10. Сонда. Б. 406-408;
- 11 Сонда. Б. 408;
- 12 ОҒКҚҚ, №1645 папка. – Б.76 (250) – 83;
- 13 Сонда. Б. 83-85;;
- 14 Сонда. Б. 108-112;
- 15 ОҒКҚҚ, №1177 папка. – Б.221 (264;147) – 235(278;141);
- 16 Сонда. Б. 236;
- 17 Сонда. Б. 244;
- 18 Сонда. Б. 244;
- 19 Сонда. Б. 247;
- 20 Жолмұрат көшірмесі. -4-5 «в» папка-17-20 бетт

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЛИРИКАНЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙ ӨЛЕҢДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

АСАИНОВА А. Р.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Әдебиетті оқыту әдістемесінде поэзияны оқыту проза мен драманы оқытудан гөрі күрделі болып саналады. Бұл осы текке тән ерекшеліктерге байланысты болса керек. Проза мен поэзия тілдеріндегі негізгі ерекшелік – ойды жеткізу үшін құрылған сөйлемдердің құрылымында, сөйлемдердің сыртқы формасында. Р. Сыздық өленді сөйлемнің ерекше сөйлем екендігін айтқан болатын. Поэзия тілін ерекшелендіретін негізгі фактор – ұйқас, өлшем, ырғақ.

Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі көп, бірақ солардың ішінде көп қолданылатыны қара өлең, шұбыртпалы, ерікті, кезекті,

шалыс, егіз, аралас ұйқас түрлері болып келеді. Осы ұйқас түрлері Мәшһүр Жүсіп поэзиясында да кездеседі. Мысалы:

Бұлбұл күс гүлстанда гүлге ғашық, -а
Көбелек, сірә, жұрмес оттан қашық. - а
Көленке денесінен қайда кетсін, -б
Өлең-жыр бізге сондай болған ғашық. - а
(қара өлең ұйқасы)

Қазақтың молдасы бар көбелектей, -а
Жүреді қайда от болса төңіректей. - а
Дайын жоқ, тұрақта жоқ, ойсыз, мисыз, -б
Ұшады тек жел болса, ебелектеп. - в
(аралас ұйқас)

Рұқсат берсең, Кенеке, -а
Тау басында қырғызға - б
Барайын соған деп едім! - в
Ертіп келген қасымда, - б
Бұғы басшы ер! - дейді. -г
(ерікті ұйқас)

Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, М. Ж. Көпейде қазақтың қара өлең ұйқасы да, аралас, ерікті ұйқас та бар. Ақынның шумақтары мен бунақтары да түрліше болып келеді.

Төрт тармақты он бір буынды өлең:
Бір құдайдан басқаны ойламан, (11)
Ой түбіне жетем деп, бойламан. (11)
Жалғыз қылда тұрғандай сол намазда, (11)
Жан-жағыңа көз салып, ойнаман. (11)
Үш тармақты, дегі буынды:
Осы бүгін күн батпай, (7)
Тау басында қамалға (7)
Бір тигізіші найзамды, (7)

Сегіз буынды өлең үлгісін де М.Жүсіптен кездестіруге болады. Ақын өлеңдері негізінен 11 бунақты болып келеді.

Сонымен өлең – еркін сөйленетін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі бір қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақты сөздер тізбегі. Өлеңдегі әр сөз адамның жан дүниесімен, көңіл күйімен, сезім толқандарымен өзекті байланыста. Ұйқас пен ырғақ та, шумақ пен бунақ та – бәрі де осыдан келіп туындайды.

Лирикалық шығарманы талдау кезінде мәтіннің эмоционалды-экспрессивтілігіне, формасы мен мазмұнына назар аудару керек.

Оқушыларға арналған лирикалық шығарманы талдау қиын, өйткені лирика адамның рухани әлеміне, оның сезімдеріне назар аударады. Көптеген зерттеушілер «поэзияны талдау және түсіндіру оқушылардың жеке, мәдени және шығармашылық өзін-өзі тануына ықпал етеді», – деген [1, б. 31].

Көркем шығармаларды қабылдау оны түсіну жолымен жүзеге асырылады, өйткені көркем шығарманы зерттеудің бастапқы кезеңінде эмоцияның пайда болуының маңызды шарты – көркем түрде көрсетілген нақты тарихи мазмұнды терең түсіну. Сондықтан білім алушыларда көркемдік пресуппозицияның болуы қажет.

Оқушылардың көркем шығармаларға, атап айтқанда лирикалық поэзияға деген эмоционалды көзқарасын ояту, өнер туындыларын қабылдау кезінде көрінетін мәселелерге назар аударған дұрыс.

Өленді талдауға арналған арнайы схема жоқ. Әр ақынның әр өлеңі өзіндік ерекшелікке ие. Өзіндік тереңдігімен, құрылысымен дараланады. Өленді талдау үшін оны мұқият оқып шығу керек, ол қолданған көркемдік әлем құру әдістерінің авторлық ұстанымын анықтау керек. Мәселен,

*Шын көңілмен оқыса бір салауат,
Сегіз ұжмақ есігі бұған ашық* [2, 125 б.].

*Шапағаттың билігі махшар күні,
Ақ патшадан бұйырылып бұған тиген* [2, 125 б.].

Суреткерлік шеберлікті танытар жолдар өте көп. Соның бірі – сөздің мағынасын кеңейту, ешкімде кездесе бермейтін тың, тосын тіркестер жасау тәсілі. Ұжмақ есігі, шапағаттың билігі тіркестері – Мәшһүр Жүсіптің өзіндік ерекшелігін танытатын жаңа тіркестер.

Мәшһүр Жүсіп қолданысындағы метафоралық тіркестер заттың, құбылыстың белгілерінің ассоциациялануы, байланысуы арқылы жасалып, ойдың дамуына, ұғымның танымдық тұрғыдан кең дамуына серпіліс береді. Ой ұшқырлығы өзге адамдар байқай бермейтін, көре алмайтын құбылыстардың әр алуан белгілері мен қасиеттерін сезіп байқауға көмектеседі. Ақын қолданысындағы метафоралар арқылы оқырманның ойлау дүниесінде күтпеген, батыл ассоциациялар жасалып, шығарма тілі өзінің көркемдік деңгейінің жоғарылығымен баурап алады.

Қолыма қағаз, қалам алайын да,
Лапылдап тал *отындай* жанайын да.

Шабыт қыл қыран *құстай* шарыққа ұшып,
Шақырсын саятшылар жемін тосып...

...Жылқыдай жау айдаған кетсең жытып,
Қазылған жолдай болып қалсын ізің [3].

Ақын өлеңіндегі қай теңеуді алмайық, суреттеліп отырған нәрсені не құбылысты тура біздің көз алдымызға әкеліп, олар туралы дәл, нақты ұғым қалыптастырады.

Ақын өлеңдеріндегі кейіптеу:

*Жаяу қыл, нәпсіңді атқа мігізбей бақ,
Міне қалса, жортқызып, жселгізбей бақ* [3, 205 б.].

Әр нәрсеге қызығушылық, нәпсіқұмарлық ақылдың көзін байлап, қызықтыра түседі. Осындай кезде ақылды қолдан жібермей, бойын сақтықпен ұстау, нәпсіні сабырлылыққа жеңгізу, өмірге сабыр-тоқтаммен қарау, жаманнан жирену ұлы философтардың еңбектерінде ерекше ден қойылған ой толғамы екені белгілі. Мәшһүр Жүсіп осы идеяны берерде ұлттық өрнекті пайдаланады. Ақынның дерексіз ұғым «нәпсіні» жаяу қылып, атқа мінгізбе, яғни «нәпсінің жүрісін баяулат» дегенді ұлттық таным-түсінікке сай жасалынған тіркестер.

Осылай көркем шығармадағы автор қолданған көркемдегіш құралдарға талдау жасап, көркем шығармадағы стильдік қызметін анықтату қажет. Жоғары сынып оқушылары өленді және автор қолданатын бейнелеу құралдарын егжей-тегжейлі талдай алады. Мұндай талдау келесі кезендерден тұрады.

1 Өленді талдауға дайындық кезеңі:

- өленді дауыстап оқу;
- өленді жатқа оқу;
- өлеңнің мағынасын жақсы түсіну үшін өмірбаяндық, мәдени ақпаратты ұсыну;
- лексикалық бірліктермен жұмыс;
- өлеңнің тақырыбын талқылау;
- автордың кейіпкерлер мен оқиғаларға қатынасын талқылау.

2 Сюжетті анықтау, автордың негізгі идеясын көрсету:

- үзінділерді драматизациялау;
- орны мен уақытты талқылау;
- ақын тілінің ерекшеліктерін талқылау;
- өлеңнің негізгі идеясын талқылау;
- өлең идеясына өз көзқарасын білдіру.

3 Өлеңді поэтикалық әдістер тұрғысынан талдау:

- көркем образ бен символ арасындағы айырмашылықты талқылау;
- қолданылған стилистикалық құралдарды талдау;
- стилистикалық құралдың қолданылу ерекшеліктерін негіздеу;
- басым қолданылған стилистикалық құралдарды анықтау;
- ақынның қиялымен жасалған көркем суреттер мен олардың нақты баламаларын салыстыру.

Поэтикалық мәтінді тереңірек түсінуге оқырманның кең көзқарасы ықпал етеді, бұл талданған шығарманы ақынның шығармашылық жолының контекстіне, белгілі бір әдеби бағыттың жақтаушылары шеңберіне және т. б. енгізуге мүмкіндік береді.

Форма мен мазмұн бірлігі заңдылығына сәйкес талдау келесідей болады:

1) «қабылдаудан – формаға»: өлеңді оқығанда қандай эмоциялар пайда болды? Неліктен? Мұндай қабылдауға қандай көркемдік экспрессивтілік құралдары әсер етті және т. б.;

2) «формадан мазмұнға»: автор шығармаға көркемдегіш құралдарды қандай мақсатпен қолданған? Шығарма композициясының мақсаты анықталады. Егер оның талдау процесінде ерекше маңыздылығы бар деп саналса.

3) «форма мен мазмұннан идеяға»: қандай формальды және мазмұнды жоспар шығарманың негізгі идеясын ашуға көмектеседі? Идеясы қандай?

Лирикалық шығармаларды оқу және талдау кезінде оқушылар қоршаған ортадағы адамдардың іс-әрекеттерін бағалауға және адамның мінезін түсінуге үйренеді. Өйткені бұл жаста олардың жеке тұлғасы қалыптасады. Сондай-ақ адамгершілік және эстетика туралы ой-өрістерін белсенді түрде дамытады.

10–11 сыныптарда көркем шығармаларды оқытуда тарихи-әдеби контекстке ерекше назар аударылады, белгілі бір ақынның (жазушының) шығармашылығын терең қамтитын монографиялық тақырыптар жиі кездеседі, терминологиялық сөздік кеңейеді.

Осылайша, лирикалық шығармаларды талдау кезінде өлеңдерді бағалау критерийлері тереңірек және жан-жақты болады. Бұл әрекеттер лирикалық мәтіннің формальды (рифма, шумақтар, стилистикалық фигуралар, поэтикалық өлшем, ырғақ) және мазмұндық сипаттамаларын анықтауға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бахор Т.А. Совершенствование умений интерпретировать лирическое стихотворение – компонент литературного образования школьников// Проблемы современного педагогического образования. Серия: Педагогика и психология. – Сборник научных трудов. – Ялта: РИО ГПА, 2018. – Вып. 60. – Ч.1. – С. 29-32.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар, ЭКО, 2008. – 5т. – 425 б.

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар, ЭКО, 2008. – 6т. – 450 б.

СЛОВО КАК ВОПЛОЩЕННАЯ МЫСЛЬ ХУДОЖНИКА (НА МАТЕРИАЛЕ «ВЫБРАННЫХ МЕСТ ИЗ ПЕРЕПИСКИ С ДРУЗЬЯМИ» Н. В. ГОГОЛЯ)

АУБАКИРОВА Р. Н.

магистрант, Торайгыров университет, г. Павлодар
ИОСТ О. А.

к.ф.н., профессор, Торайгыров университет, г. Павлодар

Слово – отличительное атрибутивное свойство человека. Слово - главное орудие в арсенале художника. Ведь, чтобы чудо, свершенное художником, пронзило душу читателя, оно должно быть в чем-то воплощено. Каждый мыслящий и чувствующий человек должен задаться вопросом о сути слова, но не каждый может дать на него ответ. Филолог как человек, любящий слово, тем паче должен разобраться с указанной проблемой. Писатель, для которого слово – главное орудие его деятельности, неизбежно вынужден ответить на вопрос о сути и предназначении слова. В этом художник слова и его исследователь сходятся. И этим диктуется актуальность поднимаемой проблемы. Попытаемся разобраться в ней, основываясь на материале уникального литературного текста Н. В. Гоголя «Выбранные места из переписки с друзьями».

Суть слова указана в Священном тексте: «В начале было Слово, и Слово было у Бога, и Слово было Бог» [1, с. 1172], чем и определяется его высочайшее предназначение. Слово несет тот свет, который сокрушает тьму и помогает постичь каждому свою внутреннюю гармонию с миром. Кроме света слово несет глубинный, зачастую скрытый тайный мистический смысл, за которым стоит целый мир - как художника, так читателя.

В силу значимости фигуры художника слова рассмотрим его дефиницию. Обратимся к философской трактовке понятия «художник» в целом: «Художник – творческий работник в профессиональном искусстве. Создавая ценности в специальной духовной сфере деятельности, профессиональный художник вовлекает читателя, зрителя, слушателя в совместное продуктивное воображение, ведет с ним «внутренний диалог», развивает способность общения. Соответственно художник должен быть творчески одаренным, обладать развитой интуицией, фантазией, которые выступают в единстве с мастерством и сложившимся мировоззрением» [2]. И еще: «Художник – субъект творческой деятельности в сфере искусства. Акт творчества демонстрирует умение художника выйти за пределы себя («ecstasis», «исступление»), когда его душа проникает в мир запредельных сущностей» [3].

Под понятием «художник слова» понимается человек, который профессионально работает в сфере литературного искусства; человек, одаренный художественным талантом владения словом. Целью его творчества является воспитание человека и пробуждение в нем лучших качеств. Художник является лекарем души, а талант его есть Божественный дар. Художник слова в качестве творца своего творения уподобляется Создателю как Творцу всего сущего. Именно потому истинный художник должен противостоять любому злу, выдержать испытания и выполнить своё предназначение.

Каждый писатель так или иначе затрагивает тему художника и смысл слова как такого.

Да, многое уже было сказано и многое ещё будет сказано о слове, о художнике слова. При этом неким образцом емкости, полноты, художественной выразительности является Н. В. Гоголь, разрабатывающий указанный материал в своем произведении «Выбранные места из переписки с друзьями».

Начиная разговор об этом человеке, нужно сказать, что Н. В. Гоголь не только художественный гений, но и учитель жизни. Его произведения учат, воспитывают и направляют. Один из наиболее известных исследователей творчества и жизненного пути писателя, В. В. Зеньковский, называет в своей работе Гоголя «художником, мыслителем, религиозно ищущим человеком» [4, с. 7]. И действительно он таков.

«Выбранные места из переписки с друзьями» – это важное произведение Н. В. Гоголя, так как это итоговый для писателя текст, в котором собраны все мировоззренческие и творческие ориентиры,

являющиеся ключевыми для него. О замысле данного текста Н. В. Гоголь впервые написал в письме к Александре Осиповне Смирновой из Франкфурта от 2 апреля 1845 года: «Это будет небольшое произведение и не шумное по названию в отношении к нынешнему свету, но нужное для многих...» [5, т. 2, с. 235]. В итоге получилось довольно большое по объему, очень шумное по вызванной реакции, совершенно особенное произведение, которое действительно явило свету общества метафизический свет, свет Истины – всем тем, кому он был нужен.

Книга была написана довольно быстро. Н. В. Гоголь пишет П. А. Плетневу: «Вдруг остановились самые тяжкие недуги, вдруг отклонились все помешательства в работе, и продолжалось все это до тех пор, пока не кончилась последняя строка труда» [5, т. 1, с. 91]. Здесь же Гоголь объясняет, откуда появилась эта легкость: «...я действовал твердо во имя Бога, когда составлял мою книгу, во славу Его святого имени взял перо, а потому и расступились перед мною все преграды» [5, т. 1, с. 107]. Для Гоголя характерно давать комментарий к своим произведениям, в котором он дает подсказку читателю. Вот и здесь указано главное – книга написана во имя Бога; и каждое слово, выпущенное из-под пера художника, есть творение, обращенное к Творцу.

Обращаясь к тексту «Выбранных мест», нужно сказать, что автор поднимает целый ряд проблем, но мы остановимся на интересующей нас в данном материале проблеме Слова, Художника и Творчества, которая и для Гоголя принципиальна важна.

1) показывает движение в заданном направлении, покорность («Я в твоих волнах // бересты челнок»);

2) становится возможным средством для воссоединения с любимым («Друзья все болтают, // ну а мне бы сесть в поезд», «Не встретиться ли нам, // Пусть даже и случайно // В каком-нибудь троллейбусе, // Идущем на восток?»);

3) является причиной разлуки и невозможности воссоединения («Отражает мокрый город // самолетов вереницы», «Пару часов и железная птица снова похитит тебя»);

3) приводит к рассуждению о различии между людьми («Ваш трамвай – на восток, // мой автобус – в кювет», «Кто-то в карете, кто-то пешком»);

4) транспорт выступает как средство борьбы со скукой и повседневностью («А ты опять от скуки стегаешь лошадей», «Зло, апатично в Альфа-Ромео // Маются молча Джульетта с Ромео»);

5) призывает к взаимоуважению («Надеюсь ждать не много лет, // Захватит власть в стране велосипед!»)

6) напоминает о скоротечности жизни («По путям трамвайным скользким // Пробегутся на рассвете // И рябиновым помётом // Там застынут капли эти»).

Характерной особенностью художественного мира С. Я. Сургановой является тесная связь мотива дороги и смерти. Саму смерть автор воспринимает как переход в иной мир. «Ну а мы, как прежде, стая, – // Чемоданов слов в дорогу // На прощанье собираем // Для твоей прогулки к Богу». Если в юности виновником разлуки был дождь, то позже смерть становится единственной непоправимой причиной расставания, о времени прихода которой не знает никто:

Кто же знает, как там будет,
Первым кто из нас отбудет?
Чей сапог поставит в стремя
Запыхавшееся время?

Раньше нам под одеялом
Дня и ночи было мало!
А теперь тебя, родную,
Я поверх земли целую... [7].

При этом смерть одного может разлучить только на время, пока не умрет второй: «Так в безответной тишине // Уже лечу с попутной стаей».

Говоря о движении как одном из важных составляющих мотива дороги, следует подчеркнуть, что у Сургановой это движение не только физическое, но зачастую мы наблюдаем внутренние

душевные порывы или духовное развитие, то есть движение вверх, а иногда и вниз:

Ты предлагаешь.
Ты направляешь.
Я отвергаю.
Я убегаю.

Мною будто правят бесы.
На глазах моих завесы.
И берет меня в прислугу
жизнь по замкнутому кругу! [8].

В песне «Кольчуга» Светлана Сурганова открыто говорит, кто управляет человеком, потешаясь над ним, толкая на противление Создателю. Действительно, в ответ на то, что Господь предлагает и направляет, лирическая героиня способна лишь отвергать и убегать. Тем не менее, душа стремится к возрождению, желает освободиться от оков и воспрять, но ее сдерживает нечистая сила, которой героиня и поддается. Если в первом куплете завесы только ощущаются, то позже:

Мною будто правят бесы.
Не дают сорвать завесы.
Дух, запрятанный в кольчугу,
Дни по замкнутому кругу [8].

Каждый день становится похожим на предыдущий, дорога жизни замыкается в кольцо, а кольчуга, которая предназначена спасти физическое тело, становится оковами для духа, она сдерживает его, не давая действовать Духу Святому в полной мере в душе человека.

Закономерный финал «жизни по замкнутому кругу» С. Сурганова представляет в следующей песне «Кровоток», где мы видим, к чему все это может привести:

Крылья повисли,
покрылись пылью...
Крылья налиты свинцом избылья...

Медленно-медленно стыл кровоток,
жизни давая последний глоток [9].

Все ближе подступает духовная смерть лирического героя; крылья, как символ Божественного начала в человеке, становятся бесполезным атрибутом, а сам герой с каждым днем теряет

возможность освободиться от своих грехов, которые не дают взлететь. Такая жизнь уже не приносит радости, отсюда возникает закономерный вопрос и эмоциональное утверждение:

Кто бы избавил от сердца избытка?
 День ото дня продолжается пытка!
 А сердце стучится в небесные двери
 загнанным зверем в комфортном вольере! [9].

Автор упоминает прямую цитату из Евангелия от Матфея, чтобы еще раз подчеркнуть внутренний разлад лирического героя, его испорченность, ведь злые слова могут исходить только из нечистого сердца. Как говорил А.С. Пушкин, «гений и злодейство – две вещи несовместные». Поэт, страдающий от избытка сердца, все меньше и меньше имеет возможности создать что-то стоящее, поэтому ему приходится хоронить свой дар, свой талант, вновь отрекаясь от Бога:

Топить камин черновиками,
 Срывать ярлыки,
 стучать каблуками!
 Капля за каплей в дыму сенсимильи –
 всем погружаться в транс сегидильи! [9].

Нечисть настолько входит в человека и начинает хозяйничать в нем, что тело уже не может оставаться храмом души в первоначальном ее состоянии. Конечная цель страшной метафизической силы – разрушить человека, не оставив ни единой возможности на восстановление, то есть довести творение Господа до самоубийства, подключив наркотические средства для стирания и уничтожения личности.

Как истинный поэт Светлана Сурганова не просто рисует опасную картину души человека. Она дает возможное и наилучшее решение сложившейся ситуации в тексте «Катапульта», называя все былые обиды мыльными пузырями. Жизнь, которая казалась бегом по кругу, переосмысливается и становится аттракционом, который: «Все быстрее бежит и кружит // День за днем традиционно // В колею врезаюсь глубже». И внешне, вроде, ничего не меняется, но выход все равно есть, и он зависит от выбора самого человека и от его решения измениться:

Убегаю прочь от лени!
 Лентой стелется дорога.
 А вокруг роятся тени –
 все хотят меня потрогать...

Отключаю алгоритмы!
 Катапульта мне в подмогу.
 Парашют уже не нужен –
 отдаю себя потоку! [10].

Как только лирическая героиня отказывается от смертного греха гордыни (а лень является одним из ее проявлений), «отключая алгоритмы», и отдает себя в руки Создателю, «катапульта» становится тем самым стартом, который помогает воспрянуть погибающей душе. И парашют не нужен по той причине, что крылья вновь свободны для полета. Но в качестве предостережения автор напоминает раз за разом: «Каждый желает запретного плода!» – это может коснуться каждого из нас, и для борьбы с темной силой необходимо постоянно отказываться от греха.

Итак, в художественном мире Светланы Сургановой мотив дороги имеет особое значение. Если в первых произведениях дорога связана с любовной историей, то позже все ярче проявляется ее связь с мотивами жизни и смерти человека, в котором дорога становится художественным образом, символизирующим переход из одного состояния в другое. В зрелом творчестве важным становится именно связь дороги с движением души. Теперь дорога значима не столько в физической плоскости жизни, сколько в метафизической. Мотив дороги напрямую связан с движением души от губельного ее состояния по пути к спасению, к возрождению, к Богу. Лирическая героиня С. Сургановой непрерывно находится в движении по дороге, цель которого – в спасении души, возможном лишь в максимальном приближении к Создателю в результате исполнения Его заповедей, подчинении Его воли. Но путь по этой дороге жизни крайне сложен. И итог ее во многом зависит от человека.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 О группе // Сурганова и оркестр. [Электронный ресурс]. – URL: <https://surganova.su/about/> [дата обращения 14.11.2021].
- 2 Сурганова Светлана. Все сначала! – М., 2020. – 320 с.
- 3 Светлана Сурганова: «Поэзия «перепрошила» меня в лучшую сторону» // Аргументы и факты – Петербург. [Электронный ресурс]. – URL: <https://spb.aif.ru/culture/person/1414427> [дата обращения 14.11.2021].
- 4 Автобус // Август – снайперов всегда будет двое. [Электронный ресурс]. – URL: <https://august93.ru/archives/885> [дата обращения 14.11.2021].

5 Дождик // Август – снайперов всегда будет двое. [Электронный ресурс]. – URL: <https://august93.ru/archives/894> [дата обращения 14.11.2021].

6 Про все, что прожито // Август – снайперов всегда будет двое. [Электронный ресурс]. – URL: <https://august93.ru/archives/674> [дата обращения 14.11.2021].

7 Перрон // Август – снайперов всегда будет двое. [Электронный ресурс]. – URL: <https://august93.ru/archives/14427> [дата обращения 15.11.2021].

8 Кольчуга // Сурганова и оркестр. [Электронный ресурс]. – URL: <https://surganova.su/songs/> [дата обращения 15.11.2021].

9 Кровоток // Сурганова и оркестр. [Электронный ресурс]. – URL: <https://surganova.su/songs/> [дата обращения 15.11.2021].

10 Катапульта // Сурганова и оркестр. [Электронный ресурс]. – URL: <https://surganova.su/songs/> [дата обращения 15.11.2021].

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МОТИВАЦИЯЛАР МЕН АФФИРМАЦИЯЛАРДЫҢ ЛУЙЗА ХЕЙДІҢ «ӨМІРІҢ ӨЗ ҚОЛЫНДА» КІТАБЫНДА КӨРІНІС ТАБУЫ

ТОЛЕУКОНЫР Ж. К.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№ 15 ЖОББМ, Семей қ.

Қазіргі таңда мотивация мен аффирмация терминдері психология шеңберінен шығып, күнделікті қолданысқа еніп келеді.

Мотивация (ағылш. motivation) – қолданылу ыңғайына қарай қазақша «ниет», «түрткі», «кірісу», «жігерлену», «ынталану» сөздерінің мағынасына жақын келетін, қазіргі заман мәдениеті мен гуманитарлық ғылымдарында кең қолданылатын ұғым. Бұл ұғымды алғаш рет немістің иррационалды волонтаризм философы А. Шопенгауэр өзінің философиялық шығармасында жеткілікті төрт негіздің бірі ретінде қарастырған. Мовео латынша сөз болып, «қозғалу, әрекет ету» мағынасын береді, демек motivation сөзбе сөз мағынада «қозғалту, әрекетке келтіру» мағынасын береді. Бірақ қазіргі заман мәдениетінде ол тікелей мағынасында емес, көбіне көп ауыспалы, жетілдірілген, түрлендірілген мағынада қолданылады. [1] Ал енді бірде мотивация – экономика ғылымындағы басқару атқарымдарының бірі; басқарудың тиісті әдістерін таңдау және

орындаушылардың уәжі ұйымның жалпы мақсаттарына қол жеткізуге септігін тигізетін жағдай жасау [2, 10].

Мотивация отандық және шет елдік психологиясындағы іргелі проблемалардың бірі болып табылады. Қазіргі күнгі психологиядағы зерттеме үшін оның маңыздылығы адамның белсенділігінің көзін, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын қозғаушы күшін талдаумен байланысты. Адамды іс-әрекетке не итермелейді, оның түрткісі қандай, ол оны не үшін жүзеге асырады деген сұрақтарға жауап оның сәйкес түсіндірмесінің негізі болып табылады.

Мотивация проблемасының күрделілігі мен көп аспектілі оның мәнін, табиғатын, құрылымын түсінуде және де оны әр тұрғыдан зерттеу әдістерінің көп болуымен шартталады (Б. Г. Ананьев, С. Л. Рубинштейн, М. Аргайл, В. Г. Асеев, Дж. Аткинсон, Л. И. Бо-жовивич, К. Левин, А. Мослау, Ж. Нюттен, З. Фрейд, П. Фресс, П. М. Якбсон және т.б.) [3]

А. Ф. Лазурский Ресейде ХХ ғасырдың басында мотивация мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерді. А. Ф. Лазурский 1906 жылы «Очерк науки о характерах» еңбегін жариялады. Мұнда тілек және ұмтылыс, мотивтер күресі мен шешім қабылдау, шешімдердің тұрақтылығы және толғаным импульстерін іштей ұстап тұруға қабілеттілік мәселелері қарастырылған. Бұл сұрақтар қазіргі уақытта да өзектілігін жойған жоқ [3].

Л. С. Выготский де адам мінез-құлқының мотивациясы мен детерминациясы мәселесін назарынан тыс қалдырмады. Л. С. Выготский «Педагогика подростка» атты оқу құралында қызығушылықтың мәніне және оның жеткіншектік кезеңдегі өзгерістеріне арнайы үлкен тарау арнайды. Л. С. Выготский ұмтылыс пен қызығушылықтың сәйкестігі мәселесі бала мінез-құлқының және қызығушылығының эволюциясымен шартталатын жасөспірімнің психикалық дамуының кілті деп санады. Ал Шопенгауэр «Мотивация» сөзін мотивация – психологиялық іс-әрекеттің себебі мен оларды бағындыру жолдары деп қарастырады. Қазіргі таңда мотивация психологиялық құбылыс ретінде әртүрлі түсіндіріледі. Бір жағдайларда – факторлар жиынтығы бағыттаушы және қолданушы мінез-құлықты анықтап беретін, келесі жағдайда – мотивтер жиынтығы ретінде қарастырылады, ал үшінші жағынан – ағзаның белсенділігі тудыратын және оның бағыттылығы іздену деп қарастырады [4, 6].

Аффирмация термині де бүгінде трендке айналған. Бұл сөздің мағынасымен астарына біраз үңіліп көрейік. Аффирмация ең алғаш латынның (affirmatio-растау) сөзінен шыққан. Ал мұның қазақша

баламасын психологтар «Жақсы сөйлеу, жақсы сөз айту» деп аударып жүр. Алғаш адамдар аффирмация айтуды психолог Луиза Хейдің семинарынан бастап әдетке айналдыра бастаған.

Атақты тележүргізуші Опра Уинфри өзінің телешоуында 1988 жылы миллиардер Дональд Трампқа «сіз алдағы президент сайлауында бір кездері жеңемін деп ойлайсыз ба?» деп сұрақ қояды. Ол «иә!» деп жауап береді. Тіпті ол өзінің ақша сақтайтын сейфіне қажетті сомасын жазып, таңертен тұра салысымен «менің саудам өсіп келеді»деп қайталап айтып жүретін де болған. Бұл сөз күдіретінің күшімен жетістікке жеткен жеңімпаздардың мыңнан бірі ғана [5].

XIX-XX ғасырларда француз ғалымы Эмиль Куэ аффирмация туралы теорияны алғаш ғылымға енгізді. Оның айтуынша, егер адам күн сайын бір репликаны қайталаса, онда ол оның жеке басына деген көзқарасын анықтайтын жүйеге айналады. Сондықтан болашақта адам үшін бұл сөздер шындыққа айналады. Осы орайда ғалым біздің миымызға енетін әрбір ой нақты және шыншыл болуға тырысатынын түсіндіреді. Оған қоса санамыздағы әрбір ой іс жүзінде көрінгісі келеді. Себебі адам санасы осылай бағдарламаланған. Сондықтан, егер адам шынымен бір нәрсеге қол жеткізгісі келсе, уақыт өте келе бұл іске асады.

Эмиль Куэ – бұл растау (аффирмация) тұжырымдамасын жасаушы. Және оның не екенін және қалай жұмыс істейтінін түсіндіреді. Бірақ растаудың басты промоутері – Луиза Хей саналады. Ол американдық психотерапевт бола отырып, «Жаңа сана» бөлімінің басшысы болды. Ол сонымен бірге бестселлерге айналған 18 кітаптың авторы [6].

Луиза Хейдің ең әйгілі жұмыстарының бірі – «Ауру мен растау кестесі». Егер науқас ұзақ уақыт бойы қатты ауырса және дәстүрлі медицина көмектеспесе, ол осы кітапқа жүгіне алады.

Луизаның айтуы бойынша, егер біз санамыздағы өрескел ойларды өзгертсек, олардан болатын аурулардан арылуға болады. Осылайша аффирмация бізге жан-жақты көмектесе алатын жүйеге айналады.

Көріп отырғанымыздай, мотивация мен аффирмацияның қазіргі заманғы адам өмірінде алатын орны үлкен. Ал жоғарыда келтірілген шет елдік немесе қазіргі мотивациялық кітаптарды жазуды кәсіпке айналдырғандардан гөрі Абайдың ұлағатты сөздері әлдеқайда рухани дүниемізді байытпа түседі деп ойлаймыз. Сол себепті Луйза Хейдің «Өмірің өз қолыңда» еңбегі мен Абайдың асыл сөздерімен салыстыра зерттеп, дана тұлғамыздың сөздерінің бүгінгі қоғамда да өзектілігі мен құндылығы жайлы сөз қозғамақпыз.

Луйза Хейдің «Өмірің өз қолыңда» еңбегін қазақша аударған Мақсат Ізімұлы кітаптың алғы сөзінде «Абай атамыз «Ой түзелді, тындаушымы, сен де түзел!» демей ме? Аффирмация өміріңді өзгертеді дегенді түсінбейтіндер көп. Аузыңдағы сөзіңді түзе, сөзің түзелсе, ойың түзеледі, ойың дұрыс болса, бойыңдағы сезімдерің, көңіл күйің де жақсы болады. Көңіл күйі шалқыған шабытқа бөленген, шадыман шаттықпен шуақтанған адам тау қопарады, яғни әрекеттің әлеуеті хәм дұрыс болады. Сонда барып өзін қалаған нәтижеге қол жеткізесің», – деп қазақ аффирмациясының бастауы Абай шығармаларында көрініс табатынын айтып тұрғандай. Шынымен де «Абай-дария, мен сол дариядан шөмішпен қалқып қана алдым», – деген екен ұлы Мұхтар Әуезов. Соңында қалған мыңжылдық ұрпағына Абай шығармаларының берер тәлім-тәрбиесі, тағылымы телегей-теңіз. Сан қырлы тақырыптағы Абайдың қай шығармасын алып қарасаңыз да, негізгі арқауы – адамға мотивация беру, ой салу, аффирмациялық сөздер. Данышпан Абайдың асыл сөздерін ұлықтаған сан ұрпақ өзі-өзі дамытуға, өмірлік мәселелерінің шешімін табуға, өз мінезінің кемшіліктерін түзетуге ұмтылды. Ал қазіргі таңда көптеген мотивациялық кітаптар сатылымда бар. Ой салатын дүниелері болғанымен, маркетингтік амалмен ақша табу үшін жазылған кітаптар көп. Кітап индустриясы – бизнес. Сөредегі мотивациялық кітаптардың көбісі шетелден келеді. Шетелдік авторлар кітап шығарумен ақша табады. Оның бір мысалы, «Гарри Поттермен» мульти-миллионерге айналған Джоан Роулинг. Мәселен, «Күміс кітабымды» маркетингке салуға қаражатым жетпеді. Егер осы кітаппен ақша тапқым келсе, маркетингтік жалдап, оған жалақысын төлер едім. Кітаптың жарнамасы кеңейіп, билбордта, метроның жарнама тақтайшаларында, түрлі сайттарда тұрар еді де әжептеуір пайда көрер едім.» деген болатын, «Әннің де естісі бар, есері бар» дегендей, барлық кітап бірдей пайдалы бола бермейді. Алайда жарнамасына жақсы қаражат салса, таралымы көбейіп кетеді. Бәрін қолдан жасап алуға болады.

Мотивациялар мен аффирмациялар – бүгінгі заманғы тренд. Ал бұл трендті ұлттық құндылық тұрғысына қарай бұрғымыз келсе, әрине Абайға келіп сүйенеміз. Мотивацияңыз жетпей, оны жүздеген кітаптардан іздеуге бел буғанша, уақыт жоғалтпай Абай шығармаларындағы мотивациялар мен аффирмацияларды оқып шыққан әлде қайда тиімді деп ойлаймыз. Өйткені Абайдың мол мұрасына әркімнің де қолы жетеді. Әр үйде, әр кітапханада және интернет желісінен ақысыз оқып шығуға болады. Тек соны заманауиландырып және мотивациялар мен аффирмацияларды

жеке жинақ ретінде шығарып, күнделікті әлеуметтік желілер мен қолданыстағы заттарға жазып қойсақ бүгінгі жас оқырмандарға одан да қолжетімді болар еді деп ойлаймыз. Сонымен қоса бала кезінен жаттап өскен мотивациялық, аффирмациялық шумақтар, ойлар, пікірлер тұлға болып қалыптасуға мол көмегін тигізеді.

Ендеше назарларыңызға қазіргі таңда көп сұранысқа ие мотивациялық және аффирмациялық кітаптардағы ойлар мен Абай шығармаларынлағы мотивациялар мен аффирмацияларды салыстыра зерттеп, Абай ойларының өзектілігін, құндылығын көрсетіп, бүгінгі заман тұрғысынан ең керектілерін ұсынбақпыз.

Кесте 1

<p>Абайда</p> 	<p>Луйза Хейда</p> 
<p>Дүние – үлкен көл, Заман – соккан жел, Алдыңғы толқын - ағалар, Артқы толқын - інілер, Кезекпенен өлінер, Баяғыдай көрінер. [7]</p>	<p>Өмірдің әр сәті – өткен шақтан болашаққа барар жолдағы аттаныс нүктесі. [8,6 б.]</p>
<p>1. Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас. 2. Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды. Біз алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демекшілік те - ақылымызға ұғымының бір тиянағы үшін айтылған сөз. 38-қарасөз 3. Аллатағала өзі – хақиқат жолы. 38-қарасөз 4. Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта 5. Сен асыққан екен деп – Алла өмірін өзгертпес. [7,6 б.]</p>	<p>1. Мен жаратқан Құдіретті Күшпен ажырамас байланыстамын. [8,6 б.] Мен өзімнен құдіреттілеу күшке сенемін. [8,19 б.] 2. Ол барлық сауалды қояды, ол бүкіл шешімді ұсынады, ол аурудан айықтырып, кереметтер жасайды, жаратады. [8,19 б.] 3. Мен өзіме даналықтың дарбазасын ашып, Ғарышта жалғыз Ақыл-ес қайнары барын мойындаймын. [8,19 б.] 4. Мен өзімнен құдіреттілеу күшке сенемін. [8,19 б.] 5. Мен осынау Ұлық Күшке және осы бір ағзам ақыл-еске сенемін әрі білуге тиіс нәрселердің құпиясы ашылып, тиісті шағында, тиісті жерінде әрі тиісті жүйелілікпен маған келетінін де білемін. Менің әлемімде бәрі тамаша. [8,19 б.]</p>

<p>Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді ер ортасы жасқа келдік; қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? 1-қарасөз. [7,439 б.]</p>	<p>Естеріңізде болсын: біздің бәріміз белгілі бір уақытта, белгілі бір жерде және белгілі бір реттілікпен өзгере бастаймыз. Мен мысалы өзімнің өмір сүру салтымды елу жастан кейін өзгертуге тырыстым. [8,36]</p>
<p>...Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. [7 б.]</p>	<p>Даналық пен білім биігіне әрқашан жол ашық, [8,6 б.]</p>
<p>Өзін тәрбиелей білмеген, өзгеге өнеге көрсете алмайды. [7]</p>	<p>Өзіңізбен келісімді өмір сүруге тырысыңыз, одан әрі не болатынын көресіз. [8,19 б.] Мен өзімді сүюді үйренгім келеді. Менің әлемімде бәрі тамаша.</p>
<p>Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде шайқактап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек? Осындай сөз танымайтуғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады. [7 б.]</p>	<p>Сәбидің кемелдігі Балдырған шақта қандай мінсіз әрі сүйкімді болдыңыз! Балаларға мінсіз кемелдікке жетуге ұмытылудың қажеті жоқ, олар сол кемелдіктің нағыз өзі ғой және соны білетіндей еркелеп, еркін жүреді. Олар он сегіз мың ғаламның тұтқасын ұстап тұрғандай сезінеді өздерін. Көңілдері қалаған нәрсені сұраудан тайсалмайды, эмоциясын ашық көрсетуге ұялмайды: егер ол ашуланса - бұл жөнінде төңіреkteгілердің бәрі біледі, ал күлсе - жымығаның өзі үйдің ішін жайнатып жібереді. [8,25 б.]</p>
<p>Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар - жүрек ісі. Асықтық та - жүректің ісі. 14-қарасөз</p>	<p>Жүрегіңізге соншама махаббат сыяды, ал, ол бүкіл ғаламшарды ауру-сырқатынан айықтыра алады. Өз жүрегіңіздің түкпіріндегі жылылықты, жұмсақтық пен мейірбандықты сезініңіз. Осынау ізгі сезімдер сіздің ойлау қалыбыңыз бен сөйлеу мәнеріңізді өзгертуге көмектеседі. [8,104 б.]</p>

<p>Адам ұғылы екі нәрседен: бірі - тән, бірі – жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсиби - оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы – жибили, ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым – бұлар – кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнәшік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол - жанның жибили қуаты дүр. Бір ұмытпастық жақсы нәрседен көңілге жақсы әсер хасил болып, жаман нәрседен көңілге жаман әсер хасил болу секілді нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсеге жарамайтын болады.</p>	<p>Жаңа нәрсені жасау барысында біз холистикалық пәлсапаны пайдалана аламыз. Ол адамның тәнін, жаны мен ақыл-есін дамытып, азықтандыру қамын қамтиды. Егер де құрамдас бөліктерінің бірі еленбей, қағыс қалатын болса, онда адам кемелдікке жете алмай, бүгініктен айрылған күйінде қалады. Басқа құрамдас бөліктерді қосқан жағдайда, өзіңізді жетілдіру қамын неден бастайтыныңыз онша маңызды емес. [8,118 б.]</p>
--	---

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://kk.wikipedia.org/wiki/Мотивация>
- 2 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9
- 3 <https://kznews.kz/bilim/referat-motivaciya-tusinigi/>
- 4 М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Педагогикалық факультет, Автореферат, Оқуға мотивацияны арттырудың психологиялық-педагогикалық шарттары, Орал- 2015 ж.
- 5 <https://qamshy.kz/article/45662-biznes-kouch-kamshat-bekdgigitovanyinh-omirin-ozgertken-qanday-affirmatsiyalar>
- 6 <https://www.bugin.kz/13116-affirmatsiya-degen-ne>
- 7 Абай Құнанбаев шығармалар жинағы, 692 бет.
- 8 Луйза Хей «Өмірің өз қолыңда» – Алматы; «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2020, 248 бет.
- 9 aikyn.kz
- 10 Мотивациялық кітаптар жиынтығы. «Жаңа ой орталығы», 2012 ж. 83 б.

РОЛЬ РУССКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ФОРМИРОВАНИИ НРАВСТВЕННОГО ОБЛИКА Ч. ВАЛИХАНОВА И И. АЛТЫНСАРИНА (ПО РОМАНАМ С. МУКАНОВА «ПРОМЕЛЬКНУВШИЙ МЕТЕОР» И М. СИМАШКО «КОЛОКОЛ»)

ЦВЕТКОВА А. Д.

к.ф.н., дпрофессор, оцент, Торайгыров университет, г. Павлодар
ШВЕЦ А. Н.

магистрант, Торайгыров университет, г. Павлодар

На формирование мировоззрения человека влияет множество различных факторов: семья, друзья, общество. И каким в итоге станет человек, как будет вести себя по отношению к другим людям: делать людям добро или оставаться беспристрастным, а порой и равнодушным к людским страданиям – это зависит отчасти от людей, которые нас окружают с малых лет, которые формируют наши взгляды.

Чокан Валиханов и Ибрай Алтынсарин на своём жизненном пути повстречали множество людей, которые оставили неизгладимый след в их душах. Одни из них научили видеть и чувствовать всё то прекрасное, что есть в этом мире, другие показали ему то, как надо и как не надо жить и воспринимать этот мир. Молодые просветители понимали, что одни люди греют как солнце, заряжают энергией, другие даны как испытание, пройдя которое человек приобретает бесценный жизненный опыт.

Именно в период становления личность приобретает свои сущностные качества. Ни для кого не секрет, что черты характера могут быть ориентированы не только на нравственность, но и иметь отрицательную сторону. Но всё же семья, окружающие люди озабочены тем, чтобы характер человека развивался лишь в положительном русле, поэтому больше внимания уделяется не просто развитию личности, а нравственному её становлению.

В начале романа С. Муканова «Промелькнувший метеор» Чокан предстает маленьким мальчиком, потомком хана Аблая, сходство с которым не раз подчеркивало окружение Чингиза: «Мальчик рос памятливым. Внимательным, зорким. Он любил вертеться среди взрослых. На празднествах ему особенно нравились песни. Он весь превращался в слух и когда сказитель вел свой неторопливый рассказ» [1, с. 130].

Среди друзей Валиханова были те, кто частицей своей души обогатил будущего ученого – великий русский писатель Ф. М. Достоевский, русский поэт С. Ф. Дуров, выдающийся русский ученый, этнограф, публицист, фольклорист Г. Н. Потанин, известный ученый и общественный деятель П. П. Семенов-Тянь-Шанский.

Когда Чокан заканчивал учебу в кадетском корпусе, он познакомился с сосланными в Западную Сибирь С. Ф. Дуровым и Ф. М. Достоевским. Дуров со своими революционно-демократические взглядами оказал большое влияние на общественно-политическое мировоззрение Валиханова. После встречи с ним Чокан критически взглянул на существовавшую систему социального устройства. В свою очередь, Валиханов познакомил Дурова со своим другом Г. Н. Потаниным.

Знакомство Федора Достоевского с Чоканом Валихановым переросло в крепкую дружбу на долгие годы. Они часто встречались в Омске, Петербурге, Семипалатинске. В 1859 г. Валиханов приезжал к Достоевскому, находившемуся в Семипалатинске. После отъезда Достоевского в Петербург между ними завязалась переписка, не прерывавшаяся многие годы. Валиханов часто советовался с великим писателем по насущным вопросам общественной жизни. Достоевский по достоинству оценив феноменальную личность Ч. Валиханова, увидел в нем гуманиста, просветителя и наставлял его на служение своему народу. «Достоевский, присматриваясь к Чокану, все больше и больше убеждался в том, что он не мальчик, не наивный юноша, как думалось вначале, а зрелый молодой человек, оригинальный и мыслящий. Изредка делился с Чоканом воспоминаниями о пережитом, реже посвящал в некоторые свои замыслы» [2, с. 150].

О дружеских отношениях этих двух выдающихся личностей свидетельствуют письма Достоевского к Валиханову, которые хранились у него всю жизнь. Во всех письмах Федор Михайлович давал советы молодому Чокану, призывая его служить родному народу. Встреча Валиханова и Достоевского произошла в Омске, где последний находился под надзором полиции, отбыв сроки каторжных работ и тюрьмы.

В романе пишется, как Чокан, прогуливаясь с кадетами, впервые увидел Достоевского вместе с другими каторжниками на берегу Иртыша: «Чокан видел одно лицо: бледное, землистое, с выступившими веснушками. Глубокие серо-синие глаза. Русые

волосы. Спокойное лицо, не выражающее ни тоски, ни грусти. Только многое скрывалось в этих запавших светлых глазах. Скорбь? Ум? Обреченность?» [1, с. 402]. Вторая их встреча произошла в Омском остроге, куда Чокан пришел навестить Федора Михайловича, увидев его имя в списке заключенных. Встреча в остроге показана глазами Достоевского: «...походка вошедшего явно не отличалась решительностью. Он будто медлил, будто бы собирался с духом. Могло быть и другое – просто не сразу привыкали глаза к тусклому сумраку казармы» [2, с. 179]. Эти слова как нельзя лучше показывают, с каким благоговением относился Шокан к Достоевскому. В романе также говорится о попытках Валиханова ускорить освобождение Федора Михайловича. В реальности этого не было. Вероятно, Сабит Муқанов хотел показать значимость Достоевского для молодого просветителя. Их третья встреча случилась, когда Чокан прибыл в Семипалатинск. Это была их последняя встреча, встреча двух «близких друг другу сердец». Достоевский говорил об отношениях «высших» и «низших» сословий. Эта тема волновала Валиханова с тех самых пор, как он прочитал роман «Бедные люди». В свои двадцать лет сын кочевого народа показал себя образованным человеком, владевшим европейскими и восточными языками, имевшим основательные познания в географии, истории, этнографии, фольклористике. В разговорах, несомненно, возникала и важная для обоих тема России и Азии, их взаимодействия и общей судьбы. Будущее, к которому зовет Валиханова Достоевский, это не служебная карьера, а путь литератора и ученого. Именно Достоевский убедит Валиханова не бросать заниматься сочинительством, записывать материалы о степи, о ее быте, о социальном устройстве. И делать это необходимо не из собственных эгоистичных побуждений, а во благо своего народа.

Одним из самых близких друзей Валиханова был Григорий Потанин. Его имя занимает свое особое место в русской науке, в истории русско-казахских отношений, в жизни Чокана. В истории русского востоковедения их имена стоят рядом. Когда они встретились, то не сразу нашли общий язык, но вскоре подружились и стали единомышленниками до конца дней. «Из ворот дома вышел подросток в кадетской форме, посмотревший на Чингиза и его спутников с некоторым удивлением. <...> Ревнивому Чокану с первого взгляда не очень понравился этот русский мальчик, одетый

в военную форму, как торе. Единственное, что его приятно удивило, так это уменье и отца и сына чисто говорить по-казахски» [1, с. 343].

Первые шаги к установлению дружеских отношений сделал Григорий Потанин, так как Чокан был гордым и вспыльчивым: «Но мягкий и тихий Григорий сам сделал шаги для сближения. С детских ранних лет Гриша рос среди аульных ребятишек и, конечно, у него были многие, одинаковые с чокановскими привычки» [1, с. 346]. Вскоре Потанин уже учил Чокана русскому алфавиту, и благодаря этим урокам сыну казахских степей было легче адаптироваться в русской среде. Дружба Потанина с Валихановым открыла новые грани для обоих юношей: у Григория Николаевича проявился интерес к истории казахов и к изучению их языка, а у Валиханова интерес к истории российского государства и овладению русским языком в совершенстве. Григорий дотошно расспрашивал Чокана о казахских обычаях, об утвари и вооружении. На том они и сдружились. Потанин записывал рассказы товарища в большую тетрадь. Чокан иллюстрировал записи изображениями казахской утвари, принадлежностей соколиной охоты, музыкальных инструментов, оружия.

Итак, в короткой, но яркой, наполненной важными событиями жизни Ч. Валиханова особое место занимает общение с выдающимися представителями русской демократической интеллигенции. За каждым их именем стоят многие значимые события и явления русской общественно-политической жизни, которые пропускал через свое сердце и ум Чокан Валиханов.

Ибрай Алтынсарин вошел в историю Казахстана как выдающийся просветитель, педагог, поэт, общественный деятель. Интернациональный характер культуры, взаимообогащение культур отдельных народов сформировали взгляды Ибрая Алтынсарина, который, в свою очередь, помог казахскому народу преодолеть различные пережитки и предрассудки прошлого. Алтынсарин был одним из тех, кто приобщил казахскую степь к миру культурных ценностей.

В центре романа М. Симашко «Колокол» находится внутренний мир Алтынсарина, его наставников и друзей. Двигается время. Герой на протяжении всего романа взрослеет и развивается. Мы видим творческую, располагающую к размышлениям, интеллектуальным спорам, уютную атмосферу вечеров в доме учителя русской словесности Арсения Михайловича Алатырцева Спорили на этих

вечерах и о делах на линии, и о Крымской войне, и о судьбе кобзаря Шевченко.

Алатырцев прекрасно знал татарский язык и культуру степи, приучал Алтынсарина к серьезному чтению. И вот из скромного мальчика, которому на этих вечерах отводилось место возле книжного шкафа с булкой и чаем в руках, после окончания учебы вырастает личность человека, который чувствует себя равным среди равных, говорит уверенно и свободно. «А вам. Пожалуй, можно кое-что посерьезней из этого автора почитать, Алтынсарин. В российскую словесность вы проникли – дай бог некоторым из моих кадетских лоботрясов. Вот, возьмите! Алатырцев поставил в шкаф принесенную книгу, дал ему другую, стоявшую рядом. На титуле было крупно обозначено «Мертвые души» – сочинение господина Н.В. Гоголя и мелкой прописью – «поэма». Он подумал, что это должно быть еще страшнее, чем про чертей и утопленниц» [3, с. 24].

Ярко и выразительно показаны писателем встречи местных чиновников, статских советников у Плотникова. Алтынсарина на вечерах у попечителя и вовсе не замечали и совсем не спорили между собой, а только кивали головами в знак согласия. Симашко показывает, как Ибрай, представитель другой культуры, слушает и интерпретирует слова надзирателя оренбургской школы, коллежского советника Алексея Дынькова, который говорил по-казахски совсем как кыпчак, офицеров, топографов и артиллеристов Дальцева, Андриевского, Нестеренко. Дыньков выступал против традиций, которые мешали обучению воспитанников школы. Алтынсарин не единожды был свидетелем его ссор с Усман-ходжой и поначалу не хотел отказываться от традиций, которые соблюдал с детства. «Но самая большая ссора между домullo Усманом и господином Дыньковым произошла из-за уразы, когда целый месяц нельзя правоверным есть от восхода до заката солнца. <...> Господин Дыньков мягко говорил ему по-татарски: «Все вы правильно сказали, Усман-ходжа, и уразу обязан чтить и блюсти каждый человек, приверженный вере. Однако сказано у пророка о слабых, болеющих и убогих разумом, к коим допустимы послабления. К ним же причтены несовершеннолетние» [3, с. 41]. В тот момент впервые Ибрай будет обижен на русского советника, который восстает против священных традиций. Не мог понять в тот момент юноша, что этот выпад Дынькова был продиктован заботой об учащихся. Лишь спустя годы Алтынсарин сам столкнется с нежеланием и боязнью казахского народа менять устоявшийся

образ жизни и будет вести активную борьбу с предрассудками и необразованностью.

Итак, в короткой, но яркой, наполненной важными событиями жизни Ч. Валиханова и И. Алтынсарина, особое место занимает общение с выдающимися представителями русской демократической интеллигенции. За каждым их именем стоят многие значимые события и явления русской общественно-политической жизни, которые пропускали через свои сердца и умы два казахских просветителя.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Муканов С. Промелькнувший метеор. Роман Кн.1 Пер. с каз. А. Брагина. – Алма-Ата: «Жазушы», 1976. – 416 с.
- 2 Муканов С. Промелькнувший метеор. Роман Кн.2 Пер. с каз. А. Брагина. – Алма-Ата: «Жазушы», 1976. – 412 с.
- 3 Симашко М. Д. Колокол: Ист. роман. [О И. Алтынсарине] – Алма-Ата: Жазушы, 1982. – 336 с.

М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИМАНДЫЛЫҚ-РУХАНИЯТ САБАҚТАСТЫҒЫ

ШЕРИКБАЙ А.
магистрант

Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің көп ғасырлар бойы жалғаса дамыған тарихи жолында сөз өнері мұралары халықтың эстетикалық-гуманистік, философиялық дүние танымын қалыптастырды. Әлемдік өркениеттегі өзіндік тарихи тұғырын ұлттық дүниетанымының көріністері – рухани құндылықтары арқылы таныта алған қазақ халқы қазіргі тәуелсіздік даңғылындағы жаңа тарихында бұрынғы-соңғы мұраларды түгендеу жұмыстарын жүргізуде. Бұл орайда Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев ұсынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына орай қазақ әдебиетінің асыл мұраларының толық жинақталуы, зерттелуі, жариялануы жүзеге асуда. Елбасының: «Домбыра үніне ұйымаған, жусанды даланың иісін аңсамаған қазақты қазақ деп айтудың өзі қиын» [1, 41 б.], деген сөздері ұлттық мәдениетіміздегі бұрын қамтылмай, зерттелмей келген мұраларымызды уақыт талабына сай жаңаша құрастыруға жетелейді.

Қазақ әдебиеті тарихында кеңестік дәуір тұсынан қалған ақтандық беттер әлі де аз емес десек ақиқат. Өткен ғасырдың елуінші жылдарынан кейін қоғамдық өмірге «жылымық» еніп, едәуір «саяси жеңілдіктер» жасалып, көптеген әдебиет өкілдері – акын, жырау, жазушыларымыздың бірсыпырасы ақталғанымен, талайының өмірі мен өнері, шығармашылықтары зерттеу нысанасына айнала қоймады. Тіпті, Қазақстан тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдарға дейін де көп акын, жыраулардың шығармашылықтары сол ашылмаған күйінде жабық жатқаны баршылық. Анық Ахмет Байтұрсынұлын, толық Мағжан Жұмабайұлының ғұмырбаянын білмейтінімізді айтпағанда, Әбубәкір, Шал, Мұрат, Дулат, Шортанбай сияқты халық ортасынан жарып шыққан ерекше дарын иелерінің өздері назардан тыс қалып келді. Әрине, мұның өзі қазақ сөз – өнерінің әлі де терең танылмағаны – ауыр қасіретті. 1950 жылдардың ортасынан бастап М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, М. Қаратаев сияқты т.б ғалымдар мұрағат шаңына көміліп, ескерілмей келе жатқан бір топ жыр жүйріктерін қатарға қосу жолында қажырлы еңбек етті. Сол қатарға қосылған ақындар ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар.

М. Ж. Көпейұлының ірі суреткер акын екені, оның қазақ фольклорын жинаудағы, тарих, педагогика т.с.с. ғылым салалары бойынша жазғандары біршама зерттелді деуге болады. Мәшһүр Жүсіптің сонымен бірге дін тарихы, оның ішінде ислам діні тарихы, мәні, ерекшеліктері туралы жазғандары бір төбе. Тақырыпты таразылауда ақынның «Ишарат өлеңдері» тарауынан басталатын көп томдығын ашып тұрған, 1911 ж. жазылған «Бір үйге» өлеңінен сабақтасақ, бұл - күрделі де көркем, астары терең, философиялық туынды.

Бір үйге көп қараймын тамаша етіп,
Ұстаға соны салған көңілім кетіп.
Алыстан анадайдан көзім түсіп,
Қасына шыдай алмай бардым жетіп.
Әйнегі – су шыныдан, зұбаржаттан,
Оқу бар ол әйнекте жазған хатын.
От саулап ол әйнектен көрінген соң,
Бұл дүние ома фиһа шықты жаттан .

Ақын Мәшһүр Жүсіптің «бір үйі» – жеке адамның баспанасы, әйтпесе бір зәулім сарай, ғимарат емес. Бұл – күрделі де көркем, қызықты да қиын өмірді тануға бастайтын білім үйі. Сондықтан ақын мұрасын жинап, көшірушісінің бірі Жомарт Жүсіпұлы

колжазбасына түсірілген мына ескертпе жолдар көп нәрсені аңғартады деп ойлаймыз: «...Бұл – кітаптан көрген сөз амас. Не біреуден естіген сөз емес. Он бес, он алты жаста болған балалардың бетіне қарап отырып жазған сөзі. Құдай тәбәрек тағаланың шеберлігін тамаша қылу үшін осындай сөзді жазуға себеп болған. Балаларды танитұғын көз қайда?! Бірақ, не қылайын, наданда көз де жоқ, құлақ та жоқ. Соқыр мен саңырауға айттың не, айтпадың не?!». Осы кітаптағы шығармаларды дайындап, түсіндірмелерін жазған Ертай Қуандықұлының айтқандары да көкейге қонады: «Біздіңше, М. Жүсіптің «Бір үйге» өлеңі идеясын толық түсіну үшін оны ақынның діни тақырыпқа арналған барлық өлеңдері, дастандарымен байланыстыра қарау керек. Сонда бұл туындыдағы идеяның оқшау қалмайтынына, жалпы М. Жүсіп дүниетанымының, айтпақ ойларының бір бөлшегі екеніне көз жеткіземіз. Мәселен, сол ғажайып үйдегі оқу мәнісін (Оқу бар ол әйнекте жазған хаттан») түсіну үшін Алла сөзінің Құранда араб тілінде араб әрпімен, өзіндік белгілермен қағазға түскеніне ден қойған жөн. Ұлы ақын Абайдың да алғашқы туындысы «Әлифби өлеңі» болуы тегін емес. Абайда: «Фи – файдаң тие ме деп жаза салды. // ...Каф – Камил (толық) ақылың асыл, затым//...Нон-Нала ғып қайғыңмен күйдірдің көп», – делінсе, М. Жүсіпте: «Бір нон түр қосылуға кәфрке құмар, // Болған соң күнфи кун бұлар тұмар», – болып берілген» [16, 379 б.], – дейді.

Осы «Бір үйге» өлеңін түсініп, талдауды жеңілдететін бұл байламдар біздің дұрыс бағдарда екенімізді айғақтайтыны анық. Демек, мұндағы парсы сөзі ома- белгі мағынасын берсе, нон- араб әлібиеіндегі н әрпі. Ендеше бұл нон құдайдың қалмымен жазылса, шамшырақтай жанған оқу-білім қызығы жалған дүниені, мал-мүлікті есіңнен шығаратыны ақиқат қой.

Бұл – бір үй, қолыменен пенде қылмас,
Күнінде бір көрмесен, көңіл тынбас.
Қызыл йақұт есікте телефон тұр,
Машинамен орнатқан тозбас, сынбас [4, 5 б.].

Міне, осы үйді көру керек, сырын-тілін білу керек. Ол – дүние кілті, өмір көркі. Әйтпесе ақын айтқандай, бәрі бекер. Сондықтан оның қадірін білу шарт. «Не екенін танымайтын ит ап кетпек, // Бір сүйектің орнында тістеуменен». Түйіндей келгенде, ақын өлеңі-дін туралы өлең ғана емес, дін түзеу, сол арқылы жастарды жаңа, жарқын жолға бастау, жарық жағалауға жеткізетін жыр болып түзіліпті.

Мәшһүр Жүсіптің келесі өлеңі «Кәф пен Нон» да араб әліпбиінің екі әрпін өзек етіп, өмір туралы, өмірдің сәні мен мәні туралы терең де тамаша ой толғайды. «Поэзияда әртүрлі тенеу, салыстырулардың, бейнелі сөздердің қолданылуында бұрыннан келе жатқан әдеби дәстүрдің әсері күшті болады» [17, 15 б.], – дейді академик З.Ахметов. Әсіресе осындағы ақын нысанасы – өлең өнері десек жаңылыспаймыз. Керемет ишара, көл-көсір философия, ой жатыр десек те жарасады.

Өлеңдердегі діни ұғымдағы жалпыға ұғынықсыз сөздердің мағынасын түсіндіре кеткен де орынды шығар. Бұған оарй ақын неге халыққа түсініксіз сөздермен сөйлеген деуге де болмас. Өйткені осынау сөздерді қолдану шын қажеттіліктен туғаны күмәнсіз. Айталық, хикмет-даналық ұғымын беретінін көбіміз білсек, әдетте өзбектің сөзі делінетін кәлла сөзі арабшабас деген ұғымды береді. Сондай-ақ 1-ші том түсініктерінде де көрсетілгендей: «ғауамил-себеп-салдар, әсер етуші күш», «тараксиб- құран, құрылыс, сөз тікесі», «сарф-морфология, наху-синтаксис, таухид-біріктіру, кәләм-сөздер, ақайд-діни кітаптың аты, мантық-логика, ташрих-анатомия, хашия-діни кітаптар бетінің шетіне жазылатын сөздер, мұназир-жарыс сөз, айтыс, уафа-жалған, сондықтан биуафа – жалған емес, бахас-зерттеуші ғалым, дәфән-жерлеу, көму, Мән рәббик-«құдайың кім?» ұғымдарын береді.

Мәшһүр Жүсіп айтқандай жағдайға жетсе, елге пайдасын тигізбесе, орнымен жұмсамаса, мешіт те, дүние де жетім екендігі анық. Сонда ол айтқан басқа жетімдер – кімдер, немесе нелер? «Жаман байға кездескен жақсы қатын» да – жетім, «долы қатынға кездескен ақылды ер» де – жетім. «Көп ғалымның ішіне түскен» наданнан да – жетім: «отыса сөзге түсінбей аңырайып, жетімдік не болады мұнан жаман» Керісінше көп наданның ортасына түскен ғалымның әлгі наданнан да бейшара, жетім екендігі ақиқат.

Бір үйде оқылмаса Құран-кітап,
Ол дағы жетімдікке болған қисап.

Біз осындай жеті жетімдікке ұшыраған, тар болған бұл сордан құтқарар ғұламалары жоқ, бұл аптаттан алып шығар ерлері жоқ елді де жетілген ел, жетім емес ел деп қалай айтармыз?

Қорытындылайтын болсақ, М. Ж. Көпейұлы өз өлеңдерінде әлеуметтік хал-жайын, қоғамның өзгерісін, дін мен тілді, адамшылық пен имандылықты, аңыз, сапар, ишарат, сын, айтыс нақыштарын бере отырып, шынайы, тиянақты ой-байламдар

жасайды. Ақын көркем ойлары мен сөздің дыбыстық әуезділігіне, өзара үндесулеріне көп көңіл бөлген.

Дыбысталу сапасының сөз мағынасына, сол арқылы шығарма көркемдігіне ықпал жасайтындығына назар аударған. Ақын өз ойларын әрдайым түйіндеп отырады. М. Ж. Көпейұлы адамгершілікті, гуманизмді, ар-намысты ту етіп көтерген ақын ағартушылық идеясын жарнамалаған, оқу оқып, білім алу, жан-жақты өнерлі болу адам жанын тазартып, биік мұраттарға жетеді деп насихаттаған. Түйіп айтқанда, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы XIX ғасырдың соңғы ширегінде-ақ суреттеудің бай амалдарын: көркем жинақтау, шартты әрекетті қолдану, дерексіз ұғымды заттандыру, т.т. тебер пайдалану арқасында шағын жанр лирикасы эпос мүмкіндігіндегі жүк артып, шындықты кең қамту шеберлігін көрсетті. Біздің сөз етіп отырғанымыз теңіз тамшысындай ғана нәрсе. Мәшһүр Жүсіп жинаған мұра орасан мол құнды дүниелер. Сонымен қатар өзінің бұл идеяларын дінмен байланыстырып уағыздайды.

Ақынның шығармаларындағы ұлттық құндылықтар – нақыл сөздер арқылы жас ұрпақты инабаттылыққа, кішіпейілділікке, шыншылдыққа, адалдыққа, шақырып, имани тәлім-тәрбие беруге болады. Және ол нақылдарды оқыту арқылы жас ұрпақ бойын рухани құндылықтармен байытарымыз да анық.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімінің ел ішінде аңызға айналуына ақындығы дап себеп болса керек. Мәшһүр Жүсіп мұрасының осы уақытқа дейін әлі де шешілмей келе жатқан тылсым тұстары, зерттелмеген еңбектері аз емес. Ақын мұрасының зерттелуін таусылмас ғасырлық шежіре деуге болады. Себебі, Мәшһүрдің өзі бұл туралы: «Менің еңбегімді зерттеуші адамға Нұқ пайғамбардың жасы. Аюп пайғамбардың шыдамдылығы, Ніл өзеніндегі сия керек!» дейді екен.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. I том.- Павлодар. 2003.
- 2 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. II том.- Алматы: Ғылым, 1992.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы. Қазақ университеті, 1992. -352-б.
- 4 Көпеев М.Ж. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. – Алматы: Ғылым, 1992.
- 5 Жүсіпов Е. Бес парыз. Ислам әлемі. -№4. 1997.
- 6 Әдебиеттену терминдерінің сөздігі- Алматы: Ана тілі, 1996.

4 секция. Қ. П. Жүсіп және қазіргі әдебиет теориясының мәселелері
4 секция. К. П. Жусип и проблемы теории современной литературы

СТИЛЬ ДАРАЛЫҒЫНДАҒЫ РОМАНТИЗМ

ЖЫЛХЫАЙДАР Қ.
PhD, профессор, Ховда университеті филиалы, Баянөлгей қ.,
Монголия Республикасы
АБДЫРОВА А.
оқытушы, Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы

Романтизм әдебиеттануда көркем шығармадағы өмір шындығын бейнелеудің бір тәсілі, көркемдік әдісі екені белгілі. Романтизм 18 ғасырдың соңы мен 19 ғасырдың басында Еуропа мен Америка елдерінде пайда болды. Аталмыш әдісті қалыптастырған әдеби бағыттағы 18 ғасырдың ортасында «романтика» сөзі ағылшын поэзиясында шығармашылық пафосты таныту мақсатында қолданылды. Сол кезеңдегі эстетикалық түсінік бойынша ол поэзияның, әсемдіктің ажырамас бөлігі ғажайып, құпия, жұмбақ нәрсе ретінде қабылданды.

«18 ғасырдың соңында Германияда «романтикалық поэзия» жаңа әдеби бағыттағы шығармашылық принциптердің тұтастығын танытатын термин ретінде қолданылды. Шлегель, Новалис, Ваккенродер, Тик алғаш рет романтизмнің біршама толыққанды теориясын жасады» [1, 54 б.]. Бұл поэзия ереже мен дәстүрді, өмір заңдылығын мүлде мойындамайтын еркін поэзия ретінде қабылданды.

Батыс Еуропаның басқа елдеріне қарағанда Англиядағы романтизм ертерек пайда болды және романтикалық тенденциялар ұзақ уақыт бойы жасырын түрде болды.

«Англиядағы саяси және экономикалық жағдай әлеуметтік-көркемдік сипаттағы жаңа романтикалық идеялардың пайда болуына септігін тигізді. Сол кезеңдегі ағылшын романтизмінің өзіндік ерекшеліктерін атайтын болсақ, орта ғасырларда британдықтардың ерекше қызығушылығын тудырды. Готиканы көпшілік ұлттық тарих пен мәдениеттің бастауы деп түсінді. Діни көзқарастарға, атап айтқанда Киелі кітапқа жүгінді» [2, 118 б.].

Ұлттық фольклорға деген қызығушылық, шаруалардың өмірі, оның өзіндік рухани мәдениеті, жұмысшылардың тағдыры, оның құқықтары үшін күресі романтиканың зерттеу нысанына айналды. Екінші кезең тәуелсіз романтикалық дәстүрді қалыптастыру кезеңі болды. Осы жылдары әдебиетке бір-біріне ұқсамайтын және бір-бірімен бәсекелес жаңа авторлар келді. (Т. Мур, В. Скотт, Дж. Байрон).

Ресейде романтизмнің негізін қалаушы В. А. Жуковский болды. Бұл бағытта К. Н. Батюшков, Н. М. Языков, Е. А. Баратынский жазды. Сондай ақ, Ресейдегі алғашқы романтикалық ақындар Д. Веневитинов пен А. Полежаев болды, көп ұзамай А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов романтизмі әдебиетке келді.

Қазақ әдебиетінде романтизмнің қарқынды көрінген тұсы 19 ғасыр тұсы болды, ол ұлттық сөз өнері дамуының маңызды көрсеткіші саналды. Қазақ әдебиетіндегі романтизм әлемдік әдеби құбылыстың бір бөлшегі бола тұра, өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен танылды. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен көрініс тапқан романтикалық белгілер 15–18 ғасырлардағы жыраулық поэзияда қаһармандық-жауынгерлік, азаттық-патриоттық рухта көрініс тапты. Осы кезеңде өмір сүрген Махамбет романтизмі өз дәуіріндегі ұлт-азаттық көтеріліспен бірге туып, азаттық бағытында өрбіді. Абай романтизмінен халықтың ыдырап, ұсақтауына қынжылыс байқалды. Ақылбай мен Мағауияның сюжетке құрылған романтикалық поэмаларында («Қисса Жүсіп», «Медғат – Қасым») «ерекше жағдайда ерекше мінез жасау» арқылы даралық (индивидуалдық) романтизмге жол салды. 19 ғасырда романтизм әдісі жазба әдебиетте толық қалыптасып, 20 ғасырдың басында барынша кемелдене түсті. Дәуір алмасуы кезіндегі саяси және идеологиялық дағдарыстар, ұлт санасының қайта оянуы, ұлттың өзін-өзі тануы – романтизмді дамытушы негізгі қоғамдық белгілер болды. Қазақ поэзиясында Қ. Аманжолов, Т. Айбергенов, О. Сүлейменов, т.б. қаламгерлер романтизм мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланды.

Кенес дәуіріндегі әдебиетте романтизм реализммен кіріге жаңа сипат алып, өмірдің жарқын тұстарын бейнелеуге, кейіпкердің ішкі сезім-сырларын жеткізуге қызмет етті. Сөйте тұра романтизм бүкіл адамзаттың, ғаламның, өз дәуірінің, қоғамының қайғысы мен мұң-зарын көрсете білді, кейде тіпті оны шешуге ұмтылыс жасады. Романтизмнің әдебиетке әкелген жаңалықтарының бірі – адамды тануға деген құштарлық. Романтик қаламгерлер адамның жан дүниесіне үңіле отырып, оның рухани әлемінің құпиясын,

тереңдігі мен күрделілігін, шексіздігін танытуға күш салды. Романтизмнің ұлттану мәселесіне әдеби тұрғыдан қосқан үлесі мол болды. Романтиктер ұлттық рух пен мәдени құндылықтарға аса қызығушылық танытты. Олар өткен тарихты бағалап қана қоймай, оны өздерінің сан қырлы әлеуметтік, эстетикалық тұжырымдарына тірек етті. Романтизмнің мұндай ерекшеліктері көркем пішіннің жаңаруына: тарихи роман, психологиялық, фантастикалық повесть, әңгіме жанрларының, лиро-эпикалық поэмалардың пайда болуына, лириканың тақырыптық, идеялық ауқымының кеңеюіне зор әсерін тигізді. Романтизм әдебиетке жаңа тақырып, соны кейіпкерлер әкелді, сөз өнерін көркемдік ерекшеліктермен байытты.

Романтизм бағытында туған туындылардың кейіпкерлері әдетте болмыстың ырқымен келіспейтін, жақсы өмір, бақыт, азаттық үшін күресетін күшті, ерекше жандар болып келді. Романтизм туындаларының тілінде әсірелегіш суреттер мол ұшырады. Адамның бас бостандығын, ірі іс-әрекеттерге ұмтылыстарын мадақтау – романтизм туындыларына ортақ қасиет болды. Кейде романтиктер туындыларында өмірден түңілушілік, тағдырға бас иушілік сарыны бой көрсетті. Романтиктер өздерінің мұратына сай келетін өмір материалдарын өткеннен де, келешектен де қатар іздеді.

Романтикалық мәтіндер көбінесе уақыт пен кеңістік, орын ерекшеліктерін көрсететін тарихи жағдайлар шегінен асып түсіп жатты.

Мұндай импульстар лириканың белгілі бір түрлерімен және романтизмге өз атауын беретін баяндау жанрымен тығыз байланысты болады.

Романтиктер ауыз әдебиеті, тарих, дін, өнер мәселелерін өз идеяларын насихаттау құралы ете білді. Олар дүние жүзі өнерінде тұңғыш рет адам жанының иірімдерін, тұңғыш тереңін ашып көрсетті. Сондай-ақ, романтизмнің даму кезеңдеріне ортақ типологиялық белгілері де болды. Атап айтар болсақ, қоғамға көңілі толмау, оған өзінің идеалын қарсы қою, өмірге сын көзімен қарау, рухани азғындыққа қарсылық, заман шындығынан аулақ кетуге ұмтылу, арман, қиял, өткенді дәріптеу, азаттық, бостандық идеясы, фольклорға, тарихқа ден қою, кейіпкерлерінің «ерекше» болуы, көтеріңкі эмоционалды стиль, қайғы-мұңға, ғажайып-құпия, фантастикалық жайттарға құштарлық, лиризм, әсірелеу, т.б. Романтикалық шығармаларда бейнелеу құралдары, әсерлі суреттеулер мол кездесті.

Романтизм әр ұлт әдебиетінде әр түрлі көрініс тапты. Романтизм ортақ ұқсастықтармен қатар бір-біріне мүлде ұқсамайтын әр тектілігімен ерекшеленді.

Ұлттық әдебиетімізде 20 ғ. басында М. Жұмабаев романтизмді биік деңгейде көрді. М. Жұмабаев романтикалық поэмалардың әлемдік деңгейдегі озық үлгілерін әкелді («Батыр Баян», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы», т.б.).

Ғалым Қ. Жүсіп: «М. Жұмабаевқа дейінгі қазақ әдебиетін қарастырсақ, онда романтизмнің бірер қырымен ғана қанат жайғанын, атап айтқанда, алып күш, ерен батырлық, танытқан романтикалық бейне түрінде ғана көрінгенін байқаймыз. Осы орайда тек ерекше қарулы, батыл бейне жасаумен шектелмей, өмірді бейнелеудің көп қырлы жолы ретінде романтизм мүмкіндіктерін ізерлей, жан - жақты пайдалану, әсіресе, М. Жұмабаевта кең жүзеге асты десек қателеспейміз» [3, 212 б.]. М. Жұмабаев туындылары қазақ әдебиетінде романтизм әдісінің кемелдену шыңы болды. Ақын орыс, батыс ақындарының романтикалық ізденістерін бойына сіңіре отырып, оны қазақтың ұлттық бояуымен безендірді. Сөйтіп, әлемдік романтизмді кеңейтіп, оған әлемдік нақышты игерген, қазақтың ұлттық-өрнектерімен көмкерген өзгеше үн қосты. Ол қазақ әдебиетінің өзіндік бір табыс, әлем әдебиетінің бір саласы, М. Жұмабаев шығармалары, романтизмді еді.

М. Жұмабаев романтизмінің басты ерекшелігі: күнделіктегіден мүлде бөлек, адамның айырықша, оқшау сезімдерін жырлаумен байланысты. Ғалым Е. Ысмаиловтың «Өмір шындығын әсірелеп, романтикалық ажарға бөлеп суреттеу социалистік реализмнің творчестволық принциптеріне қайшы емес. Ұлы Горькийдің болғанды ғана жырлап қою жеткіліксіз, болуға мүмкін нанымды жайларды суреттеуге, шындықты типтендіріп көрсетуге назар аудару керек»-деген қағидасы романтикалық суреттеуге меңзейді [4].

Өмір шындығын асақты жырлау- романтикалық әсірелеумен ажарлап, қызықтап суреттеу деген сөз. М. Жұмабаев өлеңінде:

Күлсем егер, есім шығып күлемін,
Жылағанда, қап-қара қан төгемін.
Қасым болса, қанын ішкім келеді,
Досым болса, жолында оның өлемін.
Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін, жан-денесін бергенше.
Жан денесін бірдей алам, улаймын

Қысып сүйем, құшағымда өлгенше, – деген өлең жолдарында адам әрекеті, өмір шындығы қарапайым табиғи заңды қалпынан гөрі таңқаларлық ғажап көріністе, қиял дүниесімен ғана қисындырылған шартты түрде, ерекше махаббат, ерекше апат, жан толқындары түрінде көрінеді.

Профессор Қ. Жүсіп: «Мағжан романтизмді дегенде, оның үлкейту, әсірелеу поэзияға тән шарттылыққа негізделгенін, сол арқылы ақын стиліне де тән екенін айтқымыз келеді» [3, 214 б.], – деп, ақынның «Жер жүзін топан басса екен» өлеңі арқылы дәлелдейді.

Жер жүзін топан басса екен!
Асқар таудан асса екен!
Таудан толқын құтырып,
Улы көбік шашса екен!
Басса екен топан жер жүзін
Жапса екен көбік Күн көзін!
Жанды-жансыз жоқ болып,
Қалсам жалғыз бір өзім!

Өлеңде ақын қаһарманының өзгеріс, жаңалыққа деген құштарлығын ашуға арналып жазылғанын байқаймыз.

М. Жұмабаев поэзиясын қазақ поэзиясындағы құбылыс деп білеміз. Ұлы Абайдың ақындыққа, сөз өнеріне қойған талаптарының биігіне шығып, толық жауап бере білген 20 ғасырдың алғашқы кезеңіндегі айтулы ақындардың бірегейі. Ақын-қиялы жүйрік, ойы-ұшқыр, қаламы-жүрдек қасиет иесі, ол – өз халқының ана тілінің мол байлығын қапысыз меңгерген суреткер. Поэтикасының пайда болуы, көркемдік стилінің тууы, образ жасау принциптерінің дамуын, шығармасындағы халық тілін айшықты кестелерінен дәстүрлі фольклордың элементтерін кездестіруге болады.

М. Жұмабаев шығармашылығының биік деңгейге көтерілуінде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор болған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Берковский Н., Романтизм в Германии, Л., 1993.
- 2 Карташова И.В., Введение в теорию романтизма, Тверь, 1991.
- 3 Мәшһүр-Жүсіпов Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар: Павлодар университеті баспасы, 2007.
- 4 Ысмаилов. Е. Әдебиет теориясының мәселелері. Алматы: Қазақ университеті, 2011.

**ФАЛЫМ Қ. П. ЖҮСІП – ҚАЗАҚ ТІЛІ
МЕН ӘДЕБИЕТІНІҢ ЖАНАШЫРЫ**

АБДЫРОВА А.

оқытушы, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазіргі таңда жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу сапасын арттыру, оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру, сабақтың сапасын жаңа бір деңгейге көтеру, оқытудың тиімді әдістерін іздестіру – мұғалімге жүктелеген міндет. «...Мектепте әдебиетті оқыту сабақтары кезінде мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы – әдебиет әдістемесінің қарастыратын мәселелері болып табылады. ...Әдебиет әдістемесі көркем әдебиетті оқып үйрену негізінде оқушыларға берілетін білім мен тәрбие мәселелерін өз шеңберінде алып баяндайды», – дейді әдіскер-ғалым А. Көшімбаев. [1, 9 б.].

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым тарихында көшбасшысы болған А.Байтұрсынов өзінің «Тіл жұмсар» деген әдістемелік еңбегінде: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі – өздігінен алатын... білімнің ұзақ жолы үшін... балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру», – деп жазады [1, 11 б.].

Әдіскер ғалым ретінде осы істі әрі дамытушылардың бірі – М. Жұмабаев баланы әдебиетпен таныстыруға үлкен мән берген. «Бастауыш мектепте ана тілі» атты әдістемелік еңбегінде баланы әдебиетке бастауыш мектептен бастап мұқият дайындау керек деп танып, бала тілін дамыту үшін жаттығулар жүйесін жасап ұсынған. [1, 12 б.].

Ағартушы-педагог Ы. Алтынсарин қазақ тіліндегі оқулықты қажет еткен таза, қазақ мектептерін ашып қана қоймай, қазақ мектептерінің сұранысын қанағаттандырып, алғашқы оқулық жасап шығарды. «Қазақ хрестоматиясы» оқулығында әдеби төл мұралармен қатар әлемнің озық құндылықтарын сұрыптап, қазақтың рухани игілігіне айналуын мақсат еткен.

Қоғамның, мәдениеттің дамуына байланысты әдебиет пәнінің бағдарламалары, оқулықтарымен қатар оны оқыту әдістемесі де жетілдіріліп отырады, қалыптасқан отандық әрі әлемдік тәжірибеге негізделеді. Әдістеме мұғалімнің шығармашылық әрекетінің жүйелі болуына қызмет етіп, әдебиетші мұғалімге жоғары талап қояды. «Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз сипатын ашатын

зандылықтарды білу керек. Сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық өнерпаздық орын алуы тиіс», – дейді белгілі әдіскер мұғалім Қ. Бітібаева [1, 18].

Әдебиетті оқыту жайында әдістемелік оқу құралдар, мақалалар баспа бетінде жарияланып тұрды. Ұзақ жылдар бойы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі жайлы мәселені көтеріп келген білікті мамандар: Көшімбаевтың «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» (1960), Ә. Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқытудың методикасының очерктері» (1962), «Әдебиетті оқыту методикасы» (1966), «4–7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы» (1987), Т. Ақшолоқовтың «Көркем шығармаға талдау жасау» (1969), «Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту» (1975), Ә. Қасымбековтың «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдіру жолдары» (1991), Қ. Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту методикасы» (1997), «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» (2003), Т. Жұмажанованың «Әдебиетті оқыту әдістемесі» (2009) еңбектерін ерекше атауға болады.

Қазақ тілі мен әдебиетінің жанашыры, тіл – әдебиет сабақтарын оқыту барысында сапаға барынша көңіл бөлген, көркем шығарма тілін танытуда еңбегі ерекше ғалым – ф.ғ.д., профессор Қ. П. Жүсіп еді. Ғалым Павлодар облысы ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының «Алтын тіл» бағдарламасының орындалу барысын тексеру үшін құрылған комиссия мүшесі құрамында болып, қала мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына қатысты. Ғалым Қ. П. Жүсіптің мақсаты да мектептерде қазақ тілі мен әдебиетінен білім беруде орын алып жүрген ортақ жетістіктер мен кемшіліктерді жинақтап, жетістіктерді мәлімдеу, қазақ әдебиеті мен тілі бойынша сапалы сабақ жүргізу әр маманның қолынан келетінін дәлелдеу, орын алған олқылықтарды ашу еді.

Профессор, Қ. П. Жүсіп сонау 1983 жылдан бері республикалық газет-журналдармен қатар Білім және ғылым министрлігіне қатысты журналдарда әдістемелік мақалаларды үзбей жариялап отырды. Ол мақалалардың бәрі де нақты тәжірибеден туған ойлары болатын.

Талай жылғы ізденістері жинақталып берілген әдістемелік еңбектері дүниеге келді. Аталмыш мәселелерді қамтыған «Көркем сөздің күдіреті» (2000), «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту» (2003), «Әдебиетті оқыту мәселелері» (2011) атты кітаптары жарық көрді.

Әдістемелік еңбектерде мектепте өлең оқыту ерекшелігі әр буынға қатысты талданады. Оқушылардың әдеби теориялық

түсініктерді меңгерудің маңыздылығы баса айтылады. Мәселен, 5–6, 7–8, 9–11 сыныптарда өлең оқыту сынып жоғарылаған сайын күрделене түсетініне назар аудартады. Сондай-ақ, мектепте эпостық шығармаларды оқыту ізденістері сарапталады. Атап айтқанда, М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», С. Торайғыровтың «Кім жазықты», М. Жұмабаевтың «Батыр Баян», С. Сейфуллиннің «Көкшетау», «Аққудың айырылуы», І. Жансүгіровтың «Құлагер» атты шығармаларын оқыту мәселелері кең қарастырылған.

Р. Нұрғали: «Мектепте қазақ әдебиетін оқытуда орын алып келген олқылықтар аз еместігі талас тудырмаса керек. Солардың ең бастысы: шығарма мазмұнын жалаң баяндаумен шектелу, туындының көркемдік сипатына, автордың сөз нақыштау шеберлігіне үңілте алмау десек, ұсынылып отырған оқу құралы сол күрмелеулерді шешуге бағытталған» [2, 28]. Еңбек қазақ әдебиетін оқытуда шығарма мазмұнын жалаң баяндаумен ғана шектелу, шығарманың көркемдік сипатына, автордың шеберлігіне үңіле алмау сынды орын алып келген олқылықтарды шешуге бағытталған.

Ғалым Қ. П. Жүсіп: «Қарабайыр сөздерді қолданудың да шегі, аясы бар. Қарабайыр сөздерді орынсыз қолдану, дербес мақсатқа айналдыру, керексіз жерінде тықпалау біраз ретте натурализмге, қарадүрсінділікке, әрсіздікке апарып соқтыруы да мүмкін» екенін айтады [3, 76]. Қарабайыр сөздермен қатар орын алған әсем көріністі білдіретін баламалар мәні де арта түседі. Мектепте өлең оқыту, өлең табиғатын танытуда ақынның сөзқолданыс ерекшелігін, стилін, шығарманың идеялық-тақырыптық негізіне ондағы әр сөзді бағындыра білсе ғана көркемдік қойнауына терең бойлай аламыз дегенге саяды.

Ғалым мұғалімнің сабаққа кіріспес бұрын екі жайтты ескеру керектігін айтады. Біріншісі, оқушылардың әдеби-теориялық дайындығы, теңеу мен эпитетті т.с.с ажырата білу әзірлігі, оқушылардың әдеби теориялық түсініктерді меңгерудің маңыздылығы баса айтылады. Мәселен, 5–6, 7–8, 9–11 сыныптарда өлең оқыту сынып жоғарылаған сайын күрделене түсетініне назар аудартады. Екіншісі, әр оқушының қолында өлең мәтінінің көшірмесі болуы. Мұғалім ұсынған сауалдар бойынша оқушы алдындағы мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін лайық сандармен белгілейді. Мұндай әдістің тиімділігі мен ерекшелігі- оқушының ізденуін, қызығушылығын тудырып қоймай, дұрыс-бұрыс жауапты анықтауға, алда кателеспейтіндей шындала түсуге әрі шапшаң

ойлап, жылдам жауап беруге төселдіреді, өлең оқуға деген ынтасын арттырды.

Әдебитті оқыту – білім мен біліктілікті қатар талап ететін жауапкершілігі зор жауапты іс. Ғалым Қ. П. Жүсіп әдебиет сабағын тиімді өткізудің, уақытты үнемдеудің нақты әрі ұтымды жолдарын ұсынды.

Ғалым, ф.ғ.д., профессор Қ. П. Жүсіптің ғылыми-әдістемелік зерттеулері – талай жылғы тәжірибелі ізденістерден туған, жан-жақты зерделеніп жүйеленген еңбек. Ғалым әдебиетті оқытуда, өлең сырын ашуда, көркем шығарма тілін танытуда тың ойлар айтып, соны идея, жаңаша көзқарас қалыптастырып, білім деңгейін биікке көтерді.

...Көркем шығарманы талдай оқыту технологиясы тұрғысынан қарағанда, ф.ғ.д., профессор Қ. П. Жүсіптің еңбектері дара тұратындығы байқалады. Мектепте және жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту, көркем шығарманы талдау технологиясы ғылымда түбегейлі зерттеуді талап ететін өзекті мәселелердің бірі болмақ. «Ғалымның қазақ әдебиетін оқыту және көркем шығарманы талдауға енгізген ғылыми жаңалықтары тек қазақ әдебиеті, оны оқыту ғылымына қосылған жаңалық қана емес, әлемдік мәні бар зерттеулер» [4, 3].

Қазіргі таңда қазақ тілін, әдебиетін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр. Сол талапқа сай оқытудың парадигмасы да өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Әдебиет сабағында ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, шығарманы бүкіл бітім-болмысымен түсіне білулері, өлең көркемдігіне үңілуі жатады. Яғни, мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып, пайдалануы керек. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру, іздену, заманауи технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы орайда Қ. П. Жүсіптің қазақ әдебиеті мен тілін оқыту әдістемесі (технологиясы) – ұстаздар қауымына, әдебиетші мамандарға таптырмас қазіргі заманның зор талабына сай жаңаша оқытудың озық үлгісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бітібаева Қ. «Әдебиетті оқыту методикасы» Алматы, 1997.
- 2 Әдебиетті оқыту мәселелері. Павлодар: «Brand Print», 2011.
- 3 Жүсіп Қ.П. Әдебиетті оқыту мәселелері. Павлодар, 2011.
- 4 Қажыбаева Г.К., Мүтәлиева Р.М. Ғалым Қуандық Пазылұлы Жүсіп зерттеулерінің ғылыми-әдістемелік негіздері // 2017.
- 5 Әдебиет хрестоматиясы. 8-сынып оқулығы. Алматы, 1993.

МАШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ АДАМНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ МӘСЕЛЕСІН НАСИХАТТАУЫ

АДУОВА А. Т.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Нығыманов атындағы ЖОББМ,
Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы

Абай Құнабайұлы мен Машһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында адамзаттың жаратылысы, олардың жақсы-жаман мінездері қарастырылған. Абай өз шығармаларында адам болудың талап-тілектерін атап, өзінің гуманистік танымы тұрғысынан өскелең ұрпақтың адамшылық негіздері, бойға ұялатар қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөледі. Ақын шығармаларында өзекті желідей созылып, ғұмыр бойы танытуға ұмтылған, өмір бойы шарқ ұрып іздегені – «толық адам». Абайдың «толық адамы» – рухани жетілген, кемеліне келген адам.

Машһүр Жүсіп Көпейұлының мақсаты – адамды жөндеу, қоғамды түзету, адамды нағыз адам қылу. Бұл мәселені көптеген туындыларына арқау етеді. «Табиғат ғибраты» деген шығармасында: «Адам қалай қылғанда адам болады?» деген сұрақ қойып, оған өзі былайша жауап береді: «Ұшқан құс, жүгірген аңнан ғибрат алып, солардың мінезіменен мінезденбесе, аш арыстан жүректі болып келсе, палуан жолбарыс білекті болып келсе, досы көп болып, дұспаны жоқ адамнан осы екеуінің жүрегі, білегі табылады», – деп, әрі қарай ақын: «Жігіт адамның қырағылығы бүркіттей болсын. Зеректігі байғыздай болсын. Жүрісі маймылдай болсын. Он екі қырлы, бір сырлы, отыз аяқты болсын. Орнына қарай мінез қылсын. Сонда адам болып, адам қатарына кіреді», – деген ой түйеді [1, 81 б.]. Осы айтылған нәрселерден ғибрат, үлгі алуға үндейді.

М. Ж. Көпейұлы адам жақсы болу үшін алдымен жаман әдеттен тыйылу керек деп білді. Сөйтіп өзі өмір сүрген дәуір шындығын ақтара зерттеп, ішкі-сыртқы сырларына, елдің әлеуметтік

жайына, тұрмысына үңілді. Қоғамға сын көзбен қарап, барлық қайшылықтарды көре отырып, елдің берекесін алып, дау-жанжалды қоздырып, бүліктен пайда тауып жүрген қулардың зұлымдық бетін ашып, қатты сынға алады.

Демек, М. Ж. Көпейұлы адам және оның қоғамдағы орны, олардың жақсы-жаман істеріжайлы ой толғағанда, «жақсы адам деп кімді айтамыз, жаман адам деп кімді айтамыз?» деген, бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнісінде ауыр сұраққа жауап іздейді. Жақсы мен жаманның ара жігін ажыратып, адам бойындағы жағымсыз мінездерді әшкерелеп, жақсы адам болудың жолдарын наси хаттайды. Бұл ретте, жалпы қазақ әдебиетінде ақындардың көбісі аталмыш мәселе турасында философиялық-діни ой, жыр толғағаны белгілі. Солардың бірі – Абай Құнабайұлы.

Негізінен, ақындарды толғандырған мәселе – адамның барлық жағынан жетіліп, нағыз адам болуы. Мұны Ұлы Абай «Толық адам» десе, М. Ж. Көпейұлы «Түгел адам» деп қарастырады. Бұл сөзінің мағынасын «Төрт асыл, бес береке» өлеңінде ашып беруге тырысады:

Бірі – төрт, бірі – бесеу – болсын тоғыз,
Ат тезегін әуре боп жинар қоныз,
Тоғызын түгендемей ұстағанды
Обалсыз, адам демей, деуге – доңыз.
Бірі – тілде, біреуі – көңіл-ойда,
Ендібірітеп-тегіс түгел бойда.
Бұл үшеуін жүргізсе, кара жолмен,
Бәйге алады жарқырап үлкен тойда.
«Құдай-бір, жоқ, – деп басқа!» – айтса тілің,
Шын білсе, тіліндегін-жан-ділің.
Дініңмен (денеңмен) аянбастан қылып ғамал,
Пайғамбар сүннетімен өтсе күнің!
Төрт асыл – анық осы бойындағы,
Орнына келе бермес ойындағы.
Түгендеп бұл төртеуін қыла алмасаң,
Жүре бер тамағынды тойын-дағы.

Мұндағы төрт асылы – Хақты тану, көңіл, тән, тіл тазалығын сақтау. Ақын Құдайдан безген заманда адамға алдымен керегі осы деп біледі. Бұған қоса әрі қарай:

Береке – өз қарақан басындағы,
Әдетің (ғадетің) – ұзын өмір жасындағы.
Оқылған уақытымен бес намазың

– Болатын көрде жолдас қасындағы!..
 Бұл басты әр нәрсеге бастайтын көз,
 Оңбаймыз көзден, тілден тыйылмай біз.
 Бойыңа келер мұнан бір береке,
 Аузыңнан шығармасаң несие сөз.
 ...Бұ да адамның басының берекесі,
 Берілсе – қайыр, ықсан, зекет – малдан!
 ...Адамға келер мұнан мол береке,
 Екіаяқ арасына ие болса!
 ...Ұағда айтқан жерден сөз табылып,
 Ұстаған жерден қолы тұрса кетпей!..
 Береке мұнымене болады бес,
 Түсерсің ендісөзге, болмасаң кес!
 Дап-даяр бұлар ойда болмағаны,
 Хабары болмағаны Құраннан еш! – деп, айтқан сөз, уәдеде тұруды, көз, тіл, нәпсіге берік болуды қатаң ескертіп, бес уақыт намаз оқу мен жетімдерге қайыр-садақа беруді міндеттейді. Осыларды санамалай келе, бес берекеге жатқызады:

...Төрт асыл, бес береке, бір бойынан,
 Табылса түгел болып әне кісі! [2, 157 б.], – деп «Түгел адам» мәнісін осылайша түсіндіріп береді. М. Ж. Көпейұлы осыларды бойында жинаған адамды «Түгел адам» десе, Абай Құнанбайұлы өзі айтқан «Толық адам» сипатын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Бес нәрсеге асық бол,
 Адам болам десеңіз.
 Талап, еңбек, терен ой,
 Қанағат, ра хым ойлап қой
 – Бес асыл іс, көнсеңіз [3,31], – деп бес асылды, ал «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек.
 Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
 Тоқтаулық, талапты, шыдамдылық –
 Бұл қайраттан шығады білсең керек [4 ,95], – деп үш қасиетті сипаттап, осы сегізін бір бойына жинаған адамды «Толық адам» деп есептейді.

Абай Құнанбайұлы әрі қарай 38-ші қара сөзінде: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады» [4, 124 б.], – десе, жоғарыда айтылған үш қасиет туралы түйінді ойларын 17-ші қара сөзінде қайрат, ақыл, жүректің өзара диалог-айтыс ретінде беріп, қарапайым тілмен оқырманға ұсынады.

Алдымен қасиеттерге сипаттама беріп, толық адам болу үшін бірінші орынға жүректі қояды. Себебі қайрат пен ақыл кейде жақсылықты, кейде жамандықты берік ұстап кетеді. Ал жүрек жамандыққа баспай, тек жақсылық, ізгілік, әділет жолына тартады. «Толық адам болу үшін осы үшеуінің басын қос, оны жүрекке билет... – осы үшеуі бір кісіден табылса «толық адам», – деп көрсетеді [4, 103 б.].

А. Құнанбайұлы өзінің ойын: «Сен малды сарып қылып, ғылым табуың керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды», – деп [4, 124 б.] түйсе, М. Ж. Көпейұлы: «Ғылым-білім немен болады? Ең алды құдайды, құдайтағаланы танымақ. Ол құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, сонда тәңірісін таниды. Ғылым-білімге талап қылушылар алдымен өзін тануын мақсат қылу керек», – дейді [5, 75 б.].

Мұндағы ақындардың ой-толғамдары бір-бірімен үндес. Алайда екі ақынның насаи хатында бірінші орынға қойылған түйінді ойлары екі түрлі болғаныменен, мақсаттары - біреу. Ол - нағыз адам болу, Алланы ұлықтау, адаспай адал, хақ жолында жүріп, дұрыс ғұмыр кешу.

Қорыта келгенде, М. Ж. Көпейұлы мұрасының түп қазығы ақыл иесі– түзу адамды қалыптастыру. Әдебиеттің ежелден бергі нысаны адам болмысы, адамды түзету болса, ақын бұл тұрғыда қазақ қоғамының азаматын тәрбиелеудің үлгісін сомдап, жеке адамды, қоғамды түзету мәселесін қозғайды. Адам баласының өмір сүру жолында ізденіп, өзін-өзі жетілдіре білсе ғана тіршілікте үйлесімдік боларын шеберлікпен жеткізе біледі.

Мәшһүр Жүсіп тағылымы бүгінгі күннің басты тақырыбына айналып отырған адамның өзін-өзі тану мәселесін насихаттаумен құнды. Бүгінгі ХХІ ғасырда ақынның адамтану мәселелері қамтылған шығармалары мектеп оқулықтары мен жоғары оқу үрдісіне енгізіліп, кеңінен оқытылса, бүгінгі ұрпақтың өзге діннің жетегінде кетуіне бірден-бір тосқауыл болары анық, ұлт құндылығы сақталары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көпейұлы М.Ж.. Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008.

2 Көпейұлы М.Ж.. Шығармалары. 4 том. – Павлодар: «ЭКО» – 3 Құнанбайұлы А. Қалың елім, қазағым... Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002.

4 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. - Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005
5 Көпейұлы М. Ж. Шығармалары. 4 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.

СВОЕОБРАЗИЕ ПОЭТИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МАШХУР ЖУСИПА

БАРАТОВА М. Н.

к.ф.н., профессор, Торайғыров университет, г. Павлодар

Известно, что в эпоху господствования вчерашней командно-административной системы, в результате ограничивая анализом литературного наследия прошлых веков только с классово-позиции, многие стороны его не раскрыты по-настоящему с научной точки зрения. Есть полное основание считать, что с приобретением независимости, то есть, начиная с 1990–1991 годов, достигнуты значительные успехи в раскрытии «белых пятен» в искусстве, из него – в художественной литературе. Однако известно и то, что незавершенность сбора рукописей в одном центре ввиду неправильного контроля сбора этих образцов, что они были «украдены», что запаздывали с признанием, несколько останавливали исследование литературного наследия прошлого столетия. В этом отношении, в результате издания 20-томного собрания поэтических произведений известного казахского акына, фольклориста, историка Машхур Жусипа Копеева открылись широкие возможности для анализа нераскрытых сторон его остального наследия.

Необходимо учесть, что защиты нескольких диссертаций, выпуск книг, посвященных исследованию творчества Машхур Жусипа, свидетельствуют о том, что в казахстанской литературоведческой науке и в этом вопросе есть весомые продвижения. К примеру, учитывая отдельные исследовательские поиски, включенные в изданные книги, необходимо их продолжать, так как они требуют специального исследования. Среди них мы выделяем работы У. Калижана (Машхур Жусип. – Алматы: Атамұра, 1998) [1], С. Сутжанова (Мәшһүр мұрасы. – Наследие Машхура. – Павлодар, 2001) [2], кандидатская диссертация Е. К. Жүсіпова «Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы әдеби дәстүр» («Литературная традиция

в произведениях Машхур Жусипа») [3]. К тому же в трудах Б. Кенжебаева [4], А. Жиреншина [5], М. Божеева [6], С. Даутова [7], Д. Абилова [8], К. Машхур Жусипа [9], С. Ш. Копеева [10], С. Негимова [11] и других известных ученых затронуты вопросы идейно-тематической основы поэтических произведений акына, их индивидуальных художественных особенностей. Если учитывать, что кроме сбора литературного наследия прошлых веков, издания его с необходимыми пояснениями, перед сегодняшней казахстанской литературоведческой наукой стоит задача представить его всему мировому человечеству. С этой позиции перед нами стоит задача специального изучения творчества Машхур Жусипа, представляющего одно из дорогих сокровищ литературного фонда. Беря за основу такие требования, можно смело утверждать, что исследование жанрового своеобразия и стилевой природы поэтических произведений Машхур Жусипа есть не только изучение творчества акына, но и служит важным основанием для определения, разграничения закономерностей развития казахской литературы в целом. Учитывая, что в вышеперечисленных трудах ученых имеют место сведения о жизни и творчестве Машхур Жусипа, произведя обзор научных достижений сегодняшней литературоведческой науки, мы ставим перед собой задачу – специальное исследование жанровой природы и стилевых особенностей произведений акына.

С того момента, как Республика Казахстан стала суверенным государством, в рамках реализации Программы первого Президента «Мәдени мұра» («Культурное наследие») огромное внимание стало уделяться на возрождение культурного наследия, исчезнувшего или оставшегося в тени. Показателем этого является выпуск первых 20-и томов произведений известного казахского акына, философа, историка, фольклориста Машхур Жусипа Копеева, чье имя и чьи произведения составляли ряд «белых пятен» в истории культуры. Изучая произведения Машхур Жусипа, мы определяем его индивидуальный почерк, то есть его стиль: показываем роль произведений в обосновании их жанрового своеобразия, идейных, тематических особенностей; в ходе выявления художественных особенностей произведений определяем их функцию в развитии их жанровой природы и стиля акына.

Первые научные работы, посвященные творчеству Машхур Жусипа, можно оценить как начальный этап Машхуроведения, как развитие и продолжение традиций мировой поэзии. В этом контексте считаем целесообразным анализировать развитие

казахской литературы в сопряженности с мировой литературой, в преемственности с традициями. Следовательно, возникает необходимость широкого внимания наследию Машхур Жусипа. Нигде не опубликованные произведения акына впервые вошли в научный оборот. Все произведения Машхур Жусипа систематизированы по жанровому описанию.

Говоря о жанровой, стилевой природе лирики, следует обратить внимание на научные достижения русского литературоведения, имеющее за собой огромный опыт в истории своего развития. Отметим, что труды ученых XIX–XX веков В. Г. Белинского, А. Н. Веселовского, В. Жирмунского, М. Б. Храпченко, В. Полякова, В. П. Григорьева [12] имеют значимость не только в русском литературоведении, но и важны для казахстанской литературоведческой науки.

Необходимо учесть, что и в казахстанской литературоведческой науке имеют место работы, посвященные жанровому пополнению, так называемому «приливу» казахской лирики, истории ее развития. Это: труды А. Байтурсынова, К. Жумалиева, М. Базарбаева, З. Ахметова, З. Кабдолова, Т. Абдрахмановой, Р. Нургали, Б. Карибаевой, С. Негимова и другие отдельные результаты исследования [13]. В ходе изучения данной темы мы попытались дать достойную оценку трудам вышперечисленных видных представителей российско-казахстанской литературоведческой науки.

Когда речь идет о жанровом описании как одной из областей литературоведения, то следует подчеркнуть, что у каждой эпохи, у каждого акына оно не одинаково, под влиянием эпохи, стиля оно постоянно видоизменяется. В этом контексте известный русский критик В. Г. Белинский отмечает: «Границы жанров отличаются приблизительностью, нежели точностью. Их невозможно показать пальчиком, словно показываешь государственные границы на карте. Художественное искусство, где бы оно ни было, опираясь на одну границу, постепенно теряет свое первоначальное значение и гармонирует со вторым пограничным жанром. Таким образом пограничные два описания образуют два жанра». Здесь же вспомним об использовании казахстанским ученым С. Кирабаевым произведения С. Сейфуллина «Тар жол, тайғақ кешу» («Испытывать трудности жизни») для определения жанрового своеобразия [14].

Говоря о жанровом описании лирики, невозможно прозрачно описать один из ее жанровых видов. Об этом говорилось выше

(вслед за В. Г. Белинским). Тем не менее нельзя сводить к минимуму классификацию жанров на определенные виды.

Учитывая, что и в этом вопросе не поставлена точка, как и в других областях науки, но в то же время можно утверждать, что здесь имеются сформировавшиеся жанровые виды, но есть и те, которые еще не определились, которые классифицированы пока лишь условно и требуют дифференциации. К примеру, к самым первым видам лирики, безусловно, относятся басня (мысал), элегия (мұң өлеңі), ода (мадақ өлеңі), рубаи (төрттаған), назира и др. Известно, что поминальная песня по умершему (жоктау), посвящение (арнау), айтыс упоминались в книге А. Байтурсынова 1926-го года «Литературное исследование и стихи» («Әдебиет танытқыш»), после чего они рассматривались как национальный поэтический вид, как национальный образец. Вместе с тем, подход к стихам-размышлениям (медитативным), загадкам, стихам-письмам как жанровым видам или как образцам тематической классификации считается правомерным. В этом контексте считаем целесообразным учесть широко распространенные в восточной поэзии понятия «назидание, наставление» («рауаят») и «быль, повествование» («хикая»). Не случайно и то, что последнее понятие вошло в книгу А. Байтурсынова.

Кроме того, классификация произведений на поучительные (дидактические), обзорные, информативные, легенды, песни-намекы, а также на темы любви, природы, с учетом разграничения их с жанрами, их тематических особенностей, свидетельствует о широких возможностях анализа жанровой природы казахских стихов, о широте их классификации.

Вышперечисленные виды стихов, как бы они ни раскрывали лирического героя, как бы они ни охватывали определенную тему, не составляют поэму, они остаются лишь в рамках жанров лирики.

Известно, что усиление колониальной политики царской России в XIX веке, вначале ханское правление (1822 г.), затем ликвидация системы султанского правления (1868 г.) и насильное распределение казахских как можно больше плодородных земель прибывшим из России, истощение народа от потери земель, открытая, тайная цензура на деятельность национальных издательств, медресе, мечети, школ – все это, вместе с материальными нуждами народа, способствовало его духовному истощению. Это давление оказало существенное влияние на творчество акынов, возросла критика колониальной политики правителей народа и т.д.

Идейно-тематической основой стихов акынов той эпохи Абая Кунанбаева (1845–1904), Шакарима Кудайбердиұлы (1858–1931), Султанмахмұта Торайғырова (1893–1920), Машхур Жусипа Копеева (1858–1931) послужила объективность эпохи, которая, вместе с тем, основала жанровое описание произведений вышеуказанных авторов. В связи с этим закономерностью считались призыв к борьбе ради интересов народа, открытый призыв, широкое развитие дидактического направления. Бесспорно то, что в связи с лживым призывом, широким дидактическим влиянием художественная изобразительность произведений оставалась на заднем плане. Тем не менее в конце XIX века – в начале XX века Машхур Жусип, как и свои единомышленники, пишет очень много стихов, призывающих открыто, возвеличивающих не только красоту, но и служащих источником действенного призыва. В этом отношении нельзя сказать о бедной художественной выразительности стихов, направленных на открытый призыв. Наоборот, чтобы показать этот призыв более действенным, появляются многочисленные виды художественного поиска. Об этом виде стихов А. Байтұрсынов говорит следующее: «Стихи, дающие мудрые советы, указывающие на правильную дорогу, называются стихами-призывами» [15, с. 240].

Здесь мы хотим обратить внимание на дидактизм, отмеченный в поэзии Баратынского В. Д. Сквозниковским, внесшим значительный вклад в определение своеобразия русской лирики [16], и на выявленные И. Ю. Подгаецкой разнообразные образцы стихов В. Маяковского, в которых умело сочетаются лирическое и ораторское начало [17].

Поэтические произведения Машхур Жусипа, включенные в четыре тома, «Кедейліктің арқаны» («Пути нищеты»), «Өлім алдындағы хал» («Размышления перед смертью»), «Бақ құсы» («Птица счастья») являются образцами стихов-призывов. Если первые стихи посвящены призыву детей, молодежи к учебе, к труду, не поддаваться лени, то вторые предупреждают о том, что если у человека нечистые намерения, то в том мире его ожидает наказание. Этим акын призывает людей совершать благие дела.

Когда мы говорим о поучительных стихах, стихах-призывах Машхур Жусипа, то прежде всего надо обратить внимание на стихи-пожелания. Выражение пожелания занимало особое место в творчестве казахских акынов.

В этом отношении уместен анализ обзорных стихов Машхур Жусипа, в которых акын как можно широко охватывает нужды

народа. Благодаря широте охватываемых мыслей, идей обзорные стихи акына занимают промежуточный жанр между лирикой и эпосом. В одном произведении одновременно поднимаются сразу несколько проблем. С одной стороны, открытый призыв, повествование, очередность событий, движение событий приближают их к эпосу. С другой стороны, все это приводит к нарастанию размышлений лирического героя, что свидетельствует об особенностях лирики. Следовательно, какие бы проблемы ни поднимались в произведении, какие бы события ни развертывались, все это подчиняется чувствам одного только лирического героя и является признаком принадлежности их к «обзорным стихам».

В русской литературоведческой науке такие произведения относили к повествовательной лирике («баяндау лирикасы») [18], а в специальных справочниках использовали термин «публицистическая поэзия» [19]. Мы убеждаемся в том, что такая классификация небезосновательна. Произведение Машхур Жусипа «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге» («К нам пришли бумага, перо, чернила») – образец обзорных стихов. Здесь акын повествует о том, чем занимается лирический герой в 5, 20 и 35 лет: «Мы задумываемся после 30-40 лет // В 15 и 25 лет джигит готов уже к серьезным действиям» («Отыз қырықтан асқан соң ойланамыз // Он бес пен жиырма бесте қылар істі»). Далее акын сообщает о приближении старости, о досадных поступках некоторых людей.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Қалижан У. Мәшһүр Жүсіп. – Алматы : Атамұра, 1998 . – 30 б.
- 2 Сүтжан С. Мәшһүр мұрасы. – Павлодар : ЭКО, 2001. – 104 б.
- 3 Жүсіпов Е.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүрі. – Астана : 2001. – 30 б.
- 4 Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы : КМКӨБ, 1958 . – 249 б.
- 5 Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы : Қазақстан, 1971. – Б. 133-137
- 6 Бөжеев М. Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында // Жалын. – 1974. – №4. – Б. 127–133
- 7 Дәуітов С. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. // Қазақстан мектебі. – 1990. – № 2. – Б. 72–79
- 8 Әбілев Д. Мәшһүр Жүсіп. // Жұлдыз. – 1992. – № 12. – Б.116–129

- 9 Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар : С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 1999. – Б.70-108
- 10 Көпеев С. Ш. Мәшһүр Жүсіп өмірі. – Павлодар : ЭКО, 2000. – 131 б.
- 11 Негимов С. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының бейнелілігі. – Павлодар : ЭКО, 2001. – Б.5–9
- 12 Белинский В. Г. Собрание сочинений в 9 томах. т. III. – Москва : Художественная литература, 1976. – С.294–350; Веселовский А. Н. Историческая поэтика. – Москва : Высшая школа, 1989 и т.д.;
- 13 Байтұрсынов А. Шығ. – Алматы : Жазушы, 1988. – 320 б.; Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1938; Базарбаев М. Образ человека труда в казахской поэзии. – Алматы : Каз. ССР. ҒА. баспасы, 1961 т.с.с.;
- 14 Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – Алматы : ҚМКӘБ, 1962. –291 б.
- 15 Байтұрсынов А. Шығ. – Алматы : Жазушы, 1989. – 320 б.
- 16 Сквозников В. Д. Реализм лирической поэзии. – Москва : Наука, 1975. – 231 с.
- 17 Подгаецкая И. Ю. Стилиевые формы общения с массовой аудиторией // Теория литературных стилей: Многообразие стилей советской литературы. – Вопросы типологии. – Москва : Наука, 1978. – С. 173–174
18. Поспелов Г. Н. Лирика. – М. : Моск. университета, 1976. – С.159–160
19. Квятковский А. Поэтический словарь. – Москва : Сов. Энциклопедия, 1966. – С.228–229

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

БАСТЕМИЕВА Г. З.

биология және география пәнінің мұғалімі

ХИВАТДОЛДА А.

биология пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың мәдени мұра арнаулы орта мерзімді бағдарламасының аясында жүзеге асырыла бастады. Біздің ғылыми зерттеу еңбегіміз Елбасының алға қойған мақсатында түбегейлі шеше алмасада ұлт дәстүрге байланысты кейбір

мұраттарды лингвистика жолымен іс жүзінде асырып, шешуге болатындығын көрсетіп берді. Бұл жұмыста жүйелі түрде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларының этно мәдени лексикасы түркі тілдерімен және де көне жазба ескерткіштерімен жан жақты салыстырмалы түрде тұңғыш зерттеліп отыр [15, 56 б.].

Қазақ тарихында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының алар орны ерекше. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының ұлы ойшылы, атақты фольклортанушы, этнограф, тарихшы, филолог, дінтанушы, қазақ мәдениетімен әдебиетінің белгілі көрнекті тұлғасы ретінде қалыптасты. Философ ағартушы шығармашылығын елімізге кеңінен насихаттау мақсатында Мәшһүртану ғылыми – практикалық орталығын 05.05.2004 жылы ашуға №1-05/334 бұйрыққа Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университетінің Ерлан Арын қол қойды [57 б.].

Мәшһүр Жүсіп өз еңбектерінің көбін араб әліпбиімен қазақ тілінде жазған. Солардың ішінде араб, парсы, шағатай, осман тілінде көп еңбек жазып, асыл мұра қалдырған. Қазақ тілінде жазған қолжазбаларының ішінде арабша термин сөздер көп кездеседі. Мұның себебі Мәшһүр Жүсіп ислам қағидаларын толық білген әулие адам. Ілімнің шыққан тегі дін екенін және іліммен дінді бөлмеу керек екенін көп айтады. Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде дін Исламның ақиқаттығы, қадір-қасиеті, адамзат өміріндегі пайдалы уағыздалған. Ол кісіні ақын жазушы, тарихшы деп шектеуге болмайды. Ол ұлы дін ғалымы болған. «Құран тәжүиті», «Құран тафсирлері», «Иман қағидалары», «Хадис шарифтер», «Нәбилер тарихы», «Діндер тарихы», «Сахабалар, әулиелер тарихы» тәрізді т.б. ілім саласын жақсы білген. Еңбегіміздің күллісі – біздің дініміз, тіліміз, тарихымыз, әдет-ғұрпымыз, салт-дәстүріміз. Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен жазған еңбектері мен түсініктемелері баяндалды. Онда көбінесе дін Исламды қарапайым қазақ өмірімен суреттеп түсіндіреді. Ислам дінінің артықшылығы мен ерекшелігі, оның қалыптасуы мен дамуы, қоғамдағы орны. Құранның келуінің маңызы. Ислам дінінің қағида-шарттары, мұсылмандық міндеттер, тәрбиелік маңызы бар әдеп ережелерін түсіндіріп, оның адамзатқа қажеттілігі мен пайдалылар баяндалады. Сонымен қатар адамзатты ойландыратын діни түйін сөздерді көп айтқан.

Ғибрат ал атқан таңмен батқан күннен,
Шықпасың адам болсаң айтқан жөннен.
Басыңа қайғы келсе қапа болма,
Тарылып, назаланып шықпа діннен.

Жасынан өнер білімге әдбиетке құмар болған жас ақын ауыз әдебиеті үлгілерімен жас кезінде танысып, халықтық жыр дастандарды жаттап өскен. Мәшһүр Жүсіптің: «Айырылдым дәл онбесте ақыл естен, дауасыз ауру төстен», деген жыр жолдарында қарағанда оның ақындық жолға бой ұруы, алғашқы шығармашылық қадамы он бес жасында басталған. Ол туралы ақынның өзі:

Жабысты маған өлең он бес жаста,
Жұрт айтты: «Не қылысың- деді таста.
Дегенмен қоя алмадым үйренген соң,
Мінім жоқ қылған жұртқа мұнан басқа.
Шүкірлік, бергеніңе, құдай патша,
Он бесте шабыттанды жүйрік атша.
Бір күндер ұйықтап жатқан мезгілімде,
Кеудеме өлең толды сызған хатша, – дейді [10, 5 б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саналы ғұмырында бір сәтте қолынан қаламы түсіп көрмеген, бір жағынан жазып, екінші жағынан өнер ғылым үйреніп, жаппай тұрмай ізденіс үстінде болды. Мәшһүр Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты үш кітабы 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан басылып жарыққа шықты. Кейін ол баспаханада шыққан он төрт қалам иесінің еңбегін цензура сотқа тартады. Соның ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған үш кітабы да бар [9, 55 б.].

Жоғары айтап өткеніміздей, ақынның фольклорист, тарихшы, этнограф, философ ретінде өсуіне ықпал еткен ғалымдар, ұстаздар, т.б. төңірегіне келетін болсақ: бір жағында Нәжімалдин хазірет, Қаммариден хазірет т.б. тұрса, екінші жағында – сол кездегі ел зиялылары, ауыз әдебиеті, тарих білгілдері өсері бар. Олар: Мұса Шорманұлы, Мейрам Жанайдарұлы, Күдері қожа, Майлы қожа, Бөгебай ұрпағы Саққұлақ шешен, Ақан сері, Естай мен Майра ақындар, Абылай хан тұқымдары, Сыздық төре Кеңесарыұлы, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы т.б.

Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Дала уалаяты» газетіне көптеген материалдар ұсынып отырғаны белгілі, яғни ол газеттерді алып та тұрған. Ал ол газеттің 1894 жылғы 29,30,31 сандарында басылған Г. Н. Потаниннің «Қазақтардың арасындағы әр түрлі ойлап шығарылған өлең,қысса,ертегілерінің, әдеп заңдарының керектігі болғаны турасында» деген мақалысын оқымауы, көрмеуі мүмкін емес. Үйткені мақалада сұрау түріндегі

берілген ұзақ тізім ішіндегі 13 тақырып Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбасында кездеседі. Мысалы үшін, мақаладағы ай мен күннің тұтылуына жер жаратылысына, жануарлар арасындағы ең мықты аң төңірегінде өсімдіктер дүниесіне, жезтырнаққа, Едіге мен Тоқтамыс ханға, Жиренше шешенге, Ақсақ Темірге, Сүлеймен мен Байғыз құсқа т.б. қатысты сұраулары Мәшһүр-Жүсіптің «Тама Сарыбас Мерген ертегісінде», «Сүлеймен пайгамбар мен Байғыз», «Қазақ билер», «Жиренше шешен», «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер», «Лала гүл және махаббат туралы», «Ай мен күндей: «һәммаға бірдей» дегеннің мағынасы», «Аспан, жер және адам жаратылысы туралы» т.т еңбектері тек тақырыптық жағынан үндестік тапқан [78 б.].

1952 жылы Қазақстандағы безбүйрек күзғын саясаттың зұлымдық әрекет кесірінен Мәшһүр атаның қабірі үй қопарылып тасталған. Ақынның 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспасынан үш бірдей кітабы жарық көрді. «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты шығармаларында қазақ халқын өнер-білімге баулу, елді мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры, т.б. өзекті мәселелерді көтерді. 1990 жылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының таңдамалы 2 томдығы, 1993 жылы қазақ шежіресі атты еңбегі жарық көрді. Ақын мұрасы Қазақстан Республикасы Ұлттық білім академиясының қолжазбалар қорында сақтаулы. Тіршілікте жолы болмаған, қиянат шеңгеліне ілінген болашағынан үміт ететіндер, жақсылық, адамшылық, имандылық жолын ұстаушылар, Бір Алланың ақ жолын мұрат тұтқандар, ақыл-ойы кемел естілерәулие Мәшһүр Жүсіптің мавзолей-зиратына келіп, дұға оқып, құрмет етеді. Ғұлама ақынның шөбересі Әсет Мәшһүр Жүсіп өмірі туралы, оның айтуымен жазғандар, шәкірті Мәненұлы Иманғали, жиені Қасенғали Жүсіпов (құйма құлақ) туралы, «Қара жәшік» жазбасын араб әрпінен бүгінгі әріпке аударған құдасы Алдабергенұлы Тәлепберген ақсақал туралы мол дерек жинап, тәрбиелік мәні бар көлемді еңбек жазды [13].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Базарбаев М., Қирабаев С., Сәтпаев Ш. «Мәшһүр Жүсіп Көпеев». – Алматы, 1992 ж.
- 2 Бердібаев. Р., Қ. Мәшһүр-Жүсіпов, Дәуітов С. «Мәшһүр Жүсіп Көпеев». – Алматы, 1998 ж.

- 3 Жанарыс Х., Талқанбаева Қ.Қ. «Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларындағы ислам мәдениеті». – Павлодар, 2007 ж.
- 4 Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы: «Ғылым», 1990 ж.
- 5 Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы: «Ғылым», 1990 ж.
- 6 Пазылов Ә. Бабалар ғұмырнамасы және Мәшһүр Жүсіп Көпеев – Екібастұз: «Prima Lux», 2007. – 240 б.
- 7 Алдабергенұлы Т. «Қолжазба Баянауыл кенті». – Алматы.
- 8 «Сөз өнерінің зергері М.Көпеев». – Алматы, 2005 ж.
- 9 Алпысбес М. Аршабек К. Қасен Е. Кейкі Е. Баянауыл байтағының тарихы. Астана: парасат әлемі, 2005. – 480 б.
10. Жүсіп М. Аспан, жер және адам жаратылысы туралы. Қазақ тарихы. -1995. №2. – 24 б.

Қ. П. МӘШҮР-ЖҮСІП ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ – ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ МЕН ПАЙЫМ

ЕЛІҚПАЕВ С. Т., ҚАПАСОВА Б. Қ.
ф.ғ.к., профессорлар, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі жаһандық өзгерістер тұсындағы лирикадағы ұлттық белгіні ашу – елдік қалыпты, қасиетті сақтаудың негізі ретінде зерттелу қажеттігіне назар аудартылады. қалыптастыру мақсаттарын орындауда әдебиеттің орны өзгеше.

Қазақ әдебиеттануын зерттеу 1960 жылдардан бастап өзгеше қарқын алды. Сонымен бірге бұл кезеңдерде әдебиеттің сырын ашуға сөздің мәнін ғана емес мәйегін ұғатын, терең талдау жасай алатын ғана емес, өздері де шығармашылық қабілеттері зор зерттеушілер легі келді. Бұл ұрпақтың алдында қазақ әдебиетінің мол қазынасын жинақтау, жүйелеу және оны теориясын нақтылау мақсат-міндеттері тұрды. Сонымен бірге тар қыспақты кеңестік жүйенің талаптарын да айналып өте алмады. Бірақ әдебиетті ардың ісі деп ұққан бұл кезең ғалымдары «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» әдебиеттің ұлттық өнер туындысы екендігін әдебиеттің сынымен де, тарихын зерттеуімен де, теориясын жүйелеуімен де дәл жеткізді.

Әрбір әдебиет зерттеушісі өз заманының тұлғасы. Бұл қалау мен қаламауға бағынбас тағдыр. Әртүрлі ұлт басындағы жағдаяттар мен оқиғалар өз ғалымдарын сергелдең мен сенделіске әкеліп, адам жанын жалаулы я жағасыз кезеңнің сынағына салып кейде ширықтырып шыңдап, кейде шытынатып барып

шыңырау сөзге, оюлы ойға айдын салары анық. Кәсіби ғалымның орнын толтыру қайта қалыпқа келмес ойсырау. Еуропаның алдыңғы қатарлы елі Франция осындай күнді басынан кешті. 1785 жылы 48 тұрақты мүшесі (академик) болды. 1785-тің қазан 1795 жылға дейін 20 адам қайтыс болды, соның ішінде оны террордан көз жұмды.

Ж.-С. Байи (1793 жылдың 12-і қазаны), Ж.-Б. Бошар де Сарон (1794 жылдың 20-і сәуірі) осындай көптеген ғалымдардың өлтірілуі, бұған дейінгі алдыңғы қатардағы Француз мемлекетін мүлдем әлсіретіп, кейінгі елге айналдырды [1, 7–11].

Еркін ойлар, негізгі бағыты ұлт әдебиеті ғана емес, азаттыққа нездеген Вольтер, Руссо, Монтескье сипатты егемен ойлы ғалымдар қайта тарих толқынына араласа алмады. Әсіресе гуманиталы ілімнің еркін де, бостандықты жүректерден шығып ту алатыны қаперден кетіп, ойдан шықты.

Екінші дәрежеге ысырылған қазақ халқы Кеңестік дәуірдің бар тауқыметін, рухани және ұлттық аштықтың салдарын әбден тартты. Қазақ әдебиетінің жоқшылары Шайхысләм, Дулат, Шортанбай, Мәшһүр-Жүсіптер ақ патша кезінде кежеулік көрсе, советтік уақытта да тыс қалдырылды. А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов тектес сөз зерттеушілері, алғашқы ғалымдар жойылса, жаңа жас лек, қаракты толқын ары ысырылды. Өкінішке орай анайы, жағымпаздық бағыттағы төмен эстетикалық дәрежедегі жолбике әдебиетке қолдау беріліп, ұлт мүддесі төменделіп, мансұқтала шетке лақтырылды.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі, этнологиясындағы, ұлт қазынасындағы салмағы бөлек Мәшһүр-Жүсіп секілді сом қымбатты аймақтың кейіегі үкілеп қосқан үміті, ескі тілді әдебиетті түпнұсқадан оқып ұғынған, шыңырау терең әрі кемел білімді, биязы, тез ұққыш ұғымшыл мінезді серік еткен тағы бір жан әдебиеттану ғылымына дендеп кірісті. Әсіресе лирика сияқты көп салалы, әлденше қабатты, зор мұра, толайым қазынаны ендеп қарап, ыждаһаттылықпен қолға алып, бел щеше араласты.

Қуандық Пазылұлы осыған дейін саралауы, екшеуі, қаралуы, зерттелуі болса да, саяси шарттан, рамкадан шыға алмаған шырмаулы, ойды емес идея яғни социалистік мұраттарды авангардқа қойған осы ірі аңғарды, негізгі тінді жеке өзі ғана деп емес, ерген ғалым шәкірттері үшін де ортақ тақырып, нысана етіп ұсынды, өз мектебін қалыптастырды. Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп 60-жылдар қалыптасқан космополитті, кеңес идеологиясымен қалыптасқан

«зиялы қауымнан» бөлініп шығып, ұлттың құндылығын ту еткен ғалымға айналды. А. Ф. Лосев өзінің «Философия имени» еңбегінде интеллекттер «соматилік тірі жандар» деген еді [2]. Қ. Ф. Жүсіпов – қазақ әдебиетінің ғылымындағы соғыстан соңғы келген лек ішінде шоқтығы бөлек, тамыры терең, мол пайымды, көрнекі әрі жемісті еңбек еткен зерттеушілердің бірі екені даусыз. Қазақ әдебиеті классигі М. Әуезов, С. Мұқановтар әңгімелерін саралаудан өзек алған, шағын соқпақ осы бүгінгі уақытта артынан мол ғалым шәкірт ерткен сара да, мұраты айқын, шаң баспас, көлемі мол ерекше даңғайыр беткей.

Қ. П. Мәшһүр-Жүсіптің ұзақ тексеруден, ордалы тұжырым, қортынды шешімімен бөлектенер жұмысының бөлегі – «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік».

Осы монография – ұзақ жыл, мол тоқыраудан соңғы саясат қысымынан соңғы қазақ әдебиетіндегі мәнді, мәйекті мұрағаты – поэзиясы жөнінде толғанған қазақ керегі, мүддесін байрақ жасаған тау еңбек. Кітапта есімдері енді ғана аршылып алынған, бет көрген М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев жауһарлары бірінші мәрте, осы мезеттік рет талданса, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин шығарма туындылары егемен көзқарас, бостанды әдебиет тұрғы биігінде, егемен ел зерттеушісі қиясында, еркін көзқараспен талданып ұсынылады.

XX ғасырдың ілкімінде, соның алғашқы басында поляк, америка, испан арабтық, еуропа, жапон әдебиеттерінде, сөз өнерлерінде гегемондық алып, озық тұрған романтизм жүйесі, әдісінің озғынды, жүлде алар орам-иірімі бояулары, нақышы Мағжанда, Сәкенде көрінгені кп мысалдармен мойындата айтылып көрсетіледі.

Шағын қазақ ұлтын бөлшектеп, алашты алтыға турап тастаған саясаттан тыс, бұған дейін сойы заты ғана емес, тегі аты бөлектеліп, алшақтатып жеке сараланар Мағжан, Сәкен өлең, шығармалары қатар көгенделіп, қамшылас-еншілес тексеріліп, зерттеледі.

Ғалым қазақтың екі ақынын қайымдап, ажыратпай тете әрі туыстыра талдап зерттейді.

«Романтизмнің басты ерекшелігі: күнделіктегіден мүлде бөлек, адамның айрықша, оқшау сезімдерін жырлаумен байланысты екендігі мәлім деп айтылғанда ақын басындағы оқшау хал ғылым тілімен түсіндіріледі. Бұл шарттарға сай жазылған – М. Жұмабаевтың «Сырым» өлеңі:

Күлсем егер, есім шығып күлемін,

Жылағанда, қап-қара қан төгемін.
Қасым болса, қанын ішкім келеді,
Досым болса, жолында оның өлемін.
Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін, жан-денесін бергенше.
Жан денесін бірдей алам, улаймын
Қысып сүйсем, құшағымда өлгенше.
Күлу мен жылаудың жеке өзі-ақ қарама-қарсы ұғымдар екені аян.

Ал, мұнда әйтеуір бір күлу емес, есі шыға күлу, әншейін жылау емес, қап-қара қан төгерлік жылауға қарсы алынған. Ақын мұнымен де тоқталмайды, бастапқы ойын ширата түсіп, қарсы болса, қанын ішкісі келетін, досы болса, жолында өлуге даяр екенін мәлімдейді. Ал үзінді соңындағы әйел сүюі де шексіз құштарлыққа құрылған» [3, 22].

М. Жұмабаевтың жыр поэзиясы, өзгеше өлеңі ұлттың жауһар, қазыналы әдебиетінің нақ жоқ, керегін толтырып тұрғанын терең ғалым дөп басып анық таниды. «Демек С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов тәрізді әріптестері өмірдің күнге жағын көбірек қызықтаса, назарсыз, жоқтаусыз қалып бара жатқан көленке тұсқа М. Жұмабаев көбірек үнілсе, мұның бәрі ақындардың біріндегі жоқты екіншілері толықтыруға ұмтылуы деп түсінген жөн».

Қ. Ф. Мәшһүр-Жүсіп өз зерттеу, тұжырымында әр туындыгер, жазарман, қалам ұстаушының стилі баяндау сөзінде ғана емес, ойлары тұжырымда емес, кейіпкер таңдауында да анық көрінерін анық, селкеусіз шүбәсіз айтып таниды. «Мысалы, С. Мұқановтың жағымды кейіпкерлері көбінесе («Мөлдір махаббат» романынан басқа туындыларының бәрінде дерлік) кедей табынан шыққан, коммунист партиясы ісіне берілген адам ретінде алынса, М. Әуезовтің ұнамды қаһарманы қашан да қай таптан шыққанына қарамастан (Мәселен, Абай, Әбіш т.б.), халқына қызмет еткен өнер адамы ретінде көрінеді. Рас, «Абай жолындағы» Әйгерім ақын емес, бірақ оның есінен ол әнші, өлеңді, өнер атаулына жоғары бағалауымен ерекшеленеді. Бұл жазушының өнер сүюді бірінші кезекке қойғанын дәлелдесе керек. Б. Майлиннің ұнамды қаһармандары көбіне қақ-соқпен ісі жоқ, момын, еңбекші, адал да аңқаулау адам және әдеттегі қарапайым пенде болса (Бәкен, Азамат т.б.), С. Сейфуллинде ол өз қатарынан көп озық, алға шыққан белсенді күрескер ретінде оқшауланады («Қызыл сұңқардағы» Еркебұлан, «Тар жол тайғақ кешудегі» жазушының өз бейнесі, т.б.).

Б. Майлинде жуастық немесе ақжарқындық – ұнамдылық белгісі ретінде көзге түссе, Т. Ахтанов аңқылдақ, ашық болып көрінушінің жексұрындығына («Боран» романындағы Қасболат), қатқыл, о жар тәріздінің нағыз абзал адам екендігіне («Қаһарлы күндердегі» Ержан, Мұрат, «Борандағы» Қоспан т.б.) баса көңіл бөледі. Сондай-ақ лирика жанрында да Б.Майлиннің сүйікті қаһарманы көбінесе қатардағы еңбек адамы (мәселен, Мырқымбай т.б.) болып келсе, С. Сейфуллинде алға шыққан, ту ұстаған үздік күрескер батыр кең дәріптеледі.

Ғалым еңбектері әдебиет тарихының белгілі бір кезеңін зерттеу арқылы әдебиеттің теориясына қатысты тұжырымды анықтамалық ойлар айтуымен де ерекшеленеді».

Ұлт әдебиетіндегі сом суреткерлердің сомдаған образ кейіпкерлері жөніндегі бағалы, құнды, керекті қажетті ойды Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп ғана дәл танып саралады.

Қаламгер және образ егіз, туыс, кіндіктес екені анық, дәл осы тұста ескертіліп барып, дәлелді тұжырылады. Егер Флобер «Бовари ханым – мен» дей алса, М. Әуезовтің өзі де «Абай – мен» деп те айта алмағы хақ. Қарымды қаламгер М. Мағауин «Аласапыранның» аяққы парақтарында «менің Ораз – Мұхамбетім осылай өлді» деп қортады. Өткен советтік кеңестік шақ пролетариат тұсында жазарманға жұмыскер, шопан, малшы образын ғана айттырып содан шықпай әдебиеттің бағасын, құнын, түсіріп биігінен құлатқан жайымыз болмады ма? Ер Тарғынды, Алып Ер Тұнғаны, Алпамысты, Қобыландыны, Қамбарды, Аяз биді толғарар алаш әдебиеті пәс те төмен, қыспақты аяда қалған жоқ па? Ерекше эстетші А. Сүлейменов, қазақ иісі аңқыған Қ. Жұмаділов, Алаш мұратты, елшіл М. Мағауиндер елге керек, қажет, жан жүректеріне жақын, ойға туыс кейіпкерлерді жаза алды ма екен, кейінгіге өтер сөз берді ме? Ғалымның зерттеуі, оның қортындылары осындай атан белі талар сауалы көп, жауабы жоқ аяқ жетпес жоталар, белдерге аяқ бастырады, ақылға сұрақ атады.

Қ. Мәшһүр-Жүсіп еңбек зерттеуі – бүгінгі салыстырмалы, камправистік әдебиеттану ғылымының өзгеше өрнегі. Компаративистикалық әдебиеттануға осыған дейін кеңестік ғылым қасақана өріс бермей, күшпен бүркеп келген еді. Ол – өткен күн. Ол Абай және Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын қатар саралағанда көрінеді.

«Абай тәрізді Мәшһүр-Жүсіптің де сөз зергері екенін айқындай түсу үшін, екі ақынның «нәпсі» хақындағы сақтандыруларына салыстыра үнелейік:

1. Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдық көрсеқызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме! (Абай, 60 б.)
2. Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ (Мәшһүр-Жүсіп, 93 б.).

Абайдай ақында нәпсі алдамшылдығын мол бояумен, белгілі бір қызулы, ыстықтық күйдірмелі сипатын айқындар түспен «лапылдақ» көріктеуші (эпитет) түрде пайдаланылып жазылған. Ал, Мәшһүр-Жүсіпте дерексіз таным нәпсіні жан иесі адамға айналдырып береді, оны жаяу күтусіз қылдыруды ұсынады. Жаяу жүру мен атқа мінудің қайсысы баяу, қайсысы тез қозғалу белгісі екені мал баққан қазаққа етене таныс көрініс десек, Мәшһүр-Жүсіптің тағы да ұлттық өрнекті кәдеге жарату шеберлігін көреміз. Ал, атқа мінген күннің өзінде оны жортқызып, желгізбеу мәселесі қойылуы да ақынның белгілі бір әрекетті дамытып бере біруін дәлелдейді. «Көңіл» сөзінің дерексіз екенін ескертсек те, оны жан иесіне айналдырып, көз соңынан жүргізбеуді айту да шарттылық пен жандандыру арқылы жүзеге асады. Себебі көз де, көңіл де бір адамға тән болғандықтан, сөзбе-сөз түсіндіріп, алдымен көз, соңынан көңіл жүреді дей алмаймыз ғой. Мұның бәрі екі ақынның да әр сөзге, сөз тіркесіне ерекше мән бергенін, шағын детальға шалқар шындық сыйғызу шеберлігін дәлелдесе керек.»

Зерттеу аталмыш монографиядағы 331–332 беттерде «темір» сөзінен М. Дулатов, М. Жұмабаев, Сегіз Сері, Н. Наушабаев, С. Торайғыров, Үмбетей ақын, А. Байтұрсынов, І. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ж. Жабаев, С. Сейфуллин жырларында қандай мағына, қандай өрнекте қолданырын соншалық жіті, құтқармас көз, шын шеберлікпен зерттейді. Әр ақында темір сөзінің қандай, шырай, сәуле алатынына жете үніледі. Ғалым еңбегі қазақ сөзінің шын жоқшысы, іздеушісі, екенін сендіре тандай қақтырады. Әлем әдебиеттануындағы Дж. Фрезер секілді ерен еңбектің ерекше үлгісі – Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп зерттеулері біздің бағасыз байлығымыз.

Қазіргі, кейінгі, тәуелсіздік кезеңі лирикасын талдауда біз Қ. Мәшһүр-Жүсіп талдауларын негізге аламыз [3, 100-104].

Қуандық Пазылұлы қазақ лирикасындағы стиль мен бейнелілікті талдау кезінде әдебиеттің өнер екендігін, әдебиеттің белгілі бір заңдылықтарға бағынатын өз теориясы бар ғылыми жүйе екендігін де нақты анықтап көрсетеді.

Ғалымның қазақ лирикасына қатысты зерттеулерін келесі топтарға жіктеуге болады.

1 Қазақ лирикасының тектік белгілерін анықтау: лирикалық кейіпкер сипаттары және ақындық (өмірбаяндық, мінез, шыққан тегі, қоғамдық, саяси ұстанымдары т.б.) ерекшеліктер.

2 Қазақ лирикасындағы әр кезең белгілерін көрсету.

3 Қоғамдық өзгерістер және лирикалық кейіпкер бейнесі.

4 Ақын лабораториясындағы бейнелілік пен стиль.

5 Лирикадағы дәстүр жалғастығы және ой сабақтастығы.

6 Қазақ лирикасындағы тақырып пен идеяның берілуі және оның қоғаммен қатынастары.

Ғалымның қазақ әдебиетіндегі лирикаға арналған зерттеулерінің әр тобынан терең талдаулар мен маңызды ойларды табарымыз анық. Бұл зерттеулер бізге қазіргі әдебиеттанудың теориясын жасауға ғана емес, оны оқыту, талдау арқылы тарату, насихаттау сияқты – бүгінгі қоғам үшін өзекті тұсқа қажет екені белгілі.

Қ. Мәшһүр-Жүсіп зерттеулерінде қазақ лирикасындағы кейіпкер бейнесі, бейнелілік пен стиль – жалпы әдебиеттің көркемдік тәсілі ретінде тұтас панорама болып зерттелуімен өзгеше. Ғалым еңбектері қазақ әдебиетіндегі әр ақынның халықтық үнін танып, ұлттық өрнегімен аша алуымен мәнді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дмитриев И. С. «Союз ума и фурий»: ученые в эпоху французской революции // В журнале: Новое литературное обозрение № 73 (3), 2005. С. 447

2 Лосев А.Ф. Философия имени М. Мәскеу университеті баспасы. 1990. С. 215.

3 Мәшһүр-Жүсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Монография. Павлодар университеті 1999. – 382 б.

4 Елікпаев С. Т., Қапасова Б. Қ. Қазақ әдебиеті. Қосымша оқу құралы. – Арман-ПВ, 2016. – 120 б.

ТАРИХИ ПОЭТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ КАТЕГОРИЯЛАРЫ (ОРЫС ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ НЕГІЗİNДЕ)

ЕРЛАНОВА А. Е.

докторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
САТТАРОВА А. Т.

ф.ғ.к., профессор, Академик М. М. Адышев атындағы
Ош технологиялық университеті, Қырғыз Республикасы

Поэтиканың әртүрлі тарихи тұжырымдамалары белгілі. Ең көп тарағандары нормативтік поэтика болды. Олар барлық уақытта көптеген халықтар арасында кеңінен ұсынылған. Нормативтік поэтиктер мәтінде сирек кездесетін – көбінесе олар жарияланбаған ережелер жиынтығы түрінде болады, содан кейін автор жазды, ал сыншы жазуды бағалады. Олардың негізі – тарихи догматизм, өнер үлгілері бар деген сенім. Ең танымал нормативтік поэтиктер – Горацийдің «Писондарға» Жолдауы, Буалоның «поэтикалық өнері», бірақ ережелер фольклор поэтикасы, ежелгі және ортағасырлық әдебиеттердің поэтикасы, классицизм мен социалистік реализм поэтикасы болды. Аристотель поэтиканың басқа тұжырымдамасын жасады. Бұл ерекше болды, өйткені ол ғылыми түрде дәлелдеді. Басқалардан айырмашылығы, Аристотель ереже бермеді, бірақ поэзияны түсінуге және талдауға үйретті. Бұл оның философияны ғылым ретінде түсінуіне сәйкес келді.

Екі мың жылға жуық уақыт ішінде оның философиялық поэтикасы жалғыз ғылыми тұжырымдама болып қала берді. Алдымен араб аудармасының, содан кейін Аристотельдің грек поэтикасының түпнұсқасының ашылуы филологтарға белгілі бір «қасиетті» мәтін берді, оның айналасында поэтиканы ғылыми зерттеу дәстүрін қайта бастаған кең комментаторлық әдебиет пайда болды. Сонымен қатар, Аристотельдің поэтикасы тезаурус пен дәстүрлі әдебиеттанудың бірқатар мәселелерін алдын-ала анықтады: мимесис, миф, катарсис, поэтикалық тіл мәселесі, әдеби шығарманы талдау және т.б. Ол сонымен қатар поэтика тұжырымдамасын (поэзия туралы ілім, поэзия туралы ғылым, поэтикалық өнер туралы ғылым) анықтады. Дәл осы мағынада поэтика ұзақ уақыт бойы жалғыз әдеби-теориялық пән болды, содан кейін әдебиет теориясының негізгі, маңызды бөлімі болып қала берді. Шамалы дұрыс және сәтсіз тұжырымдамалардың ішінде бұл поэтиканың ең жақсы анықтамасы болды [1].

Қазіргі әдебиеттануда «поэтика» сөзі басқа мағынада қолданылады: мысалы, миф поэтикасы, фольклор поэтикасы, ежелгі әдебиет поэтикасы, ежелгі орыс әдебиетінің поэтикасы, романтизм, реализм, символизм поэтикасы, Пушкин, Гоголь, Достоевский, Чехов поэтикасы, роман, повесть, сонет поэтикасы және т.б., фантастикалық, қайғылы, күлкілі поэтика, сөз, жанр, сюжет, композиция поэтикасы, қыс, көктем, жаз поэтикасы және т.б. Егер бұл жағдайда поэтиканы өнердегі шындықты бейнелеу принциптері деп алсақ бұл жалпы сипаттамаға қарай ойысады, басқаша айтқанда: мифтегі, фольклордағы, әртүрлі тарихи дәуірлердегі әдебиеттердегі шындықты бейнелеу принциптері, нақты жазушылардың шығармаларында, әртүрлі жанрларда немесе фантастикалық, қайғылы, күлкілі әдебиетте қыстың бейнелеу принциптері және т.б.

Тарихи поэтика шын мәнісінде А. Н. Веселовский ашқан ғылыми ашылу болды. Бұл екі әдеби пәннің – әдебиет тарихы мен поэтиканың логикалық дамуы мен синтезінің нәтижесі болды. Рас, тарихи поэтикадан бұрын «тарихи эстетика» болған. 1863 жылғы Шетелдік іссапар туралы есепте А. Н. Веселовский әдебиет тарихын «тарихи эстетикаға» айналдыру идеясын білдірді: «осылайша, көркем шығармалар әдебиет тарихының бөлігі болып қала береді және ол эстетикалық тәртіпке, сөздің өсем шығармаларының тарихына, тарихи эстетикаға айналады» [2]. Шын мәнінде, бұл тарихи поэтиканың тұжырымдамасы. Онда болашақ ғылыми пәннің бастапқы постулаты да тұжырымдалды: «әдебиет тарихы әрқашан теориялық сипатта болады» [3]. Рас, бұл идеяға әлі де күмәнмен қарайды.

А. Н. Веселовский тарихи поэтика бойынша нақты зерттеу бағдарламасын ойластырды: «біздің зерттеуіміз поэтикалық тілдің, стильдің, әдеби сюжеттердің тарихына бөлініп, поэтикалық рулардың Тарихи реттілігі, оның заңдылығы мен тарихи-әлеуметтік дамумен байланысы туралы сұрақпен аяқталуы керек» [4]. Бұл бағдарламаны ғалым поэтикалық тілдің тарихы мен теориясы, роман, повесть, эпос, сюжеттер поэтикасы, поэзия ұрпағының дамуы туралы бірқатар еңбектерінде жүзеге асырды.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында пайда болған жаңа ғылыми бағыттың терминологиялық дизайны кезінде тарихи поэтиканы А. Н. Веселовский өзінің әдіснамасы («индуктивті әдіс»), поэтиканы зерттеу принциптері (ең алдымен тарихизм), орыс

әдебиеттануындағы тарихи поэтиканың тағдырын анықтайтын жаңа категориялар – сюжет пен жанр ретінде ұсынды.

Бізде филологиялық терминологияның тарихы жоқ. Тек осы жағдайда ғана қысқаша әдеби энциклопедия, әдеби энциклопедиялық сөздік, кеңес энциклопедиясы сияқты беделді болып көрінетін басылымдардағы айқын этимологиялық және лексикографиялық қателіктерді түсіндіруге болады.

Г. Н. Поспелов сюжетті «тақырып» ретінде анықтайды, бірақ француз тілінде бұл сөздің бейнелі мағыналарының бірі – *sujet* тікелей емес, бейнелі мағынада: эссе немесе әңгіме тақырыбы болуы мүмкін. Бұл жерде *Sujet* антонимі *objet* (объект) болғандықтан ғана алынып тұрған жоқ. *Sujet* – әйгілі латынның *subjectum* (тақырып) сөзінің французша жариялануы. Осыдан ақ бәрі түсінікті. XIX ғасырда орыс тіліне енген «сюжет» сөзі француз тілінің негізгі мағыналарын сақтап қалды (тақырып, мотив, себеп, дәлел; шығарма, шығарма, әңгіме тақырыбы), бірақ бұрын алынған «тақырып» сөзінің арқасында философиялық немесе грамматикалық категорияға айналған жоқ.

Алынған сөз француз тілінің негізгі мағыналарын орыс тілінде сақтап қана қоймай, А. Н. Веселовскийдің арқасында поэтика категориясы деген жаңа мәртебеге ие болды.

«Фабула» терминінің шығу тегін Г. Н. Поспелов латын етістігі *фабулариден* (айту, сөйлесу, сөйлесу) шыққан деп қарайды. Десек те латын тілінде *фабула* зат есімінің көптеген басқа мағыналары бар: бұл қауесет, түсіндірме, есту, өсек, әңгіме, әңгіме, аңыз; бұл әр түрлі эпикалық және драмалық жанрлар – әңгіме, ертегі, ертегі, пьеса. Латын-орыс сөздігі оларға тағы бір мағына береді: «фабула, сюжет» осылайша мәселенің жай-күйі мен оның шатасу дәрежесін көрсетеді. Бұл ішінара латын тілінің ғылыми тұрғыдан дамуының нәтижесінде Орта ғасырларда бұл сөздің филологиялық терминнің мағынасын алғанын көрсетеді. Біз бұл сөздің этимологиясына емес, Аристотель поэтикасының латын аудармасына қарыздармыз, онда грек сөзі *mythos* латын баламасы *fabula* тандалды. Аристотель бұл әрекеті (мифті қасиетті жанрдан поэтика санатына айналдырған, ол әлі де қызығушылық тудыратын полемикалық қарсылықтарды тудырады) латын аудармасында қайталанды: мифтің барлық аристотельдік анықтамалары (іс-әрекетке еліктеу, оқиғалардың үйлесуі, олардың реттілігі) *фабулаға* өтті, ал *фабула* содан бері «жалпы әдеби терминге» айналды [3]. Бұл жаңа заманның көптеген әдеби-теориялық мәтіндерінде әртүрлі тілдерде, соның ішінде

орыс тілінде атап өтілген «фабула» категориясының шығу тегі мен дәстүрлі мағынасы және дәл осы мағынада термин орыс филологиялық дәстүрінде игерілді.

Веселовский ұсынған сюжет теориясында фабула маңызды рөл атқармайды. Бұл терминді қолдану жағдайлары оқшауланған, терминнің мағынасы ескерілмейді. Орыс тілінде ғана емес, сонымен қатар әлемдік филологияда да сюжеттік теорияның өзі және оның анықтамасы сюжетті фабулаға қарсы алып қолдануда емес, оның мотивке қатынасы арқылы анықталады.

«Сюжет пен фабуланы «кері» қайта атау дәстүрі А. Н. Веселовскийден шыққан және ол сюжетті іс-әрекеттің дамуына әкелген» [5] деген тұжырымды Г. Н. Поспелов қолданған және оның қарсыластары да бұған сенді. Бірақ Веселовский сюжетті іс-әрекеттің дамуына еш жерде төмендетпеді, сонымен қатар сюжет пен мотивтің бейнелі табиғатының көрінуін қалады. Веселовскийдің мотиві – «қарапайым ақылдың немесе күнделікті бақылаудың әртүрлі қажеттіліктеріне бейнелі түрде жауап беретін қарапайым баяндау бірлігі». Сюжет – «мотивтер кешені», сюжеттер – «бұл күрделі схемалар, олардың бейнелерінде адам өмірінің белгілі әрекеттері күнделікті шындықтың ауыспалы формаларында жинақталған. Оң немесе теріс іс-әрекетті бағалау жалпылауға байланысты». Өз кезегінде, бұл «мотивтер кешені» мен «күрделі схемалар» Веселовскийде тақырыптық жалпылауға және нақты сюжеттерді талдауға ұшырайды. Жалпы, Веселовскийдің сюжеті-бұл іс-әрекет емес, баяндау категориясы.

Г. Н. Поспеловтың формалистерді (ең алдымен В. Б. Шкловский мен Б. В. Томашевский) олардың фабула пен сюжет терминдерін қолдануы «сөздердің бастапқы мағынасын бұзады» деп айыптауы оның тағы бір қателігі еді. 17. Шын мәнінде, керісінше: фабуланы оқиғалардың тәртібіне және сюжетке олардың шығармадағы тұсаукесеріне жатқыза отырып, формалистер тек орыс әдебиеттануындағы осы категориялардың дәстүрлі мағынасын ашты, Ф. М. Достоевский, А. Н. Островский, А. П. Чехов бұрын түсінген сюжет пен сюжеттің қарсылығын заңдастырды.

Кірме сөздердің көбі өз мағынасын жиі өзгертеді. Веселовскийде жанр сөзі қазіргі заманғы терминологиялық мағынада қолданылады, ол француз сөзінің генге мағыналарының көптігін сақтайды және XIX ғасырдағы орыс тіліндегі «тұқым» сөзімен синоним болып келеді. Тілдік нормаларға толық сәйкес Веселовский жанрлар (немесе кландар) мен эпостарды, лириканы, драманы

және әдеби шығармалардың түрлерін атады: өлеңдер, романдар, повестер, әңгімелер, ертегілер, элегиялар, сатиралар, одалар, комедиялар, трагедиялар, драмалар және т.б. «Тек» және «жанр» категорияларының мағыналарын ажырату жиырмасыншы жылдары пайда болды және бұл түсінікті, терминологиялық синонимия қажет емес. Әдебиеттанушылардың көпшілігі текті эпос, лирика, драма және жанрларға әдеби шығармалардың түрлерін жатқыза бастады. Жиырмасыншы жылдары бұл мағынада жанр ақынның негізгі категориясы ретінде танылды. Дәл сол кезде: «поэтика жанрдан шығуы керек. Өйткені, жанр – бұл бүкіл жұмыстың, тұтас мәлімдеменің типтік формасы. Шындығында, жұмыс тек белгілі бір жанр түрінде болады».

«Сюжет» және «жанр» категориялары тарихи поэтика бойынша зерттеулердің дамуын алдын-ала анықтады.

Тарихи поэтиканың қайта өрлеуі 60-шы жылдарға тұспа тұс келді. Бұл уақытта М. М. Бахтиннің Рабел және Достоевский туралы кітаптары қайта басылып шықты [5], Д. С. Лихачевтің ежелгі орыс әдебиетінің поэтикасы туралы монографиясы жарық көрді [5], ол өз кезегінде филологиялық зерттеулердің жанрын анықтап, бірқатар еліктеулерді тудырды. Дәл осы уақытта тарихи поэтика ғылыми бағыт ретінде қалыптаса бастады: мифтің поэтикасы, фольклордың поэтикасы, әртүрлі ұлттық әдебиеттердің поэтикасы және олардың дамуының кейбір кезеңдері, әдеби бағыттардың поэтикасы (ең алдымен романтизм мен реализмнің поэтикасы), жазушылардың поэтикасы (Пушкин, Гоголь, Достоевский, Чехов және т.б.), роман поэтикасы және басқа жанрлар туралы зерттеулер пайда болды. Бұл Е. М. Мелитинский, С. С. Аверинцев, Ю. В. Манн, С. Г. Бочаров, Г. М. Фридендер, А. П. Чудаков және т. б. мақалалар мен монографиялар жинағының атаулары. Тарихи поэтика аспектісінде В. В. Иванов пен В. Н. Топоровтың еңбектеріндегі құрылымдық және семиотикалық зерттеулердің көптеген мәселелері қарастырылады. «Тарихи поэтика: зерттеу нәтижелері мен болашағы» ұжымдық еңбегі және А. В. Михайловтың монографиясы тарихи поэтиканы әлемдік әдебиеттану контексіне айналдырды [4].

Веселовскийден кейінгі тарихи поэтика өзінің алғашқы тезаурусын едәуір кеңейтті. Ол Аристотель поэтикасының категорияларын (миф, мимесис, катарсис) және поэтикалық тілдің дәстүрлі категорияларын (ең алдымен символ мен метафора) игерді. Басқа категориялардың Тарихи поэтикасына кіріспе айқын

авторлық бастамамен туындады: полифониялық роман, мениппей, идея, диалог, гротеск, күлкі мәдениеті, карнавализация, хронотоп (М. М. Бахтин), кейіпкер түрі (В. Я. Пропп), жанр жүйесі, әдеби этикет, көркем әлем (Д. С. Лихачев), фантастикалық (Ю. В. Манн), пәндік әлем (А. П. Чудаков), фантастикалық әлем (Е. М. Неелов).

Негізінде кез-келген дәстүрлі, жаңа, ғылыми және көркемдік категориялар Тарихи поэтиканың категориялары бола алады. Сайып келгенде, бұл категориялар туралы емес, талдау негізінде – тарихизм (поэтикалық құбылыстарды тарихи түсіндіру).

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Виноградов В. В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. Москва, 1963. стр. 184
- 2 Веселовский А. Н. Историческая поэтика. Москва: Высшая школа, 1989, стр.404
- 3 Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики. Москва, 1975.
- 4 Виноградов В. Поэтика русской литературы. Москва: Наука, 1976. – стр.511
- 5 Проблемы исторической поэтики. Научный журнал. Петрозаводск, 1992.

ВЕСЕЛОВСКИЙ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ПОЭТИКА ҰҒЫМЫ

ЕРЛАНОВА А. Е.

докторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Веселовскийдің ғылыми көзқарастары жаратылыстанудың бөлінбейтін тұсында, даңқты Г. Т. Бокль мен И. Тэннің, Д. Миллдің логика танымалдығы және Г. Спенсердің «Позитивті білім энциклопедиясы» кезінде қалыптасты. Веселовскийге осы күшті қозғалыстың әсер еткені түсінікті. Қиын және күрделі әдістерді іздестіру жолында «Әдебиет тарихы ғылым бола ала ма? Ғылым тарихы бар ма» деген сұрақтарға жауап іздеген Веселовскийдің зерттеу өрісінен табиғи, ғылыми білімнің идеалы қалыс қалуы мүмкін емес [1]. Біз айтып отырған салыстырмалы әдіс Ресейде бұрын болған, бірақ оны мұғалімі Ф. И. Буслаев Веселовский сияқты қолданбаған. «Әдебиет тарихының ғылым ретіндегі әдістері мен міндеттері туралы» дәрісінде Веселовский әдеби фактілерді, олардың себептік өзара байланысын индуктивті зерттеудің толық

жүйесін берді. Әдебиет тарихында салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану кездейсоқ болған жоқ: «индуктивті әдіс ретінде бұл әдіс алыпсатарлық құрылымдардың озбырлығын мүлдем жоққа шығарады, тарихи әдіс ретінде ол ұзақ ғасырлық даму кезеңінде қайталанатын нәрсені салыстырмалы түрде, жалпылаудың параллель шеңберлерінде қайталай отырып, сенімді түрде бөлуге мүмкіндік береді. Ол жеке әдебиетті бақылаудың біржақтылығына қарсы ескертеді. Мұның бәрі оның көмегімен алынған тұжырымдардың объективтілігінің жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді». Әдіс таңдау мәселесі Веселовский үшін «таңдау және синтез мәселесі» іспеттес болды. «Веселовский негізін салған ғылыми теорияның ғимараты, негізінен, синтетикалық сипатта болды. Ол мифолог та, бенфеист те, мәдени-тарихи мектептің жақтаушысы да, тарихи мектептің жақтаушысы да болған жоқ. Сонымен бірге біз оның жазбаларында екеуінің де, үшінші мен төртінші элементтерін табамыз. Сол кездегі әртүрлі ғылыми тұжырымдамалар Веселовскийдің идеяларын байыта түсті, бірақ олардың ерекшеліктерін анықтамады».

Зерттеудің салыстырмалы әдісі Веселовскийді тарихи поэтиканы құру идеясына жетеледі, оның негізгі міндеті поэтикалық сананың эволюциясын және оның жеке формаларының дамуын қарастыру болды. Бұл міндет жеке шығармашылық процесінде «дәстүрдің» рөлі мен шекараларын анықтауды табиғи түрде қарастырды. Осылайша, тарихи поэтика поэзияны генетикалық тұрғыдан «белгілі шығармашылық формаларымен анықталған психикалық акт ретінде, тарих бойында дәйекті түрде жинақталып, бөлініп, поэзия тірі процесс ретінде сұраныс пен ұсыныстың, жеке шығармашылық пен көпшіліктің қабылдауының тұрақты өзгеруінде және осы өзгерісте өзінің заңдылығын дамытады» [2], – деп түсіндіру керек болды.

Тарихи поэтиканы құрудан бұрын Веселовскийдің дәріс курстары өтті, оның негізгі ғылыми мақсаты алыпсатарлық құрылымдарды жойып, поэзияның мәнін анықтауға мүмкіндік беретін әдебиет тарихын зерттеу әдістемесін жасау үшін де, индуктивті поэтика үшін де кең материал жинау қажеттілігі болды.

Веселовскийдің дәріс курсының кіріспе бөлігінің маңызы өте зор, өйткені ол үш негізгі мәселені қойып, ішінара шешеді: поэзияның генетикалық анықтамасын береді; оның дамуының негізгі заңдылықтарын анықтайды және өнердегі жеке бастаманың әлеуметтік-тарихи жағдайын көрсетеді.

Веселовский Аристотельден бері белгілі және В. Шерер, Даллас, А. Шлегель және басқа ғалымдар мұра еткен поэзияның мақсатын шабыттанды, көңіл көтеру ретінде қабылдамады. Бірақ олар ұсынған анықтамалар Веселовскийге қиял туралы тағы бір кең сұрақ қойып, оны поэзияны оның процесі тұрғысынан анықтауға тырысу идеясына итермеледі: «егер поэзияны оның мазмұны (сұлулығы) мен мақсаты (ләззаты) жағынан анықтау бізді тұжырымдаманы оқшаулауға әкелмесе, мүмкін, біз оған жақындап поэтикалық шығармашылық процестерін талдаймыз; осыған байланысты нәтижелер, қиял мен поэзия екі жақты жарықтандырылады» - деп жазды Веселовский [2].

Неміс романтикалық философы К.-В.-Ф. Золгер; содан кейін Э.Бэкон қиялды поэзияның ерекшелігі ретінде анықтады; В. Шерер оны жадымен анықтады. Мифтік ойлаудан поэтикалық бейнені түсіндіруге тырысқан В. Вундт мифологиялық қиялда ерекшелікті, қиялдан мүлдем өзгеше нәрсені көрмеді. Г. Коген, И. Тэн, Г. Штейнталь да мифологиялық қиял, поэтикалық фантастика туралы сұрақтарды қарастырды. Веселовский өзінің пайымдауында, бір жағынан, Штейнтальдың объективті және субъективті көркем әдебиет туралы іліміне сүйенді, екінші жағынан, оның бірқатар негізгі ережелерін түзетіп, өз зерттеуін әрі қарай жалғастырды. Миф, Штайнталь бойынша, фантастика емес, бұл белгілі бір психикалық актінің нәтижесі, «сыртқы және бейнелі мағынада ішкі әлемнің құбылыстарын субъективті қабылдаудың «ерекше формасы болып табылады» [2]. Штейнталь ұсынған келесі жол ақын мифті қайта құрудан тұрды. Веселовский сондай-ақ, қарабайыр поэзияның жеке поэзиямен генетикалық байланысын қарастырады, бірақ ол мифтің күшті өзгеруін поэзиядағы жеңіске жеткен жеке бастаманың жалғыз нәтижесі деп мойындаудан бас тартады. Ол тарихи прогресті «қоғамдық формалардың, сондай-ақ сана формаларының дәйекті ыдырауында» көрді [2]. Жалпы тарихи перспектива тақырыбына осындай жолмен көркем әдебиет мәселесі де қосылады» [2].

Штайнталь мифтің поэзиясы мен жеке, авторлық поэзия бірдей заңдармен байланысты деп мәлімдеді. Егер көркем әдебиет ұжымның әр мүшесінің санасында бірдей дәрежеде болса, объективті болады. Ақын әлі де жалпы массадан ерекшеленбейді, сондықтан оның «жеке ойы» «осы объективтіліктің формаларына құйылуы керек» [2], яғни субъективті және объективті фантастика бір-бірін өзара толықтыра алады. Веселовский бұл мәселеде тікелей қарама-қарсы позицияда тұр. Жеке поэзияның даму

кезенінде ол көркем әдебиетті жеке шығармашылық фактісі ретінде қарастырмайды. Осылайша ол «жеке фантастика гипотезасын» жоққа шығарады. Веселовский былай дейді: «жеке фантастика қазіргі ортада объективті өмір сүру жағдайында жалғыз өмір сүре алады, онда ол өз кезегінде алыс мифтік ежелгі дәуірден бастау алатын тарих, формулалар, идеялардың өсиеттеріне байланысты» [2]. Сонымен, поэтикалық көркем әдебиет мәселесінің қасында поэтикалық формулалар-схемалар туралы сұрақ туындайды. Веселовскийдің айтуы бойынша, поэтикалық формулалар дегеніміз өзінің жанасуымен бізде белгілі бір бейнелер қатарын оятатын жүйке түйіндері, біреуінде көп, екіншісінде аз болуы мүмкін; біздің дамуымыз, тәжірибеміз және ассоциация бейнесінен туындаған көбейту және біріктіру қабілетіміздің көлемінде» [2].

«Сюжеттер поэтикасында» (1897–1906) Веселовский көркем әдебиеттің формулаларын әлдеқайда күрделі сюжеттік формулалар деңгейінде қарастырады. Веселовский поэзияның формулалық сипатын қатты асырып жіберді деген ортақ пікір бар. Алайда, ең бастысы бұл көзқарас айтарлықтай дәлелдермен расталған жоқ.

Веселовский қиялға нақты бір өзіндік анықтамасын бермеді, бірақ ол «тәжірибе қауымдастығын жаңғыртатын» көрсетті. Веселовскийдің поэзиясы саласында «образдармен бейнелер қауымдастығы, олардың тартылу себептері және оның заңдылығы» қызықтырды [2]. Бұл қарапайым дыбыстық және түсті ассоциациялар ма, әлде әлдеқайда күрделі ме – бұл маңызды емес, өйткені барлық жағдайларда «бастапқы нүкте екі суреттің бірлестігі болып көрінеді, бірақ олардың әрқайсысы басқаларды бір-бірімен байланыстырады; екі параллель фактілер алынады, олар өз кезегінде жаңа бірлестіктерге негіз береді <...>. Бұл күрделі ұғымдарды зерттеуге деген қызығушылық жақындастырудың дайын, қарапайым материалдарын әзірлеудегі жеке сәтті бақылау болып табылады, өйткені суретші өзінің әсерін ғана емес, сонымен бірге дайын бірлестіктерді де байланыстырады. Бұл кезде қиял бостандығы оның тарихымен шектеледі, біз оны поэтикалық дәстүр деп атаймыз...>. Мұнда талдау үшін көптеген мәліметтер ұсынылған; біз оны қаншалықты терең тауыссақ, қиял деп аталатын процестің табиғи шекаралары да айқын болады» [2].

Веселовскийдің түсінігіндегі «Поэтика» – бұл қоғамдық сана құбылыстары ретінде әдеби құбылыстардың заңдылықтары туралы ғылым. Қоғамдық сана тарихи және өзгермелі. Поэтика – бұл әрі теория әрі әдебиеттің нақты тарихы. Поэтика мәселелеріндегі

генезистен бас тарту құбылыстарды тарихи талдаудан бас тарту болды және болады.

Сонымен, А. Н. Веселовский «Тарихи» ұғымын енгізу арқылы поэтиканың мағынасын өзгертті, ол әдебиет теориясының терминіне айналды, дүниежүзілік әдебиет тарихының қалыптасуындағы негізгі факторлардың бірі болды. Алайда, «тарихи ұстанымдардың» принциптері жалпы теориялық принциптерге айналмады, өйткені олар әдебиеттің ауызша өнер ретіндегі ерекшеліктерін жеткілікті дәрежеде түсіндірмеді. Дәл осы сұрақтар А.А. Потебняның теориялық және әдеби ізденістері мен құрылыстарының негізі болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Еремина В. И. Содержание понятия «поэтика» в историческом развитии – С. 326 – (Русский фольклор. Т. XXXVII: Фольклоризм в литературе и культуре: Границы понятия и сущность явления (Сборник статей и материалов памяти А. А. Горелова))

2. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. Москва, Высшая школа, 1989. – стр.404

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ БАЙРОН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

ЖҰМАБЕКОВА Ш. Б.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ТҰРЫШЕВ А. Қ.
ф.ғ.д., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Екі ақынның шығармашылығын ұйытқан көркемдік-эстетикалық негіз – әдебиеттегі қос ақынның тілдегі бейнелеу құралдары сабақтастығы болып табылады. Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығының ағылшын әдебиетінің өкілі Байрон шығармашылығымен үндесіп жатуы тың пікір түюге негіз қалайды. Сондықтан да Мәшһүр – Жүсіптің шығармашылық, көркемдік әлемінің Байрон туындыларымен тамырластығы, олардың арасындағы үйлесім мен ерекшеліктерін анықтау – арнайы зерттеудің негізгі арқауы болып отыр.

Осы орайда, Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон туындыларын зерттегенде, екі ақынның тақырып орайластығы, идея айтудағы

жақындықпен қатар тілдің бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сабақтастықты көреміз.

Байронның да, Мәшһүр-Жүсіптің де өз кезіндегі зиянды әдеттерді түйрей сынағаны белгілі. Осы орайда, ең алдымен, екі суреткердің де сол тұстағы елді сорлатқан әлеуметтік теңсіздік, атап айтқанда, қулық-сұмдықтың көбеюі, сөз қадірінің кеткендігі, елді неше түрлі алаяқ-пысықтардың билеуін т.б. шенеуін алайық. Мысалы, Мәшһүр-Жүсіп өз шығармаларында халықтың игі жақсыларын арыстанға, қу-пысықтарды түлкіге, чиновниктерді «қасқырға» теңеп, сарбаз ерлердің тәуелді болып қалғанын көрсетеді:

Ақыртып арыстандай шерді жығып,
Үстінен ойнақтап жүр түлкі шығып,
Қабанға, қасқыр менен қалып торғай,
Жатақта арыстандар қалды бұғып [1; 152 б.].

Байрон да ағылшынның билеуші, озбыр қауымына қарсы ереуілді үн қосып, оларды мысқылдап сынайды. Ақын халықтың игі жақсыларын бүркітке, залымдарды тісі ақсқан жолбарысқа, кедейлерді жейтін тамағы жоқ итке, қу-пысықтарды түлкіге теңейді:

The rascals, perhaps, may betake them to robbing,
The dogs to be sure have got nothing to eat –
So if we can hang them for breaking,
'I will save all the Government's money and meat:
Men are more easily made than machinery –
Stockings fetch better prices than machinery –
Gibbets on Sherwood will heighten the scenery,
Showing how Commerce how Liberty thieves! [2; 235 б.]

(бүркітті – the eagle, жолбарысты – the tiger, итті – the dog, түлкі – the fox деп беруінде) – деген қорытындысынан әлеуметтік теңсіздікке деген наразылығын көреміз.

Келтірілген мысалдардан байқалатындай екі ақын шығармаларына сатиралық сарын, өткір сарказм тән. Мәселен, екі өленде де мысқылдап отырған құбылыстардың ішкі мәніне тереңдей үңіледі және сол кеселдің төркінін дөп басып, дәл табады.

Қос ақын шығармашылығын түйіндей келе, бейнелеу құралдарын пайдаланудағы өзектестігі аңғарамыз. Мәселен, қазақ халқында игі жақсыларын, батырларды «арыстан» яғни аңына баласа, ал ағылшындар бүркітке (the eagle) теңейді екен.

Арыстанның айбаттылық қасиетіне қарап «арыстандай айбатты» деген метафоралық тіркес қалыптасса, ал ағылшындар

«to be sharp – sighted as the eagle» (бүркіт сияқты қырағы) бүркіттің қырағылық қасиетін ескере отырып, осы тіркесті қалыптастырған. Екі ақынның қолданып отырған ауыстырулары өздері жырға қосып отырған бейнені, өмір құбылыстарын көркем әрі оймен бере білу жағымен ерекшеленеді. Мұның өзі үлкен шеберлікке байланысты екендігі даусыз.

Адамдық нұрлы ақылмен тамырлас. Ақыл – баға жетпес казына, өте қымбат қасиет.

Ақыл жөнінде Әл-Фарабидің «Социально-эстетические трактаты» деген еңбегінде: «Адамды адам қылғаны ес-ақылы», – деп тұжырымдаған екен [3]. Бұны Абай да қостаған. Ол 38 сөзінде: «Жанды хайуандардан ақылды адамды жаратыпты» деп жазады. Яғни, адамның барлық өзге жанды мақұлықтардан ең үлкен ерекшелігі – ақылы деп біледі [4; 51].

Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон арасындағы үндестік, бейнелеу құралдары сабақтастығы осы жайында болмақ. Яғни екі ақынның дерексіз ұғымды заттандырудың сөз мағынасын кеңейтуде, образ әсерлілігін арттыруда үлкен рөл атқаратынын байқаймыз.

Мәселен, Мәшһүр-Жүсіпте:

Ақыл – шам, керек оған май мен білте,
Сасарсың кеш боп қалса, ескер ерте.
Түн болмай күн барында жабдық ойлап,
Қолына түсіре бер бірте бірте [1; 185 б.], – деп береді.

Байронда:

Ақыл- сәуле, жер бетіне өмір беріп,
Тіршілікке өшпейтін өмір беріп,
Көркіне көріністің құнықтырған [5; 93 б.]
The mind can make
Substance and people planets of its own.
With beings brighter than have been and give
A breath to forms, which can outlive all fresh [2; 211 б.]

Мәшһүр-Жүсіпте дерексіз ұғым «ақылдың» заттануы «шам» сөзімен алынып, салыстыру, балау жүзеге асқан.

Ал, оған «май мен білте керек», «сасарсың кеш боп қалса, ескер ерте» деген жолдары дерексіз ұғым ақылдың белгілі бір мөлшерге ие болуын айғақтайды.

Байронда дерексіз ұғым ақылдың жан иесіне айналғанын байқаймыз.

Яғни, дерексіз ақылдың сәулеге балануы арқылы оның жер бетіне өмір беруі, жарық шашуы бейнелі, әрі әсерлі алынған. Ақын ақылды «сәулеге» балайды.

Екі ақында да «ақыл» сөзі жарық беруші ретінде алынған, яғни Мәшһүр-Жүсіпте «шам», ал Байронда «сәуле» теңеулері арқылы суреттеледі. Қорыта айтсақ, күн, сәуле-жарық, нұр, қай заманда да адамның бақыты, ырысы бейнесінде суреттелген. Ақылды «сәуле», «шам» деп алуда екі ақын да ағартушылық идеясын көреміз. Олар білім алу биік мұраттарға бастайды деген ойды өз өлеңдерінде әсерлі суреттеген.

Ел тағдыры туралы толғаныстар қос ақынның туындыларының қайсысынан да айқын аңғарылып отырады. Мәселен, Мәшһүр-Жүсіптің «Фибратнамасында» ақындық, азаматтық міндеті туралы ойын ұсынып, арманын ашық айта алмай, дағдарысқа ұшырап жүргенін ескерте келіп, ойын мысалдап жеткізген Мәшһүр-Жүсіп бұлбұлды қаршығаға кездестіреді. Ол қаршығаға: «Сенің тұрағың «бектердің оң қолында», патшалармен ойнасың, беделің артық, мен қызыл гүл іздеп зарлаймын, оның ашылғанын не күндіз, не түнде көре алмай, «хасіретім көп» дейді.

Бұлбұлға жауап берген қаршыға:

Аузыңды ақылың болса, жабар едің,
Үндемей сабыр қылып бағар едің.
Тілі жоқ сықылды мылқау болсаң,
Бір күнде мың мұратты табар едің [6; 38 б.], – деп өз ісін мақтан тұтады, бұлбұлдың қылығын келемек қылады.

Бұл сөздерге бұлбұл қатты қынжылады, атакқұмар қаршығаны аяусыз кінәлайды. Бұлбұлды жақтаған ақын ойын:

Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол,

Табылар іздегенге бір қызыл гүл [6; 39 б.], – деп түйеді. Яғни халық үшін еңбек еткен, алға ұмтылған адам мұратқа жетеді дегенді меңзейді.

Осы шығармада «бұлбұл», «қызыл гүл» символдарын кездестіреміз. Шығыста бұлбұл мен гүл бақыттылықтың белгісі екені белгілі.

Сонымен қатар Байронның «Гяур» туындысын алатын болсақ, мұнда да ақынның «қызыл гүл» мен «бұлбұл» сөздерін қолдана отырып суреттегенін байқаймыз:

Қызыл гүл де жайнайды,
Келеді бұлбұл гүлге ынтық
Тандайын безеп сайрайды,

Жүз рет дауысын құбылтып [5; 324 б.], – деген жолдары арқылы гүлдің өн мен бақ ішінде қар мен дауыл, қысты білмей, бұлбұлдың жаңа үнін тыңдай жүріп, күнде қызыққа бататынын суреттей келе:

Ондай гүлге ғашық көп,
Үнгір бар онда, тыныш та,
Қаракшы бар қаңқұйлы;
Тек бақыт жайлар бұл елді,
Жауыздар бар жайлаған!...
Азапқа құмар адамдар,
Қызыл гүлді таптайды [5; 325 б.]

Ақын жауыздардың жасаған зорлық-зомбылығын айта отырып, бұрынғы күлкі жоқ екенін әсерлі суреттейді.

Немесе Мәшһүр-Жүсіптің «Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқаны» өлеңінде:

Құс біткен қонағына кетті қайтып,
Осындай қыс боларын біздерге айтып.
Таусылып қызыл гүлдер, қалды тікен,
Сайрайды гүлстансыз бұлбұл қайтып? [6, 159 б.].

Ақын қоғамда орын алған әділетсіздік, жақсылық пен жамандықты қадап айтқан туындыларынан шығыс поэзия дәстүрін шебер өрістеуін көреміз. Түйіндей келе, екі ақынның да шығыстағы бақыттылық символын ерекше шебер пайдаланғанын байқаймыз. Байронда «қызыл гүл» red flower, «бұлбұл» – the nightingale деп берілген.

Мәшһүр-Жүсіп пен Байронның туындыларындағы символдар халықтың бақытты, бақытсыз өмір сүруін суреттейді, тілдегі бейнелеуде үндестікті таныта тұрып, ақындардың ақындық ойдың қуатын, табиғаттан, өмірден эстетикалық қабылдауы арқылы байланыстырыла отырып жыр жолдарына түсірілгенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, екі ақын шығармаларында:

1 Әлеуметтік теңсіздікті, зорлық-зомбылықты суреттеудегі үндестікті;

2 «Ақыл» дерексіз ұғымын заттандырудың сөз мағынасын кеңейтудегі рөлі;

3 «Қызыл гүл», «бұлбұл» сөздерінің қолданылуындағы үндестікті байқаймыз.

Бұл зерттеу еңбегімізде Мәшһүр-Жүсіп Көпеев пен Джордж Гордон Байрон поэзия әлемінің тереңнен тамырласып жатқанын зерттей келе, екі ақынның шығармашылығын ұйытқан әдебиеттегі

ұлттық және жалпыадамзаттық идеялар тоғысына көз жеткіздік. Қос ақынның да ірі қаламгер, әрі қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен де сол кездегі қоғамдағы тағдыры, т.б. жөніндегі ой қорытулары еді.

Сонымен қатар екі ақында да өз кезеңдеріндегі өзекті мәселелерді көтеру, ел ішіндегі ұнамсыз қылықтарды сынап, би-болыстар мен патша-әкімдердің келенсіздіктерін әшкерлеп, озық ой-көзқарастарын байқатады.

Мәшһүр-Жүсіп те, Байрон да ағартушылық идеясын жақтаған. Олар білім алу биік мұраттарға бастайды деп түсінді.

Мәшһүр-Жүсіп пен Байрон сынды екі әдеби дәстүрлердің мектебінен шыққан авторлардың көркемдік әлеміндегі мұндай сәйкестіктер ұлттар, мәдениеттер арасындағы қатынастың бар екенін дәлелдейтін тағы бір айғақ болып табылады. Осы қатынастың дәлелі шығармаларындағы бейнелеу құралдарын пайдалану, идеяның тоғысуынан да байқалады.

Ой-тұжырым негіздеудегі бұл сабақтастық әрі идея төркіндестігі – бір ұлтқа ғана қатысты емес, халықаралық маңызы бар, жалпыадамзаттық мәңгілік сұрақтардың жауабын іздейтін сөз үлгілері мен мәні зор поэтикалық құрылымдағы ұйытқы мәтіндердің негізі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1 том. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 436 б.

2 Byron. Selections from Byron. – Moscow: Progress Publishers 1979. – 520 с.

3 Байрон. Таңдамалы шығармалар. 1 Том. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем баспасы, 1960. – 404 б.

4 Шаңғытбаев Қ. Рубаилар. – Алматы: Ғылым, 1981. – 232 б.

5 Byron7 Selections from Byron. – Moscow: Progress Publishers 1979. – 520 с.

6 Көпеев М.Ж. Таңдамалы. 1 Том. – Алматы: Ғылым, 1990.

АСҚАР АЛТАЙДЫҢ «ТУАЖАТ» РОМАНЫНДАҒЫ ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫ БАЙЛАНЫСТАР

ИСИНА Б. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қарағанды қ.

ҚУАТЖАН Ә.

оқушы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қарағанды қ.

Жазушының таным әлеміндегі кең ауқымдылық оқырманға да сын. Осы тұрғыда қазіргі таңда интертекстуалды байланыс қаламгерлер арасында кең ауқымды қолданысқа ие бола отырып, жеке тәсіл ретінде өзінің семантикалық ерекшелігіне, ақпараттық функциясына, эмоционалды-экспрессивтік тұрғыда ықпал етушілік функциясына орай оқырманнан да қандай болмасын белгілі білім аясын талап етеді. Сондықтан көркем мәтін тек автордың тілдік құзыреті, тілдік бейнелеу мүмкіндігі тұрғысынан ғана емес, оны оқырманның қабылдауымен бірлікте қарастыруды қажет етеді. Асқар Алтайдың шығармаларындағы интертекстуалды байланыс мәселесі әлі толық зерттеліп түсіндірілмеген тың дүние. Интертекстуалдылық әр шығармаға жаңа бір тың ой беретіндіктен, оны талдау жазушының таным әлемін терең пайымдауға апаратын бірден бір ұтымды жол және бұл қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік әлемнің ерекше бастау бұлақтарын танумен де астасып, өте өзекті болмақ. Осыған орай, жұмыста жазушы шығармаларында қолданыс тапқан интертекстуалдылық байланыстардың мәнін ашып, берілу жолдарын зерделеу арқылы оқырманның тілдік тұлға ретіндегі оны қабылдау позициясын айқындап, негізгі идеяны ашуда атқаратын қызметін, қаламгердің өзіндік стилін анықтау мақсат етілді. Осы тұрғыда интертекст ұғымы, оның шығу тарихы, зерттелу жайы зерделенді. Асқар Алтайдың шығармаларынан бұл интертекстуалдылықты айқын байқауға болады. Олар әр шығармаға жаңа бір ой бергендіктен, оны талдау өте маңызды болып табылады.

Зерттеу жұмысының нысанына жазушы Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы интертекстуалдылық байланыстардың жасалу жолдары, танымдық мәнін ашып, заман, дәуір шындығын сипаттаудағы орнын тану – зерттеудің нысанына жатады.

Қаламгердің көркем туындысын оқу барысында адамзат баласының мәдениет пен болмысты тануы әртекстілікке бай екенін түйсінеміз. Сонымен қатар этностық өзіндік ішкі таным-түсінік – көркемдік танымның да негізі екенін пайымдаймыз. Бұл жөнінде

«Әрине, ойдың ұзын-ырғасы дұрыс түсінілуге тиіс. Мәселе, өзгенің ғылыми ізденісін тәрк етіп, шынайы ғылыми ойдың адамзатқа сырт бергендік емес. Әсте, әңгіме таным-түсініктің объектіге аналог болуына қатысты. Бұл принцип, әсіресе, этнологияда шамшыл» [1, 8] деген Ақселеу Сейдімбектің тұжырымы көркем мәтіннің күрделі екенін және онда жазушы да этностық таным-түсінік тұрғысынан үн қатататынын және өзгеге түсінікті болу қағидатына сүйенетінін танытады. Осы тұрғыда мұның маңыздылығын «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, Өзге үшін айтады. Сондықтан ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек» [2, 349], – деген қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымын негіздеуші ғалым Ахмет Байтұрсынұлының пікіріне жүгінеміз.

Оқырман көркем мәтінді толықтай түсінуі үшін тілдік бірліктер құрылымын дұрыс пайымдай алуы керек. Ал ол тілдік бірліктің құрылымы этнос танымымен астасып жататын жайттар көп кездеседі. Осы тұрғыда көркем шығарманың оқырман танымы үшін ұсынылу ерекшеліктеріне қарай қызмет атқаратын тілдік бірлік ретінде түрлі интертекстуалды элементтерді атауға болады. Отандық филология ғылымдары саласында ең алғаш осы тақырыпқа қалам тербеген Х. М. Нұрмұқанов қаламгердің тұлғалық танымына сай қалам тербейтіні жайлы және бұл әдіс туралы мәтіндік талдауларында тоқтала кетеді. Одан кейін нақтырақ айтсақ, интертекстуалдылық ұғымын цитологиямен сабақтастықта қарастырған тілші А. С. Адилованың зерттеу еңбегінде «Интертекстуалдылық қазіргі заманғы көркем әдебиеттің ажырамас бір белгісі болып отырғандықтан, көркем мәтінді талдау барысында бұл құбылыс назардан тыс қала алмайды» [3, 349], – деп айырықша назар аудартады. Отандастарымыздың арасында алғаш осыған зерттеу жүргізген ғалым А. С. Адилова «Көркем мәтіндегі цитация құбылысы» атты зерттеу еңбегі арқылы отандық ғылымда мәтінаралық байланыстар теориясын тұңғыш негіздегенін атап өтуге болады. Жазушы Асқар Алтайдың шығармаларындағы интертекстуалдылық мәселесін зерттеуде интертекст – бұл бір мәтіннің екінші мәтінмен байланысы, мәтіннің диалогтік өзара әрекеті, бұл автордың мағынаны өзіндік таным әлеміндегі жаңа мағынасына айналдыруын қамтамасыз етеді.

Асқар Алтай «Туажат» романындағы интертекстуалдылық мәселесін талдамас бұрын жазушының ұстанған бағытына қысқаша тоқтала кетейік, өйткені автор позициясы «көркем әдебиеттің эстетикалық-коммуникативтік табиғатынан туындайтын автор

– мәтін – оқырман триадасын» [3, 95] зерделеуде маңызды болмақ. Жазушы - әдебиеттегі постмодернизм бағыты негізінде әдебиетке жаңа бір серпін әкеліп, оқырманды таңғалдыратын модерн туындылар ұсынып жүрген суреткер. Ендеше жазушы осы модерн шығармалар ұсынуда өзіндік әдіс-тәсілдің қандай қырларына жүгінуде? Келесіде осыны қарастырамыз. Асқар Алтай постмодернизм бағытын да ұстанады. Постмодернизм ұғымына түсінік бере кететін болсақ, (лат. Post. – кейін, фр. moderne – жаңа, қазіргі) тарихи, әлеуметтік, ұлттық мәнмәтінге байланысты жылжымалы әрі көп мәнге ие философиялық, эпистемологиялық, ғылыми-теориялық ұғым-түсініктердің, тұжырымдамалардың жиынтығынан тұратын бағыт [4]. Ал жазушының шығармашылығы негізінде зерттеулерге жүгінсек, Джолдасбекованың айтуы бойынша *«Интертексты романа Асқара Алтай «Алтайская новелла» рассмотрены на формальном и содержательном уровнях. Сделана попытка определить интертекстуальное поле романа через обращение к широкому контексту мифов, к интерпретации их в произведениях казахских, русских и западноевропейских писателей, осуществлен анализ образов главных персонажей романа Булабике и молодого охотника Улара как мифологических героев, дана интерпретация образа медведя Айкыныра через сравнение его с лермонтовским демоном, рассмотрена интертекстуальная связь сюжета романа А. Алтай и новеллы П. Мериме «Локис»* [5], Асқар Алтайдың «Алтай балладасы» атты шығармасында мифологиямен интертекстуалдылық байланыс орнатылады. Асқар Алтайдың «Туажат» романында да осы сипатты байланысты аңғара аламыз. Бұл роман-модерн 2011 жылы жарыққа шыққан. Автор романы туралы былай дейді: *«Мынау өзіндей туажат адам тудырған қиянкескі қоғам, өзіндей туажат пенде тіксінген қияметті дүние жалғаса берері хақ. Ал Туажат – осы бір оспадар сұмдығын жасырған жалған дүниеге, озбыр қылығын жасырған қоғамға жат жаниесі. Ендігі уақытта қорланған сезімі, қор болған сенімі жүрегін суынтқан Туажат шыдай алмас... Алапат әрекетке белін байлар, ірі іске басын шалар»* [6]. Роман желтоқсан көтерілісімен де тығыз байланыста алынған. Автор басты кейіпкер арқылы сол көтерілісте жастардың көрген қиындықтары мен кеңес өкіметінің зұлымдықтарын көрсетіп, шығарманың басты қаһарманы Байбураның басындағы зобалаң арқылы дәуір шындығын шынайы бейнелеген. Басты кейіпкер Байбура сол көтерілісте өзінің сүйікті адамынан айырылып, қуғынға ұшырап,

кейін ауған соғысына қатысып, өз ауылына өлгендердің есебінде жалған түрде жерленіп, не тірінің, не өлінің санатында жоқ болып, пұшайман күй кешкен пенде ретінде суреттеледі. Кейіпкердің ішкі жан-үниесіндегі арпалыс арқылы танитынымыз – постмодернизм бағытының ұстанымы. Ендігі бір постмодернизмге тән құбылыс – автоматты хат, сана ағыны, «мимикалық реализм» (О. Дарк). Сана ағымы – адамның ішкі жан дүниесіне талдау жасау. Сана ағымы қат-қабат тізбектеліп, бірін-бірі толықтыра келетін ойлар ағыны болады, яғни көркем туындыдағы кейіпкер ойына, ішкі дүниесінің арпалысына, санасындағы процестерге негізделінген шығармалар сана ағымында сомдалғаны даусыз [7]. «Туажат» шығармасындағы интертекстуалдылық байланыстар мәселесін талқылайық. Тілдің атқаратын қызметіне тән өзіндік ерекшеліктері оның ақпараттық, коммуникативтік, эстетикалық қызметіне сай сараланып, қоғамның әлеуметтік, саяси, мәдени, идеологиялық, құқықтық салаларындағы қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Бұл роман да осы аталған аспектілер тұрғысынан дәуір тынысын ашық танытып отырған туынды.

Роман атауы оқырманға бірден бірнеше ақпаратты беріп, қоғамның өзекті мәселесінен хабардар етеді және интертекстуалды байланыспен қоса, мұнда паратекстуалдылық байланыс та байқалады. Бұл жайында ғалым А. С. Адилова өзінің еңбегінде структуралист ғалым Жерер Женеттің 1982 жылы шыққан «Палимпсесты; литература во второй степени» еңбегіндегі интертекстуалдылық байланыстардың жаңа жиынтығына назар аудартады, соның бірі – паратекстуалдылық, *«мәтіннің өз атауына, соңғы сөзіне, эпиграфына қатысы»* [3, 16] ретінде түсіндіріледі. Роман атауы мен оның эпиграфына да тоқтала кетейік. Өңгіменің мазмұндық-астарлы ақпары мен мазмұндық-концептуалды ақпары көп ой айтады. Мұндағы антропонимнің өзі-ақ өңгіме модальділігін айқын көрсетеді. Романның аты «Туажат» деп аталады. Бұл «туажат» ұғымы жеті атадан кейінгі туыстық жақындықтың жоқ екенін көрсететін ұғыммен байланысты туған. Бұл атау романда терен мәнге ие.

Шығарма атауы бірнеше интертекстуалдық байланыстарға жетелейді. Атап айтқанда, біріншіден, жатсыну – философияның зерттейтін саласы ретінде кеңес өкіметі кезіндегі демократияның қыспаққа ұшырауы мен шектелуінен, еркіндікке жасалған қысастықтан туындап, қоғамды жатсыну күшейе түсті. Автор осы ұғымды тереңдете отырып, типтік бейне Байбура арқылы береді.

Қоғам өміріндегі болып жатқан түрлі жайттардың бел ортасына түскен кейіпкердің өз тегінен ажырап қалуы мәселесі оқырманды бейжай қалдырмайды. Осы тұрғыдан «жатсыну» ұғымы, қазақ прозасындағы жатсыну ұғымы экзистенциализм сипатын ашып, кейіпкердің ортасынан оқшау қалуы арқылы оқырманды терең ойға батырады. Бас кейіпкер Байбура өмірінің өз ортасынан тыс қала отырып, амалсыз оқшаулану арқылы өмірдің мәнін таппай шарқ ұруымен аяқталады. «Экзистенциализмнің басты мақсаты – адамның жоғалтқан дүниесін баяндау. Бұл ағымның негізгі принциптері адам болмысының мына әлемдегі панасыздығы, шарасыздығы, өмірдің абсурдтығы, әлем және жалғыздық ұғымынан өрбіп, адам проблемасы мен оның өмір сүру формасын қарастырады» [8]. Шығармада Байбура осындай панасыздыққа тап болады, ол өте мықты, рухани жағынан тазалығы мен берік қамалдай қайсарлығы оқырманын сүйсінте отырып, соншалықты қайғылы әрі жалғыздығына күйінесін. Жеке адам және әлеуметтік болмыс өзара қарсы екі әлем ретінде көрініс тапқан. Байбура және ол енгісі келген орта бұл екеуі де қарама-қарсы әлем. Бұл жөнінде филолог маман Айман Ментебаеваның еңбегінде кең ауқымды талданады. «Қатыгездік – қоғамда қатыгездік қана тудырады. Ал адам баласына жалқы тірлік кештіріп, жандүниесінде жалғыздық сезімін күшейтеді... Қоғамнан қатыгездік көрген жас жігіт жалғызсырау, жатсырау сияқты «жетімдік» күйге түседі, автор сөзімен айтсақ, психологиялық жақтан Байбура туажат күй кешеді, философиялық жақтан туажат ой мендейді [9]. Екіншіден, «туажат» ұғымы жеті ата ұғымына, туыс, жақын, қандас ұғымдарына қарама-қарсы сипатқа ие бола отырып, жеті ата ұғымы жайлы оқырман түсінігіне қозғау сала кетеді. Ал жеті атасын білу – қазақтар үшін негізгі қағидат, өмірлік ұстаным, ұрпақтар сабақтастығының тірегі, ата-дәстүрге адалдық. Жеті ата – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, т.б., жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Жеті атаға толмаған ағайын-туыс бір-бірінен қыз алыспаған. Ата тек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Сосын одан әрі туыстық атаулар: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып кете береді. Осы жеті ата ұғымы өз тегін танумен астасса, роман атауы қарама-қарсылық сипат алып,

романның «Туажат» атауынан туындаған ой осы романға «ұйытқы сөз» болып тұр. А. С. Адилова өз зерттеуінде Ю. Н. Карауловтың «Языковая личность еңбегіне сілтеме жасап, «*ұйытқы сөз*» [3, 95] терминін қарастыра кетеді, өйткені тілдік бірліктер арқылы интертекстуалдылық байланыстар туғызып, бұл күрделі сөздің тура мағынасы жайындағы ұғымның мәні тереңдеп, оқырманды оның астарындағы қоғамдық-әлеуметтік толғақты мәселелерге қарай үнілте түседі. «Туажат» сөзі шығарманың бірнеше жерінде аталады да, шығармада көтерілген қоғамдық мәселелердің астарында қазақтың тегінен ажырауындағы толғақты, түйткілді салдарды аша отырып, оқырманды ойландырады. Ал романның басында екі эпиграф берілген. Соның біріншісінде былай делінген «*Если виновен народ, значит виновен я*» Книга Бытия беттерінен [8, 7] алынып, оқырманды халықтың басындағы оқиғаның жиынтық образын танытатынын пайымдатады. Әдетте кінәлы болу, күнә ұғымы кейіпкер қабылдаған шешімдердің ардан аттауымен байланысып жатады, сондықтан оқырманды күнәға бату деген ұғымға қарай жетелеп, ойландырады. Ал паратекстуалдылықты қараған кезде романның ең соңғы сөзіне назар аударсақ, автор барлық түйінді «*Дертті дүние толқын тербеген қайықтай дірілдейді*» деп бір-ақ сөйлемге сыйдырғандай [11, 153]. «*Дертті дүние*» эпитетті метафора арқылы романда автор көтерген қоғамнан аласталу, өзін жатсыну ұғымын тереңдете түсіп, тұлғаға қоғамның әсері және дәрменсіздік ұғымына қатысты және «Осы дерттен қалай айығамыз?», «Ол неден туындады?» деген сауалдар қойып, ойлануға жетелейді.

«Туажат» романы оқырманды түрлі тарихи-әлеуметтік, саяси-қоғамдық деректерге жетелейді. Романда осы тұрғыдан, фольклор, мифтік образдар, тарих сахнасындағы елеулі кезең желтоқсан мен ауған соғысы интертекстуалдылық байланыста көрініс табады. Осы қабысу тәсілдері қандай деген сұрақ туындайды? Жазушы осы роман негізінде цитаталық тақырып, цитата, қыстырынды роман, аллюзия арқылы бұрынғы әдебиеттегі ұғымға таныс емес, қазіргі қоғам сипатына тән «ТУАЖАТ» атты мүлде жаңа түсінік-ұғым қалыптастырып, ғылыми зерттеуге негіз етіп, жаңа ұғымды енгізіп отыр. Ежелден келе жатқан «*туажат*», «*жүрежат*», «*жұрағат*» деген қазаки танымды жаңа астармен жетілдіріп, бұл сөзге ешкім күтпеген жаңа мән үстеп, психологиялық-философиялық астар бергенін пайымдадық.

Шығармада өмірі қиындыққа толы кейіпкер ретінде желтоқсан көтерілісіне қатысушы, көрген азабы мол жан, оның өміріндегі сәтсіздіктер мен шығалаң, өмірін толығымен қорқыныш пен азап торлаған, ауған соғысына қатысқан, зобаланды бастан кешірген кейіпкер сипаты шебер сомдалған. Ол автордың суреттеу, образ сомдау тәсіліндегі ерекшеліктерді «көк бөрі» ұғымымен байланыс арқылы ашу шеберлігінде деп тануға болады. Шығарма басында сипатталатын «Ана-Бөрі» образы интертекстуальдылық байланыста өте маңызды орын алады және шығарманың мазмұндық-концептуалды негізгі қайнары да осы «бозие» ұғымымен астасып жатыр.

Романдағы «Ана-Бөрі» – киелі аң, «Бозие» деген атаумен шығарма желісінде бастан-аяқ бірнеше рет қолданылып, автордың тылсым күш иесінің халқымызды айырықша қолдауы түрінде көрініс тауып, оқырманды шығарманы қызыға оқуға жетелейді. Шығармада былай сипатталады: «...Сағымданған бөрі сұлбалы сәулеге телміріп қаниша тұрғанын өзі де білмейді. Тек қара қарға қарқ етіп ұшып, қызыл шақа тартқан қанишық жемтігіне – қайта барып қонғанда ғана селк етіп ес жигандай болды. Сонда ғана өзінің шеңберлей қоршаған сағымды сәуле тұтқынында қалып, сиқырлы бөрі сұлба арбап алғанын білді...» [11, 15]. Осы Ана-бөрінің көрінісі романдағы кейіпкердің пірі ретінде ара тұра қолдап, қолпаштап, тығырықтан шығар жол сілтеушісі ретінде мифологиялық сипатқа ие образ және ол киелі аң. Бұл үзінді романның басында Байбураның Ана-бөрі бозиемен алғаш ғайыптан пайда болған сәтінен көрініс береді. «Бөрі ұғымына автор неге жүгінеді?», – деген сұрақ туындайды. Бұрын Түркі қағанаты кезінде біздің байрағымызда Көкбөрі, яғни, қасқыр бейнеленген.

Көкбөрі – батырлықтың, тегеурінділіктің, өжеттіктің символы. Халқымыз бойында оты бар, ержүрек, батыл да батыр жігіттерді Көкбөріге теңеген. Көк бөрі ұғымының исі түркі әлемі мен қазақ түсінігінде мәні және алатын орны зор. Романда осы образға оқырман қатысы тұрғысынан келетін болсақ, тылсым «рух» ұғымы мен оның адамға берер күші, қысылғанда дем беретін рухани дүниені танытудағы автор ұстанымын, оның мифологиялық сипатта берілуі оқырманды ата тектен келе жатқан гендік байланыстардың көркемдік сипат алғанын тани аламыз.

Автор дерексіз «рух» ұғымын шебер жандандырып, «Көкбөрі», «Бозие» образына айналдырып, оқырманға тылсым сырлардың түпкі мәні текпен байланысты екенін танытып, оның күшінен айырылуын

да одан, яғни тектен ажырауымен астастырып, әсерлі жеткізеді. Ал осы ерекше «рухтың» пайда болуы төмендегідей сипатта берілген: «әлгі бір боз нұр Байбура кірпік қағып үлгерместен қарсы алдына ақ сәулеге шомылған бөрі сұлбасына енді. Бұл ұлылық қана орын тебетін гарыш көгінен көктей өтіп, боз боран билік құрған байтақ жер төсінде инеің жасуындай жарықтан саулай түсіп, тәңірі иесі құдіреті мен аң киесі – Ана-Бөрі сұлбасы боп оралған ғажайып құбылыс еді... Бөрі болмысты Бозие еді» [11,48]. Көк Бөрі–түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. Қасқырдың тотемдік рөлінің түркі халықтарының танымындағы орны ерекше. Қазақ халқы қазіргі күнге дейін ержүрек, батыл жігіттерді Көк Бөріге теңеп, көркем шығармаларда бөріні батылдық пен батырлықтың символы ретінде бейнелейді. Көкбөрі сөзінің шығу тарихы тереңде жатыр. Көк бөрі адамдар қысылған шақта ғайыптан пайда болып, көмекке келеді. Адам мен қасқырдың арасындағы туыстық қатынастан гөрі достық қатынас басым сипатталады. Шығармада бұл былай сипатталған: «...Байбура бөріден бөлініп қалмауға тырысты. Көк төрінен Көк Тәңірісінің көктей түскен боз сәулесі – бөрі болмыс Бозие құрық салым жерде бұлаңдап барады» [11, 22] дегендегі Көк бөрі бейнесі – көк Тәңірмен астасып жатыр. Қасқырдың адам түсіне кіруі және оны жору туралы мәліметтерді қорыта келіп, көршілес халықтар бөріні түркі тайпалардың символы ретінде қабылдағанын да байқадық. «Боз боран дүниеде бозбала Байбураны Ана-бөріге тәңірдей табыстап жібергені де осы Төребейіт» [11, 58] бұдан біз романда да қаламгер көк бөріні түркі халықтарының фольклорындағы киелі жануардай жоғарғы Тәңірлік құдіреттің деңгейіне дейін көтере отырып, «тектілік» пен «рух» ұғымының тылсым сырларын түйсінтеді.

Зерттеудің жаңалығы ретінде пайымдалғаны: жазушы Асқар Алтай өзінің туындыларында ұлттың таным-түсінігіне негізделген мифологиялық, фольклорлық сипатта сыртқы интертекстуалдылық байланыстар орната отырып, қоғамның толғақты мәселелерін шебер таныта алған. Жазушы интертекстуалдылық байланыстар (аллюзия, реминисценция, цитация); паратекстуалдылық (роман атауы, аяқталуы, эпиграф); интертекстердің сілтемелік, текст түзушілік, бағалауыштық, парольдік қызметтері сияқты қабысу тәсілдері негізінде қоғамның толғақты мәселелерін танытқан сөз шебері екенін пайымдадық. Жазушы еліміз тәуелсіздік алғанымен, сананың тазаруы және оның өзгеру үдерістерінің табиғи қалпы ұзақ мерзімді қажет ететіндігін пайымдатып, интертекстуалды байланыс

негізінде оқырманның таным әлемін кеңейте түскенін тани алдық. Интертекстуалдылық байланыстың семантикалық ерекшелігіне, ықпал етуші функциясына орай оқырманнан да қандай болмасын білім аясын қажет ететіндіктен, «автор-мәтін-оқырман» триадасы тұрғысынан зерттеуді жетілдіруіміз керек. Сондай-ақ, жазушының көркемдік әлемі мен шұрайлы тілі «Асқартану» саласындағы арнайы ғылымтануды, зертханалық жұмыстарды жандандыруды қажет етеді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сейдімбек А. «Қазақ әлемі» этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1997, – 464 б.
- 2 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш //Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 462 б.
- 3 Адилова А. Қазіргі қазақ көркем мәтіндердегі цитация құбылысы. Монография. – Алматы: Эверо, – 252 б.
- 4 <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/%D0%94%D0%B8%D1%81%D1%81%D0%B5%D1%80%D1%82%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%20%D0%A1%D3%99%D1%83%D0%BB%D0%B5%D0%BC%D0%B1%D0%B5%D0%BA%20%D0%93.%D0%A0.pdf>
- 5 Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм. ҚР. Алматы, 2017.
- 6 <https://articlekz.com/article/23315> Джолдасбекова Б.У. «Интертексты Романа Аскара Алтая «Алтайская новелла»
- 7 https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D1%83%D0%B0%D0%B6%D0%B0%D1%82_%D1%80%D0%BE%D0%BC%D0%B0%D0%BD
- 8 Туажат (роман).
- 9 http://www.rusnauka.com/13_EISN_2014/Philologia/1_168822.doc.htm
- 10 Өлікен Өлібек Сауданбекұлы, ҚазҰПУ-дың 2-курс магистранты. Әдебиеттегі постмодернизм хақында.
- 11 <https://kznews.kz/bilim/jekzistencializm-filosofijasy-zhane-adebiet/> Жанатаев Д., Әбілда Қ., Экзистенциализм философиясы және әдебиет Ақпан 24, 2021
- 12 http://88.204.166.7/kz/news/view/zhazushinin_zhalgizdik_alemi_1956 Ментебаева А. Жазушының жалғыздық әлемі.
- 13 <https://kaskir.wordpress.com/2009/12/06/> Отаубай М.А. Көк бөрі сөзінің түркі мифологиясында алатын орны.

11 Алтай А. «Туажат» роман және хикаят. – Алматы. 2018. – 208б

Қ. П. ЖҮСІП ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ЛИРИКАДАҒЫ СЮЖЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КЕМЕЛТАЙ Е. М., РАХИМБЕКОВА А. М.
студенттер, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.
АҚТАНОВА А. С.
ф.ғ.к., доцент, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы, әдебиеттанушы, КСР Халық ағарту ісінің үздігі (1991 жылы), КСРО (1979 жылы) және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1992 жылы), 1991–2019 жылдар аралығында республикалық «Абай» журналының алқамүшесі, 2002–2019 жылдарда республикалық «Қазақстан мектебі» журналының ақылдастар кеңесі мүшесі болған, Қазақ ССР ағарту министрлігінің қазақ тілі мен әдебиетіне арналған жинақтарының алқа мүшесі Қуандық Пазылұлы Жүсіп 50 шақты кітаптар мен қоса 300-ден аса ғылыми мақалалардың авторы. Ғылыми зерттеуіміздің өзегі ғалым Қ. П. Жүсіптің «Лирикадағы сюжет мәселесі» атты мақаласының төңірегінде өрбиді.

Жалпы алғанда, сюжет деп француз тілінен аударғанда «sujet» сөзінен шыққан «зат» деген мағынаны білдіретін бірінен кейін бірі тізбектеліп келген оқиғаның біртұтас желісін айтамыз. Сюжеттің негізі ретінде кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасында пайда болатын қақтығыс, конфликт, тартыс деп алсақ, ал лириканы адамның көңіл-күйін, жан дүниесіндегі сезімін бейнелеу деп қарастырамыз. Лирика сезім негізінде бейнелейді, сюжет лирикалық қаһарманның көңіл-күйі арқылы бейнеленеді. Осыдан лирикалық сюжет қалыптасады. Лирикада сюжеттің басталуы, дамуы, шарықтау шегіне жетуі, логикалық қорытындысы сияқты оқиғаның біртұтас тізбегін толық қамтымай, тізбектің тек бір сәтін, бір мезеттік көрінісін оқырманға ұсынады.

Белгілі ғалым З. Қабдолов өзінің әдебиет теориясы оқулығында: «Сюжет кез-келген шығармада бола бермейді», – деп айтқан болатын [1].

Қазақ әдебиетінің зерттелу тарихына үңілетін болсақ, ХХ ғасырдың басындағы кезеңге дейін лирикада сюжет мүлдем

болмайды деген пікірлер қалыптасқан. Сюжеттің лирикада болуын өткен ғасырдың 30 жылдарынан бертін келе зерттеушілер мен әдебиетшілер қарастыра бастады. Сондай зерттеушілердің бірі Мәшһүр-Жүсіптің тікелей ұрпағы Қуандық Пазылұлы Жүсіп болды. Қуандық Пазылұлы ең алғаш рет «Жұлдыз» журналының кезекті санында 1985 жылы жарияланған «Лирикадағы сюжет мәселесі» атты мақаласында лирикадағы сюжет жайлы өз ойын тұжырымдаған. Мақала барысында Мүтәллап Қанғожин, Жамау Бұхарбаев, Мәшһүр-Жүсіп, Ұлықбек Есдәулет, Сағи Жиенбаев, Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырзалиев сынды әдебиетімізде ойып тұрып орыналған талантты ақындардың өлеңдерінде сюжеттің көрініс табатынын дөп басып айтады. Осыдан шығаратын қорытындысында лирика жанрында да сюжет, конфликт, өмірлік тартыс сияқты әдеби ұғымдардың болатынын дәлелдеп шығады. Ғалым қарастырған шығармаларда оқиға біртұтас желі бойынша емес, жалпы оқиғаның бір фрагменті ретінде орын алатынын айқындайды. «Лирика сюжетінің өзіндік ерекшелігі бар. Тіпті, лириканың өзін шартты түрде «оқиғалы», «оқиғасыз» деп бөлгенде, оның әрқайсысының өзіндік сюжет ерекшелігі бар екенін ұмытпау لازم», – деп Қ. П. Жүсіп мақаласында лирикадағы сюжет мәселесіне қатысты ойын білдіреді [2].

Соңғы кездерде лирикадағы басты кейіпкердің рөлін ақынның өзі, яки авторы атқарады деген пікір белең алып жүр. Осыған орай Қуандық Жүсіп ақынның «мені» немесе лирикалық қаһарманның сезімі басқа адамға қарағандағы көзқарасы қоса бейнеленіп, бір бірімен жымдаса бүтін дүниені білдіреді деген ойға жетелейді.

Лирикада тірі тіршілік иелерінің көңіл-күйі, сол сәттегі хал-ахуалы арқылы сюжеттің біртұтас желісі орындалатын лирика жанрының бір үлгісі ретінде Ұлықбек Есдәулеттің «Кесілген ағаш» атты туындысын қарастыруды жөн көрдік.

Жапырақтары жайқалып тұрған
Нар ағаш еді найқалып тұрған.
Аран тіс ара қыршынын қиып,
Шатырлап құлап, шайқалып тынған.
Томырық түбір, кесілген ағаш...
Жалтайды жердің төсінде оғаш.
Жан тәсілім боп, жан беріп жатқан
Адамдай сұлап, көсілген қораш.
Қымбаттай түсіп тіршілік – арман,
Күңіретіп тұр күрсініп орман.

Құлаған ағаш... құстары үрікті-ау
Ашылмай қанша бүршігі қалған...
«Тірлік бар ма екен құрбан болмай»... деп,
Түнереді орман қиналғандай боп.
Батып тұр мұңға ағаштар
Достың жаназасына жиналғандай боп.
Орманның көрдім жыр кеткен кезін,
Қапа мен қайғы, мұң жеткен кезін.
Ағаш екен-ау ағашқа дейін
Әсері тиген бұл неткен сезім?!
Айдары шербе қала таң шығып,
Қайғырады орман шара таусылып.
Сезбеген ұлдай жетім қалғанын
Қалғиды қамсыз балапан шыбық [3].

Тілі орамды, берілуі жеңіл, бір қарағанда оңай болып көрінетін өлең болғанымен оқырманға айтары мол, астары тереңде жатқан туынды. Әдебиеттен, сөз өнерінен алшақ қауымның өзі жоғарыда көрсетілген өлең жолдарын оқи отырып көз алдына оқиға бейнеленген картинаны елестете алады. Сюжетті өлеңде грация орын алады. Тізбек – тізбегімен ашып көрсететін болсақ: мықты ағаш жайқалған күйінен найқалып, одан қыршынынан қиылып, ақыр соңында шайқалып тынады. Бірінші шумақтың өзінде бірнеше процесс жүріп жатады. Сюжеттің мақсаты да сол процесті көрсету емес па? Кейіптеу тәсілімен берілген өлеңде ағаш тіршілік иесінің рөлін атқарып, басынан аяғына дейін толық қамтылған біртұтас композиция ашылады. Басты идеясы экологияны қорғау болып көрінетін шағын көлемді өлеңде философиялық астары тұңғыыққа батқан терең ой, ауыспалы мағына, әр оқырманның жеке өзіне ғана тән өзіндік бір шындық жатыр. Орман күйі, автор сезімі, оқырман әсері бір арнаға тоғысып, үш позицияның бірігуі арқылы бір оқиға мүсінделеді. Ұлықбек Есдәулеттің мықтылығы да осы тұста аңғарылады. Қарапайым, жеңіл, ұғуға оңай сөздермен-ақ ұтымды да, тұшымды ой бере алуында. Өлең фабуласы: нар ағаштың жайқалуы; сыртқы фактордың әсер етуімен ағаштың қыршынынан қиылуы; орманның налуы; құстардың үркіп ұшуы; табиғат күйзелісі; жазымыштан озымыш жоқ дегендей тіршіліктің ары қарай жалғасуы. Құстары үрікті ау деген бір ғана тіркес арқылы тыныштықтың бұзылғанын, айрандай ұйып отырған, алаңсыз, бейжай жатқан қалың орманның шырқы қашқанын асқан шеберлікпен суреттейді. Достың жаназасына жиналғандай деген жолынан жана идея туады.

Жалғыз ағаш сұлап жатса да, қалған ағаштардың тік тұруы, мұңға батса да иілмеуімен тіршіліктің жалғасатынын, қасіретті қасқайып тұрып қарсы алу керектігін айтқандай тәрізденеді. Жабырқаған көңіл күндердің бір күнінде қайта жадырайды деген үміт отын тұтатады. Басталуы, байланысуы, дамуы, шарықтау шегі, логикалық шешімі, – осының барлығы сюжетке тән белгілер. Ал бұл лирикалық туындыда осы элементтердің барлығы дерлік бар. Осыдан шығатын түйін қарастырылған лирикалық өлеңде сюжет бар деп әбден айтуға болады.

Келесі қарастыратынымыз от ауызды, орақ тілді, арқалы ақын Махамбеттің

«Қызғыш құс» өлеңі:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорғаны мен едім.
Мен де айрылдым елімнен;
Көл қорғаны сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Аспанда ұшқан қызғыш құс!
Сені көлден айырған – Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған – Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып-айтпай немене, Құсарлықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні! [4].

Махамбет поэзиясы – өршілдіктің белгісі. Көрсетілген өлең жолдарында еш қоспасыз, сыртқы күштің әсерісіз қалыптасқан таза автордың сезімі, көңіл-күйі мен жан дүниесінің күйзелісі сипатталады. Ақынның «мені», лирикалық қаһарманның ішкі толғанысы негізінде сюжет өрбиді. Алдыңғы қарастырған туындыда толыққанды, біртұтас оқиға желісі өңделіп шыққан болса, мында сюжет, керісінше, бағамдап үлгермейтін бір мезгілдік, өткінші ұшқын ретінде танылады. Көңіл-күй сипатталған бұл өлең таза элегиялық туындыға жатады. Ал кейінгі жылдардағы зерттеулерге сүйенетін болсақ, көңіл-күй лирикасында да сюжет бар. Себебі сюжеттің басты элементі-тартыс бар. Ішкі тартыс, ішкі толғаныс, тек автордың өзіне тән эмоция, психологиялық күйзеліс бар. Ешкімнің алдында тізе бүкпейтін, өршіл Махамбет мұңын қызғыш құсқа шағып, ағынан жарылады. Ұшы-қиыры жоқ күйзеліс торабында жаны жегідей

желініп, ауыр жан азабын тартады. Күйзеліс сезімімен қатар, өлеңде патриоттық сезім, ұлттық рух, халыққа деген сүйіспеншілік тамаша өрнектелген. Ақынның күйі параралелизм бойынша табиғатпен салыстыра, қызғыш пен өз тағдырын егіздеу өте шебер қолданылған. Берілген мысалда сюжет даму үстіндегі әсерлену, сезім мен ой жетегінде кететін қозғалыс ретінде пайымдалады. Дәл осы жағдайда адамның бірер сәттік көрінісі бейнеленеді. Махамбеттің Истайдай адал жолдастан, жорықтас серіктен айырылғандағы сезімі мен қайғы-қасіріті көркем айқындалады. «Бір мақала шеңберінде лирика сюжеті мәселелері толық шешіліп бітпейтіні белгілі. Бір мәселеге баса назар аударғымыз келеді: бүгінгі «жок» деп жүргенімізде аздаған «бар» кездесе, сол «аздың» сыр-сипатын, ерекшелігін аша білуіміз керек. Асылы, әдебиет үшін ұсақ-түйек мәселе жоқ» – деген қорытындымен Қуандық Пазылұлы Жүсіп өзінің мақаласын тәмамдайды [2].

Әлбетте, осынша кең ауқымды, қамтитын аясы жағынан көлемді мәселенің бір мақала аясында толық ашылуы мүмкін емес. Дегенмен қарқынды жұмыс атқарып, үнемі ғылыми ізденіс үстінде болсақ, бұл мәселе де өз түйінін таппақ. Осы сауалдың түбіне жету және лирикадағы сюжеттің мәселесін толық ашу – әдебиет өкілдері мен сөз өнерінің майталмандарына Қуандық Пазылұлының қойған басты міндеті.

Мақала шеңберінде жүргізген ізденісіміздің нәтижесі ретінде лирикада сюжеттің болуын жоққа шығара алмаймыз. Кез келген туынды, мейлі ол эпос немесе лирика болсын өзіндік сюжетті қалыптастырады. Лирикада эпостағыдай кейіпкерлердің бейнесі мен олардың арасында туындайтын қақтығыс пен конфликт толық әрі жан-жақты ашыла алмайтыны сөзсіз. Бірақ бұл лирикада сюжет мүлдем орын алмайды деген сөз емес. Себебін келтіретін болсақ, тартыс міндетті түрде екі не одан да көп бейнелердің арасында болуы шарт емес. Бір кейіпкердің, біздің жағдайымызда, лирикалық қаһарманның ішкі тартысы мен ішкі конфликті жеткілікті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қабдоллов З. «Сөз өнері»: оқулық-монография. – Алматы: Санат, 2002 ж.
- 2 Жүсіп Қ. «Өлең сөздің патшасы». – Алматы, 1990. – 33-45 бб.
- 3 Есдәулет Ұ. «Ынтық зар» Лирика. – Алматы: Атамұра, 2009. – 107-108бб.

4. Өтемісұлы М. «Отан үшін, жер үшін». – Алматы: 1992. –41-42 б

ШЫҒАРМА ТАЛДАУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫП ТАЛДАУДЫ ҮЙРЕТУ

КОРЖУМБАЕВА М. Х.

магистр, Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, Павлодар қ.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің қалыптасып дамуына өз үлесін қосқан өресі биік, өрісі кең эпик ақын – Ілияс Жансүгіров. Ақын шығармалары белгілі бір дәуірдің көш басшысы, ауыр да салмақты халық тауқыметін сөз етті. Ілияс, Абай үнін жалғастырушы үзілмес алтын көпірді жасады. Себебі Абайша реалистік тұрғыдан жыр етті. Ақынның поэзиясы мен поэмасының тілі мен ерекшелігі өзіндік үн, жалынды лирикалық лебі басым. Ақын поэзиясы терең ойдың, үлкен сезімнің поэзиясы. Ілияс үні – халық үні. Ол халық ақыны, қазақ халқының ғасырлар бойы басынан кешкен ауыр да қиын тауқыметті көріп өскен ақын, барлық туындыларын халқына арнайды.

Ілияс Жансүгіров орыс классиктері мен дүние жүзі классиктерінің әдебиетін оқып, өз тұсындағы ақындардың туындыларымен таныса жүріп, замандастарымен қатарлас та, жүріп қалам тербеген ақын екенін көрсетті. Ол өзі тұстас ақындардың алды екенін байқатады. Себебі ақынға берген замандастарының бағасынан қандай ақын екенін танимыз. Ақын туған халқының жалынды жыршысы ұлттық поэзияның үлгісін салды. Ілиясты Абайдан кейінгі қазақ халқының ақыны деп бағалады. Мәселен, М. Қаратаев кітабында М. Әуезов Ілияс Жансүгіровке былай деп баға береді: «Оған дейінгі көрген, оқыған әдебиетім бәрін Абай кітабы жоққа шығарғандай болды. Ойым ояна бастады. Қанбай қайта – қайта оқи беретін болдым. Өзімде бір түрлі сергектік, сілкініс, жүрегімде жаңалық сезгендей болды. Жазуға талабым оянды», – дейді Ілияс Жансүгіров.

Ақын көркемдеуші құралдарды жиі қолданған. Ақынның үні, арыны, лебі, тынысы, тілі, сарыны, бейнелеу тәсілдері секілді бір – бірімен тығыз байланысты қасиеттер мен құралдар – ақынның идеялық өресіне сәйкес өмір шындығын көркем бейнелеуге қызмет

етіп, ақынның талантын, поэзиялық күш – қуатын, шеберлігін танытатын белгілер мен сипаттар туындыларында басым келеді.

Осы орайда тіл саласын зерттеу ғалымдар еңбектерінде көркем шығарма тіліндегі дәстүрлі жалғастығы, сабақтастығы, кең орын алғандығына назар аударған жөн. Б. Хасанов «қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы» көркем шығарманы талдауға көп жағдай туғызады. Көркем шығарманың тілін талдауда Ілияс Жансүгіров пен Мәшһүр-Жүсіп және Абай шығармаларын байланыстыра қарап, салыстыра – салғастыра қарастырмақпыз.

Ілияс Жансүгіров шығармаларында метафора көп қолданыс тапқан. Ақында бірде метафоралық тіркес, метафоралық эпитет, метафоралық теңеу әрі символдық белгі ретінде көрініс береді және метонимия, эпитет, теңеу, символдық мәнді қолданыстар жиі қолданылады.

Біздерше – хат білмейтін бір қатты шал,
Жуан ит сүйек бермес, жалмауызы [3, 17 б.].
Елімнің есігінен иттер қуған,
Сорлының сүйреген ел басын төрге [3, 9 б.].
Дау болса, екі ит шығар ырылдауға [4, 45 б.].
Жаның қалмас талай ит талағанда [4, 69 б.].

Ілияс та Көпеев те «ит» сөзінің қолданысында метонимияны шебер қолданған. Мұндағы «жуан ит», «екі ит», «иттер қуып» деп екі ақында ел үшін іріткі салатын би, болыс, қарыны тоқ қайғысы жоқ байларды сынайды.

Ащы тіл асау мінез қылығынан,
Атанып кетпеді ме «Азғын», «Пері»? [3, 11 б.].
Қызыл тіл, сен басымды салдық дауға.

Ал Ілияс «ащы тіл» десе Көпеев «қызыл тіл» деп «тіл» сөзінің қолданысқа түскенде метафора тәсіліне айналады. Себебі адам тілінің қаншалықты ащы, у сияқты екенін дәлелдейді. Әр ақын стиліне назар аударсақ өзіндік сөз қолданыстары ерекшелігімен танылады.

Қырдағы қара сойыл бақандағын,
Қалада қара жүрек қаһарланған [3, 10 б.].
Жаралап ер жүрегін жау қанжарын,
Ысқырып жылан өмір жанын шаққан [3, 11 б.].
Ала жылан, аш бақа күпілдектер,
Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр [4, 54 б.].
Көзі қимай жинаған бай дүниесі,
Өзіне жылан менен шаян болды [5, 158 б.].

Ілияс «қара жүрек» метафора арқылы жоғарыдағыларды сөз ете отырып, «қара сойыл» деп эпитет арқылы және «ер жүрек» метонимияны қолданады ақын. Осындағы «Ысқырып жылан өмір» деп ақын өмірі сүрген кезді айтады және Абайда «ала жылан» ал Көпеевте «жылан» сөзін балама ретінде үш ақында да метафора тәсілі арқылы қолданыс тапқан. «Жылан, у жылан, қара шұбар жылан» т.б. қолданыстарда балама ретінде жиі кездеседі.

Жеткізді Батырашқа бір қу ауыз,

«Құлаға бөктерлілер Көк», – дегенін [3, 31 б.]

Кей – кейде күніреніп, көлдей толқып,

Кей – кейде қу ағаштай, құлап жатты [3, 68 б.]

Ілулі сол қайыңда тұрған қу бас,

Қобыздай ызылдар жел соққан сайын [3, 70 б.]

Сондай-ақ әр ақыннан жиі кездесетін сөз «қу» сөзі. Әр ақын «қу» сөзін балама ретінде бірде метафора енді бірде метонимия етіп қолданады. Мұндағы «қу ауыз» сөзі метафора арқылы өсекші деген баламада қолданып, «қу ағаштай» теңеу арқылы Ақанның басына түскен қайғыны суреттейді. «қу бас» сөзінде тура мағынасында қолданып ағаш басында ілулі тұрған Құлагер басын сөз етеді. Әрі «қобыздай» деп теңеуді қолданады. Қобыз бен желдің үні мен байланыстыра отырып ақын жанының қайғысын ұштастыра түседі.

Оларда – жердің белі, таудың құзы,

Ата ұлы, арыстандай кер ауызды [3, 17 б.]

Борсандап жолбарыстай жонын беріп,

Майданға бір тізелеп шөкті қара [3, 40 б.]

Арыстандай айбынды ер,

Жолбарыстай жуан ер [3, 40 б.]

Алысты арс – үрс етіп екі арыстан,

Таласты, бірін – бірін алып, жұлып [3, 43 б.]

Бұл шумақтағы «арыстандай» теңеу әрі «арбандаған жолбарыстай» метафоралы эпитет арқылы жүрісті білдірсе, «Арыстандай айбынды ер, Жолбарыстай жуан ер» теңеу арқылы әрі қаһарлы күшті, мықты, жуан екенін балайды және «екі арыстан» деп метафораны қолданған. Мұндай қолданыстар Ілиястай ғана емес басқа да ақындарда да көптеп кездеседі.

У тілмен алды шалды шағып – шағып,

Лап берме, Оның – дағы от мінез [3, 32 б.]

Аттарды Ерейменнен айдағанда,

Оқты көз, у құйылдыр, көріп едің...» [3, 59 б.]

Ішім от сыртым жалын қайнағанмын

Бұйырғын, жұтқан күмән, шайнағанмын [5, 24 б.].

Демек мұндағы «от» метафорасын тек Көпеев «ішім от» әрі «жалын» деп дерексіз ұғымды жандандыра да қолданады. Сондай баламаны Ілияс та «от мінез», «оқты көз» эпитет арқылы «у» сөзі арқылы әсерлі қолданды.

Ілияс Жансүгіров шығармаларындағы теңеудің стильдік құрылымына тоқталу үшін тілші ғалым, Т. Қоңыровтың теңеулерді жіктеуіне жүгінеміз. Ғалым былайша топтастырады. 1. Жалаң теңеулер, 2. Күрделі теңеулер, 3. Толымды теңеулер, 4. Толымсыз теңеулер, 5. Бірыңғай теңеулер, 6. Болымсыз теңеулер.

Кей жағдайда Ілияс шығармаларындағы теңеулер бірыңғай мүшелердің қызметін атқарып, өздерінің құрамына қарай жалаң, жайылма болып жіктеліп, әр түрлі сөйлем мүшелерінің қызметінде жұмсалады. Бір сөйлемнің ауқымында бірыңғай теңеулердің қолдануы – стильдік қолданыстың жемісі. Теңеу тілдің бейнелеу құралы болғандықтан, оларды бірыңғай етіп қолдану сол бейнелікті әсерлі ойды айшықтаудың, әсерлі күшейтудің тәсілі. Тілімізде ең көп қолданыс табатын теңеу, лексика-семантикалық топтарының бір саласы – тұрақты теңеулер. Ілияс шығармаларында осы тұрақты теңеулер есім тұрақты теңеулер мен етістікті тұрақты теңеулер көп кездеседі.

Ілияс Жансүгіровті «сегіз қырлы бір сырлы» ақын екенін әр шығармасын оқығанда толғандырып, ой тастайтын түйінді сөзден түйдекті ой сезімге баурайтын талант иесі екенін байқатады. Ілияс талантының күшті бір қыры сықақ өлеңдерінен көрінеді. Бірде ол елге жағымсыз, содыр, сойқандарды келеке етсе, енді бірде жылпос, жағдайға иілгіш, икемделгіш тұрақсыз жандарды көрсетсе, тағы бірде сырты дардай, іші нәрсіз, өзі еш нәрсені білмейтін сұйық адамдарды сықақ етіп сынайды. Осындай өлеңдердің бірін «Құлагер» поэмасынан дәйектесек.

Кәрі ақын кіжінеді өңмен қағып,

Бала ақын сар масадай жатыр шағып,

Екі жақ ереуілдеп керісіп тұр,

Даттасып бірін – бірі атып, қағып [3, 20 б.]

Қояндар қайғырысты кеуегіне,

Көбелек күйіп ұшты бірден – бірге.

Қуанды түлкі, қарсақ, қырда қасқыр,

Жылқы жоқ соғатын деп бұдан өңге [3, 60 б.]

Қарғалар Қарқылдасып хабар салды,

Күшіген қызыл көрген аспанды алды.
«Білмеген ер қайғысын, сұмырай!» деп,
Қаршыға қуып жүрді сауысканды [3, 60 б.]

Бұл шумақтардағы ақынның стилінің ерекшелігі сондай әрбір бейнеге күрт-құмырсқаның, құстың, аңның мінез-құлқын бере отырып кереметтей сықақ еткен. Осындағы «кәрі ақын кіжінеді» дегендегі тіркестегі «кіжінеді» атқа тән үн басым болса ал, екінші тармақтағы «Бала ақын сары масадай жатыр шағып» дегендегі «сар масадай» деп эпитетті теңеуді қолдана отырып ақын Ақан бейнесін әсерлі етіп көрсетеді. Ал, екінші шумақтағы «қояндар мен көбелек» деп жаны ашушылар дәрменсіздерді көрсетсе, «түлкі, қарсақ, қасқыр» қатыгез жауыз, күншіл көре алмайтын, көрсе, қызаруларды әшкерелейді. Үшінші шумақта «қарғалар, күшіген» дегендері маңайындағы жендеттерді, қатыгез қызыл көздерді сықақ етіп оған «қарқылдайсып» және «қызыл көрген аспанды алды» деп маңайындағы тобырларды сөз етеді. Соңғы екі тармақтағы «қаршыға, сауысқан» деп отырғаны Ақан мен баланы ақын «қаршыға» деп Ақанды, «сауысқан» деп баланы айтса, «Білмеген ер қайғысын, сұмырай!» деген тармақтағы «ер» метонимияны қолданып «сұмырай» деп маңындағы жендеттерді ақын сынап қатты сықақ етеді.

Илияс Жансүгіров поэзиясы тіліндегі фразеологизмдердің қолданысы кең өріс тапқан. Ақын халық тіліндегі ойға жан бітірер бейнелі тіркестерді қолдануда ерекше шеберлікті танытады.

«Құлагер» поэмасының «Туған жер» тарауында ақын баяндауы былай деп басталатын шумағында кездесті.

Мен өзім тауда туып, тасында өстім,
Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім.
Асқарда Арқалыға қозы жайып,
Бұлттың аспандағы қасында өстім [3, 7 б.].

Екінші тармақтағы фразеологизм ақын жастайынан таулы жерде туып өскенін сөз етсе мұз төсеніп, қарды кештім. Төртінші тармақта ақын таудың ұшар басында, тау биігінде, тауда өстім деген ұғымда түсіндіріп поэзия тіліндегі гипербола бейнелі түрін танытып тұр.

Сондай тағы бір мысал;
Кетсе де шалдың өзі көптен көрге,
Жайылған әні, сөзі жалпақ елге.
Елінің есігінен иттер қуған,
Сорлының сүйреген ел басын төрге [3, 9 б.].

Жалпы халықтық тілде «есіктегі басын төрге сүйреу» деген тұрақты тіркес қолданылса, ақын «Сорлының сүйреген ел басын төрге» деп бояуын күшейте қолданады фразеологизмді көрсеткен. Мұндағы «сорлы», сөзі мен» сүйрейтін» кимылдың иесі «ел» екенін көрсетіп қолданған. Осындағы «Елінің есігінен иттер қуған» деген метафоралы тіркеспен көрсеткен.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көпеев М-Ж. Көп томдық шығармалары. 2 том. Алматы: Алаш, 2003 ж.
- 2 Шығыс жұлдыздары, «Жазушы» баспасы, Алматы, 1973 ж.
- 3 Жүсіпов Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелік монография. Павлодар уневерситет баспасы, 1999ж.
- 4 Жансүгіров І. Шығармалар жинағы. Алматы, 1974 ж.

ӘРІПЖАН ЖАНҰЗАҚҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

ҚАДЫЛБЕК А.
магистрант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.
АҚТАНОВА А. С.
ф.ғ.к., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.

Әріпжан ақынның шығармашылығындағы аса көзге ұрып көрінетін басты сипат – шынайылығы. Ол қай кезенді, қандай оқиғаны өлеңге қоспасын ойындағысын бұлтасыз, еркін, ірікпей айтады. Оның шығармаларында біреудің ығына жығылып, саясат саясын сағалау жоқ. Ол патша отаршылдығын да оңдырмайды, Кеңес өкіметінде көгертпейді, Қытайдың қақпайынада түспейді. Өлеңді еркін өзінің патша көңіліне билетеді. «айтқаным заманымнан алған сырым», – деп өзінің көргені мен білгенін, түйгені мен түйсінгенін жайып салады. Ел билеушілердің, болыс-билердің, әкім- қаралардың, ру басыларының алдын да айылын жимайды. Сол арқылы Әріпжан ақын Тарбағатай өңірінде өмір сүрген бірқатар ел адамдарының бейнесін жасаған. Оларды ақын бірінғай мақтап, бірінғай даттамайды. Әріпжан үшін идел адам жоқ. Ол үшін бірақ ұстаным бар, ол – ақиқатын айту. Біз ақын шығармашылығынан сол ақиқаттың көркем көрінісіне таңдай қақтық.

Әріпжан Жанұзақұлы (1878–1946) – Әріпжанның азан шақырылып қойған аты – Өзімжан. Ел арасында Әріпжан аталып

кеткен. Ақын Бәйжігіттен төрт ата бері Дәулетбай батырдан тарайды.

Әкесі Жанұзақ Шіңәнұлы дейтін кісі ерекше шежіре, шешен ақын болған адам. Шыңғыс хан ұрпақтарының қазақ даласына жасаған жантүршігерлік озбырлығына қарсы Қаракерей Қабанбай батыр мен оның немере інісі Дәулетбайдың ерлік істерін жырлап, тарихта қалдырған және қазақ фольклорының алтын қоры қатарында саналып жүрген «Бақтиярдың қырық бұтағы» атты дастанды жырлаған. Әріпжан кішкентай кезінен бастап әке жолын қуған. Күнді – түнге жалғап жыр айтатын суырып салма ақын болған. Ол отау көтеріп әкеден енші алғанда, мал орнына қызыл тал мен аршадан қилыстырып жасалған, кейін өзіне ұзақ жыл серік болған домбыраны және әкесі жырлаған «Дастархан», «Азат бақыт», «Алпамыс», «Шәкір-Шәкірат», «Нұғман-Назым» қиссаларын қалап еншіге алған екен.

Ақынның өмірі Тарбағатай тауының теріскей мен күнгей бетінде өткен. Өзі де көптеген қисса, толғау, өлең, жыр шығарған. Әкесі жырлап, аяқтай алмаған «Бақтиярдың қырық бұтағы» дастанын жырлап, аяқтаған.

Әріпжан Жанұзақұлының шығармаларын сөз ету арқылы, оның ақындық қабілетін, шығармашылық шеберлік қырларын біршама пайымдап, сараладық. Көркемдік ерекшелігімен әркез бағаланатын ақын өлеңдері оқыған жанды елжіретпей қоймайды.

Ақындық, азаматтық парызын халық алдында үлкен міндет етіп қойған халық перзенті. Әріпжан ақын отаршылдыққа наразылығын білдіре отырып, нағыз шыншыл поэзия туғызды. Бұл ақынның шығармаларында ел байлығының талауға түсуі, қоныстың тарылуы, зорлық-зомбылықтың күшеюі, паракорлықтың етек жаюы, адамдар мінез-құлқының өзгеріп, ұсақталып, берекесіздікке түсуі тағы басқа жағдайлар кең қамтылып, көркем бейнеленді. Оларды заман қайғысы, өткенді ойлап торығу, алдағы өмірден шошыну зары бір ағымға біріктірді. Бұл жағынан аталған ақындар зар заман ағымы ақындарымен үндесіп жатты, тіпті осы әдеби ағымның өкілдері болды деуге лайық. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа санатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі зар-заман ағымы ақындарын тарих сахнасына шығарды. Олар халықтың жай-күйін ойлаған ұлт қайраткерлері ретінде танылды. Есімдері халықтың жүрегі мен санасында жатталды. өлең-жырларындағы халықтық дәстүр мен шыншылдық қасиет – оның

негізгі мақсаты деп білеміз. Идеялық-тақырыптық ізденістері де өзіндік ерекшеліктерімен ден қойғызып, ақын шығармаларының жанрлық болмыс-бітімі де әр алуан сипатымен көрінеді.

«Әрбір ақынның өзіндік ерекшелігі бар. Бір ақын оқығанын, көргенін, елден естіп білгенін жазба түрінде айтып береді. Екінші біреуі осындай ақындық өнердің үстіне ауыз әдебиетінің нұсқаларын жадында жақсы сақтап, тарихта болып өткен ерлер мен батырлар, ел арасына атағы кең жайылған белгілі адамдар жайында шығармасына арқау еткен жыршы болып келеді. Мұнан бөлек бұрыннан көңілде барын, ойында жүргенін өлең сөзбен кідіріссіз немесе белгілі бір тақырыпқа лезде тоқтаусыз жатқа суырып салып айтатын ақындар бар» [1,69], – дейді Т. Сыдықов. Міне, осы аталған үш қасиеттің үшеуі де Ә. Жанұзақұлының шығармашылығынан табылады.

Әрбір ақындардың шығармашылық сапары, қалыптасу жолдары әр қилы болып келетіні белгілі. Өзінің шығармашылық қуаты мен ұшталған шеберлігін салған жерден, алғашқы беттен бастап танытатын қалам иелері онша жиі ұшыраса бермейді. Қайта көптеген суреткерлер өздерінің жақсы, құнарлы, салмақты шығармаларын талантты толысып, кемеліне келген шақта жазатындығы әдебиет тарихынан мәлім.

Әріпжан Жанұзақұлының шығармаларындағы ұлттық танымды сөз ету арқылы, оның ақындық қабілетін, шығармашылық шеберлік қырларын біршама пайымдап, саралауға болатын сияқты. Әріпжан Жанұзақұлы есімі жыр сүйер қауымға өткен ғасырда өте танымал болғанымен жаңа ғасырда ақынның есімі көмескіленіп барады, өз заманында оның әр жинағын оқырман қауым іздеп жүріп оқитын. Әдетте ақынның бізге жетіп отырған жырлары кер заманның зарлы шежіресі. Әрі ақын, әрі жыршы, әрі әнші- күйші, сазгер ел еркесі халқына қандай қиын заманда болмасын сөзбен сүйеу, ән- күймен демеу болған. Сауық құрған, жұрт көңілін жадыратқан. Ақынның «Домбыра, гармон алушы ем, ат басына жем іліп, сайран бір салып жатушы ем» дейтіні де сондықтан, Арапша сауатты, орыс, татар тілдеріне жеттік, қазақтың арғы-бергі тарихынан хабардар, Тарбағатай тартып, Семей, Өскемен, Алтай, Зайсан өңірін, арғы беттегі қазақтар арасын еркін аралаған ақын көрген-білгенін – білгенінің модығы, ой өрісінің кеңдігі шығармаларынан айқын аңғарылады. Сонда да өз заманының өнер-білімін жете меңгеріп оқи алмағанына ақын өкініш білдіреді:

Ойласам қайрат толы жастық шақта,
Білімге тайғақ бопты табанымыз.

Бітірген дәнеңе жоқ құо келіппіз,
Алынбай алда тұрған қамалымыз, дей отырып, «Өнер мен білім
ізден ендігі жас, сендерге міндеттедік жаңаны біз», - деп, жастарға
Абай мен Алаш арыстарының өнегесін үлгі етеді. Соған қарағанда
сол уақытта шыққан кітаптар мен газет- журналдары Әріпжан ақын
үзбей оқыған. Оған сол кезеңнің лебі есіп тұрған мына өлеңі куә:

Қаз едім қатар ұшып саңқылдаған,
Дариға-ай, сазға қонып салқылдаған.
Халықтың адамының бәрі мәлім,
Кім қалды таразыға тартылмаған.
Дегендер « мен жақсымын» толып жатыр,
Жақсылығы өз басынан артылмаған.
Тақылдап құр пысықсып сөйлейтін көп,
Екпіндеп ұшқыр атша алқымдаған.
Бос белбеу, бозаң туған бозбала көп,
Киіздей шала басып қарпылмаған.
Еңкеңдеп ет аңдыған шалдар да көп,
Қайықтай толқындағы қалтылдаған.
Ақ көңіл алаң- бұлаң адам да көп,
Есептеп азын көпке аңқылдаған.
Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,
Ұмытып, талап ойлап талпынбаған.
Солардың қатарында жүрміз бізде,
Мәз болып құр көңілге жарқылдаған.

Әріпжан ақынның шығармашылығындағы аса көзге ұрып
көрінетін басты сипат-шынайылығы. Ол қай кезенді, қандай
оқиғаны өлеңге қоспасын ойындағысын бұлтасыз, еркін, ірікпей
айтады. Оның шығармаларында біреудің ығына жығылып, саясат
саясын сағалау жоқ. Ол патша отаршылдығын да оңдырмайды,
Кеңес өкіметінде көгертпейді, Қытайдың қақпайынада түспейді.
Өлеңді еркін өзінің патша көңіліне билетеді. «айтқаным заманымнан
алған сырым», – деп өзінің көргені мен білгенін, түйгені мен
түйсінгенін жайып салады. Ел билеушілердің, болыс-билердің,
әкім- қаралардың, ру басыларының алдын да айылын жимайды. Сол
арқылы Әріпжан ақын Тарбағатай өңірінде өмір сүрген бірқатар
ел адамдарының бейнесін жасаған. Оларды ақын бірінғай мақтап,
бірінғай даттамайды. Әріпжан үшін идел адам жоқ. Ол үшін бірақ
ұстаным бар, ол – ақиқатын айту. Біз ақын шығармашылығынан
сол ақиқаттың көркем көрінісіне таңдай қақтық.

Лириканың түрлі жанрында қалам тербеген ақын одан өзінің
шығармашылық бақытында таба білді. Енді ақын өлеңдерінің
табиғатын тану жолында ізденістер жасап көрелік.

Ақын бірқатар өлеңдерінде туған жерін, өскен өлкесін,
табиғаттың тартымды көркін сипаттайды. Бұл тақырыптар әр
кезде де ақын қаламына оралып отырған. «Туған жерді сағыну»,
«Тарбағатай, Маңырақ», «Көш сыры», «Құлыстай жерінде» тәрізді
туындыларында туып өскен жерге білдірілген ыстық сезімі мен
мол сағынышы:

Қызыладыр, Толағай,
Тау- тасың елге тола ма- ай?
Жүз мақтасаң Орқашар,
Өз жеріндей болама- ай?

Мекен еттік емілді,
Жер екен жақсы көңілді.
Өз жерімді ойласам,
Қабырға- қолқам сөгілді.

Бұл үзінді «Тарбағатай, Маңырақ» өлеңінен алынды. Ақын бір
сәт қиялға ерік береді.

Әріпжан өлеңдеріндегі үлкен тақырып – туған жерге деген
сүйіспеншілік. Бұл жағынан келгенде ақын өлеңдері Асанқайғы,
Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар сияқты жыраулық поэзиядағы
ел ауа оқиғаларын, «еркін көшіп, ел жайлаған» ата мекенге деген
шексіз махаббат сарынын еске салады. Ақынның бұл тараптағы
өлеңдері жат елде жүргендегі туған жерге деген сағыныштан туған.

Мен сағындым елімді,
Туып бір өскен елімді.
Жырлады деп сөкпендер,
Тарқатайын шерімді.

Тарбағатай, Маңырақ,
Мекені Жұмық баласы.
Малға толған мыңғырып,
Сайы менен саласы.
Қайта оралып қонысқа,
Жазылар ма жүрек жарасы.

Терісайрық, Ласты,
Таудан аққан өзенім.

Мекендеген Жұмығым,
Сайрандаған өз елім.
Туған жерді сағынып,
От болып жанған өзегім,

– дей отырып ақын ата қонысының кең панорамасын жасайды.

Әр қыстау, жайлау мен күзеу, бастау мен бұлақ, тау мен тас, қараған- бұта бөр- бәрі ақынға ыстық. Шіліктіден тартып, Шорғаға дейінгі Қабанбай батыр мен Дәулетбай батырлар қоныстандырған Үш Бәйжігіттің бір бұтағы Алты жұмыққа тиселі ұланғайыр шұрайлы өлкенің бар келбетін санамалап сүреттеп шығады. Мұның өзі Т. Жолдыұлының «Ленің сипаты» атты өлеңдер циклін еске салады. Ақын бұл тақырыпты айналып соғып, үзбей жырлаған, мәңгілік тарқамайтын шер- мұңына айналдырған.

Қорыта келгенде, Тарбағатай тауының күнгейі мен теріскейінде халқына қаншама танымал болсада, туған ел, туған жерден айырылған қасіретті көштердің кесірінен бүгінде ұмыт бола бастаған ақынның замана шындығын шынайы жырлаған ақынның елім, жерім деп туып, туған жерінен топырақ бұйырмаған мұндай талантытар қазақ тарихында аз емес.

Әріпжан ақынның көп шығармалары ұымт болған, оны толық жинақтау, саралау, кем- кетігін толықтыру алдағы уақыт еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Жанұзақұлы Ә. «Өлеңдер, Толғаулар, Дастандар». Өскемен, 1992 ж.

2 Жанұзақұлы Ә. «Дүние- Керуен». Алматы, 2006 ж.

МӘШҮР ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

СҮТЖАНОВ С. Н.

ф.ғ.д., профессор, Гуманитарлық жоғары ғылымдар мектебі,
Павлодар педагогикалық университеті. Павлодар қ.

САРСЕНБАЕВА Б. Ғ.

п.ғ.к., профессор, Педагогика жоғары мектебі,
Павлодар педагогикалық университеті. Павлодар қ.

ҚУРМАНГОЖАЕВА Ә. С.

ф.ғ.к., доцент, Тілдерді дамыту орталығы,
Алматы менеджмент университеті, Алматы қ.

Ислам әдебиеті әлемінде, оның ішінде суфистік поэзияда шығыс шайырлары небір шоқтықты туындыларды тудырды.

Мәселен, ғазал жанрында олар өздерінің софылық таным-түсініктерін өлең деңгейіне салып, тамаша дәстүр қалыптастырды. Бұл жөнінде шығыстанушы, теолог-ғалым Ислам Жеменей былай дейді: «Шығыста қызғылықты әдеби дәстүр қалыптасқан. Ол бұрынғы бір ақын басып кеткен жолды екіншісінің қайта басуы, жанғырта жырлауы. Осы әдеби дәстүрді «жауап» дейді, «жауаптың» «назира» дәстүрінен өзгешеліктері де бар. «Жауап» кейде алдыңғы ақынның көркем туындысына еліктеу, соның үлгі-өрнегі негізінде жаңа шығарма жазу» [1]. Шынында, шығыс шайырларының шығармаларының тереңіне сүңгіп, тұнығына жүзу қиынның қиыны. Олай дейтініміз, астарлы түрде айтылып, ишарамен берілетін, ойды тұйығына тыққан ғазал мен рубаиларына тіс бата бермейді. Екіншіден, ол дүниелер қазіргі таңда оқырманға парсы не араб тілінен тікелей балама арқылы емес, орыс тілінің аудармасы арқылы жетіп отыр. Сөйтіп рухани құндылықтар біршама құнарын жоғалтып, кейде тіпті мағынасы мүлдем өзгертіліп беріледі. Сопылық поэзияның ең алғашқы қалыптасқан, даму сатысында көптеген сопылық термин, ұғымдар ұшырасып отырды. Ол терминдер мен образдардың бейнеленуі зиялы қауым түсінігіне ғана сәйкестелді. Мәселен, «Жарым», «ием», «досым» деген сөздер Құдайды «Махаббат» – Алламен бірігуді, «шарап» – софылық оқуды, ал «аяқшы» – жетекші деген мағынаны білдіреді.

Сопылық дәстүрлі поэзияны басқа түрге енгізіп, оған ерекше символдық стиль берді. Басқаша айтқанда, Аллаға деген махаббат және онымен бірігуге ұмтылу сопылық лириканың негізгі тақырыбы болды. Сопы ақындар Аллаға деген сезімдерін – шынайы махаббатқа не әйелге ынтықтыққа ұқсатады, ал Алламен бірігуді – мастыққа теңейді. Сопылық поэзия дидактикалық үлгіде, яғни өсиет сарындас болады. Сопыларға ол (дидактика – С.С.) тек Алланы танып білу үшін қажет құрал іспетті. Сондықтан олардың өлеңдері астарлы, мағынасы құпия түрде беріледі. Нақтылай айтсақ, өмірден туындайтын ғашықтықты Алланы сүю, оған қосылу сезімін жеткізудің аллегориялық тәсілі ретінде пайдаланады. Шығармаға басқаша түс пен мән береді.

Шынында, сопылық термин, ұғымнан махрұм оқырман шығарманы кері мағынасында түсініп, тіршілікте ұшырасатын махаббат сезімін сол қалпында қабылдайды. Сопылық лириканың озық үлгілеріне тән бұл ерекшеліктер оларды тудырушыларға зор бедел әкелді. Мәселен, дерек көздеріне сүйенсек, мәсневиді жанрын түрлендірген сопы ақын Жалаладдин Румиді жерлеуге басқа дін

өкілдері де қатысқан. Бұл – сопылар тобының жетекшісі, шейх шайырдың көзінің тірісінде-ақ соншалықты беделді болғанын байқатады. Сондай-ақ, бүкіл әлем оқырманын тамсандырып, жауһар жырлар мен даңқты дастандар жазып қалдырған Омар һәйям, Қожа Хафиз, Науаи тіпті өзіміздің Абай да суфизмнен алшақтап кете алған жоқ. Ол шайырлар сопылықпен суарылған, хақиқат хақында шиырлаған шығармалар берді.

Шығыс шайырларының шығармалары басқа ел әдебиеттерімен қатар қазақ әдебиетіне де зор ықпалын тигізді. Әсіресе, жазба поэзия жанрлары шығыстық дәстүрді бойына сіңірген каньондармен толысты. XX ғасыр басындағы жазбагерлердің шығармаларындағы шығыстық элементтер, сопылық сарындар осыны аңғартады.

Сонымен қатар, сопы ақындар өздерінің сырын ішке бүккен, күрмеуі қиын ой-тұжырымдарын мысал түрінде жеткізуге тырысқан. Мысалы, «Месневиімен» әлемге әйгілі Руми «Жылан ұрлаған ұры» атты мысалында бір қарақшының ақымақтықпен арбаушының жылағанын ұрлағанын, сөйтіп өзі ұлы жәндіктің құрбаны болғанын баяндай келіп, мынандай қорытынды шығарады:

Қанша адам тірлікте пайда іздеп,
Бар жақсысын жоғалтып, табады індет [1].

Осы тұрғылас шығармалар қазақ поэзиясында да жиі кездеседі. Атап айтқанда, XX ғасыр басындағы әдебиеттің көрнекті өкілі Мәшһүр-Жүсіп «Жарты нан хикаясында» бір жалаушының сандыққа кез болып, одан шыққан айдаһардан құтылудың қам-қаракеті баяндалады. Жолшыбай кездескен отыз кісі де, бес адам да оған еш жәрдем бере алмайды. Тек жарты адам ғана айла тауып, айдаһарды сандыққа қайта тығады, сөйтіп жолаушыны ажалдан құтқарады. Жазбагер бұдан мынандай қорытынды шығарады:

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,
Бес кісі – бес намазың, білемісің.
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.
... Танып қой, танымасаң, мен боламын,
Дүниеде қылған қайыр – жарты наның! [2]

Мәшһүрдің бұл ой-пікірі «қайыр, ықсанның сауабы мол» деген түсінікке негізделгені және оның сопылық таныммен сабақтастығы байқалады. Сопылардың түсінігінде, «қайырымдылық» рухани тазарудың бір белгісі іспетті.

Қалай десек те, ислам рухында жазылған, Хақ жолын мақсұттаған туындылардың мән-мағынасын ашып, анықтаудың

маңызы өте зор. Бұл, біріншіден, түркілік әдебиеттің тынысын танып, таңбалау үшін, екіншіден, қоғамымыздың қазіргі кезде дін-исламға жақындай бастаудың қажеттілігінен болса керек. Сондықтан да діни дүниетаным мәселесі арнайы тоқталуды қажет етеді. Ислам әлемін неғұрлым тереңірек таныған сайын, соғұрлым оның тұңғиығына сүнгіп, інжу-маржан ілерің сөзісіз.

Рас, Мәшһүр Жүсіп тәңірге табынып, құлшылық еткен, бес уақыт намазды қаза жібермеген тақуа, пірадар адам болған. Ол Бұқара, Самарқанд шаһарларында жүрген кезінде дін оқуын тәмамдап, оны толық меңгереді. Оның дүниетанымында діни наным-сенім айрықша орын алады. Сондықтан бірқатар ғалымдар М. Ж. Көпеевті XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық ой-сананың, діни-мистикалық ағымның өкілі деп танып келді. Ал, аталмыш ақынның шығармаларын идеялық-эстетикалық мазмұн-мағынасына қарай қарастырып, тереңірек үңілсек, бұл пікірдің оғаштығына айқын көз жеткізер едік. Әрине, бұған бертінге дейін үстемдік құрып келген сыңаржақ идеологияның шешуі ықпал етіп келгені талассыз.

Жастайынан құранды жаттап, діни тәлім-тәрбие алған Мәшһүр шариғат ережелерін бұрмалаған қожа-молдаларға қарсы болып, өмір бойы күрес жүргізіп өтті. Құран сөздерін түсінбейтін, «әліпті таяқ деп» білмейтін дүмше молдалардың іс-әрекеттерін шенеп:

Өсекті қожа менен молда айтады,
Басқадан олар тіпті онды айтады.
Арасын ағайынның балдай тәтті,
Дау-жанжал ұрыспенен молайтады [2],

– дейді. Онсыз да жоқшылықтың тауқыметін тартқан ел-жұрттың ішіне іріткі салып, онан сайын бүлдіріп отырған қожа-молданың қылығын бетіне басады. Ол дін өкілдерінің құран қағидаларын бұрмалап, шарттарын дұрыс атқармайтындығын айтып, жазғырады. Бұл шығармаларды талдау барысында Мәшһүр Жүсіптің дінді, яғни Тәңіріне табыну адамның этикалық-адамгершілік табиғатын шектейтін тылсым күш емес, керісінше тазаруға ықпал ететін фактор ретінде түсінігін айқындаймыз. Дінбұзар дүмшелерге қарсы майдан ашуы да осындай азаматтық кредосы мен шығармашылық танымына байланысты еді.

Сонымен қатар, М. Ж. Көпеев дүние мен адамды жаратушы Тәңірдің құдыретті күші туралы да жазады. Оның айтуынша, өзінен тіршілік иесі жоқ кезде құдыретті Алла-тағала екі түрлі кесектен бірі

– еркек қасиетті «Кэфті», екіншісі – ұрғашы қасиеті бар «Нонды» жаратқан. Осы екі кесектен бүкіл тіршілік тарағанда ұқсайды.

Рас, құдыретті Алла-тағаланың адамзатты екі кесектен жаратқаны жайында құранда жазылмаған. Соған қарағанда, Мәшһүр Жүсіп бұл пікірді ескі араб не парсы жазбаларынан алғанға ұқсайды.

Міне, осындай дінге қатысты ой-тұжырымдары Мәшһүрдің жалпы дүниетанымының, философиялық топшылауларының дұрыстығын айғақтайды. Мәселен, біз осы күнге дейін маркстік идеалистердің «адам маймылдан жаратылды» (ендеше, қазіргі маймылдар адамға неге айналмайды?! – С.С.) деген пікірін мақұлдап, соны дәлелдеумен келдік. Ал, ол – жаратылыстың заңы, құдыреттің күшті екендігін мойындамадық. М.Ж.Көпеев сияқты ғұлама ойшылдардың ой-пікірлері бұған қайшы келді. Сондықтан да оларға «діншіл», «панисламист» деген айдар тағылып, асыл мұраларын оқуға тиым салынды.

Бұл ретте тағы да Мәшһүр Жүсіптің пәлсапалық ұғымдарына жүгінсек болады. Ол ескілікті, наным-сенім жайында да топшылауларын ортаға салып, шайтанға қожа-молдалардай емес, басқаша түсінік береді: «Гүрілдеп ағып жатқан өзен адамның денесіндегі қан. Әй, жігіттер, естерінде болсын, оны «шайтан» дейді. Ол бір кесек нәрсе емес, денеңе арам қан болып кіріп, жүрегіңе барып, жүрегінді толқытып, өзіңді бұзады. «Шайтан» сол – қан бұзылса, кісі бұзылады. «Шайтан» деген өзіңнің ойың. Ой иесі «шайтан» жүрегіңе неше түрлі ой салады...

Олай болса, көп ішіп, көп жеумен екі нәрсе көбейеді. Бірі – қарын, бірі – көңіл. Бұл екеуі бойында толық тұрғанда – тұрғаныңның бәрі – өз басыңа у болғаннан басқа пайдасы жоқ. Адамды адам санына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап «жұмбақ» екенін білді де ішіп-жемекті аз қылды. Ол екеу аз болған соң, ұйқы бөлінді, сергек болды. Содан соң күлкісі кеміді. Денедегі арам қаны азайды. Арам қан азайған соң, жүректі барып, ұйтқытып бұзатын дәнеме табылмады. Сонан соң бұл адамнан нәпсі-дәмі бәрі атымен жоқ болып, көңілі күш-қуат алып, періште сипатта болды. Аз жеуді, аз ұйықтауды, аз сөйлеуді мұрат тұтты», – дейді. Сөйтіп, шайтанды ақын дербес малғұн, көзге көрінбейтін азғырушы емес, адам денесінде, қанда бар нәрсе деп ұғынды.

Ел-жұртының тұрмыс-тіршілігіне көңілі толмаған, келеңсіз іс-қылықтарына күйінген, жаны жадау ақын көңіл көншітер медет іздеді. Бала жастан алған тәлім-тәрбиенің әсерімен Мәшһүр бір ғана Хақ-тағалаға табынып, соның ғана мархабатына сенді, жан жарасына

содан шипа тапты. Ол дін адалдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелейтін бірден-бір құрал деп түсінді. Құдай жолы әділеттіліктің ақ жолы деп түсінген ол ислам дінін уағыздап, халқына осы бағытта жол сілтеді. Құранды, пайғамбар жолын дұрыс, бұлжымайтын қағида деп біліп, дін мен ғылымды ұштастыруға талапталды. Өкінішке орай, коммунистік партия үстемдік құрып, өз диктатурасын жүргізген дәуірде көбіміз Мәшһүрдің дүниетанымына, философиялық ой-тұжырымдарына қатысты пікірлердің байыбына барып, тереңіне сүңгі алмадық.

Бұл секілді ой-тұжырымдар концепциясы діни-сопылық таным-түсінік аясынан алшақ еместігі анық. Мәселен, Құран-Кәрімде Ібіліс-шайтан жайында былай делінген: «Әй, мүміндер кім шайтанның басқан іздеріне ерсе, күдіксіз ол ұятсыздықты, жамандықты меңзейді (24-Нұр сүресі, 21-аят) [4].

Сөйтіп, Құранда жазылғанға қарап, мұсылман теологтары шайтанды Адам-ата мен Хауа-ананы күнәһарлыққа итермелеуші деп таниды. Бірақ, бұл іс қайырымдылықтан туындаған нәрсе іспетті. Әйтпесе, яғни Адам күнә жасамаса, жұмақтан қуылып, жер бетінің иесі болмас па еді, қалай?!

Сопылық таным негізінде шайтанның арбауына ілігіп, адамның күнәлі болуы Інжіл мен Құранға қарағанда, басқаша түсінікті білдіреді. Нақтырақ айтқанда, сопылар ойынша, шайтан Құдайдың жауы емес, қайта адамды сынау ісіндегі жақтасы. Жалпы бұл – суфизмде шайтанды ақтап алу тенденциясының барын көрсетіп, ол ілімді зерттеушілерге негіз болды. Суфизм теологтары мұндай тенденцияның ислам ілімінің көрнекті өкілдері – Мансұр әл-Халладж, Фаридаддин Аттари және т.б. сопы шайырлар көзқарастарында көрініс тапқанын айтады.

Ал, XX ғасыр басындағы Шығыс әдебиетінде шайтанды «қатыгездікті жақтаушы мәңгілік күш-қуат иесі» ретінде романтикалық сарында суреттеу байқалады. Бұл сарын, әсіресе, классикалық үлгілі туындылар беруші мұсылман ақыны Мұхаммед Икбал шығармасынан айқын көрінеді.

Сондай-ақ, суфизмде әуелден бар бұл тенденцияның сол тұстағы қазақ әдебиетінің діни ағартушылық өкілдерінің шығармаларында байқалғанын айту ләзім. Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» атты мысал өлеңін алайық. Осы шығармада шайтан образы романтикалық түрде бейнеленіп, адамның өз іс-әрекет, қылығының алдындағы жауапкершілігі төмендеген. Соның әсерінен, атап айтқанда, шайтаннан өсек-өтірік, зорлық-зомбылық күншілдік пен

тіленшектікті сатып алған адамдар образы айшықталып, сопылық таныммен өзектес тұжырым туындаған. Мәселен:

Шайтаннан қылды сауда көтерме алып,

Орнына бұлар жүрді, шайтан қалып [2],

– деп мыңдап мал айдап, дүниеге молыққан байлар мен Құран сөзін бұлдап, жұртты алдап байыған «жалған» қожа-молдалардың бейнелері әшкереленеді. Ал, оларға қарсы бағытта алынған шайтан образы жоғары деңгейде көрінген.

Міне, сөйтіп шығарма сюжеті негізінде – Ғайса пайғамбар (ғ.с.) жеңіледі де, шайтанның айтқаны дұрысқа шығады. Адалдықтың, діннің тұтқасы саналатын молда, қожалардың барлығы алдымен өтірікті, ұрлықты, күншілдікті, зұлымдықты сатып алушы болды. Шығарма соңында Мәшһүр Жүсіп мұның бәріне қорытынды жасайды: «Заман азды, дін бұзылды, адамдардың ішінде адал, әділ жан қалмады, шетінен өтірік, ұрлық, зұлымдыққа үйір болып кетті», – дей келіп, – «осыларды айтушы дүниеде жалғыз мен ғана, ең ақыры өзімнің қатын-балам да азған адамдардың қатарына жазылып кетті», – дегенге саяды. Әрине, бұл пікір ақынның көңіл-күй кірбінінен, ішкі күйзелістен туындаған, бір сәттік көріністі білдіретін сәтті шыққан толғаныс түйіні екені мәлім.

Жазбагер қызғылықты шығармаға арқау етіп, одан өзіндік ойтұжырым жасайды. Мұнда ар мен жан тазалығы, әділдік идеясы ерекше сипатқа ие. Жалпы, бұл – сюжеті қызық әрі қоғам көсемдерін әшкерелеген өткір де зілді мысқылға толы көркем шығарма.

Шайыр өз заманындағы озбырлыққа, әділетсіздікке, надандыққа, жалқаулыққа қарсы шыққан күрескер ретінде көрінеді. Оның мақсаты- қоғам өміріндегі зиянды, жексұрын қылықтарды әшкерелей отырып, халықты солардан жиренуге, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу болды. Осы мақсатты іске асыруда әр алуан эстетикалық- адамгершілік қарым-қатынастарды тұспалдап, көкейге қонымды, түсінікті етіп жеткізу үшін ақын мысал жанрын шебер әрі ұтымды пайдалана білген.

Осы орайда айта кететін бір жайт, ол – шығармада сюжет қолдану, яғни мысал өлең шығару үрдісі ежелден Шығыс әдебиетінде, оның ішінде суфистік поэзияда бар дәстүр екені. Ал, Мәшһүр Жүсіптің осы тақылеттес шығармалар жазып, сопылық әдебиет дәстүрін жалғастыруы – оның шығыс поэзиясынан мол хабардар болғандығын және соның ықпалында туындылар бергенін дәлелдейді.

Сайып келгенде, Мәшһүр Жүсіп мұрасының маңыздылығы – ол тудырған шығармалардың өзегі болып табылатын діни дүниетанымда, әсіресе, исламның жүрегі саналатын – сопылық таным-түсінікпен сабақтастығында деп түсінген жөн.

Біз жоғарыда суфистік поэзияның негізін қалап, оның көркеюіне айтулы үлес қосқан шығыс шамшырақтары – Руми, Сағди, Жәми секілді шайырлардың шығармаларындағы сопылық сарынның соны жақтарын көрсетіп, кейбір туындыларының атын атап, түстеп беруді жөн көрдік. Ондағы мақсат, біріншіден, шығыс жұлдыздары әлем жұртшылығын таңсантақан туындылар бере отырып, адамзат көшінің түзелуіне үздіксіз үлес қосып келгенін айту еді. Екіншіден, тоталитарлық төртіп үстемдік құрған тұста ол дүниелерді ашып көру мүмкін болмай, бай қазынаға құлып салынды. Соның кесірінен туындаған дінге деген солақай көзқарастың салдары бұған қолбайлау болуда.

Бүгінгі күні ол асыл мұраларға сара жол ашылды. Сөйтіп, өткендегі өкініштердің орнын толтырып, рухани құндылықтардың бағасын бағамдауға мол мүмкіндік туып отыр. Ендеше, көзі қарақты, көкірегі ояу оқырманның құндақтаулы қазынамызды көріп, көңіл қойғаны, рухани азық алғаны абзал шығар. Алға қойып, көздеген негізгі мұрат та -осы болмақ!

Сайып келгенде, Мәшһүр Жүсіп мұрасының маңыздылығы – ол тудырған шығармалардың өзегі болып табылатын діни дүниетанымда, әсіресе, исламның жүрегі саналатын – сопылық таным-түсінікпен сабақтастығында деп түсінген жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жеменей И. Хафиз және қазақ әдебиеті. – Алматы, 2000, 35 б.
- 2 Джалаладдин Руми. Поэма о смысле. Притчи. Москва. 1986
- 3 Көпеев М.Ж. Хал-ахуал. Өлеңдер жинағы. Қазан, 1907. 20 б.
- 4 Құран Кәрім. Қазақша мағына мен түсінігі (Х. Алтай). -Медине: Екі харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран Шәрифбасым комбинаты, һижри 1412, мілади 1991. - 664 б.

МӘШҮР-ЖҮСІП: ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР МЕН ТІЛДІК ТҰЛҒА

ТРУШЕВА Ш. Ж., ТРУШЕВ А. Қ., ТРУШЕВ Ә. А.
докторант, филология ғылымдарының докторы, доцент,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Тілдік тұлға. Өзінің күрделі де қайшылықты ішкі әлемі бар, дүниедегі (материалдық, идеялық) зат, құбылыстарға өзіндік көзқарасы, қарым-қатынас межесі қалыптасқан, өзін-өзі, өзі және өзге, өзі және жаратылыс атаулымен ерекше диалог орната білетін үлкен сана мен тіл иесі, шын мәніндегі Адам, оның тілі арқылы танылатын бейне [1, б. 305]. Мінекей, Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы шешендік сөз (тіл) арқылы әлемнің (түркі-қазақ елінің) тілдік бейнесін де танимыз. Бұл – шешендік сөздер ауызекі тілде ауыздан ауызға (ауызша мәтін) жеткен. Ұлы Даланың ең бірінші, риторикалық өнердің қас шеберлерінің сөзбе сөз айтысын көрсетсе, екіншіден, мінез-құлқын, ешкімге ұқсамайтын құқық ережелерін, мәдениетін, салтдәстүрін, әдет-ғұрыпын т.б. қысқаша айтқанда қазақ өмір сүріп отырған ортаны, оны қоршап тұрған әлемнің (тау-тас, аң-құс, өсімдік-шөп, су-өзен, мал-егін шаруашылығы т.б.) осы додада шынайы тілдік бейнесі анық көрінеді. Шешендік өнерге түсетін адам арнаулы дайындықтан өткен, ұтқыр, ойлы сөзімен және тез-шапшаң сөз тауып қолма – қол терең ойлы жауап беретін, асы қабілетті, дара жан болған. Олар «ұзын құлақ» сымсызтелефон арқылы – шетелдердің (көрші елдердің) де хал-ахуалын біліп отырған, хабардар болған. Ал өз елінің, әсіресе басқаның да (қазақ ішілік ауылдар т.б.) шежіресін, тарихын өте жақсы білген. Шешендік дауға түсетін адамға кіршіксіз, міні жоқ талабы қойылған. Шешен адам өткен-кеткен тарихты біліп қана қоймаған, есте сақтау қабілеті жадысы да күшті болған. Адольф Янушкевич Құнанбайдың шешендігі туралы: «Құнанбай сөйлеу үшін жаратылған машина ғана емес, ол тек бұрамағанда ғана тоқтайтын сағат дерсін. Төсектен тұрысымен-ақ сөйлей бастайды, содан көзі ұйқыға кеткенше толассыз сөйлеп береді. Минут сайын ақыл сұрап қазақтар оған келіп жатады. Қос қолын мықынына таянып, екі-үш сөзден кейін-ақ шарифаттан үзінді келтіріп, ол абызша сұңқылдап кетеді. Оның жадына сақтау қабілеті таң қаларлық, үкіметтің барлық указдары мен жарлықтарын кітаптан оқып отырған адамша жатқа айтады», – деген [2, б. 188]. Осыдан артық Ұлы Дала шешендері туралы бірденке деудің өзі

артық болар. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында дүниенің тылсым сырларынан бастап, ұтқыр сөз, ойлы сөз, ым сөз, жұмбақ сөз, сөт сөзі, соғыс ым тілі (барлаушылар қолданған), кесім сөз, құпия сөз т.б. кейбір түрлері кездеседі. Шешендік сөздер ұлттық мәдениеттің таза, шынайы көрсеткіші (этномәдени т.б.). Шешендік дискурс формасы бізді өткен ғасырға жақындатқан сайын, қазіргі шынайы өмірден соғұрлым алшақтай бастаймыз. Дегенмен, шешендік дискурстан үлгі алатын жақтары өте көп. Ол – біздің мәдениетті өмір сүру салтымыз екенін түсінеміз. Уақыт пен кеңістік арасындағы тілдік тұлғалар арқылы дәуір тынысын сезіну, сол арқылы тілдің маңызын білу, тану біздің басты міндетіміз. Ұлы Дала ауызекі дискурс мәдениеті – кейінгі ұрпақ үлгі тұтарлық құндылық екені көрінеді. Сол заманда отырғандай күй кешесің, сол заманның ауасын, суын, тамағын, тұрмысын сөз арқылы сезінесің. Сөздің дәмін де татасың. Тіптен, кең далада аспан астында немесе киіз үйде отырғандай әсер аласың. Ат үстінде сөйлесіп бара жатқан қазақтың қасында бірге еріп кетіп бара жатқандай боласың. Қазақ кім әділетсіз болса соған басын иемейді. Қазақтың қайнап тұрған қанынан құл болып, күң болып көрмеген даланың мінезін, жүген құрық тимеген асау, қас тұрпатын көресің. Адольф Янушкевич: – Бірде Шәуешекте болғанымда, – деп әңгімеледі Барақ маған, – басқаларға қосылып сондағы алдайға (комендатқа) бардым. Жасы үлкендер алдында иілетін біздің әйелдеріміз секілді менің жолдастарым оның алдында тізе бүкті; мен болсам, сый-құрмет белгісі ретінде қолымды жүрегіме апардым. Жаурынымның иілмегендігіне таң қалып, алдай басқалар сияқты менің неге тізе бүкпегенімді сұрады. -Бұндай құрмет тек жасағанымға ғана тиеселі, – дедім мен, – ал сен құдай емессің. Жауабын естіп, терісіне сыймаған алдайым: – Мен саған бұйырамын! – деп, шаңқ ете қалды. – Сен, – дедім мен көнбестен, -маған бұйыруға хақың жоқ, мен сенің бұйрығыңды орындамаймын. Егер саған менің келгенім ұнамаса, сау болғайсың! Бұл сөздерім шүршітті (қытайлықты) жұмсартты, ол менің отыруымды ғана өтініп қойған жоқ тіптен, мені басқалардан айрықша қабылдап, шаймен, әртүрлі тағамдармен сыйлады. Мен ештеңе ішіп-жей алмадым, өйткені жылан етін, қытай аспаздарының осы секілді басқа да дәмді тағамдарын аузыма татып алған емеспін. Жалпылай сыйпаттасак, бұл – барондық бейне, бұқараны өз соңынан ертіп, оны өз мақсаттарын орындауға көндіре алатын рухты қуатты адамның бейнесі осы, – деп бағалаған [2, б. 47–75]. Бұл мысалдан жеке адамның ғана мінезі емес, тұтас қазақ ұлтының да мінез

күлкі, әдет-салты көрінеді. С. М. Артюнян ұлттық мінезге «ұлттың тарихи дамуының ерекшелігімен, материалдық өмір ықпалымен қалыптасатын, оның мәдениетінен көрінетін ұлттық әдеттер мен эмоциялардың өзгеше ұлттық көрінісі (С. М. Артюнян. *Нация и ее психический склад*. Краснодар, 1966, 31 б. Н. А. Ерофеев. *Туманный Альбион*. Англия и англичане глазами русских. 1825–1853. М., 1982, 16 б.) [4, б. 169]. Тер-Минасовова Кең тараған пікірлерге сүйенсек, ұлттың мінез дегеніміз – белгілі бір ұлттың өзіне ғана төн, өзгеше мінез-құлықтардың жиынтығы емес, жалпыадамзаттың мінез-құлықтарының өзгеше әмбебап жиынтығы – екендігін жазады. Расын да Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында және қазақ даласындағы билер мен шешендердің, ғұламалардың, сұлтандардың, даналардың, ақын-жыраулардың қалдырған ауызша тараған рухани құндылықтарда, көне түркі жазба мұраларындағы сақталған тілдік деректер аса құнды. Ол тілдік деректер түркі-қазақ елінің мәдени өмірінен сыр береді. Демек, бұл – дереккөздер бір ғана кісінің тұрпатын көрсетпейді, соған қатысқан айналасындағы материалды (қамшы, домбыра т.б.), материалды емес дүниелердің де қатысын білдіреді. Сайып келгенде ұлттық мінез-құлық қоршаған ортада да айқындалады. Бір себептен, мінез-құлық басқа елдермен ұқсас болуы да мүмкін. Оның басты нышаны ерте уақытта көшіп-қону, жер ауып кету т.б. Бірақ та бұл – мінез-құлық өзімен бірге алып барған елдің мәдениетінен, тілінен, өмір салтынан ғана көрініс табуы мүмкін. Олардың сөзі ұзақ жылдарға сақталып қалады. Дегенмен, отырықшы елдің мәдениеті, көпшілік тілдің ықпалы, әдеті-ғұрпы-салты аздап-аздап әсер етіп, бірте-бірте еніп, ығыстырары да сөзсіз. Сондықтан да этникалық халық бір жерде топтасып өмір сүргені өте дұрыс. Тіл бір күнде жойылмайды, тілдің жоғалуы ұзақ үрдіс, дегенмен, ондай қайғылы оқиғаларға жол бермеген жөн. Түрлі әдістер арқылы күресе білу аса қажет. Тіл әрқашан да мемлекеттік қолдауға зәру екені айдай анық. Қазақтар қолданатын «шешен» сөзінің түп төркіні – дана, ақылды деген мағынаны білдіреді. Бұл көне монғол сөзі, ерте заманда да дәп қазіргі қазақтар қолданылып жүрген мағынада, аз ғана дыбыстық өзгерісте айтылған. Бізге белгілі шығыс жазбаларында Шыңғыс-ханның арғы бабалары Санан Сеценде Цибибагай – сэцэн (*Qeseh der Qst. M.*) деп аталған. Солтүстік монғолдар – халқастар Соцен, Сэцэнь деп те айтады (Уәлиханов ескертпесі) [3, б. 119].

Мәшһүр-Жүсіп жазып алған шешендік сөздер мағынасы жағынан әртүрлі. Көбінесе қазақ халқының тұрмыс-салтына

байланысты болып келеді. Мәшһүр-Жүсіп ауызша жеткен мәтінді қағазға жазып түсірді. Енді сол мәтіннің жанама авторы да болып табылады. Өйткені, автор бейнесі (адресант) тілді тасып жеткізуші ғана емес, қоғамдық ортаның көзі мен құлағы болып табылады. Қоршаған ортаның шынайы бейнесін де былайша айтқанда өткен ғасыр мәдениетін де жеткізуші. Өзінің бойынан өткізуші. Санада орын алған ой сурет, таңба тілдің грамматикасын жеткізген. Бірақ мәтін қаншалықты өзгерді оның кейбірін ғана қолда бар қосалқы нұсқасымен салыстырып барып, мәтіндік талдау жасауға болады. Ауызша мәтіннің қиыншылығы Мәшһүр-Жүсіп жазып алғанға дейін неше ауыздан өтті, былайша айтқанда ауызша өңделгенде не қосылды, не алынды айтушы (адресант) қандай өзгерістер енгізді белгісіз. Дегенмен, Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағына енген сон, автор (адресант) мәтінін басшылыққа аламыз. Сарқыт Әлісжан автор бейнесі туралы айта отырып: «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоэктік бағыттың белең алуымен орай «автор бейнесі» ұғымы «тілдік тұлға» ұғымына ұласып отыр. Бұл ұғым екі мәселенің басын қосады: тіл және адам (тұлға), тілдік бірліктер мен оған адамның қатысын көрсетеді. Тіл біліміндегі антропоэктік парадигма бірінші орынға адамды (тілдік тұлғаны) шығарады да, ал тіл адам танымын құрастырушы сипатта қарастырылады» (5, 40 б.) [5, 81 б.]. Ежелгі халықтық үлгідегі билер соты. 1. Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітіуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атанау үшін қазақ халқы алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне танылған. Сөйтіп би атағы сот пен адвокаттың істегі патентке айналды да, бидің балалары заңнан тәлімі болғандықтан, әке орнына мұрагер болып қала берді. Қазақ халқындағы мұндай мұрагерлік жайында көптеген мысал келтіруге болады. Орта жүздің қаракесек руында* (*Қаракесек руы- Қарқаралы даласында ежелден тұратын арғын тайпасының бір тармағы, шығысында Ертіс өзенінің, батысында Сарысу, Мойынты өзендерінің тармағына дейін, оңтүстігінде –Балқаш көліне дейінгі аралықты мекендеген.) XVII ғасырдың ақырында Қазыбек деген атақты би болды, олардың тұқымы осы күнге дейін билікке ие болып отыр: Қазыбек Бекболат Тіленші Алшынбай (кітапта бірінің астында бірі жазылған. Үнемдеу үшін қатар жаздық-А.Қ.) Бұған қарап, қазақтарда би атағы

мұрагерлік жолмен беріледі екен деп те ойлауға болмайды. Шорман би Қаржас руынан* (Қаржас руы – қазақ руы. Қарағандының шығысында, Баянауыл тауының оңтүстік, оңтүстікбатысын ала мекендеген.) шыққан атақты, әрі бай қазақтың баласы, бидің баласы емес. Ата-бабасында би болмаған Шорман он үш жасында жиын топта топ жарып, дау шешеді де, өле-өлгенше бала би атанып кетті. Әкесі атақты би болса да, балаларының ол атаққа қолы жетпеген талай қазақты білеміз, – дейді Ш. Уәлиханов [6, б. 135]. Ш. Уәлиханов дала сотының ержелерімен, қазақтың әдет-ғұрпы да сотта ескерілетіні туралы да жан-жақты тарата жазып, айтып өткен. Жалпы, Дала соты жөніндегі асы құнды мәліметтерді оқып, таныса аламыз. А. Байтұрсынов: «Шешен сөздің түрлері» дегенде: Шешен сөздер бес түрлі болады: а) Шешендер жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатпен сөйлегенде – саясат шен сөзі деп аталады. б) Шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, я қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері – билік шешен сөзі деп аталады. в) Біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошаметтеп сөйлеген шешеннің сөзі – қошемет шешен сөзі деп аталады. г) Білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені – білім шешен сөзі деп аталады. ж) Дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі – уағыз деп аталады [7, б. 223]. А. Байтұрсынов шешендік сөздердің түрлерін бес түрге бөледі де сот билігін «билік шешен сөзі» деп атаған. Шешендік сөздерде «билік шешен сөзі» көп кездеседі. Билер сотының әділ шешкен шешімдеріне, қалай сөзді тауып, айыпкерді бұлтартпайтын етіп жазалағанына қайран қалмасқа шараң жоқ. Және аяқ астынан сөз тауып, кесімін тура айтқанына тәнтті боласың. Шешендік сөздердің бәрі де әділ шешімге ие болады. Қилы іс-әрекеттерге орай жауаптар да әрқилы, шешім сөздер де ойлы болып келеді. Қазақ халқының тілінің байлығына, логикасының күштілігіне таң қаласың. Мысалы: Бір түйелі кісіге бір жаяу жолдас болып, сонда түйелі жаяуға: – Түйенің жабуынан бір қолыңмен ұста да отыр, – депті. Сол түйе зорығып өліп, түйелі жаямен дауласып, Торайғырға келген. Жаяу: – Мен жалғыз қолыммен ұстап отырғаннан басқа дәнеме қылғаным жоқ, – деген сон: – Қанша жер ұстап отырдың? – деп, жер мөлшерін сұрап алып, сол айтқан жерге шын қолыңды жоғары көтеріп отырып бар депті. Егер де соған шын қолыңды жоғары көтерген бойыңмен бара алмасаң, түйенің төрттен бірін төле, – депті [8, б. 165]. Зорығып өлген түйенің құнын төлеу, анықтау оңай емес. Торайғыр би:

– Жаяудан қанша жерге дейін түйенің жабуынан ұстап бердың, сол жерге дейін бір қолыңды жоғары көтеріп барасың, бара алмасаң түйенің төрттен бірін төлейсің деп әділ шешімін береді. Зорығып өлген түйе ұзақ жүрген сияқты, әйтпесе анау, мынау жүріске түйе шыдамды келеді. Сондықтан да жаяудың ол жерді жүріп өткенше қолы талады, жоғары көтеріп бара алмайды. Жаяу кісі зорығып өлген түйенің төрттен бірін төлейтіні өзінен өзі белгілі болды. Мәтінде бұл – ой аяқталмаған күйінде дүдәмал, жаяу адам белгіленген межеге қолын көтеріп бара алды ма, бара алмады ма о жағы белгісіз қалған. Бұл жерде мәтіндегі ерекше тірек сөздер зорығып, жабу т.б. (түйенің үстіне жабатын жабуы) – деген сөздер. Біреу қызына зомбылық көрсетті деп, бір қазақ шағым айтып келіпті. Шоң кінә тағылған адам мен бойжеткенді шақыртып алыпты. Біріншісіне пышақ, екіншісіне оның қынын беріп, бойжеткен қынды шыркөбелек айналдырып тұрған кезде пышақты қынға салуға жігітке әмір етіпті. Бұны істеуге жігіттің дәрмені жетпегенін көріп, дала Сүлеймені оны кінәсіз деп тауыпты. Шағым қуған қыз әкесіне уағыз айтып, оны бірер түйгіштеп, келген бойымен кері қайтарыпты [2, б. 184]. Бұл - өте терең ойлы, бұлтартпас шешім. Шоң би төрелігін әділ берген. Пышақтың қынына жігіт пышақты сала алмаған. Ондай жігіт қызға зорлық та жасай алмайтынын дәлелдеген. Жігітті соттамай, бостандыққа жіберген. Кілтті сөздер: пышақ-(пышқы), (пыш* піш (киімді, ұл баланы піш), қын, бойжеткен, әмір, дәрмені, кінәсіз, шағым, уағыз, түйгіштеп т.б. Шоңды Янушкевич дала Сүлейменіне теңейді. Кеше қазақ жұртында Едіге баласы Шоң би жаз күнінде қанша игі отырған үйдің төбе киізіне қараса, бір санылау тесік жоқ екен. Қасында отырған әлеуметтен сұрады: -Осы үйдің екі үзгің ұрлағанға қандай айып саларға керек? – деп. Жұрт дәнеме дей алмады. Сонда Шоң би өзі айтты дейді: – Дәл осы үйдің екі үзгің ұрлағанға іші тола отырған жанның құнын төле деп бұйырар едім, – дейді. Отырған жұрт бұл сөзіне көнбей: – Бұл екі үзгікті сатса пәлен қой, мұнша құнды, мұнша пұлды болатын мұның не артықтығы бар, – дейді. Сонда Шоң би отырып айтты: – Сендер құдайдың қай бергенінің қадір-қасиетін белесіндер. Күн күркіреп жауып тұр. Найзағай ойнап, жарқ-жүрк етіп тұр. Естігенде жанда зәре қалады ма? Аспаннан түсетұғын жайдың оғы тесігі жоқ бүтін киізден тіпті өтпейді. Дәл осы күнде осы үйдің үстінен жайдың оғы кез келсе, өтетұғын жері жоқ, киіздің жүнінің арасына бытырап-бытырап сіңіп кетеді. Осынша жанды сақтап қалуға себеп болған соң бұл үзгіктің құны үй толы жанның құны болуға қалай жарамайды,

– дейді. Отырған жұрт жағасын ұстап, таң-тамаша қалды дейді [9, б. 101]. Мәтін ауызша стилін сақтаған. Қағазға түскенде де тілдік фактілер саларға (-ға морфологиялық ерекшелігі), құн, үзік, зәре, түсетұғын, өтетұғын, (-тұғын көне формасы) айып т.б. стилистикалық ерекшелігі байқалып тұрады. Шонның билігі, аяқ астынан сөз тауып кетуі, әділ шешімі, тапқырлығы көрініс тапқан. Шоң бір сөзбен-ақ екі үзіктің құны, бағасы – үй толы жанның құны – деген. Мәтін бірнеше өткелден өткен. Ал қағаз мәтінге түсіргенде Мәшһүр-Жүсіп те ауызекілік тіл ерекшелігін сақтағаны байқалады. А. Байтұрсынов айыпкер адамдарды ақтау, я қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері – билік шешен сөзі деп атаған. Сотта билік айтушы айыптаушы күә ретінде сөзге тартылған. Билікті айтушы заңға жүйірік, білімді адам болған. Айыпкердің мінез-құлқы, көңіл-күйі, сот кезіндегі өзін-өзі ұстауы мәтінде анықтау әрине қиын. Заманауи сот процессінде айыпталушының мінез-құлқында, көңіл-күйінде мынандай төмендегідей өзгерістер болады екен: Адасушылық маниясы – көңіл көтеріңкі, байланыссыз сөздер мен әрекеттерге толы болуы. Эйфория – көңіл – күйі жоғары болу, бірінші кезекте қанағаттандырылған, қамтамасыз етілген сияқты сезіну, пассивті келеді. Тойымсыздыққа, мастыққа, жыныстық эксцестерге деген көңілі төмен келеді. Рауш – мания – сананың жеңіл өзгерумен көңілі – күйдің көтеріңкі келуі. Мория – көңіл-күйді көтеріңкі, орынсыз айтылған сөздері, өзіндері жас балаға ұқсас, интеллектуалды ойының төмендігі анық байқалады [10, б. 61]. Айыпкерлердің мінез-құлқындағы осындай өзгерістерді жанжақты зерттеп анықтау болашақтың ісі деп білеміз. Дегенмен, бұл үрдістерді шешендік сөздердің тілінен де ұшыратамыз. Өкінішке орай, шешендік сөздердің ауызша жетуіне, ауыздан ауызға өтуіне байланысты айыпталушы мен айыптаушының мінез-құлқын, сот кезіндегі бет-пердесінің өзгерісін қалпына келтіру мүмкін емес. Бірақ та ауызша мәтіннен де сот психатриясының ізін анықтауға болатын сияқты. Мәтіннің тілін зерттеу үшін, ең алдымен оқиғаның сипатын, лингвистикалық ерекшелігін, дала соты ережелерінің тармақтарымен, ұлттың өзіндік жазалау ерекшеліктерімен танысып, сот терминдерінің қолданылу сипатын мұқият анықтау қажет сияқты. Шешендік сөздер дискурс пен диалогтан тұрады олардың қатысушылары (тілдің иелері), автор бейнесі – адресант (айыптаушы) пен орта – жұрт тыңдаушы адресат (айыпталушы, даугер), шешендік сөз тек қана соттан тұрмаған оның түрлері өте көп екенін А. Байтұрсынов атап өтті. Шешендік сөздер арнайы дайын емес сценарий бойынша

жүретіні байқалды. Тілдік тұлға бейнесі ол – халыққа танымал би, шешендер. Олар халық атынан сөйлейді, олар сияқты басқа сөзге дайын емес кісілер сөйлей алмаған. Тілдері жетпей жатады, не сөзінен шатасады оларға билікті, тіптен, адам тағдырын сеніп тапсырмаған. Тілдік тұлғаға – сөздік қоры бай, өмірлік тәжірибесі мол, халықтың сынынан өткен, халықтан би не шешен деген баға алған адам ғана жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы. 2011, – 305 б.
- 2 Янушкевич А. Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар. Аударған М. Сәрсекеев. – Алматы: Жалын, 1979, -188, 47-75, 184 б.
- 3 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы». 1985, -119 б.
- 4 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Астана. 2018, – 169 б.
- 5 Әлісжан С.Қ. Ғылыми дискурстың танымдық негіздері. Коммуникативті – прагматикалық аспект. – Алматы. 2018, 81 б.
- 6 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы» 1985, – 135 б.
- 7 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы» 1989, – 223 б.
- 8 Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары. 6 том, -Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, – 165 б.
- 9 Көпеев М.Ж. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. – Алматы: «Ғылым». 1992, – 101 б.
- 10 Мырзаханова М.Н. Сот психатриясы. – Алматы : «Эпиграф». 2017, – 61 б.

5 секция. Қ. П. Жүсіп әдістемесі және жаңартылған
білім мазмұны

5 секция. Методология К. П. Жусипа
и обновленное содержание образования

«АҚИҚАТ ӘЛЕМІН» АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

АДАМЖАНОВА А. Х.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Абай мен Шәкәрім шығармашылығы «Ақиқат әлемін» танытудың қайнар көзі. Заманауи қоғамның рухани тоқырауға ұшырап отырғаны даусыз. Рухани ахуалдың алдын-алу үшін «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы қолға алынды. Рухани жаңғыру дәуірінде «Ақиқат әлеміне» ден қойып, қоғамды рухани кемелденуге баулу басты міндеттердің бірі. Абайтанушы ғалым Д. Омаров: «Абай қалдырған мол мұра рухани жаңғырудың негізін береді, сондықтан одан бұл маңызды мәселенің шешімін толық табуға болады» деп, рухани жаңғыру аясында Абайдың алар орнын ерекшелейді [1]. Абайды тану – ұлттық кодтың танылуына, дін мен ділдің нығаюына мүмкіндік береді. Ж. Ысмағұлов: «Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Маңызын жоймау былай тұрсын, заман өзгеріп, қоғамдық санада күрт сапырылыстар пайда болған сайын бұл қазына өзінің жаңа бір қырларымен жарқырай ашылып, қадірін арттыра түсетініне Абайдан кейінгі уақыт айқын көз жеткізді» [2, 3], – деп Абай мұрасының қай заманда болмасын ұлттық руханият пайдасына, адамның рухани кемелденуіне қызмет ете беретінін аңғартады. Абайдың рухани дүниетанымын тану «Ақиқат әлемін» тануға жол ашады. «Мен бір жұмбақ адаммын соны да ойла» деп хакімнің өзі айтпақшы Абай дүниетанымын тану оңай шаруа емес. Сол себепті қазақ әдебиеті Абай Құнанбайұлы шығармашылығын тануды арнайы сала етіп алды.

Абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының саласы. Абайтану хакімнің өмірі мен шығармашылығы, философиясы, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесі, ақындық тілді дамытудағы сүбелі үлесі, дүниетанымы мен рухани ізденістері жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерін қамтиды. **Абай шығармашылығын зерттеу арнайы сала нысаны болмас**

бұрын Алаш зиялалары тарапынан зерттелді. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы Абай шығармашылығына қалам тартып, хакімнің қазақ руханиятына қосқан үлесін зерттеудің алдыңғы шебінде болды [3].

Қазіргі таңда абайтану қазақ әдебиетінің арнайы саласы ретінде көптеген жоғары оқу орындары мен жалпы орта білім беретін мектептерінің 8,9,10-сыныптарында таңдамалы пән ретінде оқытылады. Кейінгі жылдары абайтану қазақ әдебиетінің басқа да арнайы салаларымен, олардың қатарында мәшһұртану, шәкәрімтану мәселелерімен сабақтастықта дамып келеді.

«Ақиқат әлемін» оқыту абайтану, мәшһұртану, шәкәрімтану сынды қазақ әдебиетінің арнайы салаларында өзекті мәселе болып табылады.

«Ақиқат әлемі» дегенде, білім алушы бұл сөздің астарына бойлай ала ма? «Ақиқат» деген не, оның «әлемі» қандай болмақ деген сұрақ тууы ықтимал. Осы сұраққа Абай шығармашылығы жауап береді. Абай поэзиясы мен қарасөзіндегі, «мен» мен «менікі», яғни жан мен тән мәселесі, иман мен діннің байланысы, «имани гүл», «сыншыл ақылдың діні» деген тезистер, Алланың сипаттары, ақиқат болмыс пен өзіндік болмыс үйлесімі, «көміл мұсылман» түсінігі, «толық адам» концепциясы, жалпы, Абай дүниетанымы, оның шығыс әдебиетімен үндестігі, ұлттық сарыны ақиқат әлемін танытудың негізі. Абай ізімен ақиқат әлеміне терең бойлап, адамның рухани жетілуін шығармашылығының өзегі еткен Шәкәрім қазақ әдебиетіндегі «Ақиқат әлемінің» дамуына елеулі үлес қосты. Абай мен Шәкәрім шығармашылығын оқытудың өзі өскелең ұрпақтың рухани дүниетанымын толықтырып, ақиқат әлемі жөніндегі сауатын арттыра түседі. Шәкәрімтану мәселелері қазіргі таңда әдебиетшілердің қаламына ілігіп жүрген бірден-бір зерттеу нысаны. Шәкәріммен Абай мұрасындағы рухани тұтастық пен үйлесім көп ғалымдарды толғандырады. Шәкәрімді Абаймен байланыстыра зерттеудің төркіні де сол. М. Әуезов «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласында: «Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен» ақындар туралы: «Мұндай ақын төртеу, – дейді. – Оның екеуі – Ақылбай, Мағауия – Абайдың балалары... Қалған екеуі – Көкбай, Шаһкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері, Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлең мен қарасөздерін оқушы әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған...» [4, 253], – деп Шәкәрім

шығармашылығына Абайдың ұстаздық ықпалын аңғартады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында хакім Абайдан кейін қазақ халқын кемелдену жолына бағыттаған ірі ақындарымыздың бірі әрі бірегейі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шәкәрімтану саласына елеулі үлес қосқан жазушы, ғалым М. Мағауин оны ақын, тарихшы, философ деп жоғары бағалаған. Шәкәрімтану саласы да ақын шығармашылығының сан-қырлылығына бейімделіп, оның тұлғасын жан-жақты ашуды мақсат етеді. М. Мағауин, Қ. Мұхаметханұлы, Р. Нұрғали сынды ғалымдардың мақалары мен зерттеу еңбектері Шәкәрімтану саласының дамуына зор үлес қосты. Абайтану, Шәкәрімтану салаларының зерттеу нысандары көп жағдайда сабақтасып та жатады. Себебі, айтып өткеніміздей, екі ақын шығармаларының тақырыптық, дәстүрлік аясы жуық. Бұл екі арна қазақ әдебиетінің дербес салалары болып саналса да, зерттелу барысында, бірін-бірі толықтыра түседі. Осы салаларды оқу орындарында оқыту қазақ әдебиеті ғылымының күн тәртібінде тұрған басты мәселелердің бірі. Белгілі Абайтанушы Мекемтас Мырзахметовтің 2015 жылы «Әдебиет порталына» берген сұхбатында Абайтанудың оқу орындарында білім алушылардың қалауы бойынша оқытылатын факультативті пән деңгейінен міндетті пәндер қатарына көтерілуі сөз етелді.

Қазіргі таңда білім беру бағдарламасы өскелең ұрпақтың өзіндік танымын, психологиялық, эмоционалдық тәрбиесін алдыңғы шепке шығарды. Білім алушының сыни ойлауын, коммуникациялық қабілеттерін, индивидуалды тұлғалық қасиеттерін дамыту бүгінгі оқыту үдерісінің басты міндеті. Осы міндетке білім алушылардың интеллектуалды коэффициентінен бөлек (IQ) эмоционалды коэффициентін (EQ) бағалау қарқын алып келеді. Эмоционалды интеллект индивиттің мінез-құлқы, дүниетанымы, жан дүниесі, психологиясы сынды рухани аспектілерді қарастырады. Бүгінгі заман ахуалы индивиттің рухани жан дүниесін іскерлік қабілеттерінен жоғары бағалауды талап етеді. Сол себепті, оқу бағдарламасы да заман ағымына сай жаңарып отырады. Эмоционалды коэффициентті жоғарылатуға ықпал ететін бірден-бір әдіс интербелсенді оқыту. Интербелсенді оқыту дегеніміз – білім беру үдерісіне қатысушылардың әрекеттесуін диалогтық формасына негізделген таным тәсілі. Интербелсенді оқыту жана оқу бағдарламасының басты элементі болып табылады. Оқытудың бұл әдісі коммуникативті бірліктер мен дағдыларды, білім алушылар арасындағы эмоционалдық дағдылар мен

эмоционалдық байланысты арттыруға, ақпараттық міндеттерді шешуге, жалпы оқу біліктілігі мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Интербелсенді оқытудың басты атрибуты топтық жұмыс, пікірталас сабақтары, дебат сынды коммуникативтік дағдыларды арттыруға бағытталған тапсырмалар. Оқытудың осы түрі қазақ әдебиеті сабақтары мен абайтану курстарында кең қолданылады [5].

Абайтану курсына «Ақиқат әлемі және оның негіздері» деген бөлім енгізіліп, ақынның дүниетанымы, «толық адам» концепциясы, Шәкәрім шығармашылығымен үндесімі қарастырылған жөн. Бөлім аясында Абайдың «Ғылым таппай мақтан ба» өлеңіндегі «бес қашық пен бес асық», «адам болам десеніз» тезистеріне арнайы талдау жасалғаны дұрыс. Өлеңнің негізгі идеясы мен ерекшеліктерін талдап, талқылауға мүмкіндік беретін стратегия – Әдеби шеңбер. «Әдеби шеңбер» стратегиясын жүзеге асыру үшін білім алушылар үш топқа бөлінеді. Әр топ мүшелеріне белгілі міндеттер жүктеледі. Сөйтіп, топ ішінде талқылаушы, белгілеуші, байланыстырушы, қорытыншылаушы тағайындалады. Бұл позициялардың әр қайсысында жеке-жеке міндеттері бар.

Талқылаушы: 1. Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіне байланысты талқылау сұрақтарын құрастырады. 2. Әр сұраққа өз жауабын да жазады. **Белгілеуші:** 1. Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі негізгі идеяны танытатын басты тезистерді белгілеп алады. 2. Белгіленген тезистерді топаралық сараптаудан өткізіп, маңыздылығын талқылайды. **Байланыстырушы:** 1. Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі негізгі ойдың Шығыс әдебиетімен (Ғұламаһи Дауани) байланысын табады. Өлеңде көтерілген мәселенің бүгінгі таңдағы өзектілігіне баға береді. 2. Өлеңдегі негізгі ойдың бүгінгі таңмен байланысын топаралық талқылау арқылы ашады. **Қорытындылаушы:** 1. Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін мәнерлеп оқып шығады, өлең идеясын, автордың негізгі ойын, позициясын қорытындылайды. 2. Өлеңнің негізгі ойын танытатын тезистер мен шумақтары негізінде, жалпы, қорытынды ойын білдіреді.

Бұл стратегия өлеңге әртүрлі көзқарасты анықтауға мүмкіндік беріп, білім алушылардың көзқарасы негізінде, өлеңнің негізгі ойын анықтауға мүмкіндік береді. Онымен қоса, өлеңдегі маңызды тезистердің мағынасын талқылау арқылы түсінуге септігін тигізеді. Өлеңдегі басты тезистердің негізгі ойын түсіндіру үшін «Аннотация» әдісін қолдануға болады [6, 65].

Кесте 1

Тезис	Аннотация
«Адам болам десеңіз»	Әрбір адам, адам баласы түпкілікті мақсатқа ұмтылады. Бірақ адамның «адам болуы» адамзаттың басты мақсаты. «Адам болудың» түп мағынасы «адам» атына лайық рухани әлемнің иесі болу дегенді білдіреді. Адам хайуаннан жоғары жаратылған ірілігіне лайық болуы үшін рухани жетілу жолын ұстану керек.
«Бес қашық пен бес асық»	Бес қашық: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Бес асық: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. «Адам болам» деген жанның ұстанар басты қағидасы – «жаманнан қашық, жақсыға жуық». Хакім Абай өз өлеңінде адамның түбіне жетегін рухани кеселдерді анықтап, оларды адамзаттың «дұшпаны» дейді де адамгершілігінді сақтаймын десең, бойыңды солардан арылт деген ой тастайды. Арылу амалын білмесең, сол «дұшпаныңды» бойыңнан ығыстыратын рухани қасиеттерге бекем болу керектігін айтады.

«Аннотация» әдісі әр тезистің мағынасына қысқаша анықтама беруді көздейді. Ауқымды тезистің мағынасын ашуға мүмкіндік береді. Осы арқылы білім алушылар өлеңнің негізгі ойына тірек болатын басты тезистерді талдайды. Оларға байланысты пікір алмасады. Аудиторияда қанша адам болса, сонша пікір де бар. Сол себепті, кесте әртүрлі мазмұнда толтырылуы мүмкін. Бірақ білім алушылардың өзара талқылауы есебінен тезистердің негізгі мағынасы мен идеялық астарын тануға қол жеткізіледі. Бұл әдіс білім алушының индивидуалды жұмысына негізделеді. Сондықтан мұғалім әр білім алушының өлең идеясын қаншалықты түсінгенін бағалай алады. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі «Толық адам» ілімінің концептісі деуге болады. Алайда «толық адам» концепциясын тереңірек түсіну үшін Абай дүниетанымындағы жан мен тән мәселесіне тоқталу шарт. ақиқат әлемі дүниетанымының ажырамас бөлігінің бірі де «мен» мен «менікінің» мәселесі. Осы мәселені Абайтану курстарында Шәкәрім шығармашылығымен байланыстыра оқыту керек. Бұл ретте, Абайдың «Көк тұман – алдындағы келер заман» және Шәкәрімнің «Жан менен дене һәм көңіл» өлеңдерін сабақтастыра оқыту стратегияларын қарастырамыз. Екі автордың жан мен тән мәселесі төңірегіндегі

дүниетанымдарының ұқсастығы мен ерекшеліктерін талдау үшін екі өлеңді сызба-кестелік әдіске саламыз.

Кесте 2 – Абай. «Көк тұман – алдындағы келер заман»

Өлең идеясы, авторлық ой	Өлеңдегі негізгі ойды ашатын шумақтар	Айшықты, әдемі образды көркем сөздер	Өзіңе ой салған, ұнаған жолдар, шумақтар	Ақын стилі, әдісі.

Сызба-кестелік әдіс екі өлеңнің идеялық үндесімімен қатар авторларға тән өзіндік стиль мен позицияны анықтауға септігін тигізеді. Бұл әдіс топ ішіндегі жұптық жұмысқа арналған. Яғни, бір топ мүшелері өзара жұптасып, бір білім алушы Абайдың өлеңін екінші білім алушы Шәкәрімнің өлеңін кесте бойынша талдайды. Жұптық талдаудан кейін топшілік талқылау жүзеге асырылады. Топ мүшелері екі өлеңді талдап «Үш қадамды сұхбат» стратегиясы бойынша басқа топқа сұрақ құрастырады. «Үш қадамды сұхбат» стратегиясының ережесі бойынша топтар бір-біріне талдау бойынша үш сұрақ қойып, өз талдаулары негізінде үш пікір айту керек. «Үш қадамды сұмбат» стратегиясының формуласы – 3 сұрақ, 3 пікір. Стратегия білім алушылар арасында пікірталас пен пікірталмасу процессін іске асырумен бірге тақырып төңірегінде туындаған сұрақтарға жауап беруге ықпалын тигізеді.

Абайдың «Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңіндегі «Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін, Харекет қыл, пайдасы көпке тисін» өлең жолдарынан танылатын идеямен үндесім табатын Шәкәрімнің «Адамдық борышын» өлеңіне де тоқталамыз. Өлеңнің негізгі ойы мен автордың позициясын анықтау үшін кестелік әдіске жүгінеміз [6, 27].

Кесте 3

Өлеңдегі негізгі ой	Тілмен кестеленуі	Эмоциялық бояу көңіл-күй
Адамдың өмірге келудегі мақсаты жайлы толғанысы мен адамдың ғұмырлық борышын танытуы.	Адамдық борышын – Халқыңа еңбек қыл. Ақ жолдан айнымай Ар сақта соны біл.	Үндеу, насихаттау.

Тура жол іздеу, бақытты болудың амалын көрсету.	Талаптан да білім мен өнер үйрен, Білімсіз, өнерсіз, Болады ақыл тұл. Мақтанға салынба Мансаптың тағы үшін, Нәпсіне билетпе Басынның бағы үшін.	Ескерту, жол сілтеу.
Адамның өмірлік максат-міндетін насихаттау, өмір зая етуден сақтандыру.	Өмірінді сарп қыл өлгеніңше, Жоба тап, Жол көрсет, Келешек қамы үшін.	Толғану, үндеу.

Аталмыш (Кесте 3) кестені толтыру топтық жұмыс болып табылады. Кесте толтырылған соң, топаралық талқылау үшін «Үштік талдау» стратегиясы қолданылады. «Үштік талдау» стратегиясы топ мүшелерінің талдаушы, сұрақ қоюшы, пікір білдіруші деп бөлінуін талап етеді. Талдаушы тарап өлең мазмұны мен кестелік жұмысқа талдау жасай отырып, өз ойын білдіреді. Сұрақ қоюшы тарап талдаушы тарапқа өлең мазмұны бойынша сұрақ қояды. Пікір білдіруші тарап өлең мазмұны мен негізгі ойы, кестелік жұмысты талдау, сұрақ жауабына сәйкес пікір айтады, ұсыныс білдіреді.

Ақындардың адамгершілік пен рухани кемелденуді насихаттайтын кез келген өлеңін ұсынылған стратегиялар мен әдістерді пайдаланып талдауға болады. Өлеңдердің идеясы мен авторлық позицияны анықтау арқылы білім алушылар ақындардың дүниетанымы мен ақиқат әлемі» хақындағы пайымдауларын тануға мүмкіндік алады. «Ақиқат әлемін» танытуға үлес қосатын келелі туындылардың бірі – Абайдың «Отыз сегізінші сөзі». «Отыз сегізінші сөз» өте күрделі ғылыми-философиялық туынды болып табылады. Оны оқытуда білім алушылардың жас ерекшелігін ескеру міндет. «Отыз сегізінші сөз» сынды көлемді туындыларды оқытуда қолданылатын таптырмас стратегия – Блум таксономиясы бойынша талдау.

Білу. «Отыз сегізінші сөз» туралы: авторы, қай жанрға жататыны, тарихи шеңбері жайында ақпарат алу, жазылу мерзіміндегі тарихи-әлеуметтік, саяси жағдайға шолу жасау. **Түсіну.** Қарасөз идеясына талдау жасап, өзіндік көзқарас пен позицияны нақты аргументтермен түсіндіру. **Қолдану.** Қарасөздегі философиялық пайымдауларды қазіргі өмірмен байланыстырып,

бүгінгі заман ахуалындағы маңызын дәлелдеу. **Анализ.** Қарасөздегі автор көзқарасы мен дүниетанымына талдау жасау. **Синтез.** Қарасөзде қолданылған сөз оралымдары мен тіркестеріне түсінік беріп, автордың тіл байлығы, қазақ тіліне қосқан афоризмдік, цитаттық (М., «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым», Ғұмыр өзі – хақиқат т.б.) қолданыстарын тұжырымдау. **Бағалау.** Қарасөздің негізгі идеясы мен талдаудан алған білімдеріңізге сүйеніп, дәлелдер кеңітіру арқылы түйінді пікір білдіру.

Көлемді әрі терең танымды туындыларды «Блум таксономиясы бойынша талдау» білім алушыларға шығарманы жан-жақты, толыққанды түсінуіне мүмкіндік беріп, автор дүниетанымы мен шығарманың негізгі ойын сан қырынан танытады.

«Ақиқат әлемін» оқыту оңай шаруа емес, себебі бұл ұғымның астарында мағынасы ұшан теңіз рухани таным жатыр. Сондықтан оны оқыту үшін қазақ ғұламаларының шығармашылығын жан-жақты талдап, зерттеуге ден қою керек. Шығарма идеясы мен автор дүниетанымын танытатын оқыту стратегиялары «Ақиқат әлемін» оқытудың бірден-бір құралы. Әрине, ақиқат әлемі не десек, әртүрлі көзқарастар мен пікірлердің болуы заңды. Бірақ ең басты мақсат ол пікірлердің шындықтан алыстамай, дұрыс бағытты ұстануын қамтамасыз ету. Жас ұрпақты шатақ дін мен ұлттық сана-сезімге жат ағымдардан сақтандыру үшін қазақ әдебиеті сабақтары мен Абайтану, Шәкәрімтану курстарында «Ақиқат әлемін» оқытуға көңіл бөлу шарт. Халқымыздың төл ақындары, Абай мен Шәкәрім шығармашылығы мен дүниетанымы «Ақиқат әлемін» оқытудың қайнар көзі. Әдебиетіміздің бар жауһарын ұлт тәрбиесіне жұмылдыру оқу процесінің басты мақсаты деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Омаров Д. Жаңғырудың мәні – жүрек көзін ашу. // Егемен Қазақстан. – 2018. – 4 маусым. – 7-б.

2 Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 280 б.

3 Өнербаева А., Абеннова Л. Абайтану тарихына қысқа шолқ.// Инновация және білім беру технологиялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері.: Гуманитарлық ғылымдар секциясы. – Жетісай: Сырдария университеті, 2014. – 147-152 б.

4 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Санат, 1995. – 320 б.

5 Жайлауова М. Мектепте интербелсенді оқытудың формалары мен әдістері. // Молодой учёный. – 2015. – № 8.2. – 25-27-б.

6 Кәріпжанова А., Қасенова Т. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Павлодар: Кереку, 2015. – 142 б.

АССАМБЛЕЯ НАРОДА КАЗАХСТАНА И ЕЕ РОЛЬ В ВОСПИТАНИИ ЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ

АКИШЕВ А. А.

д.полит.н., профессор, Торайгыров университет, г. Павлодар

ПОЛОМАРЧУК Б.

ст. преподаватель, Торайгыров университет, г. Павлодар

В условиях глобализации Республика Казахстан, как и весь мир, претерпевает изменения всех сфер общественной жизни. И именно толерантность становится регулятором жизни людей, который направляет государственное устройство, социальные структуры и индивидуальные стратегии поведения и существования по пути гуманизации и социально-культурного равновесия. Толерантность в XXI веке – это способ выживания человечества, условие гармоничных отношений в обществе.

Сам термин «толерантность» включает в себя различные определения, но при всей многозначности термина, в его основе присутствует главный характерный признак – «терпимость».

Распространенной считается точка зрения, согласно которой толерантность – это терпимость и уважение к другим культурным традициям, ценностям и их носителям. Такая терпимость должна проявляться, даже если сами эти ценности существенно отличаются от собственных культурных стереотипов. Однако подобная трактовка толерантности является упрощенной и не раскрывает сути явления. Толерантность – это, прежде всего, сама способность вступать в контакт с представителями иных культур [1].

Способность вступать в контакт предполагает осмысленность этого акта. Вступая в общение, необходимо осознавать себя участником коммуникации, понимать, осознавать свои отличия от другого участника общения. Таким образом, толерантность самым непосредственным образом связана с рациональностью.

В Декларации принципов терпимости, принятой ООН в 1955 году, толерантность трактуется как «уважение, принятие и правильное

понимание всего многообразия культур, форм самовыражения и проявления человеческой индивидуальности» [2].

Толерантность становится для Казахстана реальностью в результате признания как истинных нравственных социально-политических принципов всех этносов и этнических групп нашего многонационального государства. На этой основе складывается уважение и принятие национальных особенностей, различий в социально-политических воззрениях, которые порождаются особенностями условий жизни, профессиональной деятельности, культурных традиций и религии. При этом толерантность в Казахстане – это следствие высокой духовной, политической и нравственной культуры народов республики.

С первых дней независимости руководство молодого государства ставило перед собой задачу по реализации политического курса, который направлен на укрепление общественного согласия, межэтнической и межконфессиональной толерантности. Это предполагало соблюдение равенства прав и свобод личности независимо от его расовой, национальной, языковой и религиозной принадлежности, недопущение какой-либо дискриминации граждан, а также создание условий для развития национальных культур и языков всех этносов Казахстана.

Одну из главных и определяющих ролей в реализации государственной национальной политики сыграла и продолжает играть Ассамблея народа Казахстана (АНК), созданная по инициативе Первого Президента РК Н. А. Назарбаева в 1995 году. Этот орган сосредоточил в себе государственные и общественные функции. И это во многом способствовало активному участию в гармонизации межэтнических отношений в стране национально-культурных объединений, которые входят в состав АНК и аналогичных ассамблей в регионах нашей страны. Государство, его органы и АНК в сотрудничестве с институтами гражданского общества приложили огромные усилия для недопущения развития напряженности в межэтнической и межконфессиональной сферах. Во многом позитивный результат был достигнут благодаря способности руководства страны, и в первую очередь Елбасы Н. А. Назарбаева, поддерживать баланс интересов между этническими группами, проживающими в Казахстане. Наличие четко обозначенных целей и задач по обеспечению национального единства и межэтнического согласия, а также применение достаточно эффективных механизмов,

в целом, способствовали успешному осуществлению национальной государственной политики в области межнациональных отношений.

Ассамблея народа Казахстана – это уникальный институт, созданный для обеспечения политики межэтнического и межкультурного взаимодействия. Действуя в качестве полноправного субъекта политической системы страны, Ассамблея признана несомненным новаторским субъектом в мировой практике, позволяющим решать вопросы развития межэтнических отношений на самом высоком уровне.

Основными задачами Ассамблеи являются:

- обеспечение эффективного взаимодействия государственных органов и институтов гражданского общества в сфере межэтнических отношений,
- создание благоприятных условий для дальнейшего укрепления межэтнического согласия и толерантности в обществе;
- дальнейшее укрепление единства народа, поддержка и развитие общественного консенсуса по основополагающим ценностям казахстанского общества;
- оказание всестороннего содействия государственным органам в борьбе с проявлениями экстремизма и радикализма в обществе и тенденциям, направленным на ущемление прав и свобод человека;
- формирование политико-правовой культуры граждан, опирающейся на демократические нормы;
- обеспечение интеграции усилий этнокультурных и других общественных объединений для достижения цели и задач Ассамблеи;
- сохранение и развитие национальных культур, языков и традиций народа Казахстана [3].

В 2020 году Ассамблея народа Казахстана отметила свое 25-летие. За этот период этот уникальный в своем роде общественно-политический институт, который объединяет представителей порядка 130 этнических групп, продемонстрировал высокую динамику развития, пройдя путь от консультативно-совещательного органа до надполитического института, обладающего конституционным статусом и представительством в Парламенте Республики Казахстан. В 2007 году АНК получила конституционный статус и право избирать девять депутатов Мажилиса Парламента, а в 2008-м стала полноправным субъектом политической системы страны.

Ассамблея активно участвует в процессах социальной модернизации общества, которая включает в себя развитие новой системы образования, здравоохранения, сохранение

культуры и традиций этносов страны, укрепление государственной независимости через формирование национально-государственной идентичности, укрепление государственного языка, сохранение толерантности и единства народа. Дискуссии и обсуждения по этим вопросам проходят на разных уровнях и на различных дискуссионных площадках и форумах.

Важной особенностью казахстанской модели полиэтнического государства является механизм сохранения в стране межконфессионального мира. В Казахстане, учитывая многообразие этнической и конфессиональной структуры населения, государство выбрало светский характер взаимоотношений религии и государства.

Казахстан – это государство, которое отличается огромным конфессиональным разнообразием, где действуют около 3-х тысяч религиозных объединений, представляющих более 17 конфессий. Все они существуют на основе постоянного диалога, инициированного и поддерживаемого государством.

Имея огромный уникальный опыт межнациональных отношений, казахстанская модель предлагает миру следующие основные принципы межэтнических отношений:

- межэтническое согласие невозможно без конструктивного творческого взаимодействия институтов гражданского общества в лице этнокультурных и общественных объединений и государства, движение общественной инициативы «снизу» должно встречать адекватный ответ государства. В Казахстане таким ответом как раз стало создание Ассамблеи народа Казахстана, ставшей широкой площадкой диалога общества и государства;
- все этнические группы должны иметь чрезвычайно высокий гражданско-правовой и общественный статус. Их представители выступают не в качестве национальных меньшинств, а рассматриваются как обладающие всей полнотой прав граждане единого народа;
- представительство и политическая реализация интересов этносов Казахстана осуществляется на высшем государственном уровне. Председателем Ассамблеи в настоящее время является Президент Республики Казахстан К. К. Токаев, и этим определен высокий статус АНК. Решения ее высшего органа – ежегодной сессии – выполняются всеми государственными органами. Ежегодно на должность заместителя председателя ассамблеи назначаются два представителя от этнокультурных объединений, которые представляют интересы всех этносов. Ко всему прочему, Почетным

Председателем Ассамблеи является Первый Президент страны Н. А. Назарбаев;

– интересы этнических групп обеспечиваются через парламентское гарантированное представительство ассамблеи, в результате которого избираемые от АНК 9 депутатов Мажилиса представляют ее интересы как совокупность интересов всех этносов страны. Представительство осуществляется также на основе прямого участия в представительных органах через политические партии.

– в казахстанской модели заложен консолидирующий принцип «Единство – через многообразие»

– не допускается политизация межэтнических отношений. Запрещаются создание и деятельность политических партий, действия которых направлены на разжигание социальной, расовой, национальной, религиозной, сословной и родовой розни. Конституция РК признает неконституционными любые действия, способные нарушить межнациональное согласие [4].

Опыт АНК изучается в высших учебных заведениях Казахстана. В государственных и частных вузах были созданы кафедры Ассамблеи народа Казахстана. Так, в 2013 году первая такая кафедра была открыта в ЕНУ им. Л. Гумилева. По ее примеру позднее подобные кафедры созданы и в большинстве других вузов страны.

В частности, в 2014 году была открыта кафедра Ассамблеи народа Казахстана при НАО «Торайгыров Университет» (ПГУ им. С. Торайгырова), которая видит своей целью поддержку развития культуры, языков и традиций всех этносов, проживающих в нашей стране, а также способствовать росту международного авторитета Казахстана как страны, успешно решающей вопросы межэтнических и межконфессиональных отношений. Кафедра Ассамблеи народа Казахстана является общественным объединением в качестве структурного подразделения университета и выступает той необходимой диалоговой площадкой, на базе которой проводятся научно-экспертные советы, мероприятия по анализу и изучению межкультурных связей, а также по укреплению межэтнического согласия.

Для реализации программы развития государственной национальной политики перед кафедрой поставлены следующие цели:

– выработка теоретико-методологического обеспечения преподавания дисциплин, связанных со сферой реализации государственной национальной политики, а также развитие

методологии исследований межкультурного и межэтнического взаимодействия;

– методическое обеспечение фундаментальных и прикладных научных исследований для мобилизации основных функций университета: обучения, исследовательской и общественной деятельности;

– формирование экспертных сообществ и научных структур по обобщению исследовательских практик в целях реализации совместных фундаментальных проектов;

– обеспечение комплексного подхода к исследованию межэтнических отношений в контексте социально-экономических, политических и культурных процессов, недопущение изолированности исследований в данной сфере от исследований в других сферах жизни общества и государства [5].

Таким образом, Ассамблея народа Казахстана – это результат уникального политического новаторства Казахстана. Основными принципами, которые легли в основу нашего многонационального государства, являются доверие, транспарентность, толерантность. Деятельность Ассамблеи народа Казахстана направлена на реализацию государственной национальной политики, обеспечение общественно-политической стабильности в республике и повышение эффективности взаимодействия государственных и гражданских институтов общества. За более чем 25 лет активной работы АНК прошла длительный путь развития, накопив большой консолидирующий и интеллектуальный потенциал и трансформировавшись в институт народной дипломатии.

Казахстанская модель межнационального и межконфессионального согласия стала современной реальностью и отвечает требованиям развития мирового сообщества. Политическая структура Казахстана, дружба народов дают уникальную колоссальную возможность построения демократического, правового гражданского общества, гарантирующего всестороннее развитие всех наций и граждан, создания всем им достойных условий жизни.

ЛИТЕРАТУРА

1 Байбородова, Л. В. Воспитание толерантности в процессе организации деятельности и общения школьников / Л. В. Байбородова // Ярославский педагогический вестник. – 2003. – № 1. – С. 90.

2 Декларация принципов терпимости. – Париж, 1995. – С. 7-10.

3 Макажанова З. Ассамблея народа Казахстана и ее роль в социальной модернизации общества // Central Asian Journal of Art Studies 5/ 3. September. – 2020. – С. 112-113.

4 Тугжанов Е. Ассамблея народа Казахстана: «Доверие, Традиции, Транспарентность, Толерантность» // Казахстанская правда. – 2010. – 25 ноября.

5 <https://tou.edu.kz/ru/about-us/subdivisions-of-psu?id=5090>. Дата обращения 07.11.2021

ОҚУШЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУ ҚАБІЛЕТІ

САҒЫНАЕВА Г. Ә.

аға оқытушы, магистр, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ. АРДАХ А.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Баланың мектепке бейімделу қабілеті оның тұлғасына, отбасы мәдениетіне, мектепке дайындығына байланысты өзгереді. Дегенмен, Фрейдтің теориясына сәйкес, бала өзінің бұрынғы қалпын сақтап қалу үшін яғни мектепке дейінгі еркелігін, ешкімге тәуелсіз, қалағанынша жүретін қалпында қалу үшін әрекеттенетіндіктен жаңа ортаға бейімделу кезінде ол біріншіден, қобалжу, екіншіден, жұмылдыру, үшіншіден бейімделу немесе бейімделмеу сияқты үш кезеңнен өтеді және бұл уақытта жеткілікті түрде сабырлы әрі тұрақты болуға ұмтылады.

Балаларды жаңа ортаға бейімдеу үшін ата-ана мектеппен бірлесе жұмыс жасау керек. Мектепке барар алдында баланы жаңа ортамен таныстырып, ол ортаның жақсы жағын көрсетіп, оқытушы мен сынып жөнінде оң пікірлер қалыптастырып, баланың ыңғайына қарай сабақ құралдарын таңдап, мектеп формаларын ұқыпты кигізіп, оқуға барар алдында мақтаса, оқушының оқуға деген зейіні ашылады. Себебі жаңа орта туралы ойы жақсы болғандықтан оның ортаға бейімделу қабілеті артады да оның өзіне деген сенімділігі пайда болады. Ал керісінше, баланың мектепке бейімделмеуіне жаңа орта мен отбасы арасындағы байланыстың аз болуы да әсер етеді. Мысалы, баланы жаңа ортамен таныстырмау, баланың қалауынан тыс әрекет жасау, оның істеген жұмысына сыни көзбен қарау және соның ішінде ең қауіптісі балаға елдің балалары оқып жатыр, сен де оқы деген талап қою арқылы оның өзі үшін емес, өзге үшін оқуы туралы сана қалыптастыру. Бұны естіген бала өзінің қалауынан

тыс сабақтарды оқиды. Ақыры баланы сол ортадан алыстатады. Сондықтан мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынас тығыз байланыста болып келеді. Осы тұста баланың мектепке бейімделуіне әсер ететін негізгі факторлар: орта (мектеп, сынып, отбасы, үйге қайтар жолы, жақын жердегі ойын сауық орталықтары, магазин т.б), қарым-қатынас (мұғаліммен оқушы арасындағы, отбасындағы, достар арасындағы, туыс-туған т.б), психологиялық және физиологиялық ерекшеліктер (психологиялық жеке ерекшеліктер, мінез-құлық, тәлім-тәрбие, т.б).

Мектепке барған алғашқы күннен бастап балалар жаңа ортаға, оқу әрекетіне дағдылануы керек. Мектепке бару баланың өмірі мен іс-әрекетін түбегейлі өзгертуі мүмкін. Бала жаңа өмір салтына, іс-әрекеттің жаңа түріне, қоғамдағы және отбасындағы жаңа орнына, үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынастың жаңа формасына көшеді. Мектептегі оқудың бірінші кезеңі – баланың жаңа жағдайларға бейімделуі. Бала жаңа ортаға әртүрлі жағдаймен бейімделеді.

Бейімделу негізгі үш түрде жүріледі деп қарауға болады. Олар: мазасыздық, жұмылдыру, бейімделу, бейімделмеу кезеңдері арқылы.

Мазасыздық кезеңі: Бұл кезеңде баланың психологиясы тұрақсыз болып келеді. Осы кезде баланың бойынан жылау, ергесу, сабаққа қатысудан бас тарту сияқты эмоционалдық тұрақсыздықтар байқалады. Ал физиологиялық тұрғыда баланың бойында салмақ жоғалту, тәбеттің төмендеуі және кекештену сияқты проблемалар туындауы мүмкін.

Жұмылдыру кезеңі: Бұл кезде бала өзін-өзі бақылап, санасын тыныштандырып, қорқынышын жеңе бастайды. Және бұл кезде баланың бойынан жиі байқалатын қасиет – басқаларға еліктеу, өзін жаңа ортада сенімді ұстау, өз ісінен сенімділікті қалыптастыру және басқаларға сенуге бейімделе бастайды.

Бейімделу, бейімделмеу кезеңдері. Бұл кезеңде бала өте тез дамиды және бұрынғы қалып қойған кезеңдерін аяқтайды. Ал бала өзін барынша жұмылдырып, жұмыс жасаса да 3–5 ай ішінде өзін ортаға бейімдей алмаса онда бұл бейімделмеу болып саналады. Бұл жағдайда баланың білім алуы және дамуы кешігуі мүмкін. Бірақ уақыт өте келе баланың сана сезіміне ұстаздың ұлылығы арқылы білім дарып, ол балаға оқытудың әдісін таба білсе, ортаға бейімделуі жас ерекшелігіне қарай жүзеге асады [1].

Кішкентай балалар өмір мен іс-әрекетке және жаңа ортаға басқаша бейімделеді. Зерттеушілер бейімделудің үш деңгейге бөледі. Олар: бейімделу қабілеті жоғары, бейімделу қабілеті орташа, бейімделу қабілеті төмен.

- Бейімделу қабілеті жақсы болса 10–15 күнде бала қалыпты жағдайға оралады
- Ортада өзін еркін ұстап дене салмағы қалпына келеді,
- Мектепке барғанды ұнатып, мұғалімнің талаптарын орындай бастайды,
- Сабақтың мазмұнын тез түсінеді,
- Проблемаларды шешеді,
- Мұғалімнің бақылауынсыз үй жұмысын жасайды,
- Өз бетінше жұмыс істеу қабілеті жақсы,
- Белсенділік және жауапкершілікті бола бастайды,
- Сыныпта көшбасшы бола алады.

Бейімделу қабілеті орташа бала бір ай ішінде қалыпты жағдайға оралады, салмақ уақытша жоғалады, «ауырсыну» және аздап депрессия байқалады.

- Мектепке баруға қарсы болмайды,
- Мұғалім сабақты егжей-тегжейлі түсіндірсе түсіне алады.
- Оқу жоспарының негізгі мазмұнын меңгереді,
- Тапсырмаларды үлкендердің бақылауымен мұқият орындайды,
- Тек қызықты нәрсеге назар аударады,
- Сыныптағы көп баламен достасады.

Бейімделу мүмкіндігі шектеулі балалардың мазасыздану және физикалық белсенділік кезеңі 2–6 айға созылады. Осы уақыт ішінде бала жиі ауырады, үйренгенін ұмытады, физикалық және эмоционалды күйзелістерге ұшырайды.

- Мектепке барғанды ұнатпайды,
- Күйзеліс сезімі басым болады,
- Тәртіп бұзушылық жиіленеді,
- Мұғалімнің түсіндіріп жатқанын жартылай түсінеді,
- Өз бетінше жұмыс істеу қабілеті төмен болады,
- Мұғалімдер мен ата-аналар арқылы бақылап отыру қажет, үнемі ынталандыру және көмек көрсетуді қажет етеді,
- Әлеуметтік белсенділігі төмен болады,
- Жақын достары жоқ, сыныптағы аз балалардың атын біледі [2].

Баланың оқу қабілеті дегеніміз оқушының түрлі құбылыстарды танып білу мақсатында саналы түрде орындалатын сан алуан психикалық және физиологиялық әрекеттері. Баланың оқу қабілеті

– оқу дағдылары, оқуды, жазуды және сөйлеуді үйренуден бастап өзін-өзі жоспарлауға, өзін-өзі бақылауға, тексеруге және түзетуге дейін қамтиды. Оқыту процесі бүкіл оқу үдерісінде жүзеге асады, өйткені оқушы қателерді тану, түсіну, тәжірибе жасау және бағалау сияқты нақты қызығушылықтар мен қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін әрекеттерді саналы түрде орындайды.

Зерттеушілер оқушыларға оқу дағдыларының келесі түрлерін үйретудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Баланың оқудағы табысты болуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – баланың оқу стилін дұрыс анықтап, оны сабақта ескеру. Әр бала сабақты әртүрлі жолмен үйренеді. Кейбір балалар оқу барысында суреттерді, кескіндерді және көрнекі құралдарды пайдаланғанды қалайды, ал басқалары сыныппен араласып, мұғаліммен бірге білім алғанды қалайды. Баланың оқу үлгілерін анықтау арқылы біз балаларды қалай жақсырақ танып, тиімдірек оқытуға болады? соны түсінетін боламыз.

Америкалық ғалым, зерттеуші Дэвид Колб бала ақпаратты қалай қабылдап, өндеп жарыққа шығаратыны туралы оқушының төрт түрін ұсынады. Олар:

- 1) Орындау арқылы оқитын оқушы;
- 2) Түсіну арқылы оқитын оқушы;
- 3) Тәжірибе арқылы оқитын оқушы;
- 4) Түйсік арқылы оқитын оқушы [3].

Орындау арқылы оқитын оқушыны былай түсіндіруге болады. Бұл типтегі оқушы жаңа ақпаратты соған байланысты бірден жасау арқылы түсінеді және қабылдайды. Олар жаңа ақпаратпен тәжірибе жасауды және ақпараттың қаншалықты дұрыс екенін тексеруді ұнатады. Олар бұл ақпаратты ортаға салмас бұрын жақсылап тексеріп, нәтижесін ғана алып келеді.

Түсіну арқылы оқитын оқушыға келер болсақ, бұл типтегі оқушы мұны бірден орындаудың орнына, жаңа ақпарат туралы ойланып, оның мәнін түсінуге тырысады. Олар мәселені басқалармен талқыламас бұрын, ол туралы ойлануды жөн көреді. Олар үшін жаңа ақпаратты бірден түсінуі мүмкін емес, сондықтан жаңа ақпаратқа толы сабақтар олар үшін өте қиын болуы мүмкін.

Тәжірибе арқылы оқитын оқушы есептерді дәлелденген, дәстүрлі түрде шешуді және нақты ақпараттан үйренуді ұнатады. Олар нақты өмірде практикалық түрде жүзеге асқан және пайдалы ақпараттарды қолдануды бағалайды.

Түйсік арқылы оқитын оқушылардың бұл түрі проблемаларды, жаңа саясат шешімдерін, жаңа байланыстарды және жаңа нәрселерді ойлап табуды ұнатады. Олар біркелкі, қайталанатын жұмысты ұнатпайды, істі тез және оңай орындағанды ұнатады.

Менің аңғаруымша, оқушылардың нәтижелі білім алуы үшін сабақтың жоспарын, сабақтың кестесін дұрыс құра білу керек. Бәріне ортақ жүйемен сабақ жүрілсе баланың оқуға деген қызығушылығы төмендейді. Сондықтан әр баланың ерекшелігін ескере отырып, оқушылардың білімді менгеруін қамтамасыз ету үшін мынандай қағидаларды басшылыққа алу керек.

- 1) Жаттығуды шынайы өмірмен байланыстыру,
- 2) Оқушыға таңдау жасау мүмкіндігін беру,
- 3) Бірлескен оқу және өзара көмектесу [4].

Бұлай дейтінім, «Қандай оқыту түрі жақсы?», – деген сұраққа бастауыш сынып оқушысы «Оқушыға қызықты болса», орта сынып оқушысы «Өмірден алынған мысалдарға бай болса», ал жоғары сынып оқушысы «Шынайы өмірге керек болатын сабақ түрі болса», – деп жауап береді. Оқыту оқушыларды өмірге дайындауға арналғандықтан, мұғалімдер олардың өмірде нені бағалайтынын, оларға болашақта не қажет болатынын және оны қолдана алуын есепке алып, есте ұстауы керек. Сабақтағы сұрақтар шынайы өмірмен байланысты болса оқушылардың қызығушылығы оянып, белсенділік танытады. Егер мұғалімнің үйретіп жатқан сабақтары оқушылардың болашақ өмірінде пайдалану мүмкіндігі жоқ болса, оларға сабақ беруге, оладың уақытын алудың керегі бар ма? ойлану керек. Екінші жағынан, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынас болуы керек. Оқушы еркін түрде мұғаліммен әңгімелесіп, сабақты түсіне білу керек. Бұндай қасиеттен мұғалім өзінің оқушыларға қандай дәрежеде үйретіп жатқанын түсінеді. Ал қарым-қатынассыз, тек сабақты жаттау, оны мұғалімге айту сияқты әңгімелесу болса ол мұғалім «Тотықұсты» тәрбиелеп жатқанын түсіну керек. Ал оқушыға таңдау мүмкіндігін беру арқылы олардың даму кілтін табуға болады.

Оқушыларды өз таңдауы арқылы оқыту олардың қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, жеке ерекшеліктеріне және оқу стиліне қарай өз таңдауын жасауға мүмкіндік беру. Сондықтан оқу жоспарында оқушыларға мынандай таңдауларды ұсыну керек:

- Оқушылар өздерінің барлық мүмкіндіктерін пайдаланып, нәтижеге жету үшін уақытты таңдайды,
- Пайдаланатын құралдарды таңдау (кітаптар, журналдар, веб-сайттар),
- Тапсырмаларды, зерттеу тақырыптарын және жобаларды таңдау,
- Тапсырмаларды таңдап, презентациялар қорғау және есеп беру түріндегі жұмыстарға таңдау жасауына рұқсат ету.

Бірлескен оқу және өзара көмектесу. Бірлескен оқу процесінде балаларда ортақ қасиеттер қалыптасады. Мысалы, сыныптағы бір оқушы жақсы шығарманы жақсы жазса, екіншісі грамматикалық қатесіз жазады, ал үшіншісі жақсы сурет салады. Осылайша, балалар бір-бірінен үйренеді, әр баланың қабілетті жақтарын ашып, өзара көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл адамдардың бір-бірін білетін нәрселерімен қалай қолдайтынының нақты мысалы. Оқушылардың бір-біріне жақындылығынан бірін-бірі толықтырып отыратыны жиі байқалады. Мысалы, біреуге үйрету арқылы білегенінді қайталап алуға мүмкіндік туады әрі басқамен әңгіме жарастыру арқылы өзара түсінікті тілде үйренуге болады.

Қорыта келе білім саласындағы өзекті мәселе бастауыш сыныптағы орта тәрбиесі, оқушының өміріне қажетті білім беру негізінде туындайтын мәселелерді ескере отырып ұзақ мерзімді сабақ жоспарын құрып, оқушы мен мұғалім, мұғалім мен ата-ана, ата-ана мен мектеп жиі байланыста болғаны дұрыс екенін байқадым. Баланың білім алуының ірге тасы бастауыш сыныпта қалыптасатындықтан оқушының білім негізін дұрыс қалау мұғаліммен ата-ананың басты міндеті. Ал қалған мәселеге білім саласы назар аударса жеткілікті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://malimetter.kz/bastauysh-synyp-okushylarynyn-psixologiyalyk-erekshelikteri/>
- 2 <https://bilimainasy.kz/оқушылардың-бойында-қазақстандық-па/>
- 3 <https://yu.edu.kz/en/course/B01-004%20%20Fiziologiya%20razvitiya%20shkolnikov/>
- 4 <http://www.diplomkaz.kz/wp-content/uploads/2013/03/Дип.-Бастауыш-мектеп-оқушыларының-жас-ерекшеліктері.doc>

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА КҮРДЕЛІ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ: МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ӨЛЕНДЕРІ

АШИМОВА А. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі таңда әдебиет сабағында күрделі шығармаларды оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері талданып, ұстаздар қауымына практикалық мақсатта қолданылуға ұсынылып келеді. Мен өз зерттеуімде күрделі туындылар қатарына жататын Мәшүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы мен не себепті дәл осы автор шығармаларының әдебиет сабағында қамтылуы тиіс екендігі жайлы сөз қозғаймын.

Қос ғасырдың қарекетін қамтыған өзінің саналы ғұмырында дін мен ғылымның, әдебиет пен мәдениеттің, адамдық пен адалдықтың өзара жақындығын жете түсініп, оны поэтикалық-философиялық, гуманистік сипатта баяндап өткен акын шығармашылығының түпкі ниет-мақсаты – қазақ қоғамының дүниетанымдық деңгейін биіктету, халықтың руханиятын жаңашыл сарында жаңғырту, жастарды білімпаздыққа, діни сауаттарын ашуға, түптеп келгенде адамшылыққа баулу болып келеді.

Басқа акын-жазушылар һәм ойшылдар сынды Мәшүр Жүсіптің де өлең-сөздері бұрындары мектеп бағдарламасына еніп, кітаптары басылуда, бұдан артық не керек дерсіз? Жоқ, бұл жеткіліксіз. Себебі, дәл қазіргі замана қалпы мен ахуалын барласақ, Мәшүр еңбектерін оқытудың зор маңыздылығын көреміз. Себебі, қазіргі білім беру жүйесінің ядросы өзгерген.

Қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаны бағалауда интеллектуалды коэффициенттен (IQ) эмоционалды коэффициентке (EQ) көшу керек қажеттілігі туындайды. Себебі, кешегі күні индивидтің «миы», «басы», «зияты» мен «интеллекті» ғана алдыңғы орында еді. Ал бүгінгі заман ахуалына сай адамды бағалауда бірінші кезекте оның ішкі жан-дүниесін, иманы мен рухани байлығын, адами құндылықтарын ескеріп жатамыз. Сондықтан да жаңашыл қоғам мен жаңашыл һәм талапшыл адам баласы тек білімді әрі білікті мамандарды ғана қажет етпейді. Бүгінгі қоғамға адами тұрғыдан ақаусыз азаматтар керек. Сол себептен де мектеп өмірінде жалпы адамгершілік қағидаларына сай өмірге деген моральдық-рухани көзқарастар мен құндылықтар негізін қалыптастыру мәселелері

бірінші шепке қойылуы тиіс. Әбунасыр Әл-Фарабидің «Еш тәрбиесіз берілген білім – ол адамның қас жауы» деген аталы сөзі қазіргі білім беру жүйесінің ең басты қағидатына айналды. Хакім Абайдың «Адам бол!» деген өмірлік қағидасы да қазіргі заман қалпына сай білім берудің негізгі батырмасы болуы тиіс. Демек, әдебиет сабағында автор шығармаларын дұрыс әдістеме арқылы оқыту IQ-мен қатар EQ-ді бірге алып жүретін адами қалыпқа жеткізуші құрал болмақ.

Бүгінгі күні білімді бірден дайын қалпында қабылдамай, оны үйренуші тарапынан өздігінен құрастыруының оны дамытатындығы әрі ондай білімнің есте ұзағырақ сақталатындығы ғылыми дәлелденген. Альберт Эйнштейннің сөзін тәржімаласақ, шынымен де, білім – мектепте оқыған дүниеміздің барлығын ұмытқаннан кейін қалатын дүние. Сол үшін де қаншама айлар мен жылдар тоғысынан кейін автор шығармаларынан алған білім санамызда нағыз білім болып қалу мақсатын көздеуіміз қажет. Енді конструктивтік, яғни құрастырмалы, сындарлы білім беру техникаларына тоқталайық. Бұл жердегі акцент аты да айтып тұрғандай үйренуші тарапқа түседі, демек ол өздігінен үйренеді, құрастырады, тағы да үйренеді. Осыдан 2500 жыл бұрын Қытай ойшылы Конфуций: «Егер де маған бірнәрсені тек айтып берумен шектелсең – ұмытып қаламын, ол нәрсені көрсетсең – есте сақтаймын, ал өзіме жасататын болсаң – әлбетте, үйренемін!» дегеніндей, оқушыға мұғалім тарапынан берілетін тапсырмалар өзі үйренуге бағытталуы тиіс. Мысалға, диалог, монолог, түрлі топтық жұмыстар, талқылаулар, басқаларға түсіндіру барысында оқушы ақпаратты тек дайын күйінде қабылдап қоймай, өз бойына анализ бен синтез жасайды. Мысалы, сабақ барысында оқытылуы тиіс деген «Жарты нан хикасы» тақырыбындағы ықтимал тапсырма мысалдарын көрсете кетейін.

Ақынның аталмыш өлеңін құрастырмалы оқыту жүйесіне салсақ, «Айналмалы бекеттер» немесе «Маршруттар» әдісі арқылы әр топтың әр мүшесі өлеңнің белгілі бір бөлігін басқа топтарға түсіндіріп, ақпарат алмасу кезеңі жүзеге асады. Бұл жерде акцентті оқушының екінші бір оқушыға ақпаратты түсіндіру барысында өзінің үйренетінін есепке алуымыз қажет. Келесі кезекте өлеңді талдау қадамы жасалады. Бұл тұста 4 түрлі әдіснама ұсынамын. Алғашқысы – бәрімізге кеңінен таныс «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі. Осы танымдық, белсенділік әдісі арқылы оқушылар мәселені рационалды ұйымдастырып, қабылдау мен бағалаудың түрлі жақтарын көрсетеді. «Ақ қалпақ» арқылы өлеңдегі шынайы оқиға

бейнеленіп, фактілермен жұмыс жасалады, артық пікір білдірілмейді, себебі топ бейтарап негізге құрылуы тиіс. Келесі позитивке негізделген «Сары қалпақ» оқиғаның шешімнің жақсы жақтарын іздейді, басқаларға танытады. Ал «Сарыға» қарсы «Қара қалпақ» болса, позитивті ойларды теріске шығарып, оқиға барысындағы жағымсыз жайттарға тоқталады. «Қызыл қалпақ» түсі де айтып тұрғандай, жағдайға қатысты өз эмоциялары мен ішкі сезімдерін білдіреді. Ал «Жасыл қалпақ» шығармашылықтың белгісі. Олар берілген жағдайға байланысты күтпеген, жаңа шешімдер ұсынады. Соңғы «Көк қалпақтылар» тобы алдыңғылардың ұсыныстарын бағалайтын және оңтайлы шешім табатын сарапшылар болып табылады. Міне, берілген стратегия арқылы шығармадағы түпкі мәселе, фактілер анықталып, қатысушылар тарапынан толықтай талқыланып, шешім шығарылады. Бұл ойынға оқушылардың тұтас қатысымы мен түрлі бағыттағы ойлардың айтылуы, әрі пікірталас ретінде жүзеге асырылуы сабақтың 100 % тиімді өтуіне кепілдік береді.

Қалпақтардан кейін аталмыш тақырыпқа қатысты «Санадағы кинофильм» стратегиясын ұсына аламыз. Бұл әдіс өз алдына креативтілік, ойлану мен шешім қабылдау және проблеманы шешу қалыптастырушы дағдыларын қамтиды. Негізгі жұмыстың алгоритмі бойынша оқушылардың көздері жұмылып, мұғалім тарапынан қысқа оқиға немесе әрекет айтылады. Оқушылар тек аудиал қабылдауды іске қоспай, естіген ақпаратты көз алдарына келтірулері тиіс. Бұдан соң мұғалім ақпаратты тоқтатып, сыныптан аталмыш оқиғаны тоқтаған жерден жалғастыруларын сұрайды. Яғни, бұл жерде мәселені талқылауды дамытудың тағы бір оңтайлы тұсы көрінеді әрі оларға түрлі жағдайлар кезінде қандай әрекетке бару керектігі туралы ойлауға мүмкіндік беріледі. Ал біздің тақырыпқа қатысты біз бұл әдісті біршама өзгерте аламыз. Яғни, оқушылар оқиғаның «жарты нанның» көмегі тимегенде қалай өрбитіндігін постерға түсіріп, шығармашылық жұмыстарын басқа топтарға түсіндірулері қажет. Осы тұста оқушылардың креативті ойлауына, оқиғаны басқа қырынан көрсетіп, шешімдерін табуға, басқа топтардың жұмысын бағалап, пікір білдіруіне жағдай жасалады.

Келесі ұсынбақшы «Әуе шары» әдісі сәл өзгеше бағытты қамтиды. Аталмыш әдіс басқалармен жұмыс, ойлану, шешім қабылдау және ақпаратты басқару қалыптастырушы дағдыларын қамтиды. Әдістің жалпы сипаттамасы ретінде оқушылардың

проблемаларды салыстырып, оның салдарын болжауды, белгілі бір әрекетті жоспарлап, ұйымдастыру барысында құрылымдық тәсілді қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап айтқан жөн. Жұмыс алгоритмі үш кадамнан тұрады. Ұйымдастырушы бөлімде оқушыларға не топқа әуе шарының суреті беріледі. Ал негізгі бөлімде келесідей құрылымдық сұрақтар таратылады:

1 Әуе шарында кім отыруы тиіс? Яғни, оқушылар белгілі бір тақырып бойынша алынған басты кейіпкерлердің есімдерін жазады.

2 Әуе шары табысты болып, қиындықсыз ұшырылуы үшін оларда не болуы керек? Яғни, табыстылыққа жетелейтін факторлар тізіліп жазылады.

3 Әуе шарын не кідіртуі мүмкін? Зәкірдің маңына олар табыстылыққа кереғар факторларды жазады.

4 Шарға үлкен жылдамдықпен ұшуға жәрдем беретін дүниелер. Оқушылар шарға тікелей қатысы болмаса да, оның алға жылжуына көмегін тигізетін жұмысқа қабілеттілік, креатив пен ынта факторларын белгілейді.

5 Соңғы пунктке әуе шарын бағытынан шатастыруы мүмкін дүниелер жазылады. Оқушылар шардың екі жағына жобаларын дайындау кезінде туындауы ықтимал проблемаларды жазып, келтіреді.

Ал соңғы бөлімде оқушылар жоспарлау үдерісін одан әрі жақсарту мақсатында өздерінің әуе шарларын өзгелерге таныстырып, салыстырады. Ал біз «Жарты нан хикаясы» тақырыбы шеңберінде бұл нұсқаны әдіс қаңқасы ретінде алып, жұмыс атқарамыз. Яғни, оқушылар әуе шарында отыратын адам ретінде өлеңдегі айдаһардың арбауына түскен адамды негізге алады немесе кез келген адам моделін алуға болады. Одан кейін ол адам ұша алуы үшін бойында болуы керек жағымды қасиеттерді өлең жолдарын негізге ала отырып жазулары тиіс. Дәл осылай шарды аспанға әуелетпейтін жағымсыз мінез бен қылықтарды да өлеңнен тауып жазады. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, тек өлеңдегі кейіпкерді нысанаға алмай, кез келген адам баласын «толық адам» деңгейіне жеткізу үшін осы «Әуе шарына» отырғызуға болады.

Ал соңғы әдіс ретінде «РАФТ» стратегиясына негізделген «Хат жазуды» аламыз. «РАФТ» стратегиясы келесідей құрылымды қамтиды:

- Рөл – шығармадағы басты кейіпкер;
- Аудитория – өмір не Жаратушы;

- Форма – хат;
- Тақырып – «Өзгеремін, өмірім!» немесе «Жарылқай гөр, Жаратушым!»

Яғни, шығармадағы айдаһардың қолына түскен пенденің өмірдегі жағымсыз қылықтарына өкініп, өмірінен не Құдайдан кешірім сұрап, өзгереріне ант беріп, соны хат үлгісінде жазуы әдістің тиімділігін танытады. Немесе келесідей үлгіні де пайдалануға болады:

- Рөл – жарты нан образы;
- Аудитория – адамзат;
- Форма – үндеу хат;
- Тақырып – «Қайыр, ықсан, сауапты жарты қылман!»

Жарты нан рөліне енген оқушы адамзатқа ненің дұрыс, ненің бұрыстығын қамтыған үндеу хатын жолдай отыра, өзі де ойға батып, хаттан үлгі-өнеге алары сөзсіз. Мінеки, әдебиет пәнінің оқу бағдарламасына енуі тиіс «Жарты нан хикаясының» оқушыға оқытылуы біздің тараптан осындай ұсыныстарды қамтиды. Әдіснама нәтижесінде оқушылар өзіндік әрі креативті ойлауға, пікіралысуға, топ ішінде, топ арасында жұмыс істеуге, бағалауға әрі салыстыруға, ең бастысы жағдаяттарды өмірмен байланыстырып, интеллект коэффициентімен қатар, эмоционалды коэффициентін өсіруге, яғни оның ретінде тұлға қалыптасуына жағдай жасалады.

Бұдан бөлек әдістеменің жеңіл формасы ретінде «Бес қымбат» өлеңіне бекіту ойыны ретінде «True-False» өткізіледі. Ойын шарты бойынша мұғалім алдын-ала дайындалған таратпа қағаздар таратады, қағаздарда өлеңнен алынған және басқа да ислам парыздары мен шарттары жазылады. Алайда олардың арасында ақиқатқа келмейтін, жалған факттер де кездесуі керек. Ойын соңында, мұғаліммен бірге пікір алмасу барысында пікірлердің ақиқат-жалғандығы талданып, дәлелденуі тиіс.

Ал көлемді діни дастандар мен жазбаларды оқыту барысында күрделірек стратегиялар пайдаланылады. Мысалы, «Сараң бай мен Ғалы арыстан» эпикалық шығармасын талдау барысында «КӘМТ» стратегиясы ұсынылады:

- К – күш;
- Ә – әлсіздік;
- М – мүмкіндік;
- Т – тәуекел.

Біз назарға алып отырған «Сараң бай мен Ғалы арыстан» тақырыбы шамасында бұл әдістің тиімділігі өте жоғары. Мысалы,

«мүмкіндіктер» мен «тәуекелдер» келешек уақытта туындауы мүмкін ықтимал салдарларға шоғырлануы тиіс, ал «әлсіздік» пен «күш» осыған дейін болған жайттарды зерттеу негізінде мәселенің он және теріс аспектілерінің тізімін құруды қамтиды.

Міне, біз ұсынып отырған әдіс-тәсілдер әдебиет сабағында күрделі сюжеттік немесе мазмұндық туындылардың оқушыларға жеңіл әрі қызықты формада жеткізілуіне мүмкіндік береді. Әрі жоғарыда атап көрсеткендей, білім алушының эмоционалды интеллектісінің дамуына әдебиет сабағындағы дұрыс әдістеме арқылы оқушының оқу мақсатына, өмірлік мақсатына жетуіне септігін тигізе алатынымызды көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көпейұлы М. Таңдамалы. – Алматы: «Ғылым», 1990. – 60 б.
- 2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 436 б.
- 3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 384 б.
- 4 Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. – Астана, 2013. – 94 б.

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖАҢАША ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

БАЙТЕМИРОВА Г. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Кеменгер ЖОББМ, Павлодар қ.

Соңғы жылдары педагогикалық білім беруде оқу процесінің барлық аспектілерін қамтитын үлкен өзгерістер орын алуда. Тілдерді оқытуда заманауи педагогикалық технологияларды қолдану мәселесіне ерекше көңіл бөлініп келеді. Оқытудың жаңа әдістері мен формалары оқу процесінде жүзеге асырылатын ақпарат алмасу мен берудің әртүрлі технологияларының ғана емес, сонымен қатар оқушылардың коммуникативті білімдерін дамытуға, сөйлеу дағдыларын жақсартуға бағытталған оқыту әдістерінің жүйесін ұсынады. Орыс тілді аудиторияда оқытылатын қазақ тілінің негізгі міндеті – тілді практикалық тұрғыда меңгеруді үйрету, негізгі білімді қалыптастыру, яғни мемлекеттік тілде қарым-қатынасты жүзеге асыру мүмкіндігі. Сабақ үстінде тек грамматикалық тақырыпты меңгерумен шектелмей, грамматика бойынша алған

білімдерін күнделікті өмірде, яғни сөйлеу кезінде дұрыс қолдана білуі маңызды. Жаңа педагогикалық технологияларды анықтау оқушылардың тілді үйренуге деген ынтасының жетіспеушілігімен байланысты. Көбінесе жағымды мотивация болмайды, өйткені тілді үйрену кезінде оқушылар кейбір қиындықтарға тап болады және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты материалды игермейді. Тәжірибе көрсеткендей, әртүрлі, заманауи, жаңа көздер мен құралдарды пайдалану тыңдаушылардың қызығушылығын тудырады, оқуға деген ынтасын арттырады. Педагогикалық технология – бұл педагогикалық іс-әрекеттің терең процестерінің сипаттамаларын, олардың өзара әрекеттесу ерекшеліктерін көрсететін, оқу процесінің қажетті тиімділігін қамтамасыз ететін басқару әдістерінің жиынтығы, педагогикалық білім саласы [1].

Қазақ тілін оқыту процесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану оқу жағдайларын жаңғыртуға мүмкіндік береді, оқытудың дәстүрлі әдістерін толықтыруға көмектеседі, ойын білдіру мүмкіндігін түсінуден бастап коммуникативтік міндеттерді өз бетінше шешуге дейін тілдік қарым-қатынастың негізін қалаушы дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын арттырады, зерделенетін пәндерге жаңаша көзқараспен қарауға мәжбүрлейді, осылайша олардың шығармашылық және зияткерлік мүмкіндіктерін, таланттарын ашады. Қазіргі уақытта «SMART» ұғымы білім беру жүйесін дамытудың басты мақсаты болып табылады. Білімнің негізгі көзі электронды, білім беретін интернет-контент, технологиялық операциялар мұғалімдер мен оқушылардың кері байланысын қамтамасыз ету, олардың арасында білім алмасу болып табылады. SMART білім – бұл барлық білім беру процестерін, сондай-ақ осы процестерде қолданылатын әдістер мен технологияларды жан-жақты модернизациялауды қамтитын тұжырымдама [2]. SMART-білім беру бүгінгі әлемнің міндеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін оқытудың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті, оқушыларға заманауи тұрақсыз орта жағдайында бейімделуге мүмкіндік береді, аналитикалық іздеу жүйесі болған кезде оқу материалдарының бірыңғай жалпы қоймасы арқылы кітап контентінен белсендіге көшуді қамтамасыз етеді. Оқу материалдарының сапасы әр түрлі материалдарды енгізу есебінен үнемі бақыланып, оқу процесін басқару жүйелерімен бір байламда жұмыс істеуі тиіс. Өзекті, инновациялық технологияларды қарастыра отырып, тілді оқытуда интернет-ресурстарды пайдалану тақырыбына толығырақ тоқталу

керек. Интернеттегі ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері өте үлкен.

Case-studies қолданылатын сабақтарда нақты материалдардың негізінде арнайы құрастырылған нақты оқу жағдаяттарына талдау жасалады. Осы жағдаяттарды талдау барысында білім алушылар «топ» ішінде жұмыс істеуді, талдау жасауды және басқарушылық шешімдер қабылдауды үйренеді.

Case-study әдісін теориялық білімді практикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін құрал деп те атайды. Ол оқушылардың өзіндік ойлауын, біреудің пікірін тыңдай біліп, оны ескеруін, өз ойын дәлелдеп жеткізуін дамытады. Әдістің мәні: әркім өз білімі мен тәжірибесіне негізделе отырып, шешім жолдарын ұсынады.

Кейспен танысу (түпнұсқада не қысқартылып бейімделген мәтінді оқу), өз бетінше шешімін табу (монолог түрінде баяндама даярлау), сабақ үстінде жағдаятты талдау үдерісі (диалог, алдын ала дайындалған және дайындықсыз пікірталас), бағалауға қатысу (бағалау критерийлері бойынша басқалардың жұмысына баға беруде өз ойын дәлелдеу) – осының барлығы тілдік қарым-қатынас үлгілері.

Тілдік әрекет келесі тәртіпте іске асырылады: кейсте берілген ақпаратты талқылау, маңызды ақпаратты көрсету; ойымен бөлісу және мәселе бойынша жұмыс жасау жоспарын құру; берілген мәселемен жұмыс жасау (пікірталас); мәселе шешімін анықтау; соңғы шешімді қабылдау; баяндама жасау; қысқаша дәлелдеу баяндамасы [3]. Мысалы, Театр және кино. Өнер және мәдениет тақырыптары бойынша тапсырма мазмұны мынадай: Нақты оқу ситуациясы (Case study) ақпараттық хат ситуациясын ұсыну, оны дамытып, сұрақтарға жауап беріп, мәселеге байланысты көзқарасын білдіру және өзінің портфолиосын қорғау.

Әрине, әр тақырып бойынша кейс жасау қажет емес, ол мақсатқа сай емес, біздің кейстер қазақ тілі пәнінің бағдарламасында қамтылған тақырыптар арасынан іріктеліп, оқу жұмыс бағдарламасының мына міндеттерін орындауды көздейді [4]:

– қысқаша жазба жұмысы, яғни үй тапсырмасын орындау, жазу дағдыларын, мәтінді сыни талдау дағдысын, критикалық оқу және жетілдіруге көмектеседі. Сыныптағы ситуацияларды дамытуда қойылған сұрақтар мен алынған жауаптар, талдау дағдысына, сыни оқу дағдысына, сөйлеу дағдысына;

– талдау кейсі қазақ тілінде сөйлеу, ойлау әрекетін дамытуға, лексика-грамматикалық талдауға, сөйлеу үрдісінде өзінің пікірін жалғастыруға серіктесімен өзара талдауға;

– жеке және топтық жобаға қатысу зерттеу жұмысын және презентацияны жүргізу, сол сияқты талдау, дербес ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Кейсте мынадай құзыреттіліктер ескерілуі керек:

1) берілген лексикалық тақырыптар көлемінде сөйлей және сөйлесе білу; білімін өз бетінше арттыру; студент семестрдің соңында белгілі фразалар мен ілікпе сөздерді күнделікті қарым-қатынас ситуацияларында пайдалана білуі керек және оқулықпен, анықтама материалымен, мерзімді баспасөз, әдебиеттермен жұмыс істеуге дағдылануы керек.

2) оқу: оқу тәсілдерін меңгеру; оқулық мәтіндерді, жарнамаларды, мандайша жазуларды, нұсқауларды оқудың фонетикалық және дауыс ырғағы нормаларын ескеріп, дауыстап және ішінен оқу. Мәтіннің түпнұсқасын түсінуге тырысу; таныса және зерттеп оқу элементтерін меңгеру; анықтама әдебиетпен өз бетімен жұмыс істеу.

3) жазу: графика мен орфографияны меңгеру; диктант, бланкілерді, сауалнамаларды және декларацияларды жаза білу.

4) тындау: оқытушы мен студенттің арасында қарым-қатынастың қарапайым деңгейін қамтамасыз ету үшін оқытушының нұсқауларын дұрыс түсіну; оқылған тақырып көлемінде қазақ тілінде айтылған сөйлемдерді түсіну.

5) сөйлеу: диалог-сұраудың, ақпаратты алуға арналған диалогтің әр түрлі функцияларын меңгеру; ілікпе фразаларды пайдаланып, әңгімені жалғастыра білу, ақпарат алуды, өзін-өзі таныстыруды, дәлелдеуді, бас тартуды, алғыс айтуды, кешірім сұрауды, ақпаратты анықтауды; қарсы қойған сұрауды, байланыс аяқталғанын білдіретін іскерлік құрылымдарды меңгеру; монологтік сөйлеуді меңгеру (сипаттау, хабарлау); басты және жанама ақпаратты белгілеуді немесе мәтінді қысқартуды (компрестей) білу керек.

Жұмыс түрлері және оларды орындаудың тізімі:

а) нақты оқу ситуациялары (Case study) – студенттерге көптеген ситуацияларды ұсынады, оларды дамытып, сұрақтарға жауап беріп, мәселеге байланысты көзқарасын білдіру және өзінің кейсін жазу;

ә) жылдам оқу (Skim) – оқу бағдарламасына (Syllabus) байланысты берілген деректерді оқу;

б) тақырып бойынша шолу жасау (Review) – Интернет, ақпараттық қор және мерзімді баспасөз материалдарынан алынған

қосымша деректер мен берілген тақырыпқа 1–2 бет қысқаша әдеби шолу жасау;

в) глоссарий (Glossary) жасау – орыс тіліндегі терминдер және түсініктемелердің қазақ тіліндегі аудармасы мен қысқаша түсіндірме тақырып бойынша орындалады;

г) таныстыру – өзін таныстыруда студент кез келген тақырыпты таңдауына болады және кез келген аспект бойынша өзінің түсінгенін немесе түсінбегенін білдіре алады. Таныстыру уақыты – 8–10 мин. Таныстыру бойынша бағаланады: қаншалықты тақырып ашылғаны, аудиторияның көңілінен шығуы студенттің мәселені жан-жақты қарастыруы;

д) аударма сайма-сай, толық, логикалық байланысты, мағынасы бойынша барабар болуы керек;

Қойылатын талап және күтілетін нәтиже: оқушы өз қызығушылығын жеткізе алуы қажет; барлық тапсырмалар берілген мерзімге дейін орындалуы тиіс; тақырыптарды талдап, қажетті сұрақтар қою, мәселелерге сын көзбен қарап, оларды шешу үшін оқушы сабаққа жақсы дайындықпен келуге міндетті; сонымен қатар, өзара жұмыс істеуі қажет [4].

Тәжірибе көрсеткендей, жан-жақты құрастырылған ғылыми және әдістемелік тұрғыда ғана емес, сонымен бірге жанрлық (мұғалімнің шығармашылығы) жағынан да ұйымдастырылған кейс өте тиімді оқу-әдістемелік жұмыс болып есептеле алады. Осыған орай кейсті дұрыс әрі тиімді етіп құрудың талаптарын қарастырайық. Әдістемелік қатысы жағынан кейстер сұрақ-жауап (оларды шешу кезінде студенттер қойылған сұрақтарға жауап береді) немесе кейс-тапсырмалар сияқты түрлері болатынын да айта кеткен жөн.

Ситуация құрастыру кезінде мәселені анықтау маңызды орын алады. Сонымен қоса кейс мәтіні қойылған мәселе бойынша шешімдер берілмеу керек.

Сонымен, оқытудың интеркативті әдісі болып есептелетін кейс әдісі арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылығы арттырады. Оған қоса case-study әдісі тілді оқытатын мұғалімнің шығармашылық әлеуетін жаңартып, оның басқаша ойлап, әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Case-технологиясы негізіндегі оқу үдерісі тиімді болуы үшін, мынадай екі шарт орындалуы керек: дұрыс құрылған кейс және оны оқу үдерісінде қолданудың белгілі бір әдістемесі. Осы шарттар дұрыс орындалған кезде сабағымыздың басты мақсатына жете

аламыз, яғни жоғарыда аталған студенттердің кәсіби бағытталған тілдік құзыреттіліктері (тындау, оқу, жазу, сөйлеу) жетілдіріледі. Кейстерді пайдалана отырып оқыту оқушылардың түрлі тілдік қатынас дағдыларының жиынтығын: пресс-конференция дағдылары, сұрақты дұрыс қою, жауабын дәлелдеу сияқты біліктерін де қалыптастырады. Ендеше мұндай оқыту әдістері оқуға деген ынтаны арттыруға мүмкіндік береді, қызығушылықты едәуір арттырады, сонымен қатар дәстүрлі техникамен салыстырғанда қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда оң нәтиже береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарова Н. Б., Мохова О. Л. Новые информационные технологии в обучении иностранным языкам // Современные проблемы науки и образования. 2016. № 3.

2 Применение SMART-технологий в образовательном процессе «Образование без границ». МБОУ «СОШ №1». 2015. 20 с. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://infourok.ru/primenenie-smarttehnologii-v-obrazovatelnom-processe-mobu-soshobrazovanie-bez-granic-540134.html>

3 Кравченко, М. П. Использование кейсовой методики (case study) в преподавании делового иностранного языка студентам неязыковых специальностей [Электронды ресурс] / Дереккөзі: [kgau.ru/img/konferenc/2010/g32.doc](http://img/konferenc/2010/g32.doc)

4 Долгоруков, А. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения [Электронды ресурс] / Дереккөзі : http://www.vshu.ru/lections.php?tab_id=3&a=info&id=2600

STEM-ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ: НЕОБХОДИМОСТЬ И ПРЕИМУЩЕСТВА

БАТТАЛОВ А. Б.

магистр педагогики, СОШ № 24, г. Павлодар

Сегодняшний мир не похож на вчерашний, а завтрашний – не будет похож на сегодняшний! Динамично развивающиеся технологии внедряются во все сферы жизнедеятельности человека, 75 % современных детей вырастут, овладев профессиями, которых пока не существует сегодня. Будущим специалистам потребуется

всесторонняя подготовка и знания из самых разных областей технологии, естественных наук и инженерии.

STEAM-образование развивается, как один из основных мировых трендов и основано на применении междисциплинарного и прикладного подхода, а также на интеграции всех пяти направлений в единую схему обучения. Обязательными условиями такого обучения являются его непрерывность и возможность взаимодействия детей в рабочих группах, где они могут аккумулировать идеи и обмениваться размышлениями. Именно поэтому, модули для развития абстрактного и логического мышления, такие как: Лего-технология, детская опытно-экспериментальная деятельность и детская исследовательская деятельность - входят в нашу основную образовательную программу.

Благодаря STEM-подходу учащиеся могут вникать в логику происходящих явлений, понимать их взаимосвязь, изучать мир системно и тем самым вырабатывать в себе любознательность, инженерный стиль мышления, умение выходить из критических ситуаций, вырабатывают навык командной работы и осваивают основы менеджмента и само презентации, которые, в свою очередь, обеспечивают кардинально новый уровень развития ребенка [1, с. 25].

В настоящее время STEM является одним из главных трендов в мировом образовании. Благодаря стремительному развитию технологий появляются новые профессии, повсеместно растет востребованность специалистов STEM. Поэтому многие страны, такие как Австралия, Китай, Великобритания, Израиль, Корея, Сингапур, США проводят государственные программы в области STEM-образования.

Таким образом, наша страна движется в одинаковом направлении с развитыми странами. STEM-образование является мостом, соединяющим учебу и карьеру. Его концепция готовит детей к технологически развитому миру. Специалистам будущего требуются всесторонняя подготовка и знания из самых разных образовательных областей естественных наук, инженерии, технологии и математики [2, с. 54].

Преимущества STEM технологии:

Между тем STEM – это широчайший выбор возможностей профессионального развития (эффективность использования еще и поэтому, что в стране набирает обороты общенациональная кампания за внедрение технологий обучения дисциплинам STEM).

Предоставление школьникам доступа к технологиям. Сегодня, когда мир пронизан вездесущими компьютерными сетями, дети создают цифровой контент, обмениваются им и потребляют его в невиданных доселе масштабах. Они запускают веб-сайты, снимают фильмы на телефоны и сами разрабатывают игры.

3 STEM технологии означают создание такой среды обучения, которая позволяет школьникам быть более активными. Чтобы ни произошло, они вовлечены в свое собственное обучение. Итогом является то, что школьникам лучше запомнить то, чему они научились, когда они вовлечены в процесс, а не будучи пассивными наблюдателями.

4 STEM технологии требуют от школьников больших способностей мыслить критически, работать как в команде, так и самостоятельно.

Недостатки STEM технологии:

Слабость коммуникативных навыков, особенно вокальных навыков. В STEM инженеры больше всего внимания обращают на формулы, уравнения, структуры материалов, в которых, скорее всего, будет использован сухой книжный язык.

Так как инженеры в основном сосредоточены на STEM, они могут потерять свои творческие навыки. Большинство изобретений и новшеств возникли в начале мышления несуществующих и «достаточно сумасшедшие» вещи.

Инженеры, которые, хорошо обучены справляться с операционными системами и техникой, могут чувствовать затруднение в решении обычных «житейских проблем».

Ярко выраженная узкая специализация учителей, и как результат знания школьников будут фрагментарны. Реализовывать такое направление способны только учителя, прошедшие дополнительную профессиональную подготовку и готовые работать в единой системе естественно-научных учебных дисциплин и технологий.

В отдаленном будущем появятся профессии, которые сейчас даже представить трудно, все они будут связаны с технологией и высоко технологичным производством на стыке с естественными науками. Особенно будут востребованы специалисты био- и нанотехнологий. И мы должны уже сейчас готовить наших учеников к этому. Основным транслятором национальных, общекультурных ценностей является учитель школы, которому следует помнить, что любые преобразования в его деятельности сквозь призму

«проб и ошибок» не дадут должного результата. Успешность при формировании у ученика системы знаний и умений во многом зависит от логично и последовательно построенного курса. Умелый переход от практики к теории может замотивировать учащихся к проблемному обучению. В связи с вышеперечисленным, целесообразно рассмотреть некоторые из преимуществ STEM-образования [3, с. 65].

В STEM-образовании активно развивается креативное направление, включающее творческие и художественные дисциплины (промышленный дизайн, архитектура и индустриальная эстетика и т.д.). Потому что будущее, основанное исключительно на науке, вряд ли кого-то обрадует. Но будущее, воплощающее синтез науки и искусства, волнует нас уже сейчас. Именно поэтому уже сегодня нужно думать, как воспитать лучших представителей приближающегося будущего.

ЛИТЕРАТУРА

- 1Тен А. С. Новые тренды в современном образовании. Электронный ресурс: <http://zkoipk.kz/ru/2016smart3/2541-conf.html>
- 2 Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане. «Білімді ел - Образованная страна» №20 (57) от 25 октября 2016 г.
- 3 Азизов Р. Образование нового поколения: 10 преимуществ STEM образования Электронный ресурс:П^: <https://ru.linkedin.com/pulse/-stem-rufat-azizov>

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ БАРЫСЫНДА ТАПСЫРМАНЫ ТҮРЛЕНДІРІП БЕРУ МЕН ЖЕДЕЛ FEED BACK ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ АКТ ТИІМДІЛІГІ

САГНАЕВА Г. А.

магистр, аға оқытушы, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

БӘКІБАЙ Т. Қ.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

ЖУНУСОВА М. Б.

студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Өнер-білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден

Көзінді ашып, жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды.

Ия, бұл біздің кемеңгер, ойшыл ұстазымыз Ыбырай Алтынсариннің жүректен ақтарыла айтқан сөздері. Сөздерінің өзі құдды бір болашақты болжағандай, қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету арқылы келешекке деген ұмтылысты арттырғандай. Болашаққа деген ұмтылыс, дамудың ұрпаққа қажет екенін түсінетін кез келді. Әлем елдері бүгінгі таңда ғарышты да бағындыруда. Айтпағымыз, қазіргі заман талабы заманауи үлгіні, виртуалды ақпарат пен нанотехнологияны қажет етеді. Озық елдердің қатарына еніп, алға жылжу үшін сапалы білім беріп, саналы ұрпақ тәрбиелеуіміз орынды деп білеміз. Бүгінде заман ағымына сай адам мүмкіндігін, оның білімін нығайтуда көптеген жүйелер мен платформалар дамып келе жатыр. Қашықтықтан білім беру – білім алушы мен педагог қызметкердің білім беру мен кеңес беру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту болғандықтан, ондағы платформа жүйесіндегі мүмкіндіктер тұтынушыға қолайлы да ұтымды болуы шарт. Сапалы білім беру үшін платформаны қолданушыларға қандай мүмкіндіктер ұйымдастырылып жүйеленуі тиіс? Бұл сұраққа жауап ретінде түрлі платформаларды салыстыра келе, мүмкіндігі жоғарырақ «Microsoft Teams» платформасының білім беру деңгейін арттыруда тиімді екені әбден байқалады. Аталған платформаның тиімділігі оқушылар мұғалімнің барлық пәннен берген тапсырмаларын нақты орындай отырып, сабақ мақсатына жету барысында өзін-өзі бағалай алады, оқушы да, мұғалім де кері байланыс орната алады.

Платформа жобасы, тілі өзге тілдік болып, қазақша үлгісі енді ғана қолжетімді болып жатқандықтан, мемлекетіміздің біраз қолданушылары бұл платформадан әлі күнге дейін толыққанды хабардар емес. Бұл орайда осы платформа жайында нақтырақ түсінік беріп, мүмкіндігі мен артықшылықтарына тоқталып өткен жөн.

«Microsoft Teams – чаттарда сөйлесуге, қоңырау шалуға, видеоконференциялар өткізуге және бір қосымшада бірлескен жұмыстың басқа да мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік беретін командалық жұмыс орталығы. Teams-та маңызды ақпаратты сақтауға арналған құралдар қосылады, мысалы Wi-Fi парольдері және аккаунттар деректері, сіз тіпті жақындардың үйге, жұмысқа немесе мектепке барғанда геолокациялық жаңартуларын қадағалауға болады» [1].

«Microsoft Teams» платформасы «ZOOM», «Webex» платформаларынан әлдеқайда тиімдірек, көпшілікке түсінікті әрі қолдануға ыңғайлы. Себебі «ZOOM», «Webex» платформаларында тек қана видеобайланыс арқылы сабақ өтілсе, ал бұл платформада видеобайланыс орнату мен қоңырау шалумен қатар, сабақ материалдарын жүктеуге, тапсырманы ұсынуға арналған қосымшалары бар. Тапсырманың орындалуына қарай мұғалім тарапынан оқушыларға баға қойылатын жүйе де енгізілген. Сондай-ақ платформада жекелей оқушымен, мұғаліммен, сынып жетекшімен де байланысқа шығып, хабарлама жазуға болады. «Чат – бұл шектелмеген, уақытша немесе тұрақты сөйлесу бөлмелері. Чаттар топтық және жеке болып табылады» [2, 3]. Әр сыныптың, әр пәннің, семинар, сайыс, үйірме, факультатив сабақтардың мұғалім, оқушы, сынып жетекшімен қоса жеке командалар ұйымдастыруға мүмкіндігі бар. «Командалар – бұл оқу орнының білім алушылары мен қызметкерлерінің тобы. Командалар белгілі бір тақырыпқа немесе жобаға арналған арналардан тұрады» [2, 3]. Мұндағы әр команданы бірнеше топқа, арнаға бөлу мүмкіншілігі де қарастырылған. Командалар қосымшасы үнемі байланыста болуға, тиімді жұмыс істеуге және барлық істеріңізді басқаруға көмектесетін қызметін ұсынады. Командалар арқылы БЖБ, ТЖБ алғанда қиындық та тумайды. Себебі оқушылар тапсырманы толық орындап жіберіп, мұғалімдер уақытында кері байланысын жасай алады. Қолданушылар командаға қосылу үшін арнайы ұйымдастырушы ұсынған кодтар арқылы байланысқа шыға алады. Мәзір жолағы белсенділік туралы ескертулерге, чаттарға, топтарға, жиналыстарға және параметрлерге қол жетімділікті қамтамасыз

етеді. Қолданушы қалауы бойынша кез-келген командадан уақытылы ескертпе алып хабардар болып отыруын қаласа, ескерту жүйесін іске қоса алады. Платформа ішіне «One Note», «Microsoft word», « Excel», «Kahoot», «Youtube», «Power Bi», «Polly Forms», «Trello», «Who», «Power Aps», «Project» т.б. жүйелер енгізілген. Бұл жүйелердің өзі де уақытты онтайландыру үшін таптырмас құрал болып саналады. Жұмысты платформадан шықпай-ақ дәл сол жерде, сол уақытта осы жүйелер арқылы орындап шығуға болады. Платформа ұсынған мүмкіндіктеріне қарай, бүгінде ерекше сұранысқа ие болып отыр.

Карантиндік шектеулер басталғаннан бері қазақстандық білім беру мекемелері білім беруде сапалы, ыңғайлы және қауіпсіз оқу процесін қамтамасыз ету үшін қажетті талаптарға жауап беретін қолайлы құралдарды іздеу мәселесіне тап болды. Microsoft Teams қазақ тіліне бейімделген және оқу кеңістігі үшін көптеген артықшылықтарға толы алғашқы шетелдік платформалардың бірі болды. «Бүгінгі таңда Microsoft компаниясының деректері бойынша, білім беру жүйесінде шамамен 250 мың қазақстандық пайдаланушы Microsoft Teams платформасын пайдаланады, олардың басым бөлігі (70 %) жалпы білім беретін мектептерге тиесілі» [3].

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет» [4]. Жаһандану дәуірінде цифрлық технологияларды пайдалану арқылы цифрлық сауаттылықты арттыруымыз келешек ұрпаққа деген бастама жол болмақ.

Ілім жолында ұстаз қаруы, серігі, көмекшісі, ақылшысы, досы – *әдістеме*. Қорқыт атаны «қобызсыз», ақын-жазушыларды «ақ парак пен кара сиясыз», ержүрек ерлерімізді «шөкпар-найзасыз», атағы жер жарған суретшіні «бояусыз» елестете алмайтынымыз сияқты педагогтер қауымын «әдістемесіз» елестету мүмкін емес.

Осы бір қорқыныш лебі ескен уақытта ұстаздар қауымы барынша білім көкжиектерін кеңейтіп, әдістемелік шеберліктерін шыңдау жолында. Қашықтықтан оқыту барысында қандай әдістемелік платформаларды, құралдарды тиімді әрі пайдалы қолдануға болады? Ұстаздар қай әдісті пайдалана отырып, оқушылар санасына жол таба алады?

Ақпараттық телекоммуникациялық технологиялар шарықтау шегіне жетер емес. Виртуалды өмір дамып жатқан кезеңде қаншама мүмкіндіктер көзі пайда болып жатыр. Қашықтықтан

оқыту форматында мұғалімдер үшін қолайлы, тиімді, қолжетімді әдістемелік платформалар бар.

Ең алғашқысына тоқталып өтетін болсам «Padlet» *платформасы*. Бұл платформаның мүмкіндіктеріне шолу жасайтын болсақ: «Padlet» платформасы ұстаз бен оқушы арасында кері байланыс орнататын көпір іспетті. Padlet – бұл хабарламалар, фотосуреттер, сілтемелер арқылы байланыс орнататын әлем. Бұл жерде арнайы «қабырға» ашып, сұрақтарды сол қабырғаға жазу арқылы мұғалімдер сабақ соңында оқушылармен онлайн форматында кері байланыс орнатады. Бұл – сабақ барысына көзқарастарын, өз пікірлерін, қай жері ұғынысты, қай тұсы түсініксіз екенін ортаға салуға ыңғайлы тақташа. Мысалы, алып қараңыздаршы, біз ас даярлау барысында мүмкіндік болса да, «сарымсақ, сәбіз, етті» бөлек-бөлек даярламаймыз ғой. Сол іспетті әр оқушыдан жекелеп пікірін сұраған да тиімсіз болмақ. Демек, бірге піскен тағам іспетті, ортақ ой алмасып, ортақ пікірге келген тұжырымда дәмді болмақ. Біліміміздің біте қайнасуына «Padlet» тақташасы көмекке келмек.

Келесі кезекте ойымызға азық болатын құрал – «Jamboard» *платформасы*. «Jamboard» кездесулерді, конференцияларды өткізуге арналған көпфункционалды интерактивті тақта. Бұл құрал идеяларды, жазбалар мен шешімдерді жедел тіркеуге мүмкіндік береді. Оның жұмыс беті өлшемін өзгертуге келмейтін жеке слайд. Бір құжатта 20 слайдқа дейін жасауға болады. Жұмыс барысында слайд беттерін толтыру үшін бірнеше құралдары бар: стикер, суреттер, өшіргіш, пішіндер, мәтіндік және лазерлік көрсеткіштер» [5].

Аталмыш тақтаны сабақ барысында қолдану уақыт үнемдеуге, оқушылардың тақырыпты қаншалықты деңгейде түсінгенін бақылауға, сабақ уақытында білім алушылардың белсенділігін байқауға көмектеседі. Мысалы, қазақ тілі сабағында сөйлем мүшелеріне талдау барысын талқылап отырмыз делік. Оқушыларға мына сөйлемді талдаңдар деген тапсырма беріп, олардың іс-әрекетінен бейжай отырғаннан қарағанда «Jamboard» тақтасына сөйлемдерді жазып, талдау барысын бақылап отыру тиімдірек. Бұл тұста ұстаз да оқушы да риза болады емес пе?! Талдап болғаннан кейін барлық тапсырмаларды бірге тексеріп, қателіктерін түзету мүмкіндігіне ие болады.

«Worldwall.net» өзіміздің оқу ресурстарымызды құрудың қарапайым тәсілі» [6]. Бұл платформа арқылы сабақ өткізіп қана қоймай, пән бойынша сайыстарға қолдануға болады. Бұл құрал мүмкіндіктеріне келетін болсақ: сыныпқа арналған оқу жоспарын

жасау мүмкіндігі, викториналар, жұптарды таңдау, ауызша ойындар және т.б. Яғни, түрлі қызықты тесттер, квадраттық ойындар, сабақ ағымын жасауға болады. Мысалы, бұл тақтамен тест даярлайтын болсақ, нұсқалары жанында көрсетіліп, бірден дұрыс-бұрысын аңғартады. Бұл платформаны сабақ барысынан гөрі, сабақ қорытындысында немесе өткен сабақты бекітуге қолдануға тиімдірек. Себебі оқушылар даярланған тапсырмаларды орындай отырып, дәл сол уақытта деңгейлерін, білімдерін көрсете алады.

«Kahoot – бұл онлайн-викториналар, тесттер мен сауалнамалар құрудың салыстырмалы түрде жаңа қызметі. Бұл бағдарлама ішінара Socratic Дидакторында сипатталғанға ұқсайды және оны дидактикалық мақсаттарда тиімді пайдалануға болады. Kahoot-та жасалған тапсырмалар оларға фотосуреттер мен тіпті бейнеклиптерді қосуға мүмкіндік береді. Викториналардың, тесттердің орындалу қарқыны әр сұрақ үшін уақыт шегін енгізу арқылы реттеледі. Қажет болса, мұғалім қойылған сұрақтарға жауап беру үшін ұпайларды енгізе алады: дұрыс жауаптар мен жылдамдық үшін. Тақта мұғалім компьютерінің мониторында көрсетіледі. Тестілеуге қатысу үшін студенттер жай ғана қызметті ашып, мұғалімнің компьютерінен ұсынатын PIN-кодты енгізуі керек. Kahoot-тың бір ерекшелігі – мұғалімге көп уақытты үнемдеуге тесттерді қайталау және өңдеу мүмкіндігі» [7].

Құмыраға отырғызылған гүлдің жайнап өсуі үшін су қажет екендігі бәрімізге мәлім. Сусыз гүл көпке бармайды. Сол сияқты білімнің ой-санада жетілуі үшін әр алуан әдіс-тәсілдер қажет. Әдіс-тәсілдер оқушы ойын қопсытатын тыңайтқыш іспетті. Бірақ ескеретін жәйт, гүлге суды қажетінен көп құятын болсақ гүліміз шіріп кетеді. Осы сынды пайдасы жоқ тәсілдерді қолдану арқылы оқушы ойын шірітіп алмайық.

Қорыта келгенде: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасымыз атап көрсеткендей, ақпараттық коммуникациялық технологияларды мемлекеттік тілді оқыту барысында қолдану – жаңа білім берудің тиімді шарттарының бірі.

Сабақ барысында ақпараттық технологияны қолданудың он жақтары:

1 Әр алуан түсті иллюстрациялар, анимациялар, аудиожазбалар есте сақтау процесіне ұтымды;

2 Әр сабақ барысында дағдылардың барлығын қолдануға тиімді: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым;

3 АКТ бейнероликтер көрсетуге мүмкіндік беріп, оқушылардың көре отырып, жаңа мәліметтерді есте сақтауына көмектеседі;

4 Қашықтықтан білім алмасуға қолжетімді;

5 Компьютерлік желілермен жұмыс істеу арқылы оқушылардың тілдік сауаттылығы, шығармашылық әлеуеті, тілдік құзіреттілігі дамиды;

6 Білім алушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;

7 Оқытушы мен оқушының арасында кері байланыс орнатуға тиімді.

XXI ғасыр оқушылары – зерек, алғыр, ізденгіш, жаңашылдыққа жақын, «көрсем, білсем» деген балалар. Сондықтан да бүгінгі күннің ұстазы да, білім беру сапасы да жоғары деңгейде болуы шарт. «Заманына қарай адамы» демекші, ақпараттық коммуникациялық технологиялар қазіргі таңда педагогтердің оң қолы болмақ. АКТ-ны жетік меңгерген ұстаз да, оқушы да жаңалықтарға, ашуларға, жетілуге, дамуға даяр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Эльвира Серікқызы. Microsoft 21 сәуірден бастап Microsoft 365 қызметін ұсынады // <https://egemen.kz/article/228001-microsoft-21-sauirden-bastap>

2 Astana IT University, «Astana IT University» ЖШС-де ҚОТ режимінде оқу процесіне арналған Microsoft Teams пайдалану бойынша нұсқаулық» –Нұр – Сұлтан қ., 2020. –12 б.

3 Түркістанова Л. М. Қазақ тілі Microsoft Teams платформасында қолжетімді болды // <https://bilimdinews.kz/?p=137195>

4 Самеков М. Н., Избасаров Е. Х. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиясы. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы // <https://zkoipk.kz/kz/2016smart1/2543-conf.html>

5 Google Jamboard мүмкіндіктегі // <https://startpack.ru/application/google-jamboard>

6 YouTube: «Обзор сайта для создания интерактивных упражнений Wordwall.net» // <https://www.youtube.com/watch?v=CFv05L0ZVZw>

7 Kahoot — программа для создания викторин, дидактических игр и тестов // <https://te-st.ru/entries/kahoot-app/>

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

ДАУЛЕТ М.

мұғалім, № 16 лицей-мектебі, Павлодар қ.

Жаңартылған білім мазмұны білім берудің жаңа талаптарын қажет етеді. Ол талаптар – білімнің практикалық мәні. Бұл практикалық мән оқушылардың алған білімдерін қоғамдық өмірде қолдана алулары, күнделікті тұрмыста кәдеге жаратата алуларына бағытталған. Сондықтан да «Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» заңда: «Оқу бағдарламаларындағы өзгерістер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына күтілетін нәтижелеріне сәйкес бағалау құралдарын жүйелі қайта қарауды талап етеді. Қорытынды аттестаттауды өткізудің тапсырмалары мен форматы PIRLS, PISA, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің, сондай-ақ SAT тестінің құралдарымен ұқсастығы бойынша функционалды сауаттылық пен құзыреттілікті өлшеуге бағытталған сұрақтарды қоса отырып, ҰБТ мазмұны және т.б. қайта қаралатын болады» [1]. Бұл қазіргі қазақстандық білім беру жүйесіндегі өзгерістердің оң бағытын байқатады. PIRLS, PISA, ICILS талаптарына сәйкес функционалқы сауаттылықты дамытуда оны білім нәтижелерімен сәйкестендіру жүргізіліп жатыр. ҰБТ сұрақтарына енгізілген білімді бағалаудың түрлерін айтуға болады. Қазіргі әлемдік білім мазмұнының талаптары – білімді алуды оны ішкі жан-дүниені дамыту, ішкі рухани әлемді өзгерту, дамыту үшін ғана пайдаланбай, білім мазмұнының тәжірибемен байланысын қадағалайды. Білім мазмұны қоғамда, тұрмыста қолданыста болуы шарт. Сонымен бірге ол адамның өмірінде жарамды қызметке ие болуы керек.

Оқу сауаттылығын дамыту, оның қолданыс шеңберін кең көлемде алып шығудың басты талабы - әдебиет пен тіл сабақтарына қатысты. Әдебиет пен тіл сабақтарындағы мәтінмен жұмыс, оның негізгі құрылымдарын, мазмұнын талдау арқылы оқушы көркем мәтінмен, ғылыми мәтінмен, публицистикалық мәтіндермен жұмыс істейді. Сондықтан да білім беруде әдебиет пен тіл пәндері оқытудағы барлық пәндермен тығыз байланыста болады. Бұл байланысты мәтіннің жанрын танытудан, стилін белгілеуден бастаған дұрыс. Сонымен бірге оқушылар мәтіндегі негізгі тілдік

ерекшеліктерді анықтай алу, тілдік құралдарды белгілей білу арқылы да оның басты сипаттарын ашады.

Біз функционалды сауаттылыққа дайындықты мәтіннің мазмұны мен құрылымынан бастаймыз.

1 Мәтіннің стилін анықтау.

2 Мәтіннің түрі.

3 Мәтіннің жанрын анықтау белгілері.

Бұл ерекшеліктерді, тілдік белгілерді ашу үшін тілдік қатынастармен жұмыс жүргізіледі. Мәтіндегі стиль түрлерін анықтау үшін оқушыларға оқылым тапсырмалары беріледі. Оқушылар мәтінді оқып шығады. Мәтіндегі ойдың берілу тәсілін анықтайды. Мәтіннің ойды берудегі мақсаты анықталуы тиіс.

Автордың негізгі мақсаты – ақпарат беру. Бұл ақпаратты берудегі тәсілі қандай? Ақпаратты берудегі тәсіл түрлері де бірнешеу болады. Автор өз ойын көркем тәсілмен береді. Негізгі мақсат – көркем ойды қозғау, айтылатын, ұсынылатын ойдың адамның рухани әлемімен, ішкі жан дүниесімен байланыстыра анықтау. Бұл ретте, оның тілінде метафора, метонимия, синекдоха, теңеу, эпитет сияқты көркемдегіш құралдар болады. Ғылыми мәтіндегі басты мақсат – белгілі бір ғылым саласынан ақпарат, дерек, түсініктеме беру. Осындай ерекшеліктер арқылы публицистикалық және ауызекі-тұрмыстық тіл стилінің белгілері де түсіндіріледі.

1 Мәтіннің мақсаты.

2 Мәтіндегі тілдік құралдар (көркемдегіш құралдар, нақты бір ғылым саласына қатысты терминдер, күнделікті тұрмыстағы қарапайым сөздер, эмоциялы-экспрессивті мәндегі тілдік құралдар т.б.).

3 Мәтіннің құрылымы. Сөйлем құрылысы. Лексика-семантикалық құрылымы. Мәтінді талдауда оқушымен жүргізілетін келесі бір жұмыстардың негізгісі – тақырыпты түсіну. Тақырыпты түсіну арқылы оқушы оның стиліне де жол сала алады. Мысалы «Менің елім», «Күлтегін» жазуы», «Абайдың саяси-әлеуметтік көзқарасы», «Жаңа ғаламшарға саяхат» т.б. тақырыптарына қарап, қандай стиль екендігін анықтауға болады. Тақырыппен жұмыс оқушылардың тақырыпты анықтап түсінуі мен, ол туралы өз білетін білімдерін, мәтіндегі біліммен толықтыра алуы немес сабақтастыра білуі. Бұл ретте, оқушылардың мәтіндегі білімге толығымен қосылулары, оны қабылдаулары шарт емес. Егер оқушылар алған білімдерін сабақтастыра алса, жаңа деректермен толықтыра алса, онда тақырыпты түсінгендері. Немесе оқушылар

оқыған мәтіндегі ойға басқаша пікір білдірулер, өзгеше көзқарасты ұстанулары да мүмкін. Мұғалімнің біріге отырып талдауы негізінде дұрыс шешеім табылуы тиіс. Қазіргі ақпараттар ағыны кезінде мәтіннің негізгі идеясы – оқушылардың еркін ойлы, тәуелсіз пікір қалыптастыруына жол ашады. Дегенмен, оқушылардың ой-пікірлерінде адамгершілік ойлардың, азаматтық ұстанымның ұлттық түсініктермен, елдік идеяларымен ұштасуына назар аударылуы шарт. «Білім беру жүйесіне байланысты дара тұлға қалыптастырудың 4К моделі мынадай басты мәселелерді қамтиды: сыни ойтаным, креативтілік, коммуникативтік, бірлестік пен үйлесім» [2, 6].

Қазақ балаларының ұлттық білім алуын қамтамасыз етудің басты талабының өзі де – оқушылардың білім мазмұнын тәжірибеде өзінің адамгершілік мұраттарын жүзеге асыру, шығармашылық қабілетін көрсету және ел мен жерді қадірлеу, тәуелсіз еліміздің болашағы үшін қажетке жарату идеяларынан тұрады. Сол мақсатта, сыни ойтаным жеке тұлғаның белгілі бір тақырыпқа өз көзқарасының, пікірінің, ұсынысының болуын, қоғамдық өмірде кездесетін түрлі жағдайларда сол көзқарас, ұстаным, қағидалары негізінде дұрыс жол таба алу, әр жағдайға баға бере білуді қажет етеді.

Жаңартылған білім мазмұнындағы оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудың бір шарты – креативті ойлауға үйрету. Креативті ойлау – әр оқушының азамат болып қалыптасуына дейінгі аралықта өзіндік ойлау дағдыларын қалыптастыра алуы. Кез келген өзі қабылдаған шешімді білімімен, ұшқыр қиялымен, ақылымен дәлелдеуге қабілетінің болуы. Сыни ойтаным мен креативті ойтаным оқушылардың түпкі нәтижесі жетістікке жете алуына жағдай жасайды. Оқушы өзінің ойын сыннан өткізе отырып, оны ұшқыр қиял мен нақты мақсатпен, шығармашылық қабілетпен ұштастыра отырып, мақсатқа жетуіне ықпал ететін факторлардың бірі – мәтінмен дұрыс жұмыс жасай алу.

Оқушының білім алуында сыни ойтаным мен креативті ойлау оның жекелік, өзінің тұлғалық сипаттарын анықтаса, келесі коммуникативтік қабілеті ортамен қарым-қатынасы арқылы ашылады. Бұл ретте, оқушының басты мақсатына – қоғаммен тіл табысуда қажетті тілдік оралымдарды білу, оларды өз орнына қарай қолдану үшін де мәтіннің стильдік белгілерін білулер керек екені анық.

Коммуникативтік белсенділік – тіл мәдениетімен де тығыз байланысты. Тіл мәдениеті оқушылардың әр тілдік ортаның өз сипаттарын анықтай отырып, сол ортаға лайық тілдік құралдар мен бірліктерді қолдана алуы. Сондықтан да бұл оқушылардың тек сөйлесім, айтылым қатынастарымен ғана байланысты емес. Бұл оқушылардың жазылым және оқылым кезіндегі тіл мәдениетін сақтау, немесе тілдік нормалар мен ережелерді дұрыс қолдана алуына да қамтиды.

Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту мен онымен жұмыс істеудегі келесі бір кешенді жұмыс түрі – оқылым. Оқушының тақырыпты түсінуі мен оны дұрыс ой елегінен өткізе алуы, сол атқырып көлемінде нақты деректер мен ақпараттарды білуі негізінде келесі саты – мәтінді оқуға өтеді.

Оқылым – оқушының мәтінде орфоэпиялық нормаларға сай, әр мәтін түрі мен жанр, стиль белгілеріне қарай мәнерін келтіре, гараммикалық, негізгі лексика-семантикалық ойды анықтай алуына мүмкіндік беретін жұмыс түрі. Оқылым – қарапайым оқу ғана емес. Біз күнделікті әр пәнде мәтіндерді оқимыз. Бірақ оқылым шарттарын біле бермейміз. Сондықтан да оқылым шарттарын біле отырып, оны игеру арқылы оқылымды үйренуге талпынудың маңызы зор.

Оқылым мәтіні арқылы бірнеше жұмыс түрлері жүргізіледі.

1 Мәтін арқылы лексика-грамматикалық, фонетикалық білім тиянақталады немесе тексеріледі.

2 Мәтін мазмұнын ұғу, түсіну бойынша сегменттік тапсырмалар беріледі. Бұл сегменттік тапсырмалар оқушылардың мәтін мазмұнын қаншалықты түсінгенін анықтайды. Мсыалы, мәтіндегі жалпы мазмұнды ұғу бар да, нақты детальді түсіну, сол арқылы келесі сюжеттерді байланыстыру бар. Сондықтан да оқушыларға қазіргі білім беру жүйесінде мәтіннің мазмұнын түсінуге арналған «иә», «жоқ», немес «дұрыс», «бұрыс», «ақиқат», «жалған» т.б. белгілерін қою арқылы мәтін мазмұнын түсінгенін анықтауға арналған жұмыс түрінің мәні зор. Бұл жұмыс түрі жылдам жүреді, әрі оқушыларды зеркітірмейді.

3 Мәтін мазмұны бойынша нақты жауаптарды талап ететін сұрақтар.

4 Мәтін бойынша, оның бөліктері бойынша кілт сөздерді табу мен оларды көрсету, жазу.

5 Мәтін түрін, жанрын, стилін анықтау.

6 Негізгі ақпараттарды табу. Осы ақпараттарды өздері толықтыру. Білетін ақпараттарын белгілеу. Қосқан ақпараттар мен деректерін толықтыра отырып, ортақ мәтінді баяндау.

7 Оқыған мәтіндері бойынша кесте толтыру, постер, кластер жасау.

Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруда мәтіннің әр бөліктеріне, сонымен бірге негізгі ойды беретін мазмұнына, кілт сөздерге назар аударту қажет. Балалр оқылым кезінде мәтін мазмұнын дәл ашатын оқиғаларды, деректер мен ақпараттарды анықтай алатын болса, онда олардың тәнімен жұмысқа төселгендіктерін анықтайды. Мәтінмен жұмыс түрлерін жүргізе алатын оқушылар оқу сауаттылығына да төселеді.

Біз оқу сауаттылығы оқушының мәтінді құр мазмұндауы деп қабылдамауымыз керек. Оқушы мәтінді игере отырып, ондағы басты тақырып пен идеяны анықтай алуы керек. Сол арқылы кейіпкерге де мінездеме беруді үйренеді. Бұл оқушылардың оқу сауаттылығын меңгеруіне ықпал етуімен бірге талдай отырып, онымен жұмыс істеуге үйренеді.

Мсыалы Ы. Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін оқушыларға оқылымға ұсына отырып, бірнеше тапсырмалар беруге болады.

1 Тақырыптың бұлай қойылуының мәні неде?

2 Әңгіме кейіпкерлері кімдер? Әкесіне қандай мінездеме беруге болады? Бала туралы не айтасындар?

3 Әкесі мен баласы қайда келе жатты?

4 Әкесі неге тағаны өзі ұстап жүрді?

5 Тағаны кімдерге сатты?

6 Тағаға не сатып алды?

7 Жазушы неліктен шие сатып алды деп жазды? Басқа зат сатып алуға болмас па еді?

8 «...аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен де құры боласың» деген әкесінің сөзінен не ұқтындар?

9 Шығарманың идеясы не деп ойлайсындар?

Оқушыларға осындай қарапайым үлгідегі сұрақтардан бастып күрделі сұрақтарға дейін беруге болады.

1 Көп ақылмен мол байлық табуға болады деген ойға әңгімедегі қай кейіпкер лайық?

2 «Мол байлық басы әке ақылын тыңдаудан басталады», «Әке ақылын алған бала алысқа барады» деген оймен келісесіндер ме?

Әңгіме осыған жауап бола ала ма? Ойларыңды әңгімедегі тірек сөздер арқылы дәлелдендер.

3 Әңгіменің сюжеті бүгінгі қоғамға лайық пе? Ойларыңды нақты мысалдармен дәлелдендер.

4 Әр кейіпкердің әрекетіне баға беріндер.

Оқушыларды көркем әдебиетті оқыту мен кез келген мәтін түрімен жұмыс істеуге үйрету – оқу сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған жұмыстармен кешенді жүргізілсе ғана нәтиже береді.

Мәтінмен жұмыс – оқушыларды кешенді жұмыс істей білуге ждағдыландыратын жұмыс түрі. Бұл мәтінді сауатты оқи білу, оның құрылымы мен мазмұнын талдай білу, түсіну деген басты білім дағдыларынан бастырап, кең көлемдегі әдеби, тілдік талдауларға ұласады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

2 Оразбаева Ф. Құндылық қайнары – мемлекеттік тіл // Жинақта: «Білім берудің 4К моделі: теория мен әдістеме» атты республикалық ғылымитәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Абай атындағы РММИ, 2020. – 187 б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

ӘКІМБАЙ Г. С.

магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Жарқын болашақтың кепілі саналы, білімді ұрпақ. Білім беру саласы қазіргі жаһандану, жаңару кезеңінде жаңартылған білім беру бағдарламасын мұқтаж еді. Жаңартылған білім беру бағдарламасы заманауи ұрпақтың білімге деген талпынысына жаңа леп берді. Елбасымыз: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп ерекше тоқталды. Бұл орайда дамыған елдердің сапалы білім беру жүйесіне ие екенін атап өтуіміз тиіс. Қазақ тілі-мемлекеттік тіл. Қазақ тілін жаңартылған білім бағдарламасымен оқыту – оқушылардың өзіндік, шығармашылық,

белсенділік қабілеттерін ашатын, қолайлы жағдайда сапалы білім ала білуін қалыптастыратын үдеріс. Яғни, оқушы ұстаздың берген білімін қанағат тұтпай, әрі қарай тереңдете өздігінен оқып, ал мұғалім оқушыға бағыт-бағдар, қолдау, жағдай жасау үстінде болу керек. Сонда жаңартылған білім беру мазмұнының нәтижесі біркелкі, бірегей болады. Білім беру барысында оңтайлы әдістерді қолдану арқылы оқушының қызығушылығын үдете түсу, сөйлеу біліктерін дамыту қажет. Дәстүрлі сабақ үдерісін басшылыққа алмай, білім белсенділігін оятуы оқушылардың саналылықпен білім алуға дағдыландырады. Сондықтан да білім беру барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерге баса назар аудару қажет. Әдіс-тәсілдер төмендегідей талаптарға сай болуы тиіс: 1. Әдіс-тәсілдер арқылы өзін-өзі еркін сезіну үшін жағымды атмосфера жасап, оқушы қызығушылығын ынталандыру керек, тілді практикада қолдануға деген қажеттілігін тудыру қажет. 2. Оқушы тұлғасын толығымен оқу процесіне тарту керек, оның эмоциялары, сезімдері оның қажеттіліктерімен байланысты болуы керек. 3. Оның тілдік шығармашылық қасиеттерін ынталандыру керек. 4. Оқушыны оқу процесінің басты тұлғасы ретінде белсенді етіп, басқа оқушылармен тығыз байланыстыру керек. 5. Оқушыға өз физиологиялық, интеллектуалдық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты өз бетімен жұмыс істей алуына көмектесу керек. 6. Түрлі жұмыс түрлерін жеке, жұппен, топпен, сыныппен және тағы басқа жұмыс түрлерін қолдану қажет. Ендеше, жаңартылған білім бағдарламасы бойынша қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен ширатуларға тоқталып өтсек. «Ой қозғау» әдісі Мақсаты: Қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша немесе ауызша ой салу. Тиімділігі: Оқушыға сұрақ қою, проблеманы зерттеу арқылы ой-өрісін дамытады, пікірлерінің еркін айтылуы, ешқандай сынға ұшырамау керек, қағазға түсіріліп, талқылау жұмысы болады. «Гүлмен тілек» (сергіту және топқа біріктіру) Мақсаты: Тыңдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуал қалыптастыру. Тиімділігі: Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. «Жарнама!» әдісі Қолданылуы: Әр топтан бір оқушы таңдалады. Алдын-ала сабаққа қатысты жазылған бір сөзді конверттен таңдайды да, сөздің өзін атамай түсіндіреді. Сөзді тапқан бірінші адам конверттен келесіні таңдайды және қалғандарына түсіндіреді. Тиімділігі: Өткен сабақ бойынша берілген

ақпаратты еске түсіреді, жауапкершілік артады. «Екі шындық, бір жалған» әдісі Қолданылуы: Алдымен өтілген мәтін бойынша 3 ақпарат дайындайсыз. Осы айтылған ақпараттың 2-еуі шындық, 1-еуі жалған болу керек. Оқушылар жалған мен шындықты табады. Мысалы: 1. Сөйлемдер буыннан тұрады. (жалған) 2. Сөйлемдегі сөздер бөлек-бөлек жазылады (шындық) 3. Сөйлем мағынасына қарай соңына тыныс белгісі қойылады (шындық). Ары қарай әр топтың оқушылары сабақ соңында жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін түсіндіру мақсатында мысалдар арқылы келтіреді. бір бірінің жұмыстарын «Өткеншек» әдісі бойынша тексереді. «Өткеншек» әдісі Қолданылуы: Бұл әдісті топтық жұмыс барысында жүргізген қолайлы. Әр топ өзіне берілген тапсырмаларды аяқтап болған соң (міндетті түрде уақыт тақтада көрсетіліп тұру керек) жұмыстарын келесі топқа береді. Мысалы: 1–2ге, 2 топ – 3 ке, 3–4 ке с.с.с. Алдарына келген өзге топтың жұмысын талқылап дұрыс болса «+», қате болса «-» ,түсініксіз болса «?» белгісін қойып нақтылайды. «Жанды әңгіме» ширату Қолданылуы: Әр топ ішінен бес қисынсыз сөз тіркестері стикерге жазылады (Мысалы: ыстық балмұздақ, сары қан, жұмсақ тас т.б.) Топ ішінен шығарылған тіркестерді «Өткеншек» әдісі бойынша келесі топтар бір-біріне береді. Осы сөз тіркестерін пайдалана отырып, жанр түрлеріне байланысты тапсырмаларды қимылқозғалыспен орындайды. Сабақ тақырыбына қарай тапсырмалардың түрлерін өзгертуге болады. I топ: Ертегі II топ: Мысал әңгіме III топ: Өтірік өлең IV топ: Жаңылтпаш V топ: Жұмбақ «Әдеби шеңбер» әдісі. Қажетті жабдықтар: Флипчарт, түрлі-түсті қарындаштар, стикерлер. Тапсырманы орындау барысы: сыныпты топқа бөлу, топ мүшелеріне рөлдерін бөліп беру. Тиімділігі: әдеби көркем шығармаға анализ жасау, оқыған шығарманы өмірмен байланыстыру. «Кубизм». Қажетті жабдықтар: әр қырына тапсырма жазылған «ойын тасы». Жаттығуды орындау барысы: оқушылар екі топқа бөлінеді, әр топ оқушыларына әр қырына тапсырма жазылған «ойын тасы» беріледі. Топтың әр мүшесі «ойын тасын» лақтырады. Ойын тасындағы нөмірге сәйкес шығарманың «деталін» айтады. ЭССЕ немесе ОЙ ТОЛҒАНЫС әдісі. Тақырыпқа, тапсырмаға сай тыңдаушылар өз ойын қорыта және жинақтай отырып, ой-толғанысын жазады. Жеке жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асыруға болады. Эссені 5 минут ішінде жазуға болады. «Дербес пікір» жазу әдісі. Оқушылар сабақ соңында 7–8 минут ішінде қарастырылған мәселе бойынша мынандай құрылымдағы жазба жұмысын ұсынуға болады.

1. Өзіндік пікір (ой, идея). 2. Дәлел. 3. Өз пікірін айғақтайтын мысал. 4. Өз пікіріне қарсы дәлел. 5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал. 6. Қорытынды. Қазақ тілі сабақ барысында компьютер оқытушыға оқушының өз бетінше жұмысын ұйымдастыруға жәрдем береді. Ол үшін ғалымдардың ұсынысы бойынша мынадай жаттығулар мен әдістемелік тәсілдер қолдану дұрыс: 1. Сұрақ-жауап диалогы. 2. Таңдамалы жауаптармен жүргізілетін тапсырма. 3. Еркін құралған сөйлемдерді стильдік түзету. 4. Толықтыруды керек ететін жаттығулар. 5. Сөздікті меңгеруден өзін-өзі бағалауға арналған жаттығулар. Компьютерлік бағдарламалар уақыт өте келе жетіліп, қарқынды даму үстінде. Заманауи мұғалім үшін білім беру платформаларын меңгеру қажеттілік болып саналады. Бұл оқыту әдісінде мультимедиялық технологияның көмегімен бейне, мәтін, графика арқылы оқу курсының материалдары жасалады. Оқу материалы ретінде оқушыға дәстүрлі оқулықтар мен оқу құралдары және интерактивті қасиеті шектеулі бейне және мультимедиялық материалдар ұсынылады. Бұл бағытта жасалған жұмыстардың бірі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Online Мектеп платформасында 5-сыныпқа арналған сабақ әзірлемелері. Қазіргі таңда оқулық мазмұны бойынша сабақ әзірлемелері енгізілген және қолдану үстінде. Кез келген ұстаз бұл сабақ әзірлемелерін өзіне жүктеп, қолдана алады. Online Мектеп платформасындағы сабақ әзірлемелері қашықтықтан білім алуға, мұғалімнің көмегінен, қызықты әрі белсенді оқуға, оқулық мазмұны бойынша интерактивті түрде тақырыпты меңгеруге, өзін-өзі бағалауға, қатемен жұмыс жасауға, сабаққа деген ынтаны көтеруге мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалды сапаттылығын қалыптастыру. Мұғалім жаңартылған бағдарламаны тиімді, сапалы білім беруге ұтымды пайдаланы білсе, жемісі зор болады. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
- 2 Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Тиімді оқыту мен оқу» ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы.

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

САГНАЕВА Г. А.

магистр, аға оқытушы, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
КАМЕЛБАЙ Д., ҚАБЫКЕН А. А.
студенттер, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Мұғалімдердің қазіргі таңда алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазіргі қолданып жүрген сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойын еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.

Ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауы. Басты мақсаты оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден-бір тиімді әдіс деп есептейміз. Сыни тұрғыдан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау.

Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуінде екенін ескергеніміз дұрыс.

«Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы құрылымы 3 кезеңнен тұрады:

- 1 Қызығушылықты ояту («көпір жасау», ой қозғау);
- 2 Мағынаны тану (мағынаны ажырату);
- 3 Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады) [1, 292 б.].

Қызығушылықты ояту. Үйрену процесі – бұрыннан білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Оқушыны жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңаақпаратпен толықтырып, кеңейте түседі. Сол себептен де, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы білім алушы не біледі, неайталатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзегеасады. Осы кезенге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау, «Әлемді шарлау» т.б. деген стратегиялар жинақталған. Сабақтың мазмұнына сай алынған стратегиялар арқылы оқушылардың ойы шындалып, сабаққа белсенділігі, ынта-жігері артады. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – оқушының белсенділігін арттыру.

Себебі, үйрену – белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіріп, қағазға жазады, жанындаотырған оқушымен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салуарқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайшашындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны бұрынғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңдеоқушы жаңаақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Мағынаны тану кезеңі негізгі кезең сондықтан оқылып жатқан материалдың қажеттілігін түсіндіреді. Оқушының тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі – INSERT. Ол бойынша оқушы оқу, тақырыппен танысу барысында V – «білемін», – «мен үшін түсініксіз», + – «мен үшін жаңаақпарат»? – «мені таң қалдырды» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. **Insert** – оқу және жазба арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдісі, мәтінмен, жаңа ақпаратпен жұмыс жасағанда қолданылады. Мысалы, (М. Әуезов. «Қараш-қараш оқиғасы», Бақтығұл бейнесі бойынша) оқушыларға сұрақты тақырып бойынша жұмыс жасауды жай және күрделі сұрақты тудыру арқылы қолдандық:

Кесте 1

Жай сұрақтар	Күрделі сұрақтар
1.Бақтығұл қандай кейіпкер?Ол неге Жарасбайды барып паналайды?	1.Қалай ойлайсындар Бақтығұл кім?Ол Сәлмен мен Жарасбайдың «құрбаны» ма, әлде кек алушы күрескер ме?Немесе қорғансыз сорлы ма?
2.Бақтығұлдың Сәлменнен кетіп, Жарасбайдан пана іздеуі дұрыс па?	2.Қалай ойлайсындар,Бақтығұлдың ең басты қателігі, адасуы деп нені айтар едіңдер?
3.Бақтығұл арқылы жазушы не айтпақ болған?Ол Бақтығұлды жақтай ма, жоқ па?	3.Бақтығұл бейнесінің негізінде жатқан проблема туралы не айтар едің?Автордың оған көзқарасы туралы қандай ойдасың?

Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Осындай жай сұрақтан күрделі сұрақ жасау арқылы, жай сұрақты қызықты, әрі әдеби айтыс туғызатындай дәрежеде қойғымыз келді. Сондай-ақ бұл сұрақтардың Insert әдісімен қойылу себебі – олар бір ғана шектеулі мәселеге тоқталмай, көркем туындыны тереңірек қамтитын сұрақпен қарастырып,өздерінің «білгенін», «түсініксіз болған жерін», «жаңа ақпаратты» алатындай,сұрақтарға жауап бере отырып қарастыру мақсатымызда болды. Сондықтан да, білім алушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі.Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады [2, 68 б.].

Ой-толғаныс – бұл кезеңде күнделіктіоқыту процесінде білім алушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, бағаберуге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздеріменайтаалады. Бұл кезеңде білім алушылар бір-бірімен әсерлі түрдеой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр

түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әртүрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезенді тиімдіетуге лайықталған «Бес жолды өлен», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Осы кезеңдердің тиімді өткізілуі мынандай нәтижелерге қол жеткізеді:

- білім алушылар басқалармен қарым-қатынас жасай береді;
- өз ойын топ алдындашық айтаалуға, қорғай білуге баулиды;
- басқаларды тыңдау білуге, кез келген жауапқа сыйластықпен және түсіністікпен қарауға үйренеді;
- өз бетіншеізденуге ұмтылдырады, сабаққа қызығушылығы артып, белсенділігі жоғары болады [3, 92 б.].

Сыни тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында келесі міндеттерді анықтадық.

Мазмұнға байланысты міндеттер:

- 1 Әңгімені оқып танысады.
- 2 Мазмұнын ашады.
- 3 Кейіпкерлерді салыстыра отырып айырмашылықтары мен ұқсастықтарын сипаттай алады.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамытуға байланысты: Оқушының оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауын дамыту, қиялын шарықтату және сезімін ояту.

Топтық жұмыс үрдісіне байланысты міндеті:

- 1 Оқушылар бір-бірімен пікірлесе отырып, ортақ қорытынды шығарады.
- 2 Тақырыптық түсініксіз жерлерін айқындайды.
- 3 Топтастарының сұрақтарына жауап береді.
- 4 Қорытынды шығарады, өз пікірін дәлелдейді [4, 8 б.].

Сын тұрғысынан ойлау – ашық қоғам негізі. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу екенін толықтай айта аламыз. Бұл оқытуды «қарапайымнан күрделіге» деп атаймыз. Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес.

Қазіргі кездегі мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілеттілігін қажет етеді. Әдебиет сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясы тіл дамытумен қатар тұлға қалыптастыруда маңызы зор екендігі тәжірибе негізінде дәлелденуде.

Қорыта келгенде, сын тұрғысынан ойлау технологиясымен жұмыс істеу кезінде мұғалім білім алушының өзін ізденуге жетелейді, ойлануға үйретеді. Ал білім алушының белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы білім берудегі құзиреттілікке негізделген көзқарасты қолдайтын білім беру технологияларының бірі болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы және оның негізгі стратегиялары ойлаудың дамуын, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бұл технология қазіргі кезеңдегі білім беру мақсаттарына сәйкес келеді, оқушы мен оқытушыны ақпаратпен жұмыс жасау тәсілдерімен, оқытуды ұйымдастырудың әдістерімен, өздігінен білім алуды қамтамасыз етеді. Бұл технологияны сабақтарда қолдану дербестіктің, жауапкершіліктің, балалардың қазіргі жағдайға бейімделудің дамуына ықпал етеді, оқушылардың монологиялық әрі диалогтік сөйлеу қабілетін дамытады, оқуға деген ынтасын арттырады. Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде оқушының:

- белсенді шығармашылықпен ойлану дағдысы қалыптасады;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыру дағдысы дамиды;
- ынтымақтастық қарым-қатынастың негізі қаланады;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалау дағдысы қалыптасады;
- пәнге деген қызығушылығы артады.

Сыни ойлау бойынша берілген сабақтарда, алған білімін өмірде қолдана алатын, өзін таныта, дамыта білетін жеке тұлға қалыптасады, оқушы проблеманы ойлау, пайымдау, дәлелдеу, еркін, ашық пікір білдіру мүмкіндігіне ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж., Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық.- Алматы: 2014.-360 бет.
- 2 БігібаеваҚ., Әдебиетті оқыту әдістемесі.- Алматы «Рауан»-1997ж. -282бет.

3 Абдықайырұлы Қ., Монахов В.М., Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы – А, 1999.- 180бет.

4 Мирсеитова С., Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері. 2011.- 12бет.

ҚАЗІРГІ ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ АУМАҒЫ

КАРИПЖАНОВА А. О.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, «Филология» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

ВАРЗЕГОВА Ж. О.

оқытушы, М. Қанапиянов атындағы жоғары колледжі,
Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

XXI ғасырда әлемдік экономикада әмбебап интеграция орын алып, заманауи ақпараттық технологиялар адам өмірінің барлық салаларын компьютерлендірумен қатар қарқынды дамып келе жатқан кезде біртұтас әлемдік мәдени кеңістік пайда болады. Бұл әлеуметтік-мәдени шындықтар қоғамның алдына жаңа міндеттер қояды, олар тұрақты қоғамды қамтамасыз етуге және әлеуметтік теңдікке қол жеткізуге байланысты мәселелерді шешуге бағытталған, бұл әр түрлі этникалық топтар арасындағы өзара әрекеттесу тәсілдерін қамтитын жаңартылған құндылықтар негізінде мүмкін болады.

Қазақ тілін оқыту мазмұнын қалыптастыру мәселесі бойынша теориялық әдебиеттерді талдау әлеуметтік-мәдени өзгерістер оқыту мазмұнының барлық компоненттеріне қатысты екенін көрсетті. Бұл өзгерістердің негізі білім беру парадигмаларының өзгеруімен және құзыреттік парадигма кеңістігінде білімнің жұмыс істеуімен байланысты екенін атап өткен жөн, өйткені ол қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындайды.

Құзыреттіліктің өзі білім берудің тұжырымдамалық негізі ретінде сапалы жаңа білім алу тетіктерін, сондай-ақ өзгермелі ақпараттық ортаның қазіргі білім беру жағдайында оқу іс-әрекетінің танымдық аспектілерін дамыту үшін қажетті икем-дағдыларды іске қосады.

Осылайша, тілді оқыту мазмұнын қалыптастырудың жаңа стратегиясын таңдау қажеттілігі туындайды. Бұл кезде

коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру алдыңғы орынға шығады.

Концептуалдық-әдіснамалық аумақтағы коммуникативтік бағыт тілдің қарым-қатынастық аспектілері мен қызметтерін мынадай жүйеде беруге негізделеді: әлеуметтік (оқушы әлеуметтенеді); танымдық (оқушы тіл арқылы дүниені таниды); ақпараттық (түрлі мағлұматтарды қабылдап, түсінеді); қоғамдық (ұжымдық күрделі әрекеттерді орындауға үйренеді); эмоционалдық (оқушы өз сезімін, көңіл-күйін бөліседі). Міне, бұлардың барлығы қазақ тілінің жаңа бағытының білім берудің жаңа парадигмасымен толық сәйкестенетінін көрсетеді. Өйткені мәдениетті қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу – әрбір адамның күнделікті өмір тәжірибесінде бетпе-бет кездесіп отыратын және оның ішкі рухани әлеміне, тапқырлығы мен ақыл-ойына байланысты жүзеге асатын тіршілік мұқтажы.

Аталған міндеттерді шешуде қазақ тілін оқыту мазмұнының әдіснамалық компонентінің жаңғыртылған контентін айқындайтын оқу-танымдық құзыреттілік ерекше рөл атқарады.

Оқыту мазмұнын жаңғырту негізінде қазақ тілін оқыту процесінде цифрлық технологиялар түрінде жаңа әдіс-тәсілдер пайда болады.

Цифрландыру жағдайында оқытудың маңызды әдістерінің бірі мобильді оқыту (m-learning) болып табылады, ол танымдық, диагностикалық, бейімдеу, бақылау функциясы, бағдарлау, оқу қызметін басқару функциясы, болжамдық, пропедевтикалық сияқты функцияларды іске асыруға байланысты цифрлық технологиялардың әлеуетін ашады.

E-Learning білім берудің барлық деңгейлерін қамтитын жалпы жүйелік әдіснамалық тәсілді айқындайтын түбегейлі жаңа бағыт болып табылады.

Электрондық оқытудың бірқатар артықшылықтары бар. Жүйе интернетте білім алушылар мен студенттер, мұғалімдер, өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушылар, ата-аналар, әкімшілер, тьюторлар және білім беру процесіне қатысатын барлық басқа адамдар пайдаланушы ретінде тіркеле алады. Жүйеге кірген кезде пайдаланушы өзінің жеке кабинетіне кіреді, яғни білім алушыларға цифрлық білім беру ресурстары бойынша қашықтықтан оқуға, білім беру ұйымдарының басшыларына – педагогикалық процестердің нәтижелілігін талдауға және уақтылы басқарушылық шешімдер қабылдауға, ата – аналарға – өз балаларының оқу жетістіктерімен

танысуға мүмкіндік болады. Бұл оқытудың жаңа парадигмасы, білім беру процесіне қатысушылардың мобильді қашықтықтан өзара әрекеттесу жағдайында жаңа қарым-қатынасы қалыптасады, ең бастысы, барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер беріледі.

Оқыту үшін ақпараттық және интернет-технологияларды қолдану мәселесімен айналысатын зерттеушілердің көпшілігі қоғамды ақпараттандыру және цифрландыру процесі білім беру мүмкіндігі мен сапасын арттыру үшін арнайы мобильді коммуникативті-бағытталған бағдарламалар мен қосымшаларды жасауға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді.

Қазақ тілін оқыту процесінде оның тиімділігін арттыру үшін қолдануға болатын мобильді құралдар туралы айтатын болсақ, оларға ұялы телефондар, планшеттер, ноутбуктар және нетбуктар жатады.

Бұл сандық құралдар GPRS, WAP, 3G, 4G және 5G технологияларын қолдана отырып деректерді жіберуге мүмкіндік береді. Мобильді оқытуға мүмкіндік беретін сандық технологиялардың негізгі артықшылықтары – портативтілік және Интернет желісімен тұрақты жұмыс істеу мүмкіндігі. Дауыстық байланыс, ақпарат алмасу, сурет алмасу, Интернетке шығу-бұл мобильді технологияның негізгі ерекшеліктері.

Осы ретте қазіргі қолданыстағы *Күнделік, Білім-ленд* сайттарын атап өткен жөн.

«Күнделік кз» – Қазақстандағы ең танымал портал. Оны мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары пайдаланады. Бірыңғай ақпараттық жүйеде 2019 жылдың басында 4 млн-нан астам пайдаланушы бар, ал қараулар саны 120 млн-ға жетті, оған 6 мың қазақстандық мектеп қосылған.

Ал жеке сабақтар бойынша цифрлық технологиялардың ішінен веб-квест (Web Quest) технологиясын атап өтуге болады.

Веб-квест – бұл ең алдымен оқу процесіне қатысатын студенттерге бағытталған сабақты өткізу немесе сабақтан тыс іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың жаңа құралдарының бірі болып табылатын технология.

Вебквест оқушылардың Интернеттегі іздеу дағдыларын дамытуға бағытталады. Осы қызметтің нәтижесінде зерттеу жобасы әзірленуі тиіс. Веб-квестті оқу процесінің мақсаттарына байланысты оқытушы да, оқушы да құрастыра алады.

Веб-тапсырмаға мысал келтірейік.

Веб-квесттің атауы: «Қазақ тілінің лексикасы»

Веб-квест адресі: <https://referattar.kazaksha.info/>

Аннотация:

Веб-квест технологиясы бойынша оқу іс-әрекеті келесідей: оқушыға белгілі бір тақырып бойынша интернетте материалдар жинау, осы материалдарды қолдана отырып кез-келген мәселені шешу тапсырмасы беріледі. Кейбір дереккөздерге сілтемелерді білім алушыларға мұғалім береді, ал кейбіреулерін қарапайым іздеу жүйелерін қолдана отырып өздері таба алады. Квест аяқталғаннан кейін оқушылар өз презентацияларын ұсынады.

Квест рөлдік ойын болғандықтан, қызметтің әр бағыты белгілі бір рөл ретінде жасалады. Бұл ізденісте бес рөл анықталып көрсетіледі. Олар «Тарихшылар», «Философтар», «Әлеуметтанушылар», «Өнертапқыштар», «Жазушылар».

Аталған рөлдердің толық сипаттамасы сайт мәзірінде орналастырылады.

Веб-квест құрылымы:

Бастапқы бет

Негізгі тапсырма

Кіріспе

Рөлдердің сипаттамасы

Ресурстар тізімі

Рәсімі жұмыс

Жұмыстарды бағалау критерийлері

Оқытушы беті

Бастапқы бет. «Лексика» веб-квестіне қатысу білім алушыларға «Лексика» бөлімінің негізгі ұғымдарын қайталауға, пән бойынша білімдерін тереңдетуге ынталандырады. Жұмыста ақпараттық технологияларды қолдану оқыту сапасын жақсартуға, оның өнімділігін арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Негізгі тапсырма

Проблемалық мәселелер:

- Біздің сөзіміз қандай лексикалық компоненттерден құралады?
- Біздің тілімізді қандай факторлар байытады, ал қайсысы оны нашарлатады?
- Кірме сөздер тілдік қажеттілік пе әлде тілдік сән бе?
- Шын мәнінде көркем сөйлеудің қандай ерекшеліктері бар?
- Тіл тазалығы үшін күресу керек пе?
- Адамның жеке басын оның сөзі арқылы тануға бола ма?

Оқу сұрақтары:

- Лексика, фразеология, кірме сөздер дегеніміз не?
- Қазақ тілінің лексикасында қандай сөздер тобын ажыратуға болады?
- Жаргондардың, кірме сөздердің, варваризмдердің ерекшеліктері қандай?
- Біздің тілімізде кірме тілдік бірліктердің пайда болу тарихы қандай?
- Сөйлеудегі фразеологиялық оралымдардың, мақал-мәтелдердің рөлі қандай?
- Тіл және сөйлеу дегеніміз не?
- Сөйлеу мәдениеті, сөйлеу жағдаяты дегеніміз не?

Кіріспе

Сынып 5 топқа бөлінеді. Әр топтың өз рөлі болады. Шығармашылық есепті (презентация, бейнероликтер, кесте) команда өзінің веб-сайтының бетіне орналастырады. Топ жетекшісі тапсырмаларды топ ішінде тарата алады. Команданың барлық мүшелері ортақ мақсат үшін жұмыс істейді. Барлығы бір-біріне көмектеседі, компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеуді үйретеді.

Рөлдердің сипаттамасы.

1 Тарихшылар. Қазақ тіліндегі сөздердің пайда болуының барлық жолдарын зерттейді: төл лексика, кірме сөздер, калька, историзмдер / архаизмдер, неологизмдер, окказионализмдер. Презентация жасайды.

2 Философтар. Сөздер мен фразеологизмдердің семантикасын (тікелей, бейнелі мағынасы, полисемиясы) зерттейді. Кейбір фразеологизмдер шығу тегі мен олардың жіктелуін қарастырады. Тақырып бойынша презентация жасайды (мысалдармен).

3 Әлеуметтанушылар. Лексиканың әлеуметтік қабаттарын зерттейді. Диалектілер. Терминдер. Жаргон. Жаргон. Кәсіби сөздер. Тақырып бойынша презентация жасайды (мысалдармен).

4 Жазушылар. Көркем тілдік бірліктерді зерттейді. Метафора, метонимия, синекдоха, оксиморон, параллелизм, градация және т. б. не екенін түсіндіреді. Қаламгерлердің өз шығармаларында экспрессивті құралдарды қалайша қолданатынын талдайды. Тақырып бойынша презентация жасайды (мысалдармен).

5 Өнертапқыштар. Әйгілі шығармашылық тұлғалардың тілдік галереясын жасайды. Дәйексөз бола алатын пікірлерін жинайды.

Жұмыс рәсімі.

- 1 Сынып 5 топқа бөлінеді.
- 2 Топ рөлді таңдауы керек. Ол бүкіл топ үшін ортақ.
- 3 Таңдалған рөлге сәйкес тапсырманы орындайды:
 - а) көрсетілген немесе өздігінен таңдалған сайттарда нақты тақырып бойынша ақпаратты іздеу;
 - б) қажетті ақпаратты іріктеу;
 - в) материалдарды сайттың рөлдік тобының бетіне орналастыру;
 - г) мұғаліммен кеңескеннен кейін сайт бетін жақсарту;
 - д) рефлексия;
 - и) жобаны қорғау (топтың ауызша сөйлеуі).

Презентацияға қойылатын талаптар:

- 1 Презентация кем дегенде 10 слайдтан тұрады.
- 2 Барлық материалдар мұқият өңделген және қатесіз болуы тиіс.
- 3 Материал жақсы зерттелген және құрылымдалған түрде ұсынылады.

4 Презентацияның жалпы көрінісі аудиторияны қызықтыруы және тақырыпқа сәйкес келуі тиіс.

5 Слайдтардың әртүрлі орналасуы, слайдтардың ауысу эффектілері, дыбыстық эффекттер қолданылады.

Квест түрлері. Веб-тапсырмалардың екі түрі бар:

– қысқа мерзімді жұмыс үшін (мақсаты: білімді тереңдету және оларды біріктіру, бір-үш сабаққа есептелген);

– ұзақ жұмыс үшін (мақсаты: оқушылардың білімін тереңдету және қайта құру, ұзақ мерзімге есептелген – мүмкін тоқсан, жарты жылдық немесе оқу жылы). Осы тұрғыда қазақ тілінен берілетін тақырыптарды әр модуль бойынша бір квест тақырыбы етіп алуға болады.

Жоғарғы оқу орнындағы білім беру веб-тапсырмаларының ерекшелігі – білім алушылардың өз бетінше немесе топтық жұмысына арналған ақпараттың бір бөлігі немесе барлығы әртүрлі веб-сайттарда орналастырылады. Сонымен қатар, веб-квестпен жұмыс істеу нәтижесі студенттердің жұмыстарын веб-беттер мен веб-сайттар түрінде (жергілікті немесе интернетте) жариялай алатын болады. Web-квест тапсырмалары жеке сұрақтар блоктары және қажетті ақпаратты алуға болатын интернеттегі адресстер тізбесі болып табылады. Сұрақтар сайтқа кірген кезде студент өзі тапқан ақпараттан басты нәрсені бөліп, материалды таңдауға мәжбүр болатындай етіп беріледі.

Веб-квест құрылымы

Білім алушымен өз бетінше жұмыс істеуге арналған білім беру веб-квестінің негізгі талаптары мыналарды қамтиды:

– Негізгі тапсырма. Оқушының өзіндік жұмысының қорытынды нәтижесі нақты анықталады (мысалы, жауаптар табуға болатын бірқатар сұрақтар қойылады, шешілетін мәселе белгіленеді, қорғалуы керек позиция анықталады және жиналған ақпаратқа сүйене отырып, нәтижелерді өңдеуге және ұсынуға бағытталған басқа қызмет көрсетіледі);

– оқушыларға тапсырманы орындау үшін қажетті ақпараттық ресурстардың тізімі (электронды түрде-компакт-дискілерде, бейне және аудио тасымалдағыштарда, қағаз түрінде, интернет ресурстарына сілтемелер, тақырып бойынша Веб-сайттардың мекенжайлары көрсетілуі арқылы беріледі). Бұл тізімге аңдатпа жасалуы керек;

– тапсырманы (кезеңдерді) өз бетінше орындау кезінде әрбір оқушы орындауы қажет жұмыс рәсімінің сипаттамасы беріледі;

– оқу жұмысын ұйымдастыратын бағыттаушы сұрақтар түрінде ұсынылуы мүмкін іс-әрекеттерге арналған нұсқаулық беріледі (жиналған ақпаратты қалай ұйымдастыруға және ұсынуға болады) (мысалы, уақытты анықтауға, жалпы тұжырымдамаға, электронды көздерді пайдалану бойынша ұсыныстарға, веб – парақтарды ұсынуға байланысты-олар зерттеген материалдың нәтижесі ретінде тәуелсіз беттерді құруда техникалық қиындықтарды болдырмау үшін және т.б.);

– Веб-квест бойынша өздік жұмысты орындау кезінде білім алушылар алатын тәжірибе жинақталған қорытынды. Кейде оқушылардың белсенділігін одан әрі жалғастыруға ынталандыратын қорытынды риторикалық сұрақтарды тізімін беру пайдалы болып саналады.

ВЕБ-квестпен жұмыс істеу кезінде оқушыларды бағалау критерийлері:

Бағалау нысанын жасау үшін сізге қажет:

1 Бағалаудың маңызды критерийлерін тұжырымдау.

Критерийлер тапсырманың түріне, қызмет мақсаттары мен түрлеріне барабар болуға және тең дәрежеде: мәлімделген мақсатқа қол жеткізуді; жұмысты орындау сапасын; жұмысты орындау процесінің сапасын; мазмұнын; тапсырманың күрделілігін ескеруі тиіс.

2 Бағалау шкаласын анықтау керек – мысалы, үш, төрт, бес балдық.

3 Бағалау параметрлерінің сипаттамасын дайындау.

Параметрлерді сипаттауға қойылатын талаптар:

– сипаттама тілі оқушыларға түсінікті болуы керек;

– сипаттама бір параметрдің екіншісінен сандық айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік беруі керек;

– сандық көрсеткіштер арасындағы айырмашылық шамамен бірдей болуы тиіс (мысалы, 1–2 орфографиялық қате болған кезде 4 балл, 3–4 қате болған кезде 3 балл қойылады және т.б.

4 Қажет болса, жалпы бағалауда әр өлшемнің маңыздылығын көрсетуге болады (мысалы, пайызбен).

Бағалау бланкілерін төмендегі көрсеткіш бойынша жасауға болады:

– ауызша жобалар;

– мультимедияны пайдалану;

– зерттеу және жазбаша тапсырмалар;

– оқу;

– көркем шығармашылық.

Веб-квесттерді әдістемелік бағалаудың өлшемдері:

– Кіріспе – ынталандырушы және танымдық құндылық.

– Тапсырма – проблемалық, тұжырымның анықтығы, танымдық құндылығы.

– Жұмыс тәртібі және қажетті ресурстар – іс-әрекеттер реттілігінің нақты сипаттамасы; ресурстардың өзектілігі, әртүрлілігі және бірегейлігі; тапсырмалардың әртүрлілігі, олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын дамытуға бағытталуы; әдістемелік қолдаудың болуы-тапсырмаларды орындау үшін қосымша материалдар; рөлдік ойын элементтерін пайдалану кезінде-әр рөл үшін рөлдер мен ресурстарды барабар таңдау.

– Бағалау – ұсынылған бағалау критерийлерінің тапсырма түріне барабарлығы, бағалау критерийлері мен параметрлерін сипаттаудың анықтығы, жұмыс нәтижелерін өлшеу мүмкіндігі.

– Қорытынды – кіріспемен өзара байланысы, осы Web-Quest орындау арқылы оқушылар алатын дағдылардың нақты сипаттамасы.

Біз бір ғана тақырып көлеміндегі квест технология үлгісін ұсындық. Мұндай сабақ түрлерін әр пән бойынша, әр модуль бойынша құрастыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 147 б.
- 2 Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иностранному общению / Е.И. Пассов. – М.: Просвещение, 1998. – 312 с.
- 3 Миханова О.П. Интерактивные методы обучения как средство формирования универсальных компетенций // Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена. – 2008. - № 58. - С. 427-432.

МЕКТЕПТЕ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ ОҚИТУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

КАРИПЖАНОВА А. О.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, «Филология» кафедрасы,
Торайғыров университеті, Павлодар қ.

НУРГАЛИЕВА А. А., АУКЕНОВА С. Р.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, № 43 ЖОБМ, Павлодар қ.

Қазіргі кезеңде мектепте қазақ тілін оқыту әдістерін жетілдіру лингвистикадағы тілдік бірліктердің, соның ішінде фразеологиялық бірліктердің функционалдық қасиеттері туралы тұжырымдарды белсенді пайдалануды және әдістемелік тұрғыдан өңдеуді қамту керектігін қарастырады. Мектептегі ғылыми-әдістемелік зерттеулер материалдарын талдау тілдегі фразеологиялық бірліктерді қолдану дағдыларын дамыту мәселелері әр зерттеушінің алдында тұрған заңды дүние екенін көрсетеді. Өйткені «Фразеологизмдер тіл-тілдің бәрінде бар құбылыс. Және бұларды тілдік бөлекше бір сыпаттағы, шырыны мен сөлі таусылмайтын дәмді элементтері деп айтуға болар еді. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің өткірлігі дегеніңіздің айрықша көрінер жері осы фразеологизмдер маңы» [1, 34].

Ресейлік ғалым Е. А. Быстрованың оқушылардың фразеологиялық бірліктерді қолдану дағдыларын дамыту бойынша еңбегіне назар аударуға болады. Аталмыш еңбекте оқу мақсатында тілдік материалды іріктеу және сипаттау тәсілдерінің екі аспектісін функционалдық біріктіруді кешенді түсіну: тілдің ішкі жүйелік қасиеттерін, құбылыстарын, фактілерін, қарым-қатынас процесінде тіл бірліктерінің қызмет ету заңдылықтарын сипаттау және тілдің

әртүрлі деңгейлеріндегі құралдармен мағыналардың білдірілуін сипаттау мүмкіндігі ашылды [2].

Е. А. Быстрова жасаған мектепте фразеологияны оқыту жүйесін құрудың принциптері (жүйелілік пен функционалдылық принциптері) фразеологиялық материалдарды ұсыну фразеологияны меңгеру және тұрақты тіркестерді қолдануға бағытталған нақты икем-дағдыларды қалыптастыру, олардың үйлесімділігін игеру, сөйлеуде фразеологиялық бірліктерді ситуациялық бағытта қолдану дағдыларын қалыптастыру жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Фразеология әдіснамасына жүйелік және функционалдық принциптерін енгізу қазіргі мектепте фразеологиялық бірліктерді зерттеу деңгейін жаңа тұрғыдан, яғни фразеологиялық бірліктердің функционалдық қасиеттері туралы ақпарат көлемін, фразеологиялық бірліктерді семантизациялау және белсенділендіру әдіс-тәсілдерін анықтау, сөйлеуде, сөйлеудің белгілі бір түрлері мен стильдерін білдіруде фразеологизмдерді қолдану заңдылықтарын анықтау, семантикалық-стистикалық дағдыларды игерудегі қиындықтарды анықтау, фразеологизмдердің семантикалық-стистикалық әлеуетін анықтау және оларды меңгеру жолдарын белгілеу тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, грамматикалық материалды зерделеу кезінде фразеологизмдер туралы білімді шоғырландыру және тереңдету кезінде сөйлемдегі фразеологиялық бірліктердің синтаксистік рөлі, синтаксистік талдау кезінде оның компоненттерінің бөлінбеуі, ажырамауы, тұтас қолданыста болатыны туралы түсінік беріледі.

Осылайша, фразеологизмдерді оқыту процесінде келесі дағдыларды қалыптастыруға болады:

- 1 Сөйлем мен мәтіннен фразеологизмдерді табу;
- 2 Фразеологизмді сөздердің омонимдік және еркін тіркесінен ажырату;
- 3 Жалпы ФБ-дің лексикалық мағынасын анықтау;
- 4 Тілдегі фразеологизмдердің басқа баламаларын табу.
- 5 Сөйлеу әдебінде фразеологизмдер пайдалану.

6, 7, 10-сынып оқулықтарының дидактикалық материалы фразеологизмдерге арналған тапсырмаларды орындайтын мәтіннен фразеологиялық бірліктерді табу, олардың мағынасын анықтау, осы сөзге фразеологиялық синонимдерді таңдау, сөйлемдегі фразеологиялық бірліктердің синтаксистік рөлін белгілеу, фразеологиялық бірліктердің антонимдерін табу сияқты жаттығуларды қамтиды. Демек мектепте фразеологиялық

бірліктерді зерделеудегі басты назар фразеологиялық бірліктердің семантикасына аударылады да, фразеологиялық бірліктердің жұмсалымдық, яғни функционалдық мәні мәселелері оқушылардың назарынан тыс қалып отырады.

Дегенмен, оқулықтағы дидактикалық материалдар фразеологизмдерді қосымша қарастыруға, қазақ фразеологиясын зерттеу бойынша одан әрі мақсатты қосымша жұмыстар жасауға мүмкін болатындығын көрсетеді. Мысалы, тіл дамыту бағдарламасына сәйкес, бақылауға арналған оқу мәтіндерінде адамның сыртқы келбетін, оның еңбек процестерін және т.б. сипаттауға арналған материалдарды қарастырады.

Кез-келген семантикалық маңызды тілдік бірлік іспетті тұрақты тіркестер тілдің коммуникативті функциясын (қарым-қатынас функциясын) жүзеге асыруға қатысады, ол пікір беру, алмасу, ой алмасу болып табылады. Осыған байланысты біз коннотативтілікте дәйектеменің экспрессивті мәнерлілігі мен шынайылығын, тілдік білімнің адресаттың қиялына және (немесе) оның эмоционалды саласына әсерін, сөйлеудің экспрессивтілігін арттыруды, сонымен қатар сөйлеуді жарқын, әсерлі ететін барлық тәсілдерді ескеретін ғалымдардың пікіріне қосыламыз [3].

Фразеологизмнің мағынасының коннотативті компонентінің арқасында жүзеге асырылатын функционалдық мүмкіндіктерін ескере отырып, фразеологизмнің күрделі құрылымының ерекшеліктеріне сәйкес келетін жаттығулар жүйесі негізінде оқытуды ұйымдастыру оқушылардың тілінің дамуына оң әсер етеді деп санаймыз.

Фразеологизмді тілдің ерекше бірлігі ретінде тану тұрақты тіркестерді қазақ тілін оқытудағы ерекше бірлігі ретінде ажыратып көрсетуге негіз болып табылады. Бұл бірлікті игеру тұрақты тіркестермен жұмыс жүргізу жүйесін құруды қамтиды. ФБ лингвистикалық табиғаты, олардың семантикалық құрылымының күрделілігі, оларды ассимиляциялау процесінің ерекшеліктері, тұрақты тіркестердің еркін сөз тіркестерінен айырмашылығы оларды оқытуды ұйымдастырудағы ерекше әдіс-тәсілдерді қажет етеді.

Тұрақты тіркестерді оқушыларға ұсынған кезде оларды қабылдауға мотивациялық дайындық қалыптасуы керек. Психологиялық зерттеулерден адамның кез-келген әрекеті оның туындаған уәждерін қанағаттандыру қажеттілігінен қалыптасатыны және негізделетіні белгілі.

Жалпы білім беретін орта мектепте тұрақты тіркестерді оқытуда бірталай жаттығулар жүйесін жасауға болады.

Жаттығу жүйесі келесі жұмыс түрлерін қамтуы керек:

- мәтіндегі фразеологиялық бірліктердің рөлін талдау, фразеологиялық бірліктерді нақты лексикалық баламаларымен алмастыру мүмкіндігі;

- кейінгі таңдау және мәнмәтінге қосу үшін мәнмәтінді түсіну. Бұл үшін ең қолайлы, эмоционалдылық пен мағынаның экспрессивтілігін арттыратын тұрақты тіркестерді іріктеу;

- тіркестің эмоционалдылығы мен экспрессивтілігін арттыру үшін тілдік лебіздердегі сөз тіркестерінің орнына тұрақты тіркестерді қолдану;

- диалогты экспрессивті реңкі бар логикалық тұрғыдан аяқтау үшін тұрақты тіркестерді қолдану қабілеттерін дамыту.

Тұрақты тіркестердің күрделі семантикалық құрылымын, сөйлеудегі жұмыс ерекшеліктерін, оның морфологиялық және синтаксистік сипаттамаларын игеруді қамтамасыз ететін жаттығулар жүйесі тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну және сөйлеуде қолдану қабілет-дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Отандық лингводидактиканың сөйлеу әрекетін игеру жаттығуларының типологиясын дамытуда айтарлықтай өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Алайда, фразеологияны оқытуға арналған жаттығулар мәселесін толығымен шешілді деп айтуға болмайды. Зерттеуші үшін үлкен қолайсыздықтың бірі – бір ғана құбылысқа қатысты әртүрлі терминдердің қолданылуы.

Мектепте, атап айтқанда оқытудың фразеологиялық аспектісіне қатысты белгілі бір тілдік материалды немесе құбылысты игерумен байланысты қабілет-дағдыларды қалыптастыратын жаттығулар және олардың айырмашылықтарын ескере отырып, ауызша және жазбаша, диалогтік және монологтық сөйлеу икем-дағдыларын қалыптастыратын жаттығуларды атап көрсетуге болады.

Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ фразеологиясын оқыту жүйесін дамыту үшін жаттығулардың екі түрін – рецептивті және репродуктивті сипаттайтын түсіну дағдылары мен өндіріс дағдыларын қалыптастыру процестерінің айырмашылықтарын ескеретін жіктеу маңызды болып көрінеді.

Рецептивті жаттығулардың мақсаты – тілдің барлық компоненттерін ескере отырып, тұрақты тіркестерді барабар түсіну тұрғысынан маңызды коннотативті компоненттерді бөліп көрсете отырып, құрылымдық және семантикалық тұтастық

ретінде жеке-жеке қабылдаудың күрделі дағдыларын қалыптастыру және дамыту. Репродуктивті жаттығулардың мақсаты – сөйлеуде фразеологиялық бірліктерді қолдану дағдыларын қалыптастыру, олардың синтактикалық және лексикалық үйлесімділігін, түсініктерін игеру. Рецепттік және репродуктивтік жаттығуларды ғылыми мақсаттарда ажырату олардың оқу процесіндегі дербестігін ажыратпайды.

Біз қарастырып отырған жаттығулардың белгілі бір бөлігі қабылдауды да, тілдік қатынасты көбейтуді де үйренуге ортақ болуы мүмкін және дағдыларды қалыптастырудың бірінші кезеңінде енгізіледі, содан кейін рецепттік жаттығулар ерекше сипатқа ие болады. Тұрақты тіркестер коннотациясын түсіну дағдыларын қалыптастырады, ал репродуктивті жаттығулар сөйлеу кезінде ФБ қолдануды үйренуді мақсат етеді. Жаттығуды рецепттік және репродуктивті болып бөлудің негізгі қағидасы – олардың оқышуларға ұсына білу, тағайындалуы.

Егер мұғалім мектеп курсының әртүрлі тақырыптарын зерттеуде қолдана алатын ең тиімді әдіс-тәсілдерді анықтаса, фразеологияны оқыту сәтті болады. Әдіс-тәсілдерді таңдау қазақ тілін коммуникативті тұрғыдан үйретудің негізгі міндеттерін қолдану арқылы анықталады – балаларға фразеологиялық бірліктерді мәтінге кіріктіруге және түсінуге үйрету ғана емес, сонымен қатар сөйлеу кезінде, күнделікті қарым-қатынаста белсенді, стилистикалық тұрғыдан қолдануға негізделуі керек. Біз қандай түрлі әдіс-тәсілдерді қолдансақ та, ең бастысы, ойластырылған жаттығу жүйесін жасауды естен шығармауымыз керек.

Тілді дамытудағы жүйелілік төрт шартпен қамтамасыз етіледі:

- 1) жаттығулар тізбегі;
- 2) жаттығулардың әртүрлілігі;
- 3) жаттығулардың өзара байланысы;
- 4) жаттығуларды орындағаннан кейінгі нәтиже [73, 19].

Фразеологиялық бірліктерді терең меңгерту үшін келесі жаттығулар қолданылады:

- 1) фразеологизмдерді еркін сөз тіркестерінен ажырату;
- 2) лексикалық мағынаны нақтылау; жекелеген фразеологиялық тіркестердің компоненттері оқушыларға түсініксіз болған жағдайларда фразеологизмнің мағынасы ғана емес, сонымен қатар оның құрамына кіретін түсініксіз сөздің мағынасы да анықталады;
- 3) мәтіндегі фразеологиялық тұтастықтарды табу;

4) сөздер мен сөз тіркестерін фразеологиялық тіркестермен ауыстыру;

5) фразеологиялық бірліктерді қолданудағы қателерді табу және түзету;

6) фразеологизмдерді пайдалана отырып, сөйлем мен мәтін жазу;

7) балалар синонимдер мен антонимдерді таңдауды үйренеді. Сөздікті қолдана отырып, балалар фразеологиялық бірліктердің мағынасын анықтайды және фразеологиялық бірліктердің – синонимдер мен антонимдердің бар екендігі туралы қорытындыға келеді.

Балалар фразеологиялық сөздікті қолдануды үйренеді. Балалармен бірге сөздіктен фразеологизмді іздеу алгоритмі жасалады. Оқушылар арасында фразеологиялық бірліктердің этимологиясы ерекше қызығушылық тудырады, олардың көпшілігі қазақ халқының тарихымен, оның әдет-ғұрыптарымен, тұрмысымен, өмірімен байланысты. Сондықтан оқушылармен этимологиялық анықтаманы әбден түсінікті етіп зерделеу керек. Фразеологиялық тіркестердің мағынасын түсіндіру қиын, сондықтан тіл дамыту сабақтарында ойын сипатындағы тапсырмаларды қолданған жөн.

Фразеологиялық бірліктерді қарастыру олардың шығу көздерінен басталуы керек. Қазақ тілі сабақтарында фразеологизмдермен алғашқы танысу мұғалімнің нақты басшылығымен жүргізілуі керек. Тандалған материал балаларға түсінікті және түсіну үшін қол жетімді болуы керек.

Фразеологизмдермен жұмыс істеудің келесі кезеңінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін зерттеу және іздену сипатындағы тапсырмаларды орындауға болады.

Зерттеу жұмыстары аяқталғаннан кейін оқушыларға шығармашылық жобаның орындалуын ұсынуға болады. Балалардың сурет салғанды өте ұнатады. Олар суреттер салу керек тапсырмаларды қуана орындайды.

Мысал тапсырма. Мағынасы мен шығу тегі белгілі фразеологизмдерге осы фразеологизмнің тікелей мағынасын көрсететін иллюстрация жаса.

Балалардың фразеологиялық сөздіктерін құрастыруы да маңызды деп санаймыз. Мысал ретінде «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен» [4] өз беттерімен төмендегідей сөздік жасауға ұсынуға болады:

Бие сауымдай уақыт – биенің екі сауымының арасы, бір сағат шамасындағы мезгіл.

Сүт пісірім уақыт – ширек сағат шамасы.

Шай қайнатым – бір шай қайнатымдай уақыт, мезгіл.

Ет пісірім, ет асым – халықтық уақыт өлшемі, шамамен бір тамақ пісетін уақыт.

Сиыр сәске түс – халықтың уақыт өлшемі. Үлкен сәске, күн қызған шақ.

Сала құлаш – халықтық ұзындық өлшемі - құлаш созым, екі қол саласындай.

Бір бауыр жер – бауыр жазар, бой жазар жер.

Есік пен төрдей – тіпті жақын, бір аттам ғана жер; таяқ тастам жер.

Таяқ тастам жер [сілтем] жер // **Таяқ бойы жер** ұзындық өлшемі. Өте жақын, тиіп тұр деген мағынада.

Ат шаптырым // Тай шаптырым – 1. Қашықтық өлшемі ретінде айтылады. 2. Өте үлкен.

Көз жетер [жетемін] жер // Көз көрім жер // Көз шалым жер – жай көзбен қарағанда ажыратуға болатын ара қашықтық, кісінің шолып көре алатын жері.

Көш жер – бір жерден екінші жерге көшіп қоныс аударудағы ұзақтық.

Оқ атым [жетер] жер // оқ бойы – өте жақын, тым таяу жер екенін білдіретін халықтық өлшем, оқ жетер қашықтық, садақ, мылтық оғының тік ұшып барар шамасы.

Он екі тұтам – халықтық ұзындық өлшемі, садақ оғының ұзындығына байланысты жасалған.

Арасы жер мен көктей // Арасы жер мен аспандай Өте қашық, өлшеусіз алыс.

Бие бауындай жер Өте жақын, шамамен бір арқан бойы жер.

Қарыс сүйем – ұзындықты білдіретін халықтық өлшем.

Алты батпан – аса зор, үлкен; тым ауыр.

Алты батпан азап. Ауыр жол, қиянат-қасіреті мол өмір жолы.

Маңдайының арылмаған бес елі, бес батпан, кере қарыс соры бар // маңдайының соры бес батпан // бес елі, кере қарыс. Әбден бақытсыз, қырсық жабысқан сорқасқа.

Батпандай ауыр. Осы жерде уайым-қайғы басу мәнінде айтылып тұр.

Батпан құйрық, жол үстінде неғылып жатқан құйрық
Не қылған тегін жатқан, кездесе кеткен дүние деген мағынада айтылады.

Бетінің кірі бес батпан [бес елі] // бетінің кіріне бес им тойғандай Тым лас, өте былғаныш. Әдетте балаға айтылады.

Келесі тапсырма – қазақ әдебиеті оқулығында берілген көркем шығармалардағы тұрақты тіркестерді теріп алып, осы тұрақты тіркестердің қай шығармадан алынғанын тапқызу.

Кесте 1

Тұрақты тіркес	Тұрақты тіркестің түрі	Тұрақты тіркес кездескен әдеби шығарма	Оқулықтағы тапсырма
Аспанда шөкімдей бұлт жоқ	Көлем мәнді тұрақты тіркес	«Абай жолы», 1 том, 203 б.	Негізгі ойды ажырат

Тілдік материалға қойылатын талаптар:
– оқушыларға түсінікті фразеологизмдер;
– фразеологиялық бірліктердің фонетикалық, синтаксистік, стилистикалық ерекшеліктерінің сыныпта оқытылатын грамматикалық материалға сәйкестігі;
– фразеологиялық бірліктердің стилистикалық бояуын есепке алу.

Бейнелі тіркестерді игерту, қолдану оларды саналы түрде түсінуі мүмкін емес болғандықтан, ал оқушылардағы осы кезеңдегі визуалды-қиялдың жақсы дамығандығынан, жаттығуларды таңдау барысында көрнекілік принципі қолданылды. Сондай-ақ, фразеологизмдермен танысу жұмысы оқушылардың контекстегі маңыздылығын түсінуге бағытталды.

Жаттығулар:

1) Контекстегі фразеологизмнің мағынасын анықтау: өлең оқып, таңдалған тұрақты тіркестің мағынасын түсіндіру. Мәтінді оқып, анықтаңыз: бұл мәтін тұрақты тіркестің мағынасын түсінуге көмектесті ме?

2) Берілген сөз бен сурет негізінде фразеологизмді атау, содан кейін оның мағынасын түсіндіру (көрнекілік принципі). Осы сөздер мен суретке сәйкес екі тұрақты тіркесті табыңыз. Олардың мағынасын түсіндіру. Осы тұрақты тіркестермен сөйлем құрыңыз.

Фразеологиялық бірліктерді игеру олардың мағынасымен танысумен ғана шектелмеуі үшін, бұл тіркестерді сөйлем, мәтін деңгейінде қолдануға бағытталған жүйелі сөйлеу әрекеті қажет.

Фразеологиялық жаттығулардың ең көп кездесетіні – тұрақты тіркестердің лексикалық және грамматикалық мағынасын нақтылаумен байланысты жаттығулар.

3) Тұрақты тіркестерді таныту бойынша жұмыс түрі – диалог. Коннотативті фразеологияны қолдана отырып, диалогты оқытудағы келесі қадам мақсатты және саналы болуы керек, сөйлеуді ғана емес, сонымен бірге оқушылардың ақыл-ой белсенділігін дамыту міндеттерімен басқарылуы және бағытталуы керек. Осыған байланысты біз белгілі бір лексикалық эквиваленттермен алмастырылатын тапсырмаларды орындауды қамтитын жаттығулардың осы жиынтығына қосуды орынды деп санаймыз; бірақ контекстті түсіну, содан кейін тандау және контекстке енгізу, бұл үшін ең қолайлысы оның эмоционалды-экспрессивті мағынасын арттыратын фразеологизмдердің компонентінің бір бөлігін алмастыру, эмоционалдылықты, мәлімдеменің экспрессивтілігін баса көрсету; бірінші бөлімде қолданылған тұрақты тіркестердің мағынасын түсіндіре отырып, мәлімдемені жалғастыру.

4) Өлшем-мөлшер мәнді тұрақты тіркестерді қолдана отырып келесі тақырыптар бойынша диалог құрастырындар:

- а) бір адамның сын-сипатын ашу;
- ә) өз мектебінің тұрған жерін сипаттау;
- б) өз досыңды сипаттау.

5) Уақыт, ұзындық және салмақ-қашықтық семантикасын беретін өлшем-мөлшер тұрақты тіркестерін қолдана отырып, төмендегі жағдаят бойынша шағын диалог немесе әңгіме құрыңыз:

- а) мектепте театр ұйымдастырылады. Балалар оны ең қызықты және ең көп баратын театрға айналдырғысы келеді;
- ә) анасы баласын теріс мінездері үшін айыптады;
- в) сыныптағы бастамашыл оқушы мерекеге байланысты іс-шара ұйымдастыратынын айтты.
- б) Мысқалдай міні жоқ, қас пен көздің арасында, найза бойы көтерілді

Фразеологизмдерін тақырыпат қылып, мәтіндер құра. Бұл фразеологизмдер қандай мәтіндердің тақырыпаты болуы мүмкін екенін айт.

7) Келесі коннотациялық белгілерде ескере отырып, тұрақты тіркестерге сөйлем құра:

– Тактильді белгілер: *Қолма-қол (тез арада бір істің бітуі), қол алып, төс соғыстыру (1. уәделесу; 2. татуласу), құлағының етін жеу (белгілі жайтты қайталап айта беру, мазасын алу), іші*

удай ашу (бір нәрсеге қатты өкіну), жсалаң аяқ жсар кешу, қызыл аяқ қар кешу (қатты қиналу, қиындық көру).

– Дыбыстық бейнелер: *ботадай боздау (қоймай жылау); қыран-топан күлу (у-шу, қатты күлу), ақ түтек боран (қарды ұшырып, қатты соққан боран), шыбынның ұшқаны естіліп тұру (тыныштық сәті), дауыс көтеру (қатты сөйлеу, зеку мағынасында);*

– Көру бейнелері: *екі бетінен қаны тамған (денсаулығының жақсы екендігі екі бетінен көрініп тұрады); ине шаншар жер жоқ (адам өте көп, немесе тар жер), аузы-мұрнынан шығу (көп, мошшылық).*

б) Төмендегі тұрақты сөз тіркестерін кестеге толтырыңыздар.

Ат шаптырым, бие сауым, таяқ тастам, көзді ашып-жұмғаниша, мұрнын көкке көтеру, қара қылды қақ жарған, салы суға кету, беті бүлк етпеу, қоян жүрек, асқар тау, алма мойын, ас та ток, тілі орамды. Сырдың суы сирағынан келмеу, шаш ал десе бас алу, қас пен көздің арасында, ет пісірім, сөзі түйеден түскендей, соқырға таяқ ұстатқандай, қырғи қабақ болу.

Кесте 2

Уақыт	Қашықтық	Адам мінезі, қасиеті	Қимыл-әрекет	Басқа мағына

Оқушылар әдетте сөзбен жұмыс істеудің осындай түрлерін ұнатады, бұл фразеологиялық бірліктерді іздеуде ұсынылған мәтіндерді мұқият оқып қана қоймай, оларды өз сөйлеуінде де қолдануға көмектеседі. Фразеологиялық оралымдар, канатты сөздері бар әртүрлі оқу мәтіндерін талдау жүйесі құрылды. Түрлі белгілеріне сәйкес балалар мәтіннен фразеологиялық бірліктерді тауып, олардың мағынасын түсіндіріп, оларды сызып, тікелей немесе бейнелі мағынаны көрсетуі керек болды.

Балалар арасында кім фразеологизмдерді көбірек табады, оларды сызады, дәлелдейді, мағынасын түсіндіреді деген бәсекелестік, жарыс басталады.

Осылайша, фразеологиялық бірліктермен жұмыс фразеологиялық бірліктердің фонетикалық, синтаксистік ерекшеліктері мектепте оқытылатын грамматикалық материалға сәйкес келетіні бойынша қарастырылатын екінші дидактикалық шартты сақтай отырып жүргізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Айтбайұлы Ө. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 400 б.

2 Быстрова Е.А. Лингвистические основы обучения русской фразеологии в национальной школе. – В кн.: Лингвистические основы преподавания русского языка. – М., 1985.

3 Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020. – 256 б.

4 Кенесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алма-Ата, Ғылым, 1977. – 711 б.

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ОҚИТУ

КОПАЕВА А. С.

казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 25 ЖОББМ, Павлодар қ.

НАЙМАНТАЕВА Р. К.

бастауыш сынып мұғалімі, Б. Момышұлы атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

Діни-ағартушылық ағым қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуының күрделі, аумалы-төкпелі кезеңінде тарих сахнасында көрініп, халқымыздың рухани мәдениеті өрлеуінің жаңа тарихи кезеңіне жол ашты. Діни-ағартушылық ағым өкілдерінің бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәшһүр Жүсіптің әдеби, ғылыми философиялық мол мұрасын қазақ философиясының тарихының аясында зерттеу ойшылдың терең пәлсапалық ойларын әр қырынан ашып, таныта түсері анық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының философиясының негізгі бағыттары мен саяси-әлеуметтік көзқарастарын атап айтсақ: ұлт бостандығы, жеке адамның бостандығы мен құқығы, дін бостандығы, жер мәселесі, теңдік пен әлеуметтік, әділеттік идеясы, дүниенің, бірлігі мен мәңгілігі көрсетілген космологиясы, ғылыми жаратылыстың ойлары, діни философиясы, жан мен тән арақатынасы, жанның мәңгілігі және таным теориясы.

Мәшһүр Жүсіп өзі өмір сүрген екі ғасыр тоғысындағы казак қоғамындағы саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірге белсене ат салысып, қоғамдық өзгерістерге өзінің пікірін, ой-тұжырымдарын сол уақыттағы баспасөз беттерінде «Дала уалаятының газетінде» және «Айқап» журналында жариялап тұрған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1907 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспаханасынан шыққан «Сарыарканың кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты кітаптарында қазақ халқы үшін көкейкесті мәселелерді көтереді. Патшалық Ресейдің отарлау саясатын, казак халқын орыстандыру мен шоқындыру сияқты екі жүзді ниетін әшкерелейді.

Мәшһүр Жүсіп ұлт бостандығын, теңдігін, ар-ождан бостандығын ел мен жер тағдырын жырлады.

Байланып қорыққандықтан жүрді тілім,

Қазағым қайран жұртым, есіл елім.

Мұжық кеп, қара шекпен крестьян,

Жерінді қылмады ма тілім-тілім [1].

Ақын қазақ халқы үшін киелі ата-бабаларымыздың қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен қорғап қалған жердің, қоныс аударушыларға беріліп жатқанына жаны күйзеледі, сонымен қатар ел, жер үшін батыл ашық күресуге шақырады.

Мәшһүр Жүсіп ел ішіндегі келеңсіз құбылыстарды ұрлық, рушылдық, жікшілдік, парақорлық, надандықты аяусыз сынайды.

Қазағым, өнер іздеп, ұрлық-зорлық,

Қыласың бір-біріңе неге озбырлық.

Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Басына келген жоқ па талай қорлық [1, 33 б.].

Мәшһүрдің пікірінше, ұлттық бірлік пен татулық, ауызбіршілік – халық үшін жарқын болашаққа жол ашатын және бостандық пен теңдікке жеткізетін бірден-бір жол.

Өнерге ғылым-білім болсаң жерік,

Берілер ақыр бір күн басына ерік.

Көп жұртты көз жасына қылсаң куә.

Табылар мұңлы-зарлы сағап серік [1, 64 б.].

Мәшһүр тек дін бостандығын ғана емес, жер мәселесін шешумен қатар, шынайы толық бостандықты ашық түрде жырлайды. Ол думаға сайланатын депутаттарды халықтың бостандығы мен теңдігі, халықтың мүдделері мен ар-намысы үшін күресуге шақырады. Тарихи ұлттық ерекшеліктерді басты назарда ұстау, сонымен бірге халыққа шүбәсіз, қалтқысыз адал қызмет етуді сұрайды. Халықты отарлық езгі мен рухани, саяси қанаудан азат етуші жол - азаттық үшін күрес екендігін көрсетеді.

Мәшһүр Жүсіп әлеуметтік философиясының қалыптасуы мен дамуының тарихи, саяси әлеуметтік қайнар көздері

қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік мәдени өзгерістер және XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның қоғамдық өміріндегі мұсылмандық қозғалыс болды. Сондай-ақ Ресейдегі 1906–1907 жылдардағы төңкерістер, ақпан және қазан төңкерістері ықпал етті. Ресей империясындағы мұсылман халықтарының ұлттық сана-сезімінің оянуы, бір мәдениетке исламдық өркениетке жататын ұлттардың өзара тағдырлас екенін түсінуі мұсылмандық қозғалыстың тууына себеп болды.

Ресейдің қазақ даласын отарлауы қазақ халқын орыстандыру саясатымен тығыз байланыста жүргізілуі қазақ оқығандарының наразылығын тудырды. Отарлаушы өкіметтің озбыр, зұлым саясатына батыл үн көтерген - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болды.

Дінімізді кемітіп қорламасын,
Көзімізді бакырайтып ұрламасын.

Баламызды билетсін өзімізге,

Оқытсын деп орысша зорламасын [1, 65 б.],

– деп ол білім беру ісінде зорлық, күштеу, еріксіз оқыту әдістеріне ашық қарсы шығады. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының басынан кешірген ұлттық езгі, кемсітушілік, отаршылдықтың ауырталығы Мәшһүр еңбектерінде ерекше орын алды.

Мәшһүр Жүсіптің туған халқына, Отанына, тіліне, салт-дәстүріне ислам өркениетіне деген зор құрметінің ерекше маңызды мәні бар. Қазіргі жағдайда оның патриоттық жалынды өлеңдері егеменді елдің жастарын елге, жерге, тілге, дінге, салт-дәстүрімізге құрметін арттырып, оларға ізгілік нұрын сіңіруге, Отаншылдық рухты тәрбиелеуге көмектеседі.

Асқынды болып жара-жауырларын,

Тіпті жоқ жазулы істі ауырларым

Бірлік қыл, басынды қос, пайданды ойла

Қазағым, кайран халқым, бауырларым [1, 70 б.].

Мәшһүр Жүсіп өзінің шығармаларында қазақ халқын бірлікке, тірлікке, татулыққа шақырады. Бостандық жолында күресу үшін, ең алдымен ұлт үшін бірлікпен татулықтың айрықша қажеттігін баса айтты. Ағартушы ақын, халықты – азаттық пен теңдікке жеткізетін және тарихи даму барысындағы негізгі күш деп санады.

Ойшыл думаға сайланатын адамдардың ұлт қамын, жер мен дін, білім мен ғылым, мектеп пен медреселердің жайын ойлап, қабырғасы қайысар, елім, жерім деген нағыз ержүрек қасиетке ие болу керектігіне ерекше мән береді. Сый-құрмет, атақ-данқ, мансап, дүние үшін халқын сатар екі жүзділерден сақ болуды да ескертеді.

Жастықта ұмтылып бақ ілгері өтіп

Жұмысын жабдыктансын ерте бітіп:

Қолыңа қармағанмен түк түспейді,

Қалған соң, жастық қуат бойдан кетіп [1, 89 б.].

Мәшһүр Жүсіп: «адам баласының ең қызықты жемісті шағы жастық шақта білім, ғылым, өнер мен кәсіп үйреніп, жан-жақты үйлесімді жетілуі тиіс, жас кезінде алға қарай ұмтылмасаң, кейін өмірін өкініште өтеді», – деп тұжырымдайды. Ақын қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық мешеулігі мен артта қалушылығын жою үшін біріншіден, мектеп пен медреседегі оқу ісі заман талаптарына сай болуы тиіс, білім беру ісінде халықтық салт-дәстүр мен нанымдарына, тілі мен діни сеніміне ерекше көңіл бөлінуі қажет, екіншіден, адал еңбек ету, өнер үйрену, егіншілік пен сауданы, шаруашылықты дұрыс жүргізе білу керек деп ой түйеді.

Мәшһүр-Жүсіптің ой-пікірлері мен толғаныстары сол уақыттың көкейкесті өзекті мәселелеріне қатысты сараланады. Мәшһүрдің саяси философиясының негізгі өзегі - азаттық, теңдік идеялары. Оның 1907 жылы шыққан үш кітабының негізгі тақырыбы - қазақ халқының бостандығы мен адам құқықтары, білім беру ісі, тартып алынған жерлерді халыққа қайтару, теңдік пен әлеуметтік әділеттілікті, бірлік пен ұлтжандылықты, отансүйгіштік, патриоттық идеялардың негізінде құрылған. Мәшһүр-Жүсіптің саяси-әлеуметтік көзқарасының ерекшелігі, отаршылдық езгіге, саяси және рухани қанауға, әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы батыл ашық күреске шақыруында. Әлеуметтік философиясының өміршендігі әр адамның Отанын, халқын құрметтеуі жеке тұлғаның абзал, асқақ сезімі болып табылады деп түсінуінде жатыр. Оның пікірінше, елін, жерін сүйген тұлғаның тарихтағы орны Отан алдында, халық үшін атқарған еңбегімен, ал оның адамдық болмыс бітімі отаншылдық сезімінің күдіретімен өлшенеді.

М. Ж. Көпейұлының шығармашылығын алғаш зерттеуші халқымыздың ардақты ұлы академик Әлкей Марғұлан «Мәшһүрдің жазғандары жеке өмірдің сыры, не өз басының сыры емес, Мәшһүр не жазса көбінесе бұқара тұрмысынан алып ылғи кедейлердің мұңын жазатын ақын болған. Сондықтан Мәшһүр көбінесе ел-тұрмысын жырлайтын, кедей тобының мұңын жақтаған, демократтық бұқара ақыны болды. Мәшһүрдің қай өлеңін алсақ та, оның барлығында бұл бұқаралық сарын көрініп тұрады» [2], – деп ой түйеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының саяси-әлеуметтік көзқарастарының негізгі өзегі – ұлттық бостандық, ұлттық бірлік,

мұсылман және түркі халықтарының бірлігі мен достығы, жер мәселесі, дін бостандығы. Мәшһүрдің әлеуметтік философиясының, қазақтың саяси-философиялық ойының дамуы барысындағы орны мен ролін анықтау және ұлт-азаттық қозғалысқа тигізген ықпалын қарастыру, бүгінгі ұрпақты отаншыл рухта тәрбиелеу үдерісінде маңызды екендігін атап айтқымыз келеді.

Қорыта айтқанда, М.Ж.Көпейұлы өзі өмір сүрген күрделі дәуірдің шындығын өз туындыларында тап басып суреттей білді. Бұл сипат оның шығармаларында шындықпен көрініс тапты. Мәшһүр сол кездегі қазақ даласының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-тұрмыстық жайларын жіті сезінді. Сөйтіп, ол төл туындылары арқылы өз кезіндегі қазақ өмірінің бет-бейнесін көрсете алды.

Сондай-ақ, ақынның өмір жайлы, тіршілік сырлары туралы пәлсапалық ой-толғаныстарға толы өлеңдерінің бір қасиеті – адам мен қоғам өміріне, тіршілік-тынысына және әртүрлі мәселелерге қатысты түсініктері болса керек. Мұның бәрі ақын поэзиясының мазмұнының ауқымдығын, идеясының тереңдігін дәлелдей түсері хақ.

Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде насихатшылдық басым, шығыс поэзиясының сарыны бар. Ол әлеуметтік мәселелерді, көркем образдар арқылы бейнелеуден гөрі, өткір, саяси сатира, тікелей толғау түрінде берген.

Мәшһүр өлең өрімінде теңеу, метафораларды кеңінен қолданады. Сөйтіп, ақын дәстүрлі өрнектер, символдық бейнелер мен мифологиялық образдарды молынан пайдаланып, халық ақындарының жырларына тән құбылысты әрі қарай дамыта түсті. Ақын өлеңдеріндегі бұл сипат жайлы философия ғылымдарының докторы С. Негимовтың: «Аспанның тап ортасы – Темірқазық», деп Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазған. Бұл жөнінде ауыз әдебиетінде келісті жырланған. Мәселен, ол былай деп келеді:

Темірқазық аумаса,
Тас бұршақтап жаумаса,
Ағаң бір келер, өлмесе.

Темірқазық ауыз әдебиетінде тұрақтылықтың, айнымастықтың, жарықтың образы ретінде алынады», – деуі пікірімізді растай түсері анық.

М. Ж. Көпеев поэзиясына тән тағы бір ерекшелік – пікірдің өткірлігі, ойдың тапқырлығы, бейнелеу тәсілдері мен құралдарының орнымен әсерлі һәм әдемі пайдалануы, аз сөзге көп мағыны

сыйғызып, парасатты тұжырымдар түйіндеуге баса күш салуы. Бұның айғағы – мысалға келтірілген шығармалары.

Сөйтіп, өз шығармашылығына ғана тән осындай басты ерекшеліктер арқылы шайыр қазақ әдебиетінің жанрлық сипатын молайта, көркемдік көкжиегін кеңейте түсті. Сонымен қатар, М. Ж. Көпеев таза ағартушы-демократтық бағыт ұстанып, Абай негізін қалаған сыншыл-реалистік дәстүрді ілгері апарды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көпеев М.Ж. Таңдамалы шығармалары. Алматы Ғылым, 1990, 1 том, 156-157 б.
- 2 Марғұлан Ә. М.Ж.Көпеев// «Қазақ әдебиеті», 1940, 5 қаңтар, 4 б.
- 3 Көпеев М.Ж. Хал-ахуал. Өлеңдер жинағы. Қазан. 1907, 14-20 б.
- 4 Мәшһүр-Жүсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. ПаУ, 1999. 93-98 б.

КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУДА КЕЙСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КОПАЕВА А. К.

докторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Жоғары кәсіби білім алып жатқан бүгінгі студент өзінің болашақ мамандығы аясында ғана білім алумен шектелмей, сондай-ақ ауызекі және жазба коммуникациясында қазақ тілін тәжірибеде қолдана алуы керек. Ал бұл мақсатқа жету үшін кәсіби қазақ тілі сабағында тек мәтіндерді аударып, грамматикалық тапсырмаларды орындаумен және термин сөздерді жаттаумен шектелмеген жөн. Орыс бөлімінде оқитын студенттер сабақ үстінде қазақ тілінде берілген тапсырмаларды дұрыс орындайды да, ал пікірталасқа қатысуда, өз ойын білдіру кезінде белсенділік танытпайды. Демек, осындай жағдайлар кейстерді қолдана оқытудың тиімділігін, әрі қажеттілігін дәлелдейді. Бұл әдіс кәсіби бағдар беру кезінде білім алушылардың алған тілдік білімін белсендіреді, сондай-ақ олардың қазақ тілінде сөйлеуінің уәжін де арттырады.

Кез келген оқытудың мақсаты – еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ете алатын білімі мен дағдылары бар

жоғары білікті маман даярлау. Яғни заманауи оқытудың мақсаты – дайын білімді қабылдау емес, студенттер мен оқытушының бірлескен шығармашылығы негізінде білім алу.

Студенттерді кәсіби тілдік даярлығы үшін қазақ тілі сабағында кейс-әдісін қолдана отырып, бірін-бірі толықтыратын мынадай екі мақсатты көздейміз: коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру және кәсіптік қасиеттерді қалыптастыру.

Case-studies оқу сабақтарында кейін талдау жасау мақсатында нақты материалдардың негізінде арнайы құрастырылған нақты оқу жағдаяттары болып табылатыны белгілі. Осы жағдаяттарды талдау барысында білім алушылар «топ» ішінде жұмыс істеуді, талдау жасауды және басқарушылық шешімдер қабылдауды үйренеді.

Case-study әдісін теориялық білімді практикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін құрал деп те атайды. Ол студенттердің өзіндік ойлауын, біреудің пікірін тыңдай біліп, оны ескеруін, өз ойын дәлелдеп жеткізуін дамытады. Әдістің мәні: әркім өз білімі мен тәжірибесіне негізделе отырып, шешім жолдарын ұсынады.

Кейспен танысу (мамандық бойынша тапсырмасы қалыптастырылған, түпнұсқада не қысқартылып бейімделген кәсіби бағыттағы мәтінді оқу), өз бетінше шешімін табу (монолог түрінде баяндама даярлау), сабақ үстінде жағдаятты талдау үдерісі (диалог, алдын ала дайындалған және дайындықсыз пікірталас), бағалауға қатысу (бағалау критерийлері бойынша басқалардың жұмысына баға беруде өз ойын дәлелдеу) – осының барлығы тілдік қарым-қатынас үлгілері.

Тілдік әрекет келесі тәртіпте іске асырылады: кейсте берілген ақпаратты талқылау, маңызды ақпаратты көрсету; ойымен бөлісу және мәселе бойынша жұмыс жасау жоспарын құру; берілген мәселемен жұмыс жасау (пікірталас); мәселе шешімін анықтау; соңғы шешімді қабылдау; баяндама жасау; қысқаша дәлелдеу баяндамасы [1]. Мысалы, Қоғам және жастар. Кәсіби мәтін. Басшының басқару стилі тақырыптары бойынша тапсырма мазмұны мынадай: Нақты оқу ситуациясы (Case study) ақпараттық хат ситуациясын ұсыну, оны дамытып, сұрақтарға жауап беріп, мәселеге байланысты көзқарасын білдіру және өзінің портфолиосын қорғау.

Әрине, әр тақырып бойынша кейс жасау қажет емес, ол мақсатқа сай емес, біздің кейстер кәсіби бағытталған қазақ тілі пәнінің бағдарламасында қамтылған тақырыптар арасынан іріктелік жасалып, оқу жұмыс бағдарламасының мына міндеттерін орындауды көздейді [2]:

– қысқаша жазба жұмысы, яғни үй тапсырмасын орындау, құжаттарды толтыруда жазу дағдыларын, мәтінді сыни талдау дағдысын, критикалық оқу және жетілдіруге көмектеседі. Дәрісханадағы ситуацияларды дамытуда қойылған сұрақтар және алынған жауаптар, талдау дағдысына, сыни оқу дағдысына, сөйлеу дағдысына және құжаттарды толтыруға;

– талдау кейсі қазақ тілінде сөйлеу, ойлау әрекетін дамытуға, лексика-грамматикалық талдауға, сөйлеу үрдісінде өзінің пікірін жалғастыруға серіктесімен өзара талдауға;

– жеке және топтық жобаға қатысу зерттеу жұмысын және презентацияны жүргізу, сол сияқты талдау, дербес ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Кейсте бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктер ескерілуі керек:

1) келешектегі кәсіптік қызметті жетілдіру үшін жоғарғы оқу орнында келесіні білуі керек: берілген лексикалық тақырыптар көлемінде сөйлей және сөйлесе білу; оқу орнынан кейінгі алған білімін және іскерлігін өз бетінше арттыру; студент семестрдің соңында белгілі фразалар мен ілікпе сөздерді күнделікті қарым-қатынас ситуацияларында пайдалана білуі керек және оқулықпен, анықтама материалымен, құжаттармен, мерзімді баспасөз, әдебиеттермен жұмыс істеуге дағдылануы керек.

2) оқу: оқу тәсілдерін меңгеру; оқулық мәтіндерді, жарнамаларды, мандайша жазуларды, нұхқауларды оқудың дыбысграфемалық және дауыс ырғағы нормаларын ескеріп, дауыстап және ішінен оқу. Мәтіннің түпнұсқасын түсінуге тырысу; таныса және зерттеп оқу элементтерін меңгеру; анықтама әдебиетпен өз бетімен жұмыс істеу.

3) жазу: графика мен орфографияны меңгеру; диктант, бланкілерді, сауалнамаларды және декларацияларды жаза білу.

4) тындау: оқытушы мен студенттің арасында қарым-қатынастың қарапайым деңгейін қамтамасыз ету үшін оқытушының нұхқауларын дұрыс түсіну; оқылған тақырып көлемінде қазақ тілінде айтылған сөйлемдерді түсіну.

5) сөйлеу: диалог-сұраудың, ақпаратты алуға арналған диалогтің әр түрлі функцияларын меңгеру; ілікпе фразаларды пайдаланып, әңгімені жалғастыра білу, ақпарат алуды, өзін-өзі таныстыруды, дәлелдеуді, бас тартуды, алғыс айтуды, кешірім сұрауды, ақпаратты анықтауды; қарсы қойған сұрауды, байланыс аяқталғанын білдіретін іскерлік құрылымдарды меңгеру; монологтік

сөйлеуді меңгеру (сипаттау, хабарлау); басты және жанама ақпаратты белгілеуді немесе мәтінді қысқартуды (компрестей) білу керек.

Жұмыс түрлері және оларды орындаудың тізімі:

а) нақты оқу ситуациялары (Case study) – студенттерге көптеген ситуацияларды ұсынады, оларды дамытып, сұрақтарға жауап беріп, мәселеге байланысты көзқарасын білдіру және өзінің кейсін жазу;

ә) жылдам оқу (Skim) – оқу бағдарламасына (Syllabus) байланысты берілген деректерді оқу;

б) тақырып бойынша шолу жасау (Review) – Интернет, ақпараттық қор және мерзімді баспасөз материалдарынан алынған қосымша деректер мен берілген тақырыпқа 1–2 бет қысқаша әдеби шолу жасау;

в) глоссарий (Glossary) жасау – орыс тіліндегі терминдер және түсініктемелердің қазақ тіліндегі аудармасы мен қысқаша түсіндірме тақырып бойынша орындалады;

г) таныстыру – өзін таныстыруда студент кез келген тақырыпты таңдауына болады және кез келген аспект бойынша өзінің түсінгенін немесе түсінбегенін білдіре алады. Таныстыру уақыты – 8–10 мин. Таныстыру бойынша бағаланады: қаншалықты тақырып ашылғаны, аудиторияның көңілінен шығуы студенттің мәселені қаншалықты кәсіби қарастыруы;

д) аударма сайма-сай, толық, логикалық байланысты, мағынасы бойынша барабар болуы керек;

Қойылатын талап және күтілетін нәтиже: студент өз қызығушылығын жеткізе алуы қажет; барлық тапсырмалар берілген мерзімге дейін орындалуы тиіс; тақырыптарды талдап, қажетті сұрақтар қою, мәселелерге сын көзбен қарап, оларды шешу үшін студент сабаққа жақсы дайындықпен келуге міндетті; сонымен қатар, курс бойынша өзара жұмыс істеуі қажет [2].

Тәжірибе көрсеткендей, жан-жақты құрастырылған ғылыми және әдістемелік тұрғыда ғана емес, сонымен бірге жанрлық (оқытушының шығармашылығы) жағынан да ұйымдастырылған кейс өте тиімді оқу-әдістемелік жұмыс болып есептеле алады. Осыған орай кейсті дұрыс әрі тиімді етіп құрудың талаптарын қарастырайық. Әдістемелік қатысы жағынан кейстер сұрақ-жауап (оларды шешу кезінде студенттер қойылған сұрақтарға жауап береді) немесе кейс-тапсырмалар сияқты түрлері болатынын да айта кеткен жөн. Сонымен кейс құрылымына мынадай талаптар қойылады:

– қызықты, қарапайым және түсінікті тілмен (мақсатқа сай, қажет жағдайда төлеу сөздерді қолданып) жазу керек;

– мәселелігімен ерекшелену;

– мәселенің «дінгегін» анықтау керек;

– оң мысалдармен бірге теріс үлгілерін де көрсету қажет;

– студенттер қажеттілігіне сәйкес болуы керек, қажетті және жеткілікті ақпаратты қамтуы керек.

Ситуация құрастыру кезінде мәселені анықтау маңызды орын алады. Сонымен қоса кейс мәтіні қойылған мәселе бойынша шешімдер берілмеу керек.

Сюжеттік бөлігі – жағдаят дамып отыратын ақпаратты қамтитын жағдаят сипаттамасы (алынған дерек көзі көрсетілуі керек). Іс-жүзінде нақты кездесетін жағдаят болуы керек (кәсіпорын, мекеме атаулары, өнім атаулары, т.б.; басты кейіпкерлер аты-жөні мен лауазымдары).

Ақпараттық бөлік – жағдайдың дамуын дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін ақпарат. Мәселенің қысқаша сипаттамасы және бірнеше әртүрлі көзқарастың берілгені дұрыс. Жағдаяттың дамуының кезеңдері, оған әсер ететін факторлар, олардың әсер ету нәтижелері; мәселені жою үшін жасалған әрекеттер; осы ситуациядан шығу жолдарына қажетті ресурстар көрсетіледі.

Әдістемелік бөлік – кейстің пәннің құрылымындағы орнын мен мақсатына түсінік береді, кейсті талдау бойынша студенттерге арналған тапсырмаларды және берілген жағдаятты оқыту бойынша оқытушыға арналған түсінікхатты қамтиды.

Сюжеттік және ақпараттық бөліктер жеке дербес (ақпарат қосымшада берілуі мүмкін) әрі тығыз байланыста берілуі мүмкін. Алайда кез келген кейсте оның мақсаты мен міндеттерін анық жазылуы керек [3].

Түсінікхатта кейс авторлары сабақты өткізуге ұсынылатын әдістері, жағдаяттардың авторлық талдамасы, оның шешімдерінің кілттері берілген нақты нұсқаулық жазылады.

Сонымен бірге, кейстің құрылымында видео-, аудиоматериалдар, электронды тасымалдағыштағы материалдар болуы мүмкін. Оқытушыға арналған түсінікхаттан басқасының электронды нұсқасы студенттерге беріледі. Кейсті жасаудың белгілі бір стандарты жоқ. Алайда мәтінге сурет, диаграмма, кесте қоса берілсе, әрі мультимедия мүмкіндіктері де пайдаланылса, студент үшін қызығырақ болады.

Бір кейс ішінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын түрлі амал-тәсілдерді де қамтуға болатынын да ескеру керек [4].

Сонымен, оқытудың интеркативті әдісі болып есептелетін кейс әдісі арқылы студенттердің оқуға деген қызығушылығы артып, олардың кәсіптік білім тұрғысынан есеюлеріне септігін тигізеді. Оған қоса бір мезгілде Case-study әдісі тілді оқытатын оқытушының шығармашылық әлеуетін жаңартып, оның басқаша ойлап, әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Case-технологиясы негізіндегі оқу үдерісі тиімді болуы үшін, мынадай екі шарт орындалуы керек: дұрыс құрылған кейс және оны оқу үдерісінде қолданудың белгілі бір әдістемесі. Осы шарттар дұрыс орындалған кезде сабағымыздың басты мақсатына жете аламыз, яғни жоғарыда аталған студенттердің кәсіби бағытталған тілдік құзыреттіліктері (тындау, оқу, жазу, сөйлеу) жетіледі. Кейстерді пайдалана отырып оқыту студенттердің түрлі тілдік қатынас дағдыларының жиынтығын: пресс-конференция дағдылары, сұрақты дұрыс қою, жауабын дәлелдеу сияқты біліктерін де қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Кравченко, М. П. Использование кейсовой методики (case study) в преподавании делового иностранного языка студентам неязыковых специальностей [Электронды ресурс] / Дереккөзі: kgau.ru/img/konferenc/2010/g32.doc

2 Кәсіби қазақ тілі пәнінің оқу жұмыс бағдарламасы. Павлодар : С.Торайғыров ат. ПМУ. Құраст.: Б. Ә. Ысқақ, құраст. А. К. Копаева

3 Долгоруков, А. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения [Электронды ресурс] / Дереккөзі : http://www.vshu.ru/lections.php?tab_id=3&a=info&id=2600

4 Горскина, Н. Н., Коровин, С. В. Педагогические технологии развивающего обучения – метод ситуационных задач. III Ресей ғылыми-практикалық конференция материалдары. М.: РГСУ, 2010.

ҚУАНДЫҚ МӘШҮР-ЖҮСІПТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

КОПЕЕВ А. Ж.

докторант, Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
ДАРМЕНОВА Г.

PhD, Памуккале университеті, Денизли қ., Түркия

Жалпы орта білім беру мектептерінде жаңартылған білім беру мазмұнының енгізілуі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының өзгеше сипатта оқытылуына әкелді. Мұғалім сабақта түрлі белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға, жобалау-зерттеушілік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға, сын тұрғысынан оқытуға, мәселелік және оқушыға бағытталған оқыту технологияларын қолдануға аса назар аударма бастады. Сонымен бірге ұсынылған оқу бағдарламасы аясында өз сабағын барынша мазмұнды, қызықты, креативті өткізу үшін түрлі ресурс көздерін еркін қолдана алуға мүмкіндік алды [1].

Алайда қазіргі кезде көптеген мұғалімдерге оқу мақсатына сәйкес тапсырма құрастыруда қиындық тудырып жатқаны байқалады. Бұл көбінесе оқу мақсаттарын Блум таксономиясына сәйкес ажырата алмауы, мұғалімнің тапсырма құруда педагогикалық шеберлігі т.б. жетпеуіне байланысты болып отыр. Осы орайда мұғалімге осыған дейін де жарыққа шыққан әдістемелік құралдар көмек бола алады. Соның бірі ретінде белгілі ғалым Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің мектепте көркем шығармаларды оқытуға арналған еңбектеріндегі көтерілген педагогикалық мәселелері, өзіндік авторлық әдіс-тәсілдері арқау болмақ.


Қуандық Мәшһүр-Жүсіп бірнеше жыл бойы республикалық, облыстық газет-журнал беттерінде көркем шығарманы оқытуға байланысты еңбектерін талмай жариялап, 2000 жылы «Көркем сөздің құдыреті» жинағын көпшілік қауымға ұсынды. Автор А. Көшімбаев, Т. Ақшолоқов, Қ. Бітібаевалардың т.б. еңбектерін сараптай келе, мектепте «көркем әдебиеттің көркемдігіне» бағыттап оқыту қажет екендігіне назар аудартады. Осы тұста әдебиетті оқытуда проблемалық оқытуға аса мән береді: «Демек бұл пікірлерге жүгінсек, мектепте көркем шығарманың мазмұны танытумен шектелу, оқушылардың өздерін ойлантып, іздендірмеу т.б. олқылықтарды жоймай тұрып, проблемалық оқуды іске асыру мүмкін еместігіне ден қоямыз. Біздіңше, әдебиеттен сабақ беруде ең көп тараған және ең басты кемшілікке баса назар аударған жөн. Ол қандай кемшілік? Ол: көркем шығарма мазмұнын мұғалімнің

ауызша баяндап беруі, кейіннен оқушылардың да сол туындыны неғұрлым толық мазмұндауын талап етуі» [2].

Мәселелік оқыту (проблемалық – А. Ж.) жаңартылған білім беру мазмұны енгізілгеннен бастап, өзіндік үлкен қарқын алған оқытудың бір формасы. Мұнымен қоса жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқушының қазақ әдебиеті сабағында оқушының өзінің көзқарасын дәлелмен тұжырымдай отырып, әртүрлі жанрда бейнеленген шығармаларды; тақырыпты, идеяны және шығарма композициясының, сюжет ерекшеліктерін, шығарманың тілдік ерекшеліктерін, негізгі эпизодтарын, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын, жазушы стилінің ерекшеліктерін талдай алу, фактілерді, детальдарды тарихи деректермен салыстыру; әртүрлі ресурстарды пайдалану арқылы жазбаша мәтіндерді құрастыру үшін алған білімін, білігін және дағдыларын жинақтау; шығармалардағы құндылықтарды қазақ және басқа да халықтардың құндылықтарымен өзара байланыстыра алу дағдыларын дамытуды көздейді [1]. Осы аталған күтілетін нәтижелерге қалай жетуге болатынын Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің жоғары еңбегінен анық көруге болады. Ол көркем шығарманың табиғатын, көркемдік-идеялық құндылығын терең түсінуге оқушының белсенділігін арттыруға бағытталған өзіндік әдісті ұсынады. Бұл алдын-ала оқушыларға сұрақтар тізімін беріп, мәтін бойынан іздеп, оны тапқан оқушы өз ойын білдіріп қана қоймай, шығармадан дәлелдер келтіріп, аналитикалық ойлау қабілеттеріне сүйену керектігіне басты назар аудартады.

Мұғалім Қуандық Мәшһүр-Жүсіп ұсынған әдісті сол қалпында алуына немесе ғалымның тапсырмалар қорын өзінің сабағына икемдеп қолдануына болады. Қазіргі кезде саралап оқыту технологиясына сәйкес мұғалім сабақта іс-әрекеттерді оқушылардың қабілеттеріне қарай әртүрлі деңгейде ұйымдастыруға көңіл бөледі, яғни оңайдан күрделі тапсырмаларды беру арқылы оқыту білім берудің ең озық үлгісі болып табылады. Осы орайда М. Жұмабаевтың «Батқан таң, атқанның таңның жыры» өлеңін келесідей ұйымдастыра алады. Мәселен, А деңгейлі оқушыға «*«Таң» сөзі нені меңзейді?»*», В деңгейлі оқушыға «*Шығарма басындағы күн батуы мен оның соңындағы күн шығуы арасындағы айырмашылық, үндестікті табыңыз»*», С деңгейлі оқушыға «*Өлеңдегі өзекті идеяны ашу үшін күн, қыз бейнелері қандай роль атқарып тұр?»*» секілді дайын сұрақтарды үлестіріп, олардың берген жауаптарын өзара таныстыру, талдау жұмыстарын жасатуға болады. Мұғалім

алдын-ала берілген материалды алып, оны өз мақсатына қарай оңай қолданып кете алады.



Сурет 1

Тапсырмаларды деңгейлеп оқытуда да тапсырмаларды күрделілігіне қарай жіктеуге болады. Мәселен, «Көркем сөздің құдыреті» еңбегіндегі «Керқұла атты Кендебай» ертегісін оқытуға ұсынылған сұрақтарды мұғалім Блум таксономиясына негіздеп беруіне болады. Бұл жерде басты аудартқымыз келетін мәселенің бірі – сұрақтардың түрлі деңгейде келуі, яғни автордың ұсынған тапсырмалары ойлау деңгейінің түрлі қабаттарын қамтуымен ерекшеленді. Осындай үрдістің жоғарыда аталған еңбекте кеңінен орын алуы – өз маңыздылығын арттыра түспек.

Кесте 1

Блум таксономиясы деңгейлері	Ұсынылған тапсырмалар мазмұны
Білу	- «Арқар мен киікті, құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты» дегенге қарап, не айтамыз?
Түсіну	- Жаңа туған бала бітімінің не ерекшелік аңғардык?
Қолдану	- Баланың өсуінен не ерекшелік ажайладық? Өздеріңнің іні-қарындастарың неше айлығында жүруші еді?
Талдау	- Хан тапсырмаларын орындап, сый алу мүмкіндігі туғанда, басқа ештеңе сұрамай (мәселен, алтын, күміс сыйлық т.б), тек Мергенбайды азат етуді өтінуінен Кендебайдың қандай сипаты анықталады?
Жинақтау	- Уәзірлерді жазалауына қарап қандай ой түйеміз?
Бағалау	- Шыңыраудағы атанды жалғыз өзі тартып шығаруына қарап, балаға қандай баға береміз?

Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің еңбегінен диалогтік оқытуға тән құбылысты байқауға болады. Диалогтік оқыту – мұғалім мен оқушы арасында жетелеуші сұрақтар негізінде оқушының оқу жетістігін арттыруға бағытталуымен ерекшеленеді. Мәселен, «Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі кейіпкердің ерекше бейнесін талдауға берілген сұрақтар тізбектері арқылы анықтауы өте ұтымды шыққан:

Бірінші сұрақ:

-Жаңа туған бала бітімінен не ерекшелік аңғардық?

-Оның шекесі торсықтай екенін көрдік.

-Торсыққа неше литр қымыз сыяды деп шамалаймыз?

-3-4 литр.

-Демек, бала шекесі сондай көлемді келсе, қол-аяғы да балғадай ірі деуге бола ма?

-Болады.

-Ендеше болашақ батырдың жаңа туғанда да ерекше тұлғалы болуы әдеттегі адамға тән емес, тек ертегі кейіпкеріне лайық өзгешелікті дәлелдейді. Ертегі қаһарманы айрықша мықты, алып десек, соның алғышарты баланың туған сәттегі кескін-бітімінен де байқалады екен.

Сурет 2

Оқушыға «баланың ерекше тууын сипатта» деген тапсырманы беруге болар еді. Бірақ оқушы бірден жауап бермеуі, не ақиқатына жетуде қандай да бір қиындықтарға тап болуы әбден мүмкін. Ал Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің бірте-бірте сұрақтар арқылы өрбітіп, өмірдегі құбылыстарға ассоциация жасату арқылы оқушының өздігіне жауапқа жетелуі оқушының сыни ойлауына, шығармашылығының артуына ықпал ететінін көруге болады.

Жалпы Қ. Мәшһүр-Жүсіптің «Көркем сөздің құдыреті» еңбегінен бүгінгі заманауи тұрғыда қазақ тілі ең әдебиетін тиімді оқытуда қажетті контентті табуға болады. Бұл мұғалімнің уақытты үнемдеуіне, теориялық білімін тереңдетуге толық мүмкіндік береді. Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің педагогикалық ойлары бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұны идеяларымен астасып келеді. Бұл оқушыға бағытталған оқыту, оның сабақтағы белсенділігін арттыра отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру. Осы тұста оның өз ойы негіздей түспек: «Негізгі деп нені айтамыз десек, оқушыларды ізденте отырып, шығарма көркемдігін таныту,

шәкірттерді пікір айтуға, шығарма талдауға үйрету, олардың тіл байлығын қалыптастыру дер едік» [2].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>

2 Қуандық Мәшһүр-Жүсіп. Көркем сөздің құдыреті, - «ЭКО» ҒӨФ, Павлодар, 200 ж., 288 б.

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТЫҢ СЫНШЫЛ РЕАЛИСТІК ТҰРҒЫДАҒЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ӘДЕБИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУ

ҚИНАЛБЕК А. А.

магистрант, МҚТМӘ-21(н) тобы, Торайғыров университеті, аудармашы, Павлодар ауданы ҚМҚК БЖСМ, Павлодар қ.

Реализм әдісі суреткерден өмір құбылыстарын, маңызды қоғамдық мәселелерді, күнделікті тұрмыстағы сан алуан жайларды мейлінше кең қамтып, әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын терең ашып көрсетуді, қарапайым адамдардың бейнесін сипаттауға жете назар аударуды талап етеді [1].

Қандай да бір шығарманы алып қарасақ та, автордың өмір құбылысы мен сол қоғамның басты мәселесін, тұрмысы мен тіршілігін ашып, қарапайым адамдардың бейнесі мен олардың хал-ахуалын сипаттау автордың реализм әдісін кеңінен қолдануы болып табылады. Реалист жазушы өзінің шығармаларын кейіпкері мен сол заманның шындығын ашумен қатар, сыни тұрғыда жалпылама көзқараспен оқырманға ой сала білу қабілеті басты орында.

Социалистік реализмге дейінгі ең прогресшіл әдіс - сыншыл реализм. Сыншыл реализмнің мақсаты ашық шындықты ашып көрсете тұра, капиталистік құрылыстың негізін шайқалтуға қызмет етеді [2].

Сыншыл реализм әдісін өз шығармаларында ұтымды қолданып, заманның шындығы мен әр кейіпкердің бейнесін аша білу, жазушының ең үлкен жетістігі.

XX ғасырдың басында әлеуметтік сипаты жоғары «жаңа буын, жас иіс» (С. Торайғыров) кітаптар да жарық көре бастады. Қазақтың демократ ақын-жазушылары: М. Сералин, Т. Жомартбаев,

Ә. Тәңірбергенов, Ақмолда Мұхамедияров, Н. Наушабаев, М. Ж. Көпеев, Жаяу Мұса Байжанов т. б. ақындар шығармалары бұған дәлел. Бұл авторлардың дүниетанымының әркелкілігіне қарамастан, бәрі де алуан дәрежеде ағартушылық реализмнің қазақ әдебиетіндегі негізгі принциптерін қалыптастыруға үлес қосушылар ретінде танылуға тиіс. Олар ғасыр басында жаппай ояна бастаған қазақ шаруаларының оқуға деген ынта-таласын, бұл қасиеттердегі ағартушылыққа және ағартушылық пен реализмнің ұштасқан синтетикалық түріне арқау ете суреттеледі [3].

Б. Кенжебаев «XX ғасыр басындағы әдебиет» деген еңбегінде: «Қазақ даласының Россияға қосылуы XIX ғасырдың орта кезінде аяқталды. Осыдан бастап, Қазақстан әкімшілік-басқару жағынан болсын, саяси-шаруашылық жағынан болсын Россияға тәуелді күй кешті. 1905–1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық төңкерістен кейін тың дүниелер жарыққа шықты.

Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың жаман мінездерін, қазақ арасындағы феодализмнің қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды. Сөйтіп, халықты оянуға шақырады:

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,
Айрылмай жақсы менен жаман farkы.

Өнерге ұмтылайық, оқып жетіліп, мәдениетті, күшті ел болайық:

Білімге жабысайық көңіл қойып,
Ерлердің жұмысына жүрмін тойып...
Өнер, білімге жетілу арқылы теңдік, бостандық аламыз:
Өнерге, ғылым, білім болсаң жерік,
Берілер ақыр бір күн басына ерік, – дейді.

Жалпы алғанда, Мәшһүр өлеңдерінде қазақ халқының жай-күйін, заман жайын дұрыс аңғарады. Соған байланысты халықтың, оқығандардың арманын, міндетін, мақсатын дәл түсінеді, айқын білдіреді.

Мәшһүр заманындағы әл-ахуалға, саяси-әлеуметтік жағдайларға құлақ түріп, соларды байқап отырған. Шығармаларының біразын күнделікті уақиғалар мен мәселелерге байланысты жазған. Солардың өрістеу, аяқталуына қарай ақынның ойы, көзқарасы толқып отырған.

М. Ж. Көпеев ағартушы бағыттағы, артында бірқыдыру құнды мұра қалдырған дарынды журналист ақын» деген [3].

М. Ж. Көпеевтің қай еңбегін алып қарасақ та, онда тамыры терең, кез келген оқырманға өзіндік тұжырым жасайтын ой жатыр. Ол – өзінің өмір сүрген заманының сыншыл реалист ақыны. Шығармалары ашы шындық пен адам жүрегінің түбінен орын алатын құпияға толы ақынның өлеңдері оқырманға қандай да бір ақтарғысы келіп тұратындай. Өмір шындығы мен кейіпкер шындығын өлеңінің әр тармағына астарлап, белгілі бір оймен жеткізеді.

Б. Кенжебаевтың М. Ж. Көпеев шығармашылығына берген биік бағасы ақынның ағартушылық, саяси-әлеуметтік сипатын дәлелдейді. Б. Кенжебаев М. Қараевтың «Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму тарихы» еңбегіндегі Алғысөзде «Реализмнің негізін ақынның өмір шындығы, сол өмір шындығын нақты күйінде көркем етіп бейнелеу. Ол үшін ақын-жазушы озық идея мен көркемдік шеберлікті қиюластыра білуі шарт» деген анықтама береді [4].

Шығармаларын оқыту барысында әр оқырманның көкейінен орын алатын, сол заманның саясатымен таныстыра отырып, оқырманның өзі өмір сүріп жатқан заманмен салыстар алатындай ету оқытушыға қойылатын үлкен талап. Кез келген шығармасын алып, оны жан-жақты талдап, сарапқа салып, салыстыра білу, артықшылығы мен кемшілігін анықтау әдістеменің ең озық жетістігі. Тақырыпты аша отырып, оқытушы сол кезеңдегі тарихқа да көз жүгіртеді. Мысалға алар болсақ, саяси-әлеуметтік лирикаға жататын шығармаларға 1905 жылы 9 қаңтардағы «қанды жексенбіден» басталған 1 орыс төңкерісінен кейін жазылған «Хал ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» т.б. өлеңдері жатады. Ә. Пазыловтың «1905–1907 жылдардағы Қазақстан және Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы» атты мақаласында өлеңдеріне негіз болған тарихи жағдайға тоқталады.

1905 жылдың жазында қазақ халқының үкіметке наразылығы ұйымдасқан және саяси сипат алды. Қозғалыстың басында ұлттық интеллигенция, оның басты жетекшісі Ә. Бөкейханов тұрды.

1905 жылғы қанды жексенбіден кейін патшалық билік уақытша болса да, елде демократиялық еркіндікті кеңейту, бұқараның пікірін білдіру, халыққа еркін пікір білдіру құқын беруге әрекет ете бастады. Қазақ жұртының қоғамдық-саяси өміріне зор сілкініс туды, мемлекеттік үшін күрес жаңа сипат алды. Бұл Мәшһүр Жүсіптің шығармаларына жаңа мазмұн, жаңа түр әкелгені анық. Халық бостандығын аңсаған ақын көтерілісті қуана қарсы алды,

үн қосты. Сол кездегі толқынға белсене араласып, өзінің отты жырларын арнады.

М. Жүсіп Көпеев 1905 жылғы оқиғаға арнап «Қанды жексенбі» деген өлеңін жазып, «Айқап» газетіне жібереді. Бірақ бұл өлең патша жендеттерінің тарапынан сынға алынып, басылмайды. 1905 жылғы революция туралы жазған шығармаларының көбі «Сарыарқаның кімдікі екендігі» деп аталатын кітабында басылып шыққан. М. Жүсіп аталмыш еңбегінде оқиғаны саяси тұрғыдан өте жақсы сипаттап, жан-жақты суреттей білген.

Патша үкіметінің 1905 жылғы 9 қаңтардағы Петербургте бейбіт шеруді қанға бөктіріп, жазалауы, оның ұлт аймақтары, соның ішінде Қазақстанда да революциялық қозғалыстың басталуына ықпалын тигізді. 1905 жылы қазан айындағы Бүкілресейлік ереуілдің әсерімен Қазақстан қалаларында Шалқарда, Қостанайда, Верныйда, Оралда демонстрациялар «Патша самодержавиясы жойылсын!», «Бостандық жасасын» деген ұрандармен өтті.

Ел ішінде революцияның күшті өрлеуінен қорыққан патша үкіметі қазанның 17-де манифест шығарды, онда халыққа «азаматтықтың мызғымас негіздерін» адамның жеке басының бостандығын уәде етті.

М. Жүсіп Көпеев 1907 жылы Қазан баспасынан «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы», «Хал-ахуал» деген үш кітабы жарыққа шықты. Ақын бұл үш еңбегінде қазақ даласын жайлаған жоқшылық пен теңсіздіктің күштілігін де, себебін де ашып береді, ашына сынайды. Ақынның кітаптарын жарыққа шығарғаны үшін Хусаиновтарға 12 мың сом көлемінде айып салынып, 14 кісіні айыптап, сотқа тартқан.

Ә. Қоңыратбаев: «М. Жүсіптің жоғарғы үш кітабының заңға ілігіп, тартылмауы оны басып шығарған Қазандағы Хусаиновтарға айып салынуы, ақынның камалушылар тізіміне ұшырап, 1910–1912 жылдары ел ішінде бұғып жүріне мәжбүр болады». Ендігі жерде оның соңына түсіп, ізін аңдығандар көбейеді. Қуғыннан жасырыну мақсатында М. Жүсіп Көпеев қазақ даласының оңтүстік аймақтарына сапарға шығады [5].

Еңбегімнің тәжірибелік бөлігінде «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» өлеңдерінің лингвистикалық-әдеби талдауы арқылы М. Жүсіптің сыншыл реалистік тұрғыдағы шығармаларының поэтикасын, сөз қолданысын, әдеби, лексикалық, грамматикалық сипатын ұсынамын.

«Хал-ахуал» өлеңінің әдеби-лингвистикалық сипаты

Әдеби тегі – лирика, белгілі бір ұйқасқа құрылған, өлеңмен берілген шығарма.

Әдеби жанры – саяси-әлеуметтік лирика, өйткені өмірдегі басты, маңызды проблемаларды алға тартады. Халық ішіндегі әділетсіздік, бұқара халық пен басшылардың арасындағы қарама-қайшылық, ел билеу мәселелері көтеріледі.

Әдеби әдіс – сыншыл реализм, өйткені маңызды қоғамдық мәселелерді, күнделікті тұрмыстағы сан-алуан жайларды мейлінше кең қамтып, әлеуметтік қайшылықтарды терең ашып көрсетеді.

Тақырыбы – халық, халықтың хал-ахуалы.

Идеясы – патша үкіметінің, би-болыстардың қазақ халқына жасаған үстемдігін, халық басына түскен ауыртпалықты шындықпен суреттеу.

Өлең құрылысы – 49 шумақтан, 197 тармақтан тұрады, 11–12 буынды, 3 бунақты қара өлең ұйқасына құрылған.

Өлең тілі лексикалық тұрғыдан: Толық мағыналы сөздердің пайызы қазақтың төл сөздері.

Орыс тілінен енген кірме сөздер: «хотқа», «сөтке», «стражник», «газет», «повестка», «штраф», «чиновник», «сбор», «поселкелер», «манифест» т.б.

Араб, парсы тілінен енген сөздер: «хакімдер», «шаһбаздар», «сағадатлу» т.б.

Тұрақты тіркестер: «ауыз салып», «зәрін төгіп», «сорып жатқан», «көз салсын», «аузы жете берер», «арбауына түсірем», «бас көтерер» т.б.

Фразалар: «Әлі жоқ аңкылдама түсер жарға»;

Антонимдер: «ақ-қара», «жақсы-жаман» (сапалық сын есімдер) «жақсылық-жамандық», «ел билеген хакімдер-кедей», «бейшара», сын есімдерді «жарық-қараңғы»

Троп түрлері:

Метафора – «теке», «бұқашықтар», «сәуірік», «тұйғын», «күшігендер», «қаракұс», «қоңыр қазы» т.б.

Эпитеттер: «ақ-қара», «жақсы-жаман», «жарық-қараңғы» т.б.

Есімше тұлғалы етістіктер: «шашқан», «шамаласқан», «жүдеген», «табаласқан», «қамаласқан», «қашқан», «басқан» т.б.

Тенеу: «бүркіттей», «тоты құстай», «жыландай», «түлкіше», «қасқырша» үстеуі т.б.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі» өлеңінің әдеби-лингвистикалық сипаты

Әдеби тегі – лирика, белгілі бір ұйқасқа құрылған, өлеңмен берілген шығарма.

Әдеби жанры – саяси-әлеуметтік лирика, өйткені өмірдегі басты, маңызды проблемаларды алға тартады. Ресейдің отарлау саясаты, жер мәселесі, сөз бостандығы, медреселер ашу т.б. мәселелер көтеріледі.

Әдеби әдіс – сыншыл реализм, өйткені маңызды қоғамдық мәселелерді, күнделікті тұрмыстағы сан-алуан жайларды мейлінше кең қамтып, әлеуметтік қайшылықтарды терең ашып көрсетеді.

Тақырыбы – саяси-әлеуметтік теңсіздік

Идеясы – патша үкіметінің, би-болыстардың қазақ халқына жасаған үстемдігін, халық басына түскен ауыртпалықты шындықпен суреттеу.

Орыс тілінен енген кірме сөздер: «мұжық», «депутат», «крестьян», «медаль», «манифест», «награда» т.б.

Араб, парсы тілінен енген сөздер: «хакімдер», «шаһбаздар», «мешіт», «молда», «құран» т.б.

Синонимдер: «ұрлық-зорлық, қорлық, қысымшылық»; «ғылым, білім, өнер»; «Тар, саран»;

Антонимдер: «өтірік-шындық», «ғылым-надандық», «жақсылық-жамандық», «ел билеген хакімдер-кедей», «ынтымақ-араздық», сын есімдерді «жарық-қараңғы»

Тұрақты тіркестер: «жаза кесілді», «жүрек жарып», «езу тартып», «отқа кірген», «көруге көзіңе арман»

Мақал-мәтел: «Сабыр түбі-сары алтын»

Троп түрлері:

Эпитеттер: «ақ-қара», «жақсы-жаман», «жарық-қараңғы» т.б.

Есімше тұлғалы етістіктер: «көрген», «тиген», «білген», «жатқан», «күйген», «жиған-терген», «жылаған», «иген», «жазған», «кеткен», «жиылған» т.б.

Тенеу: «бордай», «судай», «тандай», «күндей», «бұлақтай», «иттей», «тарыдай», «қасқырдай» т.б..

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Бұлақ көзі», «Фибратнама» өлеңдерінің морфологиялық, лингвистикалық сипатын беруде зат есімдер, сын есімдер, етістіктердің грамматикалық тұлғасын зерттеу арқылы идеялық жүк артып тұрған толық мағыналы сөздердің қолдануы ақынның ой берудегі шеберлігін танытады. Идеялық мазмұнын ашудағы деректі зат есімдерді, сапалық сын есімдерді, етістіктің ауыспалы осы шақ, нақ осы шақ, өткен шақ есімше, көсемше тұлғалы түрлерін

пайдалану арқылы қоғамдық оқиғаларды баяндайды. Есімдіктің өздік, жіктеу, болымсыздық, сілтеу түрлерін, орыс тілі, араб-парсы тілінен енген сөздерді мол пайдаланғаны да өмірдің қалыпты жағдайын, адамдарға біткен мінез-құлықтарын сипаттауына, өзекті мәселелерді айқын жырлауына негіз болады.

Көркемдік ерекшелігін танытудағы эпитеттердің, метафоралардың, теңеулердің мол пайдалануы автордың тіл қолданысының, образ сомдаудағы шеберлігінің, оқиға желісін сипаттаудағы өзгешелігін көрсетеді. Мақал-мәтел, нақыл сөздерінің де, тілдік қолданыста жиі кездесетін идиомалық тіркестерінің де пайдалануы қазақ жастарына айтқан өсиетінің маңыздылығын, тындаушысын табатынын, болашаққа сенімін айқын көрсетеді.

Бай мен кедей образын беруінде де ұлттық өрнек байқалады. Есім сөз таптарының синонимдік, антонимдік мәнді сөздері арқылы адам бойындағы жаман қасиеттерді сынға алады. Синоним, антоним сөздері – өмір шындығын өнерде шынайылау тәсілдерінің бірі.

Суреткердің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы – эстетиканың ең негізгі мәселелерінің бірі – халық қамы, ұлт мүддесі. Осы фактілердің барлығы ақынның ащы шындықты қорықпай айтатын, өз көзқарасын сыни мағынада бере алатын реалист ақын екенін дәлелдейді. Сөз қолданысындағы ерекшелігі осының дәлелі болып табылады. Өмірдегі қарама-қайшылықты бере отырып, оның жаман жағын қатал сынға алуы арқылы болашақ жастарды мұндай қателерді жасамайтынына зор сенім білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдолов З. «Сөз өнері» Алматы «Сонат» 2002 ж. 351 б

2 Қараев М. «Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары» Алматы: Мектеп, 1986 жыл, 113-117 бет.

3 Кенжебаев Б. «XX ғасыр басындағы әдебиет» Алматы «Білім» 1993 жыл, 60-61 бет

4 Қараев М. «Қазақ әдебиетіндегі реализмнің даму жолдары» Алматы: Мектеп, 3-5 бет бет.

5 Пазылов Ә. «1905-1907 ж-дағы Қазақстан және М.Ж. Көпейұлы» «Дала кемеңгері М.Жүсіп- Адамзаттың ұлы ғұламасы» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары, 2 том, Павлодар, 2008 ж, 238-240 бет

6 «Мәшһүр Жүсіп шығармалары», 4-том, Павлодар, 2004 жыл,

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ПАРАДИГМАСЫ

МАНАБАЕВА А. Б.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Семей қ.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деп түйіндеуі мектеп оқушыларының әдебиетті саналы түрде оқып зерделеуін міндеттейді [1].

Көркем шығарма – оқушыға эстетикалық сезім сыйлайтын, өмірді тануға әсер ететін құнды дүние. Оны оқыту туралы бойы әдістемелік кеңестер жазылып та, айтылып та жатыр. Бірақ заман ағымының өзгерісіне сай, көркем шығарманы оқытуда уақыт талабы, заман сұранысы өзге тәсіл мен әдістерді қажет етеді. «Кез келген мәтін ойлау әрекетінің шарты ғана: мәтінде объективті бар нәрсе, оқырман басында субъективті формаға ие бола алады және бұл субъективті форма оқырманның жеке ойшылдық әрекетінің нәтижесі [2]. Шығарма идеясын танып, көтерілген мәселені шешу мен түсіну жолын меңгерту арқылы ойшылдық әрекет нәтижесіне жетуге болады. Ол үшін ойлау дағдыларының, кеңінен қолданылатын иерархиялық моделін қолдану қажет .

Блум таксономиясы – сын тұрғысынан ойлау дағдыларын кеңінен қолданылу мүмкіндік жасайтын ойлаудың иерархиялық моделі. Оның мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. Бұл шығарма мазмұнын жете танып, идеясын түсінуге әсер етеді [3].

Д. Исабековтің «Қара шаңырақ» шығармасын оқытудың тұтас моделін құрастырып көрелік [4]. Алдымен, әңгімені терең түсініп, дұрыс көзқарас қалыптастыруға әсер етуді ойластыру қажет. Шығарманы оқытуда мазмұн сұраумен шектелер болсақ, ол оқушының сын тұрғысынан ойлай алу дағдысын шектеп, оқу сауаттылығын дамыта алмайды. Егер сұрақтар оқушының функционалдық сауаттылығын дамытуға негіз болатын болса, шығарманы білу деңгейін сұрақ-жауап формасында алу тиімді.

Аталған шығарманы оқыту барысында сынып оқушыларына төмендегі сұрақтар қоюға болады:

Шөмішбайдың неше баласы бар? Есіркептің баласы нешеде? Есіркеп әке-шешесіне нешеде келді?

Берілген сұрақтарға жауап беру кезінде оқушылар бірнеше әрекет операцияларын орындайды: көз жүгіртіп оқу, еске түсіру, сұралған нәрсе қай бөлікте орналасқанын еске түсіру, осылайша көру арқылы еске сақтау қабілеті дамиды, себебі бұл сұрақтарға жауап нақты берілмеген.

Шығарма мазмұнын түсіну деңгейін тексерудің бір әдісі – оқиға картасын жасау. Ол – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру, яғни оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау. Бұл жұмыс оқушылардың қызығушылығын арттырып, түсінгендерін визуалдауға мүмкіндік береді. Яғни әңгімені мазмұнын түсініп, тереңінен ойланып, суреттермен ассоциация жасау үшін қиялына ерік береді.

Талдау – таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Кейіпкер әрекетін талдау, оған себеп болған оқиғаны табу автор анықтап бермеген кейіпкер әрекетін түсіндіруге мүмкіндік береді. Яғни оқушы кейіпкер әрекетін талдайды. Бұл оқушының сыни ойлауын дамытып, өз ойын дәлелдеп, қорытынды жасауға үйретеді.

Әңгімені оқыту кезінде «б неге?» деген тақырыппен сұрақтар беруге болады:

1 Неге Шөмішбай бау-бақшамен айналысады?

2 Неге немерелерін өзі баққысы келеді?

3 Неге Есіркеп қалаға кетті?

4 Шөмішбай неге қалаға барды?

5 Неге балаларына көңілі толмайды?

6 Неге шығарма осылай аталды?

Оқушы үшін қиынға түсетіні, сұраққа тура жауап жазушының жанама мінездеуі арқылы беріледі. Оқушы оны кейде бірден байқай алмайды. Сондықтан дұрыс жауапқа әкелетін сұрақтар беруді ойластыру керек. Мысалы, «Неге Шөмішбай бау-бақшамен айналысады?» сұрағына қабілеті жоғары оқушы бірден жауап беруі мүмкін, қабілеті төмен оқушыға «Шөмішбай қанша жастағы адам?», «Оның тапқаны өзіне жетеді деп ойлайсың ба?», «Балалары одан көмек сұрай ма?» жетек сұрақтары қойылады.

Кез келген шығарма кейіпкерлерінің бейнесі өткір сюжет, психологиялық терең толғаныс үстінде ашылады. Жазушының осы шеберлігін таныту үшін кейіпкердің көңіл күй шкаласын анықтау

үшін мына сұрақтарға жауап іздету тиімді: «*Кейіпкерлердің қандай көңіл күйде болғанын шығарма желісі бойынша анықта. Оларға қатысты жерлерді тауып оқы. Қандай толғанысты байқадың?*». Немерелерінің алаңсыз ұйқысын көргендегі сәтінен бастап, Қуатжан үшін бесікті дайындауға жүргізген ата көңіл күйінің шкаласын анықтағаннан кейін, ұрпағы үшін барлығын кешіретін көңілі мәрт, жүрегі кең Шөмішбайдың сан құбылуын түсінеді.

Шығарма тіліне жүргізілетін жаттығулар оқушының шығармашылық қабілетін дамытып, сөздік қорын дамытады. Яғни қолдану деңгейінде оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолданады. Бұл деңгейде кейіпкер туралы ақпараттарды жүйелеу арқылы оның сөздік портретін жасау үшін «Іздеу салу» постерін құрастырады. Бұл тапсырманы орындауда контекстке қайта үңіледі. Кейіпкер бейнесін танытатын сөздерді, сөз тіркестерін теріп алу арқылы, кейіпкер туралы жұмбақ құрастырғандай болады. Осы арқылы оқу материалын өзгеше реттейтін хабарлама ұсынады. Бұл – таным мен ойлаудың орта деңгейі. Өйткені оқушы кейіпкерді сипаттайтын сөзді тану үшін оқу материалына тереңірек үңіледі.

Шығарма бойынша берілген бағалау, жинақтау деңгейіндегі сұрақтарға жауап беру жаңа үлгідегі әртүрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпараттарды жүйелеп, шешім қабылдауға ынталандыруға бағытталу қажет. Ол үшін «Креативті матрица» тәсілі тиімді болады [5]. Бұл әдіс оқушыларды кейіпкерлердің іс-әрекетін саралап, олардың мәселені шешу дағдыларын дамытып, кейіпкерге жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді. Мәселені шешудің сындарлы жолын құрастыруға үйретеді. Бұл креативті ойлауға дағдыландырады.

Кесте 1

Кейіпкер	Шөмішбай	Есіркеп
Мәселе	Балаларына көмектескісі келеді.	Әжесіне көптен бері хабарласпай кетті.
Себеп	Олардың ержеткенін мойындағысы келмейді.	Ерте үйленіп алды, әйелі екеуі кешкі мектепте оқиды, күндіз жұмыс істейді.
Салдары	Бала мен ата-ана арасында түсінбестік туындайды.	Әке мен бала арасы суынып кетті.

Мәселенің себебі, салдары анықталған кейін, оны шешудің сындарлы жолын анықтау қажет. Ол үшін «Ар-ождан аллеясы»

немесе «Телеграмма жазу» тәсілін қолдануға болады [5]. «Ар-ождан аллеясында» оқушылар психолог, адвокат, замандас рөлінде Есіркеп пен Шөмішбайға өз кеңестерін береді.

Кесте 2

Кенес	Шөмішбайға	Есіркепке
Психолог	Балаларының ержетті, олардың жетістігіне қуаныңыз.	Ата-анаңызға хабарласып тұрыңыз, Қуатжанды атасы мен әжесіне қонаққа апарыңыз.
Адвокат	Немереңіздің ата-анасының қасында болғаны дұрыс, ол ауырып қалса, шешесі дәрігерге апарып, емдетеді.	Ар соты алдында әр адам ата-анасының жақсысылығын өтеу керектігін ұмытпаңыз.
Замандас	Шөмішбай, қазір заман басқа. Біздің кезіміздегідей қиындық жоқ, себебі жастарға мемлекет қамқорлық жасайды.	Есіркеп, мен баламды ата-анама апта сайын апарып тұрамын, сол кезде оларды қуанғанын көрсен ғой.

Көркем шығарманы оқытудың осындай иерархиялық моделі сындарлы оқытуға негіз болады. Бұл оқушы танымын дамытып, ойшылдық әрекеттің нәтижелі болуына әсер етеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы анықтағандай, «білімді адамның» орнына «мәдениет адамын», «тәрбиелі адам» тұлғасын қалыптастыру маңызды. Қазақстандық білім беру жүйесінің жеке тұлғаға бағытталған гуманитарлық парадигмасының дамуы оқушының креативтілігін өрістетуге, шешім қабылдай білу қабілетін дамытуға негізделіп, адамгершілік қасиеттері мен тұлғалық келбетін ұлттық құндылықтармен ұштастыруға, жаһанданған әлемде бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруды мақсат етеді. Сондықтан мәдениетті, тәрбиелі тұлға қалыптастыру үшін көркем шығарманы оқытудың парадигмасын түбегейлі өзгерту – уақыт талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
- 2 Рубинштейн М.М. Воспитание читательских интересов школьников. – М., 1950. – 292б.
- 3 <https://newtonew.com/lifehack/taksonomija-bluma>
- 4 <https://adebiportal.kz/kz/news/view/3459>
- 5 Оқыту мен оқудың белсенді әдістері. – А., 2013. –7-8б.

КӨРКЕМ МӘТІНГЕ ӘДЕБИ ТАЛДАУ: ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

МОЛДАХМЕТОВА М. С.
мұғалім, № 30 мектебі, Семей қ.

Әдеби шығарманы оқыту кезінде мұғалім ескерер шарттар көп. Оқушының әдебиетті пен өнерді жақсы көруіне ықпал етіп, ондағы кейіпкерлер бойындағы ұшқыр қиял мен елжандылық, еңбек пен қажыр-қайрат, ақыл мен адамгершілік мұраттарға талпыныс т.б. қасиеттерін ала білсе – мақсаттың орындалғандығы. Көркем әдебиетті оқыған кезде оқушы түрлі кейіпкерлермен жолығады. Солардың ішкі жан күйлерін ұға білу, қоғамдағы, өз ортасындағы орнын салмақтай алу, шынайы қалпын тани білуді үйренсе, оқушы өз ортасын да анықтап ала алады.

Оқушылар оқылым әрекеттерінің дағдыларын көркем әдебиет арқылы дамытады. Оқылым арқылы білім беруде талап етілетіні мәтін мазмұнын ұғу. Осы мәтін мазмұнын ұғу арқылы оқушының негізгі ақпаратты анықтай алуы, мәтін бойынша өз көзқарасын білдіруі, көркем кейіпкерлерге талдау жасау, шығарма тақырыбы мен идеясын белгілеу т.б. талаптарды біз көркем әдебиет туындыларымен сабақтастырамыз.

Оқушылардың тілдік қатынастар арқылы тілді үйренуі – қазіргі жаңартылған білім мазмұнының басты талабы. Бұл ретте, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым арқылы мәтінді тек оқып қана қоймай, оны тыңдай отырып ұғу, оқып отырып негізгі ақпараттарды жіктей білу, сол оқыған, тыңдағаны бойынша ойын жүйелеп жаза алу, барлығын түйіндеп айта білу – тілдік қатынастардың толық кешенді игерілген жұмыс түрлерін қамтиды. Сондықтан да оқушының оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым тілдік қатынастарын игеруіне басты қажет – білім материалдары. Білім материалдары оқушыларға жинақталған, нақты бір қалыпқа саланған үлгіде ұсынылуы тиіс деп санаймыз.

Көркем туынды халық өмірінің түрлі кезеңдерін суреттейді. Онда нақты ел-тұрмысының оқиғаларын көрсететін, соған орай шығарманың қай мезгілде, уақытта туғанын анықтайтын белгілер болады. Ендігі бір шығармаларды ел тарихының әр кездерінің суреттері, әр мезгілдерінің көрінісі болады. Соған орай мазмұны мен құрылым да жасалады.

Мұғалім шығарманың тарихи-әлеуметтік, рухани мәнін түсіндіріп, талдап өтуі қажет. Шығарманың тақырыбы мен

идеясы, көркемдік қуаты ашылуы үшін сол туынды туралы барлық ақпараттар, әдеби талдаулардың негізгі ақпараттары қамтылғаны жөн. Мұғалім оқушыларға шығарманың әдеби-көркем тұстарын, тарихи жазылу себептерін түсіндіріп, оқушылармен бірге талдап өтеді.

Шығарма – көркем туынды туралы ой, пікір. Шығарманың бірнеше түрі бар: әңгіме, өлең, толғау, пьеса, повесть, роман, поэма т.б. Балалар көркем шығарманың жанрын талдап, келесі ретте, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым қатынастары бойынша талдау жұмыстары жүргізіледі.

Әдебиетті оқытуда бүгінгі күні оқушының мәтінді тыңдай білуі, сол тыңдаған мәтінді ұғып, сұрақтарына жауап бере алуы, тыңдаған сөз, сөйлемдерге сұрақ қойып, толықтырып т.б. жұмыстарды орындауы шарт. Оқылым қатынас негіздері бойынша оқушы мәтінді орфоэпиялық норма ережелеріне лайық, дұрыс ырғақпен, стильдік белгілерін сақтап, оқығаны бойынша тапсырмалар орындайды. Бұл тапсырмалар мәтіннің тақырыбын, идеясын, түрін, стилін анықтау, кейіпкерлеріне, жеке сөздері мен сөйлемдеріне қатысты тапсырмалар орындаудан тұрады.

Белгілі бір тақырып бойынша мәтін құрастыру, ол мәтіннің бір түрімен шектелмей сипаттама, баяндама, пайымдама түрлеріне қарай құрастыра білу керек. Немесе мәтінді эссе, диалог, әңгіме, синквейн, хат, хабарлама, баяндама, қысқаша конспект сияқты түрінде жазуы тапсырылады.

Айтылым тапсырмасында нақты бір тақырып бойынша тақырыпты ауызша әңгімелей алуы талап етіледі. Оқушы айтылым бойынша қажетті лексикалық минимумды дұрыс қолдана алуы, стильді сақтауы, мәтін түрлерін дұрыс құрастыруы шарт [1].

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудың басты құрылымдары:

- 1 Тілдік қатынас дағдыларын қалыптастыру (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым);
- 2 Ойлау дағдыларын сіңіру (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау);
- 3 Шығармашылық ойлау дағдысымен жұмыс істеуге үйрету;
- 4 Қисынды ойлау дағдысына дағдыландыру
- 5 Сыни ойлау дағдысымен жұмысқа төселдіру.

Орыс мектептерінде білім мазмұнын толықтыратын материалдар ретінде әдеби шығармалар бірге ұсынылады. Әдеби материалдар қазақ әдебиеті мұраларын игерту, қазақ халқының сөз

өнері арқылы ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру мақсаттарын көздейді. Қазіргі білім берудегі басты талап – білімнің тәжірибелік қолданбалық сипаты. Сол себепті де, біз оқушылардың оқылым әрекеттеріне төселдіруде қазақ әдебиетінің бай көркем қазынасын пайдалану қажет деп есептейміз.

Әдебиет – таным құралы. Оқушыға өмірді танытып, жақсылық пен жамандықты үйретеді. Бұны оқушы көркем туындыдан алып, түсіне білуі үшін мұғалімге көп жұмыс істеу керек екені анық. Шығарманың қат-қабат ішкі құрылымдары, астарлы, бейнелі ойлары, кейіпкерлер мінезінің сан қырларын танып, талғап, анықтап, ажырата алу үшін сөзді, көркем әлемді ұғынулары керек.

Шығарманы талдаудың бірнеше тәсілдері бар. Оқушыларға көркем шығарманы ұғу, оның тақырыптық-идеялық сипаттарын ашу, кейіпкер орнын анықтау мақсатында келесі үлгідегі талдауды жасаудың мәні зор.

1 Шығарма жазылған кезеңдегі әдебиеттің даму үрдісі.

2 Тарихи, қоғамдық-саяси жағдайлардың әдебиет, өнер, мәдениеттің дамуына ықпалы.

3 Алдыңғы кезең әдебиетінің әсері.

4 Шығарманың жазылу себептері, ел тарихымен сабақтастығы.

5 Көркем туынды және қаламгер: қоғам, орта, жеке мақсат.

Осы жазылған әр бөлікке талдау жасай отырып, көркем әдебиеттің басты белгілерін де түсінеді.

Бұл үлгімен жұмыс істеу барлық сыныптарға ыңғайлы. Мысалы орыс мектептеріне арналған қазақ тілі мен әдебиетінің 6-сыныбында «Мағжан Жұмабаев – қазақтың ұлы ақыны» деген тақырып бар. М. Жұмабаевтың шығармашылығы «№ 4 Қуат көзін үнемдей білеміз бе?» тарауы бойынша қойылған. Бұл тарауда оқушылар қуат көзі, жарық, жылу, жұмсау, отын, тұтынушы, өндіру т.б. жаңа сөздерімен танысады. Мағжанның шығармашылығы әдеби лабораториясымен танысу, өмірбаянынан хабардар болу, өлеңдерінің тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін білу және «От» өлеңін оқу мақсат-міндеттері қойылған.

Біздің ұсынған талдауымыз оқулықтағы Мағжан жайындағы тапсырмаларды оқушылардың өздерінің орындай алуына мүмкіндік береді. Сондықтан алдын-ала тек оқулықтағы ізбен қалып қоймай, белгіленген үлгімен ақын шығармашылығы туралы талдау жасаған дұрыс.

1 Шығарма 1920-жылдары жазылған. 20-жылдары әдебиетте түрлі бағыттар болды. Солардың бірі – орыс ақындарының

символизмі. Мәскеуде оқыған Мағжан орыс ақындарының символизмін еркін игереді.

2 1917 жылы Кеңс өкіметі құрылады. Қазақ еліне автономия береді. Бірақ 20-жылдардың ортасынан кейін отарлық үстемдік қайта күшейеді. Әдеби шығармалардың тақырыбы мен идеясы талқыға салына бастайды. Коммунистік цензураның алғашқы негіздері көріне бастайды. Сондықтан да М. Жұмабаев білім, оқу, өзгемен тең болу идеясын көтереді. От – жарық пен жылудың символы. Өзін тұтасымен оттың символы етіп ала отырып, дүниені өзгертер күшке ие екендігіне сендіреді.

«1923–1927 жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысып, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады. Мәскеуде оқып жүргенде оның шығармалары орынсыз сынға ұшырады. 1924 жылы 24 қарашада Мәскеу қаласындағы Шығыс еңбекшілері коммунистік университетінде қазақ жастарының жерлестік ұйымында жиналыс өтіп, олар Жұмабайұлының 1922 жылы қазанда, 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан жыр жинақтарын талқыға салды. Онда ақын шығармаларын теріске шығаратын қаулы қабылдайды» [2, 11].

3 XIX ғасырдың екінші жартысындағы Абай, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлихановтың ағартушылық-демократтық бағыттағы шығармаларындағы білім, өнер, ғылым үйрену идеясы, халықтың өзгелермен тең болуын қалаған мақсатты шығармалары кейінгі XX ғасырдың басындағы елдік, мемлекетшілдік идеяға ұласты. Білімге ұмтылуды жарыққа қол созу деп, «Күн болам!» деген идея С. Торайғыровта да бар.

Мағжан білімді ел болуға, өзінің тегін сақтау, елдік қалпын қорғауды қосады.

4 Шығарманың жазылу себептері, ел тарихымен сабақтастығы. 1918 жылдан 1924 жылға дейін Кеңс өкіметі құрамында Түркістан республикасы болды. Осы республика түркі халықтарын біріктірді. Мағжанның түркілік идеясына әсер еткен жағдайлардың бірі жеке ел болуға деген сенім, болашаққа үміт осы кезде өзгеше көркем жазылды.

5 XX ғасыр басында еліміздің оқыған қайраткерлері қазақ халқын отаршыл езгіден құтқаруды мақсат етті. Ресей патшасының отаршыл саясаты кезінде қазақ халқының саяси және рухани теңдігінен толығымен айырылды. М. Жұмабаев – 1917 жылы құрылған Алашорда партиясының қайраткерлерінің бірі. Алаш

қайраткерлері елдің егемендігін, тәуелсіздігін қалады, сол жолда күрес жүргізді.

Мағжан Жұмабаев Омбыдағы Алашорда үкіметінің Ақмола облыстық комитеті құрамына кіреді. 1918–1920 жылдары Омбы қаласындағы мұғалімдер даярлайтын екі жылдық курстың, «Қызыл мұғалімдер» курсының директоры болды. 1921 жылдары «Кедей сөзі» кейіндері «Бостандық туы» газетінің жауапты редакторы болды. 1922–1923 жылдары М. Жұмабаев Ташкент қаласындағы қазақ, қырғыз ағарту институтында ұстаздық етті. Осы шақта «Ақжол», «Сана», «Шолпан» газет журналдары беттерінде ақын туындылары мол жарық көрді.

«...Мағжан орыс әдебиетімен таныс болған соң Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Пушкин, Фет, Бальмонт, Максим Горький, Александр Блок сынды жеке адамды дәріптегіш, дарашыл ақындарға мұрит болған, солардан тәлім алып, соларға еліктеген. Ол ақындардың бәрі идеализм жолын тұтынған болатын» [3, 402].

Оқулықтағы М. Жұмабаев өлеңі арқылы балалар оттың ауыспалы мағынасын жарық пен жылудың белгісі ретіндегі көркемдік құрал болатындығын біледі. Өлең шағын болғанымен, балаларға түсінуге ауыр. Сондықтан да осындай талдау жасату арқылы өлеңнің негізгі идеясын ашуға болады.

Кітапта біздің талдауымызда көрсетілген тұстардың барлығы дерлік білім мазмұнында қамтылған. Оқушылар тілдік қатынастарды қолдана отырып, бірнеше тапсырмаларды орындайды. Мысалы 1-тапсырма. Айтылым. Оқушылар Алаш, Алашорда партиясы, «Алаш» туралы білгендерін еске түсіреді. Алашорда қайраткерлері туралы айтады, ақынның шығармасы, қазақ ақындары туралы қысқаша сабақ алды тапсырмаларын орындайды. 5-тапсырмада Мағжан Жұмабаев пен оның өмірбаянына, поэзиясына қатысты мәтінді тыңдап, сол мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.

6-тапсырмада оқылым мен айтылым қатар берілген. Оқушылар «От» өлеңін оқып, осы өлеңнің мазмұнын түсінулері қажет. Оқулықта «Өлеңді мәнерлеп оқы. Ақынның өлеңінің мазмұнын мұғалімнің көмегімен түсін. Ақынның ойын өз сөзіңмен айт.» деген тапсырма берілген. Оқушылар 6-сыныпта көркем шығармалар оқуға бірталай төселе бастайды. Егер біз көркем әдебиет үлгілерін нақты бір қалыппен талдауды оқушыларға үйретсек, олар кейінгі 7–11-сыныптардағы көркем әдеби үлгілерді талдауға өздері де дағдыланады. Бұл әдеби шығарманың идеясын ұғуға, тақырыбын ашуға көп ықпал етеді. Оқушылар Мағжан шығармашылығы мен

өмірбаянының негізгі кезеңдерін байланыстыра алса, өлеңнің идеясын да ұғады. Бұндай тапсырмалар орындау арқылы оқушылар көркем әдебиетті Қазақстан тарихымен, Қазақстан географиясымен, дүниежүзі тарихы пәндерімен де сабақтастыра алатын болады.

Көркем әдеби шығарманы оқыту – тек бір ақынның шығармасын таныстыру емес. Бұл шығарма арқылы ел тарихындағы бір кезеңнің ерекшеліктерін ашу, сол арқылы көркем ойдың берілуін анықтау, ұлттық құндылықтарды сіңіру, әдеби тіл үлгілеріне жаттығу, шығармашылық лабораторияның қоғаммен, оның саяси-әлеуметтік жағдайларымен байланысын анықтай алу деп ұғындырған дұрыс деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас – Алматы : Сөздік-Словарь, 2005. – 270 б.

2 Глеубекова Б.Т., Еділхан Ө., Әубәкір З.М. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: Оқу құралы – Алматы, 2019. -132 бет. 3 Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Кітапта: Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 421 б.

4 Майтанов Б. Қ. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы [Текст] : оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазМУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2001. - 51,[1] б.

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

РЫСБЕК А.

магистрант, МҚТмӘ -201(н) тобы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қазіргі таңда егеменді еліміздің дамушы мемлекет ретінде көрінудің өзіндік бір талабы – білім беру жүйесінде жаңа технология элементтерін кез келген пәнде қолданып қана қоймай, жаһандану заманында – білім алушыларды жай білімнен жоғары шығармашылыққа дейін шыңдау, көтермелеу.

Бәсекеге қабілетті білім ордаларын қалыптастырудың басты мақсаты – білім беру жүйесінде озық технология түрлерін сабақ үрдісінде қолданып, қоғамның талаптарына сәйкес келетін білімді, кәсіби біліктілігі жоғары жастарды тәрбиелеуге қол жеткізетін және білім сапасын арттыру болып саналады.

«Технология» ұғымы латын сөздерінен – «техне» – өнер, шеберлік, кәсіп және «логос» – ғылым дегенді білдіреді. Технология ғылыми жетістіктерді енгізудің тәсілі мен нәтижесі ретінде, ғылымда қол жеткізілген деңгейдің жинақталған көрінісі ретінде анықталады [1, 53 б.].

Жаңа технология үлгілерін әдебиет сабағында қолдану – білім алушылардың бойындағы іздену, талпыну қабілеттерін дамыту ғана емес, дарынын ашуға, шығармашылыққа, шексіз ойлауға, баулуда өнімді нәтижесін көрсетеді. Айта кететін болсақ, «сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір ойды туындата отырып, білімді арттырады.

Сын тұрғысынан ойлау – бұл кез-келген мазмұнды сынау емес, оны зерттеу, бақылау, талдау, әр түрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыдан дамыту [2, 21 б.]. Нақты өз ойымды айта кетсем, бұл ұғым белгілі бір ақпаратты дәлелдеп шығу. Өз ойындағы дүниені жеткізіп, растай білу деп түсінемін. Жаңа технологияның тиімділігі – өз пікірінің нүктесін қоймайынша, соңына дейін күресуге, зерттеуге, талпынуға үйрететін әдіс. Бұл технологияның тиімділігі:

- Білім алушыға сапалы білім беріледі;
- Білім алушыны шығармашылыққа баулиды;
- Ұтымды әдістер қолданылады;
- Психологиялық ізгілік туындайды;
- Жеке тұлға қалыптасады;
- Дамыта оқытылады.

Мектеп, колледж, университет – білім беру мекемелерінде үздіксіз жүргізілетін оқу процесінде әдіс-тәсілдерді қолдану өте қолайлы. Бүгінде технологияның дамуы, білім алушы мен мұғалімнің белгілі бір уақыт ішінде бірлесіп жасалынатын жұмысы болып саналады. Бұл нәрсеге сыни көзбен қарау, адамның мінез-құлқына, білімге қатысты ғана емес, нақты игеру, ой-санасын дамыта білу, сол арқылы адам баласын тәрбиелейді.

Қазіргі қоғамда кез-келген саланы дамуына ықпалын тигізетін мұғалім. Түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жеке тұлғаны қалыптастырады. Мұғалім шығармашылығы – ұшы қиыры жоқ ізденіс, өнер, қиял, тапқырлық, үйрену, даму. Үйретуші сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйретуді басты назарда ұстағаны жөн. Және сол әрекетті үйренуші атқарғаны дұрыс. Сол кезде ғана берген білім сапалы, алған білім өмірлік болары анық [3, 3 б.].

Сол себептен, жоғары мектепте әдебиетті оқытудың пайдасы – әрбір білім алушы болашақта жұмыс істейтін мекемелерінде

өз ой-пікірін кәсіби маман ретінде, анық жеткізе білуге, еркін әрі әдемі сөйлеуге, өзіндік міндеттерді игеруге, кез-келген орта ғылыми конференция, мәжіліс, аудиторияда баяндама жасай білуге пайдасын тигізеді. Әдебиетке қатысты тиісті сөздерді қолдану, көркем туындыларды талдап, саралап, мақал-мәтелдерді білу білім алушының сөздік қорын молайтады.

Жоғары мектепте әдебиет сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану, білім алушының белсендігі артып, жан-жақты талдауға сын тұрғысынан ойлауға үйретеді. Жоғары мектептерде сабақ барысы үш кезеңнен тұрады:

- 1 Ұйымдастыру – мақсаттық кезеңі
- 2 Операция-танымдық кезеңі
- 3 Рефлексивті бағалау кезеңі

Осы кезеңдер бойынша Мәшһүр Жүсіптің еңбектеріне тоқтала келіп, «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы стратегиялары негізінде құрып оқытсақ тиімді деп ойлаймын. Атақты ақын, ақылгөй жан ұлы Абайға ілесе отырып, ұстаздың жолын, ақындық мұратын өзіне мұрат тұтты.

Ақ қағаз, қалам-сия келді бізге,
Жабырқап жабы малдай жүрген кезде.
Қолына қалам, қағаз алғаннан соң,
Толғанып кірді Мәшһүр сөйлер сөзге,

– деп поэзиядағы алатын орны бір төбе, ел тарихын, жер тарихына қосқан үлесі бір төбе [4, 125 б.]. Сол кездегі қазақ қоғамында болып жатқан өзгерістерді суреттеп, ел тарихы мен мәдениетіне, тіл мен дінді арқау еткенін білеміз. Ізденіс кезінде ойшылдың еңбегінде отаршылдық кезеңде адам бойындағы ұлтжандылық, белсенділік, ізденімпаздық, рухани жетілу, төзімділік, жомарттық, имандылық, батырлық секілді қасиеттерді қадірлеп, адам бойындағы теріс қылықтарды ластап, адамды жаман жолда кететінін ашып көрсеткен. Біз ақынның еңбектеріне шолу жасау арқылы талдауға, жүйелеуге мүмкіндік болады.

Яғни 60-қа таман стартегиялардан тұрады. Кез-келген әдіс-тәсілдерді алып қарасанда, бағыты бір. Әр кезеңде әдістері қатыстыра отырып, сабақтың жүйесін талдауға мүмкіншілік болады. Өзіміз білетін, күнделікті қолданып жүрген, әдіс-тәсілдердің түрлеріне тоқталсақ:

- 1 Ақындар мен жазушылар
- 2 Арқаға сурет салу
- 3 Ассоциативті қатар

- 4 Әдебиет лотосы
- 5 Блум түймедағы
- 6 Бөлмедегі заттар
- 7 Венн диаграммасы
- 8 Веер
- 9 Джигсо
- 10 Жетістік баспалдағы
- 11 Инсерт
- 12 Кейіпкерлерге мінездеме
- 13 Көршіңізге айтыңыз
- 14 Миға шабуыл
- 15 Ойлаудың алты қақпағы
- 16 Смайликтер және тағы да басқа.

Бұл тәсілдерді қолдану арқылы білім алушылар әртүрлі көзқараспен қарауға, құндылығы мен дәлдігіне қатысты қорытынды жасауға үйренуі тиісті. Әрине бұл тәсілдер жеңіл болып көрінуі мүмкін, сабақ барысында өз ойында болып жүрген дүниелерді қосу арқылы, берілген тапсырмаларды қиындатуға болады.

Қазақ әдебиетінің міндеті:

- Білім алушылардың адамгершілік қасиетін байыту, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру;
- Қоғамда, өмірде болып жатқан дүниелерді шешуге, қазақ әдебиетінің ықпалы зор, өз шешімін қабылдауға үйрету;
- Әдеби, еркін, шешен жеткізе алуға, жазба жұмыстарын қолдана алуына және ауызша, жазбаша ақпаратты толық әрі нақты жеткізе алу қабілетін дамыттырады.

«Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға жеке кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы ілім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш – қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту, оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану, білім беруді ақпараттандыру» деп, Қазақ Республикасының «Білім туралы» Заңында нақтылап, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде жеке адамның білімділігін арттыру, жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру, білім берудің дамытушы сипатын жетілдіру секілді маңызды мәселелерін айқындап, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [5, 12 б.].

Енді қорытындылай келетін болсақ, білім мен ғылымның ел дамуына оңтайлы әсер етуі үшін демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда. Сондықтан ұстаз іс-әрекетін жаңа талап тұрғысынан ұйымдастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Мұғалім өз білім-білігін, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және жаңа педагогикалық технологияны меңгеруі тиіс.

Бүгінгі таңда технологиялар өз қолдауларын тауып, оқу үрдісінде қолданылуда. Технология – бұл қандай да бір жұмысты, өнерді шеберлікпен іске асыру жиынтығы. Әдебиет сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау технологиясы қолдануға ыңғайлы, былайша айтқанда, барша үшін қоғамдық маңызы мен мәні зор идеяларды игеруге болатын нақтылы әдістер және тәсілдер. Мектеп, колледж, университет қабырғаларында кез-келген технологияны іске асырсақ, берер жемісі мол. Меніңше, әлі де қамтылатын дүниелер бар. Тек осы әдіс-тәсілдеріне ғана тоқталмай, ойында жүрген жаңа әдіс-тәсілдерді ойлап тауып, жүйелеп жариялауға, сабақ барысында нәтижесін тексеріп көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тұрғынбаева Б. А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: 2000.
- 2 Құдайбергенова Қ. С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технологияның көзі. – Алматы: 2001. –75 б.
- 3 Есбосын Н. Қ. Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер қоржынынан. – Қызылорда: 2017. –127 б.
- 4 Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі) – Алматы: Ғылым, 1992. –488 бет.
- 5 Фокин Ю. Г. Преподавание и воспитание в высшей школе: Методология, цели и содержание, творчество: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 224 с.

Қ. П. ЖҮСІПТІҢ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ

ТАЛҒАРБЕКОВА А., ДӘУЛЕТҚЫЗЫ А., ЕРМЕКБАЕВА Е.
студенттер, 4-курс, «Филология» мамандығы,
Шәкәрім атындағы университеті, Семей қ.
АҚТАНОВА А. С.
ғылыми жетекші, ф.ғ.к.

Жүсіп Қуандық Пазылұлы жазушы ретінде бірнеше көркем шығармалар жариялады: «Бір әйелдің өмірі» – 1975 ж., «Армандастар» – 1979 ж., «Қыздар, жігіттер» – 1981 ж., «Однокурсники» – 1989 ж., «Ұл мен қыз» пьесасы Абай атындағы Семей музыкалық драма театрында 1980–1996 жылдар аралығында қойылды. Жаз айындағы гастроль кезінде аталған пьеса Шығыс Қазақстан, Семей, Павлодар, Қарағанды облысының селоларының бәрінде дерлік қойылып, қойылым саны 300-ден асты.

Қуандық Пазылұлы лирикада сюжет болмайтыны жайында пікірді ескере отырып, өз еңбектерінде бұл мәселенің әлі де түбегейлі шешілмеген мәселе екенін айта кетеді. Л. В. Шепилова: «Эпос пен драмаға қарағанда, лирикалық шығарма сюжет өрістеуінің басқаша түрімен сипаталады», – дейді де, «сюжетсіз» делініп жүрген біраз өлеңдерді келтіріп, онда да өзіндік сюжет бар екенін дәлелдейді.

Г. Л. Абрамович: «Қағида бойынша, лирикалық шығармаларда оқиғалар жүйесі болмайды. Бұл бірақ олар сюжетсіз дегендік емес. Онда да сюжет күрес пен даму үстіндегі әсерлену, ой, сезім қозғалысы ретінде көрінеді», – дейді.

Ж. Қ. Пазылұлы әдебиет теориясы оқулықтарының авторларының бұл пікірлерін тілге тиек ете отырып, «Талас жоқ, эпос пен драмада сюжет қандай болса, лирикада да сондай деп айтуға болмайды. Лирика сюжетінің өзіндік ерекшелігі бар. Тіпті, лириканың өзін шартты түрде «оқиғалы», «оқиғасыз» деп бөлгенде, оның әрқайсысының өзіндік сюжет ерекшелігі бар екенін ұмытпау лазым.» деген ойды ортаға тастайды».

Автор лирикадағы қаһарман жайында Қ. Мырзалиевтің «Көңтері», М. Мақатаевтің «Ат суара барғанда жылғаға мен» өлеңдерін мысалға келтіре отырып, лирикалық тартыс мәселесіне тоқталады. «Әрине, тартыс пен сюжет ұғымын бір деп саюға болмайды. Бірақ тартыс бар жерде, сюжет те бар екенін, керісінше тартыс жоқтығы сюжеттің жоқтығына дәлел болу мүмкіндігін еске аламыз. Қазақ әдебиеті сынының кейінгі отыз жылдық даму тарихына қарасак, лирикада өзіндік тартыс болатынын ешкім

де жоққа шығармайтын тәрізді», – дей келе Зейнолла Қабдолов ағамыздың мына бір пікірімен түйеді: «Лириканың тартысты және тартыссыз түрлері болады» [1].

Қуандық Пазылұлы лирикадағы тартыс эпос пен драмадағыдай емес, әлдеқайда ерекше екендігін де айтады. Өлең сюжетін жасаудағы елеулі табыс деп Сағи Жиенбаевтың «Сыртта боран ұлып тұр» туындысын талдайды. «Біріншіден, Сағи нақты картина жасай біледі, психологиялық жай-күйді шынайы береді... Екіншіден, Сағи Жиенбаев көп сурет соңынан кетпей, ең жандыларын іріктеп ала біледі. Сырттан кірген ананың киген киімін, жүрісін, сөзін – бәрін қамтып тізе берсе, не болар еді? Жоқ, Сағи соның ішінде оның «етек-жеңін түрініп» кіргеніне назар аударады. Осы бір жолдың өзі ананың сыртта да қарбалас жұмыста болғанын, бәріне үлгеріп жүрген тынымсыз жан екенін сәтті ағартпай ма? Үшіншіден, С. Жиенбаев психологиялық жай-күйдің бір мезетін ғана емес, бірер мезетін дамытып беруге шебер. Екінші шумақта төрт баланың бүріскені көрінсе, үшіншіде «бір-біріне жабысады төртеуі», – деп беріледі. Төртіншіде боранның да үдеуін, балалардың да халі мүшкілдене түсуін байқаймыз», – дейді.

Қуандық Пазылұлы тартысты екі адамның екі жақ болып сарт-сұрт болып соғысуымен шектемейді. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты да жақсы, не жаман деп біржақты ала қарастырмайды. Оның айтуынша [1, 5].

Өзіндік дамыту, топтық оқыту, дамыта оқыту, жобалау т.б. педагогикалық технологиялар мен оқушының өзіндік әрекетін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер баланы өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, шығармашылық тұрғыдан дамуына әкеледі. Қ. П. Жүсіп ұсынған әдіс-тәсілдер осы мақсаттарды шешуге бағытталған. Ғалым Қ. П. Жүсіп мектепте әдебиетті оқыту мәселелеріне ерекше көңіл бөліп келді. Оның «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту» атты қомақты еңбегі 2003 жылы жарық көрді. Сонымен қатар көптеген мақалалары әдістеме ғылымының қыр-сырын үйретуге арналған. Кітапта Қ. П. Жүсіптің көп жылдан бергі ізденістері жинақталып берілген. Автор мақалалары 1983–2009 жылдары республикалық журналдарда үзбей басылып келді. Бұған дейін осы мәселелерді қамтыған оның «Көркем сөздің күдіреті» [2] және «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту» [3] кітаптары жарық көрді.

Бұл еңбектің үшінші нұсқасындағы бірінші бөлім мектепте өлең оқыту ерекшеліктеріне арналса, екіншіде эпостық шығарманы оқыту ізденістері сарапталады. Атап айтқанда, С. Торайғыровтың

«Кім жазықты», М. Жұмабаевтың «Батыр Баян», С. Сейфуллиннің «Көкшетау», І. Жансүгіровтің «Құлагер», М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» шығармаларын оқыту мәселелері кең қарастырылған. «Көркем шығарма тілін таныту» деп аталатын еңбектің үшінші бөлімі мемлекеттік тілге мән берудің не бір озық үлгілерін ұсынып, дәлелдеуге құрылған.

Қ. П. Жүсіптің қазақ әдебиеті әдістемесіне қосқан үлесі орасан зор. Қазақ әдебиетін мектепте оқыту сапасын жетілдіруде «Көркем сөздің күдіреті» еңбегінің маңыздылығын бірінші кезекте атап өткен орынды. Қуандық Пазылұлы мектеп оқулықтарындағы өлеңдерді талдаудың озық үлгісін ұсынады. Әдетте, мұғалім жалаң баяндаумен немесе троп түрлеріне ғана талдау жасауға көңіл бөлсе, көркем, суретті сөздер назардан тыс қалып жататыны жиі кездеседі. Ал ғалым тау биіктігі, шөп қалыңдығы, су мөлдірлігі, үн тазалығы, кейіпкердің психологиялық сезімі, көңіл-күйін ақындар қалай жеткізетіндігіне назар аудартады. Ол оқушының тіл байлығын дамытады, сөздік қорын молайтады. Ахмет Байтұрсынов: «Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйретіп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады» [4; 17]. Қ. П. Жүсіптің әдебиет сабағында ұсынылып отырған талдау әдісінің қазақ тілі пәнін оқытуда да маңызы бар.

Қ. Жүсіп әдістемесіне үнілсек, тек өлең көркемдігіне үнілгіп қоймайды. Ондағы білім алушыларға құрастырылған сауалдар әр өлеңнің ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Өлеңнің тақырыптық-идеялық ерекшелігі, лирикалық қаһарман көзімен берілген табиғаттағы көркемдік, автор назар аудартқысы келген қимыл, кейіпкерлер көңіл-күйі т.б. назардан тыс қалмайды. Тіпті ақындық ерекше сөз қолданыс та қамтылады. Мәселен, Абайдың «Жазғытұры» өлеңінде тіршілік салтанатына, әсем қозғалысқа, дыбыс ерекшелігіне, адамдардың көңіл-күйіне, жарасымды қимыл-қозғалысқа назар аудартып барып, соларды ашатын сөздермен жұмыс жасауды ұсынады. Содан кейін ғана өлең көркемдігін, яғни, троп, фигура түрлерін ашуға кірістіреді.

Зерттеуші-ғалымдар Қ. М. Байтанасова мен С. Ш. Айтуғанова «Лириканы терең түсіну үшін қайталап оқып, басқа ақынның соған ұқсас өлеңдерімен салыстыру керек» [5; 29], – деп, атап көрсетеді. Бұл тәжірибе Қуандық Пазылұлы еңбегінде орын алған. Ол өлеңнің табиғатын танытпас бұрын кіріспе ретінде «С. Сейфуллин, Б. Майлин шығармаларының өту кезеңіне тоқталған. С. Сейфуллин

мен Б. Майлиннің 1917 жылғы ақпан төңкерісінің еркіндік әкелетініне сеніп қалып, ақындар өз қуаныш лебін еркін білдірсе, Мағжан бұл еркіндіктің өткіншілігін аңғарған ақындардың бірі болғандығын, сондықтан оның өлеңдерінде мұң, сағыныш, торығу басым» екендігін баса айқындайды. Сол сияқты Қуандық Пазылұлы өлеңнің әр жолына тиянақты қисындық талдау жасай отырып, өлең табиғатын, өлеңнің ішкі мазмұнын тілі арқылы ашуға бет бұрады. Жалпы, Қ. П. Жүсіптің «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» еңбегі өте тереңдікпен жазылған, мұғалімдерге даяр оқу құралы десе де болады. Мұнда арнаулы тестілік кесте жасамайақ, даяр үлгіні алып оқушыларға таратуға болады. Әрбір сауалнаманың рет саны, әрпі, оған қоса жауабы нақты берілген.

Қ. П. Жүсіптің мектепте өлең оқыту еңбегіне үніліп отырсақ, І. Жансүгіровтің «Гималай» өлеңін оқыту да мұғалімнен үлкен даярлықты қажет етсе, ондағы сұрақтар мазмұны құрастырушыдан білгірлікті, білімді талап етеді. Көркемдік ерекшеліктерді ашатын сауалдармен қатар тақырыпқа қатысты, сөз қолданысына сай сауалдар ойластырылған. Онда тау басындағы қардың көптігі, ылғал молдығы, өзеннің ағыс екпінінің қатты екендігі, табиғаттағы дыбыс ерекшелігі, өсімдік ерекшелігі, тіршілік салтанаты, ұлттық өрнек сияқты сауалдар оқушыға мән бермейтін сөз қолданыстарына назар аударту арқылы байқампаздыққа тәрбиелейді.

Ғалым Қ. П. Жүсіп өлең оқытқанда бір ақынның шығармасын талдап қана қою жеткіліксіз екендігін айтады. Сондықтан талдау нысаны болған ақын туындыларын өзіне дейінгі, кейінгі ақын лирикаларымен байланыстырып оқытуды дұрыс деп санайды. Мысалы, Қ. Аманжолов [6] поэзиясын Абай өлеңдерімен сабақтастыра талдау үлгісін ұсынады. Белгілі бір ақын сөз қолданысын оқшау қарастыруға болмайтынына, оны әсіресе өзіне дейінгі шайырлар туындыларындағы сөз кестелерімен тығыз байланыста алу керектігі әдебиетте өлең оқытуда өз маңыздылығын көрсететіндігін айтады. Қ. П. Жүсіп Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі: «Кеш деп қайтар жол емес // Жол азығым мол емес», [1; 25] тармақтарын түсіндірмей тұрып, бұл шығармадағы «жол» мәнін салмақтау да мүмкін емес. Абайда да, Қасымда да даладағы жол емес, өмір жолы айтылып тұрғаны анық. Мәселен, Абайда: «Кеш болып қалған екен, енді ана ауылға жете алмаспыз, кері қайтайық», – деп, даладағы жолда жолаушылардың қайта оралу мүмкіндігі болса, өмір жолында, айталық, елу, алпыс жасқа келген адамның: «Қартая бастағаным ба, қой, қырық жасыма қайта оралайын», – дей

алмайтыны меңзелген. Қасым да даладағыны емес, өмір жолын жинақтап беру кезінде оның көптігін, ұзақтығын, демек арпалыс, күрес тынымсыздығын әрі «шарлаған» сөзі арқылы (шарласа, көп жүргені емес пе!?) аңдатып, әрі жол көлеңкесінің өз келбетінен көрінуін (сөзбе-сөз ұғынсақ, жолда көлеңке бола ма, әрі ол адам өнінен көріне ме!?) шартты түрде қолданып, қиындық, тауқымет салмағын аз сөзбен әсерлі сездіре алған» [4; 30], – деп, екі акын шеберлігін салыстыра талдайды.

Шығарманың көркемдігіне назар аударту да – шығарманы талдаудағы маңызды мәселе. Ғалым Т. Ақшолақов «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» [12] еңбегінде шығарма талдаудың төрт түрлі жолын көрсетеді. Бұл мәселелер Қуандық Пазылұлының әдістемелік еңбектерінде міндетті түрде талдауға түседі. Басқа әдіскер ғалымдардан даралығы ғалым ұлттық айшық, шарттылық, деректендіру мәселелеріне ерекше назар аудартуды жөн санаған. Ерекшелік деген де тек халықтық қолданыстағы метафора, эпитеттерді табу жеткіліксіз, ақынның шеберлігін, даралығын танытатын соны қолданыстарға, авторлық қолданыстарға назар аудартуды мақсат етеді. Мысалы, өлең оқытуда «Өмірдің алтын сарай аспаны» – Қасымның өзі сомдаған, өзіндік метафоралық тіркесі. Біз білетін, өзіміз тұратын кеңістік аспаны емес, «өмір аспаны» деп алу да – сөзді ауыспалы мағынада қолдану үлгісі [10; 31]. Соның салдарынан дерексіз ұғым өмір белгілі бір кеңістікке айналған да, оған аспан тіркескен. Аспанға ұшу құс емес, адамға оңай еместігін зерделесек, оған қиялмен ерте қанат қағу және жай аспан емес, «алтын сарай» аспанға биіктеу де – ерекше мықтылық белгісі», – деп көрсетеді.

Қ. П. Жүсіп әдістемесіне, әсіресе, лирикалық шығармалар мен дастандарды оқытуға шолу жасап, мына нәрселерге көз жеткіздік:

- Шығармалар жан-жақты толық талданады, яғни, оқушы теориялық білім мен тәрбиелік үлкен мектептен өтеді;
- Топпен де жеке де жұмыс жасауын үйренеді;
- Іздену, ойлану, жауапкершілікті болу, т.б. қасиеттерін дамытады;
- Тілін дамытып, сөз байлығын арттырады;
- Әдебиетке деген құштарлығы оянады;
- Әр сөзге мән беруін үйренеді;
- Эстетикалық тәрбие алады т.б.

Қ. П. Жүсіп әдістемесі мен қазақ әдебиетін оқытудағы ерекшеліктерден ұтарымыздың көп екендігі сөзсіз. Ұлттың

әдебиетін ұлықтау, екіншіден, болашаққа жанашырлықпен қарау – кез келген мұғалімінің бойынан табыла бермейтін қасиет. Заманның да, мектеп бағдарламасының да бір орында тұрмасы бәрімізге анық. Бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасымен оқытылатын шығармаларды Қ. П. Жүсіп әдістемесіне ақпараттық коммуникациялық технологияларды кіріктіріп, ыңғайлап оқытса, нұр үстіне нұр болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіп Қ.П. Лирикадағы сюжет мәселесі
- 2 Жүсіп Қ.П. Өлең - сөздің патшасы. - Алматы : Жазушы, 1991ж. - 216 б.
- 3 Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. - Павлодар, ЭКО, 1999ж., 443 б.
- 4 Жүсіп Қ.П. Көркем сөздің күдіреті. - Павлодар, ЭКО, 2000 ж., 288 б.
- 4 Жүсіп Қ.П. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту. - Павлодар, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2003 ж., 254 б.
- 5 Байтұрсынов А. (1989) Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. (Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.). Алматы. - 288 б.
- 6 Байтанасова Қ.М., Айтуғанова С.Ш. (2008) Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Астана: Фолиант. -160 б.
- 7 Аманжолов Қ. (2014) Таңдамалы шығармалары. Алматы: «Айғаным». - 216 б.
- 8 Ақшолақов Т. (1994) Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Оқу құралы. Алматы: Рауан. – 224 б.

ОҚЫЛЫМ ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

ТЕПЫШЕВА Б. С.
мұғалім, № 11 ЖОБММ, Семей қ.

Жаңартылған білім мазмұны оқушылардың өзгерген қоғамға лайық болуын талап етеді. Бүгінгі жаһандық өзгерістер мен технологиялар жаңа үрдістер болашақ ел азаматтарына жаңа талаптар қояды. Солардың ішінде оқушылардың білімді тек оқып қана қоймай, оны тәжірибемен алмастыру, күнделікті тұрмыста, қоғамдық өмірде кең қолдана алу мақсаттарын көздейді. Сондықтан

мектеп оқушыларынан білімді алу мен тек оны ойға жинауды, санаға құюды ғана міндет ету аз. Оның тәжірибелік сипатына мол мән беріледі.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудың басты құрылымдары:

1 Тілдік қатынас дағдыларын қалыптастыру (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым);

2 Ойлау дағдыларын сіңіру (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау);

3 Шығармашылық ойлау дағдысымен жұмыс істеуге үйрету;

4 Қисынды ойлау дағдысына дағдыландыру

5 Сыни ойлау дағдысымен жұмысқа төселдіру.

Жаңартылған білім беру жүйесіндегі тұтастық, ақпаратпен жұмыс, оқушылардың игерген білімдерін шығармашылықпен қолдана алу, зерттеу жұмысын жасауға төселу т.б. дағдыларын қалыптастыру.

Көркем шығарманы оқыту арқылы оқушыны еркіндікке үйрету қажет. Көркем әлемдегі автор ойын немесе мұғалім айтқан ойын қайталай міндетті емес. Оқушыға осыны түсіндіру қажет. Оқушы мұғалім мен оқулық ұсынған ойды қайталауы да мүмкін. Бұл оқушының осы ойды дұрыс санауы деп те есептеуге болады. Сонымен бірге оқушының өзінің жеке даралық ойының болуына көңіл аудару қажет. Оқулықтағы немесе мұғалім ойынан басқа өз пікірі, көзқарасына да сыйластық керек.

Қазіргі жаңартылған білім беру жүйесінде оқушылардың шығарманы тыңдай білуі, оқи алуы, айту мен соны қортып жаза білулеріне назар салынады. Бұл – әлемдік талап. Сондықтан да оқушылардың көркем шығарманы тыңдап, тыңдағаннан ұққандары, көркем шығарманың тыңдау арқылы бейнелі тұстарын еске сақтаулары мен оқылым қатынасының талаптары да ескерілуі шарт.

Оқылымға қойылатын талаптар.

1 Оқушылардың іштей оқып, үйренулер, өз беттерімен іштен оқып, мазмұнын ұғу дағдыларын қалыптастырулары.

2 Дауыстап оқу. Дауыстап оқу талаптарын орындай білулері. Бұл талаптарға фонетикалық заң-қағида ережелерін сақтау кіреді: әр дыбысты орфоэпиялық нормаға сай айту, буындар арасындағы, сөздер арасындағы дыбыстық заңдылықтарды сақтау, екпінді, интонацияны дұрыс қоя білу.

3 Әр сөйлемдегі ойды түсіну, әр азат жолдағы ой мен сөйлемдерді біріктіре, сабақтастыра алу.

4 Шығарма мазмұнын байланыстыра білу. Шығарманың құрылымдық бөліктерінің арасындағы байланысты мазмұнмен сабақтастыра алу.

5 Жазушының стиліне, шығарма жанрына назар салу. Оқылым кезінде стиль мен жанр, көркемдік сипаттарды ажырата білу, анықтай білу [1].

Оқушылар оқылым арқылы тыңдалым кезіндегі оққылықтардың орнын толтыра алады. Сонымен бірге оқылым кезінде тұтас кешенді игеруге мүмкіндік туады. Сондықтан оқылымға аса назар аударатырып, оқушылардың тілдік және әдеби талдау жасай алуларына көңіл аударылу керек. Бұл ретте, шығарманың көркемдік және құрылымдық, мазмұндық талдаулары оқушылардың мәтінді толық ұғуларына, игерулерін көмек болады.

Тыңдалым қатынасы кезінде оқушылар шығарманың бас жағы мен ортасынан үзінділер оқыды. Оқылым бойынша шығарманың қорытынды бөлігі ұсынылса, оқушылар материалмен толық танысып, ең бастысы – көркем шығарманың мазмұнын толық иегеріп алады. Көркем шығарманы оқытудағы бастысы – шығарма мазмұнын түсіндіру. Немесе оқушының шығарманың мазмұнын ұғуы. Сол себепті де, әңгіменің мазмұнын тыңдалым және оқылым қатынастары арқылы игеріп, түсініп, бастысы шығарма не туралы, онда не айтылады, кім туралы, ол не істейді, қандай әрекеттерімен көрінеді, олар не істейді, көркем шығарма неден басалады, қалай оқиға жалғасады, немес аяқталады, әңгімеде тағы қандай қатысушылар бар, олардың кейіпкерге қатысы қандай деген т.б. сұрақтарға жауап бере білсе, оқушылардың туындыны ұққандары деп есептеуге болады. Оқушылар шығарма мазмұнын ұқса, көркем-әдеби талдау жасау да қиын болмайды. Оқушылар меткп бағдарламасы үшін шығарма мазмұнын ұғып, сол мазмұндағы басты ой – тақырып екендігін, ал тақырып арқылы автордың қорытынды ойы – идея екенін анықтауларына қиындық келтірмейді.

Оқушылар шығарма мазмұнын ұққан соң әңгімедегі кейіпкерлер туралы да талдау жасауға болады. Талдау жасау үшін де көркем бейненің не істіп, не қойғаны, қандай әрекеттер үстінде бейнеленгені, кімдермен араласып, олармен қандай қатынаста болғаны, өзінің қоғамдағы орны қаншалықты екендігін сезіне алуы мен сезіндіре алу т.б. тұстар – көркем бейненің сипаттарын ашып береді.

8-сыныпта Т. Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі беріледі. Әңгіме бірнеше бөліктерге бөлініп берілген. Оқушылар алғашқыда

әңгіменің кіріспесін оқиды, келесі бөлім «Жапандағы жалғыз нар», «Қараша үй», «Күй күдіреті» деген бөлімдерге бөлінген. Оқушыларды жалықтырмайтын ширыққан оқиғалы туындының мазмұны қызықты, тілі тартымды да, түсінікті. Әрі әр бөлімнен кейін келесі бөлім не болады деген қызығушылық та оқушыларды келесі бөлімдерге жетелеп отырады.

Оқылымның екі түрі бар. Олар: дауыстап оқу және ішінен оқу. Дауыстап оқу арқылы оқушылардың тілдегі дыбыстарды нақты айтуға төселуіне, дыбыстар арасындағы заңдылықтарды анықтай алуға, сөйлем ішін, мәтін ішіндегі сөздерді, сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыра алуына мүмкіндік мол болады. Оқылым мен оқудың арасында айырмашылықтар бар.

Оқылым берілген мәтінді түсіну, ұғу, тілдік бірліктердің мағынасын, мәтін ішіндегі сөздер, сөйлемдер байланысын түсіне білу, сонымен бірге түпкі нәтиже сөйлеу кезінде оқылым бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесін көрсете алу. Бұл оқушылардың оқылым әрекетіндегі жұмыс түрлерін сөйлесім қатынасында қолдана білу, күнделікті қарым-қатынаста жүзеге асыруды талап етеді.

Оқушыларға Естемес күйшінің ішкі сезімдерімен астасқан тұсын оқуға берген дұрыс. Себебі осы тұсты түсіну арқылы оқушылар әңгіменің тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін де ұғады. Өнердің күдіреті мен ботасынан айырылған нардың күйін сабақтастыра алады.

«Естемес домбыраның құлағын бұрап күйге келтіріп алып, машықты әуенмен қағып-қағып жіберді. Епті ұзын саусақтар пернені жоғарыдан төмен бірнеше қайтара жүгіріп өтті. Бірақ мұның бәрі жаттанды сарын еді. Аздан кейін күйші қолы күрмеліп қалғандай бір пернені басып, жалғыз шекті шерте берді. Белгісіз тың әуен дүниесінің табалдырығынан аттап өте алмай, қиналған түрі бар. Оразымбет те демін ішіне тартып, ұстазының дидарына ынтыға қарап қалған: жаңа бір күйі сарайының есігін ашқанша асыққан сабырсыздық бар өңінде. Ат жалына еңкейіңкіреп барып Естемес ырғалып, кеудесін көтере беріп, тың күйде бастап кетті. Майда ырғақты, жұмсақ әуен бояуы оңып кеткен шүберектей күзгі құқыл даланың үстінде қалықтай берді. Сәл бәсендеп барып домбыраның кеудесінен екі-үш ырғалып әрең суырылып көтерілді де, ар жағы мұнды сазға, майда ырғаққа ауысты. Көңілі жүдеу бишараны жұмсақ алақанымен маңдайын сипап, алыстағы бір болмашы үмітті нұсқағандай елес береді. Күй шым-шымдап ішке

кіріп көңілді босатып, қабақ астында қатып қалған жасты жібітіп, енді бір кез майда рақат самалымен желпіп сергіткендей болады» [2, 120].

Балалардың есінде жақсы сақталатын мазмұн болуымен ерекше. Сондықтан мұғалім «Күй аңызы» шығармасынан алынған екі мысал арқылы мінездеу туралы түсіндіріп өтуіне болады. Алынған мысалдарға қарап отырып, оқушылардың өздері де тура мінездеу мен жанама мінездеуді анықтай алады.

«Нар үйге жеткенде басына үкілі тақия киген, талдырмаш денелі қыз шығып, бұйдасын шешіп, есік алдындағы қазыққа байлады».

«Шал Естеместің қолқасын түсініп төмен қарап, ойланып қалды.

– Апырым-ай, мынауың шынында да елде жоқ қолқа екен, – деді ол сәлден кейін. – Ай, бірақ сен де бір азаматсың ғой. Баламды қор қылмассың. Сөзім сөз. Өнерің жетсе, тілегінді бердім, қарағым» [2, 121].

Оқулықта берілген келесі бір тапсырмада: «Автор бейнесін анықта. Ол өз кейіпкерлерімен қандай қарым-қатынаста? Автор өз ойын, идеясын қай кейіпкер арқылы ашады?», – деген сұрақ-тапсырма берілген. Бірақ оқушыларды автор мен кейіпкер сабақтастығын ашуға бағыттауы сұрақтар, жолашар тапсырмалар берілмейді. Сондықтан да бұл мәселелер жалпы талдау кезінде жазушының шығарма тақырыбымен байланысы, идеяны беру себебі мен шығармашылық лабораториясы туралы оқушыларға толық мәліметтер берілуі тиіс деп есептейміз.

Оқушылар оқылым мен теориялық білімдері бойынша талдау жасайды. Қазіргі оқулықтарда жаңартылған білім мазмұнында көрсетілген тілдік қатынастар әлі де толық қамтылмағандықтан да, оқушылармен көркем шығарманы талдау кезінде мұғалім өзі материалдарды дайындауы керек болары анық.

Оқылым материалдарын тілдік қатынастардың өзге түрлерімен сабақтастыру кезінде талдау жасалады. Бұл талдаулар көркем мәтінге әдеби талдауды да қамтиды. Ол шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау, кейіпкерлерге мінездеме, суреттеме жасау арқылы біртіндеп оқушы білім мазмұнына қарай қойылатын талаптар негізінде талдау жүргізіледі. Тақырыпты жинақтау мен қорыту үшін оқушыларға кластер, постер толтыртуға болады.

Оқылым – тек мәтінді оқып қана қою емес. Ол әрекет ретінде оқи отырып, көркемдік әлемді ұғу, кейіпкердің ішкі әлемімен

тнысу, оның қоғаммен қатынастыран анықтау т.б. сипаттарға қарай біртіндеп талданады. Сондықтан да әдебиет сабағындағы көркем шығарманы оқудың мәдениетін қалыптастыру арқылы оқылым әрекеттерін де игерте аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы : Сөздік-Словарь, 2005. – 270 б.

2 Дәрібаев С., т.б. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептердің 8-сыныбына арналған оқулық //С. Дәрбаев, А. Сатылова, Г. Орда. – Алматы: Мектеп, 218. – 176 б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚУАНДЫҚ ЖҮСІП ӘДІСТЕМЕСІНІҢ РӨЛІ

УНЫЙБАЕВА А. Ж.

магистрант, МҚТМӘ -201(н) тобы, Торайғыров университеті,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Павлодар қ.

Қазақ халқының жазушысы, драматург, сыншы Фабит Мүсірепов «Оқу-білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де, болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек», - дейді [1, б. 12]. Қазіргі таңда білекпен емес, біліммен сыналатын уақыттың кезі. Әрине, адамның білімді болуының алғашқы баспалдағы мектеп қабырғасынан басталатыны белгілі. Сондықтан да жаңартылған білім беру жүйесінің білім алушыларға беретіні көп.

XXI ғасыр оқушыларының функционалдық сауаттылығын толықтай қалыптастыруға бағытталған жаңартылған білім үйлесімді ортаны құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, АКТ-ны қолдану, жеке, топта, жұппен жұмыс жасай білумен қатар тиімді әдіс-тәсілдерді де ұтымды пайдалануға бағытталған.

Бі. Алтынсарин Ұлттық білім Академиясы бекіткен күнтізбелік тақырыптық жоспарда әр түрлі бағытты қамтитын алуан тақырыптар беріледі. Кез келген тақырыптың өзіне тән оқу мақсаты, оқыту әдістері болатыны да белгілі. Әдіс-тәсілдер оқу процесінде арнайы пайдаланып, тиімділігі арқылы оқытуды жүйелей түседі. Мысалы, қазақ әдебиетін оқыту кезінде әдістерді нақты зерттеген ғалымдардың еңбектері арқылы қолданса, сабақтың да оң нәтижелі болатыны сөзсіз.

Жалпы, жаңартылған білім беру бағдарламасының басты қағидаларының бірі – оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған ілімін шынайы өмірлік те қажеттіліктеріне асыра алуы қажет. Сол себептен де «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылып, өзінің қызметін жүзеге асыруда. Білім алушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің кез келген салаларында табысты бола алатындай қажетті дағдыларды дарыту үшін, ұстаздардың басым бөлігі тынымсыз еңбек етіп, қажырлы күшті де жұмсауы міндетті.

Кез-келген өтетін сабақтың нәтижелі болуы тікелей әдіс-тәсілмен тығыз байланысты. Ертедегі ғалым А. Көшімбаевтан бастау алатын әдебиетті оқыту әдістемесіне еңбек сіңірген ғалымдар жетіп артылады. Соның бірі – әдебиеттану ғылымындағы шок жұлдыз, филология ғылымдарының докторы әрі профессор, аты аңызға айналған Мәшһүр Жүсіптің немересі Қуандық Пазылұлы болып табылады.

Бір ғасырда бір туар текті тұлға әдебиеттің теориясына тың жаңалықтарды енгізумен қатар, әдістемеге де талай еңбегін арнаған. Қажым Жұмалиев, сөз өнерінің атасы Зейнолла Қабдолов сияқты алып тұлғалардың ізін жалғастырған ғалым мектептің оқушыларына да, студенттер мен ғалымдарға да таптырмас шамшыраққа айналған.

Әдебиет теориясында орын алатын троптың түрлері, шарттылық ұғымдарын да енгізіп, қазіргі күні ұстаздар қауымы өз тәжірибелерінде кеңінен қолданып келе жатыр. Қуандық Пазылұлының әдебиетке енгізген барлық дүниелері жаңартылған білім беру бағдарламасының аясында көрініс табады. Ғалымның пікірін, жасаған тұжырымдарын сабақты өту уақытында пайдалану өте тиімді болып табылады.

Ғалым әдебиетті оқыту кезінде мұғалімдердің жіберетін ең басты деген кемшіліктеріне назар аударады. Әсіресе, көркем шығармаларды түсіндіру барысында ұстаз тарапынан мазмұндау болмау керегін ескертеді. Яки оқиғаны бастан-аяқ білім алушыға айтып беруге болмайтынын алға тартады [2, б. 36]. Аталмыш әрекет оқушылардың оқуға деген құлшыныстарын төмендетіп, сабаққа деген қызығушылықтарын басып тастайтынын мысалдармен жеткізе білген.

Айталық, 5-сынып оқушылары «Таза мінсіз асыл сөз» бөлімінде «Керкұла атты Кендебай» ертегісін оқиды. Ең алғашқы сабақта мұғалім тарапынан тек қана оқушылардың қызығушылықтарын оятып, миларына шабуыл жасаумен қатар Кендебайдың қандай екенін қысқаша сипаттап беру арқылы оның бейнесін ашады. Міне,

Куандық Пазылұлының айтқан әдісі толықтай жаңартылған білім беру кезінде жүзеге асып отыр. Портрет пен іс-әрекет арқылы басты кейіпкердің образы толықтай ашылады. Мұғалім тек бағыт-бағдар берушінің рөлін атқарып, басты жұмыстардың барлығы оқушылардың құзырында болуы тиіс.

Куандық Пазылұлының әдістемеге байланысты еңбектерін қарастырған кезде, көп дүниелерді қатар қойып зерттегені байқалады. Кез келген ситуация болсын немесе кейіпкерлер болсын салыстыру арқылы түйін шығарылып отырған. Тіпті ғалымның мысалмен дәлелдеп берген тұстары да жетіп артылады.

Бір қызығы, қазіргі білім беру жүйесінде салыстыру дәл осы Кендебайда да кездеседі. Кендебай мен ханның балаларын өзара қатар қойып, салыстыру жұмыстарын жүзеге асыруға болады. Аталмыш әдісті қолдану арқылы білім алушылар ақ пен қараны, жақсы мен жаманды, адалдық пен арамдықты ажырата алатындай нәтиже көреді.

Жоғарыда Куандық Пазылұлының әдебиет теориясына да ерекше көңіл бөлгені айтылды. Троптың түрлерін жазып, мысалдар арқылы дәлелдер келтіре алған ғалымның еңбегіне сай тілдік бейнелеу мен суреттеу құралдарының мағынасы да Кендебайда тапсырма ретінде беріледі. Эпитет, ауыспалы мағына, қайталау сияқты көркемдеуіш құралдарды табу арқылы оқушы әдебиет теориясынан да хабардар болатыны анық.

Куандық Жүсіптің өзінің зерттеуінде әрбір қаламгердің стилі жазу тілінде ғана емес, ойларында емес, кейіпкер таңдауында да көрінерін қапысыз айтады [3, б. 22]. Түсінікті болу үшін, мысалы, Сәбит Мұқановтың жағымды кейіпкерлері көбінесе орта қолдан шыққан, коммунист партиясы ісіне берілген адам ретінде алынса, Әуезовтің әдемі кейіпкерлері қай таптан шыққанына қарамастан халыққа қызмет ете білген өнер адамдары ретінде суреттелгенін алға тартады. Қазақ әдебиетінде ірі деген суреткерлердің кейіпкерлері туралы алғашқылардың бірі болып тұшымды пікір айтқан ғалым – Куандық Пазылұлы еді.

Сол себептен кейіпкер талдауына қатысты ғалым өз тұжырымдарында жиі айтып жүрген. Оқушының ойлау қабілетін дамытып, жазу дағдысын қалыптастыру үшін соңғы кездері жиі қолданылатын әдіс-тәсілдердің бірі – «Кейіпкерге хат» деп аталады. Аталмыш әдіс көп жағдайда тақырыпты қорытындылау кезінде пайдаланылады. Яки Кендебайға хат жазу арқылы оқушы өзін кейіпкер орнына қойып, қиялын барынша дамытатыны көрінеді. Бұл

әдістердің барлығы қазіргі кезде жаңартылған білім беру жүйесінің аясында ғана жүзеге аспай, ертеден танымал болғаны анық.

«Куандық Пазылұлы – менің ұстазым. Ұстаз мүддесінен шығар игі істер жасай қоймағаным анық. Бірақ, осындай ұстазды бұйырған Тәңірге тәубе. Әдебиет әлемінде менің ұстазымның ізі ғана емес, жолы бар екені ақиқат», – деп жазады оқушылары [4, б. 32]. Ұстазға деген құрметін ерекше жеткізе білетін шәкірттерінен арнайы мақалалар мен жазбалар жетіп артылады.

Көркем шығармаларда көтерілген әлеуметтік мәселеге де бейжай қарауға болмайтынын айтып ескертетін ғалым міндетті түрде оқушымен таныстыруға кеңес береді. Сабақ барысында өтілетін көркем шығармаларды алдын-ала жоспарлаудың білім алушының жүйелі әдеби-эстетикалық түсінігін де толықтай қалыптастырудағы рөлінің ерекше екенін жеткізе білген. Куандық Пазылұлы дәстүрлі емес сабақтарды да барынша құтпаған. Мысалы, қандай да бір экскурсия, баспасөз, дуэт, кітапханалық немесе баспасөз орталықтарында, мұражайда өтетін сабақтар көп жағдайда білім алушыларға өзгеше әсер ететінін айтады.

Дәстүрлі сабаққа қарағанда бұлар оқушыны ерекше еркіндікке жетелеп, айтар ойы мен санасар пікірінің де өзгеретініне сенімді.

Сондай-ақ, ғалымның әдістемеден бөлек, «Көркем сөздің күдіреті» деген еңбегі бар. Атына қарап, әдістемеден тыс деп атауға болмайды. Кітапта осы уақытқа дейін қазақ әдебиеті мен қазақ тілді оқыту кезінде ескерілмей келген аса бір маңызды мәселені көтереді. Ол – көркем шығарманы басты бір талапты ескермей, жалаң мазмұндаудан да, ұсақ-түйек жайттарды қуалаумен шектелуден бөлек ерекше тың бағытты, шығарманың көркемдігін танытуды басты орынға қояды.

Кітаптың алғашқы бөлімінде мектепте өлең оқытудың қыры мен сыры сөз болатын болса, келесі екінші бөлім эпостық шығарманы оқытуға бағытталады. Жұмыстың соңғы бөлімі көркем шығарманың тілін арнайы сараптауға негізделеді. Аталмыш еңбек қазақ әдебиетті жаңаша оқытқысы келетін мамандарға, ұстаздарға немесе жай ғана қалың оқырманға арналады [5, б. 3].

Осыған сәйкес талдауды 6-сынып оқушыларының әдебиет пәнін ары қарай жалғастыра аламыз. Құжат бойынша II тоқсанда «Абайды оқы, таңырқа» деп аталатын бөлім бар. Жоспар бойынша ұлы Абайдың «Мен жазбаймын өленді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлендері берілген.

Оқыту кезінде өлеңнің идеясы, тақырыбы, көркемдік ерекшеліктеріне аса мән беріледі. Ғалымның еңбегінде тақырыпқа қатысты да көптеген ақпараттар айтылған. Жақсы алынған тақырып – жарты жұмыспен тең екенін айтып, білім алушыларды үнемі идеяны дұрыс анықтай алуға бағыттайды. Идеяны анықтап үйренген оқушы кез келген тақырыптың майын ішіп, жілігін шағатындай болатыны анық. Сол себепті де ғалымның аталмыш еңбегі қазіргі білім беру жүйесінде орын алуы да заңдылық болып табылады.

Сондай-ақ, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқушыларға оқыту кезінде ең басты назар аударатын дүние ғылымның пайдасы болып табылады. Оқушы барынша ойлануы қажет. Оған кейіпкерлер жүйесінің өзара жаңашылдығын алдыға қоя отырып, талдауды жөн санайды ғалым.

Бес асыл іспен қатар, бес дұшпанды талдайтын оқушылар ненің жаман, ненің жақсы екенін ажырата алулары қажет. Осыған орай, білім алушылар салыстыру жұмыстарын жүргізіп, өзіндік ой-қорыту, анализдер де жасай алатын болады. Бұл да Қуандық Пазылұлының өз еңбегінде айтқан дүниелері. Лирикалық шығармаларды оқытудың да қыр-сырын жазып кеткен ғалымның әрбір еңбегі мағыналы да мәнді. Қазіргі жаңартылған білім беру жүйесінде атаулары өзгерген әр түрлі әдіс-тәсілдер жүргені шындық.

Ассосация жасау, салыстыру арқылы талдау, анализ жасау сияқты әдіс-тәсілдердің барлығы бір күннің ішінде пайда бола салмағаны белгілі. Зерттеу барысында қазіргі оқып жатқан әдістердің барлығы дерлік Қуандық Пазылұлының еңбектерінде кездесетіні айқын болды.

Дүйім жұртқа әйгілі әулие Мәшһүр Жүсіптің немересі ретінде белгілі болған Қуандық Пазылұлының еңбектері, оның ішінде әдістемелік еңбектері қазіргі білім беру бағдарламасында өте өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Дүниеден озса да, артынан еңбектер қалдырып кеткен ғалым-ұстаздың әр еңбегі құнды. Сол себептен де ғалым пікірінен туған әдістерді қолдану оң нәтиже беретіні анық. Ғұмырын оқу-білімге, оқушыларға, білім алушыларға бағыттаған ғалым ұстаздың есімі мәңгілік болғай.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мүсірепов Ф. Заман және әдебиет / Әдебиет туралы ойлар, толғаныстар. Алматы: Жазушы, 1982. - 350 б.

2 Мәшһүр Жүсіп Қ Мектепте қазақ әдебиетін оқыту. - Павлодар, 2003

3 Қоңыратбаев Ә. 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. – А., 1987

4 Дайрабаева Е. Мектепте шығарма жаздыру методикасының кейбір мәселелері. – А., 2014.

5 Мәшһүр Жүсіп Қ. Көркем сөздің күдіреті / Көркем әдебиет. Павлодар: ЭКО, 2000. - 288 б.

ТІЛДІҢ УАҚЫТ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ (ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ 1960–2020 ЖЖ. МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

УНЫЙБАЕВА А. Ж.

магистрант, МКТмӘ-201(и) тобы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Жалпы ғылымда қандай да бір ұғым не болмаса затты белгілей отырып, дыбыстауы бар барлығына ортақ қабылданған таңбалардың жүйесін тіл деп атайтыны белгілі. Тіл туралы қалам ұстаған жанның барлығы дерлік өзіндік пікір қалдырып, ой салатын дүние де айтқаны рас. Әр ұлттың өзінің тілінің ерекшелігімен қоса, тек өзіне ғана тән белгілері де болатыны мәлім. Тіл өзінің өзге салалар сияқты бір ережемен ғана шектелмей, үнемі даму мен өзгерістің үстінде болатынын да жаңалықтардан хабардар етіп отырады. Өзіндік қызмет жасаған соң тілдің де атқаратын міндеттерінің бар екені, тіл бірліктерінің бір-бірімен байланысып, өзара ара қатынаста анықталатыны жайлы ғылымда көп жазылады.

Тіл адам баласының сөйлеу құралы ретінде алғашқы міндетін алса, ойлаудың да тікелей шындығын білдіре отыру арқылы өзінің жұмысын атқарумен қатар сезім мен эмоцияны білдіретін құрал ретінде де қызмет жасайтыны да рас. Жоғарыда айтқан үнемі даму мен өзгерудің үстінде болатын тілдің мәселесі – жалпылама тілтанудың күрделі жұмыстарының бірі болып табылады [1, 15]. Уақыттың кезеңдеріне қатысты болып отыратын тілдің құбылыстарының сырын танып-білмейінше, оның өзіне ғана тән сипатын, мәні мен мағынасын түсіну мүмкін емес болатыны да белгілі. Осындай мәселеге де қарамастан тілдің дамып, өзгеруі туралы мәселенің аса қатты мән беріп қарала бастағанына да көп уақыттың бола қоймағаны белгілі.

XIX ғасырға дейін көптеген мәселелерімен таныс болса да, тіл жүйесіндегі бірталай өзгерістерді басқаша етіп көрсеткен

дәлелдердің кері әсері сол ғасырдың өзінде де қалмағаны белгілі. Сол кездегі тілдің тарихы жайында айтылған көптеген концепцияның жолы болмай, жаңа бастаулардың да сол бетінде жабылып қалуына әкеліп соқтырған еді. Айталық тілдің үнемі дамып әрі өзгеріске ұшырап отыратын құбылыс екенін мойындағанымен, тілдің табиғатын толық ашып қарастыратын дәлелдер жеткіліксіз болып еді.

Жалпы тіл өзінің жеке жаратылысынан өзгеріс пен дамуға жақны құбылыс болып келетіні мәлім. Оның барлық жағдайда болатын күйіне байланысты қасиеті – ғылыми тілде «динамизм» деп аталады [1, 29]. Тілді белгілі бір қатынастың құралы ретінде қолданушы адамдардың барлығы дерлік өзін қоршаған дамудың үстіндегі өмірімен тікелей байланыста әрі қарым-қатынаста болары белгілі. Демек, үнемі дамып отыратын ойдың көрсеткіші ретінде айтылатын баға – тілдің бір қалыпта тұрып қалмайтынын табиғи жайт ретінде бағалау болып табылады. Дегенмен, бұл жерде айтылатын түсініктен тілдің синхрондық қалыптағы қозғалысымен, диахрондық эволюция жағдайындағысы бірдей болып келетіні туралы қорытынды шығаруға болмайтыны да шындық. Яки шартты түрде алғашқысын қозғалыс ретінде танып, кейінгісін өзгеріс деп те атауға болатынын естен шығармаған абзал.

1960 жылдардан бастау алатын жалғасын бүгінгі күнге дейін дамытып келе жатқан тілдің уақыт кезеңдерімен анықталған өзгерістері жайында айтылатын ой да, ізделген мәлімет те, табылған деректер де жетерлік. 1960–80 жылдары аралығында салғастырмалы тілдің білімі көбінесе үдете түсіп, дамыған еді [2, 28]. Көрсетілген уақыт негізінде тарих толқындарының қандай жаңалықтарымен толысып жатқаны жөнінде мәліметтер де жетерлік. Кеңес Одағының көп ұлтты болып отырған жағдайына байланысты орыстың тілімен әрі басқа да Батыс Еуропа елдерінің тілдерімен біздің ұлттық тілдерді салғастыра отырып оқытудың тәжірибесі халықтың мәдениетін, тілдің мәдениетін арттырудың үнемді әрі тиімді жолы ретінде белгіленгені де рас.

Жалпы бұл дәуірде лексикологиялық зерттеулерге басты назар аударылып, талай жетістіктерге жеткен еді. Түрлі тілдерге байланысты атау теориясы мен оның негізгі принциптерімен қатар сөздің мағынасының түрлері де жіті зерттелген болатын. Синтаксистік зерттеулер барысында қамтылатын негізгі мәселе ретінде танымал сөйлем мен сөз тіркесі болып еді. Ал фонетика мен фонология екеуі тілдің дыбыстық құрылысының екі түрлі саласы

ретінде қарастырылған болатын [3, 91]. Сондай-ақ Кеңес дәуіріндегі тіл білімінің кезінде фонологиялық жүйенің өзіне тән принциптерін дамытып, анықтау барысында психологизмнен түбегейлі бас тартқан болатын. Зерттеу барысында табылған қызықты мәліметтердің ішінде әлеуметтік тіл білімінің яғни социолингвистиканың жалпы өз уақытында тілдің қоғамдық атқаратын қызметінің заңдылықтары туралы жеке ғылым ретінде пайда болған екен-ді. В. Виноградов бастаған Б. Лариннің қалыптастыруымен жасалған ғылымның өзіндік қоғамға тигізген пайдасының да көп болғаны жөнінде хабар бар. Демек одақта болған тілдің өзіндік тәуелсіздігі болмай, жоғарыда нақтыланған салғастырмалы тіл білімінің жұмыс атқарғаны жөнінде деректерге негіз табылды.

Сексенші жылдардан өтіп, тоқсаныншы жылдарға аяқ басқан кезде де тіл білімі аралас тілдің ортасында болып, өзіндік тіл мәртебесінің биіктеуі мен шыңдалуына аса жол таба алмағаны белгілі. Тек 1989 жылы «Тіл туралы» заң қабылданып, тілге қатысты жұмыстардың да орын ала бастаған шағы болатын-ды. Тіл білімінің негізін қалаушы лингвист Кәкен Ахановтың да 1973, 1978, 1993, 2002 жылдары шығарылған оқулығының жылдарына сай мәліметтері толықтырылып, кеңінен дами бастағаны белгілі. Жалпы тіл дамуының өзіндік заңдылығы да бар екені мәлім және оның өзгеріп отыруына себепші немесе түрткі болатын факторлар үнемі кездесіп отыратыны мәлім. Айталық, тілде қамтылатын өзгерістердің барлығы оны қолданатын адамдардың еркінен тыс, өзінің ішкі даму заңдылықтарына байланысты да жүзеге асу арқылы өзгеріп отырады. Көбінесе тілді біртіндеп, эволюциялық жолмен дамығаны ерекше жүзеге асатыны рас.

Ал кейбір жағдайға байланысы біркелкі дамымай керісінше, әр түрлі салада өзінің даму нәтижесін көрсетіп тұрады. Ертеде тілді тарихқа дейін әрі кейін деген ұстаным бойынша екі кезеңге бөліп қарастырғаны жөнінде қазіргі ғалымдар жоққа шығарып, мәліметтің дұрыс еместігі жайында үнемі айтып отырады. Кәкен Аханов үнемі тілді қоғаммен байланыстырып, өзіндік даму заңдылықтарына байланысты да пікірлер легін қалдырғаны шындық. Автордың сөзінің бұрыс жағы да бар, себебі, тіл мен қоғамның бірдей дамуы болғанымен, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері де жетіп артылады. Жалпы тілдің өзінде қоғамның өмірінде болатындай қандай да бір революциялық секіріс немесе ескіні жаңа бір дүниенің күшімен жойып тастау деген сияқты мәселелер болмайды.

Сондықтан тілдің өзіне енетін белгілі бір жаңалық бірден кіріп кетпей, біртіндеп келіп сіңетіні ғылымда дәлелденген.

Мысалы, қазір хаттама толтыру барысында жиі айтылып жүрген жарыссөз сөзі, адамдардың бір-бірлеріне үлкен сәлемін жолдау барысында қолданылатын жалынды сәлем сөзі, белгілі бір мәселені шешуге арналған арнайы жағдаяттық ашық немесе жабық жиналыстар сияқты сөздер қазіргі таңда өте жиі қолданылады. Аталмыш сөздердің қатарын өндірістік бағдарлама, демалыс күн, су қоймасы, тәжірибе алмасу сынды көптеген сөз тіркестері толықтырады. Өткен ғасырдың жазбалары мен ғылыми мәліметтеріне сүйенсек, аталған сөздердің бірде біреуі кездеспейді. Дәл осындай сөздердің тізбегі ХХ ғасырдан бері қарай, әсіресе Кеңес үкіметінің орныққаннан кейінгі дәуірді қамтып отырғаны мәлім.

Дегенмен, аталмыш сөздердің енуін керемет жаңалық етіп қабылдау да дұрыс емес. Себебі, тілімізде тіркес ретінде жүрмесе де жекелей өзінің мағынасын бұрындары да бергені анық. Тілдердің өзгеріп ары қарай дамуына байланысты болатын ортақ құбылыс ретінде аналогиялық принциптің мәні ерекше. Аталмыш тәсіл бойынша берілген тілде бұрыннан бері белгілі бір амал немесе тәсілге сүйене отырып дәл соған ұқсас жаңа туынды пайда болған болатын. Қазақтың әдеби тілінде бірді-екілі сөйлемшеде ғана болмаса, -ман, -мен қосымшалары арқылы көп дүние жасалмағаны белгілі. 1980 жылдарға қарай уақыттың ағымымен қазақтың сөздерінің қатарын «көрермен», «оқырман», «қадірмен» сөздеріне аналогиялық тәсіл арқылы «жұмыскер», «балалық», «қаламгер» сынды сөздердің пайда болуымен ерекшеленген болатын. Мысалы сол сияқты орыс тіліндегі «активизация» сөзіне байланысты аналогиялық әдіспен «советизация» сөзі, «ипподрам» мағынасымен қатыстырып «аэродром» сөздері жарыққа шыққан еді. Демек, оның өзі де тілдің уақыт кезеңдері бойынша өзгерудің нәтижесін көрсетері анық [4, 65].

2000 жылдардан кейін көрші елімізден келген туыстарды қарсы алуда, олардың жағдайларын жасау барысында көптеген жағдайлар кездескені анық. Мысалы, оларды «оралман» деп атау дұрыс саналса, биылғы якм 2020 жылы аталмыш сөзді «қандас» сөзімен алмастырды. Сол сияқты «қыркүйек» сөзі фонетикалық өзгеріске душар болып, «қыргүйек» болып ауысып жатқан жайы бар. Тізе берсе тілдің өзгеруі мен сөздің ауысуы – тіл білімінде болып тұратын жиі құбылыс болып саналады. Ауысатын, өзгертін тілді тек біліп қана қоймай, оларды оқыту да баса назарда тұрған

құбылыс. Сондықтан да білім алушыларға мәліметті дұрыс жеткізуге көмектесетін әдіс-тәсілдердің де өзіндік ерекшеліктері бар.

Жалпы жаңа технологиялардың басты міндеті білім алушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету болып табылса, педагогикалық технология кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып есептеледі. Оқытудың жаңа технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің жаңа технологияны меңгеріп, инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеру арқылы жетілуіне әкеледі. Кез келген педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін келесідегідей алғышарттар қажет болатынын ескерткен жөн. Біріншіден, оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу қажеттілігі туатын болса, екіншіден білім алушылардың сабақтастылығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру болып табылады. Сонымен қатар, оның ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жұмыстарын жасап, назарда ұстау қажеттілігі де тууы керек.

Жобалап оқыту технологиясын жоғарыдағы мәліметтерді түсіндіру барысында қолданып көрген жөн. Аты айтып тұрғандай бұл технологияны игеру барысында білім алушылар міндетті түрде шығармашылық жұмыс, яғни ғылымыланған жобамен айналысады. Тілдің өзгеруі жөніндегі тақырып аясында сөз болатын мәліметтердің барлығын меңгеріп болғаннан кейін ғана білім алушы аталмыш әдіспен яки технологиямен айналыса алады. Алған білімін тереңдету мақсатында жүзеге асырып, оларды қалың көпшілік алдында шағын жоба ретінде де қорғауға болады.

Аталмыш технологияны пайдалану арқылы шығарма мазмұнын толық меңгеріп алғаннан кейін төмендегідей тақырыптарда жұмысты жазуға болады. Мысалы

- Тілдің уақыт кезеңдеріне байланысты өзгеруіне әсер ететін факторлар;
- Тілдің атқаратын қызметі мен пайдасы туралы;
- Жаңа ғасыр – жаңа сөз;
- Жаһанданған елдегі тілдің жай-күйі;
- Әлем өзгерістерінің қазақ тіліне әсер етуі жайында;

Тізбектей берсек, дәл осындай тақырыптардың мыңын құрастыруға болады. Білім алушы осы тақырыптардың бірін қарастыра отырып, берілген жұмыстың мазмұнын толықтай

зерттейтіні бар, сонымен қоса қосымша ізденудің арқасында көптеген мысалдар келтіру үшін бірталай ізденетіні де жалған емес.

Тағы да өзінің ерекшелігімен көзге түсетін әдістің бірі – белсенді оқыту екендігін ескертпесек де белгілі. Оның өзі бірнеше бағыттарды қамтитынын да үлкен мәселе. Ең алдымен нұсқау беру және айтуды кезін қарастыруға болады. Білім алушылардың тобына оқыту немесе оқу мақсаттарын хабарлап, олардың не істеу керектегін түсінетініне және ерекше назар аударуы қажет мәселелерге көңіл бөлетініне көз жеткізу болып табылады [5,11].

Мысалы, «Тіл – асыл қазына» деген тақырып бойынша тілге қатысты мәселелерді қозғауға байланысты жұмыс жасау қажет. Білім алушылар тілдің адам өміріндегі алар орнын қарастыра отырып, берілетін негізгі тарихи құндылықтармен танысып, ондағы ерекшеліктерді талдайды. Аталмыш белсенді оқытудың тағы бір нұсқасы көрсету мен модельдеу болып табылады. Айқын, жақсы құрылымдалған көрсетілімдерді ұсыну негізгі қызметі болып табылады. Үлестірмелі материалдарда біз сөз етіп отырған дүниені көбінесе жаратылыстану бағытындағы пәндерге арналғандай делінеді. Дегенмен де әдебиеттануда да қолдануға негіз бар. Сұрақ қою мен талқылау әдісін де осы тұста айтуға да негіз бар. Шебер ойластырылған, өңделген және мақсатқа бағдарланған ашық және жабық сұрақтарды қолдана отырып, қабілеті жағынан әртүрлі білім алушылардың пікірталасқа қатысып отырғандарына көз жеткізуге болады.

Білім алушылар жоғарыда айтылған екі-ақ әдісті пайдалану арқылы тақырыпты толықтай меңгеріп, әрбір адамның өзіндік жай-күйімен жіті жеке танысуға мүмкіндік туады. Сондықтан да жоғарыда көрсетілген барлық тәсілдердің оқыту кезінде алар орны ерекше болып табылады. Топтық және жұптық аясында, сондай-ақ бүкіл топ орындайтын жұмыста бағытталған оқыту мен өзара қарым-қатынастың маңызы зор. Тілдің адам баласы үшін құндылығы жақсы белгілі, оны зерттеу, өзгерсе де қаз-қалпында келер ұрпаққа жеткізу – әрбір адамның міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993 ж.
- 2 Дүсіпбаева Қ. Тіл біліміне кіріспе. Өскемен, 2000 ж.
- 3 Хасенов Ә. Тіл білімі. Алматы, 2002 ж.
- 4 Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. Алматы, 2010 ж.

5 Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017 ж.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ БАСҚА ПӘНДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

ЭГАМБЕРДИЕВ А. Э.
магистрант, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
КАПАСОВА Б. К.
профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Білім саласындағы барлық ғылыми пәндер адам білімінің өрісінің кеңдігін, танымын, біліктілігін қалыптастыруға ықпал ететіндігімен ерекшеленеді. Әрбір ғылым саласы бұл мідеттерді өздеріндегі зерттеу тәсілдері мен дереккөздерінің көлеміне қарай шешуге тырысады. Осылай болса да, қоғамымыздағы әрбір ғылым саласының негізгі түп төркіні тұтаст болып келетіндігін байқауға болады. Білім саласының өзінде бастапқы көзі бұлақ болса, оның әрбір арнасы оның салалары іспеттес. Қазіргі уақыттағы жаһандану дәуірінде батыс елдеріне сай білім алу мен қатар әлемдік өркеиетке ұмтылу қажеттіліктері сұранысқа ие кезеңде Қазақстандағы ғылым салалары да сол деңгейге ұмтылып келеді. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасып дамуында да бірнеше ғылым ұштасқан бірзділік бар.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – өз алдына жеке дара ғылым. Қандай ғылым болмасы өзге пәндермен байланысы болса да, өзіндік жеке ерекшеліктерін қарастыратын, оны зерттейтін, өзіндік шекара аймағы, аясы болады. Қазақ әдебиеті оқыту әдістемесінің де өзіндік зерттеу нысаны бар ғылым болып табылады. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен әдебиет пәнінің қарастыратын деректері, оқу материалдары көбіне бірдей көркем шығарма болғандықтан, әдістеме ғылымын біраз уақытқа дейін әдебиет пәнімен байланысы жақын деп қарастырып келген болатын. Бірақ, әдебиеттану мен әдебиет оқыту әдістемесі ғылымының зерттеу нысандары екі бөлек, айырмашылықтары көп және бір-бірінен өзгеше болып келеді [1, 87 б.]

Екеуінің айырмашылығын саралап өтетін болсақ әдебиеттану пәнінің зерттеу нысаны әдебиеттің теориясы, сыны, көркемділігі, әдебиеттің қоғамдық мәні, әдеби үдерістері болса, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне оқушы мен оқытушының тұтасқан оқу-

танымдық әрекеті, оқыту үдерісі, көркем шығармаларды оқыту барысындағы танымдық, тәрбиелілік мәні мен мазмұнына терең бойлап қол жеткізетін іс-әрекеттердің құрылымдық жүйесін қарастырады.

Әдебиетті оқыту әдістемесін күрделі ғылым санатына кіреді. Оқытудағы заңдылықтарды қарастырып дидактикамен байланысын, адам іс-әрекетінің психикалық өзгешеліктері мен заңдылықтарын психологиямен, көркем әдебиеттің даму заңдылықтарын қарастыратын әдебиеттану пәндерімен тығыз байланысады, жетістіктеріне сүйенеді, бірақ өзіндік мақсат-міндеттерін көздейді. Әдебиетті оқыту әдістемесі адамға, жеке тұлға қалыптастыруға ықпалы мол ғылым болғандықтан әр уақытта да қиындығы қатар жүреді. Сөзсіз адамтану мен жеке тұлғаны қалыптастыру қоғамға маңызы бар күрделі ғылым болып саналады. Сондықтанда әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық негізіне сүйене отырып педагогика, әдебиеттану ғылымдарынан басқа, әдебиеттану, әлеуметтану пәндерімен байланысын қарастырып көрдім [2, 120 б.].

Педагогика мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің өзара байланысы. Жалпы алғанда әдебиет әдістемесінің қалыптасуына негіз болған педагогика ғылымы болып табылады. Өйткені педагогика ғылымындағы дидактика саласы өз алдына жекеленген пәндерді оқыту мазмұндарын қарастырады. Дидактика дегеніміз – білім беру мен оқыту теориясы дегенді білдіреді. Ол оқытудың басты ұстанымдарын, мазмұнын, ұйымдастыру түрлері мен ідіс амалдарын қарастырады. Ал жеке түрде оқыту болса дидактикалық негіздер мен ұстанымдарға сүйенетіні біз білеміз. Әдістеме ғылым әр пәнді жеке зерттеу аясына қарай қарастырар болса, дидактика барлық пәнге қатысты ортақ бірізділікті, заңдылық пен ұстанымдарды қалыптастырады.

«Әдебиет әдістемесі – педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Мұның қамтитын объектісі, қарастыратын мәселелері мектепте әдебиетті оқыту сабақтары кезінде мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы болып табылады, ол педагогика ғылымы теориясының жалпы қағида ережелеріне сүйенеді. Бірақ әдебиет әдістемесі педагогика сияқты мектеп, оқу-тәрбие мәселелерін тұтас алып қарастырмай, тек көркем әдебиетті оқып үйрену негізінде оқушыларға берілетін білім мен тәрбие мәселелерін ғана өз шеңберінде алып баяндайды», – деген пікір білдіреді әдіскер-ғалым А. Көшімбаев. Әдебиетті оқыту әдістемесі қолданбалы ғылым екендігін және ол жалпы дидактиканы негізге

ала отырып, өзіндік арнасында дамитыны туралы Ж. Аймауытұлы маңызды пікір білдіреді [3, 176 б.].

Педагогика ғылымынн ауқымы кең болғандықтан, ол әр ғылымның жеке дара ерекшелігін аша алмайды. Тек барлық пәндерге сай ортақ тұжырымдар мен принциптерді белгілеп бере алады. Педагогика баланың қоғаммен байланысын, саясы әлеуметін, адамгершілік сипатын, отанға сүйіспеншілігін, ақыл-ой тәрбиесін, дене тәрбиесін, басқа да тәрбие бағыттарында оқушыға білім беру мен жеке тұлға қалыптастыру міндеттерін атқарады. Сондағы мақсаты жан-жақты дамыған қоғам адамын, жеке тұлғаны қалыптастыру болса, ал әдебиет әдістемесі қоғамды көркем шығарма арқылы, адамгершілік ұстанымдарды, сөздің эстетикалық күші арқылы адамдардың әлемін танытып, рухани байлық арқылы өзіндік көзқарас қалыптастыра отырып, жан-жақты дамытуды көздейді.

Әдебиеттану мен әдебиетті оқыту әдістемесінің өзара байланысы. Жалпы осы уақытқа дейін әдебиет әдістемесін жеке ғылым ретінде қарастыруға келгенде жан-жақты әртүрлі көзқарастар орын алды. Әдістемені жеке ғылым ретінде қарастырудан қарағанда оны жеке дарын және өнер деп бағалайтын көзқарастар үстемдік еткен болатын. Кез келген пәнді оқытуда жетістікке жетудің жолы сол пәнді оқытатын мұғалімнің жеке дара қасиетіне, сол пәнді толықтай білуіне, түсінуі мен түйсінуіне, жан-тәнімен сүюіне байланысты деп қарастырып келді. Оқушыға берілетін білімнің өзін толық жете білмей тұрып, оқыту әдістемесі арқылы барлық мәселені шешуге болмайды деген түсінік болды [4, 86 б.]. Бұл пікірлерді негізсіз деп жоққа шығаруға да болмайды. Өйткені оқыту үдерісінде білім беретін оқытушының атқаратын рөлі орасан зор. Тек тәжірибе білімінің сапалы болуы мен педагогикалық талант берілген білімнің сапалы болуын қастамасыз ете алмайды. Қандай ғылым болса да, тек талантқа сүйеніп, ұшар шыңына жетіліп дамып, қанатын кеңге жая алмайды. Осы пікір жайында А. С. Макаренко «Біз қалай жан-жаққа бөлінген таланттарға сенім арта аламыз? Бізде өзгеше талантты оқытушы жандар қанша екендігін қайдан білеміз? Таланты жоқ мұғалімге түсіп қалған неге бала қиналуы керек? Жоқ. Біз әдіскерлік жайында айтуымыз керек, расыменде білім беру жүйесін білетін, тәрбиені дұрыс әрі ұтымды бере алатын адамды айтуымыз керек. Мықты, білімді әдіскер ғана мәселені шеше алатындығына өзінің тәжірибем арқылы осындай пікір қалыптастырдым» – деген ұтымды пікірін білдірген болатын

[5, 26 б.]. Осыған байланысты айтылған пікірлердің барлығы әдебиет әдістемесі ғылымының бірнеше негінге сүйенетіндігін аңғаруға болады. Солардың бірі әдебиеттану ғылымы. Әдебиеттануды оқытуда негізгі дереккөз әдебиеттің өзі болып табылады. Мектеп оқулығында да ұсынылатын, оқу бағдарламасында, оқу бағдарламасынан тыс оқытылатын шығармалардың барлығы да әдебиеттану ғылымының жемісі болып табылады.

Жалпы алғанда әдебиеттану пәнінің зерттейтін мәселелері әдебиеттің тарихи кезеңдері, оқытылатын шығармадағы тарихи кезең, әдеби бағыттар, әлеуметтік көзқарастардың көрінісі, әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық, тарихи дәстүрлер, жазушы стилі, қазақ әдебиетінің ұлттық және әлем әдебиетіндегі орны туралы ауқымды ой қалыптастыру керек болып табылады. Әдебиетті оқыту әдістемесінде әдебиеттану ғылымының негізгі қағидалары мен негізгі бағыттары жетекші рөл атқарып отырады. Әдебиеттану ғылымдарының заңдылықтары мен даму бағытын дұрыс бағдарлау арқылы ғана әдебиетті өз мәнінде оқыту мүмкіндігі туады.

Көркем шығармалардағы кейіпкерлер, образдар, типтер, мінез мәселелері терең тануды және танытуды талап етеді. Әдебиет пәнінің мұғалімі әдебиеттану ғылымдарын терең білуі арқылы сөз өнерін жете түсініп талдай алуы, оны оқушыларға сөз саптап түсіндіре алуы, көркем шығарманы саралап, жетік меңгере алуы оқушысына мазмұнды білім алуды толығымен қамтамасыз ете алады. Әрбір көркем шығармады тілдік құрылым өрнектелген. Бұл күрделі құрылымда мәдени құндылықтармен адамгершілік тұяры бекітілген. Ал әдебиетті оқыту әдістемесі сол бекітілген күрделі құрылымды ірекетке бекіп, әсқуе асырушы рөлін атқарады. Әдебиетті оқыту әдістемесінде баорлық іс-әрекет адамға, жеке тұлғаға бағытталғандықтан адамның адамгершілік, эстетикалық, танымдық әрекеттерін жүйелі қалыптастыруға бағыт-бағдар береді [6, 145 б.].

Әдебиетті оқыту әдістемесі және әлеуметтану пәндерімен байланысы. Адамды, жеке тұлғаны қалыптастыру бағытында әдебиетті оқыту әдістемесі әлеуметтану пәнін айналып өте алмайды. Сенбегі әлеумет дегеніміз қоғам ұғымымен тікелей байланысты болғандықтан әдістеме де қоғамның тыс әрекет жасай алмайды. Әдістеме қоғам өмірімен оның қажеттіліктері мен мәселелерін қамтитын ғылым. Өйткені мұғалім мамандығының өзі әлеуметтік салаға жатады. Сол себепті әдебиет оқыту әдістемесін меңгере отырып мұғалім ең бірінші қоғамға, Әлеуметтік ортаға

қызмет етіп бастайды. Белегілі бір ортаны қарастырып соған сай жұмыс атқарады. Қоғамның тұлғасын алып оны жаңқаша толық жеке тұлға етіп қалыптастырып қоғамның өзіне қайтарады. Бұдан шығатыны өскелең жастар да, мұғалім де әлеуметтік топтың мүшесі болып табылады. Ал екінші жағын қарастырар болсақ, әдебиетті оқыту әдістемесі басты дереккөзі көркем шығарманы қарастыру барысында да сол уақыттағы қоғамның, әлеуметтің тыныс-тіршілігін оқушыға жеткізу болып табылады. Әдістеме қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді ортаға сала отырып адамды өзінің ортасы мен өзін танытуға бағдар береді. Қоғамның дұрыс жұмыс жасау игілігіне әрекет жасайды. Осы тұрғыдан қарастырғанда әдебиетті оқыту әдістемесі әлеуметтік ғылым деген тұжырымға келеміз. Әдістемелік зерттеулерге әдіснамалық әлеуметтік ғылымдардың негіз болуы осыған байланысты. «Әлеумет» ұғымын «халық» деген түсінікпен алмастырамыз. Әдебиетті оқыту әдістемесі де, әдебиеттану ғылымдары да халықтан тыс өмір сүре алмайды [7, 68 б.].

Әдебиетті оқыту әдістемесі және психология пәнімен байланысы. Әдебиетті оқыту әдістемесінің метридикалық негізінде атқаратын рөлі орасан зор. Әдістеменің психологиямен қатысы екі бағытта өрбиді. Біріншіден, бала жасы мен психологиясы ерекшелігіне қарай көркем туындыны қабылдаудағы шығармашылық әрекеті мен шығармашылық қабілеті, көркем қабылдауына қатыстылығы қарастырылады; екіншіден, оқыту психологиясы тұрғысынан, баланың жасына қарай ақыл-ой дәрежесі, адамгершілік дамуы, тәрбиесі мен дағдысы тұрғысынан қарастырылады.

Психология ғылымының аясында оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты оқу үдерістерінде өзгерістер орын алатындықтан, оқушыда болатын психологиялық өзгерістер мен дағдарыстық кезеңдерге мән беріп назарға алған дұрыс. Сондықтан да психология ғылымы осыны ескере отырып 5–11 сынып аралығында білім алатын оқушыларды жас ерекшеліктерін байланысты екі кезеңге жіктеп көрсеткен:

- ▶ 5–8 сынып 11–14 жастағы жеткіншектер
- ▶ 9–11 сынып 15–17 жастағы жасөспірімдер [8, 97 б.].

Психолог мамандар жіктеген бұл кезеңдегі оқушылардың да өз кезеңдерінде психологияларында өзгерістер орын алып отырады. Жеткіншектердің жалпы әлеуметтік бағыты мен жеке дара өздерінің тұлғалық даму үдерістері осы кезеңде бастау алады. Өздерінің сыртқы кейпін өзгертуге әуестеніп, сыртқы орта әсеріне әуестеніп, еліктегіш болы бастайды. Бұл әрекеттер мен өзгерістер 7–8 сыныпқа

карай күшейе түседі. Өздерін бақылауға алап, қоршаған ортаға сыни көзбен қарап, өзіндік көзқарастарын қалыптастыра бастайды. Сондықтан да оқушының жеткіншектік кезеңі көркем шығармаларға ынтасы мен қызығушылықтарын тудыратын бірден бір қажетті де ұрымтал шағы болып табылады [8, 117 б.].

Әдебиетті оқыту әдістемесін өзегі психология пәнімен тығыз байланыста. Жеке дара тұлғаны қалыптастыру үшін бастапқы кезеңнен жұмыс жасау өте ұтымды болып көзделеді. Баланың жай күйіне, психикалық өзгерістеріне, мінез құлқына психология арқылы жанасу әдебиет әдістемесіндегі көркем шығармалардың балаға ұтымды жеткізілуі маңызды үдеріс болып табылады.

Қорыта келгенде бүгінде әрбір жеке ғылым саласының екінші бір ғылыммен байланысы артып отырған тұста әдебиет әдістемесінің өзі басқа пәндермен ерекше үйлесімде байланысатынына көз жеткізіп отырмыз. Осыдан менің тұжырымдауым бойынша әрбір пән жеке өзі білім беруі мүмкін бірақ олар байланысқанда әдістемелік ғылымның бірізділігі білім алушыға әсер ететін ықпалы көңіл қуантарлықтай болмақ. Әдебиет әдістемесінің педагогика, әдебиеттану, әлеуметтану, психология пәндерімен байланысы өте тығыз әрі ықпалды болып табылады екен.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Занков Л. Избранные педагогические труды. М.: Педагогика, 1990. – 424 с.
- 2 Эльконин Л. Детская психология. М.: Прос., 1960. –317 с.
- 3 Леонтьев А. Деятельность. Сознание, личность М. Политиздат. 1975.–304 с.
- 4 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Мектеп, 1982. – 280 б.
- 5 Шериязданова К. Основные направления психолого-педагогической помощи детям с проблемами в поведении и общении. – А.: 2001. – 48 б.
- 6 Щукина Г. Педагогические проблемы формирования познавательных интересов учащихся. -М.: 1988. – 203 б.
- 7 Скаткин М. Методология и методика педагогических исследований. – М.: 1986. – 150 б.
- 8 Жұмақаева Б. Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.

6 секция. Қ. П. Жүсіптің ұстаздық қызметі және көркемдік әлемі 6 секция. Педагогическая деятельность и художественный мир К. П. Жусипа

ҚУАНДЫҚ ПАЗЫЛҰЛЫ ЖҮСІПТІҢ ӘНГІМЕЛЕРІ

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
ЖУМАБЕКОВА Г. А.

PhD, қауымд. профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.
АЛТЫНБЕКОВА Г. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 21 ЖОБМ, Павлодар қ.

Қуандық Пазылұлы Жүсіп алпысыншы жылдары жазушылық қызметін әңгімелерден бастаған. Әңгіменің ең қиын жанр екенін еске алсақ, Қуандық Пазылұлы жиырмадан енді асқан шағында осы жанрға қалам тартқан. З. Қабдолов зерттеуі бойынша әңгімеде кейіпкерлер бірден таныла бастау керек [1]. Әңгімеде қысқалық пен дәлдік сақталса, тіпті жақсы. Алпысыншы жылдардың басында әңгіме жанры туралы біршама мақалалар жарияланыпты. Мысалы, Н. Ғабдуллин 1960 жылы «Жұлдыз» журналында «Әңгіме жайын сөз еткенде» мақаласында шеберлік туралы сөз қозғап, басқаларды осы тақырыпта пікір алысуға шақырады [2]. Осыған орай М. Дүйсенов «Тағы да әңгіме туралы», Ә. Дербісәлин «Қысқа да қызықты болсын», Т. Нұртазин «Жақсы әңгіме – жазушы шеберлігіне сын», Б. Наурызбаев «Көркем әңгіменің қазіргі жайы», Ф. Оразаев «Әңгіме жайын ойласақ» атты мақалалар жариялады.

Әңгіме жанры осылай қызу талқыланып жатқан тұста Қ. П. Жүсіптің студент кездерінде жазған «Күздің жауынды бір күні», «Жолға шыққан үшеу», «Күн ыстық-ақ», «Балта ұстаған Кенжебек» әңгімелері республикалық газет, журналдарда 1962 жылы жарияланады.

«Күздің жауынды бір күні» әңгімесінде суық жаңбыр кезінде аялдамада автобус күтіп отырған бір топ адам суреттеледі. Әңгімедегі аялдамада әр түрлі жастағы, әлеуметтік жағдайы да әр түрлі адамдар жиналған. «Көздері ішке кіріп үнрейіп, қауқиған мұрны ғана қалған» шал, «беті аппақ қудай, маңдайы тырысқан» кемпір, «үстіне ауыр плащ, аяғына жаздық аяқ киім киген» жігіт, «қабағы түйінкі, тәмпіш мұрын» бойжеткен, «беті бүлтіған семіз еркек пен ерні қызылға боялған келіншек», «тышқан терісінен

тігілген қымбат ішік киген қызыл шырайлы» әйел, «үлпілдек ақ бөрікше киген» қыз бала – барлығы алыс жолға баратын автобусты ұзақ күтеді [3].

Әңгімедегі кейіпкерлерді сипаттауынан нақтылықты байқаймыз. Мысалы, шалдың көздері мен мұрны жасына лайық түрде берілген. Кемпірдің бетінің суреттелуі де қарт адамға тән портретті білдіреді. Автобустың кешігуі әр түрлі жастағы адамдардың мінез-құлқын аша түседі. Шал суыққа шыдай алмай, шыдамсызданып, сөйлей бастайды. Кемпірге де суық күні аялдамада отыру ұнап отырған жоқ, оны тырысқан маңдайы дәлелдеп тұр. Жас жігіттің үстіне ауыр плащ, аяғына жаздық аяқ киім кигенінен оның әлеуметтік жағдайының аса мәз емес екенін байқаймыз. Бірақ жас жігіт шал мен кемпір сияқты бұрқылдап, маңдайы тырыспайды. Автобус кешігіп жатса да, жастыққа тән шыдамдылық көрсетіп, тіпті жылыну үшін билеп жүр. Арасында сол жерде отырған бойжеткенге көз салып та қояды. Тоңғанын білдірткісі келмей, қызарған құлағын уқалап қояды. Семіз еркек пен ерні қызыл әйелдің әңгіме айтуға кіріскендеріне қарағанда, оларға мұздай жаңбыр мен автобустың келмей жатқаны әсер етіп жатқан жоқ. Қымбат ішік киген әйел паң жүрісімен ерекшеленіп берілген. Әңгіме басталғанда-ақ оқырман аялдамадағы кейіпкерлердің қайсысы тоңып отырғанын, қайсысының тоңса да, сыр бермеуге тырысып жатқанын, үстеріндегі киімдерінен олардың материалдық жағдайларын бағамдап үлгереді.

Автобус келген кезде: «Шал жердегі теңкиген қапты сүйрелеп, шойнандай жөнелді. Қымбат ішік киген әйел де қатты басса, жер ойылып кетердей марғаулана қадам басты» [3, 28 б.]. Кейіпкерлердің жүріс-тұрысы да жасына, бай, кедейлігіне қарай сай берілген. Шалдың шойнандай жөнелгенінен оның кәрілікке байланысты тізесі жарамай қалғандығын аңғарсақ, соған қарамастан ауылдағы бала-шағасының қамымен теңкиген қапты сүйрелеп барады. Қазақтың ауылда тұратын кәрілеріне тән әдет, ұлттық менталитет десек те болады. Қымбат ішік киген әйел өзінің қымбат киімімен басқалардан өзгеше екенін білдіргісі келгендей тәкәппарланып жүріп барады.

Автобуска жолаушылар отырған кезде бұларға бір мас жолаушы қосылады. Оны жазушы былай таныстырады: «Ыржия әндетіп, бұлғалаңдай басып, қалпағы мыжырайған, көзі сығырайған, шартық қарын еркек кірді» [3, 28 б.]. Мас еркектің көзін «сығырайған» деп бейнелеуі 1962 жылы шыққан Ф. Мүсіреповтің «Сөз жоқ, соның іздері» әңгімесіндегі маскүнем Айдарбектің «үшбұрыштанған

көзіне» ұқсайды. Мас адамның киімі не жыртылуы мүмкін, не былғанады. Мындағы мастың қалпағы мыжырайған. Және «қарнының шартыған» болуы оның орта жастағы еркек екенін, әрі арақ,сыраны көп ішетін еркектердің қарындары шартып кететіні де белгілі. Қоғамдық көлік болған соң осылайша әр түрлі адамдар жиналады.

Жолда кішкентай баласы бар әйел отырып, баласы жылап, жұрттың мазасын алады. Баласы ауырып қалған соң, жауынды күні ол да жолға шыққан. Баланың жылағанын қымбат ішікті әйел жақтырмайды. Бұл мінезінен оның біреудің қиындығына кинала қоймайтын, қатқыл жүректі әйел екені байқалады. Әңгіме басында оның қызының «қасында үлпілдек ақ бөрікше киген қыз сүмендеп келеді» деп таныстырылуы бұл әйелдің балажан еместігінен хабар береді. Қарап отырсақ, әңгімедегі кейіпкерлер олардың сөздерінен, жүріс-тұрысынан, киімдерінен танылып жатыр. Өйткені, әңгіме қысқа жанр болғандықтан, жазушы артық сөйлемдер қолданбай, дәлдік пен қысқа айтуды ұтымды қолданған. Мас адамның әндетіп келгенін басында кемпір жақтырмады. Аялдамада ұзақ отырып, тоңып қалғандықтан: «осындай күнде не қылған ән?» деп, кейістігін білдіреді. Автобус орта жолға келгенде қолдарында қып-қызыл гүлі бар қыз бен жігіттің мінуі жолаушылардың көңіл күйін көтеріп тастайды. Бұл кезде жаңбырдың арты қарға ұласқан. Бірақ гүлі бар жігіттің қасындағы қыз «көздері қарақаттай жайнап үлбіреген» деп суреттелген. Күзде жауған қар жастардың көңіл күйін түсіре алмаған, сондықтан қыздың көздері жайнап тұр.

Осыдан кейін жолаушылар ән салуды бастайды. Жаздық аяқ киім киген жігіт ән дегенді естіген сәтте іліп ала жөнеледі. Күздің суық қарлы күнінде жолаушылар көктем туралы ән айтып келе жатады. Өйткені, жолаушылардың көңіл күйі қызыл гүлді көрген соң өзгеріп сала береді. Аялдамада жігітке қарамай отырған қыз да күлімсірей түскен. Кемпір де басында мас адамның ән салғанын жақтырмағанымен, кейін көпшілікпен бірге «қып-қызыл иегін жарқыратып» әнге қосылады. Басында аялдамада отырғанда кемпірдің қызыл иегін көруге мүмкіндік болмаған еді. Автор кемпірдің тістері жоқ екенін осы тұста көрсетіп қалған. Автобустағы жас пен көріні, мас пен сауды, бай мен кедейдің басын ән біріктіреді. Далада қар борап тұрғанымен, жолаушылардың бәрі жамырап, көңілденіп, ән салады. Ауру бала да жылағанын қойған. Әңгіменің соңы кондуктордың жігітке гүлі үшін рахмет айтуымен, жолаушылардың көліктен ән салған қалыпта түсуімен аяқталады.

Қысқа ғана әңгімеде оқырман әр түрлі жастағы, мінезі де әр қалай, тағдырлары басқа-басқа жолаушылармен танысып шығады. Әлем әдебиетіне көз жіберсек, Мопассанның «Томпыш әңгімесіндегі» жолаушылар шекарадан өтіп, қарындары тойған соң, қоғамдағы дәрежелері әр түрлі болса да, ән салып бара жататын. Л. Толстойдың «Крейцер сонатасындағы» жолаушылар да кәрі, жас, қызметкері бар, жай адам болып, отбасылық мәселені пойызда қызу талқылап келе жататын.

Қ. П. Жүсіптің келесі бір әңгімесі – «Жолға шыққан үшеу». Үш жолаушының бірі – 13–14 жастардағы Самат. Бұл әңгімеде көлік жүргізушілердің жолда көретін қиындықтары Саматтың көзімен баяндалады. Көлік жүргізушісі Қайыпқали батпаққа батып қалған көлігін жалғыз өзі алып шығады. «Еш қозғалмастай шегенделіп, машинаны жібермей тұрған ми балшық дәл қазір Қайыпқалидің күрегі тақала бергенде өздері опырыла жігінен бөлініп, аулаққа топ-тобымен асығыс атылып жатқан сияқты» [3, 35 б.]. Дәл осы суреттеу жазушының сөз қолданудағы шеберлігін танытады. Қайыпқалидің ми батпақты жылдам түрде күрекпен лақтыра бастауы әдемі бейнеленген. Қайыпқали үшін ми батпақ кедергі бола алмайды. Оның осы қайратына сүйсінген Саматтың көлік жүргізуші мамандығына қызығушылығы арта бастайды.

Даладағы жолмен жүретін жүргізушілердің ауа райының қолайсыз кездерінде көретін қиындықтары көпшілікке мәлім. Жол бойы Самат жүргізуші Қайыпқалидың мінезін, іс-әрекетін бақылаумен болады: «Шофердің жүзіне үңіліп еді, қамығу мен шаршаудың ізі жоқ тәрізді» [3, 35 б.].

Ғ. Мүсіреповтің «Екінші Би аға» әңгімесінде қайта-қайта бұзыла беретін көлігіне ызаланып келе жататын шоферды көретінбіз.

Самат Қайыпқалидің сабырлылығына таң қалады. Үшінші жолаушы Ахмет болса, керісінше, өте шыдамсыз. Жол азабына әркімнің әр түрлі мінез танытатыны қисынды. Кімнің сабырлы, кімнің күйгелек екені осындайда білінеді. Жолаушылар ауылға жеткенше жасөспірім бала Саматтың ішкі ойы үзілмей беріліп отырады. Қайыпқалидің тәжірибелі, қайратты, бейнетқор шофер екендігі оны шабыттандырады, тіпті, шофер болуды да шешіп қояды. Бұл әңгімеде әр кәсіптің өз қызығы мен қиындығы болатынын айтқысы келген.

Әңгімелердегі табиғат суретінен, ауа райы құбылысының көріністерінен автордың сөз бояуын дәл қолдану жетістігін байқауға болады: «Түнімен терезе көздерін түйме тамшылар сырт-

сырт соғып әндетіп шықты» деген жолдағы тамшылардың түйме сияқты бейнеленуі, «төбеде дүрдиген, дудаланған сұр қабақ бұлттар жамырай шеру тартып барады» деген сөйлемдегі күздегі бұлттың «дүрдиген» деген сөзбен берілуі. «Кешіккенін айыпты санағандай жалғыз-жарым қаңбақтар бүкендеп домалайды» [3, 30 б.]. Осы мысалдағы қаңбақтың қимылын «бүкендеп» деген эпитетпен өте әсерлі жеткізген. Әдетте «бүкендеп» деп аш қасқырдың жүрісі сипатталатын.

Қорыта айтқанда, Қуандық Пазылұлы Жүсіптің әңгімелерінен портрет берудегі, характер сомдаудағы шеберлігіне көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы. – Т. 2. Сөз өнері: Монография. – 1983. – 456 б.

2 Ысқақұлы Д. Әдеби сын тарихы. Оқу құралы. – Алматы: «Таңбалы», 2012. – 580 б.

3 Жүсіп Қ. Күздің жауынды бір күні. Әңгімелер / Найзатас, №5, 2021

ҚУАНДЫҚ ПАЗЫЛҰЛЫ ЖҮСІПТІҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚИТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

АНАПИНА А. Н.

магистрант, МҚТМӘ-201(н) тобы, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Әдебиетті оқыту мәселесі бүгінгі күні де өз өзектілігін жоғалтпады. Себебі, бүгінгі күнгі жаңартылған оқу біліміндегі өзгешеліктер әдебиеттегі де өзгертулерді талап етеді.

«Әдебиет әдістемесі – педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Мұның қамтитын: объектісі, қарастыратын мәселелері мектепте әдебиетті оқыту сабақтары кезінде мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы болып табылады, ол педагогика ғылымы теориясының жалпы қағида ережелеріне сүйенеді. Бірақ әдебиет әдістемесі педагогика сияқты мектеп, оқу-тәрбие мәселелерін тұтас алып қарастырмай, тек көркем әдебиетті оқып үйрену негізінде оқушыларға берілетін білім мен тәрбие мәселелерін ғана өз шеңберінде алып баяндайды», – деп жазды көрнекті әдіскер-ғалым А. Көшімбаев. Бұдан әдебиет әдістемесі

ғылымы мен жалпы педагогика ғылымының өзара байланыста болатынын көреміз. Әдістемеліктің қолданбалы ғылым екендігін және ол жалпы дидактиканы негізге ала отырып, алуан түрге ене алатынын көрнекті педагог Ж. Аймауытұлы айқындап айтқан [1, 55 б.]

Әдебиетті оқыту мәселесі Ә. Қоңыратбаев, Т. Ақшолақовтың еңбектерінен бастау алып, А. Көшімбаев, Ә. Қасымбеков, Қ. Бітібаева сияқты ғалымдардың зерттеулерінде нақтыланып, Қ. П. Жүсіптің еңбегінде толықтырылып жазылған еді. Бұл аталған зерттеушілер құнды кітаптар қалдырғаны рас, әрбіреуін оқу арқылы өзіне түйер мол дүние алатынын рас.

Мектепте тілді, әдебиетті дұрыс оқыту өте маңызды. Біздің ойымызша, әдебиетті оқытатын әрбір мұғалім Мәшһүр-Жүсіп Қуандық Пазылұлының «Әдебиетті оқыту мәселелері» деген ерекше еңбегін оқуы шарт. Себебі, бұл кітапта әдебиетті қалай оқыту керектігінің нақты жолдары берілген.

Әдебиетті оқытатын мұғалімнің әдеби-теориялық білімі өте жоғары болуы тиіс. Ол өлеңді оқып шығып, оның тіліне, сыртқы тұлғасына, құрылысына бірден талдау жасай алатындай дәрежеде болуы керек. Оқушының алдында өлең берілгенде, оны оқып, идеясын анықтап, стилін, жанрын, көркемдеуіш құралдарды бірден айтып бере алса, бұл оның мектептегі мұғалімнің жасаған еңбегі болып табылады. Әрине де, бүгінгі күні жаңартылған оқу әдістемесі бойынша әдебиетті өткізудің талаптары өзгеше, алайда, әрбір сөздің мәнін оқытып, теориялық білімін жетілдірсе, бәлкім, әдебиетті сүйер оқушылардың саны өсуі де ықтимал.

Әдебиеттану ғылымынсыз әдебиетші мұғалімдер әдебиетті ғылымның әрі өнердің бір саласы ретінде оқыту мүмкін емес. Бұл пәнді оқытудың күрделілігі де қызықтығы да осында. Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркемсөз табиғатын ашатын заңдылықтарды білуі керек, көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс.

Әдебиет ғылымының үнемі дамуының арқасында әдебиет әдістері жүйеленіп, молайып, қорланып, байып отырады. Мектепте оқылатын әдебиет пәні, қазақ әдебиеті әдебиет тану ғылымына енген теориялар мен әдістер арқылы дамиды. Қазақ әдебиетін оқыту – ғылым ретінде дамуын мына бағытта зерттейді: ғылыми-әдеби

эксперимент; жаңартылған сабақтың түрлері; шығармашылықпен оқыту жүйесі; дидактикалық ұстанымдар болып табылады.

Қазіргі жалпы білім беретін қазақ он екі жылдық орта мектептеріндегі әдебиет пәндерінің оқытылу жүйесін толықтай санаға сіңіріп, ойша елестетіп, жақсы игеру үшін, аталған пәндердің өткен ғасырлардағы жүргізілу жайын білу, бағдарлау қажет. Бұл орайда, гуманитарлық жоғары оқу орындарында (ЖОО) «Қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту әдістемесі» курсынан дәріс оқып жүрген оқытушылар, ең алдымен, XIX–XX ғасырлардағы әдебиеттік оқу туралы әдістемелік нұсқау, оқулықтар жазған ресейлік әдебиетші-әдіскерлерінің ой-пікірлеріне назар аударғандары жөн болады. Айталық, бұл мәселеге сол он тоғызыншы ғасырдың өзінде-ақ қазақ балаларын оқыту ісінде жаңа үлгі әдістерді жасап, ұсынған тұңғыш ұстазәдіскеріміз Ыбырай Алтынсарин жете көңіл бөлген. Оның алғашқы оқу құралы «Қазақ хрестоматиясын» [2, 15 б.] құрастырып, жазу барысында ұстанған бағыты орыс әдіскер-әдебиетшілерінің жұмыстары болғандығы белгілі [3, 8 б.]. Ұлы ағартушыпедагог Ыбырай Алтынсариннің осы бағытын жиырмасыншы ғасырда творчестволықпен дамытып, алға апарушы атақты әдебиеттанушы-әдіскер ғұламамыз Ахмет Байтұрсынов болды. Оның жаңаша жазылған, тың тұрпатты әдеби әдістемелік, теориялық еңбектері [4, 21 б.] бүгінде баршаға мәлім. Олардың мұндай жаңа заман талабына сай құрастырылған, жазылған бұл оқу құралдарының үлгі-өнегесі, мән-маңызы бүгіндері күнненкүнге артып келеді. Осы орайда аңдап қарасақ, Ы. Алтынсарин және А. Байтұрсынов сынды білімпаздарымыз өздеріне дейінгі, өздерімен тұстас, қанаттас өмір сүрген орыс әдебиетші сыншыларының, әдіскер-оқытушыларының еңбектерімен дер уағында танысып, өздерінің кәдесіне жаратып отырған.

Қазіргі қазақстандық мектепте әдебиетті оқытуды түсінуге арналған материалдарды талдау кезінде орыс әдебиеті сабақтарының жағдайы үшін алаңдаушылықтың толық болмау фактісі назар аударарды. Әдебиеттерді оқуға бөлінген сағаттарды азайту (аптасына 2 сағат) және зерттелген жұмыстар көлемінің тез артуы мұғалімді қатаң таңдау жағдайына қояды. Әрине де, кез келген оқушыға әдебиетті «білуге» үйретуге болады, яғни әдебиетке қатысты фактілерді механикалық түрде жаттатуға болады. Әрине, жазушының өмірбаянын, шығарманың құрылу және жұмыс істеу тарихын, сондай-ақ жұмыстың негізгі оқиғаларын білу маңызды. Бүгінгі таңда кеңестік филолог Г. А. Гуковскийдің сөздері таңқаларлықтай өзекті. Ол 1947

жылы «Мектептегі әдеби шығарманы зерттеу» кітабында: «Әрине, студенттер орта мектептен орыс әдебиетінің негізгі шығармаларын «сыртқы» білімді де шығаруы керек, бірақ бастысы бұл емес, әдебиет арқылы олар өткенді терең түсінуге үйренеді. Бұл дегеніміз, біз оларды оқуға үйретуіміз керек, яғни мектеп бағдарламасына енгізілген шығармаларды ғана емес, жалпы барлық жұмыстарды, соның ішінде біздің оқушыларымыз бес, он, отыз жылдан кейін оқитын, көп нәрсені түсініп үйренуі керек» [5, 223 б.].

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымына елеулі еңбек сіңіріп, өзіндік ой-пікір, ғылыми тұжырымдарымен әдістеме тарихынан орын алған әдістемеші, ғалым Қ. П. Жүсіптің еңбектеріне, әдістеме ғылымына қатысты көтерген мәселелерге тоқталғымыз келеді. Ол әдістеме саласында алпысыншы жылдардың соңынан бері жүйелі әрі табанды түрде ғылыми зерттеу жүргізіп келеді.

Өзіндік дамыту, топтық оқыту, дамыта оқыту, жобалау т.б. педагогикалық технологиялар мен оқушының өзіндік әрекетін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер баланы өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, шығармашылық тұрғыдан дамуына әкеледі. Қ. П. Жүсіп ұсынған әдіс- тәсілдер осы мақсаттарды шешуге бағытталған.

Оның «Әдебиетті оқыту мәселесі» еңбегі «Өлең оқыту ерекшеліктері», «Мектепте эпостық шығарманы оқыту», «Көркем шығарма тілін таныту» деген үш бөлімнен тұрады. Бұл мектеп мұғалімдеріне арналған үлкен көлемді еңбек әрі көмекші құрал. «Әдебиетті оқыту мәселесі», «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту» сияқты қомақты еңбектері жарық көрді. Кітаптарда Қ. П. Жүсіптің көп жылдан бергі ізденістері жинақталып берілген. Автордың мақалалары 1983 – 2009 жылдары республикалық журналдарда үзбей басылып келді.

«Әдебиетті оқыту мәселесі» еңбегінің бірінші бөлімі: Өлең оқыту мәселелері, лирикалық шығарманы оқыту ерекшелігі, 5–6 сыныптарда өлең оқыту, 7–8 сыныптарда өлең оқыту, 9–11 сыныптарда өлең оқыту, М. Жұмабаев өлеңдерін оқыту, С. Сейфуллин өлеңдерін оқыту, өлең сырын ашу, оқушы ізденсін десеніз, мектеп оқулығы және Мәшһүр Жүсіп деген бөлімдерден құрылған.

Кез келген авторды, өлеңді талдау мұғалімің оқушыларға қоятын сауалдары мен олардың жауап беретін ықтимал жауаптары арқылы талданады. Троп түрлері, сөздің мағынасын тану, ажырату сияқты ойлар негізінде жасалған.

Екінші бөлім мектепте эпостық шығарманы оқыту деп аталады. Ішінде: Оқушының іздену мәселелері, М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» дастанын оқыту, С. Торайғыровтың «Кім жазықты» романын оқыту, М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанын оқыту, С. Сейфуллиннің «Көкшетау» дастанын оқыту, С. Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» дастанын оқыту, І. Жансүгіровтың «Құлагер» дастанын оқыту деп бөлінеді.

Үшінші бөлім: «Абай жолы» тілін оқыту (I, II нұсқа), көріктеуіште мәніс көп, «Көп» ұғымында мәніс көп, Сөз маржаны, Сөз – қазына, Қазақ тілінің басқа тілдермен байланысы, көркем әдебиет тілінен мысал теруге басшылық, дағдылы балама және жаңалық мәселесі болып бөлінеді.

Барлық бөлімдер ықтимал сұрақтар, ықтимал жауаптар арқылы іске асады.

Қ. Жүсіп әдістемесіне үңілсек, тек өлең көркемдігіне үңіліп қана қоймайды. Ондағы білім алушыларға құрастырылған сауалдар әр өлеңнің ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Өлеңнің тақырыптық-идеялық ерекшелігі, лирикалық қаһарман көзімен берілген табиғаттағы көркемдік, автор назар аудартқысы келген қимыл, кейіпкерлер көңіл-күйі т.б. назардан тыс қалмайды. Тіпті ақындық ерекше сөз қолданыс та қамтылады. Мәселен, Абайдың «Жазғытұры» өлеңінде тіршілік салтанатына, әсем қозғалысқа, дыбыс ерекшелігіне, адамдардың көңіл-күйіне, жарасымды қимыл-қозғалысқа назар аудартып барып, соларды ашатын сөздермен жұмыс жасауды ұсынады. Содан кейін ғана өлең көркемдігін, яғни, троп, фигура түрлерін ашуға кірістіреді. Жоғарыда бүгінгі күнгі жаңартылған бағдарлама бойынша троп түрлерін ажырата алу да үлкен жетістік.

«Мектепте әдебиетті оқыту - өте жауапты іс» деп айтылғандай, бұл еңбекте сабақты дұрыс қалай өткізудің жолдары берілген [6, 3 б.].

Қ. П. Жүсіп әдістемесіне, әсіресе, лирикалық шығармалар мен дастандарды оқытуға шолу жасай, мән бере отырып, мына нәрселерге көз жеткіздік: барлық шығармалар жан-жақты толық талданады, яғни, оқушы теориялық білім мен тәрбиелік үлкен мектептен өтеді; Топпен де жеке де жұмыс жасауын үйренеді; т.б. Сонымен қоса, әдебиетті оқуға деген құштарлық пен қызығушылық оянады.

Қ. П. Жүсіп әдістемесі мен қазақ әдебиетін оқытудағы ерекшеліктерден көп нәрсені игеруге болады. Әрбір мұғалім бұл еңбектен мол дүниені алып, сабақтардың әдістемесіне қосса

нұр үстіне нұр болар еді. Ұлттың әдебиетін ұлықтау, екіншіден, болашаққа жанашырлықпен қарау - кез келген мұғалімінің бойынан табыла бермейтін қасиет. Заманның да, мектеп бағдарламасының да бір орында тұрмасы анық. Солай бола тұра, бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасымен оқытылатын шығармаларды Қ. П. Жүсіп әдістемесіне заманауи ақпараттық коммуникациялық технологияларды қосса сабаққа деген қызығушылық өсер еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1969.
- 2 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия). – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.
- 3 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
- 4 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш: Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 5 Гуковский Г. А. Изучение литературного произведения в школе. Тула: Автограф. 2000. – 223 б.
- 6 Жүсіп Қ. П. Әдебиетті оқыту мәселелері. – Павлодар: «Brand Print», 2011. – 466 б.

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ К. М. ЖУСИПА

КАИРОВА А. К., КАИРОВА Б. К.
учителя истории и географии, СОШ № 24, г. Павлодар



Одним из значимых событий казахского народа является 163-летие со дня рождения известного казахского поэта, публициста, этнографа и просветителя Павлодарского Прииртышья Машхур Жусупа Копеева. Произведения М. Ж. Копеева в разное

время входили в литературные хрестоматии, учебники и сборники казахской поэзии.

В конце XIX – начале XX веков из казахской среды вышло целое созвездие профессиональных историков, одним из них был Машхур Жусуп Копеев. Он был одним из носителей познаний духовной и вещественной культуры собственного народа, знал на память степные предания, важные заключения биев, законы простого права, ритуалы и шежире. Машхур Жусуп Копеев был одним из ярчайших адептов государственной исторической науки. Родился на территории современного Баянаульского района, который входил в состав Западно-Сибирского генерал-губернаторства. Учился в аульной школе. В 1870 году обучался в Бухарском медресе Хазрета Камара, впоследствии чего он двигается в иные районы Северного и Центрального Казахстана, дабы коллекционировать произведения устного казахского творчества. Он побывал знакомую всему Казахстану пространства: Караоткел, Атбасар, Кызылжар, ознакомился с жизнью, обстановкой и фольклором семейств и племен, населявших эти края. Он зарекомендовал себя вдумчивым и наблюдательным поэтом, умеющим буквально охарактеризовать и передать увиденные действия и появления жизни. В 1872 г. Машхур Жусуп поступил в медресе Кокельдаш в Бухаре и получил по его завершении высочайшее по тем временам мусульманское духовное воспитание. Впоследствии завершения медресе он некоторое количество лет проработал учителем в родных краях.

С 1875 года трудился учителем в ауле, деятельно промышленлял публицистической работой. Его заметки, очерки, инфы время от времени печатались в печатном издании «Дала уалаяты» и журнальчике «Айкап». Воспользовавшись большущий известностью и авторитетом в народе, почитавшего его познания и дарование, получил имя «Машхур», собственно, что в переводе с арабского языка значит «славный, знакомый, достойный». В 1887–1890 годах посетил в Самарканде, Бухаре, Ташкенте, Туркестане и иных городках с целью знакомства с жизнью, культурой и обстановкой народов Средней Азии. Знакомство с русским востоковедом-тюркологом, этнографом В. В. Радловым воздействовало на составление интересов Машхура Жусупа как сборщика казахского фольклора. Им собрано и размещено большое количество образцов устного этнического творчества казахов... Он почитался святым, пространство его упокоения навещали паломники, люд чистосердечно веровали, собственно, что прикосновение к

надгробию доставит освобождение от заболеваний и духовное выздоровление. С креативным наследием Копеева люд был символом недостаточно. В Большуший русской энциклопедии о нем всего некоторое количество строк. Машхур Жусуп и Шакарим наречены на ее страничках «представителями религиозно-мистического течения» в социальные и философские думы начала XX века в Казахстане. В иной заметке его относят к группе самых заметных «книжников» в казахской литературе в конце XIX – начале XX веков, проповедовавших в собственных произведениях религиозно-патриархальные взоры. Впрочем, БСЭ именует большой наградой «книжников» их собирательскую работу. «Религиозно-патриархальные взгляды» в русское время не приветствовались, произведения Машхура Жусупа не публиковались, как поэта и философа его вычеркнули из литературной жизни... Сегодняя его труды возобновляет заведующий кафедрой казахской филологии К. М. Жусуп, обладающий, как и дед, рыцарским персидским языком. Переводятся труды Копеева с арабского и персидского. Но он нередко воспользовался уменьшениями, которые не просто расшифровывать. Могу заявить, собственно, что сегоднешнее время стало ренессансом творчества Машхура Жусупа. Мы ждем издания ряда дел и меня это беспокоит, охота, дабы произнесенное Копеевым дошло до людей. В 1907 году в Казани в издательстве Хусаиновых вышли поэтические сборники Машхура Жусупа «Опыт, скопленный жизнью», «Положение» и книжка прозы «Кому принадлежит Сарыарка», которая вызвала острую реакцию страны. Практически целый тираж крамольной литературы изъяли, создателя внесли в перечень политически неблагонадежных, довелось на время исчезнуть в Ташкенте, дабы не пострадать за решетку. В данных произведениях создатель затрагивает проблематику общественного неравенства, свободы просвещения и свободы текста. Показательными считаются стихотворения «Воздавая подабающее науке», «О нынешнем занятии казахов», «Повсюду я спутницу жизни искал», «Письмо», «Матери» и иные. В обыкновениях устного творчества написаны дастаны «Торг чертей», «Ястреб и соловей», «Старик и двое молодых» и иные. Не плохое познание арабского и персидского языков разрешило Машхуру Жусупу углубленно выучить поэзии Востока, а еще сделать по восточным мотивам дастаны «Гульшат-Шеризат», «Гибрат-нама», «Баян-нама» и иные. Записанные им из устных этнических сказителей произведений Бухара жырау, Котеша, Шортанбая,

Шоже, стихотворения Абая, С. Торайгырова стали роскошным материалом для фольклористов, историков, литературоведов.

В 1915 году Копеев возвратился в Баянаульский округ, где и закончил провел остаток своей жизни. О предоставленном периоде его жизни и творчества сохранилось недостаточно. Незадолго до гибели Машхур Жусуп распорядился начать строительство личного мавзолея. Там он и был похоронен, впрочем, однако в 1952 году постройка была разрушена властями, недовольными этническим паломничеством к могиле. Мавзолей был восстановлен лишь только в начале XXI века.

Следует отметить, что 22 сентября 1999 году имя М. Ж. Копеева было присвоено Жанажольской средней школе Баянаульского района Павлодарской области, а при Павлодарском государственном университете имени С. Торайгырова был открыт в 2004 году центр изучения Машхур-Жусупа. В 2009 году в городе Экибастуз была переименована в честь Машхура Жусупа центральная улица Ленина, а 2019 году, в городе Павлодаре одна из центральных улиц 1 мая переименована в улицу Машхур Жусупа.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Копеев, Машхур-Жусуп // Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – Т. III.
- 2 Артыкбаев Ж. О. Историческое наследие Машхур Жусуп Копеева – Павлодар, 2004. – 216 с.

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ ІЗБАСАРЛАРЫ

ҚУАНДЫҚ З. Е.

докторант, Торайгыров университеті, Павлодар қ.

XIX ғасырдың II жартысында өмір сүрген акын, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, публицист, сыншы, тарихшы, шежіреші, ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ халқының әдебиеті, тарихы, басқа да ғылымдарына қатысты отыз томнан аса мұра қалдырғаны баршамызға мәлім. Акын еңбектерін ерекше ыждаһатпен көшіріп, кейінгі заманға аман-есен жетуіне ерекше еңбек еткен ізбасарлары болғанына тарих куә. Мәшһүртану

саласында осы бағытта зерттеулердің аз болуы осы тақырыпты тереңінен зерделеуді қажет етеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы әр түрлі жағдайларға байланысты ұзақ жылдар бойы айтылмай, зерттелмей келді. Ресей империясының тұсында қудалауға ұшыраған ақын, кейін кенес үкіметі тарапынан да жан-жақты қысымға алынды. Жеке басына түскен ауыртпалықтардан бөлек, Мәшһүр Жүсіптің шығармалары да қыспақ көрді. Ақын Мәшһүр Жүсіп мұрасын жинақтау мен насихаттау жұмыстарына араласып, осы күнге дейін жетуіне және сақталуына өлшеусіз еңбек қалдырған ізбасарлар қатарына Жолмұрат Жүсіпұлы, Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы, Иманғали Маненұлы, Мұхаммед Әмен Мәшһүр Жүсіпұлы, Мұхаммед Шәрәпи Мәшһүр Жүсіпұлы, Төлеберген Алдабергенұлы, Әшім Қарақызылұлы, Төлеубай Шәрәпиұлы, Сүйіндік Шәрәпиұлы, Қаукен Исабайұлы, Жұқаш Кәрібаев, Рақымжан Мәкішев, Жұматай Әкбарұлы, Сұлтанмахмұт (Шолтым) Иманмәдіұлы, Омар Иманбаев, Нағи Ахметов, Қабыкен Машырапов т.б. жатқызамыз.

Осы жоғарыда есімі аталған ізбасарлары мен шәкірттерінің ішінен айрықша Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы, Жолмұрат Жүсіпұлы және Иманғали Мәненұлын атап өтуге болады. Бұл азаматтар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлымен тірісінде араласып, бірге өмір сүрді. Ақын шығармаларын өз аузынан тікелей естіп, жадыларына сақтаған. Сондықтан, ақын қолжазбаларын көшіру барысында бұрмалауға, шатасуға, ұмыт қалдыруға, өзгертуге жол бермеген деп есептейміз. Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы, Жолмұрат Жүсіпұлы және Иманғали Мәненұлының көшірмелері түпнұсқаға толық сәйкес келеді. Әрине, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы хадим жазуды өзіне лайықтап, өзгертіп жазғаны мәлім. Қолжазбалардың кейбір тұстарында өзіне тән әріптерді, белгілерді қолданғаны байқалады. Ақын қолжазбаларын жаңа тани бастаған зерттеушілерге қиындық туғызатын тұстары мол.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Мифраж» туындысын арнайы қарастырып көрейік. Көлемі 140 шумақтан, яғни 560 жолдан тұратын бұл туындының 6 көшірме нұсқасы сақталған. Соның ішінде ең қомақтысы – 132 шумақты, яғни 528 тармақты құрайтын Жолмұрат Жүсіпұлы (3 папка, 5-жіктелім, 1–9 б.) көшірмесі. Бұдан кейінгі көлемдісі – 124,5 шумақты, яғни 498 жолды қамтитын Иманғали Мәненұлының (2 папка, 46–61 беттеріндегі) көшірмесі. Үшінші толығырағы – 121 шумақты, яғни 484 тармақты еншілеген

Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы нұсқасы. Төртінші нұсқа – 106,5 шумақ, яғни 426 тармақты меншіктеген – жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1171 папканың 32(195)-20(209) беттері аралығындағы «белгісіз бірінші» жазбасы. Мұнда да бет ретін белгілеген кіші сандардың керісінше таңбаланып отыруы қолжазба сақтаушылардың арабша сауатсыздығынан болар деп шамалаймыз. Бесінші мәтін – 93 шумақты, яғни 372 жолды мирас еткен Мұхаммед Әмен Мәшһүр Жүсіпұлының көшірмесі болса, алтыншы ең шағындауы – Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің 1991 жылғы 25 шілдесінде жарияланған, 90,5 шумақты, яғни 362 жолды меншіктеген үлгі. Бұл дастанды Ешмағамбетұлы Әлімшайхыдан алып, баспаға әзірлеген: «қарт ақын Махмет Назарұлы» – екендігі газетте ескертілген.

Жолмұрат Жүсіпұлында жоқ 8 шумақтың алғашқысы: «Жасына кейін қалған қайта бардым» – деп басталатын 3 – шумақ та, екіншісі: «Осындай мазмұнына аят түсті»-жолын бетке ұстаған 22-шумақ Иманғали Мәненұлында, 1171-де және Әлімшайхыда да жоқ. Мұндай әрі Иманғали Мәненұлында, әрі Әлімшайхыда жоқ іліктестікті: «Сарқырап екі бұлақ ағады, біл» – дегенді жалау еткен 36-шумақ; «Әр жерде бас та қалды, аяқ қалды» – дегенді алға ұстаған 45-шумақ туралы да айтуға болады. Ал: «Пайғамбар мұны тауып айтқанында» – дегенді бастау ғып орналасқан 53-шумақ тек Иманғали Мәненұлында ұшырасып, қалған бесеуінде кездеспеуімен ерекшеленеді. Сондай-ақ: «Арытты бұрынғыдан Расул түрі» – деп, шаңырақ көтерген 122-шумақ пен оған ілескен 123 шумақ та тек бір адамда, Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлында ғана шаң беріп, қалғандарының бәрінде қамтылмауымен көзге түседі. Шығарма соңы болып есептелетін: «Тәубені қылатұғын осы кезім» – дегенді маңдайша еткен 140-шумақ та тек Иманғали Мәненұлы мен 1171-де орын алған.

Иманғали Мәненұлында сырт қалған 15,5 шумақ, яғни 62 жолға назар аударсақ, оның: 22,36,45,122,123-шумақтарының Жолмұрат Жүсіпұлында жоқ екені осының алдында ғана ескерілді. Сонымен бірге Иманғали Мәненұлында бастапқы шумақ және: «Тындамай сөзін оның жүре бердім» – дегенмен басталатын 12-шумақ пен 16-шумақ аралығы ысырылса, тап осындай түсіп қалудың Әлімшайхыда да орын тебуі кейінгінің алдыңғыдан көшіру мүмкіндігіне жарық түсірсе керек деп санаймыз. Сондай-ақ Иманғали Мәненұлында: «Мұхаммед, үмбетін көп, уайымың жоқ», – дегенді бетке ұстаған 33-шумақтың алғашқы 2 жолы, «Көтерген

ол төсекті және кейін» – дегенді алға тартқан 38-шумақтың соңғы 2-тармағы жоқ. Бұған қоса: «Иінге қуанғаннан сонда міндім» – айдарымен шыққан 40-шумақ; «Топаннан Нух нәбиге бердің фидих», – деген 60-шумақтың соңғы 2 жолы; «Данаға жас та болса, тең едім ғой» – деп басталған 120-ның соңғы 2 тармағы сырт қалған. Одан әрі Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлында басқаның бәрінде жоқ 122,123 шумақтан кейін орналасқан 124-шумақтың басқаларға тегіс орын алып, тек Иманғали Мәненұлында кездеспеуін дйттеу де өткен ғасыр ақындарының әр нұсқасын ізерлеп салыстыру қажеттігін дәлелдейді.

Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлында жоғарыда ескертілген 53 – шумақ орын алмауымен қатар: «Алдымнан келген қатын, ол кім?» – деп, басталған 16-шумаққа қоса: «Алдынан сәлем берген ислам мен дін» – дегенді қалқалаған 21 – шумақ қоныс теппеген. Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы нұсқасын шөмейтіп тұрған жайт – оның: «Жад қылдым әуел Хақты сөз басында» – дегенді маңдайша еткен 124 – шумақпен тамамдалып, соңғы 16 шумақтың, 64 тармақтың енбей қалуы.

1171 папка мәтініне үңілсек, жоғарыда аталған: 22,53,122,123 – шумақтардың ығысуымен қатар қолжазбаның тұтас 1 парағы, яғни 2 беті түсіп қалып, жоғалуына орай: «Сонда не деп пайғамбар жауап айтты» – жолымен қадам ашқан 57-шумаққа ілескен айналасы 118 тармақтың енбеуі орын алған.

Мұхаммед Әмен Мәшһүр Жүсіпұлы нұсқасын сараптасақ, алдымен оның бастапқы 1 парағы мен соңғы парағы сақталмауына орай – 1-10-шумақтар мен «Олай болса Құдайым сені сүйсін» – деп басталатын 113-шумаққа ілескен 28 шумақ, яғни 112 жол жоқ. Ара-тұра сырт қалған үзіктерді зерделесек: «Мен міндім Мекаилдің енді үстіне» – деп жол ашқан 27-шумаққа тіркескен 28-29 – шумақтар шет қалумен бірге: «Көтерген ол төсекті және кейін» – дегенді алға қойған 38-шумақ (тап осының соңғы 2 жолы Иманғалида жоқ екені жоғарыда айтылды) орын алмаған. Сондай-ақ : «Жоқ қылған Ибраһимге намард отын» (66-шумақ), «Бәрінен артық саған бердім, әні» (72-шумақ), «Солайша шуласады тамам хорлар» (92-шумақ), «Қадамды тақсыр Біләл басқан екен» (97-шумақ), – деп басталатын үзіктер Мұхаммед Әмен Мәшһүр Жүсіпұлында кірмей қалған.

Осы бір ғана туындының сақталған әртүрлі қолжазба нұсқаларының ерекшеліктері мен айырмашылықтарын саралай отырып, ақын ізбасарларының ұшан- теңіз еңбегін, қажымас қайраты мен мұқалмас қаламына таңғаламыз. Мәшһүр Жүсіп

Көпейұлының ізбасарлары Мұхаммед Фазыл Мәшһүр Жүсіпұлы, Жолмұрат Жүсіпұлы және Иманғали Мәненұлының ақын туындыларын кейінгі ұрпаққа аманаттап жеткізудегі орасан еңбектеріне, қазақ әдебиеттану ғылымында лайықты бағасы берілуі тиіс. Қазақ әдебиеті тарихы, оның ішінде Мәшһүртану ілімі жан-жақты зерделеуді, саралауды күтіп тұрған сала.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.

Қ. П. ЖҮСІПТІҢ ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

МУСАПИРОВА Л. О.
зерттеуші-мұғалім, Нұр-Сұлтан қ.

Ұлттық әдебиетті зерттеу ісіне өлшеусіз үлес қосқан, қазақ тілінің сөз байлығын дәлелдеу саласының негізін қалаған, әдебиет ғылымына жаңашылдық әкелген аса көрнекті зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, жазушы Қуандық Пазылұлы Мәшһүр-Жүсіптің туғанына биыл 80 жасқа толып отыр.

Ұстаз оқытушы бола жүріп, көптеген ізбасар шәкірттер даярлады. Қ. П. Жүсіптің алдынан өткен студенттер бүгінде Қазақстанның әр түкпірінде ұстаздық қызмет атқарып жүр. 1987-1992 жылдары Семейдің Н. К. Крупная атындағы педагогикалық институтының қазақ филологиясы факультетінде 50 студент оқыды. Ұстазымыз Қ. П. Жүсіп «Әдбиеттануға кіріспе» және «Әдебиет теориясының негіздері» атты жоғары оқу орындарына арналған әдебиет туралы білімнің ең негізгі теориялық ерекшеліктерін оқытатын пәндерден дәріс берді және тобымыздың кураторы болды.

«Әдебиет теориясы негіздері» курсы академик Зейнолда Қабдоловтың «Сөз өнері» деген атаумен екінші рет өңделіп басылған оқулығымен оқыды. Оқулық факультет студенттерінің жастана оқитын құнды, бағалы оқулығы болды. Қуандық Пазылұлы «Сөз өнері» әлемінің бар сырын ашып, сөз өнерінің басқа өнерлерден артықшылығын нақты мысалдармен дәлелдейтін.

Әдебиет-сөз өнері. Мүсіншінің құралы-саз, суретшінің құралы-бояу, әншінің құралы-ән, бишінің құралы-әдемі қимыл болса, әдебиетшінің құралы-тіл екенін дәйектейтін. Өнердің қадірлісі де қасиеттісі де – көркем әдебиет. Әдебиет кез келген шындықты қимыл, қозғалыс үстінде, құбылта, құлпырта көрсетеді. Сөз өнері-бар өнердің басы «өнер атаулының ең қиыны және күрделісі» (Бальзак) екенін тұжырымдайтын.

Қ. П. Жүсіп өз еңбектерінде қазақ лирикасының көркемдік қуатын айшықтап берді. Лирикадағы көркем бейне жасаудың тәсілдері мен оның сипаттарын қазақ ақындарының шығармалары арқылы талдады. Тек лирикалық шығарманы талдап қана қоймай, сол шығармаларды оқу, түсіну, оның сезімдік күшін білу, сөз өнерінің көркемдік қуатының рухани ықпалын, қоғамдық мәнін ұқтырды. Өлең талдаудың, көркем шығарманың сұлу суреттің табуды үйретті.

Лирика, эпос, драма жанрларының табиғатын таныту, оларды жалаң мазмұндаудан тұрмайды. Сол себепті де, көркемдік талдаудың орны өзгеше. Кеңестік кезеңде көркемәдеби шығарманы талдаудың қалыптасқан үлгісі болған жоқ. Мектеп оқулықтары үшін талдау үлгілері тек қана түрі ұлттық, мазмұны социалистік шығармаларды бір ғана маркстік-лениндік методологиямен шығарма жазу ғана тапсырылатын. Осы шығарманың өзінен де көркемдік әлемді анықтудың тәсілдерін өз талдаулары арқылы көрсетті.

«Әдебиет теориясы негіздері» курсына көркем шығарманы талдауда ғалымның өз әдістемесі бар болатын. Егер бүгінгі жанартылған білім мазмұны негізінде анықтар болсақ, Қ. П. Жүсіптің көркем шығармаға жасаған талдаулары, бізге үйреткен әдеби-көркем үлгіні талдаудың түрлері бүгінгі еркін ойлауды қажет ететін оқушы үшін қажет. Оқушы тек көркем шығарманы жалаң оқып қана қоймайды. Оның көркемдік мәнін ұғады, эстетикалық қуатын бойына сіңіреді. Ғалымның әдебиеттің басы белгісі – көркемдік дей отырып, сол көркемдік әлемді әр студенттің тануын, ұға білуін талап етті.

Қ. П. Жүсіптің ғылыми-педагогикалық тәжірибесінде көркем мәтін мазмұнын білмей, шығарманы талдау мүмкін емес болатын. Ғалым көркем шығарманы талдауда бірнеше кезеңдерді талап ететін.

- 1 Көркем шығарманың мазмұнын ұғу.
- 2 Көркемдікті жасаушы құралдарды таба алу.
- 3 Көркемдегіш құралдардың қолданылу мәні.
- 4 Кейіпкер бейнесін ашудағы орны.

5 Шығарманың тақырыптық-идеялық маңызын көтерудегі мәні.

6 Шығарма құрылымы үшін қажеттілігі.

7 Қаламгер қолданысының мәні.

Ғалымның осындай талдаулары әдеби көркем шығарманы талдау арқылы оның бүйіндей мазмұнынан бастап, тақырыптық-идеялық ерекшеліктерін, жанрлық сипаттарын, көркемдік мәнін, қаламгер шығармасындағы орнын ашу арқылы қоғамдық-әлеуметтік, рухани маңызын да анықтап беретін. Сондықтан да қазақ әдебиетіндегі классикалық шығармаларға талдау жасау кезінде әр детальді жіліктеп шағып көрсете отырып, сөз өнерінің сұлу өрнегін студент санасына сіңіретін. Бұл өз кезінде әр студенттің көркем әдебиетті тағы да қайталап оқып, тағы да тереңдеп қарап, зерделеп талдауына жол ашты.

Әдебиет немесе сөз өнері – көркемдік әлем ғана емес, ғылым ретінде де, мектеп оқулықтарында пән ретінде де Кеңес өкіметі кезінде өз дамуындағы жаңа бір кезеңді өткерді. Қазақ әдебиетінің мамыражай кезеңінде әдеби шығармалар қатары толықты. Сонымен бірге әдебиетте жаңа тақырыптар мен идеялар пайда болды. Қазақ халқы – қашаннан поэзиялық шығармаларға бай халық.

1960–1990 жылдары қазақ әдебиетінде көркемдік әлемдері өзгеше, түрлі бағыттағы ақындар легі де, прозада сан түрлі бояулы әлемді түрлі кейіпкерлерімен жеткізген прозалық шығармалар да мол жазылды. Ғалым өз шәкірттерінің сол мол әдеби мұралардың барлығына дерлігімен таныс болуын, әрбірінің бояуын ұға білуін, көре алуын қалады. Сондықтан да ұсынатын ақын-жазушылар шығармаларының тізбесі де ерекше болатын.

Әдебиет теориясына тың «шарттылық» ұғымын енгізді. Өлең талдауда әр детальға ерекше мән беретін. Детальдің шығарма мазмұны мен көркемдігін ашуға әсері зор. Студенттерге шығарманың көркемдігін талдауда бейнелі сөздерді, стиль қалтарыстарын, жазушының өзіндік ерекшеліктерін ашқызатын. Қазақ өлеңінің табиғатын теориялық білгірлікпен дәйектеп, өлеңтануды дамыты. Оқытушы-ұстаз 1994 жылы Ғылым академиясында «Қазіргі қазақ лирикасындағы стиль мен бейнелілік» атты докторлық диссертациясын қорғады. Ондаған монография, жүз елудей ғылыми мақалалар, оқулықтар мен бірнеше хикаяттар жазды. Ғылыми еңбектері мен мақалалары газет-журналдарда жарық көрді. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына Ы. Алтынсариннің «Өзен»

өлеңі мен Ә. Тәжібаевтің «Толағай» поэмасының талдау үлгісін жариялады.

Үздіксіз, табанды қызмет істей жүре, ұстаз-ғалым «Өлең-сөздің патшасы» (1991), «Қазақ лирикасындағы стиль мен бейнелілік» (1999), «Көркем сөздің құдіреті» (2000) атты зерттеу кітаптарын жазды. «Көркем сөздің құдіреті» кітабы мұғалімдердің көмекші құралына айналды. Ұстаз методикасы қазақ әдебиетінде көркем шығармаларды талдау мен әдебиет теориясында жүйелі қолдануда.

Ғалым қазақ елі тәуелсіздік алғаннан соң мол мұра қалдырған, дегенмен Кеңестік кезеңнің қыспақты цензурасымен кең таралуға мүмкіндік болмаған фольклоршы, этнограф, тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларын зерттеуге арнады. Ұлы ғұламаның шығармашылығын жасынан құлағына сіңіріп өскен немересі әр сөзінің кейінгі ұрпаққа дұрыс жетуін, баба мұрасының кейінгі ұрпақ құндылықтарына айналуына мол еңбек сіңірді. Ұстаз шәкірттері республикамыз кез келген аймақтарында еңбек етіп жүр. Солардың барлығы да меткп реформаларының кез келген жаңалықтарын тез игеріп кетеді. Себебі әдебиетті талдаудың классикалық үлгісін үйренетін мектептен шыққан.

Ұстазымыздың әдебиет теориясына сіңірген еңбегі зерттеліп, қазақ әдебиетіне Қ. П. Жүсіптану мектебі дамитыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТЕР

1 Қабдолов З. Сөз өнері – Алматы: Ғылым, 1987. – 486 б.

2 Жүсіп Қ. П. Көркем сөздің құдіреті – Павлодар: ЭКО, 1999. – 375 б.

Қ. П. ЖҮСІП – МӘШҮРТАНУШЫ ҒАЛЫМ

ОРАЗХАНОВА М. И.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.
ҚИЗАТ М.
студент, 1 курс, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Қазақ халқы жарты ғасырдан астам уақыт бойы жоғалтқан мұрасын, мәдени, әдеби қайраткерлерін қатарға қайтару бойынша біраз жұмыстар атқарып келеді. Ұлы тұлға, дарын иесі М. Ж. Көпеев мұрасының халықпен қауышып, рухани бай дүниесін кейінгі ұрпағы игере бастауы да осының бір айғағы. Ұрпақ алдында тұрған негізгі мақсаттардың бірі – даналардың шығармаларын түгел табу, қалың

оқырманға қайтару. Міне, осындай келелі іспен зерттеуші, ғалым Қ. П. Жүсіп көп жылдар бойы айналысып келді. Ол жетекшілік еткен «Мәшһүртану» орталығының ғалымдары біраз еңбектеніп, нәтижесінде Мәшһүр Жүсіптің мұрасы көп томдық кітап болып баспадан шықты. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын жан-жақты зерттеген ғылыми мақалалар мен кітаптар қазақ ғылымына қосылған сүбелі еңбектер қатарынан орын алды.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев мұрасын халыққа жеткізуде зерттеуші Қ. П. Жүсіптің еңбегі ерекше. Оның ақын мұрасын жинақтап, талдап, жазбаларын жарыққа шығаруда басшылық етуі – өлшенбес ерлік. Ғалым: «Еліміздің Егемендік алуымен байланысты Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мол мұрасын зерттеуге кеңінен мүмкіншілік туды.... Қазір мәшһүртанушылар ақынның шығармашылық лабораториясын әр қырынан қарастыруда» [1], – дейді.

Қ. П. Жүсіп Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын зерттеу жұмыстарын басшылық жасап қана қоймай, сол істің басы қасында жүріп, ақын еңбектерін қазақ тіліне аударып, бірнеше ғылыми еңбектер арнаған. Мәселен, Мәшһүр Жүсіптің суреткерлігі жайлы жазылған мақаласында ғалым Қ. П. Жүсіп Мәшһүр сынды ғұламаның шығармаларын Иассауи, Абай шығармаларымен салыстыра отырып талдайды. Ол Жүсіп Баласағұннан (XI ғ.), Қожа Ахмет Иассауиден (XII ғ.) бастау алған дәстүр сабақтастығына назар аударады. Ақынның адамгершілік тақырыбындағы идеяларын сабақтастырады, ақындардың көркемдік үндестігі, жалғастығын көрсетеді. Иассауиден бастау алған «ит-нәпсіні» ауыздықтау идеясымен, XIX ғасырдағы қазақ ойшылы, сөз зергері Абай өлеңімен ұштастыра талдайды. Абай мен оған ілесе шыққан Мәшһүр-Жүсіп арасындағы көркемдік үндестікті айқындайды.

Қожа Ахмет Иассауиде «нәпсі» туралы сөз болғанда «ит» сөзін қосарлау орын алатындығын айтады:

Бұл ит нәпсі қор қылды-ау мені талай,
Халайықтың қалмасын көңілі қалай?!
Нәпсім үшін итке ұқсап шарладым қыр,
Заты ұлық Ием, сыйынып келдім саған.
Құл Қожа Ахмет, нәпсі иттің аузын жаптың,
Содан кейін арманыңды іздеп таптың.

Қ. Жүсіп «ит» сөзінің де, ұғымның да мағынасы кең екенін, Қожа Ахмет Иассауидің көбінесе бұл баламаны ит «қомағайлығы», «ашкөздігі» тұрғысынан қолданғанына назар аудартады.

Зерттеуші Қ. Жүсіп Мәшһүр Жүсіп шығармаларының ішінде төрт, не сегіз тармақтан құралған дербес өлең түрлерінің көптігіне назар аудартады әрі оның шығыс, оның ішінде араб, парсы, түркі поэзиясына тән құбылыс екендігін алға тартады. Әл Фараби, Жүсіп Баласағұни, Омар һаям, Қожа Хафиз өлеңдерінде де осындай аз сөзге көп мән сыйғызу бар екендігін мысалдар арқылы танытады:

Әр істі ойлау керек әуел бастан,
Не пайда өнері жоқ жігіт жастан.. 109

Ал Абай өлеңдерінде «нәпсі» ұғымы сәл басқашалау алынып, ашкөздік, тойымсыздық емес, көрсеқызарлық, еліктегіштік тұрғысынан ғана енгізілген тәрізді көрінуі мүмкін екендігін, бірақ ақын шығармасында «бұл – асқа тоймау емес, сезімге қанағат етпеу, асқан құштарлық түрінде өріс теуіп, соның өзіне абай болу жағына етпеттеу орын алғандығы» басым екендігін айқындап береді.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме!.

Қ. П. Жүсіп талдауында: «Сырт карағанда,... біздіңше, Иассауиде де «нәпсі» сөзіне «ит» сөзі қосарланғанда, тойымсыздық ұғымын біршама тура қабылдап, иттің асқа тоймауы деп қана қарау орынды болмас еді. Иассауиде де тек иттің асқа т.б. тоймауы емес, сол тектес қанағатсыздық шарпуы бар» [2, 143], – деп тұжырымдайды.

Қ. П. Жүсіп «Мәшһүр-Жүсіптің «нәпсі» ұғымы алдыңғылардан келе жатқан игі дәстүрді бұзбай, соны өзінше өрістету үлгісінде екендігін мысал арқылы көрсетеді. Мәселен:

Жаяу кыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса, жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ.

«Зерделесек, біріншіден, Мәшһүр-Жүсіп ұлттық өрнекті шебер пайдаланған... Ақын осы ұлттық нақышты игеру нәтижесінде нәпсі тыюды көзбен көріп, қолмен ұстарлықтай етіп, әсерлі бейнелеу үлгісін көрсеткен. ...Бұл – оның шеберлігінің тап осы шумақтан көрінетін екінші қыры. Шумақтың үшінші жолында дамыту әдісі орын алуымен қатар мал бағудан гөрі адамның өзін-өзі ұстауы, тежеуі қиындығын алға тарту жүзеге асқан. Бұл шағын, шартты делінген лирика жанры аясында да адам сезімі тереңіне сәуле түсіру нәтижесін, яғни ақын шеберлігінің үшінші қырын танытады.

Шумақтың соңғы тармағы алғашқы үш жолдағыны қорытып біріктіруге арналған. Мұны өлең, шумақ композициясын құру шеберлігі ретінде бағалаймыз» [2, 143], – деп түйіндейді.

Қ. П. Жүсіп Мәшһүр-Жүсіптің ұлттық өрнекті шеберлікпен қолданғандығын мысалдар арқылы көрсетіп, ақын шеберлігін дәлелдейді. Мысалы, дана ақынның «көңіл» дерексіз ұғымын жан иесіне айналдырып, көз соңынан жүргізбеуді айтуы ақынның шарттылық пен жандандыруды тиімді қолдануының нәтижесі екендігін дәл көрсетіп береді. Мәшһүр Жүсіп дерексіз ұғым нәпсіні жан иесіне айналдырып, оны жаяу қылуды шарт етеді. «Жаяу жүру мен атқа мінудің қайсысы баяу, қайсысы тез қозғалу белгісі екені мал баққан қазаққа етене таныс көрініс» екендігін ақын халық түсінігіне жақын ұғым екенін жақсы білгендіктен қолданғандығын, яғни ұлттық өрнекті шеберлікпен таңдай ала білгендігін айқындайды.

Қ. П. Жүсіп: «Себебі көз де, көңіл де бір адамға тән болғандықтан, сөзбе-сөз түсіндіріп, алдымен көз, соңынан көңіл жүреді дей алмаймыз ғой. Мұның бәрі екі ақынның да әр сөзге, сөз тіркесіне ерекше мән бергенін, шағын детальға шалқар шындық сыйғызу шеберлігін дәлелдесе керек»» [2, 143], – дейді Мәшһүр Жүсіп шеберлігі жайлы.

Абай мен Мәшһүр-Жүсіптің өмір сүрген дәуіріндегі зиянды әдеттерді түйрей сынағандығын салыстыра талдайды:

Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап (Абай).
Енді бірде:
Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гу де-гу (Абай).

«Сөйтпін әрі дерексіз ұғымды заттандыру, әрі оны халық ұғымына жақындату арқылы Абай әсерлі де айқын бейнелеу үлгісін әкелді», – дей келе Қ. П. Жүсіп, Мәшһүр Жүсіп те деректендіру мен жандандыруды қолдана отырып, қазақ танымына сай асқан шеберлікпен өтірікті шенегендігін ғалым дәл басып, нақты мысалдармен дәлелдеген:

Өтірік өрттей лаулап жанып жатыр,
Ессіз жұрт көбелектей барып жатыр.
Бірін – торғай, біреуін бөдене ғып,
Өзі мен өзін жаулап алып жатыр. (Мәшһүр-Жүсіп)

Екі суреткердің сол кезде етек алған кеселдің бірі өтірікті шенеуі ұқсас шыққанын мысал арқылы талдап көрсетеді.

Қ. П. Жүсіп Мәшһүр Жүсіптің қайталанбас өзіндік ақындық тұлғасын танытатын сипат-қасиеттер – лирикасына тән нақыл насихатшылдық, фелсапашылдық, поэмаларындағы дастаншылдық дәстүр, шығыс ақындарының көркемдік үлгі-өрнектерін қызықтауы, шежірешілдігі, дін Исламды қарапайым қазақ өмірімен суреттеп түсіндіруі, ілімнің шыққан тегі дін екенін және ілім мен дінді бөлмеу керектігін айтуы және еңбектерінде дін Исламның ақиқаттылығы, құндылығы, қадір-қасиеті, адамзат өміріндегі пайдаларын уағыздауын т.б. зерттеулерінде көрсетеді [3, 70].

Қ. П. Жүсіп Мәшһүр Жүсіп жазбалары мен төл туындыларын жинап, баспаға шығарып қана қоймайды. Сыншы ғалым ақын туындыларына ғылыми талдау жасап, автордың көтерген идеясын айқындап беруге тырысады. М. Ж. Көпеевтің заманға берген бағасын, кейінгі ұрпаққа айтқан өсиетінің, өлеңдеріндегі негізгі көтерілген мәселерді тануымызға көп бағыт берген. «Мәшһүр-Жүсіп кітабының алғашқы бөлігінде де ел билеушілерді түйреп еді, мұнда ол сынын тереңдете түседі деп атап өтеді. Мысалы:

Беліне ақ киізден күйек байлар,
Цифрын бес тиынның бес теңге деп,
Кедейдің хат білмеген соры қайнар.
Мойнына сары жезден қарғы салып,
Алдына неше түрлі дау-шар барып,
Жиылып қара құстай билер отыр,
Жемтігін өлексенің қоршап алып.

Ақын осындай ұнамсыз жайларға ашына отырып, қазақ халқын ынтымақтасып бірігуге, өнер-білімге, отырықшылыққа үгіттейді:

Өнерге, ғылым-білім болсаң жерік,
Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.
Көп жұрттан көз жасыңа қылсаң қуә,
Табылар мұнды-зарлы саған серік.

Октябрь алдындағы қазақ әдебиетінде әділетсіздіктің бергі көрінісі би, болыстар зорлығы көрсетілуімен тынбай, оның түп-тамыры патша төңірегіндегілер әрекетін қамту болды ма десек, тағы да Мәшһүр-Жүсіптен аттап өте алмаймыз. «Сарыарқаның кімдікі екендігі» туындысынан үзінді келтірейік:

...Түнілді естіген жұрт мұнан таза,
Дәнеңе жоқ білмегенге, білгенге- аза.
Манифест бар деушілер тұтқын болып,

Кесілді еш себепсіз оған жаза.

...Қазақта құлақ пен көз болған ерлер
Тұтқында білесін бе неден жатыр?

Осы тұста: «Мәшһүр-Жүсіптің қай шығармасында болмасын, халық қамын, кедей тұрмысын кең таныта білгені, әлеуметтік теңсіздікті батыл сынап алғаны деп» [4, 3], – тап басып көрсетеді.

Қ. П. Жүсіп Мәшһүр Жүсіптің өлең жазудағы шеберлігін, бейнелілігін, қолданған сөз кестелерінің ерекшеліктерін, ұлттық боямен көмкерілгендігін ғана талдап, танытып қоймайды, сондай ақ, Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің шығыс поэзиясы үлгісінде де, орыс поэзиясы дәстүріне де иек арта отырып жазғандығын өз еңбектері арқылы дәлелдеп көрсетеді.

Қ. П. Жүсіп Мәшһүр Жүсіптің айтыс өлеңдерін де зерделейді. Оның айтыс өлеңдерінің өзіндік түрін тудырғанына оқырман назарын аудартады. Ондағы сөз таластырушы екі адамның екі ақын емес екеніне, бірі – лирикалық қаһарман да, екіншісі – дерексіз шартты ұғым, болмаса жануар не құс болып келетіндігіне көңіл бөлгізеді. Оған мысал ретінде «Мәшһүрдің ақындығымен қоштасқандығы», «Мәшһүр Жүсіптің шабдар атпен айтысқаны», «Мәшһүр Жүсіптің тырнамен айтысы», «Мәшһүр Жүсіптің ала қарғамен айтысы» өлеңдерін талдап көрсетеді.

Қ. П. Жүсіп Мәшһүр Жүсіптің еңбектерін жариялауға басшылық етті. Ғалымның Мәшһүртануға байланысты ғылыми зерттеулері біршама. Мәшһүр-Жүсіп туралы ойлар», «Мәшһүр-Жүсіп және Абай», «Мәшһүр-Жүсіп кесенесі тарихы», «Мәшһүр Жүсіп кесенесі алдында сөйленген сөз», «Мәшһүр-Жүсіп кабірі басындағы тебіреніс», «Тағы да Мәшһүр-Жүсіп хақында», «Мәшһүр-Жүсіп дін туралы», «Мәшһүр-Жүсіп және дін мәселесі (екінші мақала)» т.б ғылыми, әдеби мақалалары бар.

Зерттеуші, ғалым Қ. П. Жүсіп Мәшһүртану ісіне өте елеулі үлес қосты. Мақала арқау болғаны тек ғалымның өлеңге қатысты еңбектері ғана. Бұл ғалымның Мәшһүртанудағы елеулі еңбегінің тек бір қыры ғана. Ал Мәшһүр Жүсіп еңбектерін жүйелеп, талдау, жинақтау, аудару т.б. еңбектері – өз алдына жеке еңбекке жүк боларлық мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік.– Павлодар : ЭКО, 2007. – 440 б.

2 Жүсіп Қ. Мәшһүр-Жүсіп - суреткер. // «Ұлт тағылымы» журналы, Б.143-148 №3, 2004 ж

3 Жүсіп Қ. Мұхаммедфазыл Мәшһүр-Жүсіұлы. // «Қазақстан мектебі журналы, №1, 70-73 б.2004 ж.].

4 Жүсіп Қ. Мәшһүр-Жүсіп қазынасы // Қызыл ту, № 247, 27 декабрь 1988 жы., 3 б.

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

СЛЯМБЕКОВА Қ. С.

Дарынды балаларға арналған № 3 гимназиясы, Павлодар қ.

Жаңартылған білім жүйесі білімнің мазмұнын өзгертті. Білім мазмұны өзгерген тұста оның негізгі құрылымдық жүйелеріне де жаңа сипаттар қажет екені анық. Осы бғытта тілді оқытуда оқыған материалдың теориялық негізінен бұрын тәжірибелік мәніне көп назар аударылуда. Мәтіннің теориясынан гөрі тәжірибелік сипатына назар аудару – оқу сауаттылығын көтеруде қажет. Қазіргі әлемдік талаптар қатарында оқытудың қорытынды аттестаттауын өткізудің тапсырмаларының талаптары мен форматы PIRLS, PISA, ICILS халықаралық салыстырмалы зерттеулерін негізге алады. Сонымен бірге SAT тестінің құралдарымен ұқсастығын ескереді. Бұл функционалдық сауаттылық пен құзыреттілікті өлшеуге бағытталған сұрақтарды қоса отырып, ҰБТ мазмұнына да енгізілді.

Оқушылардың кешенді білім жүйелерінің талаптарының өзі де құзыреттіліктерін, дағды мен білімнің қоғамдық тәжірибелік сипатына бағытталып отыр. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» [1] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысында 2018 жылдарға дейінгі тілді игеру жағдайына талдау жасай келіп, жастар арасындағы кітап оқу мәдениетінің төмендігін, ауызша сөйлеу сауаттылығын көтеру қажеттілігін, тілдегі бейнелі сөздерді сөйлесім әрекеттерінде қолдана алу, ұлттық тілдегі бай лексикалық қорды күнделікті өмірде пайдалана алуының жеткіліксіздігін атап өтеді. Осы ретте, көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру арқылы кітап оқу мәдениетін көтеріп, ұлттық тілдің бай қабаттарын барынша ашып көрсете алады. Оқушылардың қазақ тілін жан-жақты, терең

менгеруіне көркем әдебиетті материал ретінде қолданылумен түсіну, ойлау, талдай білу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» [2] коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға бас назар аударылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы негізінде бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» [3] көрсетілген №17 бөлімдегі «Тіл және әдебиет» саласы қамтитын «Сауат ашу (оқу, жазу)», «Әдебиеттік оқу», «Қазақ тілі» пәндерін тереңдете оқытуға да мүмкіндік аламыз.

Қазақстанның рухани дамуының басты тетіктерін негіздеп берген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының алға қойып отырған бес құрамдас бөліктерінің («Бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы») орындалуының шарттары үшін де тілді үйрену, оның бай мұраларын ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, бойға жинау әрі алған білім негіздерін ел дамуына пайдалана алу міндеттері шығады [4].

Мемлекеттік білім беру саясатының негізгі талаптарының өзі де – оқушының тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруды қажет етеді. Сондықтан да қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқу сауаттылығын қалыптастыруға оқулықтан бастап негізге алған. Оқулықта әр тақырыптан соң сұрақтар мен тапсырмалар берілді. Бұл материалды түсіну, ұғынудан бастап, пысықтау, бекіту және ой қозғау, ой өрбіту, ой дамыту жұмыстары үшін тиімді болары сөзсіз. Сонымен бірге сұрақтар мен тапсырмалардың тек ауызша ғана емес, жазбаша орындалатын түрлері де қамтылды. Шағын әңгіме құрастыру, эссе, өз ойын жазу тапсырмалары бар. Жазылым әрекеті арқылы оқушы нақты бір тақырып бойынша әдеби тілде дұрыс, сауатты сөйлем құрап, өз ойын жеткізе алуға дағдылана бастайды. Сұрақтар мен тапсырмалардың орындау түріне, түсіну деңгейіне қарай қарапайым, орта және күрделі түрлері әзірленді.

1 Қарапайым деңгей түрлері тақырып мәтінінде бар мәліметтерден тұрады.

2 Орта деңгей тест түрінде, екі қатар жауапты талдау түрінде қойылған.

3 Күрделі деңгей оқушының өз ойын, жеке пікірін жеткізе алу, тақырыпқа қатысты ойды кең көлемде талдай білуге дағдыландыруды мақсат етеді. Сонымен бірге күрделі деңгей

оқушының шығармашылық ойлау кеңістігіне жол аша отырып, өзіндік ойлау қабілетін арттыруға бағытталған. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда тек оқулық көлемінде қалып қоймайтындығы белгілі. Оқулықтағы тапсырмалар күнделікті оқушылар өздері орындайтын тапсырмалар ретінде тиімді. Сонымен бірге қосымша да тапсырмалар беріледі. Осы ретте, оқу сауаттылықты дамытуда оқулықтағы бар мәтіндердің тапсырмаларын да пайдалану әдісі жиі кездеседі.

Мысалы, 9-сыныптың «Қазақ тілі мен әдебиетінде» «Қазақтар – Ұлы дала мұрагері» деген мәтін бар.

Оқулықта мәтінмен жұмыстың бірнеше түрлері бар. Оқу, сөздердің мағынасын анықтау, кластерге түсіру, суреттер арқылы постер құрастыру, мәтіннен көшпенділердің рухани және материалдық байлықтарын теріп жазу сияқты жұмыстарды орындайды. Бұл жұмыстар оқушылардың мәтінді түсінулеріне, игерулеріне ықпал етеді. Мәтін соңы тапсырмаларға бекіту, тексеру мақсатында бірнеше сұрақтар беруге болады. Осы мәтінді оқушылардың игеруі үшін бірнеше сатылай талдау түрін жасауға болады. Бұл тек мәтінді меңгерулерін тексеріп қана қоймай, оқу сауаттылығына қаншалықты жаттыққандарын, төселгендерін де анықтауға мүмкіндік береді.

Мәтін мазмұнын толық берудің де маңызы зор.

«Көшпенділердің материалдық мәдениеті көші-қонға, тұрмысқа ыңғайлы болды. Киіз үй, атәбзелдері, ер-тоқым, теріден, ағаштан жасалған ыдыс-аяқ, бесік, тұрмыстық заттар – көшпенділердің материалдық мәдениеті. Көшпенділердің рухани мәдениеті өте бай. Оларда шығармашылықпен ойлау жүйесі ерекше дамыды. Көне түркілер алғашқы әріп жазуының бір түрі руна жазуды ойлап тауып, пайдаланды. Есік жазуындағы 17 әріптің 13-і – көне түрік алфавиті.

Бұл – V ғасырда түркілердің жазуы мен мәдениеті, рухани байлығының жоғары деңгейде дамығандығын көрсететін аса құнды жәдігер.

Түркілер мемлекетті дала демократиясына сүйеніп басқарды. Би-шешендер ханның білгір ақылшысы, кеменгер кеңесшісі болды. Би-шешендердің дана ойлары, тапқыр сөздері, әділ шешімдері мемлекетті демократиялық басқаруға жол ашты. VI ғасырда түркілердің әдеби тілі қалыптасты. Би-шешендер бай ауыз әдебиетін қалдырды. Көшпенділердің бірегей мемлекеттік құрылымы дамыды. Қазақ хандығы кезінде ғана аспапта ойналатын 5000-дай күй

дүниеге келген. Бүгінгі қазақ халқы – сол өркениеттің тікелей мұрагері» [5].

Оқушыларға осы мәтінді ұсына отырып, бірнеше тапсырмалар беріледі. Бұл тапсырмалар оқушылардың құзыреттіліктерін және танымдық үдірістерін дамытуға бағытталуы тиіс. Мұғалім оны алдын-ала белгіліп алып, келесі мәтіндерді игеруіне диагностика жасау үшін пайдаланады.

Сұрақ 1. Қазақтар – Ұлы дала мұрагері

Мәтін мазмұны бойынша

Көшпенділердің материалдық мәдениетіне не жатады?

A. Күй, ыдыс-аяқ

B. Ән, киіз үй

C. Толғау, бесік,

D. Жыр, атәбзелдері

E. Киіз үй, бесік

Құзыреттілік: керекті ақпаратты іздеу және табу

Мәтін форматы: тұтас

Танымдық үдеріс: білу

Сұрақтың түрі: ұсынылған нұсқаны таңдау

Жауап коды: E.

Сұрақ 2.

Түркілердің әдеби тілі қашан қалыптасты?

A. V

B. VI

C. VII

D. VIII

E. IV

Құзыреттілік: керекті ақпаратты іздеу және табу

Мәтін форматы: тұтас

Танымдық үдеріс: түсіну

Сұрақтың түрі: ұсынылған нұсқаны таңдау

Жауап коды: B.

Сұрақ 2.

Мәтін бойынша құрастырылған жоспарды ретімен қойып шығыңыздар.

Кесте 1

Шығармашылық ойлау және руна жазулары	2
Күй – рухани мәдениет түрі	7
Көшпенділердің материалдық мәдениетінің ерекшеліктері	1
Түркілер жазуы – өркениет белгісі	3
Дала демократиясының негізіндегі билік	4
Әдеби тілдің қалыптасуы	5
Би-шешендер орны	6

Құзыреттілік: интеграция және интерпретация
 Мәтін форматы: тұтас
 Танымдық үдеріс: синтездеу
 Сұрақтың түрі: жабық құрастырылған жауап
 Жауап кодтары: 1-3; 2-1; 3-4; 4-5, 5-6; 6-7; 7-2.

Оқушылардың білім мен дағды, іскерлік, болашақ даму, азамат ретіндегі қалыптасуларына қажет талаптар, мақсат пен міндеттерді белгілей отырып, келесі нәтижелерге қол жеткізіледі деп күтіледі.

Оқушылар мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтай алады. Мәтіннің негізгі мазмұнын ұға отырып, оның басты белгісін негізгі дерек, ақпарат, мәліметін таба білуге үйренеді.

Мәтіннің жанрлық сипаттарын біледі. Әр жанр түрлеріне қажет тілдік оралымдар мен тілдік құрылымдарды ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде қолдана бастайды.

Шығарма тақырыбын белгілеп, идеясын аша алатын болады. Оқыған мәтін мазмұнынан байланысты қосымша ақпарат көздерінен мәліметтерді, ақпараттарды, деректерді жинауға дағдыланады. Оқушылардың сөздік қоры көбейеді. Оқу сауаттылығына дағдыландыру бірнеше жұмыс түрлерін толық қамтуға мүмкіндік береді. Сонысымен де тәжірибелік сипаты басымдеп есептеуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы [https:// adilet.zan.kz/docs/P1900001045](https://adilet.zan.kz/docs/P1900001045)

2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [https:// adilet.zan.kz/docs/ U1000001118](https://adilet.zan.kz/docs/U1000001118)

3 Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [https:// adilet.zan.kz/ kaz/docs/ P1200001080](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001080)

4 Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. <http://www.akorda.kz>

5 Қазақ тілі мен әдебиеті. Бейтерек. Оқулық. 1-бөлім. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина ж.б. – Алматы: Көкжиек – Горизонт, 2019. – 148 б.

Қ. П. ЖҮСІПТІҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

ТҰРАП Н.
 ЕЛІКПАЕВ С. Т.

ф.ғ.к., профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп – қазақ әдебиетіне 60 жылдар араласқан еңселі де ірі әрі қабырғалы ғалымдарымыздың бірі. М. Әуезовтің әңгімелерінен зерттеуден басталған соқпақ жол бүгінгі күндері соңынан сансыз шәкірт ерткен даңғыл жол, жібек жолындай қанат талар ұзақ та, тұяқ тозар мол да.

С. Қасқабасов, М. Мағауин, С. Әшімбаев, Т. Жұртбаев секілді ғалымдармен бірге бастау алған іргелі ғалым ойлары бүгінгі әдебиет ғылымында жеке мектеп, таныс тарауға айналды. Осы қатардағы сөз өнерінің бар өнегесін кейінгі ұрпаққа ісімен де ғылымдағы зерттеулерімен де, сөз зергері ретіндегі публицистикасымен де танытқан тұға – Қуандық Пазылұлы Жүсіп.

Әрбір әдебиетші, өнер мен сөз зергері – өз заманының тұлғасы. Бұл қалау мен қаламауға бағынбас тағдыр. Әртүрлі ұлт басындағы жағдаяттар мен оқиғалар өз ғалымдарын сергелдең мен сенделіске әкеліп, адам жанын жалаулы я жағасыз кезеңнің сынағына салып кейде ширықтырып шындап, кейде шытылатып барып шыңырау сөзге, оюлы ойға айдын салары анық.

Біз ғалым еңбектеріндегі публицистиканы бірнеше үлгімен көрсетуді қажет деп санаймыз.

1 Көркем шығармаларындағы публицистика.

2 Мақалалары.

3 Зерттеу еңбектеріндегі публицистикалық ой- толғаулар.

Қ. П. Жүсіптің «Қыз мен ұл», «Қыздар мен жігіттер» атты көркем шығармаларындағы публицистика – 1960–1980 жылдардағы қазақ студент жастарының тіліндегі көркемдік бояу мен асқақ арман, биік мұраттардың жемісі. Біз бұл мақалада ғалым зерттеулеріндегі публицистикалық ой-толғауларға назар аударғымыз келеді.

Ғалымның еңбектері бірнеше ұрпақты тәрбиелеген – оқу мен ғылым тілі. Әдебиетші ғалым әдеби тілдің бар көркем айшықтарын талдап, оның бейнелі кестелерінің сырын ашып, нәрін танытуды мақсат етті. Жалпы әдеби тілдің өзі де халықтың қоғамдық-әлеуметтік өміріне, саяси, шаруашылық жағдайына байланысты туып қалыптасады. Қоғамдық өзгерістерге қарай әдеби тілдің де жалпыхалықтық тілмен сабақтастығы үзілмейді.

Қазақ халқын құраған ру-тайпалардың, сондай-ақ кейінгі кезендердегі болсын қазақ қоғамындағы ауызекі сөйлеу тілінің лексикалық құрамын, грамматикалық құрылысын, фонетикалық жүйесін т.б. жай-күйін, сипатын, ерекшеліктерін анықтау, дәл баға беру мүмкін емес екені мәлім. Бірақ зерттеушілер XI–XV ғасырларда жазылған ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тіліне құрылымы, жүйесі т.б. белгілері жағынан ұқсастығын, кейбіреулерінің 70–80 пайызға дейін ортақтықтарын дәлелдеді.

Ешбір әдеби тіл халықтың әлеуметтік-тұрмыстық тілінен бұрын пайда болған емес. Сондықтан да белгілі бір халықтың әдеби тілі өзінен бұрын өмір сүрген тілдердің жалғасы. Жалпыхалықтық тіл – әдеби тіл стильдерінің де басты белгілерін айқындаушы әрі айырмашылық нышандарының да көрсеткіші.

Әдеби тіл мен әдебиет тілін бір деп, бірінің орнына бірін қолдануға келмейді. Көркем әдебиет тілі әдеби тілдің бүкіл болмысын, сан алуан мүмкіндіктерін аша алмайды. Әдебиет тілі – бейнелі сөз қолданыс үлгісі. Әрине қазақ тілінің көркем, айшықты екенін еске алсақ, ұлттық тілде поэтикалық қолданыс үлгілері көп. Қысқа жанр түрлерінен бастап таңды таңға ұрып айтатын жырлар, ел мен елді бітістірер шешендер толғауы, дауды шешіп, басалқы айтып, барымта, қарымтаға жөн сілтеп, күн төлетіп, айып тартыратын, төрелігін ханға да, қараға да жүргізетін билер сөзінен публицистика мен көркем әдебиеттің де іскерлік қарым-қатынас стилінің де қатынас міндетін атқарған белгілерін табамыз.

Қазіргі қазақ тілінің стильдері нақтыланған, әдеби тіл нормасы жүйеленген тіл екенін ескерсек, әлеуметтік-тұрмыстық тіл – әдеби тілдің негізгі арнасы.

Бүгінгі тілде ауызекі тіл ресми тіл стилі, әдеби тіл стилі, ғылыми тіл стилі, публицистикалық стиль түрлері бар. Сөздің түрлі сипатта айтылып, қызмет аясының, қолданылу өрісінің кеңеюіне де бастау болатын сөздердің өзі – әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынастағы сөздер. Осы сөздердің алғашқы мағынасы негізінде сөздер түрлі стильдік бояуымен құлпыра түседі.

Қоғамдық, саяси, шаруашылық, тұрмыстық өзгерістерге байланысты тілде де өзгерістер болып тұруы заңды. Сөздер көнереді, жаңа сөздер кіреді немесе тілдегі бар сөздер жаңа мағынаға ауысады. Әдеби тіл үнемі даму мен қозғалыста болады.

Қоғамның өзгеруіне қарай тілдің стильдерге тармақталуы тілдік нормаларды қалыптастырады, әрі әлеуметтік-тұрмыстық тілдің жаңаруына, дамуына негіз болады. Тілдің басты қызметі – халықтың рухани құндылығы, қарым-қатынас құралы бола алуы. Ендеше көркем әдебиет тілінде әлеуметтік-тұрмыстық тіл, ресми, публицистика стильдерінің барлығы тоқайласады. Қазіргі қазақ тілінде барлық стильдің тұғыры болуымен мәнді. Таратып айтар болсақ, қазіргі қазақ тіліндегі стильдер белгісінің барлығы бар.

– Публицистикадағыдай белгілі бір тыңдаушысы бар, жұртты қыздырып, елітіп әкелер күші бар;

– іскерлік: қарсылас елдің дау-дамайына қарсы тұрар қуаты, қарсыласын тоқтата алар уәжді мүмкіндігі мол сөздер;

– көркем әдебиет: бейнелі сөздер мен құрылым сипаты бөлек (ұйқас, тармаққа бағынды).

Әдеби тіл қоғамдағы барлық сала үшін қолданыс қызметімен анықталса, ұлттық тілден де ауызекі сөз өнері әлеуметтік-тұрмыстық тілдің де барлық деңгейде өз ортасының қажетіне жарай алғанын көреміз. Әлеуметтік-тұрмыстық тіл – әдеби тіл тірегі, ал әдеби тіл – әлеуметтік-тұрмыстық тіл белгілерін жинақтаушы. Сондықтан да біз ғалымның зерттеу еңбектері арқылы публицистикалық ойларын таратудың да қажеттігін байқадық.

Ғалымның «Оқушыны іздену мәселелері» деп аталатын мақаласы бар. Мақалада бірнеше мәселелер көтеріледі.

1 Тәуелсіз әдебиеттегі қазақ әдебиетін оқытудың тұжырымдамасының өзгеріс қажеттілігі.

2 Көркемдік тәсіл, әдіс пен шығарманың өз ішіндегі кестелі өрнектерді шатастырмау.

3 Оқушыларды іздендіруге бағыттау.

4 Әдебиеттегі тіл байлықты меңгерудің маңыздылығы.

«Тәуелсіздік алғалы басқа да маңызды іс-шаралар тәрізді қазақ мектептерінде әдебиет пәнін оқытуға баса көңіл бөліне бастауы – заңды құбылыс. Осы орайда шығып жатқан әдістемелік мақалалар мен кітаптардың санын тізбелеп, сан көптігіне тамсанып, санымен шектелу зияндылығына назар аудартқымыз келеді. Себебі іздену дегеннен гөрі «жетістікке ие болдық» дегендей, құр даурығып, шығарманың көркемдік табиғатына бара алмай, айналсоқтай беруіміз де аз емес. Оның есесіне көрнекі зат, кино, сурет тәрізді көмекші құралдарды мадақтаудың жөні осы екен деп, шығарма көркемдігін танытудан аулақтап кетуіміз тіпті молайып бара жатыр. «Ау, бәрі дұрыс, тек негізгіні ұмытпайық!» дегіміз келеді. Негізгі деп нені айтамыз десек, оқушыларды іздене отырып, шығарма көркемдігін таныту, шәкірттерді пікір айтуға, шығарма талдауға үйрету, олардың тіл байлығын қалыптастыру дер едік» [1, 103].

Ғалым мақаласында бірнеше мәселені көтере отырып, оның шешілу жолдарына да назар аудартады. Бұл мақалаларда ғылыми ой, зерттеушілік көзқарас, нақты зерделі ойдың басымдығын байқаймыз. Жалпы Қ. П. Жүсіптің публицистикасында қоғамдық қажетті мәселені көтере отырып, оның жолдарын тарата талдау, нақты мәселенің күрмеуін шешеуге қажет тұстарды анықтап берудің артықшылығын ерекше атау қажет. Қоғамдық әр мәселені зерттеушілік көзбен бағамдайтын ұстаздың пікірлері публицистикадағыдай жалынды сөздермен аяқталмайды. Есесіне, шешелудің жолдары ұсынылып, нақты жүргізілу реті талданады. Ендеше, қазіргі публицистикаға қажет мәселе ретінде ғалымның көптеген еңбектері қоғамдағы мәселені көтере білу, қажетті деген, өзекті де тұсты дәл анықтай алу, ойды зерделеу, оны шешудің жолдарын ұсынуымен өзгеше. Ғалымның келесі бір мақаласы – «Қазақ тілінің басқа тілдермен байланысы» мақаласы.

«Қазіргі қазақ тіл білімінің және тілді оқыту әдістемесіндегі кешендеп қолға алына бастаған маңызды мәселелердің бірі – қазақ тілі тарихын томаға-тұйық алмай, оны басқа тілдермен: орыс, Еуропа, араб, парсы, жапон, монғол т.б. тілдерімен байланыстыра сараптау. Осы орайда кешегі әміршілдік жүйе кезіндегі «халықтар достығы» деген сөзді жиі қайталау дағдыға айналғанымен, оны шын мәнінде жүзеге асыру болмағанын орыс тіліндегі түп-төркіні түркілік сөздерді елемей келу де дәлелдейтініне назар аудартқымыз келеді» [1, 262].

Қ. П. Жүсіп қазақ тілін бай көркем деген қаншама сөздерге дәлел келтіреді. Нақты өз зерттеуі арқылы тілдің бай да көркем

кестесін өзге тілдегі, соның ішіндегі орыс тіліне ауысқан қазақ-түркілік сөздер арқылы дәлелдейді. Бұл бұған дейін мәдениет пен ғылымды орыс – Еуропа тілдерінен алдық, сол ғылым мен мәдениеттің терминдері, соған қатысты сөздік қорда солардан деген пікірді өзгертеді.

Қ. П. Жүсіп бұл мақаласында ойын ғалым ретінде Л. З. Будаговтан бастап, В. В. Радлов, Э. В. Севортян [2], М. Фасмер, Н. А. Баскаков [3] сөздіктерімен дәлелдейді.

Қорыта келгенде, Қ. П. Жүсіптің публицистикалық еңбектері жанрлық жағынан, тілі жағынан да өзге публицистикалық еңбектерден өзгеше. Бұл өзгешелік публицистикасының мақсатының өзгешелігінде. Мақалаларда қоғамдық пікір туғызу, ой тастау, көзқарасты ортаға салу сияқты публицистиканың негізгі тәсілдері де қызмет етеді. Ең бастысы – бар мәселені көрсете отырып, соны шешудің жолдарын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіп Қ. П. Көркем сөздің қуаты – Павлодар : ЭКО, 2000. – 288
- 2 Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков Т. 1, 2, 3. – М.: Наука, 1974, 1978, 1980.
- 3 Баскаков Н. А. Русские фамилии тюркского происхождения. – М. : Наука, 1979.

МАЗМҰНЫ

Пленарлық отырыс Пленарное заседание

Еліқбай С.	
Ұстаз, ғалым, жазушы	3
Садықов Е. Т., Құдабаев А. Ж.	
Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі	17
Ердембеков Б. А.	
Ұстаз ұлағаты	26
Сағындықұлы Б.	
Сөз ұстасы немесе ақ кіреуке сөз терген	
Қуандық Пазылұлы Мәшһүр-Жүсіп	27
1 секция. Мәшһүр Жүсіп және фольклортану, әдебиеттану ғылымдарының мәселелері	
1 секция. Машхур Жусип и проблемы фольклористики, литературоведения	
Абдиюсупова А. Х.	
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының жоқтау өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері.....	30
Абильманова С. С.	
XX ғасыр басындағы қазақ әдеби сынының мәселелері	34
Ағалиева Н. Б., Кибатова С. Б.	
Қазақ мақал-мәтелдерінде кездесетін эллипсис құбылысы	39
Адамжанова А. Х.	
Абай мен Шәкәрім шығармашылығындағы «Ақыл» концептісі	43
Алимова А. К.	
Мәшһүр Жүсіптің діни өлеңдері	50
Анапина А. Н., Карипжанова А. О.	
Салғастырмалы және әлеуметтік тіл білімі (Э. Д. Сүлейменова еңбектері негізінде)	54
Ашимова А. С.	
Мысал жанрының ерекшеліктері және Мәшһүр Жүсіп	58
Жаппарова Ж. С.	
Қазақ жоқтау жырларын жариялау және зерттеу мәселелері	63
Жұмаділов Ю. Қ.	
Мәшһүр Жүсіп және фольклортану, әдебиеттану ғылымдарының мәселелері.....	67
Жүсіпов Н. Қ.	
Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы фольклорлық үлгілер	72

Кажибаяева Д. К.	
Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы синонимдер қолданысы	77
Каленова А. Ж.	
Мәшһүр Жүсіп – фольклортану ғылымының негізін қалаушы	84
Ағалиева Н. Б., Канзелхан А.	
«Сапарғали мен Нұржан» айтысы тіліндегі инверсия құбылысының көрініс табуы.....	88
Қапасова Б. Қ., Каниева Д. А.	
Мұзафар Әлімбаев пен Мұбарак Жаманбаевтың өлеңдеріндегі бала бейнесі.....	98
Кибатова С. Б.	
Сопылық әдебиет және Мәшһүр Жүсіп	104
Қожахметова К. Е., Нергиз Бирай, Қожахметова Б. Р.	
Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы шешендік сөз өнері	109
Құндызбаева Е. С.	
Шешендік сөз мәселелері: Мәшһүр Жүсіп жазбалары бойынша	117
Қапзолла Ж. Б., Жумабекова Б. Б.	
Қазақ фольклор үлгілерін жинақтаушы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.....	121
Қиналбек А. А.	
Дулат Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесін оқырман көзқарасымен талдау	125
Нурмагамбетова Л. Б.	
Қазақ жоқтау жырларын жинау мәселелері.....	129
Пазылова Д. Ш.	
Мәшһүр Жүсіптің діни дастандары	133
Райхан Нарқұлан	
Мәшһүр Жүсіп және фольклортану мәселелері.....	137
Рысбек А.	
Қазақ ағартушыларының діни ізденістері.....	143
Сағибаева М. А.	
Фольклордың ұсақ жанрлары және Мәшһүр Жүсіп	147
Ташекова А. Т., Мингазова Л. И.	
Әлем халықтарының бесік жырларындағы фольклорлық ерекшеліктер.....	152
Темірханова Б. Қ.	
Тілдік коммуникациядағы мәтіннің рөлі.....	158
Трушева Ш. Ж., Трушев А. Қ.	
Мәшһүр-Жүсіп – «Адалдық сабағының» жоспары.....	163
Түсіпбаева М. Б.	
Мәшһүртану және антропонимика:	
Мәшһүр Жүсіп музейіндегі жаңа деректер	171
Халхын Сейіл	
Мәшһүр-Жүсіп Қуандық Пазылұлының «Көркем сөздің күдіреті» әдістемелік оқулығындағы М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанын оқытудың өзектілігі	176

Шеризатқызы Ж. Мәшһүр Жүсіп фольклортану, әдебиеттану ғылымдары.....	180
2 секция. Мәшһүр Жүсіп және жалпы тіл білімі мәселелері	
2 секция. Машхур Жусип и проблемы общего языкознания	
Әбішева Г. К., Жылкыайдар К. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы топонимикалық аталымдардың семантикалық сипаты.....	184
Aginbayeva K. M. Problems of family and women's education in the pedagogical heritage of M. Zh. Kopeev.....	191
Амантаева Г. Б. О наследии Машхур Жусипа Копеева через переводы с казахского на русский язык.....	194
Ерғалиев Қ. С., Ерғалиева С. Ж. М. Ж. Көпеев шығармаларындағы қаратпа сөздердің қолданылуы.....	199
Қадырова Б. М., Әкімбаев Г. С. Бизнес-коммуникация	204
Жумабекова Р. Т. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлеңдеріндегі синонимдердің қолданысы	210
Қабылденова Ж. Т. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту жолдары.....	214
Калиева А. С. Тіл білімінің қазіргі парадигмасы контекстінде көркем мәтінді лингвостилистикалық талдау.....	220
Канзелхан А., Сағындықұлы Б. Н. Т. Сауранбаев еңбектеріндегі лексика-фонетикалық қызмет (Мәшһүр-Жүсіп шығармалары негізінде).....	227
Қарипжанова А. О., Халхын С. Уақыт тілдік моделіндегі фразеологиялық бейне.....	233
Қарипжанова А. О., Шерікбай А. Көркем мәтіндегі автор бейнесінің коммуникативтік сипаты	236
Қарипжанова А. О., Назымбекова С. А. Ұлттық стереотиптер және олардың фразеологизмдердегі көрінісі	241
Қопаева Ә. Қ., Қадырова Б. М. Қалжың категориясының лингвомәдени аспектісі	246
Қундызбаева Е. С. Қоғамдық үрдістер аясында қазақ тілінің жаңа бет-бұрысы: терминология мәселесі.....	252
Қайрат А. Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дастандарында кездесетін фразеологиялық оралымдар	259

Машрапова З. С., Болат А. С., Құрманғалиев А. О. Ой әктісін түсіндіру процесінде тілдік белгінің рөлі	263
Машрапова З. С., Тұрышев А. Қ. Нейролингвистиканың негізгі ұғымдары	267
Сағибаева М. А. Тіл өзгерістері: қоғам мен технологиялық үрдістер.....	275
Сағынаева Г. Ә., Ақтас А., Сарсенбаева А. А. Білім беру мен оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері.....	280
Сатыбалдин А. С., Жылқайдарқызы Қ. Қазақ дүниетанымындағы үштік ұғым туралы	284
Трушева Ш. Ж., Трушев А. Қ., Трушев Ә. А. Мәшһүр Жүсіп және Сұлтанмахмұт.....	290
Турсунхан Р. Р. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы тенеулердің тілдік – танымдық сипаты	297
Түсіпбаева М. Б. Мәшһүр Жүсіп қойған есімдер.....	302

**3 секция. Мәшһүр Жүсіп және
гуманитарлық ғылымдар мәселелері**
3 секция. Машхур Жусип и вопросы гуманитарных наук

Амиркенова С. Т., Жүсіпова Л. К. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жинақтаған тарихи мұра.....	306
Асаинова А. Р. Жоғары сынып оқушыларына лириканы оқыту мәселелері (Мәшһүр Жүсіп Көпей өлеңдері негізінде).....	312
Аубакирова Р. Н., Иост О. А. Слово как воплощенная мысль художника (на материале «Выбранных мест из переписки с друзьями» Н. В. Гоголя).....	317
Байтокина А. И. Актуальность научных основ Машхуроведения в развитии современных гуманитарных наук	324
Бакиров Н. А. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы ұлттық құндылықтар.....	329
Жусупов Е. Қ., Жусупова Г. Қ. Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы бейнелеу құралдарының өзектестігі	333
Zeinulina A. F., Tashekova A. T. Artistic psychologism in the novel by Zhusipbek Aymautov.....	337
Кенесбай Н. Шығыс және Батыс мифтеріндегі «Андрогиния» феномені туралы.....	345

Новосёлова Е. А., Иост О. А. Литература Павлодарского Прииртышья в контексте современного литературного процесса Казахстана.....	353
Бердыбекова Ж. М., Оспанова Н. М. Мәшһүр Жүсіп және тіл білімі мәселелері.....	358
Цветкова А. Д., Остапенко Н. С. Концепт «Вода» в русской языковой и фольклорной картинах мира	364
Рымбек А. О., Жумабекова Б. Б. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы адами капитал ұғымының көрінісі.....	371
Сагандыкова Г. Х. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әңгімелерінің жанрлық-стильдік ерекшеліктері.....	375
Сахимзадина М. Д., Попович О. А. Организация работы по восполнению пробелов в знаниях обучающихся по учебному предмету «Русский язык и литература».....	380
Вервейко Т. А., Иост О. А. Мотив дороги в рок-поэзии Светланы Сургановой.....	385
Толуконыр Ж. К. Абай шығармаларындағы мотивациялар мен аффирмациялардың Луйза Хейдің «Өмірің өз қолыңда» кітабында көрініс табуы.....	392
Цветкова А. Д., Швец А. Н. Роль русской интеллигенции в формировании нравственного облика Ч. Валиханова И. И. Алтынсарина (по романам С. Муканова «Промелькнувший метеор» И М. Симашко «Колокол»).....	399
Шерикбай А. М. Ж. Көпейұлы шығармаларындағы имандылық-руханият сабақтастығы.....	404
4 секция. Қ. П. Жүсіп және қазіргі әдебиет теориясының мәселелері	
4 секция. К. П. Жусип и проблемы теории современной литературы	
Жылхыайдар Қ., Абдырова А. Стиль даралығындағы романтизм.....	409
Абдырова А. Ғалым Қ. П. Жүсіп – қазақ тілі мен әдебиетінің жанашыры.....	414
Адуова А. Т. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының адамның өзін-өзі тану мәселесін насихаттауы.....	418
Баратова М. Н. Своеобразие поэтических произведений Машхур Жусипа.....	422
Бастемиева Г. З., Хиватдолда А. Мәшһүр Жүсіп көпейұлының еңбектері.....	428

Елікпаев С. Т., Қапасова Б. Қ. Қ. П. Мәшһүр-Жүсіп еңбектеріндегі тәуелсіз – ұлттық зерттеу мен пайым.....	432
Ерланова А. Е., Саттарова А. Т. Тарихи поэтика және оның категориялары (орыс әдебиеттану ғылымы негізінде).....	439
Ерланова А. Е. Веселовский зерттеуіндегі поэтика ұғымы.....	444
Жұмабекова Ш. Б., Тұрышев А. Қ. Мәшһүр-Жүсіп және Байрон поэзиясындағы үндестік.....	448
Исина Б. К., Қуатжан Ә. Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы интертекстуалды байланыстар.....	454
Кемелтай Е. М., Рахимбекова А. М., Ақтанова А. С. Қ. П. Жүсіп зерттеулеріндегі лирикадағы сюжет мәселелері.....	463
Коржумбаева М. Х. Шығарма талдауда шығармашылық зерттеуді басшылыққа алып талдауды үйрету.....	468
Қадылбек А., Ақтанова А. С. Әріпжан Жанұзақұлы шығармаларындағы ұлттық таным.....	473
Сүтжанов С. Н., Сарсенбаева Б. Ғ., Курмангожаева Э. С. Мәшһүр дүниетанымының тағылымы.....	478
Трушева Ш. Ж., Трушев А. Қ., Трушев Ә. А. Мәшһүр-Жүсіп: шешендік сөздер мен тілдік тұлға.....	486

**5 секция. Қ. П. Жүсіп әдістемесі және жаңартылған
білім мазмұны9**

**5 секция. Методология К. П. Жусипа
и обновленное содержание образования**

Адамжанова А. Х. «Ақиқат әлемін» Абай мен Шәкәрім шығармалары негізінде оқыту....	494
Акишев А. А., Поломарчук Б. Ассамблея народа Казахстана и ее роль в воспитании этнической толерантности.....	502
Сағынаева Г. Ә., Ардах А. Оқушының мектепке бейімделу қабілеті.....	508
Ашимова А. С. Әдебиет сабағында күрделі шығармаларды оқыту әдістемесі: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдері.....	514
Байтемирова Г. Т. Орыс сыныптарында қазақ тілін жаңаша оқыту әдістерінің тиімділігі.....	519

Батталов А. Б.	
Stem – образование в современной школе: необходимость и преимущества.....	524
Сагнаева Г. А., Бәкібай Т. Қ., Жунусова М. Б.	
Қашықтықтан білім беру барысында тапсырманы түрлендіріп беру мен жедел feed back ұйымдастырудағы АКТ тиімділігі	528
Даулет М.	
Оқу сауаттылығы және көркем әдебиет оқу дағдыларын қалыптастыру тәсілдері.....	534
Әкімбаев Г. С.	
Жанартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер	539
Сагнаева Г. А., Камелбай Д., Қабықен А. А.	
Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.....	543
Карижанова А. О., Варзегова Ж. О.	
Қазіргі тілдік білім берудің концептуалдық-әдіснамалық аумағы.....	548
Карижанова А. О., Нургалиева А. А., Аукенова С. Р.	
Мектепте тұрақты тіркестерді оқыту әдіс-тәсілдері.....	556
Копеева А. С., Наймантаева Р. К.	
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының тақырыптық ерекшеліктерін оқыту	566
Копеева А. К.	
Кәсіби бағытталған қазақ тілін оқытуда кейстерді қолдану ерекшеліктері	571
Копеев А. Ж., Дарменова Г.	
Қуандық Мәшһүр-Жүсіптің педагогикалық көзқарастары	577
Қиналбек А. А.	
Мәшһүр Жүсіп Көпеевтың сыншыл реалистік тұрғыдағы шығармаларының әдеби-лингвистикалық тұрғыдан оқыту.....	581
Манабаева А. Б.	
Көркем шығарманы оқытудың парадигмасы	588
Молдахметова М. С.	
Көркем мәтінге әдеби талдау: жұмыс түрлері.....	592
Рысбек А.	
Жоғары мектепте сыни тұрғыдан ойлау технологиясын әдебиет сабағында қолдану	597
Талғарбекова А., Дәулетқызы А., Ермекбаева Е., Ақтанова А. С.	
Қ. П. Жүсіптің әдебиетті оқыту туралы еңбектері	602
Тепешева Б. С.	
Оқылым әрекеттерін қалыптастырудағы жұмыс түрлері.....	607
Унғыйбаева А. Ж.	
Жанартылған білім беру жүйесіндегі Қуандық Жүсіп әдістемесінің рөлі	612

Унғыйбаева А. Ж.	
Тілдің уақыт кезеңдеріндегі өзгерістері және оны оқытудың әдіс-тәсілдері (қазақ тілінің 1960–2020 жж. материалдары негізінде)...	617
Эгамбердиев А. Ә., Капасова Б. К.	
Қазақ әдебиеті әдістемесінің басқа пәндермен байланысы	623
6 секция. Қ. П. Жүсіптің ұстаздық қызметі және көркемдік әлемі	
6 секция. Педагогическая деятельность и художественный мир К. П. Жусипа	
Муталиева Р. М., Жумабекова Г. А., Алтынбекова Г. А.	
Қуандық Пазылұлы Жүсіптің әңгімелері.....	629
Капасова Б. Қ., Анапина А. Н.	
Қуандық Пазылұлы Жүсіптің зерттеулері негізінде әдебиетті оқыту мәселелері	633
Каирова А. К., Каирова Б. К.	
Педагогическая деятельность К. М. Жусипа	638
Қуандық З. Е.	
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ізбасарлары	641
Мусапирова Л. О.	
Қ. П. Жүсіптің ұстаздық қызметі және көркемдік әлемі.....	645
Оразханова М. И., Қизат М.	
Қ. П. Жүсіп – Мәшһүртанушы ғалым.....	648
Слямбекова Қ. С.	
Оқу сауаттылығын қалыптастырудағы жұмыс түрлері	654
Тұрар Н., Елікпаев С. Т.	
Қ. П. Жүсіптің публицистикасы.....	659

**«МӘШҮРТАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ
ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР ДАМУЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Техникалық редактор З. Ж. Шоқубаева

Корректор: А. Р. Омарова

Компьютерде беттеген: З. С. Исақова

Басуға 19.11.2021 ж.

Әріп түрі Times.

Пішім $29,7 \times 42 \frac{1}{4}$. Офсеттік қағаз.

Шартты баспа табағы 38,67,. Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 3858

«Toraighyrov University» баспасы

«Торайғыров университет» ҚЕ АҚ

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64.